

Б 66.4

Қ56

ШЫҒЫСТЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

XXX-XXI ғғ. басталған кезі



К. Қожахметұлы
Ә. Шөпеков



К. Қожахметұлы, Ә. Шөпеков

**ШЫҒЫСТЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ.
XX-XXI ғғ. бас кезі**

Оқу құралы

Екінші басылым

*Редакциясын басқарған –
тарих ғылымдарының докторы,
профессор К. Қожахметұлы*

ББК 66.4 К 53
К 53

(9) 973
Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған

Пікір жазған

тарих ғылымдарының докторы, профессор *М.К. Әбусейтова*
(ҚР БОМ Шығыстану Институтының директоры)

К. Қожахметұлы – тараулар 2, 3, 4, 6, 9, 11, 12,
13, 14, 16, 17, 21, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 35;
хронология, анықтама, карталар;

Ә. Шөпеков – тараулар 1, 5, 7, 8, 10, 15, 18, 19,
20, 22, 23, 26, 32, 34.

Қожахметұлы К., Шөпеков Ә.


К 53 Шығыстың тарихы және халықаралық қатынастары. ХХ-
XXI ғғ. бас кезі: оқу кұралы. – 2-бас. / ред. басқ. К. Қожахметұлы.
– Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 308 б., иллюстр.

ISBN 978-601-247-350-6

XX ғ. және XXI ғ. бас кезіндегі Шығыс елдерінің тарихы мен халық-
аралық қатынастарына арналған оқу кұралы. Авторлар Шығыстың топ-
тасқан елдерінің саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына назар аударған.

Жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар, тарих, шығыс-
тану, саясаттану факультеттерінің студенттеріне арналған оқу кұралы.

ISBN 978-601-247-350-6



ББК 66.4

© Қожахметұлы К., Шөпеков Ә., 2012

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

КІРІСПЕ

Шығыс елдерінің тарихы әлем тарихының бөлінбес бөлшегі ретінде қарастырылады. Ежелгі дәуірден бастап Азия және Африка халықтары, олар құрған мемлекеттердің адамзат өмірінің дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз еді. Тек XVIII ғасырдан бері қарай олар батыс елдерінің отарына айналып, қаналып, тапталып, көрмеген қорлыққа тап болған. Кавказ, Орталық Азия, Таяу және Орта Шығыс, Африка, Оңтүстік Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Солтүстік-Шығыс Азия аймақтарындағы бұрын дамыған елдерде отаршылдардың үстемдігі орнап, тәуелсіздігінен айырылып, халықаралық қатынастардағы субъект мәнінен айырылып, объект түрінде саналып, әлем дамуының күре жолынан шектелген. XX ғасырдың бас кезінде екі құрлықтың кең аумағында аз ғана тәуелсіз болмаса жартылай тәуелді елдер күн көрген. Олардың арасынан тек Жапония алып мемлекеттер қатарына қосылған, ал Қытай, Таиланд, Ауғанстан, Иран, Түркия, Эфиопия тағдыры қол ұшында тұрған еді. Батыс елдері оларды да бөлісуге жанталасып келген.

Әлемді билеп-төстеу саясатына құныққан империалистік күштер I дүниежүзілік соғысты бастап, миллиондаған тұрғындарды қырып жойған. Ол қыркыстың салдарынан Еуропа халықтары да зардап шеккен, ал Шығыстағы отарлы халықтар шексіз езіліп қаналған, қырылған. Шыдамы біткен казак халқы 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісті бастап, аса қағынған Ресей империясының құлауына үлес қосқаны тарихи шындық. Әрине, қытай, үндістан, түрік, араб, сондай-ақ неміс, орыс, украин т.б. халықтарының соғыс құмарларына қарсылық көрсетуін естен шығармаймыз. Соғыс аяғында бірнеше империялардың тас-талқаны шығып, жеңіліске ұшыраған. Тіпті жеңімпаз аталған Франция, Ұлыбритания әлсіреп, әлем қатты өзгерген. Ұлт-азаттық идеялары айтарлықтай қайраттанған еді.

Бірақ, XX ғасырдың 20-40 жылдарында имперлік саясат тамыры қайта қанаттанып, тоталитарлық және әскери жүйе орныққан елдер (Германия, Италия, Жапония) II дүниежүзілік соғыстың шығуына

жауапты болды. Зерттеушілер буржуазиялық демократия негізі қаланған Франция, Ұлыбритания басшылары фашистік озбырлыққа батылды қарсылық жасауға бара алмағанын дәлелдеп, оларды да кінәлайды. АҚШ үкіметі әлем саясатынан оқшау қалып, тек соғыс өрті қызған кезде Германияға қарсы шықты. Ал, ірі елдердің бірі КСРО саяси бағытын осы күнге дейін тиянақты да шынайы анықтау қиын болып келеді. Бір жағынан, идеологиялық ресми көзқарастар Кеңес Одағын бейбіт сүйгіш ел етіп көрсеткен еді, екінші жағынан, негізгі құжаттар құпия жағдайда сақталып, ғалымдар қолына тимеуде. Соған қарамастан, өткен ширек ғасырда ашылған мұрағат деректері Мәскеудің екіжүзділігін, опасыздығын, керек болса КСРО құрамындағы халықтардың мүддесімен санаспауын дәлелдеуге мүмкіндік берді. КСРО Ленин тұсында да, Сталин билік ұстаған жылдарда да Веймарлық Германиямен, сонан соң фашистік Германиямен өте құпия шарттар жасасып, әлемдік соғысты тұтандыруға қатысқаны күмән туғызбайды. Кейбір орыс тарихшыларының неше айла тауып, кеңестік саясатты ақтауы ешқандай сын көтермейтін жайт.

Фашистік Германияны және милитаристік Жапонияны талқандау әлем халықтарының тарихи жеңісі екені даусыз. Ол жеңіс үшін ондаған миллион адам өмірін қиды. Қытайлықтар, орыстар, немістер қатты шығынданды. Қазақ халқы соғыстың шексіз тауқыметін тартты.

Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Рахымжан Қошқарбаевтың майдандағы ерлігі, еліміздің табиғи байлығы, шаруашылық саласындағы жетістіктер – осылар казактың даңқын әлемге көтеріп, батырлығын танытты.

Соғыс барысында тәуелді халықтардың сана-сезімі нығайып, бостандық үшін күресі кең етек жайды. Соған қарай 1945 жылдан кейін бір топ Азия елдері тәуелсіздікке жетіп, дербес жолға түскен. Адамзат аңсаған бейбітшілік өмірге жету тағы да оңай болмады. Әлемді билеу саясаты алға шығып, ХХ ғасырдың екінші жартысы "қырғи-қабак соғысымен" өтті. Соған қарамастан Азия және Африка халықтары 50-70 жылдары отаршылдық жүйені талқандап, оның орнына 90-ға жуық жаңа мемлекеттерді қатарға қосты. Бұл ұлы жеңіс еді.

Сонда да бостандықтың асқақтаған кезеңі 90-шы жылдарға жатады. Өйткені солшыл-империалистік ту астында отаршылдықтың жаңа түріне байланған КСРО құрамындағы халықтар егемендігін бекіткен заман келді. Оған да айтарлықтай үлес қосқан казак қоғамы болған. 1986 жылы желтоқсандағы Алматы студенттері мен жас жұмысшылары ел намысын қорғап, әлемді дірілдетіп ұстаған Компартия мен Кеңес үкіметіне қарсы саяси ереуілге шығуы - тарихта

өшпес ерлік пен қаһармандық айбат болып есептеледі. Жас қазақтарға қарулы әскери күштерді айдап салып, неше өмірді қиған зәлім Горбачев бастаған КСРО басшылығы барлық халықтар арасында сенімсіздіктен жұрдай болып айырылған. Одан кейінгі Вильнюстегі, Бакудегі, Тбилисидегі, Таулы Қарабахтағы оқиғалар КСРО-ның ыдырауын тездетті. "Қырғи қабақ соғыстың" аяқталуы, Германияның бірігуі, КСРО-ның ыдырауы, адамзат тарихында аса үлкен жеңіс боп есептелуі сұрақ туғызбайтыны ақиқат. Ол оқиғаларды басқаша бағалау кешегі өткен имперлік саясатты армандайтындардың зәлім ой-пікірі.

Тәуелсіздік Қазақстан ұлттық және мемлекеттік мүдделерді алға тартып дамуда. Егемендігімізді жандандырған дәуірдің бастамасы бар, аяғы жоқ болғай. Ол үшін Қазақстан тез жетіліп, әр азамат елді нығайтуға жігерін аямай еңбек етіп, билік әр тұрғынның жағдайын жақсартуға атсалысуы абзал. Бұл істі ұтымды жүргізуге біздер дамыған басқа халықтардың тәжірибесін, жетістіктерін, кемшіліктерін жақсы білуіміз қажет. Шығыстағы Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, батыстағы Германия, Австрия, Швеция сияқты елдердің тарихи дамуы үлгі бола алады. Білсек, жақсы жақтарын пайдалансақ. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев қойған мақсатты - тез арада 50 ең дамыған елдер қатарына қосылу - осы ұрпақ шеше алады.

Тарих білімі әр қоғамда ерекше орын алатыны белгілі. Соған қарай ол тек шындыққа негізделіп, бұрмаланбай, объективті түрде баяндалғаны ләзім. Сол қағиданы бұлжытпауға тырысып, Шығыс елдерінің бір ғасырлық өмірі мен халықаралық сахнадағы іс-қимылдарын ашуға тырыстық.

Міне, осы концепцияға негізделіп жазылған оқу құралын жастардың алдына тартамыз. Оны даярлауда көптеген елдерде жарық көрген монографияларды, мақалаларды, құжаттарды, сондай-ақ оқулықтарды ескердік. Оқырмандардың сынауы әбден мүмкін. Ол жаңа деректермен бірге кейбір тұжырымдарды жаңартуға апарар. Оған біздер даярмыз.

Авторлар

І ТАРАУ

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕЛДЕР

§1. XX ғасырдың басындағы дүниежүзінің саяси картасы

Еуропада, Америкада капитализмнің жеңуі, нығаюы және оның дамудың ең жоғарғы монополистік сатысына өтуі – осы кезеңнің негізгі мазмұны.

Отарлық жаулап алуға мүдделі Еуропаның индустриалды елдерінің сауда буржуазиясы, географиялық ашулардың нәтижесінде Америкаға, Австралияға, Азияға және Африка құрлығының елдеріне теңіз жолдарын салуды көздеді. Бұл істе Португалияның, Испанияның, кейінірек Англия мен Францияның сауда ұйымдары үлкен белсенділік көрсетті. XIX ғасырда «империализм» термині – Еуропалық үстемдіктің Еуропадан тыс жерде орнауының көрінісі ретінде белгілі болды. Империализм – латынша, «билік, басқару» деген мағына береді – басқыншылық саясатты, басқа аумақты басып алуды, өзге жерді билеудің үстемдігін білдіреді. Британияның отаршылдық үстемдігі орнағаннан кейін, «империализм» термині «отаршылдық» терминінің синониміне айналды.

1900 жылға қарай Ұлыбританияның отарлық иеліктері 368 млн халқы бар 33 млн шаршы шақырым аумақты қамтыды. Ұлыбританияның отарлық иеліктері Жер шарының әр түрлі аймақтарында таралып жатты. Ал Үндістан болса, «британ тәжінің інжу-маржаны» болды. Африканың көп бөлігін Франция иеленді. Еуропаның екі мемлекетінің – Швеция мен Швейцарияның ғана отарлық иеліктері болмады.

Еуропадан тысқары дүниежүзі.

Қытай. Азияның өз өнеркәсібі болмаған, тәуелсіз елдері үнемі сыртқы күштердің қысымына ұшырап отырған.

XX ғасырдың басында Азиядағы ірі мемлекет – Қытай Маньчжурлық Цин әулетінің билігінде болды. XIX ғасырдың өзінде-ақ Батыс елдері Қытайдың орасан көп табиғи байлықтарына бақылау жасауға ұмтылды. «Апиын соғыстарында» жеңіске қол жеткізген Батыс елдері Қытай үкіметін тең құқықсыз келісімшартқа қол қоюға мәжбүр етті. Аталмыш келісімшарт бойынша, Қытайдың тұтас облыстары дерлік шетел алпауыттарының ықпалды аймағына айналды.

Қытайға шетелдік капиталдың қаркынды енуі тауар-акша қатынастарының өсуіне мүмкіндік берді. XIX ғасырдың 70-80

жылдарында Қытайда алғашқы ұлттық кәсіпорындар пайда болып, ұлттық буржуазия қалыптасты.

Корея. Қытай үлкен жеңіліске ұшыраған 1894-1895 жылдардағы Қытай-Жапон соғысы Кореяның жартылай отарға айналуының алдын алды. Кореяда іс жүзінде жапондық шапқыншылық режимі орнады. 1905 жылы Жапониямен соғыста патшалық Ресейдің жеңілуі Жапон империализмінің түбегейлі құлаш сермеуіне мүмкіндік берді. 1905 жылы американдық дипломатиясының қолдауымен, Корея үкіметін протекторат туралы келісімшартқа қол қоюға мәжбүр етті. 1910 жылы Корей монархы биліктен алыстатылды. Енді Корея Жапонияның генерал-губенаторлығы болып құрылды. Елде Жапонияның отарлық режимі нығайды.

Монғолия екі ғасырдан астам уақыт бойы Маньчжур империясының отары болды. 20 ғасырдың басында Қытайдың әлсіреуі Монғолияның жағдайына күшті ықпал етті. Монғолия патшалық Ресеймен Жапонияның қарама-қарсы шайқас алаңына айналды. 1907 жылы 30 шілдеде жалпы саяси орыс-жапон конвенциясы бекітілді. Конвенция Кореяда Жапонияның «ерекше құқығын», Жапония сыртқы Монғолияда Ресейдің «арнаулы құқығын» мойындады.

20 ғасырдың басына қарай Батыс Азия елдері - Осман империясы, Иран және Ауғанстан капиталистік Батыс державаларының жартылай отарына айналды.

Жапония. 1867-1868 жылдары болған Мейдзи революциясы, 1870-1880 жылдардағы реформалар Жапонияда капитализмнің дамуына жол ашып, оның әлеуметтік және саяси жағынан өзгеруіне ықпал етті. Капиталистік базистің қалыптасуы Жапония қоғамының жаңғыруына алып келді. Жапония Батыс елдерінің мәдениеті мен техникалық жетістіктерін өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне бейімдеп, пайдалана білді.

Оңтүстік Шығыс Азия аумағында бір ғана Тайланд тәуелсіздік ел ретінде қарастырылған, қалған оншақты елдер Ұлыбритания, Франция, Голландия, АҚШ бақылауында еді. Үндіқытай түбегіндегі Вьетнамды, Лаосты, Камбоджаны Франция иеленген. Филиппиндерде XVI ғ. бері Испания үстемділігі орнаған, бірақ 1898 ж. басталған АҚШ -Испан соғысы нәтижесінде ол Америкаға өткен. Индонезия аралдарында билік голландықтардың қолында болды. Сонымен бірге, Тимор аралының бір бөлігін португал отаршылдары ұстаған, ал Сулавеси, Борнео жерлерінде ағылшындардың да отарлары орналасқан. Ұлыбританияға Малайя, Сингапур, Бирма бағынышты еді.

Азияның оңтүстігінде қазіргі Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Шри-Ланка толығымен ағылшын отаршылдарына тәуелді болды. Непал, Бутан билеушілері де Лондонға жалтақтап өмір сүрген.

Орта Шығысқа жататын Ауғанстан, Иран, Түркия жартылай отарлы елдерге айналған. Бұл аймақты билеуге Англия және Ресей патшалығы көптен бері өзара тартысып жүрген. ХІХ ғ. аяғында олардың қатарына Германия қосылып, империалистік шиеленіс қыза түскен.

Азиядағы араб елдерінде Түркия үстемдік жүргізіп келген, бірақ өзі әлсіреген Осман әулетінің ықпалы барған сайын сарқыла түскен. Ал Африка құрлығындағы Мысырды, Суданды ағылшындар билеп-төстесе, Мағрибтегі Марокконы француздар мен испандықтар, Алжир мен Тунисті француздар қанап тұрған. Ресми түрде Ливия түрік империясындағы бөлім болып саналғанымен, оны Италия өз бақылауына ала бастаған.

Сахараның оңтүстігіндегі Африка мемлекеттері отарланған. Тек, Эфиопия, Либерия сөз түрінде еркін елдер деп саналған, ал Оңтүстік Африка одағы 1910 ж. Ұлыбританияның доминионы ретінде дами түскен. Оны билеген ақ нәсілділер жергілікті тұрғындарды құлдык жағдайда ұстап, апартейд саясатын жүргізіп отырды.

Отар және жартылай отар елдер. Азия мен Африканың Жапониядан басқа елдері отар елдер қатарына тіркеліп, егемендігінен айырылып, отарлаушы елдердің басқаруына көшті. ХХ ғ. басында дүние жүзін бөлісу аяқталды. «Бос жер» мүлде дерлік қалған жоқ. Дүние жүзін бөлісіп болғаннан кейін, әлемде империализмнің отарлық жүйесі біржолата қалыптасты. Бұл жүйенің құрамында егемендігінен толық айырылған бөлшектер отар түрінде, ал өздерінің дәстүрлі басқару құрылымдарын қағаз жүзінде сақтағанымен, іс жүзінде қаржы және экономикалық жағынан империалистік мемлекеттерге тәуелді елдер жартылай отар түрінде болды. Жартылай отар елдер қатарына Қытай, Түркия, Иран, Эфиопия, Ауғанстан сияқты бір топ елдер жатты.

ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басында еуропалықтар қоныстанған кейбір отарлар доминиондар деп атала бастады. Доминиондар өзін-өзі басқаруға құқық алды. Олардың қатарында – Канада, Жаңа Зеландия, Австралия және Оңтүстік Африка Одағы болды.

Отарлық үстемдіктің бір түрі – протекторат түрінде байқалды. Протектор – латынша, қамқоршы-басқарушы мемлекет бағынышты елдің саясатын бақылап, отаршылдық үстемдігін жүргізеді.

Еуропалық мемлекеттердің үстемдігінің түп негізі.

Батыс Еуропа аумағында буржуазиялық қатынастар қалыптасты. Содан барып капиталистік қатынастардың дамуына, жеке меншік иелену құқығы мен жаңа техникалық жабдықтардың өндіріске енуіне мүмкіндік ашылды. Мұндай құқық жеке адамның талаптануына өз бетімен тіршілік жасауына ашық бастама болды. Еңбек – беделді, құрметті, сыйлауға тұрарлық іс-әрекет деп қабылданды. Капиталистік қоғам құрылымында экономикалық мүдде ең жоғары, қасиетті мүдде деп түсіндірілді.

Өндірістік құрал-жабдықтарды жетілдіру талаптары барынша мадақталды және үзбей көтермеленді. XVIII ғ. Еуропа елдері машина және машина жасайтын өндірістер санынан алға шықты. Сонымен қатар, өнім өндіруден басқа аймақтағы елдерді тез арада басып озып, әскери қару-жарағының басымдылығы анықталды. Бұл жетістіктер Еуропа елдерінің келешектегі отаршылдық үстемдігіне қолайлы жағдай тудырды.

Ұлттық сана-сезіммен азаттық қозғалыстардың өсуі.

Тарихи тұрғыдан алып қарасак, ұлттық мәселе капитализммен бірге буржуазиялық ұлттардың қалыптасу кезеңінде пайда болды. Буржуазиялық ұлттардың пайда болуына байланысты қауымдық, діни, әулеттік айырмашылықтар өз мәнін жоғалта бастады.

XX ғ. ұлтшылдық Еуропадағы мемлекеттік құрылыстың басты элементіне айналды. Ұлтшылдық бірыңғай мемлекеттер аясындағы этностардың барлық бөліктерінің шоғырланған белгісі болды.

Азия және Африканың көпшілік елдерінде ұлттық пролетариат ұлттық буржуазиядан бұрын шетелдік кәсіпорындарда қалыптаса бастады. Отарларда ұлттық буржуазия әлсіз, бағынышты жағдайда болды. Ұлттық буржуазияны – көпестер, шеберханалардың, шағын кәсіпорындардың иелері құрады. Оған көптеген қалалық ұсақ буржуазия жіктері қосылды. Ұлттық зиялы қауым өкілдері, офицерлер арасынан шыққандар, студент жастар, діни сословие мен феодалдар ұлт-азаттық қозғалыстардың идеологтары болды.

Өркениеттер үндестігі. Шығыс өркениеті ұзақ уақыт бойы бір-бірінен оқшау өмір сүрді. Олардың арасындағы байланыс өте сирек болатын. Көбінесе, өркениет ошақтары көшпелі және отырықшы тайпалар қоршауында қалды. Еуропа елдерінің отаршылдық экспансиясы барысында Қытай, Үнді және Ислам өркениеттерінің бұрынғы оқшаулануы бұзылды.

«Өркениет» ұғымы ғылымға XVIII ғ. енгізілді. Өркениет адамзат қоғамының әлеуметтік және мәдени даму деңгейімен сипатталады. «Өркениет» ұғымы адамзат қоғамының мәдениеті, халықтың рухани

ерекшелігі, дүниетанымы және дәстүрі сияқты орнықты көрсеткіштер арқылы бейнеленді.

Қытай өркениеті - әлемдегі ең көне өркениеттің бірі. Қытай өркениеті Конфуций идеяларына арқа сүйеп дамыған. Көне Қытай ойшылы Кун-Цзы «Патша – патша қызметін, азамат – азамат қызметін, ата – ата қызметін, бала – бала міндетін атқаруы қажет» деп уағыздаған. Конфуцийліктер ата-бабаларын және қарияларын ардақтап есте сақтауды, қоғамдық тәртіпті, үкіметтік билікті, император билігін насихаттаған. Император шексіз билікті иеленген мемлекет қожасы болды. Шаруалар қауымдары мен жеке иеліктегі жер қоры да император меншігі деп уағыздалды. Қытайда жеке адамның өміріне қатаң шек қойылып отырды. Өз елінің табыстарына масаттанған қытайлықтар шетел әлеміне мән бермей, өздерінің ғасырлық дәстүрлерін өзгертуге талаптанбады. Өздерін «аспан мемлекетіміз», «әлемнің орталығымыз» деген пікірді заңдастырып, қалған әлемді менсінбей, жабайылар – «варварлар» деп ұғынатын.

Үнді өркениеті - ең көне және ерекше өркениет. Үнді өркениеті индуизм мен буддизм ілімдеріне арқа сүйейді.

Индуизм ілімі – адам жаны сөнбейді, ол жан басқа жанмен бірігіп, Құдайға қосылады дейтін және қоғамның касталық топтарына бөліну дәстүрін уағыздады. Әр адам өз кастасының дәстүрін бұлжытпай орындап, каста жолынан таймауы қажет.

Буддизм ілімін жақтаушылар - адамды қоршап тұрған орта алдамшы, жалған, бұлыңғыр, қияли жағдай деп ұғынады. Осыған сәйкес адам өмірі қайғы-қасірет тартып, азапта өтеді. Мұндай жағдайдан құтылу үшін адам мынандай төрт шартты орындау қажет:

- 1) өмір деген қайғы-қасірет жолы;
- 2) қайғы-қасіретке адамның құмарлығы мен үміті алып барады;
- 3) ең жоғарғы рухани кемелділікке жету үшін құмарлықтан арылу керек;

4) нирванаға жету – қайғы-қасіреттен құтылудың жолы. Буддизм - тәуелсіз, рухани бостандығы бар жеке азаматты жақтап, мемлекеттік құрылымның жағдайына онша мән бермейді. Үнді өркениетінің мықты тірегі мемлекет емес, ауыл қауымы болды.

Ислам өркениеті – VII ғ. Араб түбегінде пайда болды. Мұхаммед пайғамбар және Құран ислам өркениетінің діни негізін қалады. Аллаға құлшылық ету, Аллаға ғана сену – бұл исламның негізгі қағидасы. Ислам - әлеуметтік тәртіптің өте кең жүйесі. Мұсылман өмірінің барлық жақтары дінге қатысты. Аллаға мүлтіксіз бағыну сана-сезімі кең түрде орныққандықтан, жеке адам баласының әрекетіне онша ерік берілмей, дүниені пәрменді түрде өзгертуге болады деген ой, сезім

карастырылмайды. Осындай қатаң тәртіпке сәйкес, ислам көптеген аймақтарда тұрақты діни қауымдар ошақтарын, яғни отырықшы тұрғындар, көшпелі қауымдар, қалалардағы колөнершілер, саудасаттық топтарының діни ұжымдарын құрды.

Еуропаландыру. Еуропа елдерінің отаршылдық саясаты, олардың ашық түрдегі қаракшылығы, Еуропа компанияларының зорлықзомбылық, қырып-жоюшылық әрекеттері Азия және Африка халықтарының көңіліне сыймайды. Олардың Еуропа отаршылдарының қаракшылық әрекетіне қарсы жасырын және ашық түрдегі күресі сәтсіздікпен аяқталды. Азия және Африка халықтарының қарсылығы аяусыз басылып, жаншылып тұрды.

Еуропалық отаршылдармен күрестегі сәтсіздіктер, Азия мен Африка елдерін еуропалық өркениеттің жетістіктерін игеруге жетеледі. Олардың Еуропа мамандарын шақырып, өнеркәсіптің жекелеген ошақтарын дамытуға талпынған әрекеттері ойдағыдай нәтижелер бермеді. Біртіндеп, осы аймақтардағы дәстүрлерді түбегейлі жаңарту қажеттілігі байқалады. Мұндай жағдайда Жапония елінің тәжірибесі үлгі есебінде болды.

§2. XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың шиеленісуі

Дүние жүзінің дамыған елдеріндегі бетбұрыстар. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Еуропаның, Солтүстік Американың алдыңғы қатарлы елдерінде, сондай-ақ Жапонияда оң өзгерістер байқалды. Олар әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани салаларда буржуазиялық қарым-қатынастардың қалыптасу үрдісінің аяқталуымен және ары қарай дамуымен байланысты болды. Осы елдерде конституциялық құрылыс, парламентаризм мен сайлау құқығы жүйесі бекітілді. Халық саяси күреске тартылды. Әр түрлі партиялар пайда болып, жария түрде әрекет жасай бастады. Идеологиялық тұрғыдан олар консервативтік, либералдық, социалистік және марксистік партиялар ретінде рәсімделді. Демократиялық қозғалыстар да белең алды.

Әсіресе әлеуметтік-экономикалық өмірде үлкен бетбұрыстар жасалды. Экономикадағы ескі салалармен (көмір, металл өндіру) қатар машина жасау, станок жасау, химиялық, электротехникалық сияқты салалар жедел қарқынмен дами бастады. Автомобильдер, паровоздар, теміржолдар ат арбаны алмастырды. Сауда, банк, өндіріс саласында ірі монополиялар қалыптасты. Жалпы алғанда, осы екінші өнеркәсіп революциясы Швеция, Ресей, Германия, Жапония, Австро-Венгрия,

Канада сияқты жаңа елдерді шарпыды. Сонымен бірге Азия, Африка, Латын Америкасының көптеген елдері дүниежүзілік даму барысына түсті. Дамушы елдердің өнеркәсіп-банктік әлеуеті халық бұқарасының мұқтажын өтеу үшін ел байлығын қайта бөлу арқылы қоғамның өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар басқа елдерді әскери-саяси жаулап алу үшін де пайдаланылмақ болды.

Дамудың екінші түрі – жаңа тұтыну нарықтарын жаулап алып, нығайту, арзан шикізат көзін алу, күшті мемлекеттердің басқа елдерді қанау есебінен ол ары қарай баюды көздеді және бұл ежелден мәлім жол болатын. Бұл саясат дамыған мемлекеттерін қатаң бәсекелестікке алып келді. Империя құру саяси және экономикалық элитаның өмірлік басты мәні болды. «Империализм» ұғымы халықаралық қатынастар тіліне айналды. Сонымен, «империализм» дегеніміз басқыншылық, басқа халықтарды әскери-саяси, экономикалық және рухани құлдану, басқалардың үстіне билік орнату саясаты. Ол ХХ ғасырдағы жаңа капитализмнің сипатты белгісі болып, қанды соғыстардың себептеріне айналды. ХІХ ғасырдың соңында-ақ «ескі» отарлы елдер мен «жаңа» күшейген елдердің арасындағы қарым-қатынастар күрт ширықты.

Халықаралық аренада жаңа күштер қалыптаса бастады. Еуропа аймағында Германия мен Италияның одактасуы нәтижесінде жаңа соғыс ошағы пайда болды. Аталған елдердің бас көтеруі Англия, Франция, Австро-Венгрия және Ресей мемлекеттеріне қарсы бағытталғандығы айқындалды. Сонымен бірге, Ресей, Англия, Германия, АҚШ және Жапония сияқты ірі державалар арасындағы империалистік қайшылық бұрынғыдан да күшейе түсті. Халықаралық тартыстардың ошағына Осман империясы да қосылды. Оның иелігіндегі Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Оңтүстік-шығыс Еуропа империалистік державалардың өзара таласын тудырды.

«Ерікті капитализмнен» империалистік сатыға өту, жаңадан пайда болған отаршыл мемлекеттердің әлемді бөлісудегі күресін әбден шиеленістірді. Қайшылықтар құрлық пен теңіздегі отарларды бөлісуге, ықпалды аймақтарды иеленуге байланысты күннен-күнге үдей түсті. Соғысқұмарлық, экспансиялық әрекеттер ұлтшылдық геосаясаттың теорияларымен бірлесе отырып негізгі мақсатқа талпынды. Англияның көздегені – Азиядағы, Африкадағы және мұхит аралдарындағы жаңа жерді бағындырып, онда Ұлыбританияның үстемдігін орнату болды.

Германияның ойы Еуропаны, Таяу Шығысты, басқа аймақтарды басып алып, Орталық Еуропа атты бірлікті құрастыру болатын. Ал Францияның олигархиялық топтары Эльзас пен Лотарингияны, сонымен қатар Рур алыбын және Африкадағы француз отарларының көлемін кеңейтуді жоспарлады. Ресей елі Балқан түбегіне, Иранға

және Қиыр Шығысқа саяси үстемдігін орнатуға тырысты. Австро-Венгрия Сербияны қиратып, Балқанға қожалық жасауды ойластырды. Италия империалистері де Тирольді, Триесті, Албанияны басып алып, Жерорта теңізіне иелік етіп, Африканы ірі державалармен бөлісуді аңсады.

АҚШ империалистері Қытайға көз тігіп, Латын Америкасындағы елдерге «Монро доктринасын» жариялады. Бұл доктрина дүние жүзі елдеріндегі АҚШ-тың билігін кеңейтуді жоспарлаған алғашқы құжат болатын.

Ірі державалардың арасындағы саяси және экономикалық қайшылықтардың өршуі, осы шиеленістердің негізінде әр түрлі саяси-әскери одақтардың құрылуына әкеліп соқтырды. Еуропадағы саяси топтардың арасалмағы да айқындалып қойған болатын. Жасырын дипломатиялық әрекеттер «ескі» және «жаңа» мемлекеттер арасында қайшылықтарды шиеленістіріп, алғашқы соғыс ошақтарын өршітті.

Дүние жүзін бөлісудегі алғашқы әрекеттер. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында АҚШ-Германия қатынастары шиеленісе түсті. Германияның капиталистік отаршылдық саясатқа түбегейлі еніп, тіпті бел шешіп кірісуі АҚШ-тың көздеп отырған әрекетіне едәуір кедергі тудырды. Германия мен АҚШ арасындағы Латын Америкасы мен Шығыс Азия жөніндегі тартыстар Германия империализмінің белсенділігін арттырды. Әсіресе, Орталық Америка өңірінде қолданылған Германия саясаты АҚШ дипломаттарын әбден күдіктендірді. Бұл өңірде АҚШ монополиялары Тынық мұхит пен Атлант мұхитын жалғастыратын канал құрылысына дайындалып жатқан болатын.

АҚШ-тың басқыншылық әрекетінің күшеюі Испанияға да әсер етті. Америка капиталистері Испанияның қол астында болған Куба аралына ерекше көңіл бөліп, өз иелігіне айналдырғысы келетін. Сондықтан АҚШ Испанияға қарсы соғысқа дайындала бастады. АҚШ үкіметі осы оқиғаға байланысты қоғамдық пікірді туғызу үшін испандықтардың Кубада жүргізіп жатқан озбырлығына наразылық білдіру жөнінде нота жіберді. Сонымен қатар, Американдық азаматтарын қорғауды желеу етіп, әскери-соғыс кемесін Куба жағалауына жөнелтті. Бұл кеме Гавана айлағында белгісіз себептермен апатқа ұшырады. АҚШ үкіметі осы жағдайды сылтауратып, ашық түрде соғысқа дайындалды. 1898 жылы 21 сәуірде АҚШ конгресі Испанияға соғыс жариялады. Соғыс үш айға созылып, Испания Кубадан, Филиппиндерден бас тартты. Куба АҚШ-тың отарына айналды. 1898 жылы болған Испания-АҚШ соғысы дүние жүзін бөлісудегі алғашқы соғыс болатын.

Отарларды бөлшектеудің алғашқыларының бірі – Оңтүстік Африкада ағылшын империалистерінің Бур республикасына қарсы соғысымен байланысты. 1899-1902 жылдары ағылшын-бур соғысы кезінде ағылшындар бур партизандарына қарсы 250 мың әскерден тұратын армиясын қарсы қойды. Осы соғыс кезінде ағылшындар жаңадан енгізген қару-жарақтары мен соғыс техникасын пайдаланды, мысалы, алғаш рет пулеметті қолданды. Жер түстес жасырын киімдерін киіп, окоптар қазып, октан жасырынды. Қарсыластардың күші тең болмады. Бур республикасының әскері жеңілді. Олар ағылшын отарларының қатарына қосылды. Ақ түсті бурлар мен ағылшындар арасындағы келіссөздерден кейін, «Оңтүстік Африка Одағы» атты отар құрылып, оған 1910 жылы Доминион мәртебесі берілді.

XX ғасырдың басында Жапония әскери дамыған елдердің қатарында болып, өзінің басқыншылық әрекетін айқындады. Басқыншылық саясатын жүргізу мақсатымен Жапония Маньчжурия мен Кореяға көз тікті.

Кореяның стратегиялық маңыздылығы Ресейді де қызықтыратын. Ресейге Жапонияның Кореяға ұмтылуы ұнамады. Осы жерден Ресей-Жапония қайшылықтары туындап, XX ғасырдың басында ол шегіне жетті. 1902 жылғы Англия-Жапония келісіміне қол қойылып, осы келісім орыс-жапон соғысын тездетуге алып келді.

1904-1905 жылдары Қиыр Шығыстағы ықпалды аймақтарды қайта бөлісу мақсатымен орыс-жапон соғысы басталды. Соғыстың нәтижесінде Жапония Оңтүстік Маньчжурияға үстемдігін орнатып, 1910 жылы Кореяны отарлады. Сонымен, Қиыр Шығыс өңірінде АҚШ-қа қарсы күшті бақталас ретінде Жапония державасы қалыптасты.

XX ғасырдың басында Германия жеке теңіз флотын құру бағдарламасын іске асыруға кірісті. 1900 жылдың маусымында рейхстаг флот салу жөніндегі бағдарламаны бекітті. 1915 жылға дейін Германия 34 линкор, 45 крейсер және 100-ден астам кеме жасауды жоспарлады. Мұны естіген Англия ірі әскери кемелер жасаумен айналысты.

Германияның басқарушы топтары Түркия сұлтанын Берлин-Бағдад-Басра теміржолын салуға көндірді. 1903 жылы бұл темір жолдың жобасы бекітіліп, жол салуға кірісіп те кетті. Бұған жауап ретінде Англия Кувейт елін басып алды. Англия-Германия қайшылықтарының өршуі Еуропадағы Англияның сыртқы саясатының өзгеруіне әсер етті.

Әскери одақтардың құрылуы. Германияның бірігуімен қатар Герман империясының құрылуы (1871 ж.) осындай үрдістердің Италияда болу мүмкіндігін айқындады. Еуропаның саяси картасы өзгерді. Бұлар басқалардың да байлықтарына көз тікті. Әсіресе Германия империясының құрылуына байланысты Еуропада халықаралық жағдай өзгерді.

Германия канцлері Отто Бисмарк Орталық Еуропа аймақтарында Германияға қарсы соғыс одақтары құрылуда деп күдіктенді. Германия қауіпсіздігін сақтау үшін, оны жақтайтын одақ іздестіру қажеттігі туды. Ресей мен Францияға күресу мақсатымен Германия Австро-Венгриямен одақ құрды (1879 ж.). Содан кейін Австро-Венгрия, Италия, Германия мемлекеттері Үштік Одаққа (1882 ж.) жол ашты. Бұл одақтың міндеттері 1892 жылы қайта қаралып, 1915 жылға дейін қызметін жалғастырды.

Франция Үштік Одақтың қаһарынан сақтанып, өзін қолдайтын жақтастарды Ресей жағынан іздеді. Таяу және Қиыр Шығыстағы қайшылықтарды реттеу жолында екі ел арасындағы одақтық жақындасудың сәті түсті. 1893 жылы Франция-Ресей одағы құрылды.

Үштік Одақ пен Француз-Ресей одағы құрылғаннан кейін, Еуропада ірі державалардың өзара тең күштері – соғысқұмар екі топ құрылды. Ұлыбритания бұлардың арасындағы араздықты өршітуге тырысты.

1904 жылы Марокко дағдарысы Франция мен Англияның жақындасуын тездетті. Нәтижесінде 1904 жылы ағылшын-француз келісімі жасалды. Осы келісім негізінде империалистік екі державаның отар жөніндегі даулары реттелді. Франция Англияның Египеттегі үстемдігін мойындады, ал мұның есесіне Англия Францияның Марокконы басып алуына кедергі жасамауға келісім берді. Бұл кезде Марокко мәселесіне Германия да араласты. 1905 жылы наурыз айында Германия императоры II Вильгелм Танжер портына келіп, Марокко сұлтандығының тәуелсіздігін құттықтады. Германия бұл жерде өзінің басқа елдермен басымдығын ескерткендей болды. Германияның әрекеті Еуропадағы жағдайды одан әрі шиеленістірді. Германиямен бәсекелесу үшін Англияға күшті теңіз флотымен қатар, қуатты әскер және мықты одақтас қажет еді. Сонымен, Англия мен Франция одан әрі жақындасып, өз қатарына басқа одақтас елдерді тарту қажеттігін аңғарды.

Ағылшын-орыс келісімі және Антантаның құрылуы. Халықаралық қайшылықтардың шиеленісуі ағылшын-француз одағын нығайту мәселесін көтерді. Бұл одаққа ағылшындар мен француздар Ресейді тартуды жөн көрді. Германияның қауіпті екендігін ескере

отырып, Англия мен Ресеймен жақындасудың нәтижесінде 1907 жылы 31 тамызда ағылшын-орыс келісіміне қол қойды. Бұл келісімде Ресей Ирандағы, Ауғанстан мен Тибеттегі өзара дауларын шешті. Ресей мен Англия Иранды өздерінің ықпалды аймағы ретінде бөліске салды. Елдің оңтүстік бөлігіне ағылшын империалистері, солтүстігіне Ресей империалистері қожалық етті. Ағылшын-орыс келісімі Антанта одағының құрылуымен аяқталды. Англияның Франциямен және Ресеймен жасаған келісімі Германияға қарсы соғысты әзірлеудегі маңызды кезең болды.

Балқан одағы және Бірінші Балқан соғысы. ХХ ғасырдан бастап (1911-1912), Германия мен Австро-Венгрия Балқан түбегі мен Түркия жеріндегі үстемдіктерін күшейтуге тырысты. Олар бұл аймақты стратегиялық тірек деп түсінумен қатар келешекте материалдық қор болатынын ескерді.

1908 жылы жас түріктер көтерілісінен кейін Осман империясы ыдырай бастады. 1908 жылы Австро-Венгрия Босния мен Герцоговина жерін басып алды. Бұл екі ел Осман империясының құрамында болатын. Дәл осы мерзімде Болгария тәуелсіздігін жариялады. Сербия және Ресей Австро-Венгрияны қолдамады. Германия, керісінше, Австро-Венгрия әрекетін қолдап, Түркияны өз ықпалынан шығармауға күш салды.

Осман империясының ыдырауы одан әрі жалғасты. ХХ ғасырдың басында Түркия екі соғысты басынан кешірді. 1911 жылы 29 қыркүйекте Италия-Түркия соғысы басталды. Триполитания мен Киренаиканы басып алған Италия өзіне бағынышты Ливия отарлық бөлшегін құрды. Италия-Түркия соғысы Балқан түбегіндегі әлеуметтік және ұлттық қайшылықтарды шиеленістірді. Ресей, Англия және Франция елдерінің делдалдығы арқасында Болгария, Сербия және Грекия мемлекеттерінің бірлескен одағы құрылды. Бұл одақтың мақсаты – Түркия қол астындағы Македонияны өзара бөлісу еді. Македония көп жылдар бойы Түркияның үстемдігіне қараған.

1912 жылы қазан айында Бірінші Балқан соғысы басталды. Болгария армиясы түрік әскерін қиратып, Константинопольге жақындады. 1912 жылы 28 қарашада Албания тәуелсіздігін жариялады. Түркия жеңілгендігін мойындап, 21 сәуірде уақытша келісімге, ал 1913 жылы 30 мамырда Лондон бітіміне қол қойды. Бұл келісім бойынша Түркияның Еуропадағы иеліктері түгелімен Болгария еліне берілетін болды. Түркияның иелігіндегі Стамбул маңайындағы аздаған жер ғана сақталып қалды.

Екінші Балқан соғысы. Бірінші Балқан соғысы бұл өңірдегі күштердің арасалмағын өзгертті. Сербияның ықпалы артып, Түркия

мен Австро-Венгрияның әсері әлсіреді. Австро-Венгрия мен Германия мәмілегерлері славян елдерінің Болгария мен Сербияның бірлігін бұзуды мақсат тұтты. Болгария мен Сербия елдерінің шовинистік саясаты қарсыластарының зұлымдық әрекетіне сай келді. Болгария елінің патшасы Фердинанд Ұлы Болгарияны, ал Сербия басшылары Ұлы Сербияны құруды жоспарлап жүрген болатын.

Австро-Венгрия топтарының жеңісіне сеніп, 1913 жылы 29 маусымда Болгария Сербия мен Грекияға соғыс жариялады. Екінші Балқан соғысы басталды.

Болгария бұл соғыста жеңіліс тауып, соғыстағы сәтсіздігі үшін жерін тарту етті. Түркия әскерлері Адрианополь қаласын басып алды. Мұндай жағдайда Ресей Болгарияны қолдап, Болгария Түркиямен бітімге келді.

1913 жылы 10 тамызда Бухарест қаласында келісімшартқа қол қойылды. Сербия Македонияның бір бөлігі және Болгарияға тиісті Македония жерін алды. Оңтүстік Македония мен Фракияның бір бөлшегін Грекия иеленді. Қасындағы шағын жерімен Адрианополь қаласы Түркияға қайтарылды. Румыния Оңтүстік Добруджа жерін басып алды. Сөйтіп, Балқан түбегінің жартысы қайта бөлшектенді. Балқан түбегіндегі елдердің бір-біріне сенімі сарқылып, күдіктері күшейді, Балқан түбегі Еуропаның «жарылғыш қоймасына» айналды.

1914 жылдың көктемінде ірі державалардың арасындағы қайшылықтар шектен тыс артты. Мұндай қайшылықтар ірі одақтастардың ғана емес, тіпті одақтас топтардың арасында да күшейе түсті.

Балқан түбегіндегі алғашқы бас көтерулер біраз жылдардан кейін дүниежүзілік соғысқа ұласты.


§3. Бірінші әлем соғысы және Азия мен Африка елдері

Соғысқа қатысушы елдердің мақсаттары. Еуропа мен дүние жүзін иемдену үшін болған екі коалицияның – Антанта мен Үштік одақтың арасындағы соғыс Еуропа өркениеті дағдарысының көрінісі десе де болғандай. Соғыс басталғанға дейін, әсіресе соғыстың барысында соғысқа қатысушылардың мақсаттары мен міндеттері анық айқындалды. Германия – Англия мен Францияның есебінен жаңа отарларды басып алуды, Франция мен Ресейді әлсіретуді және Еуропада үстемдік орнатуды көздеді. Германия капиталистері Балтық пен Азов теңіз жағалауларын, Қырым, Кавказ, Дон мен Днепр өзендерінің төңіректерін жаулап алуды армандады.

Австро-Венгрия – Балқанда өз ықпал ету саласын кеңейтуді жоспарлады.

065392

17



Англия – Германияның әлсіреуін, оның отарларының бір бөлігін басып алуды, Осман империясын бөлшектеуді мұрат етті.

Франция – Германияның әлсіреуін, Эльзас пен Лотарингияны қайтаруды, Германияның Саар және Рейн облыстарының бөлігін қосып алуды көздеді.

Ресей – Балқанда, Босфор мен Дарданелл бұғаздарында үстемдік орнатуды, Германия мен Австро-Венгрияның әлсіреуін көкседі.

Өзінің шеңберіне отыз сегіз мемлекетті тартып, соғыс жаппай дүниежүзілік соғысқа айналды. Мақсаттары мен міндеттері, сипаты жағынан 1914-1918 жылдары болған Бірінші дүниежүзілік соғыс әділетсіз, басқыншылық, адамгершілікке қарсы соғыс болды.

Соғысқа дайындық барысында әрбір ел соғыстың стратегиялық, және тактикалық жоспарын жасады. Германияның соғыс жоспары 15 жыл бойы әзірленді. Оның авторы генерал фон Шлиффен болды. Жоспар қысқа мерзім ішінде қарсыластарының бірін талқандап, әскери күшті келесі майданға төгуді қарастырды. Француздардың соғыс қимылдарының жоспары қуатты бекіністердің негізінде қорғаныс ұрыстарын жүргізуді арагідік шабуылдарға шығып қоюмен ұштастырды. Бұл жоспар енжар, аңдысу сипатындағы жоспар еді. Англияның соғыс жоспары құрамында 7 дивизиясы бар экспедициялық корпусы Францияға жіберуді, теңіздер мен мұхиттарда Англияның «Үлкен флотының» белсенді әрекет етуін қарастырды. Ресейдің соғыс жоспары бастапқы кезеңінде Австро-Венгрияны ірі шабуылдар ұйымдастыру жолымен талқандауды көздеді.

Соғысушы елдердің әскери-стратегиялық жоспарлары ұзаққа созылған көпжылдық соғыс барысында мәнді өзгерістерге түсті, сондықтан өздерінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне жете алмады.

Шілде дағдарысы. 1914 жылы 28 маусымда Австро-Венгрия тағының мирасқоры, әскери Бас қолбасшы эрцгерцог Франц Фердинанд Сараево қаласындағы жергілікті жасырын патриоттық ұйымның мүшесі Гаврило Принциптің қолынан қаза тапты. Германия императоры Австро-Венгрияны тікелей соғысқа итермеледі. 1914 жылы 28 шілде күні Австрия-Венгрия үкіметі Сербияға қарсы соғыс жариялады. Германия 1 тамызда Ресейге, ал 3 тамызда Францияға соғыс жариялады. 4 тамызда Англия үкіметі Германияға қарсы соғыс жариялап, Антанта одағының жақтасы екендігін білдірді.

1914 жылдың тамыз айының 4-не қараған түні неміс әскерлері Бельгия арқылы Францияға баса-көктеп кірді. 20 тамыз күні немістер Бельгияның астанасы Брюссельді басып алды. Француз және ағылшын әскерлері немістердің басым күшіне төтеп бере алмай, шегінуге мәжбүр болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысы. Қысқа мерзім ішінде неміс әскерлері Францияның бай шеткі аймақтарын Фландрияны, Пикардияны, Артуаны жаулап алды. 30 тамызда неміс ұшақтары Париждің үстінде қалықтады. Немістің алдыңғы қатарлы бөлімдері Парижден 40 шақырым жерде тұрды. Париж тұрғындары Германияның ауыр артиллериясының дауысын естіп отырды. Францияның астанасына қауіп төніп, үкімет Парижден Бордоға көшті.

Мұндай жағдайда Францияны құтқару үшін Ресейдің екі армиясы тамыз айының ортасында Шығыс Пруссияға аттанды. Батыстан қосымша әскерлер келгеннен кейін, немістер орыс әскерін қоршап алып талқандады. 26-30 тамыз аралығында болған шайқаста Ресейдің 2-армиясы жеңіліске ұшырып, мындаған орыс солдаттары тұтқындалды. 2-армияның басшысы генерал Самсонов өзін-өзі атып өлтірді. Пруссияға басып кірген орыстың 1-армиясы Пруссия жерінен кетуге мәжбүр болды.

Батыс майдандағы шайқас. 5 қыркүйекте Марна өзені бойында тарихи шайқас басталды. Екі қарсыластың бетпе-бет келген майдан шебі 600 шақырымнан асты. Майдан үлкен доға сияқты Парижден басталып Швейцария шекарасына дейінгі жерде өрбіді. Осы үлкен кеңістікте одақтастардың 66 дивизиясы мен Германия әскерінің 51 дивизиясы кездесті. Марнаның екі жағасы ұрыс алаңына айналды. Бұған екі жақтан 2 млн-ға жуық адам қатынасты. Жауының басына болат снарядтар мен бомбыларды жаңбырша жаудыруға әр жақтан 3 мың зеңбірек дайын болды. 5 қыркүйек күні француз-ағылшын әскерлері шабуылға шықты.

9 қыркүйекте Марнадағы ұрыс неміс әскерлерінің Иль-де-Франс төбешігіне, Эн өзеніндегі табиғи қорғаныс шебіне шегінуімен аяқталды. 9 қыркүйекте немістер барлық майданда шегініп, шабуылды тоқтату туралы бұйрық берді. Сөйтіп, немістердің «қауырт соғыс» жоспары күйреді. Парижді алуға шамасы келмеді. Германияның Батыс майданда Англия мен Францияға қарсы, Шығыс майданда Ресейге қарсы соғысуына тура келді.

1914 жылдың соңында Солтүстік теңізден Швейцария шекарасына дейін созылған Батыс майданы қалыптасты. Жаңа әскери жағдайда екі жақ зеңбірек оғынан қорғайтын бетон бекіністер салуға кірісті. Окоптар мен траншеялардың алдындағы кең алаңға миналар қойылып, тікенек сымдармен шырмалған кедергілер орнатылды. Позициялық соғыс осылай басталды.

Екі одақ мүшелері соғысқа қатыспаған мемлекеттерді өздеріне тартуға тырысты. Сөйтіп, Үштік одақ қатарына Осман империясы қосылып, ол Ресейге, Англияға және Францияға қарсы соғысқа шықты.

Осыған байланысты орыс-түрік майданы ашылды. Англия флотының мұхиттардағы үстемдігі Германияның Африка мен Мұхиттық аралдардағы отарларын басып алуына жағдай жасады.

1915 жылдың басты оқиғасы Шығыс майданда өтті. Неміс қолбасшылығы Австро-Венгрия әскерімен бірігіп, Ресей әскерін талқандауды жоспарлады.

Мамыр айындағы шабуыл Галицияда басталып, тамыз айында Шығыс майданның терістігін қамтыды. Үздіксіз шайқастар барысында Ресей әскері 850 мың жауынгерінен айырылып, 900 мың адамы тұтқындалды. Бір айға созылған ұрыстың нәтижесінде Ресей әскерлері Галицияны, Польшаны, Литваны тастап кетуге мәжбүр болды. Бірақ Ресей соғыстан шықпады. Сөйтіп, шайқастың басты міндеті тағы да орындалмады. Соғыс екі майданда қатар жүргізіліп, Шығыс майдандағы соғыстың бағыты өзгертілді.

1915 жылдың ақпан айында ағылшын-француз әскерлері Дарданелл бұғазын басып алуға тырысты. Түркия жағалауына түскен ағылшын, француз десант әскерлері полковник М.Кемалдың басшылығымен болған түрік бөлімдерінің табанды қарсылығы нәтижесінде жеңіліске ұшырады. Дивизия бастығы Мұстафа Кемал осы майдандағы ерлігі үшін генерал-майор және паша лауазымдарын алды.

Австро-Германияға 1915 жылдың күзінде Болгария қосылып, *Төрттік одақ* құрылды. (Германия, Австро-Венгрия, Түркия, Болгария). 1915 жылы Болгария әскерлері Сербияны талқандады. Ресей елінің Сербияға көмек беруге шамасы келмеді.

Бұл жылы Батыс майданда айтарлықтай өзгеріс бола қоймады. Позициялық сипат алған шайқаста жергілікті мәні бар ұрыстар болып жатты. Антанта одағы өзге елдерді өзіне тарта бастады. Антанта Италияға Тирольді, Триесті, Адриат теңізінің шығыс жағалауын ұсынды. Осыған келіскен Италия 1915 жылы 26 сәуірде келісімшартқа қол қойып, бір айдан соң Антанта жағында соғысқа кірісті.

Еуропа мен Азиядағы соғыс қимылдары. 1916 жылы соғыс қимылдарына соғысушы жақтар жан-жақты дайындық жасады. Ағылшындар мен француздардың әскер саны жарты миллионға жетіп, ауыр артиллериясы қарсыластарын басып озды.

Германия 1916 жылы басты соққыны Батыс майданда өткізуді көздеді. Ол үшін алдымен Верден қамалы маңында орналасқан француз қорғанысын бұзу жоспарланды. Немістер шабуылға мұқият дайындық жасады. Барлық дайындық шаралары өте құпия түрде жүргізілді. Немістер Голландия мен Швейцария шекараларын жауып тастады. Зеңбіректер Верденге тек түнде ғана жеткізіліп тұрды. Мысалы, кейбір жерде немістер жаңа салынған теміржол станция-

ларын аудай созылған сым торларымен бүркеп тастады. Осы торларға ағаш бұтақтары мен жапырақтары жабылды. Француз ұшақтары ауыр зеңбіректерді байқай алмайтын болды. Ақпан айындағы ақ жауын қарлы боранға ұласып кетті. 1916 жылдың 21 ақпанында ғана асыға күткен ашық ауа райы орнады. Сағат 8-ден 10 минут өткенде Верденнің бүкіл өңірін бұрын-соңды болмаған жарылыстар сілкіндірді. Неміс зеңбіректері тоқтаусыз оқ жаудырды. Кешкі сағат бестің кезінде неміс жаяу әскерінің шабуылы француз қорғанысын толық бұза алмады. Осы шайқастың барысында Германия шамамен 600 мың адамынан, Франция 358 мың адамынан айырылды. Жазға қарай неміс әскерінің шабуылы әлсіреп, алға қарай не бары 7 шақырымға ғана жылжыды. Германияның әр түрлі деңгейдегі 1225 зеңбіректерінен Верден бекінісі үздіксіз атқыланды. Майдан алаңы түтін мен шаң топыраққа көміліп, жаудың жекелеген батареяларының қайда тұрғанын анықтау да мүмкін болмай қалды. Мындаған зеңбіректердің сұрапыл атысы бір арнаға құйылып, майдан алаңы отты теңізге айналғандай болды. Атылған оқтың шығыны бұрын естімеген мөлшерге жетті. Тек бір ғана 9 сәуірде немістер он жеті поезддағы оқ-дәріні жұмсаған. Немістер алға қойған мақсаттарына жете алмады. Верден өзін қорғап қалды және герман әскерінің айтарлықтай күшін өзіне тартты. Верден түбіндегі ұрыстар тоқтамай жатып, ағылшын-француз әскерлері Сомма өзенінде шабуыл бастады.

Алты күн ішінде француз артиллериясы 2,5 млн снаряд атқан. Бес ай бойғы үздіксіз шабуылда одақтастар не бары 3-8 шақырым ілгері жылжыған. 15 қыркүйек күні ағылшындар ұрыс даласына он сегіз танкті бірінші рет жіберді. Бұған дейін ағылшындар 35 күн бойы шабуылдан ала алмаған бірнеше маңызды елді-мекендерді танктер басып алды. Қарашаның аяғына қарай шайқас тоқтады. Одақтастар неміс майданының бүкіл қорғанысын бұзып өте алмады. Ағылшындар үшін теңізде неміс флотымен шайқасу әлдеқайда табысты болды.

1916 жылы 31 мамыр – 1 маусым күндері Ютландия жағалауында адмирал Джаллико қолбасшылық еткен үлкен ағылшын флоты мен адмирал Шйеер басшылық еткен неміс флоты кездесті. Шайқасқа екі жақтан 250 кеме қатысты. Күші жағынан ағылшындар анағұрлым басым болды. Герман флотының шұғыл өз базаларына шегінуге тура келді. Соғыстың соңына дейін герман флотының басты күштері ашық теңізге шыға алмады.

Верден түбіндегі шайқастың қызған кезінде Оңтүстік-Батыс майдан әскері генералдар Брусиллов пен Рузскийдің қолбасшылығымен 1916 жылы маусым айында Австро-Венгрия әскеріне қарсы үлкен шабуыл бастады. Ол тарихқа «Брусиллов өткелі» деген атпен енді.

Орыс әскерлері Луцк түбінде майданды бұзып өтті, Буковина мен Галицияны, Львов қаласын азат етті, Карпат тауы етегіне жетті. Орыс әскері шайқас барысында 25 мың шаршы шақырым аумақты азат етіп, 1 млн солдат пен офицердің көзін жойып, 400 мыңнан астам адамды тұтқынға алды. Орыс әскерінің Галициядағы жеңісі одақтастардың Верден түбіндегі жағдайын жақсартты және оларға Соммада шабуылды үдете түсуге мүмкіндік берді, итальян әскерін қоршаудан босатып, Румынияның Антанта жағына өтуіне мүмкіндік жасады.

1914-1916 жылы соғыс қимылдары Үштік одақ елдерінің қуатын айтарлықтай әлсіретіп, стратегиялық бастама Антантаның қолына көшті. Антантаның әскер және қару-жарак саны жағынан артықшылығы барған сайын айқын сезіне бастады. Ұзаққа созылған соғыс экономиканы соғысқа бейімдеп қайта құруды талап етті. Азаматтық типтегі көптеген кәсіпорындар соғыс мұқтажына қажетті өнім шығаратын кәсіпорындарға айналдырылды. Ер азаматтардың әскерге аса көп шақырылуы өндірісте жұмыс қолының жетіспеушілігін тудырды. Сонда әр отарлы ел тәуелді халықтарды қара жұмысқа тартуды ойластырған. Ресейде мұсылман халықтарды әскери құрылыстарға қатыстыруға барған. Қазақстанда ол саясат 1916 жылғы көтерілістерді туғызған. Елде еңбек етуге міндеттілік енгізілді. Соғыс азық-түлік тауарларының жетіспеушілігін туғызды. Осы мәселені мүмкіндігінше шешу үшін барлық жерде азық-түлік тауарларын карточкамен бөлу жүйесі енгізілді. Босқындар мәселесі пайда болады. Халықтың аса көп бөлігі майдан даласынан қашып, өз елінің тылдарына өтіп жатты. Оларды орналастыру және азық-түлік карточкаларымен қамтамасыз ету қажет болды. Соғыстың ауыртпалығы соғыстың бастапқы кезіндегі патриотизм мен ұлтшылдық сезімді өшірді. Соғыстың үшінші жылының соңына қарай әлем халқы соғыстан шаршап шалдықты. Жалған патриотизм енді сары уайымға, енжарлыққа, ырықсыздыққа орын береді. Соғысқа қарсы митингілерді, ереуілдерді, жиналыстарды, майданды тастап, үйге кету басталды.

1917-1918 жылдардағы соғыс қимылдары. 1917 жылдың басында Германия коалициясының жағдайы аса ауыр болды. Германия адам ресурстарының жетіспейтіндігін басынан өткізді. Ол 1917 жылдың көктемінде не бары отыз ғана дивизия қалыптастыра алды. 1916 жылдың 29 тамызында Германияның әскери қолбасшылығы генерал-фельдмаршал фон Гинденбургке жүктелді. Күзде ол 1917 жылғы соғыс қимылдарының жоспарын дайындады.

Осы жоспар бойынша барлық майдандағы шабуылдар тоқтатылып, майдан желілері қысқартылуы тиіс болатын. Бүкіл экономика әскери мекеменің қолына берілді. 16-60 жас аралығындағы барлық ер

адамдар әскерге шақырылатын болды. Англияға қарсы су асты соғысын жүргізіп, оған шешуші соққы беру ұйғарылды. Австро-Венгрияның жағдайы одан бетер ауыр болды. Халық пен әскердің аузы асқа жарымады. Халық пен езілуші ұлттардың наразылығы күшейді.

Германия саясаты АҚШ-тың мүддесіне тікелей қайшы келіп, оның сауда флотына қауіп төнді. Осы жағдайлар АҚШ-ты Германияға қарсы соғыс жариялауға итермеледі (1917 ж. 6 сәуір).

1917 жылдың басында Антанта елдерінің 439 дивизиясы болса, Германия тобында 333 дивизия болды. АҚШ-тан кейін Куба, Панама, Бразилия, Гватемала, Гондурас, Никарагуа, Перу, Уругвай, Коста-Рика және Гайти Германияға қарсы соғыс жариялады.

1917 ж. қараша айында Антанта үкіметінің басшылары Батыс Еуропа соғыс барысындағы өздерінің қимыл-әрекеттерін үйлестіру үшін жоғары әскери кеңес құру керек деп шешті. 1918 жылы наурыз айында генерал Фош жоғары бас қолбасшы болып тағайындалды.

1918 ж. басында Германия мен Кеңестік Ресейдің арасындағы Брест бітіміне қол қойылуы Германияның Шығыс майданнан Батыс майданға айтарлықтай күшін төгуге мүмкіндік берді. Олар Еуропаға Америка әскери күштері жеткенге дейін Антанта әскерін тез арада талқандауға кірісті. Батыста Германия дивизиясының 80 пайызы, артиллериясының 90 пайызы шоғырланды. Дайындықтан соң 1918 жылдың наурыз айында Германия шабуылға шықты. Неміс шабуылы Марнада басталды. Немістер алыс қашықтыққа оқ жаудыратын зеңбіректерден Парижді атқылады. Бұл немістердің соңғы жетістігі еді. Қосымша күштердің болмауынан немістердің шабуылы тоқтады. Американдық қосымша күштің уақытында келіп жетуі ағылшын-американ шабуылшыларының рухын күшейтіп, олар 18 шілдеде қарсы шабуылға шықты. Сегізінші тамызда одақтастар көптеген танктерін қолдана отырып, Амьен маңында қуатты шабуылды бастады. Олар майдан шебін бұзып, бір күнде немістердің он алты дивизиясын талқандады. Бұл Германия үшін қаралы күн болды.

Азия аймағындағы соғыс шайқастары Антанта одағының басымдығын айқындады. 1916 жылы ақпанда 30⁰ суыққа қарамастан орыс әскерлері түрік әскерлерін жеңіп, Эрзурум қаласын алды. 19 сәуірде Ресейдің теңіздегі және құрлықтағы әскери күштерінің қимылдары барысында аса маңызды теңіз порты Трабзон Ресей әскерлерінің қолына өтті. Урмия бағытындағы Ресей әскерлері 1916 жылдың жазында Муша және Битлия қалаларын басып алды.

Одақтастар Балқан мен Таяу Шығыста белсене шабуылға шықты. 1918 жылы 29 қыркүйекте Болгария, 3 қарашада Австро-Венгрия тізе бүкті.

Сондай-ақ Азиядағы соғыс қимылдары Антантаның әскери артықшылықтарын көрсетті. Батыс елдері алдап-сулап арабтарды түріктерге қарсы тұрғызды. 1918 жылдың күзінде Қосөзен аймағында ағылшын әскерлері мен араб жасақтары екпінді шабуылын бастап, Калат-Шерат түбіндегі түріктердің 6 армиясын талқандап, Мосул қаласын алды. Ағылшын атты әскер бөлімдері 20 қыркүйек күні Назарет қаласын басып алды. 1918 жылы 1 қазан күні Дамаск, 26 қазанда Алепо қалалары ағылшындардың қолына көшті. Осылайша Ирактағы, Палестинадағы, Арабиядағы және Сириядағы түрік әскерлері толық жеңілгендігін мойындады. 30 қазанда Осман империясы тізе бүкті.

Қиыр Шығыстағы соғыс әрекеттері ұзаққа созыла қойған жоқ. Бұл аймақта Жапония империализмінің үстемдігі басым болатын. Антанта одағын жақтаған Жапония Қиыр Шығыстағы, әсіресе Қытайдағы иеліктерін нығайтуға тырысты. 1914 жылы 2 қыркүйекте 30 мың Жапония десанты Шаньдун түбегіне келіп түсті. Олар ағылшын десант әскерімен бірігіп 31 қазан күні Циндаоны басып алып 3,5 мыңнан астам неміс гарнизонын қамауға алды. Шаньдун жеріндегі соғыс әрекеттері 2 айға созылып, жетінші қарашада аяқталды. Ең соңында Жапония теңіз флоты ешбір шығынсыз Тынық мұхиттағы Германияның иелігі болған Маршалл, Каролинг және Мариан аралдарын басып алды. Антанта одақтарының біріккен үйлесімді қимылдарының нәтижесінде Германияның Африкадағы отарлары Англияның иелігіне айналды. 1918 жылы қараша айында Германия жағы толық жеңіліске ұшырап, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

§4. Версаль–Вашингтон жүйесі

Париж конференциясы. Бірінші дүниежүзілік соғыс бітісімен жеңіске жеткен елдер алдында соғыстан кейінгі дүниені қайта құру міндеті тұрды. Осы міндетті орындау үшін және бітім келісім-шарттарын дайындап, қол қою үшін Парижде бітім конференциясы шақырылды. Ол 1919 жылы 18 қаңтарда басталды. Оның жұмысына 27 елдің өкілдері қатысты. Конференция жұмыс тәртібін ұлы державалар өкілдері – Францияның премьер-министрі Жорж Клемансо, Англияның премьер-министрі Дэвид Ллойд-Джордж, АҚШ президенті Вудро Вильсон анықтады. Олар мәселені оңаша шешті. Конференцияға соғыста жеңілген елдер шақырылмады. Азамат соғысы жүріп жатқан Ресей де қатыспады.

Жеңіске жеткен елдер арасындағы қарама-қайшылықтар. Вильсонның «14 тармағы». Соғыстың соңына қарай капиталистік

дүниенің жаңа күштерінің арасалмағы анықталды. Әрбір державаның көздеген мақсаты мен материалдық табысқа жетуінің өзіндік жоспарлары болды. Соғыстың үшінші жылында ғана шайқасқа тартылған АҚШ одақтастарына ірі несие беруші және қуатты елге айналды. Осыдан келіп АҚШ-тың Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін дүние жүзін қайта құру бағдарламасы қалыптасып, онда халықаралық қарым-қатынастардың жаңа принциптері белгіленді. Бұл мәселе президент В.Вильсонның 1918 жылы 18 қаңтарда АҚШ конгресіне жолдаған «14 тармағында» баяндалып, халыққа жарияланды. Оларда Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында отарлар мен ықпал етуші аймақтарын қайта бөлісу, Антанта елдері арасындағы барлық құпия келісімдерді жариялау, жерде, теңізде жүзу еркіндігін қамтамасыз ету, кеден кедергілерін жою және халықаралық деңгейде «ашық есік» пен «тең мүмкіндік» принциптерін мойындау, қару-жарак шығаруды шектеу, келіссөздерді ашық және жария түрде жүргізу мәселелері көтерілді.

АҚШ Бельгияны қалпына келтіруді, Францияға Эльзас пен Лотарингияны қайтаруды, бейбітшілікті қолдау үшін халықаралық ұйым – *Ұлттар Лигасын* құру қажет деп есептеді. В.Вильсонның бұл ұстанымдары дүниежүзілік саясаттағы жаңа пікір болатын.

Ұлыбритания алға қойған міндеттерін Париж конференциясына дейін жүзеге асырды. Оның көздегені – қарсыласы Германияны әлсірету және ұлы державалар қатарынан шығару еді. Осман империясының Таяу Шығыстағы үлкен иеліктерінде Германияның ықпалы жойылып, Англия ықпалының күшеюі оның күш-қуатын барынша арттырды. Африкадағы герман отарларын Англия, Франция, Бельгия, Оңтүстік Африка Одағы бөлісуге келіскен.

Соғыстың барысында Франция қатты зардап шекті. Ол несие беруші елден қарыздар елге айналды. Германияның мейлінше әлсіреуін міндет еткен Франция, оны бұрынғыдай ұсақ мемлекеттерге бөлу жоспарын құрды, оларды Францияның әскери-саяси одақтастығымен байланысқан елдердің ықпалына бағындыруды көздеді. Франция үкіметі Рейнге дейін шекарасын кеңейту, Германияға барынша төлемақы төлету және Осман империясының иеліктерін өз үлесіне беру сияқты талаптарын да ұсынды.

Бітім конференциясының барысында кешегі одақтастар арасында шиеленіскен алауыздықтар пайда болды. Президент Вильсонның «14 тармағы» негізіне сүйенген келіссөздер барысында жеңіске жеткен елдер өз жоспарларынан бас тартпауға, мүддесін ешкімге бергісі келмеді. Антанта Италияны өз жағына соғысқа тарту үшін оған жер беруге уәде берген еді, Италия осы жерлерді конференцияда талап

етті. Ал Италияның қуатсыз соғыс күші бұл иеліктерді алуға қауқарсыз болды. Сондықтан Италияның қойған талаптары орынсыз көрінді. Румыния 1916 жылы өзіне уәде етілген Трансильвания, Буковина және Банат иеліктерін беруді талап етті. Ол 1918 жылы Бессарабияны жаулап алды. Сондықтан Париж конференциясында бұл мәселе талқыланбай қалуы мүмкін емес еді.

Франция Еуропадағы Польша, Чехословакия және т.б. шағын мемлекеттерінен Германияға қарсы одақ топтастыруды көздеп, жеңілген мемлекеттер есебінен аталған елдердің жер аумақтарын кеңейту талабын қойды. Жапония соғыс кезінде Германияның Тынық мұхиттағы отарларын: Каролинг, Мариан, Маршалл аралдары, сондай-ақ Қытайдың Шаньдун түбегіндегі иеліктерін басып алған. Оған қоса Қытайда өз ықпалын күшейте түскен. Сол жағдайды халықаралық шешімдермен бекітуге бел байлаған.

Версаль бітімшарты. Германиямен келісімшарттың мәтіні мамыр айында дайын болды. Бұл елмен жасалған бітімшарт *Версаль бітімі* деп аталды. 1919 жылы 28 маусымда Версаль сарайының Айналы залында шартқа қол қойылды. Ол соғыстан кейінгі дүние жүзіндегі мемлекетаралық қарым-қатынастарды реттеудегі маңызды құжат болды. Келісімшарт талаптары бойынша Германия аумағының белгілі бөлігі көрші мемлекеттерге өтті. Германия бұрын басып алған Эльзас пен Лотарингия Францияға кері қайтарылды. Экономикалық жағынан аса маңызды Саар облысы Францияның қолына өтті. Бельгия Эйпен және Мальмеди округтерін алды. Данияға Шлезвигтің солтүстік бөлігі берілді. Версаль бітімшарты бойынша Германия өз аумағының 1/8 бөлігі мен халқының 1/12 бөлігінен, отарларынан айырылды.

Германияда жалпыға бірдей әскери міндеттілік жойылды. Ол жалдамалы негізде құрылатын 100 мыңдық әскер ұстауға құқылы болды. Германияға соғыс техникаларын ұстауға тыйым салынды. Соғыс жылдарында Антанта елдеріне келтірген шығындардың орнын толтыру үшін Германия едәуір төлемақы төлеуге міндеттелді. Бірақ оның сомасы жөнінде жеңіске жеткен елдер бір жақты шешімге келе алмады. Лондон конференциясы (1920 ж.) соғыс шығындарының (репарация) жалпы мөлшерін 132 млрд. алтын марка деп есептеді. Германиямен жасалған шарт оның бұрынғы одақтастары Австриямен, Болгариямен (27 қараша, 1919 ж.), Венгриямен, Түркиямен бітімшартқа қол қоюмен аяқталды.

Ұлттар Лигасы. Ұлттар Лигасын құру жөнінде Париж конференциясы шешім қабылдады. Оның Жарғысын әзірлеуге арнайы комиссия құрылып, оған ұлы державалардың өкілдерімен қатар ірі және ұсақ елдердің өкілдері де қатысты. Вильсонның басшылығымен қысқа

мерзімде Жарғының негізі 1919 жылы 14 ақпанда дайын болды. Лиганың басты мақсаты – халықтар арасында ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету еді. Ассамблея мен Кеңес Лигасының басты органдары болды. Ассамблея отырысы (Лига өкілдерінің жиналысы) жылына бір рет шақырылды. Ассамблеяның әрбір мүшесі отырыста бір дауысқа ие болды. Ұлттар Лигасын құрудың бастаушысы АҚШ үкіметі оның қатарына кірмей қалды. АҚШ үкіметі еріксізден 1921 жылы тамызда Германиямен жеке бітімшартын жасауға мәжбүр болды. Бұл бітімшартта Ұлттар Лигасы туралы ештеңе айтылмады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Еуропадағы алып күштердің арасалмағын өзгертті. Аса ірі екі империя – Ресей мен Габсбург (Австро-Венгрия) империялары ыдырады. Азияда Осман империясы құлады. Қуатты империялардың ыдыраған аумақтарында тәуелсіз мемлекеттер пайда болды.

Әзірбайжан, Армения, Грузия. Қазан төңкерісінің және Ресей империясының құлауы нәтижесінде көптеген ұлттық шеткі аймақтар тәуелсіздікке қол жеткізді. Кеңестік Ресей осы мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындады. Бірақ ол елдегі оқиғалар большевиктік ұйымдар әзірлеген жоспарлар бойынша өріс алды. Жергілікті большевиктер Қызыл Армияның көмегімен осы жерлерде Кеңес өкіметін орнатты. Олар 1922 жылы желтоқсанда КСРО құрамына енді.

Орталық Азия. Бұл аймақтарда кеңестік тәртіпті Қызыл армия орнатып Түркістан Республикасы, Қазақ Автономиялы Республикасы шыққан. 20-30 жылдарда аймақ аумағында Өзбек, Тәжік, Қырғыз, Түрікмен және Қазақ республикалары жарияланып, КСРО шеңберінде қалды. Кеңес одағында қабылданған конституциялар бойынша әр республиканың оның қатарынан шығып кету құқығы сақталған, тек іс жүзінде Мәскеу тоталитарлық зорлық саясатты жайлатқызып, олардың егемендігін таптап келген.

Түркия Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілгеннен кейін, 1918 жылы 30 қазанда Мудрос қаласында тізе бүгу туралы келісімшартқа қол қойды. Шарт бойынша, Антанта елдерінің әскерлеріне түрік аумағындағы көптеген маңызды порттар берілді. Ұлыбританияның әскери флоты Стамбұл жанында тұрды. Француздар *Киликия* облысын алды. Италияндықтарға *Анталья* мен *Кония* қалалары берілсе, гректер Кіші Азияның батыс жағалауына орналасты. Темір жолдар, пошта және телеграф жеңімпаздардың бақылауына өтті.

Ұлттық рухы жоғары түрік офицерлері, зиялылары, кәсіпкерлері, саудагерлер, тұрғын халықты басқыншылардың талан-таражынан қорғауға әрекет жасау үшін «*Құқық қорғау қоғамын*» құра бастады.

1919 жылы мамыр айында гректер Азияның Батыс жағалауындағы өте маңызды порт Измирді алды. Сұлтан үкіметі соғыс жариялағанымен талқандалған армияның соғысуға шамасы келмеді. Осындай жағдайда елдің қорғанысын 40 жастағы генерал *Мұстафа Кемал паша (1881-1938 жж.)* басқарды. Ол елдің барлық тұрғын халқын тәуелсіздік үшін күресуге шақырды. Ол Құқық қорғау қоғамының дербес үкіметін, ұсыныс комитетін сайлаушы «Құқық қорғау қоғамының» съезін өткізді. Түрік халқының ұлт-азаттық қозғалысы, яғни *Кемал революциясы* түрік халқының халық бұқарасы тұрған Анадолының бүкіл аумағын қамтыды. 1920 жылы сәуір айында Анкарада парламент – *Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысы (ТҰҰЖ)* шақырылды.

М.Кемал дамудың республикалық жолын мақұлдады. Бұл сұлтан айналасындағылар мен монархистердің қызу қарсылығын туғызды. Одақтастар революцияны гректердің көмегімен басып-жаныштауды көздеді. Грек әскері шабуылға шықты. Осындай ауыр сәтте М.Кемал Кеңестік Ресейден көмек сұрады. Кеңестік Ресей Анкараға қару-жарак, оқ-дәрі және ақшалай қаражат жіберді. Осы көмек М.Кемал тобының сұлтан жақтастарын түпкілікті талқандауына мүмкіндік берді. 1921 жылы 20 күндік Сакаръя ұрысында М.Кемал қолбасшылық еткен революциялық армия грек басқыншыларын талқандады.

Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысы 1922 жылы қарашада *сұлтанатты жою жөнінде заң* қабылдады. М.Кемал көптеген ескі қалдықтардан құтылып, қуатты жаңа держава болу үшін Еуропа елдерінің тәжірибесін қабылдау керек деп есептеді. 1923 жылдың шілде айында Швейцарияның Лозан қаласында өткен конференцияда Түркия халықаралық мойындауға қол жеткізді. Осыдан кейін барлық шетелдік әскерлер елді тастап шықты. 1923 жылы 29 қазанда *М.Кемал Түрік Республикасының тұңғыш президенті* болып сайланды. Жаңа мемлекеттің астанасы – *Анкара* қаласы болды. 1924 жылы 3 наурызда ТҰҰЖ халифатты жою туралы заң қабылдады.

Араб елдері. Соғыстан кейінгі оқиғалардың ықпалымен арабтың шығыс елдерінде империалистік державалардың отарлық саясатына қарсы жаппай азаттық қозғалыстары басталды (1918-1923 жж.). 1918-1923 жж. Осман империясының бұрынғы иеліктері: Сирияда, Ливанда, Египетте, Мароккода, Алжирде, Бахрейнде, Оманда, Суданда ұлттық қарулы күштердің бас көтерулері болды. 1917 жылы қарашада қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының Мәлімдемесі» және Кеңес үкіметінің «Ресей және Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» үндеуі араб халқының көңіл күйіне орасан зор ықпал етті.

Ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы толқындарының нәтижесінде, империалистер араб елдерінен қуып шығарылмаса да олардың отарлық

тұғыры мықтап шайқалды. 1923 ж. Египеттің тәуелсіздігі жарияланды. Одан кейін ағылшындар Ирак, Иордания мемлекеттерінің негізін қалауға келісті. Йемен мен Сауд Арабиясы 1920 жылдары өз тәуелсіздіктеріне жетті. Кеңес үкіметі алғашқылардың бірі болып Сауд Арабиясын мойындады. РКФСР үкіметі жаңа корольдікте өзінің өкілетті өкілі етіп қазақ халқының перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері, тамаша дипломат, журналист және педагог *Нәзір Төреқұловты* (1892-1937 жж.) тағайындады. Жеті жыл кеңестік дипломат қызметін атқарған Н.Төреқұлов кеңес-сауд қарым-қатынастарының тұрақтануына, Сауд Арабиясының дипломатиялық қатынастарының қалыптасуына жәрдемін тигізді.

Вашингтон конференциясы. Вашингтон үкіметі Германия және оның одақтастарымен жасалған бітімшарттарында теңіз қару-жарактарын шектеу, Тынық мұхиты және Қиыр Шығыс мәселелері бойынша қосымша шарттармен толықтыру қажеттігін білдірді. АҚШ үкіметі осыны іске асыру үшін *Вашингтонда конференция* шақырды. *Конференция 1921 жылдың 11 қарашасынан 1922 жылдың 6 ақпанына дейін өтті.* Оның жұмысына тоғыз елдің – АҚШ, Англия, Франция, Португалия, Италия, Жапония, Бельгия, Голландия және Қытайдың өкілдері қатысты. Қытайға ерудің аса тиімді жолын қамтамасыз ету үшін Америка делегациясы Қытайдың егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын құрметтеуге шақырып, барлық державалар Қытаймен болатын қатынастарын «ашық есік» және «тең мүмкіндік» негізінде іске асыруды ұсынды.

Тоғыз державаның шартына сәйкес Жапония Қытайдағы бұрынғы артықшылықтарынан бас тартуға мәжбүр болды. Сонымен қатар АҚШ пен Англия Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Жапония басып алған Шаньдун түбегін Қытайға қайтаруды талап етті. Олар АҚШ жобасын дайындап ұсынған «*Тоғыз державаның шартына*» қол қойды. Вашингтон конференциясында теңіз қару-жарактарын қысқарту туралы «*Бес державаның шарты*» деп аталған құжат қабылданды. Бұл халықаралық қатынастар тарихындағы қарулануды шектеудің тұңғыш келісімі еді.

Париж және Вашингтон конференцияларының шешімдері соғыстан кейінгі халықаралық қарым-қатынастар үлгісінің негізін қалаған Версаль–Вашингтон жүйесін қалыптастырды. Бұл жүйенің құрылуы шиеленістерді бәсеңдетуге мүмкіндік берді, халықаралық қатынастардың жаңа қағидаларын бекітті, халықтардың өзін-өзі билеу қағидасын мойындады. Бейбітшілікті сақтаудың халықаралық ұйымы ретінде Ұлттар Лигасы құрылды. Бұл жүйенің осындай қол жеткен

табыстарымен қатар, оның тиянақсыздығына негіз болған алғышарттар да тіркелген.

Версаль–Вашингтон жүйесінің баянсыздығы. Версаль–Вашингтон жүйесі халықаралық қарым-қатынастардың жаңа үлгісі болғанымен, жүйенің империалистік сипатын өзгерте алмады. Бұл әсіресе Кеңестік Ресейге қарсы жүргізілген күрестің барлық бағытынан көрінді. Капитализмге балама құрылыс ретінде пайда болған социалистік елге интервенция ұйымдастырды. Версаль–Вашингтон жүйесінің бітімшарттарының бірде-біреуіне Кеңестік Ресей өкілдерінің қолы қойылмады.

Соғыста жеңілген елдер соғыс шығынын төледі, соғыстың бүкіл ауыртпалығы халықтың мойнына түсті. Жеңілген Германияны әлсіретсе де, оның халқының революциялық қозғалысын тұншықтыруға АҚШ, Англия, Франция қол ұшын беруге әзір тұрды. Бірінші дүниежүзілік соғыста көтерілген шовинизм мен ұлтшылдық толқыны бәсеңдеді. Оның күші ұлттық келіспеушілік сезімін қолдаудан көрінді. Ұлтшылдықтың толқуына шекара мәселесін дұрыс шешпеудің де ықпалы болды. Румынияның құрамына венгрлер мен болгарлар орналасқан аумақ қосылды. Бұл жағдай Румыния, Венгрия және Болгария арасында тікелей дұшпандық қатынастардың пайда болуына әсер етті. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа аумақтарының шекара мәселесін қайта қарау басқа елдер арасында өткір қайшылықтарды тудырды. Бұл қайшылықтардың әсерінен Болгария мен Югославия, Австрия мен Венгрия, Венгрия мен Чехословакия, Чехословакия мен Польша және т.б. елдер арасында сенімсіздік пайда болды. Версаль–Вашингтон жүйесі – Германия отарлары мен бұрынғы Осман империясының халықтарына тәуелсіздік әпермеді. Ұлттар Лигасы бұл халықтарды мандатпен басқаруды енгізіп, билеушілерін ғана өзгертті. Мандаттар – Англия, Франция және Жапония қолына тиді. Капиталистік мемлекеттер арасында отарларды және кішігірім жерлерді қайта бөлісу жүзеге асты, отаршылдықтың жаңа түрі пайда болды. Сондықтан отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар күресі тыйылмады. Орталық Еуропада үш империяның орнына бірнеше шағын мемлекеттердің құрылуы бұл аймақтағы саяси тұрақсыздықты біржолата жоя алмады. Өйткені осы аймақтағы мемлекеттердің бір-біріне деген көптеген шағым-талаптары сақталып қалды. Ұлы державалардың араларында шешілмеген қарама-қайшылықтар орын алды. Түптеп келгенде, осы жағдайлардың бәрі Версаль–Вашингтон жүйесінің баянсыздығын айқындады.

Германия жағдайын жеңілдету. Германия мен оның одақтастарының соғыс шығынын төлеу туралы халықаралық қатынастардың

бірден-бір негізгі мәселесіне айналған шарты Париж конференциясында шешілді. 1921 жылы белгіленіп, 48 жыл ішінде қайтарылуға тиісті соғыс шығынын Германия төлеуден бас тартты. Бұл жағдай 1923 жылы қаңтарда, оның негізгі өнеркәсіпті ауданы Рурды француз және Бельгия әскерлерінің басын алуына себеп болды. «Рур дағдарысы» Германияда өндіріс өнімдерінің азаюына және құнсыздандудың артуына әкеліп соқтырды. АҚШ-тың ұсынысымен Германияға халықаралық несие беру белгіленді. Бұл несие Германия экономикасын қалпына келтіруде үлкен көмек болды. Германия үшін *Локарно конференциясының* (5-16 қазанда 1925 ж.) шешімі маңызды болды. Франция мен Германия, Германия мен Бельгия арасындағы шекараның мызғымайтындығын қамтамасыз ететін «*Рейн кепілдік пактісі*» қабылданды. Бұл пакт Германияның көптен күткен саяси теңдігін өзіне қайтарды. 1926 жылы Германия Кеңестің тұрақты мүшесі ретінде Ұлттар Лигасына қабылданды. Соның негізінде оған Ұлы держава мәртебесі берілді. Аталған жағдайлардың бәрі халықаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығын біршама нығайтты. Үкіметаралық деңгейде қарусыздану мәселесін талқыға салу тұңғыш рет 20 жылдары қойылған еді. Бірақ Версаль-Вашингтон жүйесінің қару-жаракта теңсіздік орнатуы осындай маңызды қадамның алға басуына кедергі келтірді. Соған қарамастан 1925 жылы химиялық және бактериологиялық қаруларды шығаруға тыйым салуға Женева конференциясы қол жеткізді.

АҚШ-тың окшаулануы 1920 жылы сайлауда республикашылдардың жеңіске жетуіне мүмкіндік беріп, үкімет басына президент *Уоррен Гардинг* бастаған жаңа әкімшілік келді. Ол бұрынғы президент Вильсон қолдаған сыртқы саясат бағытынан бас тартып, АҚШ-тың сыртқы саясатының негізін окшаулану идеясына көшірді. АҚШ-тың окшаулануы соғыстан әлсіреп шыққан Англия мен Францияның дүниежүзілік саясаттағы жетекші рөлін арттырды.

§5. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы

Қазан төңкерісі және Ресейде большевиктердің билікке келуі.

Ресейдегі Ақпан революциясы монархияны жойғанымен, елдің өміріндегі түпкілікті мәселелерді шешуге асыға қойған жоқ. Соғыста ақырына дейін жеңу ұстанымын көздеген Уақытша буржуазиялық үкімет майданға миллиондаған солдаттарын жіберіп жатты. Соғыстан титықтаған Ресейдің ауылдары мен қалаларының еңбекші бұқарасы 1917 жылдың күзінде Уақытша буржуазиялық үкіметтің саясатына жаппай наразылықтарын білдірді. Майдандағы солдаттардың басым

көпшілігі және Ресейдегі халық бұқарасы: «Барлық билік Кеңестерге!» деген большевиктік ұранды қолдады. Сондай-ақ большевиктердің қатары жылдам өсті. 1917 жылдың қазан айында 350 мыңға жуық адам болды. Большевиктердің басты күштері Петроградта шоғырланды. 12 қазанда Петроград Кеңесі қарулы көтерілісті тікелей даярлап өткізу мен өкіметті басып алу үшін Әскери-революциялық комитетті (ӘРК) сайлады.

Астанада қарулы көтеріліс жеңіске жетті. Билік Әскери-революциялық комитеттің қолына өтіп, оны кеңестердің II жалпыресейлік съезіне табыс етті. II съезд бүкіл биліктің Ресейде жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының кеңесіне өткенін жариялады. Съезд алғашқы Кеңес үкіметін құрды. Съезд шешімімен ол Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) деп аталды. ХКК-ның төрағасы болып В.И. Ленин сайланды.

В.И. Ленин (Ульянов) (1870-1924 жж.) Симбирск қаласында, халықтық училище инспекторының отбасында дүниеге келген. Қазан университетінде білім алған. 1891 жылы Петроград университетінің заң факультетіне шұғыл түрде емтихан тапсырып, оқуға түсті. 1893 жылдан бастап партия мүшесі, әр түрлі революциялық әрекеттері үшін тұтқындалып, Шығыс Сібірде айдауда болды. 1900-1917 жылдар аралығында шетелде эмиграцияда болды. «Правда» газетін шығаруға атсалысты. Ресейге 1917 жылдың сәуір айында қайта оралды. Петроградта Қазан төңкерісін даярлап, өткізуге басшылық жасады. Төңкеріс жеңгеннен кейін ХКК-ның алғашқы төрағасы болып сайланды. 1917 жылдан бастап партияның ОК-і саяси бюросының мүшесі болды. Сонымен қатар III Коммунистік Интернационалды (Коминтернді) құрушы және Кеңес Республикаларын Федеративтік мемлекетке біріктіру қағидаларын тұжырымдап берді.

Кеңестік дәуір кезінде В.И. Лениннің жеке тұлғасы мен атқарған істері бұрмаланып, кейбір жағымсыз қасиеттері айтылмады. Бүгінгі таңда Лениннің жеке тұлғасы мен жасаған істері қайта қарастырылуда, дегенмен де барлық пікірлер мынаған келіп саяды: Ленин сияқты ұлы саясаткерлердің ешқайсысы дүниежүзілік тарих барысын өзгертуге мұндай ықпал жасай алған жоқ.

Кеңес үкіметінің алғашқы жүргізген шаралары. Кеңестер съезі биліктің жоғарғы ұйымы – Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетін (БОАК) сайлады.

Қазан төңкерісінің табыстарын баянды ету, жұмысшы табының шаруаларымен одағын нығайту үшін бейбітшілік қажет еді. Жас кеңес мемлекетінің тұңғыш актісі бітім туралы Декрет болды. Бұл декрет бойынша Кеңес өкіметі барлық соғысушы халықтар мен олардың

үкіметтеріне аннекциясыз және өтемақысыз әділетті бітім туралы келіссөздерді бастауды ұсынды.

Жаңа өкімет императорлық-буржуазиялық Ресейдің ескі мемлекеттік басқару жүйесін пайдалана алмады. Сондықтан оны Кеңестік басқару ұйымдарымен алмастыру қажет болды. Ескі министрліктер таратылып, ішкі істер, еңбек, жол қатынасы халық комиссариаттары құрылды, контрреволюциямен және іріткі салумен күресу жөніндегі Бүкілресейлік төтенше комиссия және жұмысшы-шаруа милициясы құрылды. Партия мемлекеттік аппаратқа саналы жұмысшылар мен белсенді қызметкерлерді және халық арасындағы сауатты адамдарды тартты.

1918 жылы қаңтарда кеңестердің III Бүкілресейлік съезі Ресей Кеңес Социалистік Республикасын Федеративтік Республикаға өзгерту туралы шешім қабылдады. Федеративтік қағида Кеңестік Ұлттық Республикалар Одағының еріктілік негіздерін заңдастырды.

«Жер туралы» Декрет. Жер туралы мәселе миллиондаған орыс шаруаларын қатты мазасыздандырды. Кеңестердің II Бүкілресейлік съезі «Жер туралы» декретті бекітті. Декрет помещиктік жеке меншікті тез арада және ақысыз жерге ауыстыруды жариялады. Сондай-ақ заң жерге, жер қойнауына, орман-суға және т.б. жеке меншікті жоюға, яғни меншіксіздендіруге шақырды. Жерді сатуға, сатып алуға және жалға беруге тыйым салынды. Болыстық жер комитеттері шаруалардың арасында жерді жан басына немесе еңбекке қабілетті адамдардың санына қарай бөлді.

Азамат соғысының және интервенцияның басталуы. 1918-1920 жылдары Ресейде әр түрлі әлеуметтік топтар арасында саяси билік үшін қарулы қақтығыстар болып жатты. Көтерілістер Қазан төңкерісінде жеңіске жеткен большевиктер партия мен биліктен айырылған күштер арасындағы қарсыласу салдарынан азамат соғысына айналды.

Ресейдегі азамат соғысы 4 кезеңге бөлінеді:

- 1918 жылдың көктемі мен күзі аралығы;
- 1918 жылдың күзі -1919 жылдың көктемі;
- 1919 жылдың көктемі -1920 жылдың көктемі;
- 1920 жылдың көктемі мен күзі аралығы;

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Антанта елдері Кеңес мемлекетін тұншықтырып, жоюды мақсат етті. Интервенттер Чехословакия корпусын жаңадан орнаған Кеңес өкіметіне қарсы күш ретінде пайдаланбақ болды. Қазан төңкерісі азамат соғысымен ұштасып, жаңа саяси биліктің жедел тұрақтануын қажет етті.

Кеңестік Ресей үкіметінде 1918 жылдың қаңтарында Қызыл Армия тобын құру жөніндегі үкіметтің нұсқауына сәйкес әскери бөлімшелер құрыла бастады. Осыған сәйкес Қызыл Армияны ерікті түрде шақыру мен жұмылдыру қолға алына бастады.

Азамат соғысы жағдайында Кеңес үкіметі төтенше саясатқа көшуге мәжбүр болды. Кеңес үкіметінің тарихындағы ол «әскери коммунизм» саясаты деп аталды. Бұл саясат бойынша жаппай түлік пен көлік пайдаланылды. Астық саудасына тыйым салынды. Ірі, орта, шағын кәсіпорындар мемлекет бақылауына алынды. Мемлекеттік меншіктеу күшейді. Азық-түлікті күшпен алу, сауда-саттыққа, нарыққа тыйым салу, ақша айналымын тоқтату басқа да төтенше іс-әрекеттер кеңінен етек жайды. «Әскери коммунизм» саясаты әскери-әкімшілдік басқару жүйесінің тамырлануына түрткі болды.

1918 жылы қарашада болған революция нәтижесінде Германия жеңілгенін мойындап, тізе бүкті. Осы жағдайды Кеңес үкіметі пайдаланып, Брест бітімінің күшін жойды.

1919 жылы Кеңес үкіметіне зор қауіп тудырған шығыс аймақтардағы А.В. Колчак күштері болды. Оны талқандау үшін С.С. Каменев, В.И. Шорин, М.В. Фрунзе бастаған әскери қосындар шабуылға аттанды. 1919 жылы маусым–қыркүйек айларында болған кескілескен шайқаста Қызыл Армия бөлімдері А.В. Колчак армиясын талқандап, Қазан, Бугуруслан, Пермь, Екатеринбург, Челябинск, қалаларын босатты. А.В.Колчак тұтқындалды.

1919 жылдың жазында генерал А.И. Деникин бастаған ақ гвардияшыл қосындар зор қауіп туғызды. Кеңес үкіметі қауырт шаралар қолданып, А.И. Деникин армиясын талқандау жоспарын іске асыруды белгіледі. Жаудың бетін қайтарып, біржолата талқандау үшін Оңтүстік майдан тобы құрылды.

1919 жылдың қазан айында Қызыл Армия Орел мен Воронеж арасындағы аумақты қамтитын майдан шебіне шабуылға шықты. 1920 жылы қаңтарда А.И.Деникин армиясының қалған тобын Новороссийск портына ығыстырып, үлкен жеңіске жетті. 1920 жылдың көктемінде Кеңестік Ресей мен Польша арасында соғыс басталды. Польшаға қарсы М.Н.Тухачевский бастаған батыс майданы құрылды. Батыс майдан әскерлерінің шабуылы Варшава түбінде сәтсіздікке ұшырады. 1921 жылы наурызда Польша мен Кеңестік Ресей Рига қаласында бейбітшілік туралы бітімге қол қойды.

Азамат соғысының ақырғы шайқастары Қырым түбегінде бекініп алған К.Н. Врангель әскерлерімен болды. М.В. Фрунзе бастаған кеңес әскерлері 1920 жылы қазанда Врангель тобын талқандап, Кеңес

өкіметінің билігін тұрақтандырды. 1922 жылы қазанда Қиыр Шығыстағы Владивосток азат етілді.

Большевиктердің ұлт саясаты. Ресей орасан зор көп ұлтты ел еді. 1917 жылға қарай Ресейдің тұрғын халқының 54 пайызын орыстан басқа халықтар құрады. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша ұлттық шеткері аймақтардың жағдайы біркелкі болған жоқ. Ұлттық шеткері аймақ халықтары орыс патшасының езгісінде болып, қашаннан бері өздерінің ұлттық азаттығы үшін күрес жүргізіп келді. Бірде-бір саяси партия ұлттық мәселеден тысқары қала алмады. 1917 жылдың қазан айына қарай большевиктер партиясы өздерінің бағдарламалық құжаттарында ұлттық мәселені шешудің тактикасы мен стратегиясын әзірледі. Ұлттық мәселе бойынша большевиктік бағдарламаның іске асқан құжатының басы «Ресей халықтары құқықтарының мәлімдемесі» болып табылады. Мәлімдеме КСРО мен РКФСР-да ұлттық негізгі мәселелерді шешудің жолдарын жариялады:

1. Ресей халықтарының егемендігі мен теңдігі;
2. Ресей халықтарының дербес мемлекетті құрудан бөліп алғанға дейін өзін-өзі еркін билеу құқығы;
3. Барлық және кез келген ұлттық, ұлттық діни артықшылықтар мен шектеулерді жою;
4. Ресей аумағын мекендеуші аз ұлттар мен этнографиялық топтардың еркін дамуы.

Мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асыру үшін арнаулы ұйым – ұлттар ісі жөніндегі Ұлттық комиссариат құрылды.

КСРО-ның құрылуы. Азамат соғысы жылдарында әр түрлі кеңес мемлекеттері арасында әскери-саяси бейбіт қатынастар қалыптасты. Кеңес мемлекеттері бірлігін одан ары тұрақтандыру мақсатымен мемлекеттік құрылымды өзгерту міндеті қолға алынып, осының нәтижесінде Кеңес Социалистік Республикалар Одағын (КСРО) құру жөнінде пікір айтылды.

1922 жылы 30 желтоқсан күні Мәскеуде кеңес республикаларының I съезі шақырылып, Кеңес Социалистік Республикалар Одағын құру жөніндегі Мәлімдеме мен келісім жарияланды. Одақтық Орталық атқару комитеті сайланды. Бастапқы кезеңде КСРО-ның құрамында РКФСР, Украин КСР-і, Беларусь КСР-і, Кавказ федерациясы болды. Кейінірек оған Өзбек және Түрікмен КСР-і (1925 ж.), Тәжік КСР-і (1929 ж.), Қазақ және Қырғыз КСР-лері (1936 ж.) қосылды.

1936 жылы Кавказ федерациясы таратылып, Армения, Грузия, Әзірбайжан Республикалары жарияланды. Олар тікелей КСРО-ның құрамына енді.

Кеңестік Шығыс. Кеңес өкіметінің орнауы, кеңестендіруі, әсіресе Түркістанда өте-мөте күрделі әрі өзгеше қиын жағдайларда жүрді.

Түркістанда 12 млн адам тұрған, соның ішінде 500 мыңы орыс қоныс аударушылары. Атаман Дутов басқарған орыс казактарының көтерілісі орталық билік пен Орталық Азия аймақтарының арасындағы байланыстарды екі жылға үзіп жіберді. Орталық Азиядағы революциялық қозғалыс орталықтың қатысуынсыз қиын жағдайларда дамыды. Шеткері аймақтарда пайда болған кеңестердің көпшілігі большевиктік емес еді.

Патшалық тәртіптің құлатылуы және қоғамдық-саяси өмірдің демократияландыру Қазақстанда «Алаш» қозғалысын рәсімдеуге мүмкіндік берді.

1917 жылы шілдеде Орынборда өткен жалпы казак съезінде «Алаш» партиясы құрылып, 10 бөлімнен тұратын бағдарлама жобасы әзірленді. Бұл ұлттық патриоттық ұйым, алдына қойылған мақсаты казак қоғамын бірте-бірте өзгертіп, оны бейімдеу еді. Сол жылы желтоқсан айында Орынборда дербес мемлекеттік бірлестік «Алашорда» жарияланды.

«Алашорда» үкіметі мен Кеңес өкіметінің арасында қырғи-қабақ қарым-қатынас болды. «Алашорданың» жақтастары пролетариат диктатурасы мен кедей шаруаларға сүйенген мемлекеттілікті теріске шығарды. Олардың диктатурасында Коммунистік партия (бір партия) жетекшілік етті. «Алаш» партиясының мұраты мемлекеттіліктің ұлттық-демократиялық қағидалары болып саналды.

Атаман Дутовты талқандап, орталықпен байланысты орнатқаннан кейін шығыстағы коммунистік ұйымдарды «большевиктендіру» үшін 1919 жылы қазан айында комиссия құрылып, ол жағдайды шешу үшін, Түркістанға аттануға тиіс болды. Комиссия мандаты Лениннің «Түркістандағы коммунист жолдастарға» хатымен бекітілді. Бұл хат «Түркістан халықтарымен жолдастық қарым-қатынасты орнатып, ұлы орыс империализмінің ізін жоюды» үндеген. Жергілікті әскерлерді нығайту үшін Қызыл Армия бөлімдері таратылды. Колчакты талқандап, Қазақстан аумағын ақ гвардияшылардан тазартқаннан кейін, 1919 жылы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Декретімен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құрылды.

1920 жылы 26 тамызда РКФСР Большевиктер комитеті мен Халық Комиссарлар комитеті РКФСР құрамында, орталығы Орынбор қаласы болатын «Автономиялық Қырғыз (Қазак) Кеңестік Социалистік Республикасын құру жөнінде» Декрет қабылдады.

1921 жылы 11 сәуірде Түркістан Социалистік Кеңестік Республикасы құрылды.

Ұлттық автономия мәселелері. Кеңестік республикаларының жаңа бірыңғай мемлекетке бірігуі өте күрделі жағдайда болды. РКФСР мен басқа да тәуелсіз кеңестік республикалар Украина, Белоруссия, Грузия, Армения, Әзірбайжан арасындағы бірлестік формасын іздестіру тіптен күрделі болды. Орталық Азияны кеңестендіру ауыр жағдайда жүрді. Мұнда большевиктер басмашылардың қарсылығына тап болды. Орталық және республикалық өкімет өкілдерінің арасында айқын айырмашылықтар болмағандықтан әр түрлі мәселелер бойынша алауыздықтар жиі болып тұрды. Мәселен, 1922 жылы большевиктер партиясының Орталық Комитеті мен ұлттар ісі жөніндегі Халық комитетінің арасында Орталық Азия мектептерінде Құранды оқыту мәселесі бойынша жанжал туындады. Большевиктер Түркістан мектептерінде Құранды оқытуға рұқсат берген Халық комитетінің шешімін жойды.

Грузия мен Әзірбайжан елдерінің ақша бірліктерін енгізе отырып, сыртқы саудадағы мемлекеттік монополияға әсерін тигізді. И.В. Сталин Тибилисиде және Бакуде түрік лирасы кеңестік ақшаларды ығыстырғандығына қатты ызаланды. Сондай-ақ Мәскеуде болашақ одақ туралы ортақ пікірлер болған жоқ. Осы жағдайдан шыға отырып, большевиктер партиясының Орталық комитеті «РКФСР және тәуелсіз республикалардың өзара қарым-қатынастары туралы» мәселені әзірлеу жөніндегі комиссия құрды. Осы комиссияның тапсырмасы бойынша халық комиссары И.В. Сталин автономияландыру идеясын ұсынды, соған сәйкес Украина, Белоруссия, Кавказ республикалары автономия жағдайында РКФСР құрамына кіретін болды. Партияның Орталық комитетінің бірқатар мүшелері мен жекелеген республикалардың басшылары Сталиндік автономияландыру идеясын қолдады.

Ленин сырқаттануына байланысты Орталық комитет мәжілістеріне қатыса алмады. Комиссия материалдарымен таныса отырып, ол Сталиннің жоспарын қолдамады. Ленин кеңестік республикалардың ерікті одағы негізінде бірігудің өз жоспарын жасады. Лениннің пайымдауы бойынша, одақтық мемлекеттер еркін шығу және ашық түрде оған қол жеткізу құқығын сақтай отырып, егеменді мемлекеттердің Федерациясы ретінде құрылмақ еді. Алайда сол кезде Федерациядан шығу қажеттігі әлі әзірленбеген. 1924 жылы қаңтарда Кеңестердің II Бүкілодақтық съезі бірыңғай одақтық мемлекеттердің құрылуын заңды түрде рәсімдей отырып, КСРО-ның тұңғыш конституциясын бекітті. Одақтық мемлекеттердің лениндік жоспары, ең алдымен, еріктілік, толық тең құқықтық, өзара көмек ұстанымдарын есепке алды.

Индустрияландыру және ұжымдастыру саясатын бұрмалау және оның салдары. Азамат соғысы аяқталды, бейбіт тіршілік орнаған кезде, жаңадан құрылған елдің жағдайы өте ауыр болды. Жеті жылға созылған үздіксіз шайқастар, Ресей елін бұрын болмаған дағдарысқа ұшыратты.

Елді басқарушы большевиктік партия өте қиын жағдайда болды. Шетелдер көмек беруден бас тартты. 1921 жылы ақпан-наурыздағы революцияның тірегі болған Кронштадт қаласындағы теңізшілердің көтерілісі жоғарыда аталған пікірлерді мүлдем жокқа шығарды. Мұндай жағдайда елді жөнге салатын сөз емес, жағымды іс-әрекеттің қажеттілігі дәлелденді.

Партия қиын жағдайдан шығу жолын – «әскери коммунизм» әрекетінен бас тартып, жаңа экономикалық саясатқа көшуді таңдады. 1921 жылы РК (б)П-ның X съезінің шешіміне сәйкес елде жаңа экономикалық саясат енгізілді. Жаңа экономикалық саясат ауыл шаруашылығын тұрақтандырып, шаруалардың әл-ауқатын көтерді. 20-жылдардың соңында Сталин тобы жаңа экономикалық саясатты тоқтатты. «Енді социалистік құрылыс қарқынды жүреді» деген сенімде болды. Бұл үшін тез арада жаппай ұжымдастыру саясатына көшіру жоспарланды. Социалистік индустрияландыру бағыты РК (б)П-ның XIV съезінде (1925 ж.) белгіленді. Осы бағытты бесжылдық жоспар мезгілінде іске асыру көзделді. Индустрияландыру саясаты ауыр өндірісті, әсіресе оның негізгі буыны машина жасау саласын дамытуды жоспарлады. Индустрияландыруға сүйеніп барлық шаруашылық салалары жаңарып, елдің қорғаныс қабілеті тұрақталды. 1928-1942 жылдары жоспарларды іске асырудың нәтижесінде КСРО ірі табыстарға жетті. Соғысқа дейінгі 12 жыл шамасында 9 мың ірі кәсіпорын салынды. Индустрияландырудың барлық ауыртпалығын шаруалар көтерді. Олар салық төлеу, қолда бар қаржыларын, қымбат заттарын индустрияландыру қорына өткізу арқылы өнеркәсіптің дамуына күшпен тартылды.

Ауылды жаппай ұжымдастыру саясатта да зорлық-зомбылық, лаңкестік әрекеттер белең алды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бүкіл Кеңес Одағы бойынша жүргізілді. Оған негізгі басшылық жасаушы орган Бүкілодақтық Коммунистік партияның Орталық Комитеті болды.

Бірінші бесжылдықтың соңында КСРО-дағы шаруалардың 61,5 пайызы, ал екінші бесжылдықтың соңында шаруалар отбасыларының 93 пайызы ұжымдастырылды. Ұжымдастыру мен индустрияландыру – капиталистік қоршау жағдайындағы кеңес мемлекетінің өзара байланысты жүргізген шараларының бірі болды.

КСРО-ның тоталитарлық жүйенің орнауы. Ресейде тоталитарлық жүйе бірден қалыптасқан жоқ. Оның пайда болуы мен қалыптасуы басқарушы партияның даму тарихымен тығыз байланысты, Ресей коммунистік партиясының мемлекеттік партияға айналуы азамат соғысы жылдарында басталды. 1917 жылы Қазан төңкерісінен бастап, халықтың тұтастығын білдіретін Кеңес үкіметі органдарымен қатар әрбір уездерде, болыстарды, губернияларда, партиялық ұйымдар құрылды. Соғыс жағдайында құрылған партиялық ұйымдар Кеңестік атқару органдарынан басым болып, әкімшілік істерге тікелей араласты. Большевиктер партиясының әкімшілік атқару органдарының жұмысына араласу себептері, партия мүшелерінің түпкілікті жаңаруына байланысты болды. 1920 жылдардың соңында большевиктер партиясының қатары өсіп, 1 млн 200 мыңға жуық адамға жетті.

Большевиктік партияның мемлекеттік құрылымының әкімшіл-әміршілдік басқару жүйесіне айналуы БК(б)П-ның XVII съезінің шешімдерінен кейін жүзеге асты. Съездің хаттамасы бойынша партия тікелей мемлекеттік және шаруашылық мәселелерді басқаруға құқық алды. Мұның арқасында жоғары партия басшылары шексіз билікке ие болды. Қатардағы коммунистер жоғарыдағы партиялық органдардың шешімдерін мүлтіксіз орындауға тиісті еді. Кеңестік органдардың бөлімшелерімен қатар, дәл сондай партия бөлімшелері құрылды. Сөйтіп, партия комитеттері Кеңестік органдардың жұмысына араласып, әкімшіл-әміршіл басқару билігін қолдады. Кеңес органдарының жұмысы көпшілік жағдайда қағаз жүзінде жүргізілді.

Партиялық-мемлекеттік басқарудың ең басында партияның бас хатшысы Сталин тұрды. Жеке адамға табынуды барынша арттыру үшін XVII съезде демократиялық орталықтандыру мәселесі қарастырылды. Бұған сәйкес шешім қабылдау кезінде азшылық көпшілікке сөзсіз бағынып, жоғары партиялық басқару органдары қабылдаған қаулыларды барлық партия мүшелелері ешбір өзгеріссіз орындауға міндетті болды.

Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің күшеюі, жазалау органдары құқықтарының барынша кеңеюімен қалыптасты.

Жазалау Сталиннің әрекеттеріне сын көзбен қарағандарға қолданылды. Қазан төңкерісінен бастап партия берік топтасқан, қатаң тәртіпке негізделген әскери ұжым ретінде қалыптасты.

Кеңестер партияның көмекшісіне айналды. Кеңестік демократия бірте-бірте ішкі мазмұнын өзгертті, Жаңа билік – пролетариат диктатурасы емес, партияның диктатурасы, көсемдердің үстемдігі болды.

Сталиндік зобалаң. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің тұрақтануы жеке адамға табынуға, оның шексіз билігіне бас ұруға алып келді.

1932 жылдан бастап барлық ауыл тұрғындары төлқұжатсыз, тек ауылдық кеңестегі тізімдер арқылы өмір сүрді. Сөйтіп, ауыл тұрғындары қалаған аймақтарға көшіп бару құқығынан айырылды.

Сталиндік зобалаң, кінәлі деп табу, сыртынан жала жабу, жазықсыз азаматтарды тұтқындау, жер аудару, абактыға қамау – күнделікті іске айналды. КСРО-да 1930-1959 жылдар аралығында 3 788 234 адам сотталған. Соның ішінде атылғандардың саны – 786 698-ге жеткен. Сол кезде Украинада, Қазақстанда, Еділ бойында тарихта кездеспеген ашаршылық жайлап, миллиондаған халық қырылып қалды. Қазақ халқының саны 2 миллионға қысқарды.

Қазақстан жері «қылмыстарды» қамайтын лагерьлер орталығына айналды. Орталық Қазақстан аймақтарында – Карлаг, Жезказған, Степлаг, Озерлаг деген КСРО-ның Ішкі істер министрлігіне бағынатын лагерьлермен қатар, Қазақстан Ішкі істер министрлігіне бағынатын 70-тен астам лагерьлер мен колониялар құрылды.

Ұлттық қайраткерлерді қуғындау. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесімен келіспеген қайраткерлер қыспаққа түсті. 20-жылдардың барысында әр түрлі сылтаумен көрнекті мемлекет қайраткерлері Рысқұлов, Нұрмаков, Қожанов елімізден аластатылды. «Буржуазиялық ұлтшылдар» деген айып тағылып Бөкейханов, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Аймауытов, Сейфуллин, Ғаббасов, Тынышбаев, Ақбаев, Досмұхамбетов және басқа да қазақ зиялылары қамауға алынып, бірқатары ату жазасына ілікті.

Қазақстан лагерьлерінде КСРО-ның көрнекті ғалымдары, атакты қолбасшылар қамауда болды. Ұлы орыс ғалымы Вернадский, оның шәкірттері – Симфин, Корнилов, профессор Пржевальский, акын Заболоцкий, ғалым Пижевский көрнекті қолбасшылар Тухачевский мен Гамарниктің тума-туыстары, түрікмен КСР-нің Орталық атқару комитетінің төрағасы Айтанов, большевиктік партияның ардагері Степанов және басқалар Қазақстандағы лагерьлерде қамауда отырды.

Коминтерн және оның рөлі. Бірінші дүниежүзілік соғыс және II Интернационалдың ыдырау жағдайында жұмысшы табының халықтық бірлігінің әлсіреуі байқалды. Қазан төңкерісінің жеңісі, мүлдем жаңа сипаттағы мемлекеттің дүниеге келуі, марксизмнің революциялық ілімі негізіндегі жұмысшы қозғалысының барлық салауатты күштерін шоғырландыру міндетін қойды.

Әр түрлі елдердің коммунистері арасында жеткілікті түрде тығыз байланыстар қалыптаса қоймады, коммунистік партиялар жаңа

буынның көшбасшысы коммунистерін әлі тәрбиелей қойған жоқ еді. Сондықтан коммунистік интернационалдың халықаралық ұйымын құру қажеттігі туды.

1919 жылы 2 наурызда Мәскеу қаласында 30 елдің өкілдері қатысқан Халықаралық коммунистік қозғалыс Үшінші Интернационалдың (1919-1943 жж.) орталығын құруға шақырды. Лениннің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистер қабылданды. Конгресс жетекші ұйым, яғни коммунистік интернационалдың атқарушы комитетін (КИАК) сайлады. КИАК-тың шешімдері Коминтернге кірген барлық партиялар үшін міндетті болып табылды.

Ұйымның II конгресінде (1920 ж шілде-тамыз) Коминтернге қабылдаудың 21 шарты жарияланды. Коминтернге қабылдаудың қажетті шарттары – пролетариат диктатурасын мойындау, партия құрудың демократиялық центризмі, темірдей тәртіп, күрестің жасырын және жария түрлерінің үйлесімі.

Коминтерн революциялық қозғалыстардың бәсеңдеуі жаңа дүние жүзілік соғыс табалдырығы кезеңдерінде коммунистік және жұмысшы қозғалыстардың тактикасын мен стратегиясын әзірлеу ісінде, өзінің қызмет ету кезеңінде коммунистік және жұмысшы қозғалыстарының орталық штабына айналды. Бұқара халықты жұмылдыру, дүниежүзілік соғысқа қарсы, әсіресе, фашизм қатеріне қарсы белсенді күрес тактикасы белгіленді.

Коминтерннің қызметін екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – Лениннің қызметімен тікелей байланысты. Бұл кезең үшін демократиялық өз ұстанымдарын еркін жақтау сипаты басым болды. Ленин қайтыс болғаннан кейін Коминтерн қызметінің екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде Коминтерннің жұмыс ауаны күрт өзгерді. Іс жүзінде оның қызметі бұрмаланып, Сталин саясатының құралына айналды. 1943 жылы мамыр айында Коминтерн таратылды.

20-30 жылдардағы КСРО-ның сыртқы саясаты. Қазан төңкерісі жеңгеннен кейін Кеңес үкіметі Шығыс елдеріне үндеу жолдап, жаңадан құрылған жас өкіметті қолдауға шақырып, бітім жасауға дайын екенін мәлімдеді. Кеңес үкіметі империалистермен ашық түрде күресіп жатқан Ауғанстан халқының азаттық қозғалысын, Кемал бастаған Түркия Халқының ұлт-азаттық революциясын, Иран халқының ұлттық мүддесін қорғау жолындағы күресіне көмегін тигізді. Осы кезде РКФСР мен Таяу Шығыстағы мемлекеттер арасындағы достық байланыстар орнай бастады. 1921 жылы Кеңес үкіметі Иран, Ауғанстан, Түркия елдерімен келісімдерге қол қойылды. Осы шарттардың нәтижесінде Кеңес үкіметі халықаралық империализмнің шебін бұзып шықты.

Кеңес үкіметі патшалық Ресей кезіндегі барлық теңсіздік шарттардан бас тартып, бұл елдермен достық, тепе-теңдік, тату көршілестік негіздегі келісімге қол қойылды.

Кеңес үкіметінің тұрақтануы жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) қалыптасуына, Батыс елдердің КСРО-мен жақындасуына түрткі болды. 1921-1922 жылдары Кеңес үкіметі Англиямен және Германиямен сауда келісімдерін жасады. 1924-1925 жылдары КСРО Ұлыбритания, Франция, Италия, Австрия, Норвегия, Швеция, Дания, Грекия және Қытай елдері арасында дипломатиялық қатынас орнатты.

1925-1927 жылдары Коминтерн ұйымының әлемдік революцияны тездету туралы идеясын жақтаған КСРО үкіметі Қытайдағы коммунистер мен гоминьданшылар одағын жақтап, Қытайдың ішкі мәселесіне араласуға ұмтылды.

1933 жылы 16 қарашада АҚШ пен КСРО арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату туралы келісімшартқа қол қойылды. 1934 жылы 18 қыркүйекте 30-дай мемлекеттің ұсынысы бойынша КСРО Ұлттар Лигасының мүшелігіне қабылданды. Кеңес елінің абыройы артып, халықаралық мәселелерді шешудегі ықпалы нығая түсті.

§6. Жапония (1914-1945 жж.)

XX ғасырдың басында Жапония ауыл шаруашылығында саяси және әлеуметтік салалардағы феодалдық қарым-қатынастарда капитализммен үндестік тауып, дамыған мемлекетке айналды. Өскелең әскери-саяси әлеуетке сүйене отырып, Жапонияның билеуші топтары көршілес елдермен қарым-қатынаста империалистік саясатқа көшті. Ол дүниежүзілік соғысқа әкеліп тіреген, дүние жүзін қайта бөліске салу үшін күресте маңызды рөл атқарды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Жапония Антанта жағына шықты. Оның қарулы күштері Қытайдағы Шандунь жарты аралында орналасқан герман концессияларын, сондай-ақ Тынық мұхиттағы отарлар – Маршалл, Каролинг және Мариан аралдарын жаулап алды. Қытайға «21 талапты» ұсына отырып, оларды қабылдауға мәжбүрлеп, Жапон үкіметі осы елде өзінің басымдық ұстанымын сақтады. Қытайдың қаржы саласына, әскери ісіне, сыртқы саясатына ішкі істеріне белсене араласып, оны бөлуге дайындалды. 1916 жылы Жапония мен Ресей АҚШ пен Англияға қарсы бағытталған құпия келісімді бекітті.

Елдің ішкі өмірінде сарайлық және әскери-феодалдық олигархияның үстемдігі айқын білінді. Император саяси өмірде үлкен өкілеттіктерге ие болды. Жапон буржуазиясы билік құрылымынан

әскери-феодалдық олигархияны ығыстырып шығаруға ұмтылды. Оның мүдделерін білдірушілер *Кэнсэйто* (конституциялық) және *Сэйюкай* (саяси достық қоғамы) партиялары болды. Билік үшін олардың арасында табан тірескен күрес болғанымен, олар басқыншылық сыртқы саясатты жүргізуде бірлікте еді.

Соғыс жылдарында жұмысшы табының, қалалықтардың, шаруалардың жағдайы қатты нашарлады. Демонстрациялар мен ереуілдерге тыйым салған заңдар қатая түсті. Жұмыс күні 10 сағаттан аса уақытқа созылды. Елде азық-түліктің жетіспеушілігі сезілді, күнделікті қажетті тауарлардың бағасы өсті. Барлық жерде салық мөлшері жоғарылады, жердің жалға алған акысын төлеу үшін шаруалар өз табысының 2/5 дейін берді. Дәстүр бойынша шаруа үлесі мұрагерлікпен үлкен ұлына берілді, ал кіші балалары феодалдарға немесе аukatты шаруаларға батырақ болып жалданды, яки қалаға кәсіпкерлікке кетуі тиіс болды. Көпшілік ауыл тұрғындары әскер қатарына шақырылып, әскери құрылыс салуға тартылды.

Соғыс барысында Жапон өнеркәсібі мен саудасы таңғаларлық нәтижелерге қол жеткізді. Соғыс машиналарын, қару-жарак, теңіз кемелерін шығарумен айналысатын кәсіпорындар жедел қарқынмен өркендеді.

Елдің жалпы ішкі ұлттық өнімі (ІҰӨ) 1914 жылы 13 млрд. йеннен 1918 жылы 65 млрд. йенге дейін өсті. Мемлекеттің алтын қоры 2 млрд. йенге жетті. Жапон қаржыгерлері Қытай, Корея және басқа елдердің экономикасына өз капиталдарын салды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің жағдайы. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында-ақ Жапония экономикалық жағынан күшейіп, дамыған капиталистік елге айналған. Ал соғыс жылдары оның өндірісі, әсіресе әскери техника, металл өндіру, машина жасау, химия салалары қарыштап өсе түсті. Қиыр Шығыс пен Тынық мұхит аймағындағы беделі нығайды. Версаль конференциясында Жапония бұрын Германияға қараған Қытайдың Шаньдунь түбегін, Тынық мұхиттағы Каролин, Маршалл, Мариан аралдарын өзіне бағындырып алды. Ресейдің құрамындағы Приморье 1922 жылға дейін, ал Солтүстік Сахалин 1925 жылға дейін Жапония қарамағында болды.

АҚШ пен Қытай бұған көңісі келмеді. 1921-1922 жылдары Вашингтон конференциясында Жапония біраз шегініс жасауға мәжбүр болып, Шаньдуньнан бас тартты. Оның әскери-теңіз флоты шектелді.

Елді 1924-1932 жылдары *Сэйюкай*, *Минсэйто*, *Какусин Курабу* сияқты саяси партиялар басқарып келді. Төменгі палатаның беделі өсіп, жоғарғы пәрлер палатасын қалыптастыруда императордың

ықпалы төмендеді. 1925 жылғы заң бойынша сайлауға қатысушылар саны ұлғайтылып, халықтың 16% - ын құрайтын болды.

Үкімет соғыс кезінде, одан кейін өрістей түскен жұмысшылар және кедей шаруалар қозғалысын 1923 жылғы карашадағы жойқын жер сілкінуге қарсы шараларды пайдалана отырып, басып тастады.

20-жылдардың екінші жартысында Жапония билеушілері озбырлық саяси бағыт ұстады. Ең алдымен олар Қытайды әлсіретіп, оны тұтас өзіне қаратып, содан кейін басқа елдерді бағындыруды көздеді (Танака меморандумы). Ол үшін әскери күшін молайтуға, теңіз флотын ұлғайтуға кірісті. 1929-1933 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдары Жапония біраз қиыншылықты бастан кешірді.

Қытайдағы ішкі тартыстар мен бытыраңқылық Жапон империалистерінің басқыншылық әрекетіне жеңілдік туғызды. Жапония 1931-1932 жылдары Қытайдың солтүстік-шығыс өлкелерінде Маньчжоуго қуыршақ мемлекетін құрып, оны өз қамқорлығына алды. Бұл жерде жапон қарулы күштері шоғырланып, шекаралас КСРО және Монғол Халық Республикасына қауіп төндірді. Сонымен бірге Жапонияның осындай үстем саясат жүргізуіне басқа елдердің Қытайдағы қимылдары да көмектесті. Чан Кайши үкіметіне қарсы болып келген Мәскеу 1927 жылдары Қытай Шығыс теміржолын Жапонияға сатып жіберді.

20-30-жылдар арасында елде экономикалық дағдарыс орын алды. Көптеген кәсіпорындар жабылып, жұмыссыздық көбейді. Шаруалардың жағдайы нашарлады. Елде саяси күрес күшейді. Бұл жұмысшылар мен қала тұрғындарының ереуілдерімен ғана тынбады. Ұлтшылдыққа, озбырлыққа құныққан орта топтар, әсіресе төменгі сатыдағы әскери топтар сыртқы және ішкі саясатты күшейтуде фашистік тәртіп орнату талаптарын көтерді. Төменгі шендегі офицерлер мен бүлікшілердің ереуілдері үкіметті шошындырды.

1936 жылы фашистік топтарды жақтаушылардан премьер-министр Сайто және бірнеше министрлер қаза тапты. Жаңа үкімет жаппай қарулану, Жапония мен Маньчжурияны қорғау жоспарын бекіту, үкімет мүшелерін қорғау т.б. шараларды қолға алды. Бұлар «жаңа экономикалық құрылым» және «жаңа саяси құрылым» деп аталған бағдарламалардың негізін қалады.

Жапонияның Қытайдағы табыстары көп елдерге ұнамай, Ұлттар Лигасында әшкереленді. Сондықтан Жапония 1933 жылы ол ұйымнан шығып кетті.

Озбырлық саясат ұстаған Жапон билеуші топтары Еуропадағы соғысқұмарлармен жақындаса түскен. 1936 жылы карашада Жапония, Германия, Италия Коминтернге қарсы пактіге қол қойып, КСРО-ның

коммунистік қозғалысты бүркеніп әлемдегі жүргізген әрекеттеріне жол бермеуді алға тартты.

Жоғарыда аталған бағдарламаны 1937 жылы үкіметті басқарған князь Каноз іске асыруға бел байлады. Саяси партиялар жабылып, демократтар қамауға алынды. Сөйтіп ұлттық бірлікке жету ойластырылды. «Такка көмектесу қауымдастығының» мақсаты императорды мадақтау, оған табыну болды. Жеке адамға табыну халықтың соруы екенін олар кейінірек түсінді.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Жапония. 1937 жылы шілдеде Жапония Қытайды толығымен жаулап алуға кірісті. Оның армиясы дереу арада елдің ішкері жағына тереңдеп еніп, ауқымды аумақты басып алды. Осыған байланысты, қытай саясаттанушылары Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы 1937 жыл деп есептейді.

1939 жылы көктем-жаз айларында Жапон әскери күштері Монголияға шабуыл жасады. КСРО және Монғол Халық Республикасы 1936 жылы өзара көмек шартына отырған еді, соған орай Кеңес қарулы күштері монғолдарға көмектесіп, жаудың бетін қайтарды.

КСРО-да Жапонияны әшкерелеу қатты орын алды. Онда бір топ кеңес барлаушылары қызмет атқарды.

КСРО-ның шекарасында да бірнеше жанжалдар орын алды. Осы күнге дейін КСРО-Жапония арақатынасында ашылмаған сырлар аз емес. Кеңес басшылары өз халқын алдап ұстаған, «анау жау — мынау жау», деп үрей туғызып отырған. «1938 жылы Хасан көлі маңында болған қалыңдықты самурайлар ұйымдастырды» деген лақап таратқан. Кейінгі кезде жарық көрген құпия құжаттар оған күмән келтіруде.

Көп ұзамай Мәскеу мен Токионың арасындағы қарым-қатынас басқаша сипат ала бастады. Көптеген мәселелер бойынша Токио мен Мәскеу ортақ тіл табысып, 1941 жылы 13 сәуірде бес жылға шабуыл жасаспау туралы пактіге қол қойды. Әрине, екі елдің арасындағы қарым-қатынастағы өзгерістер КСРО гитлерлік Германия мен Еуропа елдерінің аумағын бөлу туралы келісімге барғаннан кейін ғана мүмкін болғаны сөзсіз. Ол кезде КСРО мен Германия достасып, Еуропа елдерін өзара бөлісуге кіріскен. Жапония болса, Азияның Шығысында ойран салып жатты.

1940 жылы Франция мен Голландия Германиядан жеңіліп қалғанда, Жапон үкіметі Үндіқытай (Вьетнам, Лаос, Камбоджа) мен Индонезия аралын, Малайзия мен Сингапурды өзіне қаратуға кірісті. 1940 жылы 27 қыркүйекте Жапония, Германия, Италия «үштік пакт» деп аталған соғыс одағын құрды. Сөйтіп, дүниежүзілік соғыс басталар

алдында төрт мемлекет – Жапония, КСРО, Германия, Италия бір жақта болып шықты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапония. Дүние жүзін жойқын соғысқа итермелегендердің бірі жапон милитаристері тоқтаусыз шабуылдап, Оңтүстік–Шығыс Азия мен Қиыр Шығыс халықтарын қан қақсатты. Бірнеше Қытай қалалары, соның ішінде Тяньцзинь, Нанкин, Шанхай, Ухань, т.б. қиратылып, бейбіт тұрғындар қырғынға ұшырады. Елде шовинистік ұрандар көтеріліп, жапондықтар «тәңірдің нұрына бөленген ерекше халық», Жапония бастаған «азиялық гүлдену ғасыры» басталды деген ресми үгіт жүргізілді.

КСРО-мен шарт жасасқан соң, оның негізгі озбырлық бағыты Оңтүстік-Шығыс Азияға ауысты. Қытайды басып–жаншып, ең дамыған аудандарын жаулап алып, оның байлығын өзіне тасыды. Үнді-қытай елдері де тоналды. Тынық мұхит пен Азия аймағындағы негізгі дұшпаны АҚШ болғандықтан, оған қарсы соғысқа дайындық өте жасырын түрде жүргізілді. АҚШ басшыларын бейкам қалдыруды ойлаған Жапония 1940-1941 жылдары онымен бірнеше келіссөздерге барған. Екі ел сауда қатынастарын жақсы сақтап келді.

1941 жылы 7 желтоқсанда АҚШ-тың бүкіл Тынық мұхиттағы әскери-теңіз күштері шоғырланған Гавай аралындағы Пёрл-Харбор базасына тұтқиылдан жапон крейсерлері мен ұшак таситын кемелері шабуыл жасап, жеңіске жетті. Содан соң көпке дейін бұл аймақта жапон үстемдігі орнады. Қытайды санамағанда Тынық мұхит аймағында және Оңтүстік Шығыс Азияда Жапон қолына 3,8 млн шаршы шақырым жер қараған. Бірақ 1942 жылдың ортасына дейін Тынық мұхитта үстемдік құрған жапондықтар 1943 жылы теңіз шайқастарында біріккен американо-ағылшын күштерінен жеңіліп қалды. Филиппинді қайтарып алған АҚШ ұшактармен жапон аралдарын бомбылауға кірісті. 1944-1945 жылдары жапон қалалары мен кенттері қатты қираса да, оның саяси-әскери басшылары соғысты жалғастыра берді. 1945 жылы 6 және 9 тамызда АҚШ алғашқы атом бомбаларын Жапонияның екі қаласы – Хиросима мен Нагасакиге тастады.

Әскері Азияның әр жерінде шашылып, өзі атом қаруының айықпас дертіне оранған Жапонияға КСРО үкіметі Қырым–Потсдам келісіміне сәйкес 9 тамызда соғыс жариялады. Кеңес қарулы күштері Квантун армиясына соққы беріп, Қытайдың солтүстік-шығыс ауданы мен Солтүстік Кореяны босатты. Оған қоса Оңтүстік Сахалинді, Курил аралдарын қайтарды.

Кеше ғана дүние жүзін жаулап, билеп-төстеуді армандаған жапон саясатшылары мен генералдары 1945 жылы 2 қыркүйекте еріксіз тізе

бүкті. Шетел әскерлері тарихта бірінші рет жапон жерін басып алып, жапон елі егемендігінен айырылды.

Бұрыннан Еуропа елдерінің отары болып, соғыс жылдарында жапон қарулы күштері басып алған Индонезия, Филиппиндер, Вьетнам өз тәуелсіздігін жариялады.

Көптеген бейбіт елдерді қан қаксатқан жапон милитаризмінің күлі көкке ұшып, халықтар бостандыққа жетті. Отар болған Тайвань, Корея, Қытай жері азаттық алды.

Қиыр Шығыстағы соғыс ошағы талқандалды.

§7. Қытай. Монғолия

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай. XX ғ. басында бұл елдер өте қайшылықты жағдайда дамыды. Феодалдық қатынастар іріп-шіріп, Қытай империясы дағдарысқа ұшырап, тәуелсіздігінен айырылуға тап болды. Батыс мемлекеттері – Англия, Ресей, Германия, оларға Жапония қосылып, оның аумағын шектей берген. Екі жарым ғасыр бойы елді билеген Цинь әулетінің саясатына қарсы қозғалыс өршіп, буржуазиялық-демократиялық күштер оны құлатуға кіріскен.

1911-1912 жж. Синхай революциясы жеңіп, ел Азия құрлығында бірінші республика болып жарияланды. Іс жүзінде саяси бытыранқылықтан құтыла алмаған Қытайды империалистік мемлекеттер талан-таражға салудан бас тартпаған. Ескінің тамырлары үзілмеген елде феодалдық күштер әлі басым еді. Әскери-помещиктік топтар қысымына қарай алғашқы президент Сунь Ятсен орыны генерал Юань Шикайға беруге шетке кетіп қалды. Цин империясында бас қолбасшы саналған Юань Шикай монархия тәртібін орнатпаққа бел байлаған. 1915 ж. оның үкіметі Жапония қысымына көніп, 21 шартты ұсынысын қабылдаған. Ол ең алдымен Германияға қатысты Шаньдунь аймағын басып алып, Қытайдың солтүстік–шығыс аймақтарын иеленуге тырысты. Қытай Бірінші дүниежүзілік соғысқа нақтылы кіргенмен, іс жүзінде майданға бірде-бір солдатын жібермей, тек Еуропаға біраз жұмысшыларын ғана жөнелтумен шектелді. Соғыс жылдары еуропалық елдердің Қытайда экономикалық ықпал етуінің әлсіреуі, Қытай кәсіпорындарының өсуіне мүмкіндік туғызды.

Соғыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары жеңіл өнеркәсіп анағұрлым дамуға қол жеткізді. 1913-1920 жылдар аралығында Қытай ұлттық капиталына 675 кәсіпорын салынды. Ұлттық капиталдың қорлануының өсуі жаңа Қытай банктерінен көрініс тапты.

Еуропа елдері тарапынан бәсекелестіктің жарым-жартылай әлсіреуін жапон және американ буржуазиясы пайдаланды. Жапон

монополистері Қытайдағы өнеркәсіп өндірісінің дамуына ірі қаржы аударды. 1914-1921 жылдар ішінде Жапония Қытайда жалпы алғанда 222 зауыт-фабрика салды. Жапония Қытайдағы өзінің экономикалық қажеттіліктерін қаржыландырушы 26 банкке билігін жүргізе алды.

1919 жылдың қаңтарында Парижде бейбітшілік конференциясының жұмысы басталды. Конференцияға баратын уәкілдерге мынадай міндеттер қойылды:

- Шаньдунь түбегін Қытайға қайтару;
- 1915 жылғы Жапонияның жүргізген 21 талабы негізінде қабылданған келісімдердің күшін жою.

Бірақ Париждегі конференцияда Қытайдың ұлттық мүддесі ескерілмеді. Германия иелігінде болған Қытайдың Шаньдунь провинциясын Жапонияға беру жөніндегі империалистік державалардың әділетсіз шешімі жарияланды.

Парижде қабылданған шешіміне қарсы Қытай халқы жалпы наразылық білдіріп, антиимпериалистік 4 мамыр қозғалысының тууына әкелді. Қозғалыстың басында Пекин университетінің студенттері тұрды. Полицияның жазалау әрекеті Қытайдағы оқушы жастардың ереуілге шығуына себепкер болды. Жастар қозғалысын басқа да әлеуметтік топтар қолдады: жұмысшылар, қаладағы ұсақ және ұлттық буржуазия өкілдері – саудагерлер, колөнершілер, қаланың кедей топтары. Жапон тауарларына бойкот жариялау әрекеттері күшейді. Антиимпериалистік және антифеодалдық сипаттағы қозғалыс Қытайдағы 150 қала мен 140 миллионнан астам тұрғындарды қамтыды.

4 мамыр қозғалысы Қытайдағы ең ірі және ең күшті антиимпериалистік қозғалыс болды. Онымен санасуға мәжбүр болған Париждегі Қытай үкіметінің ресми өкілдері Версаль-Вашингтон шартына қол қоюдан бас тартты.

20-жылдардың басында Пекин, Шанхай, Чанша сияқты ірі жұмысшы орталықтарында ұсақ коммунистік үйірмелер пайда болды. Коммунистік Интернационалдың көмегімен, 1921 жылы шілдеде Шанхайда Қытай коммунистік партиясының I Съезі шақырылды.

СУНЬ ЯТСЕН (1866-1925 жж.) – Қытайдың көрнекті революциялық демократы және мемлекет қайраткері.

Сунь Ятсен Ресейдегі қазан төңкерісін қолдады. 1912 ж. ол Гомиьдан партиясын құрды. Аталмыш партия жаңа кезең жағдайында Сунь Ятсен ықпалымен қытай коммунистік партиясымен ынтымақтастыққа ұмтылды.

1924 жылы Сунь Ятсен үш халықтық қағиданы жаңаша тұжырымдады. Ұлтшылдық енді империалистік елдерге қарсы күрес пен елдің барлық ұлттарының арасында толық теңдікті орнатуды білдірді.

Демократиялық – бірыңғай демократиялық республиканы құру.

Халықтық иелік – шаруаларға, жұмысшыларға жұмыс беруді және ірі капиталдың еріктілігін шектеуді қарастырады.

Үш қағиданы үш жаңа саясат нұсқаумен толықтырды:

- КСРО-мен одактасу;
- Қытай коммунистік партиясымен одактасу;
- Еңбекшілердің қалың бұқарасына сүйену.

1921 жылы сәуірде Кантонға жиылған парламент мүшелері Сунь Ятсенді Қытай Республикасының президенті деп жариялады. Астана Кантон қаласы болып, осы қалада жаңа үкімет құрылды. Сунь Ятсен Батыс елдерден қолдау таппайтынын байқап, Кеңес үкіметімен саяси байланыс орнатты. Кеңес үкіметі революцияшыл Қытай қосындарына көмек беруге дайындығын білдірді. Революцияшыл Қытай армиясына офицер мамандар арнайы мектеп ашып, оны қаржыландыру міндетін КСРО мемлекеті өз мойнына алды. Кеңестердің әскери мамандарының көмегімен осы мектепте 8 мыңнан астам офицер дайындалды.

Коммунистік Интернационал Қытайдағы саяси жағдайдың шиеленіскенін ескертіп, гоминьданшылар мен коммунистер біркелкі ұлттық майдан құруға шақырды. Бұл мәселені іске асыру үшін, 1924 жылы қаңтарда Кантонда Гоминьдан партиясының бірінші съезі шақырылды. Съезд гоминьданшылар мен коммунистер арасындағы біркелкі майдан келісімі жөніндегі шешімге келісіп, Сунь Ятсен халықтың үш қағидасын (ұлтшылдық, демократия, халықтық) жаңартты.

Бірінші Гоминьдан конгресінің шешімдеріне сәйкес жаңа революциялық қозғалысқа дайындықтың негізі қаланды.

1925-1927 жылдардағы ұлттық революция. 1925 жылдың наурыз айында Пекинде солтүстік Қытай топтарымен кездесу барысында Сунь Ятсен қайтыс болды. Коммунистер мен гоминьданшылар арасындағы осал одақ, Сунь Ятсен дүниеден өткеннен кейін әлсірей бастады.

Кантон революциялық үкіметі өзін Қытай республикасының ұлттық үкіметі деп жариялады. Революциялық қозғалыс жалпы халықтық, антиимпериалистік сипат алды. Революцияның жетекшісі ретінде Қытай ұлттық буржуазиясы әрекет етті. Гуандун провинциясында ұлттық-революциялық армия бөлімшелері жасактала бастады. Гуандун үкіметін нығайту үшін Солтүстік жорығы басталды. 1926-1927 жылдары жергілікті бұқара халықтың қолдауына сүйеніп, Ұлттық Армия 7 ірі провинцияны және Ухань, Нанкин, Шанхай сияқты ірі өндірістік орталықтарының Ұлттық үкіметін құрамына қосты. Ұлттық үкімет Кантоннан Уханьға ауысты.

Сунь Ятсен қайтыс болғаннан кейін Гомиьдан басшылығына келген ірі ұлттық буржуазиялық өкіл генерал Чан Кайши (1887-1975 жж.) революциялық қозғалысты тежеп, төңкеріске әзірлене бастады.

1927 жылы наурызда ірі қалаларда төңкеріс жасалып, коммунистер қуғынға алынды. Нанкинде Чан Кайши бастаған үкімет жарияланды. Бұл үкімет қанды террор жолына түсті. 1925-1927 жылдары Қытай революциясы өз алдына мақсат етіп қойған Қытайдың ұлттық егемендігін қалпына келтіру, милитаристердің билігін кеміту, елдің саяси бірлігін сақтау, жер мәселесін шешу, бұқара халыққа буржуазиялық-демократиялық құқықтар мен теңдік беру міндеттерін орындай алмады. Сондықтан коммунистік партия қайтадан астыртын жағдайға көшті.

Қытайда Гомиьдан билігінің орнауы. 1925-1927 жылдардағы ұлттық революцияның негізгі нәтижесі саяси құрылыстың өзгеруіне әкелді. 1928 жылдың соңына қарай бүкіл ел Пекиндегі гомиьдандық ұлттық үкіметті немқұрайдылықпен мойындады. Гомиьдан Орталық Атқару Комитеті соғыс кезеңінің аяқталғаны туралы арнаулы қаулы қабылдады. 1928 жылдан бастап барлық алдыңғы қатарлы мемлекеттер Чан Кайши үкіметін мойындады. Оған Қытайдың егемендігін нығайтуға қол жеткізудің сәті түсті. 1928-1929 жылдары еуропалық елдер Қытайдағы бірқатар концессиялардан бас тартты. 1930 жылдың қаңтар айынан бастап шетелдіктердің бұрынғы аумақтық режимі жойылды. АҚШ пен Германия Қытайға экономикалық көмек көрсетіп, көптеген кеңесшілерін, сарапшыларын жіберді. Алайда Чан Кайши үкіметі әлсіздеу болды да, ол шеткері жақтардағы ықпалды генералдардың билігімен санасуға мәжбүр болды. Ағайын-туысқандық, жершілдік, жемқорлық жаңа режимнің сипатты белгілеріне айналды. Нанкин Қытай Республикасының астанасы болып жарияланды.

Чан Кайши үкіметінің (1928-1934 жж.) саясаты. Ішкі және сыртқы саясатында Гомиьдан Сунь Ятсен ілімін басшылыққа алды. Бұл саясатты өте күрделі жағдайда жүргізуге тура келеді. Ішкі саясат саласында Гомиьданның барлық күші орталық өкіметті нығайтуға бағытталды.

1931 жылы мамыр айында Қытай Республикасының Уақытша Конституциясы қабылданды. Қытай 28 провинциямен екі ұлттық ауданға (Тибет және ішкі Монғолия) бөлінді. Нақты билік әскери қолбасшының қолында болды. Мемлекеттің рөлін күшейту үшін Чан Кайши ірі банктерді мемлекеттік меншікке айналдырып, олар арқылы экономикалық бақылау орнатты. Өнеркәсіпте, көлік салаларында мемлекеттік сектор даму жолына түсті.

1930 жылға аграрлық реформа нәтижесінде жерді жалға алу акысы азайтылды. Сол кезең үшін озық саналған, 1930 жылы қабылданған Еңбек пен капитал арасындағы жанжалдарды реттеу жөніндегі Заң еңбекақының ең төменгі мөлшерін белгілеп, жұмыс уақытының ұзақтығын шектеді. Жұмысшылар ереуілге шығуға, ұжымдық келісімшарттарды бекітуге, кәсіпорындарды басқаруға қатысуға және түскен кіріс үлесін алуға құқылы болды.

Гоминьдан режимінің заңдары Қытай қалалары тұрғындарының арасында белгілі бір табыстарға ие болып, Қытай коммунистік партиясының әлеуметтік базасының аясын тарылтты.

1927-1937 жылдардағы азаматтық соғыс. Чан Кайши басқарған Гоминьдан режимінің біршама табыстарына карамастан, бұл үкіметтің толық тұрақтылығы байқала қоймады. Ауылдық жерде Гоминьданның аграрлық заңдары орындалмады. Ауылда шынайы билік – ауылдық феодалдық-өсімқорлық жоғары топтардың бақылауында болды.

Дүниежүзілік революцияны мақсат етіп қойған Коминтерннің нұсқауларын ұстанған Қытай коммунистік партиясы бірыңғай майдан құлағаннан кейін Чан Кайши режиміне қарсы қарулы күрес жолына өтті. Гоминьдан мен коммунистік партияның арасындағы күрес 1927-1937 жылдардағы Екінші азаматтық соғысқа алып келді.

Гоминьдан әскери және саяси қысымымен Қытай коммунистік партиясы қалалардан шалғайдағы ауылдық жерлерге ығыстырылды.

Мәскеуде өткен Қытай коммунистік партиясының 6 съезі жер мәселесіне көңіл аударып, ауылдық жерлерде кеңес үкіметін орнатып, помещиктердің жерін тәркілеп, жері жоқ және жері аз шаруаларға жер бөліп беру туралы шешім жариялады. Партиялық жұмыстың орталығы қаладан ауылға ауысатын болды. Бұл аудандарда жұмысшы-шаруа кеңестері және Қызыл Армия бөлімдері құрылды.

1931 жылы Орталық базаның әкімшілік қаласы Жуйцзинде өткен Қытай кеңес аудандарының I съезінде Орталық жұмысшы шаруа үкіметі сайланды. Оның төрағасы Мао Цзэдун (1893-1976 жж.) болса, Қызыл Армия қолбасшылығына Чжу Дэ (1886-1976 жж.) тағайындалды.

Кеңестік аудандарда помещик жерлері кедей шаруалар арасында бөлінді. Кәсіпорындарда 8 сағаттық жұмыс күні, жалақысы төленетін демалыс беру тәртібі енгізілді. Ерлер мен әйелдердің құқығы теңестірілді. Гоминьдан үкіметі Қытайдағы революция ошақтарын жоюды көздеді. Осыған кеңес аудандарындағы үкімет саяси-әскери диктатура тәртібіне арқа сүйеді.

1934 жылы Гоминьдан үкіметінің қысымына төтеп бере алмаған Қызыл Армия бөлімшелері мен Кеңес үкіметі солтүстік-батыс

провинцияларға шегінуге мәжбүр болды. 1934-1936 жылдары Шэнси-Ганьсу-Нинся провинцияларының түйіскен жерінде жаңа революциялық орталық ұйымдастырылды.

1937-1945 жылдардағы Қытай халықтарының Жапония басшылығына қарсы күресі. 30-жылдардың басында басталған Жапония озбырлығы жылдан-жылға өрши түсті. 1935 жылдың 9 желтоқсанында Пекинде студент жастардың жалпы қозғалысы ұйымдас-тырылды. Жастар Қытайдағы азамат соғысын тоқтатып, барлық күшті жапон империалистерінің үстемділігіне қарсы жұмылдыруды талап етті.

1936 жылдың соңында Чан Кайши Солтүстік Қытайдағы Сиань қаласына келді. Оны патриоттық сипаттағы әскери топтар тұтқындап, коммунистермен біртұтас майданға көндірмекші болды. Азамат соғысының өртін басу ниетімен Чан Кайши тұтқыннан босатылып, Нанкинге қайтарылды. Сөйтіп, 1936 жылы Сиань оқиғасы біртұтас антижапондық майдан шебінің алғышартын жасады. 1937 жылы қыркүйек айында жалпықытайлық бұқаралық пікірді ескеріп, Гоминьдан үкіметі біртұтас антижапондық ұлттық майдан шебін құруды жақтайтынын білдірді.

1937 жылы тамыз айында Қытай мен КСРО арасында өзара ынтымақтастық шартына қол қойылды. КСРО Қытайға 350 млн долл. мөлшерінде несие ашты. Несие есебіне сәйкес Қытайға танк, зеңбірек, жанармай, ұшак, оқ-дәрі, пулеметтер беріп отырды. Қытай үкіметінің өтінішін ескеріп, КСРО Қытайға әскери кеңесшілер, әскери мамандар жіберді.

Алайда біртұтас майданның әлсіздігін пайдаланып, Жапон басқыншылары Орталық және Оңтүстік Қытайдың едәуір бөлігін басып алды.

Халық жасақтары мен партизандық бөлімдер жартылай шабуылға шығып, азат аудандардың көлемін кеңейтті.

1914-1945 жылдардағы Монғолияның саяси-экономикалық даму жолдары. Синьхай революциясының әсерінен 1911 жылы Ургада қытайлық Цин әулетінің үстемдігі жойылып, тәуелсіз Монғол мемлекеті жарияланды.

Ресей большевиктері мен Коминтерннің қолдауы негізінде Сухэ-Батор мен Чойбалсан 1921 жылы наурызда Монғол партиясын ұйымдастырып, Уақытша Халық үкіметі құрылды. Монғолиядағы бұқаралық үкімет Халық хуралы түрінде ұйымдасты. Елдің уақытша үкіметі Кеңестік Ресейден көмек сұрады. Монғолияға Ресейдің Қызыл Армия бөлімдері енгізіліп, 8 шілдеде Урга қаласы азат етілді, елде халық билігі орнап, Арат революциясы жеңіске жетті.

Революция антиимпериалистік және антифеодалдық сипатта болды. Революцияның негізгі қозғаушы күші монғол араттары болды. Бұл революция жұмысшы және буржуазия топтары жоқ қоғамда өтті. Шаруалар қозғалысының табысты болуына Ресей пролетариаты көмегін берді.

Жаңадан құрылған мемлекет өзінің ерекшелігімен сипатталды. Ламаизм дінінің тірегі тым мықты екенін байқаған халық үкіметі Боғдыхан билігін бірден жоя алмады. Халық үкіметі 1921 жылы Боғдыханмен Сетті келісімге қол қойды. Келісім негізінде Боғдыхан Джебзун-Дамба-Хутухта тек қана діншілдік істерге араласып, барлық зайырлы мемлекеттік қызметті Халық хуралына табыстады. Нәтижесінде Монғолия шектеулі монархия түріндегі мемлекеттің қатарында болды.

1924 жылдың қараша айында Конституция қабылданып, Монғол Халық Республикасы жарияланды.

Урга қаласы Улан-Батор деп аталып, астанаға айналды.

Монғолия КСРО-ның көмегімен Улан-Баторда мемлекеттік сауда-өндірістік банк ашты. Бұл банк Монғолия елінің экономикалық тәуелсіздігін тұрақтандыруға зор көмегін тигізді. Ақша реформасын іске асыру міндеті Монғолбанк ұжымына жүктелді. 1925 жылы 9 желтоқсанда банк ең алғашқы ұлттық ақша қағаздарын – тугрикті басып шығарды. Бұрынғы шетел ақшалары мен тиындарын пайдалануға тыйым салынды.

1929 жылғы қаңтарда ірі феодалдық таптардың мал-мүлкін тәркілеу туралы заң қабылданып, 11 мыңнан астам ірі феодалдардың мал басы, жеке меншік мүлкі, үй-жайлары тәркіленді.

1940 жылы монғол алфавиті орыс алфавитіне кириллицаға көшірілді. Монғолия революциясының жалпы демократиялық кезеңі аяқталды да, қоғам социалистік құрылыстың негізін салуға бет бұрды.

§8. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері

Аймақтағы шетел үстемдігі. Үнді және Тынық мұхиттары аралығындағы он шақты ел Оңтүстік-Шығыс Азия елдері деп аталады. Олардың қатарында Вьетнам, Лаос, Камбоджа (Үндіқытай елдері) Филиппин, Бруней, Сингапур, Индонезия, Тимор, Малайзия, Таиланд, Мьянма (Бирма) бар.

Бұл аймақта орналасқан елдердің тіршілігіне екі ұлы өркениет әсер еткен: біріншісі – қытайлық-конфуцийлық, екіншісі – үнді-

буддалық. VIII–IX ғасырларда бұл өңірде ислам діні мен мәдениеті тарай бастады. Соның әсерінен қазір Индонезияда, Малайзияда, Брунейде ислам өркениеті басымдау көрінеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің стратегиялық маңыздылығы және шикізат қорларының мол болуы Еуропадағы капиталистік мемлекеттердің қызығушылығын тудырды. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін отаршылдық бұғауда ұстауды Англия, Франция және Голландия мемлекеттері мақсат етті. Франция Үндіқытай түбегіндегі елдерді бағындырып, Оңтүстік Қытай аймақтарына қарай жылжуға тырысты.

Голландия отаршылары Индонезия аралдарының жағалауына қоныстанып, енді осы елдің түпкі аудандарына еніп, барлық аралдарды иеленуге бел байлады. Ағылшын отаршылары төменгі Бирма аудандарын иеленіп, енді Бирма жерін түгел бағындырып, Оңтүстік Қытай аймақтарына жақындауды мақсат етті. XIX ғасырдың 70-жылдарында Англия мен Франция арасында Қытай аумақтары үшін бақталасқан тартыс айқын байқалды.

1874 жылы 15 наурызда Франция отаршылары Аннам (Орталық Вьетнам жері) патшасын әділетсіз шартқа көндіріп, Вьетнамды өз отарына айналдыруды көздеді. 1879 жылы Вьетнам императоры Қытайдан әскери көмек сұрады. Қытай үкіметінің сілтеуі бойынша вьетнамдықтар Лю Юань-Фу атты тайпин әскерлерінің генералына өтінішін білдірді. Генерал Лю Юань-Фу тайпин көтерілісі жеңілгеннен кейін, Вьетнамды пайдаланған болатын. Вьетнам үкіметінің шақыруымен Лю Юань-Фу Вьетнам жеріне еніп, Қызыл өзеннің бойына тоқтайды. Лю Юань-Фу әскери жасақтары «қара жалаулы» армия деп аталды. Француз отаршылары «қара жалаулы» әскери тобына қарсы соғысқа әзірлене бастады. Қытай үкіметі Париждегі елшісі арқылы «Вьетнам – Қытай бөлшегі», осыған сәйкес 1874 жылы Франция мен Вьетнам арасындағы келісімнің заңдық негізі жоқ деп мәлімдеді. 1883 жылы Франция Вьетнамға қосымша әскер күштерін енгізіп, Вьетнам жеріндегі бірнеше қалашықтарды басып алды. Вьетнам патшасы жеңілгенін мойындап, келісімге қол қойды. 1883 жылы Вьетнам еліне Франция камкорлығы (протекторат) орнатылды. Көп жылдарға созылған Вьетнам халқының қарсылығын басып, Француз отаршылары 1887 жылы Үндіқытай одағы деген бірлік құрып, оның құрамына Вьетнаммен қатар Камбоджа және Лаос аймақтарын қосып алды. Отаршылдар Вьетнамды – Кохинхина, Аннам, Тонкин атты бөлшектерге бөліп, әр түрлі отарлық тәртіп орнатты. Вьетнам халқы ата жұртында еркін жүре алмайтын жағдайға ұшырады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Бирма, Сингапур, Малайзия, Бруней – Англияның, Индонезия – Голландияның, Тимор – Португалияның отарына айналды.

Ұлы жағрапиялық ашуларға белсенді қатысқан Испания мен Португалия билеушілері ОША аймағы үшін қатты тартысқан. 1493 жылы Рим папасы «христиандық емес әлемді» бөліп, бұл аймақ Испания ықпалына кесілген. 1521 жылы Магеллан бастаған кемелер осындағы елдерге жетті. Филиппиндер аралдарында өмір сүрген тайпаларды бағындыруға кіріскен. Мактан аралында болған шайқаста ол қатты жараланып, қаза тапты. Кейін бұл жерді Португалия билеуге тырысқан. XVI ғ. екінші жартысында испандықтар аймаққа қайта оралып, Оңтүстік Қытай теңізінде жатқан аралдарды XIX ғ. дейін зорға жаулап алды. Аралдар сол кезден бастап филиппиндер деп аталатын болды (Испанияның Филипп II есімді королінің құрметіне). Байырғы тұрғындарды қан қасатып, қырып жойып жүріп, христиан дініне шоқындырған. Католик шіркеуі мен әскерилер, испандық келімсектер құнарлы жерлерді тартып алып, халықты құл ретінде ұстаған. Испания инквизициясы неше мың адамдарды дін бұзғандарға жатқызып, тірідей өртеген. Сонда да филиппиндердің оңтүстік аралдарында өмір сүрген мұсылман тайпалары қарсыласуды тоқтатпай, өз ұғымдарынан қайтпаған.

Аграрлық қатынастарда ірі жер иеленушілер үстемдік жүргізген. XVII ғ. экомендеро жүйесі (еуропалық қожайын салық жинауға құқылы болып, шаруаларды қанау жүйесі) трибутоға (біркелкі әр жанға салынатын салық) ауыстырылған. Бара-бара испан тілі мен дініне өткен жергілікті ақсүйектер төменгі сатыдағы әкімшілік органдарға тартыла түскен. Олар касики деп аталған.

XVIII ғ. филиппиндерді ағылшындар иеленбек болып, Ұлыбритания Испаниямен соғыс жүргізді. 1764 жылы кейбір Латын Америкасындағы жерлер Англияға өтіп, бұл аралдарды Испания өз қолында сақтап қалды. Метрополия өзінің артта қалған аралдарын дамытпаған, сауда қатынастары да жоқтың қасында еді. XIX ғ. ортасында осында өсетін және өңделетін ауылшаруашылық тауарлар: қант, макта, кофе, дәмдеуіш заттар, ал кейін ағаш, тау-кен өнімдері Еуропаға, АҚШ-қа қарай ағыла түскен. Біртіндеп жергілікті саудагерлер, кәсіпкерлер күшейген, солардан жергілікті буржуазия қалыптасып, реформалар үшін қозғалыстар ұйымдастырған. XIX ғ. 80-90 жж. солардың арасынан шыққан Хосе Рисаль филиппиндіктердің ұлттық сана-сезімін оятуға арналған еңбектер жариялап, дербестік тілектер көтерген. Ол 1892 жылы филиппиндік Лиганы құрған қайраткер. Отаршылардың өкіметі оны қамап, Минданао аралына айдап қызған. 1896 жылы ол

атылған. Одан А. Бонифасио бастаған баска оппозициялық ұйым шыққан. 1897 жылы 22 наурызда Э. Агинальдо жетекшілік еткен көтерілісшілер республика жариялайды. Испания уақытша конституция енгізіп, республиканы мойындағандай болды, бірақ оның басшыларын қуғынға ұшыратқан. Сол кезде АҚШ - Испания соғысы басталып Агинальдо тобы екінші рет республика жариялап, үкімет құрастырған. АҚШ көмегімен 1899 жылы 1 қаңтарда жаңа конституция қабылданып, буржуазиялық демократия жүйесі орныға түскен. 1899 жылы Испания мен АҚШ келісімшартқа қол қойып, филиппиндер АҚШ қарауына өткен. Американдықтар аралдарда өз әкімшілігін орнатты. 1902-1907 жж. заңдар нәтижесінде екі палаталық парламент сайланды. Ол АҚШ бақылауында болған. 1916 жылы генерал-губернатор жанында үкімет тағайындалды. 1932 жыл 10 жылдық өтпелі уақыт белгіленіп, одан кейін ел тәуелсіздік алуы баяндалған. 1935 жылы президент сайланған.

Тайландта ертеде мемлекет орныққан. 1350-1767 жж. тай және мон-кхмерлер құрған Лютия монархиясы өте ауқымды жерлерді өз құрамына қосып, атакты қалалар мен храмдар тұрғызған. Елде буддистік ілімдер тамыр жіберген. Оның храмдары оқу-ағарту ісін жүргізіп, мәдениет орталықтарына айналған. Ел егіншілікпен шұғылданған. Өмірге жарамды жабдықтар, қару-жарақтар, құралдар шығаратын қол өнері дамыған көршілес елдермен сауда байланыстар жасасқан. Шаруалар басыбайлық жағдайды білмеген. Мемлекетке және жергілікті әкімшілікке ірі жер иеленушілерге салық төлеу, басқа да қызмет көрсету буддистік салт-дәстүрге негізделген. Басыбайлы адамдар да кездескен, бірақ олардың саны шағын еді. Ақсүйектер, билеушілер «най» тобына жататын еді. Әскери және азаматтық салаларда қызмет атқаратындар «куннанг» тобын құрайтын. Оған көбінесе білімі бар және буддистік шіркеулерде бірнеше уақыт өмір сүрген адамдар қабылданған. Өте көп азаматтар буддалық монахтар қатарына жататын, оларды халық асырайтын. Сонымен бірге өкімет азық-түлікпен, киім-кешекпен және қаржымен қамтамасыз ететін.

XVII–XIX ғғ. ортасына дейін Тайландтың сыртқы саясаты мен саудасына голландиялық Ост-үнді компаниясы еркін араласып келген. Голландияның Азиядағы іс-қимылын жүргізген компания қолында әскери күштер шоғырланған. Ол өз жоспарымен соғыс бастауға, бейбіт шарттар жасауға құқылы еді. Оның негізгі мақсаты Индонезия аралдарын билеп-төстеу еді. Онымен қанағаттанбай голландық отаршылдар басқа елдерге де көз салып келген. Тек Тайланд билеушілері оның қысымына көмбей жүрген. Бірақ 1664 жылы голландықтар зорлыққа барып, алғашқы рет өздеріне ұтымды шартқа

елді отырғызған. XVII ғасыр аяғында ел тағдырына Англия және Франция араласа түскен. Олардың да Ост-үнді компаниялары Тайландты емін-еркін сауда жүргізуге, жер ұстауға талаптанып, соғыс жүргізуге дейін барған. Халық біресе француздарға, біресе ағылшындарға сүйенген корольді 1688 жылы тактан құлатқан еді. Еуропа әскерлері сокқы жеп, елден кетуге мәжбүр болды.

Ел ішіндегі тартыстар өршіп, көпке дейін жағдай жөнделмеген. 1733–1758 жж. король Боромокот кезінде тыныштық орнаған еді. Ол өлген соң көршілес Бирма Тайландтың бір топ аудандарын, астана қаласы Бангкокты басып алып, орны толмайтындай шығын әкелді. Елдегі қырқыс пен көрші елдермен соғыстар XIX ғ. басында жиіледі. Бұл кезде Бирмаға ағылшындар тиісіп, ол ел біртіндеп Англия отарына айналған еді. Енді Тайланд Үндіқытай елдерімен жер үшін шатактасып, Вьетнам, Камбоджа феодалдарымен соғыстар жүргізді. 1830–1860 жж. Англия мен АҚШ, одан кейін Ресей де Тайландты өз жағына тартуға кіріскен. Империалистік елдер арасындағы бақталастыққа карамай бұл ел тәуелсіздігін сақтап қалған, бірақ батыс мемлекеттері айтарлықтай жеңілдіктерге жетіп, оның экономикасына, саудасына зиянды әсер тигізіп отырды. XIX ғ. ортасы – XX ғ. басында елде біраз буржуазиялық қатынастар дами түсіп, король Монгкут (1851–1868), король Чулангкорн (1868–1910) реформалар арқылы орталық билікті күшейтті. Қаржы жүйесі, әскери істері, сот, оқу орындары жаңартылып, еуропалық түрге жақындаған. Тайланд–Ресей байланыстары ұлғайған. Англия мен Франция отарларымен қоршалған Тайланд орыстарды қатты қызықтырды.

XX ғ. бірінші ширегінде Тайландқа қатысты еуропалық елдердің қысымы біраз әлсіреген. Шетте жүрген оппозиция күштері Халық партиясын құрып, армияға сүйенген төңкеріс ұйымдастырды (1932 жылы). Король сақтаған біраз билік парламентке өткен. Жаңа ата заңы бекітіліп, ел конституциялық монархияға айналды. Ендігіде корольдің ресми құқығы кеңейтіліп, ол қарулы күштердің қолбасшысы есептелді, төтенше тәртіп жариялап, шарттарды бекітуге, парламенттің жартысын тағайындауға қатысатын болды.

Елдің экономикалық даму мәселесі дау-талас туғызған. Монархистер Халық партиясының жетекшісі П. Паномпонг ұсынған жоспарды «коммунистік» сипатта деп, оны қуғындауға кіріскен. Елдің өз күшіне сүйеніп, халық игілігіне қажетті шараларды қолдаушылар 1933 жылы әскерилерді көтеріп, қарсыластарын үкімет орындарынан түсірген. Король Пратичапок тактан түсіп, орнын Еуропада оқыған туысына берген. Келесі кезде әскери басшылық билікке келіп, жаңа үкімет құрған, ол оңшыл күштерді «жақтап», Халық партиясын

әлсіретуге күш жұмсап келді. «Пантаизм» ілімі – «Ұлы Тай мемлекетін құрастыру» - алға тартылып, ел аты «Сиам» енді «Тайландқа» - «Тай жеріне» ауысты. Бұл 1939 жылғы оқиға. Үкімет басындағы П. Сонгкхрам Жапония жағына көз салып, соның арқасында Англия мен Францияға XVIII–XX ғғ. өткен жерлерді қайтаруға мақсат қойды. 1940 жылы маусымда ол Жапониямен достық шарт жасасып, оның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы озбырлығын қолдаған. Тайланд жеңіліс тапқан Франциядан Үндіқытай аумағындағы жерлерді қайтаруға ұсынды. Виши үкіметіне соғыс жариялап, 1941 жылдың басында ол тілектерін іске асырды.

Тынық мұхиты соғысы басталғанда Тайланд билеуші тобы Ұлыбритания мен АҚШ-қа қарсы соғыс жариялап, Жапонияны қолдады. Осындай саясат халық ішінде наразылық туғызып, астыртын қимылдаған «Азат Тай», компартия ұйымдарын дүниеге әкелді. Соғыс жылдарында халық тұрмысы кәдімгідей нашарлай түскен, өйткені қару-жаракқа қорғаныс ісіне өте көп қаражат жұмсалды. Армия қатары ұлғайды. Әскери өндірісі мен экономиканың жеңіл салалары біраз дамығанымен, ел жағдайында дәстүрлі феодалдық басымдықты құраған. 1944 жылы Жапония жеңілісі айқын болғанда, биліктегі оңшылдар мен әскери басшылар орнына П. Паномпонг тобы келіп, АҚШ пен Ұлыбританияға жақындасты. Содан бері Тайланд батыс елдерімен достық қатынастарды сақтауда.

Индонезияда Голландияның отаршылдық тәртібі орнады. Негізгі билік Голландия генерал-губернаторының иелігінде болды. Оның қол астында «Үнді кеңесі» атты басқару мекемесі тұрды.

Малайзияда ағылшындардың бақылауына берілген князьдіктер одағы (федерация) құрылды. Бірақ бұл одақ ағылшын губернаторының қарауында болды. Сингапур тікелей Лондондағы ағылшын үкіметіне бағындырылды. Ағылшын билігі губернатор арқылы іске асырылды.

Бирманың далалық алқаптарында Англия тікелей билігі орнатылса, таулы аудандарында жергілікті аксүйек топтары үстемдік етті.

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Үндіқытай елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Француз отаршылары XIX ғасырдың 80–90 жылдарында Вьетнам жеріндегі экономикалық қожалығын барынша күшейтті.

Отаршылдықтың экономикалық бұғауы Вьетнам шаруаларының жерін тартып алудан басталды. Көптеген шаруалар отбасын «көтерілісшілер» деп айыптап, жер үлесінен айырды. Көптеген Франция шенеуніктері мен саудагерлері ірі помещиктер қатарына қосылды. 1890–1901 жылдар аралығында француздардың иелігінде

187 мың га жер үлесі болды. Вьетнам кен байлықтарын Еуропаға жеткізу үшін отаршылар тас жолдар мен темір жолдарды салуды жылдамдатты. 1888-1918 жылдар аралығында Вьетнамда 20 мың шақырым жол салынды. Соның 1,5 мың шақырымы темір жолдарға тиесілі болды. Француз капиталистері күріш, шай, кофе өнімдерін экспортқа шығаруға күш салды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында күріш себетін алкаптардың көлемі 3-4 есе өсті. 1913 жылы өнім өндіру 500 мың тоннадан асты. Пайда түсіру үшін Франция әкімшілігі тұзға және арақ-шарапқа монополия енгізді. Көптеген қосымша алым-салықтар көбейтілді. Вьетнамда француз капиталына бағынатын тоқыма, кант өңдеу, күріш тазалау, ағаш өңдеу кәсіпорындары іске қосылды. 1907 жылы ондай кәсіпорындардың жалпы саны 42-ден асты.

Капиталистік қатынастардың дамуы ұлттық буржуазия топтарының қалыптасуына, ұлттық пролетариаттың өсіп-өнуіне әсер етті. 1897 жылы барлық өндірістегі жұмысшылар саны 10 мың адам болса, 1905 жылы оның саны 17 мыңға жетті. Жұмысшылар Вьетнамдағы үш ірі қала – Сайгон, Хайфон және Ханой кәсіпорындарында шоғырланды. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Вьетнамдағы барлық жұмысшылардың саны 55 мыңнан асып түсті. XX ғасырдың бірінші жартысында француз капиталы тау-кен өнімін өндіруге, банк ісін дамытуға, көлік және сауда салаларын жандандыруға жұмсалды. Франция капиталының әрекеті арқасында Үндіқытай елдерінде (Вьетнам, Лаос, Камбоджа) әлеуметтік-қоғамдық құбылыстардың өзгеруі жылдамдады. Жұмысшылардың жалпы саны 221 мың адамға жетті. Қалаларда саудагерлер мен колөнер шеберлерінің қатары көбейді.

1929–1933 жылдары дүниежүзілік дағдарыс Үндіқытай сияқты отар елдерге қатты зардабын тигізді. Вьетнамдағы ірі өндіріс орталықтарында 300-ден астам ірі және орта кәсіпорындар жабылды. Әлемдік нарықта күріш, жүгері, кола, мырыш сияқты шикізат өнімдері өтпей қалды. Каучук бес есе арзандады. Фабрика-зауыттардағы жұмыссыздар саны 25 мыңнан асты.

Ұлт-азаттық күрестің дамуы. Отаршылардың әлемдік дағдарыс жылдарындағы дәрменсіздігі Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының ашу-ызасын күшейтіп, азаттық қозғалыстардың қайтадан өрістеуіне түрткі болды. Тек 30-жылдардың басында Вьетнамда қалыптасқан үш коммунистік партия топтары байқалды. Коминтерннің ұсынысы бойынша 1930 жылдың ақпанында осы үш топ біртұтас Үндіқытай коммунистік партиясы болып бірікті. Оның жетекшісі Хо Ши Мин еді.

20–30 жылдарда көптеген Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде едәуір саяси-буржуазиялық партиялармен қатар коммунистік топтар да қалыптасты. Коммунистердің сәтсіздікке ұшырауы антиимпериалистік

күрестің басшылығында ұсак буржуазиялық-демократиялық бағыттағы көрнекті жетекшілерді қалыптастырды. Индонезиядағы көрнекті басшылардың қатарында Ахмед Сукарноның (1901–1970 жж.) есімі ерекше айтылады. 1927 жылы оның басшылығымен Индонезия Ұлттық партиясы құрылды. А.Сукарноның пікірінше, Индонезия қоғамындағы халықтың 90%-дан астамы мархаэндер – шаруалар. Ол насихаттаған «мархаэнизм» теориясының ең басты міндеті – Индонезия қоғамындағы барлық топтардың діншілдік, ұлттық айырмашылықтарына көңіл бөлмей, барлық халықтарға отаршылдық бұғауды жою үшін бірлестіру қажеттігін үгіттейді. А.Сукарноның пікірінше, антиимпериалистік күрес жолында діншілдік, коммунистік және буржуазиялық идеологиялар бірігеді деген сенімі зор болды.

Өзінің саяси-философиялық ілімінде А. Сукарно Индонезия халықтарының ескі дәстүрлері түсінігіне сүйенді. Бұл түсінік бойынша: готонгройонг – өзара көмектесу; мушаварах – мәселені барлық қауым болып талдау; муфакат – шешілген мәселені дауысқа салмай, бірауыздан қолдау қалыптасқан.

1937 жылы буржуазиялық ұйымдардың солшыл канаты Гериндо атты партия ұйымдастырды. Бұл топтың қатарында буржуазиялық қайраткерлермен қатар коммунистер де болды.

§9. Үндістан (1914-1945 жж.)

XX ғасырдың бас кезіндегі Үндістанның жағдайы. Азияның оңтүстігінде орналасқан елдердің көбі Англияның отары болды. Олардың ішіндегі ең ауқымдысы — *Британдық Үндістан* еді. XX ғасырдың басында ол артта қалған, қоғам өмірінде касталар жүйесі мен феодалдық қатынастар үстемдік еткен ел болатын. Алуан түрлі тілде сөйлейтін халықтар (тілдер саны 180-нен астам) отаршылдардың қанауынан бас көтере алмады. Елдің кейбір аудандарында ғана сол заманға сәйкес капиталистік кәсіпорындар пайда болып, теміржолдар мен байланыс тораптары, тау-кен өндірістері мен мата шығаратын фабрикалар жұмыс жасады. Ғасыр басында елде 800 мыңнан астам кәсіптік жұмысшылар болды. Олардың көбі ағылшындар иеленетін кәсіпорындарда еңбек етті. Сонымен бірге ұсак және орта дәрежелі жергілікті үнді буржуазиясы да қалыптасты. Олар жеңіл, азық-түлік өнеркәсіптерінде шоғырланып, көбінесе ішкі саудамен айналысты.

Байлықтың негізгі көзі мен саяси билік толығымен ағылшындар қолында болған. Саяси-әкімшілік жағынан ел жалпы екіге бөлінді: 3/4 бөлігінде Британдық Үндістан орналасса, қалған жерін саны 600-ге жуық князьдіктер иеленді. Олардың көбі ұсактау еді, бірақ, орталық

аймағында Хайдарабад, ал солтүстік-батысында Кашмир ірі князьдіктері де бар болатын. Британдық Үндістанды вице-король аталған генерал-губернатор басқарды. Оны Англия парламенті мен үкіметі тағайындайтын.

Науаб, раджа, низам әулеттері билеп келген князьдіктердің ішкі өміріне ағылшындар көп араласа бермейтін. Әр билеушімен Англия арнайы келісімге келіп, арақатынастарын реттеп отырды. Олар басқа елдермен байланыспайтын.

Барған сайын ұлғайған қанаудың қысымы халықтың хал-ахуалын нашарлата түскен. Үндістаннан Англия жағына шығарылатын тауарлар өлшемі 1901 жылы 11 млн фунт стерлинг болса, 1913-1914 жылдары ол 22,5 млн. фунт стерлингке жеткен. Акша-тауар қатынастарының дамуы елдің ішкі базарының қалыптасуына атсалыса отырып, өсімкорлық капиталының көтерілуіне жол берген еді.

Бұл үдеріс барысында ұлттық буржуазия шамасына қарай дамып, біртіндеп жетіле түсті. 1900-1914 жылдары акционерлік компаниялар саны 1360-тан 2552-ге өскен, олардың төленген капиталы 362 млн рупийден 721 млн рупийге жетті. Үнді буржуазиясы иеленген кәсіпорындар көбінесе мақта, мата, тері өңдеуге маманданған. Олардың 80%-ы ескі дәстүрлі, демек, адам күшін көбірек қажет ететін өндіріс орындары еді. Олардың өнімдері 1901 жылы 200 млн фунт стерлинг, ал фабрикалардың өнімдері 85 млн фунт стерлингке жеткен. Бірақ, 1914 жылға таман фабрикалар шығарған өнімдер үш есе арта түсті.

Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты Үндістан халқы мен отаршылдар арасындағы қайшылықтар өсе түскен. Бенгалияны екіге бөлу әрекеті елдегі наразылықты қатты күшейтті. 1905 жылы Үндістанда ереуілдер өршіп, қоғам және саяси ұйымдар мен партиялар өзін-өзі билеу туралы тілектерді алға тартқан. Үнді Ұлттық Конгресі (ҰҰК) жетекшілері Б.Г.Тилак, Б.Ч.Хал, А.Гхош, Л.Л.Рай өте батыл қимылдар ұйымдастырып, ағылшын тауарларын сатып алмау, *свадеши* (жеке іс, яғни өзіңді өзің камтамасыз ет), *свараджа* (жеке билік, яғни өзіңді-өзің биле) ұрандарын жандандырды. 1906 жылы елде *Мұсылман Лигасы (МЛ)* атты партия құрылып, ол да күреске қатысқан.

Ұлт-азаттық қозғалысты басу үшін Англия 1905 жылы Үндістанға жаңа вице-корольді тағайындады. Ол — либерал *Минто* болатын. Оның реформалар жөніндегі жалынды сөздері тек феодалдық топтар мен МЛ жетекшілеріне жағымды естілді. Бұқара халық *свараджа* ұранын қолдауды күшейтті. Кейбір аймақтарда қарулы көтерілістер басталды. 1911 жылы енгізілген реформалар бойынша астана Делиге көшіріліп, Бенгалия қайта біріктіріліп, Англия ұлт-азаттық күресті бәсеңдеткен болатын.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Үндістан. Үнді буржуазиясы *Минто – Морли* (*Морли* — Үндістан істеріне қатысты министр) реформаларына қолдау көрсетіп, осы елдің өзінде өзінің саяси-экономикалық жағдайын нығайтты. Шындығында, елде металл өнімі 30%-ға өссе, мақтадан жасалатын маталар 39%-ға артты. Үндістан базарында сатылатын тауарлардың көбі елде шығарылатын болды.

Халықтың тұрмысы нашарлап кетті. Салық төлемі күрт өссе, акша құны төмендеп, елді құнсыздану жайлады. Өндіріс заттары, тамақ қымбаттап, қала тұрғындары мен шаруалар күйзеліске ұшырады. Миллиондаған шаруалар уақытында салық төлей алмай, жерден айрылып, қаңғырып кетті. Жұмысшылардың жұмыс күні 14 сағаттан асты. Азық-түлік тапшылығынан қалаларда да, ауылдарда да адам өлімі жиілей берді. Соғыс кезінде ашаршылықтан 5-6 млн адам қырылды.

Англия үкіметі әскер қатарына 1,5 млн үнділіктерді шақырып, оларды Таяу Шығыста, Парсы бұғазында, Иранда майдан шебінде пайдаланды. Көптеген шаруаларды қара жұмысқа салды.

Алдымен отаршыл өкімет Үндістанда өте қатаң заңдар енгізіп, елді қыңк еткізбей ұстауға тырысты. Екі саяси партия — ҮҰК және МЛ өз іс-әрекеттерін сол заңдармен санаса отырып жүргізген. Соғыс кезінде ағылшын әйелі Энни Безант бастаған «Гомруль» («Home Rule») қозғалысы өршіді. Оған қатысушылар Үндістанға өзін-өзі басқаруға құқық беруді талап еткен болатын.

Діни қозғалыстар да туындаған. 1915 жылы үндістер «Хинду маха сабха» («Үндістердің ұлы одағы») ұйымын құрды. Сол жылы МЛ жетекшілігіне Мохаммед Жинна келген.

«Күш қолданбай қарсыласу». М.К.Гандидің ілімі мен саясаты. Соғыс аяқталар кезде елдің жағдайы тығырыққа тірелгендей болды. Провинцияларда, ең алдымен Бомбейде, оның қасындағы Гужаратта, Панжабта, ішкі аймақтарда қала тұрғындары, кедейленген шаруалар, қолөнершілер қатаң тәртіпке қарамастан бас көтере бастады. Олар салық төлемеуге, ереуілдер ұйымдастыруға байланысты шерулерге қатысты. Әлеуметтік жағдайды жақсарту ғана емес саяси талаптарды алға қойып, отаршылдық өкіметті әшкерелеу, оған бағынбау туралы шешімдер қабылдауға ҮҰК және МЛ-да барды. 1916 жылы Лакнау қаласында екі партия өз мәжілістерін өткізіп, біріге отырып күресуді қолдаған қарарлар қабылдады.

ҮҰК жетекшілері сол жылы Оңтүстік Африка Одағында аты шыға бастаған М.К.Гандиді елге қайтып оралуын қалаған болатын.

М.К.Ганди (1869-1948) Гужараттан Оңтүстік Африка жеріне қоныс тепкен брахмандар отбасында өмірге келді. Мектепті бітірген

сон, Англияда жоғары оқу орнына түсіп, адвокат мамандығын меңгерді. Ағылшындардың саяси мәдениетін, Еуропадағы XIX-XX ғғ. тоғысындағы тартыстарды саналы түрде сезінген, ол сол кезде көпшілікке танымал болған орыстың атақты жазушысы Л.Н.Толстойдың «зұлымдыққа озбырлықпен қарсыласпау» көзқарасын қолдады. Сонымен қатар көне үнділік философиясын жақсы меңгерген ол қоғамдағы қайшылықтарды бейбіт түрде реттеу қағидаларын да есінен шығармаған. Африкаға қайтып келгенде, нәсілшілдік пен отаршылдық тәртіптің тепкісінде болған кандастарын қорғауға араласқан. Көп ұзамай-ақ Ганди есімі, оның күрес тәсілдері бүкіл Оңтүстік Африкаға, өзінің туған елі Үндістанға жайылады. Соның арқасында ҰҰК оны жетекшілікке шақырады.

Ганди Үндістанға келісімен өрши түскен ұлт-азаттық күреске килігіп кетеді. Оның негізгі қағидасы – *сатьяграха* (ақиқаттағы батылдық) деп аталады. Зұлымдыққа қарсы тұру, онымен батыл күресу, ақиқатты қолдау, адамдардың құқығын қорғау, оның басты қағидасы болды. Осы ілімді Ганди өмір бойы үгіттеп әрі пайдаланып келді. Бұл ілім ежелде қалыптасқан философиялық «*ахимса*» тұжырымына арқа сүйеген («*ахимса*» – жануарларға қиянат жасамау). Брахман кастасына жататынына қарамастан ең төменгі, зәбірленген, көпшілік кесапатты деп санаған каста мүшелерімен араласып, солардың мұнын шағып, үмітін ақтауға күшін аямады. Кесапаттыларды ол *харижандар* (Құдай жаратқандар) деп атап, олардың құқықтарын қалған азаматтардың құқықтарымен теңестіруді көздеді.

Ганди ілімін, сондай-ақ күресу әдістерін үнді жеріндегі көпшілік дұрыс қабылдады. Ол ағылшын отаршыларына қарсы күреске бұқара халықты қатыстыруға талаптанды. Сонымен бірге Ганди әр уақытта Англиямен келісім жасасуға да дайындық білдіріп келді. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталар кезде Үндістан халқының наразылығы бұрын кездеспеген деңгейге жеткен болатын. Сол жылдары елге 8 мыңдай сыртта өмір сүрген үнді ұлттық күрескерлері қайтып келді.

Соғыс біткеннен кейінгі Үндістанның дамуы ірі толқулармен және көтерілістермен сипатталды. Өзі де әрең тұрған халыққа Ресейдегі оқиғалар түрткі болды. Большевиктердің тәуелді елдердің бостандығын жақтау ұрандары 1917 жылдың соңында үнді газеттерінде басылған. Дели қаласында мұсылмандар жиналыс шақырып, Ресейге өкілдерін аттандырған. 1918 жылдың көктемінде М.Пратап Петерборға барып қайтқан. М.Пратап пен Баракатұлла 1919 мамырда Мәскеуде болып, Кеңес үкіметінің жетекшілерімен келіссөздер жүргізген. Негізгі басқарушы күш елдегі ҰҰК және МЛ болды. Осылардың бірігіп жасаған қарсылықтары 1918-1919 жылдары үлкен нәтиже берді.

Ағылшын жағы да жағдайды байқап, алдын ала шаралар ойластыруға кірісті. 1919 жылы Ұлыбритания парламенті бекіткен «Монтегю – Челмсфорд заңы» жарияланып, орталық және провинциялық жиналыстарға қатысты сайлау тәртібіне өзгерістер енгізілді. (Монтегю – Үндістан істеріне қатысты министр, ал Челмсфорд – вице-король). Сайлауда үнділіктер мен мұсылмандар бөлек тізіммен дауыс беретіндігі хабарланды. Сөйтіп, халықты дініне байланысты бөлшектеу заң арқылы бекітіліп, оның салдары кейін елді екіге бөлуге апарды.

Сонымен бірге ағылшындар «Роулетт заңын» қабылдап, елді қыңк еткізбей ұстауға тырысты. С. Роулетт ағылшын сотын басқарып жүрген, оның атымен аталған заң бойынша шеруге және ереуілге қатысқандарды аяусыз жазалау, абақтыға жабу, шетке айдау т.б. шаралар көзделді. Керек болса полицияға оқ ату құқығы берілді.

Жаппай күрес кезіндегі Үндістан. Реформалар жобаларына қанағат етпеген ҰҰК ағылшындарға қарсы қозғалыстар ұйымдастыруға кірісті. Гандидың ойынша ол, ең алдымен, Англия тәртібіне көнбеушілік, ағылшын тауарларына бойкот жариялау, қызметтен бас тарту, отаршылар ашқан мектептерге балаларды жібермеу, сайлауға қатыспау, сотқа арызданбау түрінде өтіп, екінші кезеңде салық төлемеуге дейін бару керек еді. Бұл жолда «ахимса» ұстанымын бұлжытпай орындау белгіленген. Іс жүзінде шараларды орындау үшін бұқара халық жаппай қимылдау керек болды.

1919 жылы сәуірдің басында Гандидің бастамасымен Бомбей, Ахмадабад, Мадрас, Канпур қалаларында бір кезде *хартал* (жаппай ереуілге шығу) ұйымдастырылды. 6 сәуір күні бүкіл өмір тоқтап қалғандай болды: бірде-бір мекемеге үнділіктер бармай, көшеге шықпай, саудаға, оқуға қатыспай қойды. Қала көлік жүйесі, кәсіпорындар жұмысын тоқтатып тастады. Үн-түнсіз қалалар отаршылдардың зәресін алды. Харталдың жүруі өте ауыр жағдай болатын, оның зияны халыққа да тиетіні белгілі. Бірақ ол істің насырға шабатынын ағылшындар байқады. Сонда да олардың ішінде үнді халқын қарулы күшпен шошындырудан бас тартпағандар болды. Бір апта өткенде Амритсар қаласындағы орталық майданға жиналған бейбіт митингілеу-шілерді олар оқ астына алып, мыңдаған адам өліп, жарақаттанды.

Бұл оқиға бүкіл елді алаңдаты. Панжабтан басталған толқын Үндістанның шығысына, оңтүстігіне, батысына тарап, миллиондаған шаруалар, қала тұрғындары ереуілдер мен шерулерге қатысты. Отаршыл билеу жүйесіне қауіп төнді. Кейбір аудандарда халық қарулана бастады.

Ағылшындар қысымына қарсы бүкіл елде сатьяграха қимылдарын өткізуге дайындалу туралы шешім қабылдады. Сол арқылы қарсыласуды бейбіт түрде дамыту мақсат етілді.

Сатьяграханың басталуы 1920 жылғы 1 тамызға белгіленді. Оның жүруіне сол жылдары етек жайған халифатшылар қозғалысы өз үлесін қосты. Оған мұсылман қауымы қатысып, халиф болып есептелген Түркия сұлтанын қолдаған. Батыс елдері 1918 жылы Стамбұлды басып алып, ол елдің берекесін кетіріп, бөлісуге кірісті. Бұл қозғалыс батыстың отаршылдық саясатына қарсы бағыттанып, Үндістанда ағылшын үстемдігін жоюға бет алды. Сөйтіп, 1920 жылы сатьяграхаға екі қауым біріге отырып қатысты. Сондықтан жаз-күз айлары Үндістанда жаппай толқулар қаптады. Оның қимылдары князьдіктерді де қамти түсті. Ереуілдер, шерулер Ганди бағдарламасындағы талаптар бойынша өткенімен, кейбір аудандарда күш жұмсау байқалды.

Жұмысшылар мен шаруалар қозғалысы нығайды. 1920-1921 жылдары 400—600 мыңға жуық адам қатысқан ереуілдер болды.

1922 жылы сатьяграха әрекеттеріне қатысушылар саны біртіндеп азайды. Елдегі экономикалық жағдай жөнделе бастады. Ұлттық буржуазия айтарлықтай күшейіп алды. Ағылшындардың билігі әлі де болса сақталып тұрды. Олар 10 мыңдай қайраткерді қамап қойды. Бірақ қарсыласу күресі үзілмей келді. 1922 жылы акпанда Біріккен провинцияларда Чаури-Чаура атты шағын деревняда жергілікті полиция қызметкерлері бейбіт шаруалар жиналысына шабуыл жасап, бірнеше адамды өлтірген. Ашуланған шаруалар полиция бөлімшесіне от қойып, ондағы полицейлерді өртеп жіберді. Ганди өз бағдарламасы бұзылғанын алға тартып, сатьяграха қимылдарын тоқтатуды қалады. ҰҰК шешімі бойынша ағылшындарға қарсы тұру аяқталды.

Үндістанның 20-30 жылдардағы дамуы. Революциялық күштер шегінуге мәжбүр болды. Ағылшындарда 1927 жылға дейін тыныштық орнады. Отаршыл өкімет тәртіпті қатайта түсті. Князьдіктердегі шаруалар қозғалысын күшпен басуға шешім шығарды. Үндістер мен мұсылмандар арасын алшақтатуға көп мән берді. Олардың қолдауымен үнділік шовинизм тереңдей берді.

ҰҰК-те екі топ қалыптасты Ганди, Р.Прасад т.б. ағылшындар ұсынған «өзгеріске қарсыластар» тобында болды. Олар ағылшындармен ешқандай ынтымаққа келіспеу шартын ұстанды. Екінші топтағы Мотилал Неру, Ч.Р.Дас т.б. заң шығарушы жиналыстарға қатысуды дұрыс көрді. Олар саяси мәселелерді ағылшындармен келісе отырып реттеу ыңғайлы жол деп дәлелдеді. 1923 жылы осы топтағылар Свараджалық партия (СП) құрып, заң шығарушы жиналыстарға және атқарушы кеңестерге қатысатын болды. Бірақ свараджистер қимылда-

ры жеміс бермеді, сондықтан 1925-1927 жылдары СП ішінде талас басталып, ол бөлшектенуге барды. Оның бір жағында М.Неру бастаған ағылшындармен тіл табысушылар, екінші жағында *СубхасЧандраБос* (1897-1945 жж.) бастаған толық тәуелсіздікті үміттенгендер болды. С.Ч.Боспен бірге Дж. Неру (1898-1964 жж.) қызмет атқарды. Олар жастар, кәсіподақ шаруалар қозғалысын дамытуға күш жұмсады. 1927 жылы екі жас қайраткер ҰҰК бас хатшылары болып тағайындалды. Сол жылдың аяғында ҰҰК пурна свараджаға (толық тәуелсіздікке) жету — елдің түпкі мақсаты деп белгіледі. Оны 1925 жылы құрылған үнді компартиясы қолдап шықты, бірақ ол астыртын қимылдап беделсіз болып келген.

1924 жылдың басында Англияда бірінші лейбористік үкімет құрылып, оның жетекшісі *Р.Макдональд* империяны Британдық ұлттар достастығына айналдыруды ойлады. 20-30 жылдарда бұл тұжырымға сүйенген лейбористер Үндістандағы саяси күштермен ақылдасу тәсілін қолға алады. 1928 жылы Саймон комиссиясы құрылып, ол Үндістанға лайықты жаңа конституция жобасын қарастырды.

1930 жылы азаматтық бағынбаушылық қимылдары Гандидің «11-бабына» негізделіп жүргізген. Олар рупийдің валюталық курсы төмендету, жер салығын 50%-ға қысқарту, әскери шығындарды 50%-ға азайту, ағылшын шенеуніктері алатын жалақыны 50%-ға қысқарту, ағылшын маталары мен киімдерін импорттауды азайту және оларға деген кеден салығын көтеру қарастырылды. Сонымен бірге тасымал жұмыстарын тек үнді кемелерімен жүргізу, қылмысты тергеуші департаментті жою, болмаса оны қатаң бақылауға алу, өзін қорғау үшін үнді азаматтарына қару ұстауға құқық беру, спиртті сусындарды сатуға тыйым салу, саяси тұтқындарды босату, тұзға үкімет монополиясын жою туралы мәселелерді қамтыған. Сөйтіп, бұл жолғы тілектердің көбі үнді ұлттық буржуазиясының мүдделеріне тікелей қатысты екені айдан анық көрініп тұр. Оны түсінуге де болады, өйткені Үндістанда 1927-1934 жылдары шаруашылықтар күйзеліске душар бола бастаған. Ал әлемдік экономикалық дағдарыс 1929 жылдан кейін елдің жағдайын қатты ақсатты. Бидай бағасы 2 есе, джут 2-3 есе төмендеп, шаруалар салық төлей алмай, мүлкін, жерін сатып қаңғырып кетуге мәжбүр болды.

Дағдарыс кезіндегі халық наразылығы ұлт-азаттық қозғалыстың өршуіне әсер етті. Оның бір көрінісін 1930 жылы наурызда қанат жайған тұз шеруінен байқауға болады. Гандидің өзі бастаған қала тұрғындары мен шаруалар Гужараттағы Ахмадабадтан Арабия теңізі жағалауындағы Данди жеріне дейін жаяу жорық жасап, ағылшындар тыйым салған тұз қайнатуға кіріскен еді. Ынтымактасу қозғалысы

бүкіл елге тарады. Жұмысқа шықпау, митингілер, шерулер, харта-лар ұлғайды.

Кейбір аймақтарда қарулы көтерілістерге ұласты. Елдің солтүстік аудандарында шаруалар қозғалыстары күшті дамыды. Шошынған ағылшын өкіметі шерулерге қатысқандарды топ тобымен жазалауға кірісті. ҰҰК-ге тыйым салынып, оның жетекшілерін қамауға алды. 1930 жылы 60 мың адам қамалып сотталған, олардың ішінде *Ганди, Дж. Неру, С. Ч. Бос* және басқалары болған.

1930 жылдың жазында Саймон комиссиясы өз жобасын дайындаған. Келесі жылы наурызда Ганди-Ирвин пактісі бойынша Англия жағы абақтыдағы адамдарды босатуға, жазалауды тоқтатуға, ал ҰҰК ынтымақтаспау қимылдарын жүргізбеуге уағдаласты.

1934 жылы орталық заң шығарушы жиналысқа сайлау өтіп, оның құрамындағы орындардың жартысынан көбін ҰҰК ұтып алды. Келесі жылы тамызда Англия парламенті Үндістанды басқару туралы жаңа заң қабылдады. Ол тарихқа «*1935 жылғы Үндістан конституциясы*» деп енді.

Қанша қиын жағдайлар болғанымен, 30-жылдардағы өзгерістер Үндістандағы саяси партияларға біраз билік әперді. Олар саяси өмірде кездесетін қиыншылықтарды реттеу тәсілдерін үйрене отырып, кейін сол алған тәжірибелерін пайдалана білді. 1937-1939 жылдары жерді жалға алу және салықтар туралы жаңа заңдар қабылданып, аграрлы саладағы алғашқы өзгерістер өз нәтижесін бере бастады. 1938-1939 жылдары С. Ч. Бос ҰҰК басшылығында болып, бірқатар солшыл бағдарламалар қабылданды. Бірақ Ганди, Р. Прасад, т. б. бұл бағдарламаларды 1939 жылы сәуірде жаратпай тастады. С. Ч. Бос ҰҰК-тен шығып «Форвард блок» партиясын құрды және оның қызметі Бенгалиямен байланысты болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы және соғыс кезіндегі Үндістан. 30-жылдардың соңында Еуропа елдері жаңа соғысқа жанталасып даярланды. Англия жағы Үндістанның саяси күштерін фашистік Германияға қарсы бағыттауға тырысып, қажетті үгіттеу шараларын бастады. ҰҰК фашизмді әшкерелеп, Англияны қолдамас бұрын талаптар ұсынды. Олар: Үндістанда Құрылтай жиналысын шақыру, тек оның алдында жауапты барлық саяси партиялардың қатысуымен үкімет құру; елдің келешегін реттейтін құқықты мойындау. Ағылшындар оларға көнбеді. 1939 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталған күні вице-король Линлитгоу Үндістанды соғысқа қатысушы ел деп жариялап, британдық үнді әскерлерін әр жактағы майданға аттандыра бастады. Оның құрамында 1,5 млн үнділіктер болды. Бірден «Үндістанды қорғау туралы» заң бекітіліп,

елде әскери тәртіп орнатылды. Осыған орай арнайы салықтар салынды, қорлар ұйымдастырылды. Ереуілдерге, шерулерге жол бермейтін болды. Баспасөз бақылауға алынды. 1940 жылы қазанда Ганди жекеленген сатьяграха жүргізу туралы шешімін жария етті. Оны қалың жұрт қолдай түскенде отаршылдар жазалау әдісіне жүгініп, отан сүйгіш үнділіктерді қамауға жапты. 1942 жылы тамызда ҮҰК-ге тыйым салынды. *М. Ганди, Дж. Неру, В. Патель* т.б. ұсталды. Бірақ елде оған қарсы жаппай ереуілдер мен толқулар басталды (Тамыз революциясы).

Үнді Конгресі жетекшілерінің бірі С.Ч.Бос өзі құрған «Форвард блокпен» Германия мен Жапонияны қолдап, солардың көмегімен ағылшын үстемдігінен құтылу мүмкіндігін іздеді. Сонымен бірге «Жаудың жауы бізге дос» ұстамына сүйенгендерді жақтады. Ол 1941 жылы көктемде Еуропаға сапар шегіп, Берлинде қабылданды, немістер Босты Жапонияға жеткізді. Жапония қолдауымен Оңтүстік-Шығыс Азияда Үнді азаттық армиясы құрылып, ағылшындарға қарсы соғысты. 1944 жылы Бос армиясы Бирмадан өтіп, Үндістанға енгенде Британ үнді әскерлері оған тойтарыс беріп, қолға түсірген. Бос 1945 жылы тамызда ұшак апатынан қаза тапқан.

Үнді коммунистері 1939-1941 жылдары Германияны жақтап келді. Өйткені ол саясатты КСРО және Коминтерн ұстанды. Ал Германия КСРО-ға қарсы шабуылға шыққанда, Үнді компартиясы Англияны қолдай бастады. Соған орай 1942 жылы тамызда ағылшын өкіметі оған ашық қызмет атқаруға рұқсат берді.

Соғыс басталысымен Үндістанда ірі ереуілдер ұлғая түсті. 1939 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында Бомбей, Канпур, Патна, Мадрас қалаларында жүзден аса ереуілдер ұйымдастырылды. Келесі жылы ереуілдерге қосылғандардың саны жарты миллионға жуық болып, жұмысшылар талаптары күшейе түсті.

1941 жылы жазда Еуропадағы жағдай мүлдем өзгерді. Германияның КСРО-ға қарсы шабуылы Үнді солшыл күштері арасында жаңа көзқарас туғызды: енді олар Англияны қолдауға шақырды. Конгресс болса өз ұстанымынан қайтпады. Ал 1941 жылдың соңында Жапония АҚШ-қа қарсы шабуылға шығып, Тынық мұхит соғысы басталды. Ол ағылшындарға да қауіп төндірді.

АҚШ-тың ықпалымен Лондон жағы Үндістандағы саясатын біраз түзетуге ұмтылды. Желтоқсан айында қамалған ҮҰК-нің мүшелерін босатуға кірісті. 1942 жылы наурызда Делиге Англия үкіметінің жабықтау жөніндегі министрі *Стаффорд Криппс* келді, саяси партиялар жетекшілерін метрополия ұсыныстарымен таныстырды. Біріншіден, Англия соғыс аяқталғанша Үндістанның бұрынғы калпында болуын

тіледі, ал содан соң оған доминион құқығын беруге даярлығын білдірді. Екінші ұсынысы бойынша, соғыс біткен соң Үндістанда Құрылтай жиналысына сайлау жүргізіледі, оның құрамына князьдерден тағайындалған өкілдер енеді. Құрылтай жиналысы доминионның конституциясын қарастырады. Соңғы ұсынысында кейбір провинциялар мен князьдіктерге Британ империясында жеке доминиондар түрінде қалуға құқық беруді айтқан. Сөйтіп, ағылшын билеушілері мәселені кейінге қалдыруға, елді келешекте бөлшектеуге тырысып бақты.

Бұл тілектерге ҰҰК бой бұрмады. Криппс сапары нәтиже бермеді. Елдегі толқулар жалғаса берді. 1942 жылы оқиғалар жағдайды қиындата түсті. Азиядағы соғыс қимылдары Үндістан шекарасына жақындады. Ганди 1942 жылы сәуірде «Үндістаннан кетіңдер!» деген ұран тастады. Шілденің 6-жұлдызында ҰҰК елді жапондықтардан ағылшын-үнді әскерлерімен қорғауға келісе отырып, Ганди ұранын қолдады. Жаппай толқулар басталуын күтпей-ақ, отаршылдар ҰҰК-ті жауып, оның мүшелерін қайтадан қамауға алды. 2 мың адам оққа ұшып, 60 мыңдай адам абақтыға қамалды.

Ереуілдер, толқулар, ашаршылық, бағаның тым өсуі ел жағдайын әбден нашарлатты. 1943—1944 жылдары аштыққа қарамастан Үндістаннан 1 млн астық шетке кетіп жатты. Азық-түлік бағалары 10 есе қымбаттап кетті. Ашаршылықтан 5-6 млн адам қырылып қалды. Ағылшындардың қысымы, тұрмыстың нашарлауы мен саяси ұйымдардың араздасуы ереуілдердің бәсеңдеуіне әкеп соқты. Сонда да ағылшындар билігі төмендей берді. Беделден жұрдай болған Линлитгоу орнына жаңа вице-король А.Уэйвелл тағайындалды (1943 жылы қазан). Ол келесі жылы мамырда ҰҰК жетекшілерін қамаудан босатып, ел мәселесін қарастыру туралы келіссөздер жүргізді. Ағылшындардың араласуымен М.К.Ганди мен М.Жиннаның пікір алмасуы 1944 жылы өтті. Онда МЛ жетекшісі тәуелсіздік мәселесін қарастыру алдында жеке Пәкістан мемлекетін құру туралы уағдаласуды жоспарлады. Конгресс партиясы оны тәуелсіздікке жеткен соң плебисцит арқылы реттеу керек деген пікірде болды. Екі саяси күш келіссөздері 1945 жылы көктемде мынадай келісіммен аяқталды: уақытша үкімет құрамында әр партия 40% орынды иеленді, қалған 20% орын кесапаттыларға, христиандарға, парсыларға, сикхтерге тиесілі болды. Ал елді екіге бөлу туралы мәселені қарастыру Үндістанның саяси мәртебесін реттеген соң кейінге қалдырылды.

Соғыс аяқталарда жасалған келісім тәуелсіздікке жету жолындағы күрестің нәтиже бере бастағанын байқатты, бірақ алдағы уақытта неше белестерден өту қажет екендігі әлі белгісіз еді.

§10. Орта Шығыс елдері. Ауғанстан. Иран

XX ғасырдың басындағы Иран. Ұлт-азаттық қозғалыстың дамуы.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, 50 мыңнан астам ағылшын әскері тобы Иран жеріндегі үстемдігін барынша тұрақтандыруға тырысты.

Ирандағы Восуг од-Дауле үкіметі 1919 жылы 9 тамызда ағылшын-иран келісімшартына қол қойды, ағылшындар елді өз «камқорлығына» алды.

Әділетсіз келісімшарт халықтың жаппай наразылығын тудырып, ирандықтар Әзірбайжанда, Гилян, Хорасан аймақтарында ұлт-азаттық күрестің алғашқы ошақтарын тұтатты. Солтүстік Ирандағы Гилян провинциясының азаттық күресінің басында демократиялық саяси көзқарасты жақтайтын Көшек хан тұрды.

Коммунистік Интернационалды дүниежүзілік пролетарлық революция жеңеді деген үмітін барынша қолдаған Кеңес үкіметі Иранда социалистік революцияны ұйымдастыруға асықты. Бұл үшін кеңестік Әзірбайжан мен Түркістандағы мұсылман тұрғындардан Иран коммунистік партиясы мен Иран Қызыл Армия бөлімшелері құрылды. Иран коммунистері мен армия басшылары Гилянда дереу социалистік мазмұндағы өзгерістер енгізіп, Кеңес үкіметі тәртібін құруға тырысты. Көшек хан басқарған үкімет басшылары Иран коммунистерінің социалистік құрылыс орнату әрекеттеріне үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Гиляндағы революциялық ошак талкандалды, шах үкіметінің үстемдігі қайта орнатылды.

Иранның 1921-1945 жылдардағы саяси-экономикалық даму жолдары.

Ағылшындардың үстемдігі Иран армиясындағы ұлттық офицерлер тобының наразылығын тудырды. Парсы дивизиясының басшысы полковник Реза-хан армияны шетел үстемдігінен құтқарып, оның тәуелсіздігін бекіту ең маңызды міндеттің бірі деп санады.

Реза-хан бастаған әскери тобы Тегеранға өтіп, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырды.

Соғыс жылдарында едәуір күшейіп алған Иранның ұлттық буржуазиялық топтары күшті билікті аңсады.

1925 жылдың 31 қазанында Иран мәжілісі Каджар әулетін биліктен кетіріп, саяси билікті жаңа патшаға тапсырды. Полковник Реза-шаһ Пехлеви әулеті билік жүргізіп, тәртіпті катаятты. 20-30 жылдардың барысында Реза-шаһ Иранды заманға сай алға жылжыту жолында едәуір буржуазиялық тұрғыдағы реформаларды іске асырды.

Азаматтық қылмыс заң жобалары жарияланды, жер қоры есепке алынды, азаматтық соттар енгізілді.

Сыртқы саясатта Реза-шаһ үкіметі, фашистік Германиямен жақындасуды жөн көрді. Көптеген шаруашылық салаларында неміс мамандары жұмыс істеді. Немістер Иранға қару-жарак беріп, Иранның соғыс жарактарын жасап шығаратын зауыттарын бақылады. Екінші дүниежүзілік соғыс жағдайында Ирандағы неміс агенттерінің құпия әрекеттері тым асқынып кетті. 1941 жылы 12 шілде күні Англия мен КСРО-ның арасында «Германияға қарсы соғыста бірігіп әрекет істеу» шартына қол қойылды. Иранның солтүстік аудандарына КСРО әскери бөлімшелері, ал оңтүстік аймақтарына ағылшын әскери тобы енгізілді. Бұл оқиға Иран тарихында «шахривар оқиғасы» (шахривар – айдың аты) деп аталады. 1941 жылы 16 қыркүйекте Реза-шаһ тағынан бас тартып, саяси қызметтен кетуге мәжбүр болды. Иран тағына оның ұлы Мохаммед Реза Пехлеви отырды. 1943 жылы 9 қыркүйекте Иран Германияға қарсы соғыс жариялап, антигитлердік блокқа жақтас екенін білдірді.

1918-1945 жылдардағы Ауғанстан. XX ғасырдың бірінші жартысында мемлекеттік құрылыс мәселе бойынша ауған зиялы қауым өкілдерінің арасында «ескі ауғандықтар» және «жас ауғандықтар» тобы байқалды.

1919 жылы 20 ақпан күні сарайлық төңкерістің барысында Аманолла хан таққа отырды. Бірінші болып Кеңес үкіметі Ауғанстанның тәуелсіздігін мойындады.

Ағылшын үкіметі 1919 жылы мамыр айында Ауған жеріне басып кіріп, үшінші ағылшын-ауған соғысын тұтандырды. Ағылшындар ойлаған мақсатына жете алмай, соғыс шайқастарына сәтсіздікке ұшырап, уақытша бітімге келісуге мәжбүр болды. Ауғанстан тәуелсіздігі мойындалды. 1921 жылы 28 ақпан күні кеңес-ауған достық келісіміне қол қойылды.

Армияның, сауда буржуазиясының, едәуір жер иелерінің қолдауына сүйінген Аманолла хан реформалық әрекеттерді жақтады. Оның 1921 жылы *құлдықты жою туралы заңы* жарияланды. Мұндай реформаларды жүзеге асыру үшін «Заңдық кеңес» құрылды. Ең алдымен, салық жинау ісі қолға алынды. Ескі өзіндік салықтың орнына ақша салығы енгізілді.

1923 жылдың 10 сәуірінде «Негізгі заң» деген Ауғанстан елінің конституциясы жарияланды. Конституция барлық тұрғындардың жеке бас құқығын, теңдігін, сөз, баспасөз бостандығын жариялады. Конституция жерге жеке меншіктік құқықты қолдап, оны ерікті түрде сатуға және сатып алуға ерік берді.

Реформалар барлық әлеуметтік топтарды қанағаттандыра алмады. Оны 1928 жылы басталған Бачайо-сакао бүліншілігінен байқауға болады. Тәжік және түрікмен тайпаларының Бачао-сакао (су тартқыш деген мағынада) бастаған бүліншілігі Аманолла ханды биліктен тайдырып, елден қашуға мәжбүр етті. Оның реформалық іс-әрекеттері жойылды.

Бұрынғы әскери министр болған Нәдір хан елдегі патриоттық күштерді топтастырып, Бачайо-сакао бүліншілігін басып тастады. Нәдір хан Ауғанстанның патшасы деп жарияланды. Нәдір әулеті орталық үкімет билігін күшейтуге тырысты. 1933 жылы 8 карашада Нәдір хан дүниеден өткеннен кейін, оның баласы Мохаммед Захир патша билігін иеленді. 1934 жылы Ауғанстан Ұлттар Лигасына кірді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ауғанстан үкіметі бейтарап саясатты ұстанды.

§11. Түркия

Түрік халқының ұлт-азаттық күресінің басталуы. Түркия халқының ұлт-азаттық күресінің алғышарттарының пісіп-жетілуі Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы шаруашылық күйзелісімен тығыз байланысты. Түркияның сұлтандық үкіметі өз халқының камын ойламай, Германия блогын жақтап, әділетсіз соғысқа килікті. Солдат киімін киген түрік жұмысшылары мен шаруалары азаттық күрестің қозғаушы күштеріне айналды. Германия империалистерінің саяси және экономикалық үстемдігін жақтырмаған халық бұқарасы 1916-1917 жылдарда майдан шебін тастап, елге қашты. Қашқындар қару-жарағын ала кетті. Германия саясатына қарсылық түрік офицерлерінің қатарында да байқалды.

Соғыста жеңілген Түркия жеріне Антанта тобының әскері енгізіліп, маңызды аймақтарды басып алды. Англия, Франция, Италия және Грекия әскерлері басып алған аймақтарында жергілікті халыққа зорлық-зомбылық көрсетті. Англия мен Францияның соғыс кемелері Босфор мен Дарданелл бұғаздарын, Батыс Анадолы аймақтарын басып алды.

Соғыстың соңында Ресей тұтқынында болған 80 мыңнан астам түрік солдаттары еліне қайтарылды. Олар Ресейдегі өзгерістерді әңгімелеп, халық бұқарасының наразылығын оятты. Антанта оккупанттарының зорлық-зомбылығы, көршілес елдегі (Ресейдегі) революциялық өзгерістер Түркия халқының наразылығын күшейте түсіп, елдің тәуелсіздігі үшін күреске жұмылдырды. Ұлт-азаттық күрес түрік халқы біртұтас топтасқан аймақ – Анадолы түбегінде басталды. Бастапқы кезде бұл қозғалыс жеке-жеке уәлаеттердің бостандығын көздеген болса, біраздан соң жалпы ұлттық сипаты бар қозғалысқа ұласты.

«Құқық қорғау ұйымдарын» құру. 1918-1923 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың басшылығында «Құқық қорғау ұйымдары» атты буржуазиялық-патриоттық қоғамдар болды. Осы аттас ұйымдар Түркияның көптеген аудандарында құрылды. 1919 жылдың жазында патриоттық ұйымдардың төрт орталығы байқалды. Бытыранқы ұйымдардың басын қосып, жалпы ұлттық ұйым құру жұмысын 1919 жылы мамырда Анадолыға келген *генерал Мұстафа Кемал паша* өз қолына алды.

Мұстафа Кемал паша 1881 жылы Салоника қаласында Али Ризабей деген ұсақ қызметші отбасында дүниеге келеді. Жас кезінен бастап ауқатты шаруа туысының қамқорлығында болып, әскери қызметке құмартып өседі. 1894 жылдан бастап жас Кемал әскери мамандыққа бейімделе бастады. Әскери училище, әскери лицей, әскери академия баспалдақтары – Кемалдың әскери сатымен көтерілген жолы осылай болды. Әскери лицейді және академияны үздік бағамен аяқтайды. 24 жасында «Генералдық штабтың капитаны» деген шенге жетіп, Сирия гарнизонында оған әскери қызмет жүктеледі. 1905 жылы «Жас түріктер» ұйымдарымен жақындасып, Сирия тобындағы жас офицерлерді біріктіріп, «Ватан» саяси үйірмесін құрады.

1911-1913 жылдары М. Кемал Африкадағы және Балқан түбегіндегі соғыстарға қатысады. 1916 жылы *генерал шені мен паша* деген лауазым алады. Ол отаршылдарға қарсы азаттық күрестің туын көтерген Шығыстағы алғашқы саяси қайраткерлердің бірі болды. 1918-1923 жылдардағы Түркиядағы ұлт-азаттық күрес оның есімімен *Кемалдық революция* деп аталды. М.Кемалдың тікелей қатысуымен 1919 жылы тамызда және қыркүйекте «Құқық қорғау ұйымдарының» жалпытүркиялық конгрестері өткізілді. Сивас қаласында өткен конгресте 13 адамнан құрылған уәкілетті өкілдік комитет сайланды. Оның төрағалық қызметі М. Кемалға жүктелді.

Сұлтан үкіметі шетел әскерлерінің көмегімен азаттық қозғалысын басуға кіріскенде, М.Кемал бастаған өкілдік комитет жаңа парламент шақыру қажеттігін жариялап, бұқара халықты азаттық күреске жұмылдырды.

1920 жылы Анкара қаласында Ұлы халық жиылысы (жаңа парламент) шақырылып, Түркияның тәуелсіздігі мен тұтастығы жарияланды. Ұлы жиылыс елдегі жалғыз ғана *заңдық орган* деп жарияланды. Мұстафа Кемал бастаған жаңа үкімет құрылды.

1911-1922 жылдардағы Ресей-Түркия келісімдері. М. Кемал үкіметі 1920 жылғы мамырда Мәскеуге өкілдер жіберіп, келіссөзге кірісті. 1921 жылы 16 наурызда *Кеңес-Түркия достық және өзара көмек жөніндегі келісімге қол қойылды*. Келісім бұрынғы империялар

арасындағы ескі шарттардың күшін жойып, тату көршілік катынастар орнатты. Келісімге сәйкес, Кеңестік Ресей үкіметі революцияшыл Анкара тобына тегін 10 млн сомдық алтын, қару-жарак, ок-дәрі жеткізетін болды.

Сакария шайқасы. 1921 наурызда Түркия армиясы Иненю атты ауылдың маңайында гректің басқыншы армиясын шегіндіріп, бірінші жеңіске ие болды.

Азаттық жолындағы күресті шешуші шайқасы 1921 жылы 23 тамыз – 13 қыркүйек күндері Сакария өзенінің бойында болды. 21 күнге созылған кескілескен шайқаста М.Кемал бастаған революциялық армия грек басқыншыларын талқандап, қарсы шабуылға шықты. 1922 жылғы сәтті шабуылдың барысында гректерден Анадолы түбегі толық тазартылды. Италия мен Франция әскерлері де елден шығарылды. 1922 жылы қарашада Түркияның Ұлы халық жиылысы сұлтан билігін жою туралы заң қабылдады. Империяның ақырғы сұлтаны V Мехмед елден қуылды.

Революциялық армияның жеңісі барлық қалалар мен ауылдарда зор қуанышпен қарсы алынды.

Түркия халқының ұлы жеңісі халықаралық конференцияда бекітілді. 1924 жылы 24 шілде күні Лозанна қаласында өткен халықаралық конференция Түркия мен 7 шетел мемлекеттерінің (Англия, Франция, Грекия, Румыния, Югославия, Жапония) арасындағы бітімді бекітті. Лозанна келісімі Түркияның аумақтық бүтіндігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін мойындады. Шетел мемлекеттерінің саяси және экономикалық артықшылығы жойылды.

Ұлт-азаттық күрестің маңызы. 1918-1923 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың арқа сүйетін күші Анадолы шаруалары болды. Анадолы шаруалары азаттық күрестің қаржылық және материалдық шығындарын да көтерді. Анадолы ұлттық буржуазия топтары кемалдық революцияны басқарушы саяси күш болды. Буржуазияның ұсақ және орта топтары жалпыұлттық антиимпериалистік революцияның сәтті өтуіне мүдделі еді.

Ұлттық-демократиялық сипатта өткен революция жаңа мемлекеттің тәуелсіздігін орнықтырып, қираған Осман империясының орнына республикалық билікті орнатты.

Кемал үкіметінің реформалары. Азаттық күресте жеңіп шыққан Түркия буржуазиясы өз билігін тұрақтандыруға бет алды.

1923 жылдың сәуір айында *Халықтық республикалық партия* құрылды. Партияның төрағасы М. Кемал паша парламенттік сайлауда жеңіп шығып, бұл партия үкіметті басқарушы күшке айналды.

1923 жылы 29 қазанда Түркия Республикасы жарияланды. Республиканың бірінші президенті М. Кемал паша болды. Сакаррия жеңісінен кейін М. Кемалға маршал шені мен «Қазы» деген атақ берілді. 1923 жылы 13 қазанда мемлекеттің астанасы Анкараға көшірілді. Діншілдер билігін мұқату үшін 1924 жылы 3 наурызда халифат жойылып, халиф әулеті елден қуылды.

Бұл кезде М. Кемал елді көп аралап, халықпен кездесіп, митинг, жиылыстарда сөз сөйлеп, жаңа конституция жариялау әрекеттеріне кіріскен еді. 1924 жылы 20 сәуірде Түркия мәжілісі жаңа Конституциясын жариялады. Конституция демократиялық тәртіпті бекітті. «Азаматтардың жеке басының еркіндігі, жеке меншік қауіпсіздігі, сөз, ой-пікір, баспасөз, жиналыс және ұждан бостандығы қорғалады» деп жарияланды.

1924 жылғы конституция республика президентіне билік еркіндігін берді. 1920-1930 жылдардағы Кемал үкіметінің реформалары елдің мәдени және тұрмыс жағдайына үлкен өзгерістер енгізді. 1924 жылы діни мектептер жабылып, азаматтық мектептер ашылды, шарифаттық сот орнына азаматтық сот органдары енгізілді. 1926 жылы азаматтық заң жинағы қабылданды. Бұл заң негізінде көп әйел алуға, бір адамның (еркектің) тілегіне сәйкес ажырасуға тыйым салынды. Азаматтық некелесу тәртібі, әйелдердің еркектермен тең құқығы жарияланды.

1925 жылы еуропалық киім кию, араб әліпбиінен латын әріптеріне ауысу (1928 ж.) жүргізілді. Түрік әйелдеріне сайлау құқығы беріліп, оларға мәдени, қоғамдық, саяси өмірге қатысуға жағдай жасалды. 1934 жылы мәжіліс фамилия енгізу заңын жариялады. Сол жылы 24 қарашада Түркияның Ұлы халық жиылысы М. Кемалға *Ататүрік* (түріктердің атасы) деген фамилия берді.

Экономикалық салада Кемал үкіметі этатизм (мемлекет) саясатын жақтады. Экономика дамуы мемлекет қамқорлығына алынып, мемлекет қаржыларының көмегімен өнеркәсіп орындары, темір және тас жолдар, порттар салынды. Ұсақ және орта жеке меншік кәсіпорындардың дамуына да қолдау жасалды. Мемлекеттік саясатты қолдау ниетімен Орталық Банк, Сумер Банк, Этибанк мемлекеттік банктері ашылды. 1925 жылғы заң негізінде ашар салығы (өзіндік салық) жойылып, түрік шаруалары біркелкі акша салығын төлейтін болды. Бұл заң ауылдағы ескі феодалдық сарқыншақтық әдеттердің сақталуына тежеу болып, түрік шаруаларының тауар-акша қатынастарына көшуіне жеңілдік туғызды.

1930 жылдардағы Түркия Республикасының халықаралық беделінің тұрақтануы. 1930 жылдарда Түркия Республикасының экономикалық жағдайының тұрақтануына байланысты оның халықаралық жағдайы да жақсара түсті. Түркия мен КСРО арасындағы экономикалық қатынастардың дамуы арқасында, КСРО берген 8 млн доллар несиеге Кайсері және Назилли қалаларында кеңес мамандарының көмегімен ірі тоқыма кәсіпорындары салынды. 1932 ж. Түркия Республикасы Ұлттар Лигасына қабылданды. 1936 ж. Түркия Республикасының өтініші бойынша Швейцарияның Монтре қаласында халықаралық конференциясы шақырылды. Конференцияның шешіміне сәйкес Босфор және Дарданелл бұғаздарын бақылайтын халықаралық комиссия таратылып, бұғаздар Түркия Республикасының иелігіне қайтарылды. Түркия өз қалауы бойынша бұғаздар жағалауына әскери бекіністер салып, қарулануға еркіндік алды. Конференция бұғаздардың әскери-соғыс кемелері мен азаматтық кемелердің өту тәртібін бекітті. Бұғаздарды түгелдей өз иелігіне қайтару Түркия мемлекетінің егемендік деңгейін көтеріп, халықаралық беделін өсірді. 1930 жылдардың соңында Түркия Республикасы Балқан түбегіндегі елдермен, Иран, Англия, Франция және Германиямен саяси-экономикалық қатынастарын жақсартып, өзінің халықаралық беделін күшейтті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Түркия. 1939 ж. қыркүйек айында Мәскеуге келген Түрік делегациясы екі ел арасында өзара көмек шартына келісуге дайын екенін білдірді. Гитлерлік Германиямен жақындасқан сталиндік үкімет Түркия ұсынысын қабылдамады.

Бұл жағдайда Германия елшілігі өзіне пайдалы жағын байқап, Түркиямен жақындасуға асықты. 1941 ж. 18 маусымда Түркия мен Германия арасында достық және өзара жауласпау шартына қол қойылды. 1941 ж. 25 маусымда Түркия үкіметі бейтараптық саясатты жақтайтынын жариялады.

Соғыс жылдарында Түркия Германиядан қол үзбей, стратегиялық шикізаттар жеткізіп, хром, мыс рудаларын беріп отырды. 1943 жылғы Исмет Иненю Каир қаласында Рузвельт және Черчилльмен кездесіп, Англия - АҚШ одағымен жақындасудың жолын ашты.

1945 жылы 23 ақпанда Түркия Германияға соғыс жариялап, антигитлерлік одақ жағына ауысканын білдірді. 1945 жылы 19 наурызда КСРО үкіметі 1925 жылғы кеңес-түрік бейтараптық келісімді жойғанын хабарлады. Кеңес үкіметінің бұл асығыс әрекеті көп жылдар бойы қалыптасқан кеңес-түрік достық қатынастарының шытынауына себеп болды.

§12. Азиядағы араб елдері

Азия елдерінің бір тобы Азия құрлығында өмір сүруде. Олардың қатарына Араб түбегіндегі Сауд Арабиясы, Йемен, Оман, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Қатар, Бахрейн, Кувейт, Таяу Шығыс аймағындағы Ирақ, Сирия, Ливан, Иордания, Палестина жатады.

XX ғасырдың бас кезінде аталған елдер тәуелді жағдайда дамыған. XVI ғасырдың басынан бері Осман Түркиясы үстемдік жүргізген. Араб Шығысына XIX ғасырдан бері қарай батыс еуропалық елдері тиісіп, біртіндеп өз биліктерін орната түскен еді. XX ғасырдың басында Аден, Парсы шығанағындағы елдер, сондай-ақ Мысыр Англия бақылауында болған. Қалған жерлер ресми түрде Түркия империясының құрамында саналды. Бірақ ол өзі жартылай отарға айналғандықтан Сұлтан үкімі сарқыла түскен.

Араб елінің жағдайы әр қалай дамыған. Сирия, Ливан жағалауларында, Бағдад, Басра қалаларында қолөнер дамыған, шағын кәсіпорындар шыққан, сауда қызған. Көптеген аумақтарда ежелгі дәстүрлі егіншілік пен мал шаруашылығы басымды еді. Діни-феодалдық негізде өмір сүрген араб қоғамы дағдарысқа тап болып, сансыз қайшылықтармен тежелтіп келген. Солардың ішінде шет елдер капиталының қанауы қатты сезіле түскен. Сирия мен Ливанда ағылшын мен француз фирмалары, компаниялары темекі, мақта өсіру, кілем тоқу, жүн-тері өңдеу салаларында нығайып, шикізаттарды өз елдеріне алып, араб жерлеріне өңделген тауар әкеліп, байи түскен.

Әкімшілік жағынын араб жерлері уәлаяттарға (Басра, Бағдад, Мосул, Халеб, Дамаск, Бейрут) және санжақтарға (Ливан, Палестина) бөлінген.

Аденнен тыс Арабия түбегінің жағалауындағы жерлерде түрік әскери бөлімшелері орналасты. Бірақ Парсы шығанағындағы Бахрейді, Кувейтті билеген жергілікті шейхтер ағылшындармен келісімге келіп, солардың қолына өте бастаған. Қазіргі Ирақ, Басра, Бағдад, Мосул уәлаяттарына қарасты еді. Сирия, Ливан, Палестина жерлері Халеб, Дамаск, Бейрут уәлаяттары мен Ливан және Иерусалим санжақтарына бөлінді. Оларды Осман империясының сұлтаны тағайындайтын пашалар (губернаторлар) және санжак бейлер басқарды. Қолдарына саяси, әскери, сот, қаржы саласындағы билікті шоғырландырған олар араб халқымен санасуды, олардың хал-ахуалын жөндеуді тіпті ойластырмады десе де болады. Қатаң тәртіп, салықты асыра жинау, көнбегендерді жазалау, сұлтан сарайына табыстың бір бөлігін жіберіп тұру, міне, негізгі жүктелген міндет осымен шектелді. Сонымен бірге өздері қол астындағы шенеуніктері жемқорлыққа түсіп, баюға әбден

кұнықты. Жергілікті көсемдер, бай жер иеленушілер, ислам, христиан діндарларының жоғары топ феллахтары колөнершілерді, жартылай көшпенді болмаса көшпенді бәдуиндерді қанап-төстеп келді.

Қазіргі Сауд Арабиясы жерінде бірнеше жергілікті аксүйек шейхтер ұстаған тайпалар кездесетін. Солтүстік-Шығыс аймағында XVIII ғасырдан бері Ислам өмірін қарапайымдандыруды, пайғамбар заманындағы ескі тәртіпті қайта жандандыруды уағыздаған уахабшылар ықпалы арта түскен. Сол ағымды қолдаған Сауд отбасылары XX ғасырдан бас кезінде үшінші рет бас көтеріп, өз үстемдігін орнатуға тырысты.

Жоғарыда аталған Сирия, Ливан, Палестина, Ирак, Йемен, т.б. жерлерде халық ауыл шаруашылығымен шұғылданды. Қалалардағы ауыл шаруашылығы тоқтап қалды. Сирия мен Ливанда француздардың капиталы мақта, темекі, жүн, сауда, қаржы салаларына еніп, күшейе берді. Француздардың «Режи» темекі монополиясы темекіні өсіру, жинау, сату істерін толық бақылауға алды. Осында өндірілген мақта, темекі ең алдымен Англияға жіберіліп тұрды. Ішкі өндіріске мақтаның ¼-ін ғана қалдырды. Ливан өте көп жібек құрттарын өсіретін, ал жібек жіптерді Франция мен Италия сатып алатын. Сауда негізінен Еуропа елдерімен дамып келді. Шетке шикізаттар мен азық-түлік жіберілетін Түркияның негізгі аймақтарымен сауда байланыстары барған сайын қысқартыла түскен. Бұл жағдай Еуропа елдерінің экономикалық үстемдігінің орныға бастағанын анық көрсеткен еді.

Саяси өмірде де түріктердің мәні төмендеген. Жас түріктер қозғалысына артқан үміттер орындалмай қалды. Сол кезде құрылған мәдени-қоғамдық ұйымдар: Жас Арабия, Әдебиет клубы, т.б. қызметіне кейін шек қойылды. Араб либералдық помещиктері мен жаңадан шыға бастаған буржуазия арасында батыс елдері іріткі істер және үгіт жүргізіп, өз ықпалдарын күшейтуге тырысты. Арабтарды түрік үстемдігінен құтқарамыз, арабтардың басын қосып біркелкі орталықтанған мемлекет құрамыз деген үгітіне сенгендер болды. Англия, Франция, Ресей елдерінің дипломатиясы Түркияны ыдыратып, ол ұстаған араб жерлерін өз қолдарына түсіруді ойластырған еді. Бірақ, олардың зұлымдық жоспарларын араб жұрты кеш ұқты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері. 1914 жылы тамызда басталған дүниежүзілік соғысқа Түрік империясы қатыспайтынын мәлімдеді. Соған қарамастан ағылшындар Мысырды оған қатыстырған. Елдегі Германияның, Австро-Венгрияның мүліктерін, кемелерін жау елдердікі деп есептетті. Суэц каналына ағылшын әскерлері енгізілді. 1914 жылы желтоқсанда Мысырға Англия протектораты жарияланды. Түріктерге бой бұрып жүрген хедив Аббас

Хильмиді тактан тайдырып, оның орнына отаршылдардың ықпалында болған Хусейн Кемалды отырғызды. Англия оған «сұлтан» деген атақ тақты. Ағылшындардың бас консулы енді жоғары комиссар лауазымын алып, елдің өмірін шешетін құқыққа жетті. Ол бірден әскери жағдай енгізіп, баспасөзді бақылауға алды, ереуілдерге, шерулерге тыйым салдырды.

Бұл әрекеттерді ескере отырып, Түркия сұлтаны 1914 жылы карашада Антанта елдеріне қарсы «жихад» соғысын жариялады. Суэц каналын қайтаруға әскер жіберілген еді, бірақ ағылшындар оны талқандап жіберді. Германияның айтқанына көнген Түркия Ресейге де қарсы шықты. Теңіздегі және Кавказ аймағындағы шайқастарда түрік армиясы орыстардан жеңіліп, 1914-1915 жылдары шекарадан 250 шақырымға дейін шегінуге барды. Армян жерлерін қолға түсірген Ресей патшалығы жергілікті халықты түріктерге қарсы айдап салды. Сол арада басталған армян-түрік қырқысы басқа аймаққа тарады. Бұрыннан бері армян саудагерлері, кәсіпшілері, колөнершілері Стамбұлда, бүкіл империяның басқа қалаларында өмір сүріп келген еді. Олардың шіркеулері қызмет атқарып отырған, діни бостандығы сақталды. ХІХ ғасырдың басынан бері қарай Кавказ аймағындағы, Балкан түбегіндегі христиандарды түріктерге қарсы тұрғызу Еуропа елдерінің саясатында үлкен орын алған болатын. Енді ол барынша жанданды. 1915 жылы қырқыста түріктер де, армяндар да қатты қансырады. Екі жақтан миллионнан астам адам қырғынға ұшырады, босқын болып азап шекті. Сол қайғы-қасірет армяндар тарихында өшпестей із қалдырды.

Батыс елдері арабтарды түріктерге қарсы бас көтеруге бағыттады. Түркия сұлтаны бекіткен әр аймақтағы жергілікті араб билеушілерін, тайпа көсемдеріне уәде етіп, Англия, Франция, Ресей жағына шығуға үгіттеді. Сол кезде қасиетті қалалар Мекке мен Медина орналасқан Хиджаз шерифі Хусейнге қараған еді. Англия 1915 жылдың соңында құпия шарт жасасып, оған келешекте барлық арабтарды біріктірген мемлекет құрып беруге ант етті. Ол бәдуиндерді, қала тұрғындарынан, феллахтардан жасак құрастырып, ағылшын қаруымен қаруландырып, түріктерге қарсы соғыс бастады. Хусейннің екі ұлы Абдолла және Фейсал басқарған атты және түйелі әскерлер Палестина, Сирия, қазіргі Ирак аймақтарында шайқастарға қатысты.

Египеттегі ағылшын әскери күштері де Палестина мен Сирия жеріне енген. Француз әскерлерімен бірігіп олар түріктерді ығыстыра түсті. Ағылшындар Парсы шығанағындағы түрік бекіністерін қиратып, Басраға қарай жылжыды. Иран жағынан да орыс-ағылшын армиялары қысым жасаған. Сөйтіп, жаулар түріктерге сокқы бере отырып, бүкіл

Араб түбегіндегі, Ирактағы, Палестинадағы, Сириядағы, Ливандағы сұлтан әкімшілігін жойды. 1916-1917 жылдары Басра, Бағдад, Дамаск, Иерусалим, т.б. қалалар Антанта елдері мен арабтар қолына өтті. Хусейн және басқа араб шонжарлары мақсаттарына жеткендей болды.

Бірақ, Еуропа елдерінің өз мақсаттары болған. Соғыс қызып жатқанда ағылшын және француз үкіметтері арабтардың тағдырын қарастыруға барды. Керек болса, олар Ресейді қатыстырмай, 1916 жылы мамырда Таяу Шығыстағы араб жерлерін бөлісіп алу туралы Сайкс–Пико келісіміне қол қойды. Біраз уақыт өткенде бұл жоспар Ресей билеушілерінің құлағына шалынып, орыс дипломатиясы шетте қалғанына қарай наразылық білдірген. Германиямен Еуропа аймағындағы болып жатқан шайқастардың негізгі ауыртпалығын көтеріп отырғанын алға тартқан Ресейдің тілектерін ескермеу мүмкін емес еді. Бұл жолы орыс патшалары ғасырлар бойы армандаған ойларын іске асырмақ болып, Қара теңіздің оңтүстік жағалауына, Стамбұлға, Босфор мен Дарданелл бұғаздарына жармасты. Келешекте бүкіл Қара теңізді, оның Жерорта теңізге шығатын жолдары мен дарбазасын Ресей өз қолына алатын болды. Франция және Англия ішінен оған көңісі келмесе де, тағы да бір құпия шарт жасасуға барды. Сөйтіп, үш отарлы империялар Түркия империясын толық бөлшектеуге даярланды. 1918 жылы қазанда түріктер Сирия мен Ливан жерінен кетуге мәжбүр болды. Олардың орнына араб, ағылшын әскерлері келе бастады. Кейбір жағалаудағы аудандарда Франция күштері де орналасты.

1917 жылы оқиғаларға байланысты Ресей Таяу Шығыс мәселелеріне араласуға шамасыз болды. Ендігіде Франция мен Англия үстемдіктерін орнатуға кірісті. Париж–Версаль конференциясына арабтарды қатыстырмай, олардың тағдырын шешу қолға алынды. Палестина, Сирия жерлерін азат етуге қатысқан әмір Фейсал ағылшындардың сенімді адамы болғандықтан, Англия дипломатиясы конференцияға оны шақырған болатын. Бірақ, оның пікірімен санасуға батыс елдері бармады. Араб елдерін бөлісу 1920 жылы 25 сәуірде Сан–Ремо келісімі бойынша реттеліп, Франция протектораты Сирия мен Ливанда, ал Англия протектораты Ирак пен Палестинада орнады.

Арабтың Шығысындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өріс алуы. Арабтардың алданғаны 1917 жылдың соңында–ақ анықталды, өйткені Ресейдегі большевиктер үкіметі шығыс халықтарын өз жағына тарту үшін патшалық Ресейдің империалистік елдермен жасасқан құпия шарттарын жариялай бастады. Біраз уақыт ағылшын-француз жағы арабтардың көсемдерін конференцияға дейін күте тұруға көндірді. Бірақ араб халықтары батыс елдерінің әскери билігіне қарсы

болды. Олар Париж конференциясының атына дүркін-дүркін батыс елдерінің қысымын әшкерелеген жеделхаттар жолдап, тілектерін білдіріп жатты.

Сирияда, Иракта халық наразылығына сүйеніп, ұлтшыл күштер ұйымдасуға кірісті. Отаршылдар бірден әскери тәртіп енгізіп, өз билгендерін істей бастаған. Франция үкіметі Сирия мен Ливанға жоғарғы комиссар тағайындап, барлық билікті ұстатқан. Әскери күштері 1919 жылы 7 мың адам болса, 1920 жылы 70 мыңға көбейтілді. Уақытша Шығыс Сирияның губернаторы болып Әмір Фейсал есептелді.

Франция 1920 жылы «ұлы Ливан» аталған мемлекетті бөлшектеп, бұл ауданда өмір сүрген христиан-арабтарының (марониттердің) көсемдеріне ерекше қамқоршылық жасаған еді. Сирия жерінде отаршылдар бірнеше кішігірім мемлекеттер құрастырған (Халеб, Дамаск, Джебель-Друз, Латакия). 1925 жылы Халеб пен Дамаскіні қосып, Сирия атты мемлекет құрды. Джебель-Друз, Латакия Ливанмен біріктірілді. Феодалдар мен ірі саудагерлер қатысқан кеңестер шақырылып, солармен ақылдасқан француз әкімшіліктері әр жерде орналасты.

Бұл әрекеттерге 1919-1920 жылдары құрылған «араб клубтары» халықты қарсы тұрғызды. Таулы аудандарда, қалаларда ереуілдер мен қалың халықтар ұлғайып, елді француздардан құтқару күресі өрістей түсті. 1919 жылы мамырда басталған Латакия феллахтарының қарулы күресі үш жылға созылды. Шығыс Сирияда (Дамаск аймағы) көптеген ұйымдар 1919 жылы маусымда Бүкілсириялық конгресс шақырып, протекторат жоспарына қарсылық білдірді. Қарашада ол қарсыласу күресін бастауға үндеу жариялап, халық жасақтарын қаруландыруға кірісті. Ол кезде Шығыс Сирияны билеп тұрған Фейсал тұрақсыздық саясат ұстап, біресе Франция премьер-министрі Клемансомен келісімге барып, халықты күресті тоқтатуға шақырып, біресе өзін Сирия мәлігімін деп жариялады. 1920 жылы көктемде Бүкілсириялық конгресс Сирия, Ливан, Палестина елдерінің тәуелсіздігін жариялады.

1920 жылы шілдеде француздар Шығыс Сирияны қолға түсіруге кірісті. Халық оған қарсы тұрды. Юсуф Азм бастаған сириялықтар тау жолындағы шайқаста батылдық көрсетіп, бірнеше жүздеген адам қаза болған. Ал Фейсал тобы Дамаскіні қорғамай жауға тапсырды. Франция оны елден қуған. Кейін Англия Фейсалды Ирақ тағына отырғызды. Бұдан кейін Франция Сирия ұлтшылдарын қатты жазалауға кірісіп, қырыққа таман қайраткерлерді ату жазасына кесті.

Сирияда астыртын жағдайда өз жұмысын «Хизб әл-Истиклал әл-араби» (араб тәуелсіздігінің партиясы – АТП) жалғастырып келді. 1920 жылдың күзінде елде шаруалар көтерілістері бұрқ етіп, келесі жылы

бүкіл шығыс аймағын қамтыды. 1922 жылы сәуірде Дамаск пен басқа қалаларда ереуілдер өтті. Ел ішінде Сирия бірлестігі партиясы (СБП) құрылып, араб елдерінің тәуелсіздігін қолдауға шақырды. Батыс елдері және Ұлттар Лигасы ол оймен санаспады. Шахбендер, Сұлтан әл-Атраш бастаған көтерілістерді жою үшін Франция 1922 жылы ондаған шайқастарға катысып, 5 мың әскерінен айырылған, ал арабтардың шығындары есепке алынбады.

Сонымен бірге отаршылдар бай топтармен және кейбір саясатшылармен келісім жасауға көңіл бөлді. Олар «Хизб әш-Шаабка» (халық партиясы) жол ашқан. Сол кезде жұмысшылар арасында коммунистік топтар да қалыптаса түсті. 1925 жылы жазда отаршылар қысымына қарсы Сұлтан әл-Атраш бастаған жаңа көтеріліс Джебель – Друзды қамтыды. 4 мың әскері бар генерал Мишо шайқаста жеңіліп қалды. Губернатор Саррайль келіссөз ұсынып, 20 күндей уақыт ұтып алды. Соны пайдаланып Франция Марокко халқының көтерілісін басқан армияны Сирияға жеткізіп алды. Сол арада «Хизб әл-Шааб» Дамаскіде көтеріліс ұйымдастыруды шешкен еді. Отаршылдар партия жетекшілерін қамап, ұйымды жапты. Кейбір басшылар (Шахбендер) друздарға қосылып, елде үкімет жариялаған. Француздар хайуандық істерге жол берді. Жазаланған адам денелері Дамаск көшелері мен алаңдарында көмусіз сақталды.

1925 жылы 18 қазанда Дамаск көтерілді. Оны басу үшін Франция әскерлері зеңбірек пен ұшақтарды іске қосып, Дамаскіні киратты. Сонда бүкіл Сирия мен Ливанды ереуілдер және көтерілістер жайлады. Париж ғана губернаторды жіберіп, мұсылмандар мен христиандар арасындағы қайшылықтарды жандандырды. Губернатор да Жуневель көтерілісшілерімен келіссөздер бастап, кейбір мәселелерді Сирия мен Ливан мүддесіне қарай реттеуге келісті: екі елде конституция енгізілу, ұлттық үкімет құрастыру, көтеріліске катыскандарға кешірім беру, т.б. Сирия ұлтшылдары оларды азсынып, көтерілістерін жалғастыра түскен еді. Бірақ кейін отаршылдар жағына ауысып, 1927 жылы елде тыныштық орнады.

Ағылшындарға тиген Ирақ пен Палестина жерлерінде де ереуілдер мен қарулы көтерілістер тоқтаусыз жүріп жатты. Оған катыскан қала тұрғындары, феллахтар, бәдуилер тәуелсіздікті қалады. Палестина арабтары сонымен бірге елге еврейлерді қоныстандыруға қарсылық білдірді. Англия үкіметі Бальфур мәліметіне орай соғыс кезінде еврей капиталына сүйеніп, Палестинада еврейлердің көшіп келуіне кең есік ашты. Шындыққа жүгінсек, ол үрдіс ХІХ ғасырдың аяғынан басталған еді. ХІХ ғасырдың ортасында Палестинада 10 мың еврейлер өмір сүрді. 1882 жылы олардың саны 24 мыңға, 1900 жылы –

50 мыңға, 1914 жылы – 85 мыңға жетті. 1918 жылы еврейлер халықтың 8 %-ын құрады.

Париж–Версаль, Сан–Ремо келісімдері мен Ұлттар Лигасы бекіткен протекторат туралы шешім Англияға Палестинадағы билікті жүктеді және Бальфур декларациясы енгізіліп, Палестина жеріне еврейлерді қоныстандыруды барлық күшпен қолдау тапсырылды. 28 баптан тұратын құжатта «еврей ұлттық ошағын» қамтамасыз ететін шараларды жүргізу міндеттеліп, арабтар туралы бірде-бір сөз айтылмайды. Бұл еуропалықтар мен американдықтардың Шығыс халықтарына деген ниетін ашық көрсеткен куәлік болса керек.

Палестинада британдық үстемдік орнатылысымен жаңа тәртіп қалыптаса түсті. Ел өмірі тікелей Англия бақылауына өтті. Сауда байланыстары тек ағылшындар жағына бұрылды. 1920 жылы қазанда жерді еркін сату туралы заң бекітіліп, сионистік ұйымдар оны қызу қолдады. Араб помещиктері ақшаға қызығып, қымбаттау төлем ұсынған еврейлерге жер сатуға келісіп отырды. Англияның жоғарғы комиссары Г. Сэмюэл тегі еврей болғандықтан да, Лондонның саяси бағытын іске асыруға неше түрлі айлакерлік әдістерді пайдаланды. Ол 1920-1925 жылы Палестинаға еврейлерді қапталды. Еврей қауымына қаржы көмегін аянбады. Оларға ауыл шаруашылық техника, жабдықтар, лайықты дәнді-дақылдар тұқымдары жеткізіліп, құдықтар мен каналдар қазылып, шағын электр стансалар мен өндіріс орындары салынып жатты. Соның арқасында еврей кенттері дами түсті. Жерсіз қалған араб шаруалары жалданып, өлмес күндерін көріп жүрді.

Барған сайын арабтар мен еврейлердің арақатынастары нашарлай берді. Кедейленген, мүсәпірленген тұрғындар 1929 жылы ірі көтеріліске шықты. Оны күшпен басып тастаған ағылшын үкіметі тексеру жүргізді. Сонда ресми мәліметтерге қарағанда, феллахтардың 30%-ы жерсіз, ал көпшілігі 0,75 га жерді иеленген еді. Жұмыссыздық салдарынан қала тұрғындары қаңғырумен айналысты.

Еврейлердің қағына түсуіне ағылшындар біраз тосқауыл жасауды ойластырған, өйткені араб халықтарының наразылығы ұлғая берген. Тек сионистер оған бой бермеді. Лейбористік үкімет 1931 жылы 15 ақпанда шегініп, еврейлердің қоныстануы одан әрі күшейді. Оны мынадан көруге болады: 1920-1929 жылдары Палестинаға 100 мыңдай адам келді (1925 жылы 34 мың, 1926 жылы 13 мың адам келсе, оның 7 мыңы кетіп қалды, 1927 жылы кетушілер саны келушілерден 2 мың есе асты, 1928 жылы келушілер мен кетушілер тепе-тең болды). Палестинаға келген еврейлерге 514 мың дунам жер сатып алынды, оның 90%-ын қалада тұратын араб помещиктері сатты. 1927 жылы

110 еврей кенттеріне 903 дунам жер болған, ал оны игергендер саны 40 мың адам еді (дунам 0,1 га тең).

Сионистер кәсіпорындарға, егіншілікке ең алдымен еврейлерді қабылдады және оларға төлемақы 1,5-2 есе жоғары белгіленген. Іс жүзінде «жерді иелену, еңбекті иелену, тілді иелену» деген үш саясат арабтарға қарсы жүргізілді. Осыдан жердің, еңбектің, тілдің мәнін ұғуға болады. Әр кентте ашылған мектептерге, Иерусалимдегі иврит университетіне, Хайфадағы политехникалық институтқа тек еврейлер қабылданды. Тель-Авив қаласы тез қарқынмен көтеріліп, онда 1934 жылы 60 мың еврей орын тепкен. Сионистер неше түрлі саяси-қоғам ұйымдарын құрып, әскери-барлаушы, террористік топтарға жастарды тартты. Бұл жерде «сион жұмысшылары» (XX ғасырдың басында құрылды), «еңбек бірлігі» (1919 жылы), «жас жұмысшылар» (1920 жылы), «жас қорғаушы», т.б. ұйымдар қызмет атқарып келді. 1930 жылы Палестина жұмысшылар партиясы «ПЖП – Мапай» құрылды. Діншілдер партиялары мен ұйымдары қызмет атқарды. В. Жаботинский бастаған сионистер одағы бүкіл Палестинаны (Трансиорданияны да қосып) игеруді, арабтарды күшпен ығыстырып, тез арада еврей мемлекетін жариялауды көздеді. Оның «Иргун цван леуми» атты қаруланған жасақтары зорлық-зомбылық әрекеттерімен шұғылданып келді. Жұмысшылар арасында «Гистадрут» ұйымы сионистік үгіт жүргізді. Ал «Хағана» («Қорғаныс») ұйымы әскери дайындық жұмыстарын басқарып, кейін еврейлердің армиясының негізін қалады. Еврей қауымын басқаратын саяси органдар құрылды: депутаттар жиналысы, раввиндар кеңесі. Олардың тұрақты атқарушы комитеттері болды.

Палестинаға еврейлердің шоғырлануы 30-жылдарда қыза түсті: 1930-1932 жылдары 18 мың, 1933 жылы 30 мыңнан астам, 1934 жылы 42 мың, 1935 жылы 62 мыңға жуық, 1936 жылы 41 мың адам келді. 1933-1935 жылдары олар 172 мың дунам жер сатып алды, 1937 жылы еврейлер 5, 5 мың кәсіпорындарды иеленді.

Арабия түбегіндегі саяси жағдай өте күрделі дамыды. Оның жағалауындағы әмірліктер Аден, Хадрамауыт, Масқат, Оман, Қатар, Бахрейн, Кувейт ағылшындарға тәуелді еді. Қалған 5 мемлекет: Хижаз, Неджд, Джебель-Шаммар, Асир, Йемен өзара қырқысумен болды. Сауд Арабиясының Неджд билеушісі Абдул әл-Азіз ибн Сауд 20-жылдары Хусейнді жеңіп, Хижазды, Мекке мен Мединаны өзіне қаратты. 1927 жылы ол мәлік аталып, үлкен мемлекетті басқарды.

Араб қауымын ол кезде ірі феодал Мұса Қазым әл-Хусейни бастаған Араб-Палестина Конгресі (АПК) және оның атқарушы комитеті басқарды. Ол батылдық көрсетпей, ағылшындардың аузына қарап келген. 1921-1923 және 1927-1928 жылдардағы халық көтеріліс-

терін пайдалануға тырысты. 1929 жылы Иерусалимде, Хайфада, Наблуста қарулы көтерілістер бастағанда АПК халықты тыныштыққа шақырып, тағы да Англия үкіметімен келіссөз жүргізуге барды.

1933 жылы жаппай көтеріліске көптеген араб ұйымдары қатысты. Оның алғашқы қадамы Яффе қаласында 27 қазанда басталды. Келесі күндері басқа қалаларда қарулы қақтығыстар орын алды. Бұл жолы ашаршылық пен отаршылар орнатқан тілектері батылырақ болған, соған карамастан АПК осалдық білдіріп, оны жөнді басқара алмады. Келесі кезеңде оның арасында жікшілдік күшейіп, тайпалық болмаса таптық топтарға бөліне түсті (Хусейни, Нашашибиді, т.б.), 1935 жылы қарашада Хайфа жанында Изз әд-Дін әл-Қассам басқарған ірі көтеріліс болды. Сонда ғана араб партиялары бірлесіп Англия үкіметіне үндеу тапсырған. Англия заң шығарушы кеңес құруға уәде берген, арабтар оны құптағанымен, еврейлер көнбей қойды.

1936 жылы сәуірде елдегі жағдай қатты шиеленісті. 173 күнге созылған жаппай ереуілдер көптеген қалаларда өтті. Шаруалар қаруланып, көтеріліске қатысты. Әмин әл-Хусейни Жоғарғы араб комитетін (ЖАК) құрып, оны басқаруға ұмтылды. Ол қалалардағы ереуілдерді қолдаған, ал шаруалардың қаруланып ағылшындар мен еврейлер жасақтарына қарсы тұруын жөн көрмеді. Англия амалсыздан Ираққа, Йеменге, Трансиорданияға, Сауд Арабиясына өтініш жасап, қарулы қозғалысты тоқтатуын сұрады. Ол елдер «біздің досымыз ағылшын үкіметінің ізгі ниетіне берілу» қажет деп, көтерілісшілерді келіссөз жүргізуге шақырды. Сол жылы қарашада Англия арнайы тергеу комиссиясын құрып, елдегі жағдайды қарастыруға кірісті. 1937 жылы шілдеде ол комиссия мандат жүйесі сәтсіздікке ұшырағанын дәлелдеп, елді екі мемлекетке бөлуді, арабтардың ереуілдерін күшпен басуды, Палестинаның бір бөлегін ағылшындардың үстемдігіне қалдыруды ұсынды. Мұндай зұлымдықты арабтар қабылдамады. Оны еврей ұйымдары да қолдамады, өйткені олар Палестинаны тұтасымен өздеріне қаратуды мақсат еткен.

Елде қарулы қақтығыстар күннен-күнге өрістей түсті. Англияның әскери күштері арабтарды жаншуға кірісті. ЖАК басшыларын тұтқындай бастады. Адам шығыны көбейді. Кейбір жетекшілер шетелдерге қашып кетті. Сол кезде Англия «Хагана» ұйымына сүйенген еді, сөйтіп, екі жау бірігіп, жергілікті халыққа қарсы шықты. Р. Нашашибиді тобы да ағылшындар жағына өткен. 1939 жылдың басында 80 мыңға жуық ағылшын-еврей-араб жазалаушы әскери бөлшектері араб көтерілісшілерін тұншықтыруға шамасы келді.

1939 жылы ақпанда Лондонда «дөңгелек үстел конференциясы» шақырылып, оған Мысыр, Йемен, Сауд Арабиясы, Ирақ, Трансиор-

дания, Палестинадағы араб және еврей ұйымдарының жетекшілері қатысты. Оның жұмысы нәтиже бермеді. Англия болса сол жылы мамырда жаңа «Ақ кітап» даярлап, Палестинада 10 жыл өткен соң бірлескен араб – еврей мемлекетін құру жоспарын алға тартты. Келесі 5 жылда елге 75 мың еврей келуі қарастырылды. Бұл бағдарламаны арабтар да, еврейлер де мойындамады.

Ирақтағы жағдай. Бірінші дүниежүзілік соғыс біткенде қазіргі Ирақ жерінде 420 мың ағылшын–үнді әскерлері орналасты. Оның генералдары ел қалаларын және жерлерін жаулау емес, азат ету үшін, біз жау емес, керісінше достар ретінде келудеміз деген үндеулерін жариялады. Бірақ, ол жалған сөз екені тез арада айқындалған еді.

Англия жоғары комиссары барлық билікті өз қолына қаратып, алым-салықтар көлемін өсіріп, әскери тәртіп орната бастады. Ағылшын фирмаларына жаңа жеңілдіктер жасалып, оларға жерлер мен кәсіпорындар таратылды. Жергілікті шейхтер мен феодалдардың, саудагерлер мен кәсіпшілердің біраз жағдайларын жөндейтін шаралар қарастырылып, оларды өз ықпалына тартуға тырысты.

Ағылшындарға қарсы халық наразылығы 1918 жылы ұлғайып, ол 1920 жылдан бастап жаппай ереуілдерге ұласты. Оның қозғаушы күші Евфрат пен Тигр өзендерінің орта аудандарындағы шаруалар еді. Сол жердегі ұсақ феодалдар да оған қатысты. Қала тұрғындары, ұлттық буржуазиясы, зиялы топтары шетел қанауы мен үстемдігіне қарсы тұрды. 1918 жылы наурыз-мамыр айларында «Ислам өркендеу қоғамы» бастаған көтерілістер шықты. Сол кезде «Ирақ өсиеті», «Тәуелсіздіктің сұңқары» атты ұйымдар да өмірге келген. Оңшыл қанаттағы Джафар әл-Аскари, Нури Саид, әмір Фейсал әл-Хашими (кейін мәлік аталған) тобы Англия қамқорлығын қабылдаған араб мемлекетін құруды мақсат еті. «Тәуелсіздіктің сұңқары» (Хорас әл-Истиклал) ұйымында Бағдад саудагерлері мен кәсіпшілері, зиялылары мен діншілері басым болған. Олар толық тәуелсіздікті жақтаған. Ұйым басындағы Джафар Әбу әт-Тиман, Юсуф әс-Сувейді, Мұхаммед әс-Садыр, Ахмед Даудтердің «Тәуелсіздікті сыйлық ретінде емес, күшпен алады» деген ұраны көпшілік арасында тез тарады. Елде 1920 жылы мамыр-маусымда үлкен көтеріліс басталды. Оны алдын-ала шектеу үшін 17 маусымда ағылшын азаматтық комиссары Вильсон Англияға қамқоршыл туралы мандат берілгенін мәлімдеп, оның мақсаты елді тәуелсіздікке жеткізу, соған қарай елде сайлау жүреді, мемлекет органдары құрылады деген. Вильсон үндеуін қабылдаған оңшыл топ көтерілістен бас тартып, ал солшылдар халықты қарулы көтерілісті жалғастыруға шақырды. Жазғы көтеріліске 130 мың қарулы адамдар қатысып, елдің тең жартысы азаттық алды.

Не істерін білмеген ағылшын басшылары метрополиядан әскер алдырып, келіссөзге шақырып ақылдасу, ассамблея шақыру туралы ұсыныс жасады. Оған арабтар көне қоймады. 1920 жылы тамызда 150 мың армия жинастырып, отаршылдар Бағдадтағы көтеріліс орталығын басып-жаншуға кірісті. Мыңдаған арабтар камалып, айдалды. Бір топ жетекшілер атылды. Бағдадтан жазалаушы әскер бөлшектері қасындағы аудандарға аттанды. Қарулары нашар, бір орталықтан басқаруы жоқ шаруалар мен қала тұрғындарынан жасакталған көтерілісшілер қатты қарсылық көрсеткенімен, ағылшындар біртіндеп алға жылжи берді. 1920 жылы қазанда Ирақ Күрдістанындағы ұлт-азаттық қозғалысты басып, Англия үкіметі Джеф, Кербела қалаларын қолға түсірді. Қарсыласу тоқталмай тұрғанда-ақ, Бағдадка жаңадан жоғарғы комиссар болып Перси Кокс келді. Ол оңшылдармен келісімге барып, ұлттық үкімет құруға кірісті. Бірінші уақытша үкімет басына Абдрахман әл-Ғайлани тағайындалды (1920 жылы 23 қазан). Содан кейін көтеріліс басшылары туларын жығып, беріле бастады. Ақырғы оқ атысу қимылдары сол жылы қарашаның аяғында тоқтатылды.

20-30 жылдардағы Ирақ. Келешекте 1920 жылғы көтерілістей оқиғаға тап болмау үшін Англия Иракта тәуелсіздік нышанында мемлекет құрып, оның саяси бағытын бақылап отыратын жолдарды іздестірді.

1921 жылы жаңа мемлекет өз әскерін құруға мүмкіншілік алды. Ағылшын-үнді қарулы күштері Ирактан келесі жылы шығарылды, тек өте маңызды қалалар жанында ағылшын авиабазалары сақталған. Ирак армиясында ағылшын офицерлері жоғары орындарды ұстап отырды. Арабтарға сенім болмағандықтан, әскери базаларды ассириялықтардан жасакталған бөлшектер қорғады.

Көтеріліске қатысканы үшін өлім жазасына кесілгендерге кешірім жариялап, ағылшындар шетке кеткен азаматтарды Иракка қайтуға рұқсат берді. Елдің мықтыларын көндіріп, Фейсалды 1921 жылы 23 тамызда таққа отырғызды. Содан кейін тұрақты үкімет құрастырған. Әл-Ғайлани оны басқарды. Англия үкіметімен одақтас шарт жасалды (1922 жыл, мамыр). Ирактың шетелдермен байланыстарын бақылауға алды. Қандай да болмасын мәселелерді Ирақ ағылшындардың жоғарғы комиссарымен ақылдасып, шешуге көндірді. Елге шеттен қауіп төне қалған жағдайда Ирак тек Англияның көмегіне сүйенді.

Англия саяси әрекеттері елге тыныштық әкелмеді. 1922 жылы сәуірде және одан кейінгі айларда Бағдадта саяси ұйымдар тәуелсіздік тілектерін қайта көтере түсті. Солардың қысымымен үкімет құрамына

солшылдар өкілі Әбу әт-Тимман енгізілді. Шарт мазмұны белгілі болғанда қалаларда ереуілдермен шерулер ұйымдастырылып, оларды басу үшін күш жұмсалды. Соған қарамастан халық өкілдері сарайға барып, Фейсалдан шартты қабылдамауын талап етті. Соның салдарынан Әбу әт-Тимман үкіметтен шығып кетті.

1922 жылы бұрынғы партиялар орнына жаңалары өмірге келді. Солшылдар Ирақ ұлттық партиясын (ИҰП) және Ирак өркендеу партиясын (ИӨП) құрды. Бұл екеуі де шартқа қарсы тұрды. Ал әл-Ғайланиді жақтайтындар ағылшындарды қолдайтын Ирактың бостандық партиясына (ИБП) кірді. Сарай төңірегіндегілер де Англиямен ынтымақтасудан бас тартпай жүрді. Сол жылғы жаздағы толқулар мен шерулер Ғайлани үкіметін құлатты. Жағдай тағы да шиеленісе түсті. Англия бүкіл билікті Жоғарғы Комиссариатқа жүктеп, көптеген саясаткерлерді тұтқындады, саяси партияларға тыйым салды. Үкіметті қайтадан әл-Ғайлани басқарды. Ол 1922 жылы 10 қазанда жоғарыда айтылған шартқа қол қойып, бірақ елде жаппай ереуілдер жайлап, екі аптадан соң әл-Ғайлани саяси алаңнан кетуге мәжбүр болды.

Шартты бекітуге және тәртіпті нығайтуға оңшылдар мен ағылшындар құрылтай жиналысын шақырмақ болды. Оған көпшілік жол бермей, тек 1 жарым жыл өткенде ғана жиналысқа сайлау жүргізілді. Оның құрамындағылар да шартқа қарсылық білдірді. Бірнеше үкімет құрастырып, халықтық ереуілдерді басып жатты, Англия 1924 жылы 10 маусымда шартты бекітіп, қыркүйекте оны Ұлттар Лигасы қабылдады. Сол жылы Ирак конституциясы күшіне енді, оның 3-бабы негізгі заң құжаты ағылшын-ирақ шартына қарсы келмейтінін атап көрсетті.

Келесі күрделі мәселе – Ирактың Иранмен, Неждбен (Сауд Арабиясының негізін қалаған князьдік), Түркиямен, Сириямен, Трансиорданиямен шекарасын реттеу болды. Бұл жерде мұнайға бай Мосул уәлаятын Түркиядан Иракқа беру қиынға түсті. Ұлттар Лигасының Кеңесі ол аймақты Ирактікі болсын деген шешімді 1925 жылы 16 желтоқсанда шығарды. Сөйтіп, әлемдегі ең ірі мұнай қорының бірі Ағылшын мұнай компаниясына өткен еді. Билеуші топтары Мосулдың Иракқа өтуіне риза болып, Англиямен жасасқан шарттың күшін бұрынғы жобаланған мерзімге ұзартты (1926 жыл 13 қаңтар). Соған қарай ағылшын билігі 1950 жылдың соңына дейін сақталды.

1927-1929 жылдары Ирак мұнайын игеруге француздардың «Компани Франсэз дю петр» компаниясы мен АҚП компаниялары

катысты. Ағылшындар өз компаниясының атын «Ирак петролеум компани» деп өзгертіп (ИПК), ол елге XX ғасырдың 70-жылдарына дейін қызмет жасады.

1927 жылы Англия жағы Иракка қағаз жүзінде тәуелсіздік беріп, мандаттық жүйеден бас тартуға даярлық білдірді. Сол жылы желтоқсанда екі ел жаңа «Достасу мен одактасу туралы шартқа» қол қойып, 1926 жылы шартты біраз өзгертті. Бірақ бұл жолы да ағылшындар үстемдігі бұлжытпай сақталды. Бұқара халық оған қарсы болып, елде ереуілдер жайлады. Үкімет пен парламент таратылып, 1928-1929 жылдары саяси дағдарыс өрши берді. Сол кезде қорғаныс министрі болып жүрген Нури Саид өкімет басқаруға көтерілді. Ол барып тұрған айлакер еді. Саид жауларына аяусыз қарайтын, ағылшындарға берілген, 1929-1930 жылдары ереуілдерді басуға қатысқан Н.Саид 1930 жылы 30 маусымда Англиямен жаңа шарт жасасқан. Ол 25 жыл бойы күшін сақтап, Англияға әскери-саяси тізгінді ұстатқызып қойған құжат еді. Қарсылық жасағандарды қуғын-сүргінге ұшыратып, Н.Саид үкіметі шартты бекіткен (1930 жылы 1 қараша). 1932 жылы 3 қазанда ел Ұлттар Лигасына қабылданды. Сөйтіп, мандат жүйесінің орнына Ирак тәуелсіздік алды, бірақ ағылшындар үстемдігі елде сақталған еді. Кейбір саясаткерлер фашистік елдермен жақындасуды да көздеді.

Палестина жерін 20-жылдардың басында ағылшындар Трансиордания әмірлігін құрған болатын. Оның басына Хиджаз шерифі Хусейннің екінші ұлы Абдолланы отырғызды. Бұл өте нашар дамыған ел еді. Оның сауда мен ауыл шаруашылығы, саяси өмірі, қаржысы, әскері толығымен ағылшындықтар қолына қарады.

Араб түбегінде 20-30 жылдар аралығында Йемен және Сауд Арабиясы қалыптасты. Бұл екі монархиялық мемлекеттер және уахабизм ағымдары да орнығып, діншілдер мен феодалдар үстемдігі нығайды. Олар шет елдермен, соның ішінде Кеңес Одағымен қатынастар орнатуға барған алғашқы араб елдері болды. Сауд Арабиясының астанасы Эр-Риадка бірінші Кеңес елшісі ретінде Нәзір Төрекұлұлы жіберілді. Ол көп тілдерді игерген, өте шыншыл және әділетті дипломат болды. Өкінішке орай 1937 жылы жазықсыз ұсталып, атылды.

Йемен және Сауд Арабиясы тұрғындарының хал-ахуалы өте нашар болды. Тек 30-жылдарда Сауд Арабиясында мұнай көздері ашылып, оларды АҚШ мұнай компаниялары игеруге кірісті. Кейін олар бірігіп, «Арабиен-Америка ойл компани» («АРАМКО») деп аталды. Бірінші рет бұл елдің мұнайы 1939 жылы 1 мамырда шетке экспортталды. Соғыс жылдарында мұнай өндірілмей қалды.

Сөйтіп, 30-жылдары Азияда үш-төрт араб мемлекеттері құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты Араб елдері соғыс қимылдарына тартылды. Ливияда италяндықтарды жергілікті тұрғын халықпен әскери қақтығыстары әлі жүріп жатқан. Бұл ел ағылшын-француздардың Таяу Шығыс пен Африкадағы иеліктеріне державалардың әскерлерін жылжыту үшін табантірек болды. Германияның Югославия мен Грекияны жаулап алуы, Францияның жеңіліске ұшырауы фашистік мемлекеттердің көп артықшылықтарын айқын көрсетті. Кейбір араб елдерінде германдық топтар ерекше жандана бастады. Мәселен, Ирактың жоғары тобы 1941 жылы сәуірде әл-Гайлани өкіметіне үлкен сенім артты. Бұған жауап ретінде Англия Иракты басып алып, оның үкіметін Германияға қарсы соғыс жариялауға мәжбүр етті. Вишистер Сирия мен Ливанда, Германия және Италия әскерлерінің орналасуына келісім берді. 1941 жылы маусым айында Англия осы араб елдерінің аумағын басып алды. Генерал де Голль басқарған «Шайқасушы Франция» әскери бөлімдері де келген. 1941 жылы қыркүйек-қазан айларында Сирия мен Ливан тәуелсіз ел болып жарияланды. 1941 жылы наурызда бұл елдерде конституция қалпына келтіріліп, сайлау өткізілді. Ұлттық блоктың жетекшісі Шукри әл-Қуатли Сирия президенті болды. Ливанда оңшыл христиандық партия – конституцияшыл партиялары нығайды.

§13. 1914-1945 жылдардағы Африкадағы араб елдері

Африкадағы араб елдерінің жағдайы Солтүстік Африкада бір топ араб елдері өмір сүреді. Олар ХҮІ ғасырдан бері қарай түріктердің қол астында болып келген. ХVІІІ ғ. аяғында батыс елдері бұл аймақты өзіне қаратуға жол бастаған. Англия, Франция, Ресей, ал кейінірек Германия, Италия, Испания бір-бірімен біресе достасып, біресе жұлысып жүріп араб жерлерін жаулай түсті. Франция 1830 ж. Алжирді жаулап алды. ХІХ ғ. аяғында Тунисті, ХХ ғ. басында Марокконың көп жерін өзіне қаратып алды. Мароккоға Испания мен Германия да таласқан. Германия басқа аймақтарда ұтыс тауып, бұл елден бас тартқан. Сөйтіп 1912 ж. Марокко елі Франция мен Испанияның протекторатына айналды. Қырым соғысында жеңіліп қалған Ресей ХІХ ғ. екінші жартысында шетте қалып қойды.

Англия Жерорта теңізінің негізгі дарбазасы саналатын Гибралтарды ұстаған соң, екінші дарбазасы – Суэц каналына

жармасқан. Мысырға Англия әскерлері енгізіліп, бұл елде Лондон үстемдігі орнатылды. 1898 ж. Англия Суданды отарлады.

Түріктердің ықпалы тек Либияда ғана XX ғ. басына дейін сақталып тұрған. Әлсіреген Осман мемлекетінде XX ғ. басында Германия ықпалы нығая түскен. Неміс жағы Либияны өзіне қаратуды аңсаған. Оның аяғы Түркия–Италия соғысына апарып (1911 ж.), Османдар қожалығы жойылған. Бірақ Италия отаршылдарына сенуситтер (Сенуситтер бауырластық қауымы) қарсыласқан. Италия теңіз жағалауындағы аудандарды бағындырып, ішкі өлкелерге бата алмады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде барлық араб елдері батыс отаршыларының қанауынан зардап шегіп, күйзеліске ұшырады. Ауыл шаруашылығы шетелдіктерге қажет бір ғана өнім шығаруға бейімделді. Судан мен Мысыр мақта, Алжир мен Тунис жүзім өсіруге маманданды. Ең құнарлы жерлер еуропалықтардың қолына өтіп, жергілікті феллахтар плантацияларда жалданып жұмыс істеген. Жерсіз қалған ауыл тұрғындары қалаларға ауысып азап тартқан.

Африкадағы араб елдеріндегі ұлт-азаттық күрестің өрістеуі. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде-ақ араб халықтарының наразылығы ұлғайып, отаршылдарға қарсы қозғалыстар басталған. Соның бір Мысырда болса, екіншісі Мароккода өтті.

Марокко таулы аудандары батыс елдерінде бағынбай жүрген. Соғыс бітісімен Испан үкіметі 60 мың әскер жинап, оларды өзіне қаратпак болды. Риф тауларын мекендеген тайпалар қарсы көтерілді. Мұхаммед ибн Абд әл-Керим әл-Хаттаби бастаған жасактар 1921 ж. Ануалда испандықтардың 20 мың әскерін ойсырата жеңіп шықты. Бұдан кейін Риф республикасы құрылып, Абд әл-Керим оның президенті болды.

Алдында Франция Испаниямен бақталаста болып, арабтарға қару-жарак сататын. Бірақ, 1924 ж. бұл екі ел бірігіп, 300 мың әскери күшімен Мароккодағы ұлт-азаттық қозғалысты тұншықтырған.

Алжир мен Тунис зиялылары тәуелсіздік мәселесін көтеріп, Париж конференциясына тілектерін жеткізген. Франция оған көнбеді. Кейін біраз жеңілдіктер енгізуге келісіп, аukatты тұрғындарды жергілікті әкімшіліктерге қатыстыруға және сайлауға қатысуға құқық берді. Бірақ халық бұқарасының қозғалысы тынбады.

1925 ж. Франциядағы алжирліктер арасында «Солтүстік Африка жұлдызы» одағы құрылды. Оны Ахмед Мессали *Хаж* басқарған. Жұлдызшылар тәуелсіздікке жетуге, отаршылдарды Алжир жерінен кетіруін ойластырды. Франция үкіметі бұларға жол бермей қойды.

Соған қарамастан елде бірнеше ұйымдар құрылып, 30 ж. қызметтерін жалғастырды. Франция компартиясының көмегімен солшыл топтар да пайда болды.

Тунисте 1919 ж. социалистік Федерация құрылған. Келесі жылы ол атын коммунистік Федерацияға өзгертіп, жұмысшылар мен феллахтар арасында үгіт жүргізіп келді. 1920 ж. «Дұстүр азат партиясы» – («Дұстүр» – арабша конституция) өмірге келді. Ол астыртын қызмет атқарып жүрді. Жұрт сайлаған Құрылтай жиналысы шақырылсын, жауапты үкімет құрастырылсын, демократиялық бостандықтар енгізілсін деген талаптарын білдірді. Тәуелсіздікті тілемесе де, отаршылдар оны да қысымға алып, жетекшілерін тұтқындаған. Халықтың наразылығын ескеріп, Париж Дұстүрға жол беріп, жетекшілерін босатты. Тунис жұмысшыларына демалыс күні және әлеуметтік қамсыздандыру шаралары белгіленді. Дұстүр партиясы елде ең мықты саяси күшке айналды. 1922 ж. қаңтарында 100 мың мүшесі бар Дұстүр жаппай ереуіл ұйымдастырды. Франция реформалар енгізуге уәде беріп, қозғалыс бәсеңдеген жағдайда партия жетекшілерін қайтадан тұтқындаған.

Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі оқиғалары Мысырда жүріп жатты. Буржуазиялық қайраткерлер Париж конференциясына үміт артып, Мысырға толық тәуелсіздік береді деп ойлаған еді. Бірақ, ағылшындар уәдесін орындауды ұмытты. Буржуазиялық топтар – «Мысыр өкілдігі» («әл-Ұафд әл-Мысри») партиясын құрып қозғалысын басқарды. Партия, оның жетекшісі Саад Зағлул (1860-1927 жж.) ағылшын протекторатын жойып, тәуелсіздік үшін батыл қимылдады.

1918 ж. 8 наурызда Зағлул бір топ серіктерімен тұтқындалып, Мальта аралына айдалғанда, Мысырда жаппай ереуілдер басталып, оған студенттер, тоқушылар, трамвай жұмысшылары, макта өндеушілер, ұсак саудагерлер қосылған. Феллахтар мен қала тұрғындары Қаһірада, Ніл бойындағы қалаларда қарулы көтеріліске шықты. Бірнеше қалаларда билік көтерісшілер қолына өтті.

Ағылшын әскерлері күштері мыңдаған азаматтарды тұтқындады. Күрес қыза түскенде Англия шегінуге мәжбүр болды. Келіссөз жүргізіп, араб елінің келешегін реттеуге кадам жасады. Сонда Ұафд жетекшілері қарулы көтерілісті тоқтату туралы үндеу жариялайды. Зағлул және басқалары елге қайтарылды.

Халық қаһарынан сескенген Англия 1922 ж. ақпанда Мысырдың тәуелсіздігін мойындап, протектораттан бас тартты. Сұлтан Фуад «мәлік» деген атақ алды. Ол такта 1917-1936 жж. отырған. 1923 ж. Конституция бекітіліп, Мысыр конституциялық монархияға айналды. Ағылшындар әскери базаларын сақтап, елдің ішкі және сыртқы саясатын қатаң бақылап отырды. Демек, Мысыр жартылай отар ретінде дамыған.

Бірінші сайлауда Ұафд партиясы жеңіске жетіп, Зағлул үкімет басына келді. Ол ағылшын армиясын елден кетіруді және Суданмен бірігу туралы келіссөздер жүргізе бастады. Суданда 1899 ж. бері қарай ағылшын-мысыр кондоминиумы құрылған. Екі жақ тең жағдайда оны басқару қарастырылған. Бірақ, істің бәрін Лондон өзіне қаратқан. Ұафд партиясы Мысыр мен Суданды бір ел қатарына қосуды аңсаған еді. Англия оған көнбеді. 1924 ж. 19 қарашада Мысыр армиясын басқарған және Суданның генерал-губернаторы болған Ли Стэк қастандыққа ұшырап өлген соң, Англия Мысыр үкіметіне ультиматум жолдап, қысымға алды. Зағлул үкіметі қорлыққа шыдай алмай биліктен кетті. Мысыр парламенті таратылып, Суданнан оның армиясы шығарылды. Келесі жылдары екі мәрте болған парламент сайлауларында Ұафд жеңіп отырды. Ақыры 1927 ж. Англия Мысырға біраз жеңілдік жасаған болып келісімге келуді ұсынған. Зағлул орнын басқан Мұстафа Наххас – паша Англиямен одақтасуға көнбей қойды. Ел жартылай тәуелді жағдайда қала берді.

Судан ағылшындардан мақта өсіретін шикізат өнімдерін беретін отарына айналды. Экспорттың 70% табысы тек мақтадан түсетін. Мақта плантацияларында басыбайлы феллахтарды құл ретінде жұмысқа салып ағылшындар шексіз пайда тапқан.

Африкадағы араб елдерінің 20 ж. аяғы – 30 ж. дамуы. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдарында араб елдері қатты күйзеліске ұшырады. Ауыл шаруашылық өнімдері өтпей, өндіріс күрт қысқарды. Алжир астығының құны 30-60% төмендеді. Темір рудасы мен фосфор шығару 2-5 рет азайды. Тунисте олива су майы екі есе, жүн – үш есе, тері сегіз есе арзандады. Темір рудасын өндіру 900 мың т 234 мың т кеміді. Мысыр, Судан мақтасы тау-тау болып шіріп жатты. Өндіріс саласы құлдырады. Жұмыссыздық жайлады. Салық төлей алмаған шаруалар жерін тастап қалаларға босып кетті. Жұмысшылардың жалақысы қай елде болмасын үш есе азайды.

Батыс елдері дағдарыс кесірін шығыс халықтарына артып отырды. Наразылыққа жол бермеу шараларын іске қосып келді. Мароккода 1930 ж. мамырда Франция «Бербер заңын» жариялап, бербер тайпаларының сот билігін тікелей француз әскері мекемелеріне жүктеді. Бұл заң араб тайпалары мен бербер тайпаларының арасындағы қайшылықтарды шиеленістеруге апарды. 1934 ж. Марокко Ұлттық кимыл комитеті құрылған. Бұл елдегі бірінші саяси партия еді. Ол протекторатты шектеу және парламент пен біртұтас үкімет құрастыруды көздеген. Отаршылдар оның қызметіне тиым салған. 1927 ж. Мекнес, Мараркеш, Фес қалаларында ереуілдерге шыққан тұрғындар мен феллахтарды оқ астына алған.

Испанияға қарасты Марокко аймақтарында генарал Франко үстемдігі орнаған. Ол 1936 ж. Риф және Жебел аудандарына автономия беру туралы уәдеге барып, жергілікті феодалдарды өзіне жақындатып, Испаниядағы азамат соғысы басталғанда соларды көмекке шақырған болатын. Өз билігі орныққаннан кейін Франко уәдесін ұмытып, 1938-1939 жж. Мароккодағы ереуілдерді аяусыз басып тастады.

Алжирде азаттық қозғалыс біраз жандана түскен. 30-шы басында «Реформаторлар – одағы» пайда болды, «Солтүстік Африка жұлдызы» қайта құрылды. Алжирліктер 1936 ж. Франциядағы халық майданы жүргізген істерге араласып, өз елінде 40 сағаттық жұмыс аптасын, қаржыланған демалыс, саяси партияларға қызмет атқаруға құқық беру сияқты қадамдарды қолдаған болатын.

Тунис 1933 ж. дейін созылған шаруашылық дағдарысқа тап болған. Жұмыссыздық, қуаншылық салдарынан ашаршылық қаптап, елде адам шығыны орын алды. «Дұстүр партиясы» арасында жікшілдік ұлғайып, 1934 ж. «Жаңа дұстүр» тобы құрылды. Оның жетекшісі адвокат Хабиб Бургиба халық бұқарасына сүйеніп, ұлт-азаттық күресті дамыту бағдарламасын ұсынды. Францияда 1936 ж. Халық майданы құрған үкімет Туниске француз заңдарын енгізіп, абақтыда жатқан «Жаңа дұстүр» жетекшілерін босатты. Ал 1937-1938 жж. етек жайған ереуілдерді басуға отаршылар әскери күш жұмсап, көптеген адамдарды қамап тастады.

Ливияны толық бағындыру саясатын орындау үшін Италия үкіметі 30 ж. ортасында барлық күш-жігерін пайдаланды. Жағалаудағы ең құнарлы жерлерді (230 мың га) қоныстанған европалықтарға таратылды. Жерсіз қалған феллахтар қаңғырып қалаларға босты.

Бұл әрекеттерді Англия жақтырмай, Мысырда қоныс тапқан Мұх. Идрис әл-Мәнди әс-Сенуссимен тіл табысуға тырысты. Ол Идриске қараған 14 мыңдық Ливия легионын жабдықтап, кейін Италия мен Германияға қарсы пайдаланды.

Мысырда оңшыл помещиктер тобын мәлік сарайын және ағылшындарды қолдағанымен, халық бұқарасы Ұафд жағында болып келді. 1929 ж. Ұафд үкіметі қызметтен кетіп, мәлік Халық партиясының жетекшісі Исмаил Сидкиді билікке шақырған. Бұл жолғы төңкеріс халық арасында наразылық туғызды. Соған мән бермей Сидки 1930 ж. жаңа Конституция енгізбек болды. Көп халық оны қабылдамай, сайлауға қатысудан бас тартты. Ереуілдерге шыққандарға полиция оқ атып, үкімет беделінен айырылды. 1934 ж. азық-түлік бағасы өсуіне қарай қалаларда жаппай ереуілдер басталды. Сарай тобы мен ағылшындар 1923 ж. Конституцияны қайтадан күшіне енгізуге мәжбүр болды.

1936 ж. сайлауда Ұафд жеңіп, үкімет басына Наххас-паша кабинеті келеді. Ол Англиямен 20-жылдық шартқа уағдаласып, оккупациялық тәртіпті жойғызды, бірақ ірі қалаларда ағылшын қарулы күштері орналасуға құқық алды. Ендігіде ағылшын жоғарғы комиссарының орнын елші басты. Суданда кондоминиум қалпына келтірді. Сөйтіп, ел біраз жеңілдік алғанымен, Британия үстемдігі жойылмады.

Осыдан соң Ұафд беделі төмендеп, 1938 ж. сайлауда қатты ұтылды. Үкіметті басқарған оңшыл топтар фашистік елдерге көңіл артып, соғысқа қатыспай келді. Англия болса Мысырдан айырылмауға барлық күшін жұмсады. 1940-1942 жж. Италия–Германия жағы бір-неше рет шабуыл ұйымдастырып Мысырды қолға түсірмек болды, бірақ әл-Аламейн маңында жеңіліп, Ливияға шегінеді.

1942 ж. үкімет басына Наххас-паша қайта оралып, Англиямен қатынас біраз реттелген еді. Сонда да Мысыр Германияға қарсы соғыс жариялауға тек 1945 ж. ақпанда ғана келісті.

Соған қарай ол БҰҰ құрастыруға қатысты. Соғыс аяқталар кезде араб елдері өз бірлестігін дамыту туралы мәселе көтеріп, Араб елдерінің Лигасын (АЕЛ) құрды.

§14. Тропикалық және Оңтүстік Африка елдері

Африка құрлығы ауа райы мен халқының ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді. Оның солтүстік жағындағы қуаңшылықты аумақта Сахара орналасқан. Жерорта теңізіне жақын аудандары адам өміріне қолайлы. Бұл өңірде арабтар мен берберлер тұрады. Ал Сахарадан Оңтүстік аймақтарда кара нәсілді халықтар өмір сүреді. Құрлықтың оңтүстігіндегі Намибия шөл даласы болмаса, қалған жерінде ылғалды тропиктік тоғайлар да кездеседі. Жануарлар дүниесі өте бай.

Тропиктік және Оңтүстік Африка елдерінің ХХ ғасырдың басындағы жағдайы. Бұл аймаққа ХVІ ғасырдан бері қарай еуропалықтар келе бастады. Алғашқы кезде олар жай танысып, саудаласып, христиан дінін уағыздады. Кейін Америка мен Еуропада құл саудасы дамыған уақытта миллиондаған африкандықтарды зорлықпен құлға айналдырды. Африка зерттеушілерінің айтуына қарағанда, осы кезеңдерде ол 40-100 млн адамынан айырылған. Еуропа саудагерлері, қарақшылары тіпті корольдері осы іспен қызыға шұғылданғаны белгілі. Оған ағылшындар, испандықтар, француздар, еврейлер, орыстар, португалдықтар т.б. елдердің өкілдері қатысып, ХVІ-ХІХ ғасырларда шексіз байыды. Тек ХІХ ғасырдың ортасынан бастап бұл саясат тоқтатылды.

Бірақ оның орнын отарлау саясаты басқан еді. Еуропа елдері бір-бірімен бәсекеге түсіп, Африканы бағындыруға ұмтылды. Соның салдары орны толмайтын шығынға апарды. Оқ-дәрі, мылтық қолданған ақ нәсілділер аңға шыққандай жергілікті халықты қырып-жойып, тонаған, еріксіз құл еткен. Бұл ғасырларға созылған қияметтің салдарынан жергілікті тұрғындар жабайыланды, жәбірленді, шаруашылық құлдырады. Олардың мәдени-рухани дамуы тұсауланды. Отаршылдарды жақтайтындар еуропалықтардың саясатын ақтап, шығыс халықтарға еуропа өркениетін, мәдениетін, киімін, техникасын, білімін таратты, шығыс халықтарын жарылқатты деуден бас тартпайды. Ал XVII-XIX ғасырларда құрлықты отарлап, елдерді талағаны туралы қаншама қан төккендері туралы шындықты жасырып келеді. XVI-XVIII ғғ. Еуропадағы ең өркениетті елдердің бірі Англия еді. Соның үкіметі: «Құлдарды сату – халықтың (ағылшындардың – қалам иесі) хал-ахуалын көркейтеді» деген саясат ұстаған. Оның қарсы ықпалынан көптеген халықтар осы күнге дейін құрыла алмай келеді. XX ғасырдың басында бүкіл Африканы енді қайта бөлісу үшін еуропалықтар өзара қырқысқа барды.

Еуропа мемлекеттері өзіне ұнаған жерді олардың халықтарымен санаспай, тілдеріне, дәстүрлеріне мән бермей қалай болса солай біріктіріп, тікелей әкімшілік жүргізді. XX ғасырдың басында әскери жүйеде өзгерістер болып, билік тек еуропалық тұрғындарға, шенеуніктерге қатысты болып, ең төменгі сатыдағы жұмыстарға ғана жергілікті тайпа көсемдері жауап беретін жағдайға жетті.

XX ғасырдың басында Африкада ірі отаршылдық жүйелер қалыптасты. Батыс және Тропиктік аймақтарда, Мадагаскар мен Үнді мұхитындағы аралдарда Франция қожалық етті. 1904 жылы 8 елден тұратын Батыс Африка: Француз Гвинеясы (қазір Гвинея Республикасы), Пил сүйегі жағалауы (Кот-д-Ивуар), Жоғарғы Вольта (Буркина-Фасо), Дагомея (Бенин), Мавритания, Нигер, Сенегал, Француз Суданы (Мали) француздардың отарына айналды. 1910 жылы Париж үкімімен Экваторлық Африка құрамындағы — Габон, Чад, Конго (астанасы Браззавиль) және Убанги-Шари (Орталық Африка Республикасы) солардың қатарына енді. Оның иелігінде Солтүстік Африканың арабтар жайлаған Марокко, Алжир, Тунис елдері болды. Францияға Африканың 43% жері, 51 млн халқы тәуелді болды.

Ұлыбритания шығыс, оңтүстік, батыс аймақтардағы елдерді бағындырды. Ағылшындардың отарлы жүйесіне Гамбия, Сьерра-Леоне, Алтын Жағалау (Гана), Нигерия, Кения, Занзибар, Уганда, Ньясаленд, Сомалидің бір бөлігі, Малави, Родезия (Замбия және Зимбабве), Оңтүстік Африка Одағы (қазір республикасы), Ботсвана,

т.б. енгізілген. Оған 77 млн халық тұратын жердің 38%-ы тиген. Шығысында, батысында, оңтүстік-батысында Германия табан тіреп тұрды. Оның үстемдігі Танганьика, Уганда, Руанда, Бурунди, Того, Камерун, Намибия елдерінде орнады. Олардың аумағы 2,5 млн шаршы шақырымға тең болатын, ал халқының саны 13 млн адамға жеткен. Португалия болса Мозамбикті, Анголаны, Гвинея-Бисауды, Жасыл Мүйіс аралдарын иемденді. Бельгия отаршылдары Конгоны басып алса, Италия қазіргі Сомали мен Эритреяны қолында ұстады. Испания да құр қалмай, Батыс Сахара мен Марокконың кейбір жерін иеленген еді. Оңтүстік аудандарда Голландияға караған отарлар орналасқан. Батыс елдері отарларында әр түрлі билік жүйесі енгізілді. Француздар өздерінің тікелей әкімшілік биліктерін орнатса, ағылшындар жергілікті көсемдерді жақын тартып, соларды қолдау әдісін жиі пайдаланды. Бұл тәртіпке бейімделген елдерде заң шығарушы кеңестер құрылып, оған аумақты отбасылар қатысты. Өте қатал тәртіп Португалия отарларында қалыптасты. Ондағы тұрғындар күл ретінде қаналып келді. Қалай да билік жүйесінде еуропалықтардың үстемдігін мәңгілік сақтауға, тәуелді халықтарды аяусыз қанауға ерік берілді. Ресми түрде тек еуропалық тіл қолданылатын. Жергілікті халықтардың тарихын, мәдениетін ұмыттыруға түрлі шаралар жасалды. Ассимиляциялау арқылы африкандықтардың ұлттық сана-сезімін жоққа шығаруға тырысты. Бүкіл қара нәсілді Африкада тек үш мемлекет тәуелсіз боп есептелген: Эфиопия, Либерия және Англия доминионы Оңтүстік Африка Одағы.

Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Африка. Соғыс кезінде Африканың табиғи байлығы, халқы отаршылдардың мүддесіне қызмет етті. Англия әскер қатарына 25 мыңнан астам қара нәсілділерді шақырса, Франция олардың 250 мыңға жуығын сапқа тұрғызған. Олар осы құрлықта, Еуропада болған шайқастарға қатысқан. Африкалықтарды Бельгия, Германия, Италия да соғыс қимылдарына тартқан болатын.

Тропиктік және Оңтүстік Африка елдерінде сол жылдары өндіріс салалары біршама дами түсті. Таскөмір, темір рудасы, алтын, алмаз, түсті металдарға т.б. еуропа тарапынан сұраныс көп болғаны белгілі.

Африка жұмысшылары сан жағынан ұлғая түсті. Әр елде аздықөпті кәсіпкерлер, саудагерлер, шенеуніктер қалыптаса бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілген Германия отарлары Англияға, Францияға, Белгияға өтіп кетті. Ал германдық Оңтүстік-Батыс Африкаға (қазіргі Намибия) Оңтүстік Африка Одағы қамқоршы ретінде қарады. Сөйтіп, бірнеше Еуропа мемлекеттері бүкіл құрлықты бөліп, халқын қанады. Күшпен, зорлықпен орнатылған империалистік отаршылдық тәртіп зардабына қарсы Африка халықтары дүркін-дүркін көтеріліске шығып отырды.

Әлеуметтік-экономикалық дамуы. 20-30 жылдарда Африка елдерінде шетелдер үстемдігі нығая түсті. Аймақтағы барлық елдердің экономикасы бір жақты болып, дәнді-дақылдардың бір ғана түрін өсіруге икемделді (монокультура). Алтын Жағалауда ең алдымен – какао, Сенегал мен Гамбияда – арахис, Экваторлық Африка елдерінде – мақта өсірілді. Ал тау-кен байлығын игеруде бұл елдерде шикізат өндіруге едәуір жол берілді. Сьерра-Леонеде темір рудасы, Конгода мыс т.б. өндірілді. Осы әдейі жүргізілген саясат отарланған елдерді шикізат көзіне айналдырып, олардың өмірін ауыл шаруашылығы мен тау-кен өндірістерін капиталистік отарлаушы елдерге байланыстырып қойды. Ағылшындар иеленген Батыс Африкадағы отарларда темір-жолдар салынып, кейбір өндіріс орындары пайда болды. Шығыс Африкадағы отарларда да ірі плантациялар, жолдар, тау-кен өндірісі салынды. Ең құнарлы жерлер ақ нәсілділерге – фермерлерге тегін, болмаса 99 жылға дейін жалға берілді.

Франция отарлары ағылшындардыкіне қарағанда нашар дамыған. Оларда ең алдымен метрополияға қажетті дәнді-дақылдар, жемістер, мақта өндірілді, жергілікті тұрғындардың жағдайы төмендеді. Сондықтан аурудан, тамақ жетіспегендіктен, шексіз қанаудан адам шығыны көбейіп, халық саны қысқарды. Мысалы, француз Конгосында 1900 жылы 12 млн тұрғын бар еді, 1921 жылы олар небары 3 млн-ға ғана жетті. Бельгия Конгосында 1900-1919 жылдары халықтың 10 млн-ға жуығы қырылды.

Жерсіз шаруалар мен салықты өтей алмайтындар саны барған сайын тұрақты заңдылыққа айналды. Олардың көбі басыбайлы болып, плантацияларда ғана жұмыс жасай алды. Тұрмыстың нашарлығынан, кара жұмыстың ауыртпалығынан адам шығыны көп болды. Бірақ өлгендердің орнын басатындар қашан да дайын еді. Сонымен бірге кедейленген шаруалар тау-кен қазба жұмыстарына шұбырып, қалаларға қарай босатын. Шахталар мен рудниктерде істейтіндердің өмірі адам айтқысыз қиын болды. 14-16 сағаттық жұмыс күні, шаң-тозаң, қауіпсіздік шаралары ескерілмеген жағдай орныққан. Еңбекақысы төмен, неше түрлі жазалау, айып тағу жиі кездесетін, медициналық қызмет мүлдем жоқтың қасы. Тұрғын үйсіз, жанұясыз болған жұмысшылар барактарда тұратын.

Барактардың өзі кезекпен тиетін, отбасылар қарапайым күркелерде өмір сүрді. Қаз-қатар тізілген бір-екі бөлмелі үйлерден тұратын ұзына бойы созылған көшелер пайда болды. Мұнда африкандықтар шоғырланды.

Еуропалықтар орналасқан қала болсын, махалла болсын ерекше сәнді, таза, өркениетімен көзге түсетін. 20-30-жылдары кара нәсілді

африкандықтар ондай қалаларда тек үй қызметкерлері ретінде ғана кездесетін.

Африка қоғамында көп укладты жағдай қалыптасқан. Мұнда өте қарапайым ерте дәуірде кездесетін қатынастармен бірге капиталистік қоғамға тән тауар-ақша қатынастары орын тепті. Жұмысшы табы жермен кіндік тамырын үзбей келген.

Бірақ бұл аймақтағы әлеуметтік өмір біртіндеп дами түсті. Капиталистік қатынастар қоғамдық өмірді билеп-төстеп, неше түрлі жаңалықтар ене бастады. Салт-дәстүрі, ру тайпалық қатынастары ыдырап, бұрын болмаған пролетариат пен буржуазия қалыптаса бастады. Жастар еуропалық мектептерге, орта оқу орындарына тартылды. Кейбір азаматтар Еуропадағы жоғары оқу орындарында оқып, зиялылар қатарын көбейтті. Солардың ішінен азды-көпті ұлттық сана-сезімді оятушылар, ағартушылар, ел камын ойлайтын саясаткерлер пайда болды.

Елдегі саяси жағдайлар мен ұлт-азаттық қозғалыстар. Осы аймақтардағы көптеген елдерде империалистер мен отаршылдарға деген қарсылық қалыптасты. Олардың басында бұрын феодалдық көсемдер тұрса, енді саяси партиялар мен қоғам ұйымдары құрылып, оған жұмысшылар мен буржуазиялық топтар қосылды. Бұл шамалы болса да экономикалық-әлеуметтік жағдайы алда келе жатқан елдерде байқалды (Нигерия, Алтын Жағалау, Сьерра-Леоне, Кения, Оңтүстік Африка Одағы).

1909-1910 жылдары Оңтүстік Африка Одағына Англия өзін-өзі билеу құқығын берді. Ол осы құрлықтағы бірінші доминион болып шықты. Тек жергілікті қара нәсілді тұрғындар бұрынғыша ешқандай құқықсыз қалды. Оған көнбегендер 1912 жылы Африка Ұлттық конгресін (АҰК) ұйымдастырып, отаршылдарға қарсы күрес жүргізді. Елде алғашқы жұмысшы ұйымдары, кәсіподақтар өмірге келді. 1921 жылы Компартия құрылып, астыртын жағдайда қызметін бастады.

Сомали халқы 1899 жылдан бастап 1921 жылға дейін көтерілісін тоқтатпай келді. Оның белгілі жетекшісін *Мұх. ибн Абдалла Хасанды* ағылшындар «құтырған молда» дейтін, өйткені ол шағын күшпен отаршылдарға тыныштық бермей күресті.

Кейбір экватор тұсындағы елдерде отаршылдарға наразылық діни-сектанттық қозғалыстар түрінде дамыды. Еуропалықтар африкандықтарды христиан дініне тартуға көп әрекеттенген. Ал қара нәсілділер ол діндегі «теңдік», «бауырластық» деген ұғымдарды іс жүзінде қабылдағысы келді. Сондықтан өз араларынан Исаның (Иисустың) жолын қуғандар шығып, африкандықтарды теңдікке және бақытқа жеткізу үшін қимылдар жасады. Олардың арасынан Симон

Кибангу сияқты протестант дінін үгіттеушілер мен *кибангизмге* сенушілер де табылды. 1921 жылы Кибанги өзін африкандықтарды отаршылдардың қанауынан құтқарушы «кара Исамын» деп жариялап, ақ нәсілділерге салық төлемеу, оларға көнбеу туралы ұрандар көтерген қозғалысты бастады. Шаруалар ереуіліне қарсы Бельгия өкіметі күш жұмсады, ал Кибанги 30 жылға абақтыға жабылып, сонда қайтыс болды. *Матсуанизм* (Батыс Африка) діни ағымы қарапайым халық арасында тарап, отаршылар өрнатқан тәртіпке қарсылық көрсетті.

1920 жылы Британ Батыс Африкалық Ұлттық конгресі құрылып, ол Нигерияда, Алтын Жағалауда, Сьерра-Леонеда қызмет атқара бастады. Шығыс және Орталық Африкадағы отарларда осы тұста «*түземдік қауымдастықтар*» құрылды. Олар жергілікті тұрғындардың жағдайын жақсарту, салық көлемін азайту, ағарту ісін қолға алу сияқты мәселелерді қарастыруды әкімшіліктердің алдына қойды. Кейін осы қауымдастықтар негізінде саяси партиялар қалыптасты. 20-30-жылдары АҚШ-та, Канадада, Вест-Индияда «*Негр жұмысшыларының халықаралық комитеті*» өмірге келіп, Африкадағы кара нәсілді жұмысшылардың ауыр халіне көңіл бөле бастады, Африканы азат ету талаптарын көтерді. Сол комитеттің көмегімен Африка елдерінде бірнеше ұйымдар пайда болды.

Қара нәсілді Африканың оянуына басқа елдердегі оқиғалар өз әсерін тигізіп келгені белгілі. Ресейдегі, Қытайдағы, Үндістандағы, Шығыс Арабиядағы революциялар мен толқулар, Еуропадағы жұмысшы қозғалыстары туралы мәліметтер біртіндеп бұқара халық арасына тарады. Бұл жерде әсіресе панафриканизм идеялары жаңадан қалыптасып келе жатқан Африка зиялы топтарына айтарлықтай ықпал етті. Панафрикалық конференция бірінші рет Лондонда 1900 жылы өткен, оның ұйым болып шығуы 1919 жылы Құрылтай конгресінде шешілді. Келесі конгрестері 1921, 1923, 1927, 1945 жылдары шақырылып, оған Африкадан білімді жастар тартылды. Солардың бірі *Кваме Нкрума*, кейін ол өз елі Гананы кара нәсілді Африканың бірінші тәуелсіз мемлекеті ретінде әлемге танытты.

1929-1933 жылдары *әлемдік экономикалық дағдарыс* Африка халықтарына да әсер етті. Еуропадан келетін тауарлар бұрыннан қымбат бағамен алынса, жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдері мен тау-кен шикізаттары төмен бағамен өткізілді. Енді Африка тауарлары көп жағдайда өтпей қалды. Нигерия экспорты 1929 жылы 18,2 млн фунт стерлингтен 1934 жылы 8,9 млн фунт стерлингке қысқартылды. Жұмысшылар мен төменгі сатыдағы шенеуніктердің күндік жалақысы 9 пенстен аспады. Ол жұмысшылардың дұрыстап тамактануына да жетпейтін.

30-жылдардың басында Конго, Гана, Нигерия, Ангола, Оңтүстік Родезияда, Танганьикада, Мавританияда наразылық білдірушілердің бас көтерулері байқалды. Қалалар мен ауылдарда, рудниктер мен шахталарда ірі ереуілдер, толқулар, көтерілістер болып, отаршылдар оларды аяусыз басып отырды.

30-жылдардың ортасында Италия фашистік үкіметі Эфиопияны жаулауға кірісті. Жергілікті халық оған қарсы шығып, қаһармандықпен күресті. Бірақ қаруы мықты Италия әскерлері елдің көп жерін басып алды.

Шетел капиталы мен билігінен қатты қысым көрген ұсақ буржуазия өкілдері ұлттық тәуелсіздік үшін батыл қимылға барып, кептеген саяси және қоғамдық ұйымдарды өмірге әкелді. Еуропа, Азия және Африка елдерінде майданға қатысқан солдаттардың көзі ашылып, азаттық идеяларды жақтай бастады.

Танганьикада, Кенияда, Угандада, Оңтүстік Родезияда т.б. отарларда 20-30-жылдары қауымдастықтар құрылды. Бастапқыда олардың тілектері қарапайым болғанымен, бара-бара саяси тәуелсіздікке жету талаптарын көтерді. 1920 жылы Батыс Африка Ұлттық конгресі құрылып, өзінің бағдарламасында жергілікті халықтардың құқығын қорғау туралы үндеу тастады. 30-жылдары Нигерияда болған жастар қозғалысының батыл қимылдары Оңтүстік Африка Одағындағы Ұлттық конгреспен астыртын қызмет атқарған компартияның жұмысын басшылыққа алды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Тропиктік және Оңтүстік Африка. Соғыс қимылдары бұл аймақта тек Эфиопия, Эритрея, Сомали жерлерінде жүрді. Италия фашистері 30-жылдардың ортасында-ақ Эфиопияны жаулауға кірісті. Италия әскерлері 1940 жылы шабуылға шығып, аталған елдердің ішкі аудандарын басып алуға тырысты. Олар Британ Сомалиін, Кенияның бір бөлігін, Суданның бірқатар жерін қолға түсірді. Көп ұзамай италяндықтардың шабуылы бәсеңдеп, жергілікті халық қарулы қарсылыққа шықты. Ағылшындар да қарап жатпады. Олар әр жақтан күш жинап, 150 мың жауынгері бар армиясын италяндықтарға қарсы қойды. 1941 жылы қаңтарда Судан жағынан Эритреяға қарай ағылшын-үнділік және «Еркін Франция» әскери бөлімдері аттанған. Осы қаңтар айында Эфиопияға да Судан-Эфиоптық жасақтары мен партизандық құрылымдары енді. Бұларға Кения тарапынан ағылшын және Бельгия Конгосындағы әскери бөлімдері қосылып, Италия армиясын қыспаққа алды. Сол жылы ақпан-сәуірде Могадишо, Асмара, Аддис-Абеба қалалары азат етілді. 20 мамырда әр жақтан соққы жеген Италия қарулы күштері жеңілгенін мойындап, қаруын тастады.

Бұл аймақтағы соғыста, сонан соң Солтүстік Африкада, Еуропа майдандарында жүздеген, мыңдаған африкандықтар фашизмге қарсы соғысты. Олар Бирма мен Малайзияда Жапония әскерлерімен арпалысты. Сол шайқастарда олар ақ нәсілділерден қалыспай, ауыртпалықты да, жеңістің қуанышын да тең көтерді. Содан да шығар Еуропа халықтары соғыстан кейін қара нәсілділерді баяғыдай кемсітуге, келеке етуге бармайтын болды.

Африка тұрғындары қара жұмысқа тартылып, Африка жеріндегі құрылыстарда, көмекші әскери ұйымдарда қызмет атқарды. Олар Германияға бағынған Виши үкіметінің әкімшілігіне қарсы шыққан Ш. де Голль жағын қалады. Ш. де Голль тобы 1944 жылдың басында Браззавильде конференция шақырып, онда отарлардың келешегін қарастырды. Қабылданған қарарларда отарларда демократия тәртібін орнату, тұрғындарға сайлау құқығын беру, оларды өкімет органдарына қатыстыру, т.б. шаралар белгіленді. Бірақ соғыс біткен соң бұл шараларды Франция үкіметі орындаудан бас тартты.

Африка байлығы, алтыны, қорғасыны, мысы, азық-түлігі соғыс жылдарында фашизмді жеңуге арналғаны белгілі. Қара нәсілді Африка адамзат басына түскен ең қиын кезеңде Еуропа демократиясы мен бостандығы үшін ештеңесін аямады. Қанын төгіп жапа шекті. Өзі де бостандықты армандап жүрген халық, енді үлкен оқиғаларға қатысып, көзі ашыла түсті. 1944 жылы тамызда Нигерия және Камерун Ұлттық кеңесі құрылып, нәсілшілдікті жою, демократиялық конституция енгізу, отаршылдықтың тамырын үзу, өзін-өзі билеу тәртібін орнату талаптарын алға қойды.

Оңтүстік Африка Одағында (ОАО) соғыс басталысымен нәсілшілдікке берілген ұлтшыл партия және үкімет басындағылар Германияға қарсы соғыспауды қолдады. Бірақ, парламент оларға көнбеді. Смэтс құрған жаңа үкімет Англияны жақтап шықты. Ол Оңтүстік Африкалық Біріккен партия жетекшісі болатын. Аталған партиялар ақтардың билігін қара нәсілді жергілікті халыққа, оның Африка Ұлттық конгресіне (АҰК) бермеуді көздеген. Бірақ әлемдегі және ел ішіндегі жағдайды ескере отырып, Смэтс үкіметі нәсілшілдіктен қол үзуі қажет екендігін жария етті (1942 жылдың басы). Сол жылы ОАО мен КСРО арасында консулдық қатынас орнатылды. Бұдан соң қара нәсілді жұмысшыларға шағын ғана жеңілдіктер берілді. Елдегі африкандық, үнділік т.б. ұйымдар өз қызметтерін біраз күшейте түскен еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бірнеше миллион африкандықтар Еуропа елдерінің армия қатарына шақырылды. Африка тау-кен байлығын пайдалануға мәжбүр болған еуропалықтар жаңа өндіріс орындарын салуды, рудниктер ашуды, теміржолдар салуды мақсат етті. Бұл іске АҚШ капиталы да қатынасты.

§15. 1918-1939 жылдардағы халықаралық қатынастар

Версаль-Вашингтон жүйесі. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен мемлекеттері Париж бітім конференциясында өз жұмыстарын 1919 ж. 18 қаңтарда бастады. Франция астанасына соғысқа қатысушы мемлекеттердің өкілдері келді. Бітім шартын шығаруда Германия және жеңілген мемлекеттер, сондай-ақ кеңестік Россия шетте қалды.

Конференцияның негізгі мәселесі Германиямен бітімдік келісімді дайындау болды. Конференцияға қатысушылар ішінде Франция премьер-министрі Жорж Клемансо, Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Ллойд-Джордж және АҚШ президенті Вудро Вильсон алдыңғы шепте болды.

Француз делегациясы езінің тап жауы – Германияның мейлінше әлсізденуін талап етті, Францияға Саар көмір бассейнін және Рейн сол жағалауындағы неміс жерін қосып алуды аңсады. Германияны ұсақ мемлекеттерге бөлуге мақсаттанды.

Англия алдына қойған мақсатының бәрін шешіп алды: Германия оның теңіздегі және әлемдік саудадағы күшті бақталасы болудан қалды. Алайда, Германия отарларын және таяу Шығыстағы түрік иемдеген мұнай байлығын бөлуде Англия мен Франция арасында келіспеушілік пайда болды. Ағылшын премьер-министрі Ллойд-Джордж күшті Германияны сақтап тұруды ұсынды, Еуропада Франция көтеріліп бара жатса, оған карама-қарсы Германияны қолдану керектігін ойлады. Америка президенті В. Вильсон елінің бітімдікке «моральдық басшылық» құқығы барын мәлімдеді. АҚШ делегациясы Германияға орта талаптар қоюды ұсынды. Оның 14 баптан тұратын жаңа қоғам орнату бағдарламасы бітім конференциясының негізгі қуатына айналды.

Ұлттар Лигасын құру. Мандаттық жүйе. АҚШ президенті В. Вильсонның халықаралық бейбітшілік ұйымды құру идеясы, онда АҚШ-тың басты рөлде болуы ең қызба мәселелердің бірін туғызды. Ұлттар Лигасы міндетіне халықтар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүктелді. Халықаралық мәселелерді талқылау үшін жыл сайын Ұлттар Лигасының Ассамблеясы шақырылып тұруы шешілді. Ассамблеямен бірге, дәл сондай өкілеттігі бар Кеңес құрылды. Кеңестің тұрақты мүшелері – бес басты жеңіске жеткен державалар – АҚШ, Англия, Франция, Италия және Жапония болды. Ұлттар Лигасы Жарғысында агрессор-мемлекеттерге коллективтік шаралар қолдану мүмкіндігі қамтылған.

Вильсонның талабымен Ұлттар Лига Жарғысына мандат ұғымы енгізілді. Жаңа халықаралық құқық категориясына Германия отарлары мен Таяу Шығыстағы түрік иеліктерінің мәселесін шешу қажеттілігінен туды. Ұлттар Лигасы атынан 1919 ж. мамырда Англия Палестинаға, Трансиорданияға, Иракқа, Танганьикке, ал Франция – Сирия мен Ливанға мандат алды. Англия мен Франция Того мен Камерун территориясын өзара бөліп алды. Жапония Мариан, Каролинг және Маршалл аралдарына, сондай-ақ Шаньдун түбегіне мандат алды.

Ұлттар Лигасы Жарғысының негізгі бөлігі болып Германиямен жасасқан бітімдік келісімнің баптары енді.

Версаль бітім шарты Германияны дүниежүзілік соғысты ашқан, ұшықтандырған ел деп кінәлады, сол үшін айып өтеуі керек деп көрсетті және оған әскери шектеулер қойылды. Антанта елдері шығарған шығындары үшін Германия репарация (латынның сөзі – «орнына келтіру») төлеуге мәжбүрленді.

Эльзас пен Лотарингия Францияға қайтарылды. Саар облысын басқару ісі 15 жылға Ұлттар Лигасына берілді. Данциг (Гданьск) «еркін қала» болуы хабарланды. Кезінде Германия иеленіп алған Польша бөлшектері (Познань, Пруссия мен Померания аудандары) Польшаға қайтарылды. Бельгия, Дания, Литва Германия үлесінен азын-аулақ жерлерге қолдары жетіп, мемлекеттер аумақтарын кеңейтті. 1914 жылмен салыстырғанда Германия 1/8 жерінен айырылды.

Германияға әскери флот, авиация, жаяу әскер ұстауға тыйым салынды. Армияның қызметі тек мемлекеттің ішкі тәртібін ұстап тұруға ғана бағытталды. Рейн зонасы, Рейн сол жағалауындағы герман жері және ені 50 км созылған оның, оң жағалауы демилитаризациялауға жатты, онда барлық әскери бекіністер жойылып, қарусыздандырылды.

Репарациялық төлемнің жалпы сомасы – 132 млрд. алтын марка мөлшерінде анықталды. Оның 52% – Францияға, 22% – Ұлыбританияға, 10% – Италияға, 8% – Белгияға берілуге тиісті деп жоспарланды.

Версаль шарты неміс халқына үлкен ауырлық әкелді, олардың ұлттық сезімін таптады. Герман делегациясы 1919 ж. 28 маусымда Версаль шартына қол қойды.

Германияның одақтастарымен бітім шарттар Версаль үлгісімен құрастырылды. 1919-1920 жж. Австриямен (Сен-Жермен), Венгриямен (Трианон), Болгариямен (Нейі) және Түркиямен (Севр) келісім шарттарына қол қойылды. Германияның бұрынғы барлық одақтастарына әскери шектеушілік қойылды. Олар да репарация төлеуге міндетті болды. Жаңа мемлекеттердің шекаралары, олардың тұрғындарының

этникалық құрамын есепке алынбастан жасалынды. Версальдық жүйесі арқылы Еуропа аумағында Франция басым жағдайын бекітті, Англия Таяу Шығыстағы табанды рөлін, теңіздегі үстемдігін қамтамасыз етті. АҚШ делегациясы Париж конференциясында ойлаған мүдделеріне толық жете алмады. АҚШ сенаты Версаль бітім шартын бекітуден бас тартты. Қытай да қол қоюға келіспеді, Шаньдун түбегін Жапонияға бергенге қарсылық білдірді.

Париж бітім конференциясынан кейін отарлы державалардың Қиыр Шығыс пен Тынық мұхит алқабындағы қайшылықтарды реттеу қажеттілігі туды.

1921-1922 жж. Вашингтон конференциясы. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Жапония Тынық мұхитта және Қиыр Шығыста жағдайын нығайтып алды. Қытаймен бірқатар келісімдерге келіп едәуір экономикалық жеңілдіктер алып және Қытай аумағында өзінің бәсекесі АҚШ пен Англияны ығыстыруға талаптанды. Париждегі бітім конференциясында Жапония Шаньдунь түбегінде өздерінің «құқығын» бекітіп, Тынық мұхиттағы бірқатар Германияның отарларын иеленіп алды. АҚШ-тың басқарушы топтары Қиыр Шығысқа қатысты Париж бітім шартының шешімдерін қайта қарастырып, теңіз қарулы күштері туралы мәселені талқылау қажет деп шешті.

Аталған мәселелерді қарастыру конференциясы Вашингтонда 1921-1922 жж. өтті. Оған АҚШ-пен бірге Англия, Жапония, Франция, Италия, Бельгия, Португалия, Голландия, Қытай қатысты. Кеңестік Ресей Тынық мұхиттағы ірі держава болғанымен, конференцияға шақырылмады. Вашингтон конференциясында американдық делегациясы алдыңғы шепте болды. Конференция жұмысы үш негізгі келісім шарттарға қол қойылуымен аяқталды.

«Төрттік державалар келісімі» (Англия, АҚШ, Франция, Италия) Тынық мұхит алқабындағы аралдық иеліктеріне қол сұқпауға халықаралық кепілдіктер берді.

«Бестік державалар келісімі» (Англия, АҚШ, Франция, Жапония, Италия) Салмағы 35 мың тоннадан артық әскери кемелерді салуға тыйым салды және жоғарыдағы мемлекеттердің ауыр кемелер салу деңгейі 5:5:3:1,75:1,75 сәйкестік түрінде бекітілді. Бұл АҚШ дипломатиясының үлкен жеңісі болды. АҚШ теңіз қарулы күштері аса ірі кемелер иесі Англиямен теңейтілді.

«Тоғыздық державалар келісімі» Вашингтон конференциясына қатысушы мемлекеттер Қытай аумағына қол сұқпауға, тәуелсіздігі мен егемендігін сыйлауға, Қытайдың «есігі ашық» болуына келісті. Жапония Қытайға Шаньдунь түбегін қайтаруға көнді және Кеңестік

Ресейден әскерлерін шығаруға келісті. КСРО-Жапония конвенциясына қарай (Пекин, 1925 ж. 20 қаңтар) мамырдың ортасына таман Жапон қарулы күштері Солтүстік Сахалиннен өз еліне қайтарылды.

Вашингтон келісімдері Тынық мұхит аймағындағы күштерді АҚШ пайдасына өзгертуді бейнеледі. Версаль-Вашингтон жүйесі Еуропада, Азияда, Африкада және Тынық мұхитта соғыстан кейінгі бейбітшілікті реттеудің шарттарын анықтады, халықаралық сахнада уақытша тұрақтандырудың негізін қалады.

20-шы жылдардағы халықаралық қатынастар. Версаль-Вашингтон жүйесіндегі келісімдер негізінде мемлекеттер аралық және әлемдік шаруашылық қатынастар арасында біршама уақыт тұрақтылық орнады. 20-шы жылдары, «пацифизм дәуірі» аталған АҚШ және Еуропа мемлекеттерінің саясатшылары келісе отырып қайшылықтарды бейбітшілік жолдармен шеше білді.

Сонда да, ірі елдер ара қайшылықтары сарқылмаған. Соның бірі «Рур дағдарысын» туғызды. Франция Батыс Еуропада мейлінше көп санды жаяу әскерлерге ие болды. Олар өздерінің әскери қуатына сүйене отырып, құрлықта жетекші болғысы келді. Францияға репарациялық көмір әкелуді бұзғаны үшін Герман өкіметін «оқытпак» болып және Еуропадағы өздерінің басшылық жағдайын көрсетпекке тырысты. 1923 ж. қаңтарда француздар бельгиялықтармен бірге Рур облысына шабуыл жасады. Алайда Францияның басқарушы тобының бұл қадамы халықаралық жағдайдың нақты экономикалық және саяси салмағына ешқандай сәйкес келмеді.

Герман репарацияларын төлеу мәселесі және Еуропадағы экономикалық тұрақтылықты халықаралық капитал, нақты айтқанда АҚШ шешуге жоспар ұсынды.

Ол «Дауэс жоспары» деп аталды. 1924 ж. американдық банкир Дауэс басқарған арнайы халықаралық комитет несие-қаржы және сауда-саттық қатынастарды қалпына келтірудің стратегиялық жолдарын даярлаған. Бұл мәселе Лондон конференциясында қаралды. Жоспардың мәні несие беру арқылы Германия экономикасын қалпына келтіру болды. Германияның алғашқы жылдары біршама төмен репарациялық төлемін (1 млрд. марка) белгіледі. Сосын елдің экономикасы қалпына келуіне қарай әр жылы 3 млрд. маркаға дейін көтермек болды. Репарацияның жалпы суммасы 132 млрд. марка өзгеріссіз қалды. Оларды толығымен төлеп аяқтауды кейінірек шешуге қалдырды. Бұл капитал айналып валюталық алтындық стандартына өтумен бірге капиталистік елдердегі экономикалық және саяси тұрақтылықтың алғы шарты болып қалыптасты. Соғыстан кейінгі

инфляцияны тоқтату экономикалық өрлеудің маңында алғы шарттарының бірі болды.

Англия мен АҚШ «Дауэс жоспарын» қолдай отырып, Германияның өсуіне, экономикалық қалпына келуіне көмектесті. Бұл өз негізінде репарация төлеу шарттарын қарау қажеттілігіне алып келді. Сөйтіп, 1929 ж. августте Гаага қаласындағы халықаралық конференцияда «Юнг жоспары» (АҚШ үкімет мүшесі О. Юнг) қабылданды. Германия төлемі жылына 2 млрд. маркаға дейін шектелді және жалпы суммасы да қысқарды. 1931 ж. дүниежүзілік экономикалық тоқырауға байланысты жеңген елдердің ұсынысы бойынша Германия репарациясы тоқтатылды.

Қарусыздану және Еуропада бейбітшілік орнату, сондай-ақ шекараларды бұзбау мәселелері дипломатияда көп орын алып тұрды. Оған Франция да, Англия да қатты мән беріп, бірнеше бастамалар жасаған. 1924 ж. қарашада жанжалдарды тек бейбіт түрде реттеу туралы келісім өмірге келген. Сол жолы бірнеше Шығыс Еуропа елдерінің шекарасына кепілдік те берілген. Дегенмен, Англия үкіметі оны бекітпегеннен соң келісім күшіне енбеген. Қарусыздану мәселесіне қатысты халықаралық конференция шақыруға дайындала бастады. Барлық Еуропа мемлекеттері шақырылды, соның ішінде КСРО-да бар еді. Бірақ көпжылдық дайындық жұмысы нәтиже бермеді.

1925 ж. Локарно қаласында батыс державалары Бельгия мен Нидерландия шекараларына кепілдік беретін Рейн пактісіне қол қойылды.

1927 ж. теңіздегі әскери күштерді шектеу туралы Женевада шақырылған конференция нәтижесіз аяқталды.

Солдай бола тұра халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа негіздер қалыптаса бастады, қайшылықтардың жаңа жүйелері шықты. Франция Германияның өнеркәсібі мен оның сауда-саттық деңгейін қалпына келтіруге қарсы жүрді. Сондықтан 1927 ж. көктемде Франция сыртқы істер министрі А. Бриан ұлттық саясаттың қаруы ретінде соғыстан бас тарту туралы және халқаралық таластарды бейбіт жолмен шешу қажеттілігі туралы АҚШ-қа ұсыныс жасады. 1928 ж. Бриан және АҚШ мемлекеттік хатшысы Ф. Келлог келіссіз жүргізіп Бриан-Келлог пактіне қол қойды. Оны 50-ден астам елдер қолдаған. Сөйтіп ол маңызды бастама болды. КСРО оған 1929 жылы қосылды.

Халықаралық қатынастағы орыс мәселесі. Россияда азамат соғысы және шет мемлекеттер интервенциясы 1922 жылы аяқталды. Жаңа өкімет пен капиталистік әлемге шет елдердің Ресейдегі меншіктерін ұлттандырды. Коминтернге сүйеніп әлемде революциялар ұйымдастыруға атсалысты. Жалпы бейбітшілік, бостандық,

халықтардың дербестігі ұрандарды алға тартканымен, әскери жорықтар (1920 ж. Польшаға қарсы, т.б.), тіміскі қимылдар қолданылып жүрді. Елдер арасындағы қайшылықтарда әлемдік пролетарлық революция мақсатына пайдалануды ашық жария етті. Соған қарай кеңестік Россия басқа мемлекеттермен қатынасын күрделендіре түсті және ондаған жылдар бойы халықаралық қатынастардың барлық жүйесіне сенімсіздік таңбасын қалдырды. Дегенмен Россия халықаралық қатынастар жүйесіне оралуға тырысты. 1921 ж. жаңа тәуелсіздік мемлекеттермен, Польшамен, Латвиямен, Литвамен, Эстониямен, Финляндиямен бітім келісім шарттарына қол қойылды. Иранмен, Түркиямен, Ауғанстанмен, Монғолиямен достық келісім қатынастары орнатылды. 1921 жылдан кеңестік Россияның еуропа мемлекеттері Англиямен, Германиямен, Италиямен, Норвегиямен және басқа елдермен сауда-саттық қатынастары басталды.

1922 ж. Генуя қаласында Еуропа елдері экономиканы қалыптастыру туралы мәселелерді талқылау үшін халықаралық конференция өткізді. Конференцияға 29 делегация қатысты. Экономикалық қарым-қатынас туралы келіссөздер нәтижесіз аяқталды. Алайда 1922 ж. 22 сәуірде Рапалло қаласында РСФСР мен Германия арасында келісім-шарт жасалды. Ол дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіру және барлық мәселелерді реттеу жұмыстарын қарастырды. Кеңес-герман келісімдері екі мемлекеттің ондаған жылдар бойғы белсенді экономикалық және әскери-техникалық қарым-қатынасының жолын ашты. Шартпен бірге құпия протоколға қол қойылған. Ол бойынша Германия Ресейге техникалық көмек көрсетеді, ал Ресей Германияға бірнеше әскери полигондар ұстауға рұқсат береді. Сөйтіп, немістер Версаль шартындағы баптарды бұзып, жасырын түрде орыс аумағында 10 жыл бойы ауыр әскери қару-жарақтарын сынауға, соғысқа даярлануға мүмкіншілік алды. Сол екіжүзді солақай саясаттың зардабын кейін миллиондаған халықтар шегуге тап болды. 1924 ж. Кеңестік Одағын негізгі еуропалық мемлекеттер: Ұлыбритания, Италия, Франция, Норвегия, Швеция, Австрия, Дания, Греция, сондай-ақ Мексика, Қытай, Жапония секілді мемлекеттер мойындаған еді.

Дегенмен Батыс елдерінің Кеңестік Ресей жағынан революция экспорттауынан қауіптенуге нақты негіздері болды. 1919 ж. Мәскеуде құрылған Коммунистік Интернационал көптеген мемлекеттердің коммунистік партияларымен дүниежүзілік социалистік тәртіп орнатуға қатты кіріскен. Бұл партиялардың іс-қимылдары парламенттік жүйе күштеріне жаулас ретінде бағаланды.

1934 ж. соғыс өрті тұтану қаупі күшеюіне байланысты көптеген елдер КСРО-ны Ұлттар Лигасына кіруге шақырды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар

30-жылдары дүние жүзіндегі жағдай бірден өзгере бастады: Версаль–Вашингтон жүйесі бұзылды, Батыста және Шығыста жана соғыс ошақтары шыға бастады, әлем бірте-бірте жана дүниежүзілік соғысқа қарай жылжи берді. Жеңген елдер арасында, сондай-ақ жеңген елдер мен жеңілгендер арасында қайшылықтар өрши түсті. 20-жылдарда ағылшын-американ, американ-жапон қайшылықтары ұлғайды. ХХ ғасыр басында АҚШ Еуропаға қарызды болып келген. I дүниежүзілік соғыс біткенде АҚШ-қа барлық Еуропа елдері: Англия, Франция, Италия т.б. қарызды болып шықты. АҚШ шет елдерге капитал шығару жағынан Англияны басып озды. Империалистік тартыстар Германия мен Франция, АҚШ пен Жапония, Жапония мен Қытай арасында өрістеді. Бұл державалардың мүддесі кұрлықта да, жерде де қақтығыса бастады.

Экономикалық дағдарыс жылдарындағы (1929-1933) халықаралық қатынастар өзінің тұрақсыздығынан, Версаль-Вашингтон жүйесінің тездетіп құлауымен ерекшеленді. Еуропа кұрлығындағы күштер арасалмағы өзгерді. Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің жарысы үдей түсті, әсіресе қару-жарак шығарудан. Германия 1926 ж. Ұлттар Лигасының мүшесі болды. Ол қауіпсіздік жүйесі шеңберінде тең құқыққа теңелді. Германия әскери қауқарын қалпына келтіруге кірісті, сондай-ақ репарация төлеуге жеңілдік алды.

Версаль жүйелік келісімдердің бұзылуы жеңген мемлекеттер мен жеңілгендер арасындағы жағдайды өзгертті.

30-жылдар басында Германия жағынан өзінің қауіпсіздігіне қатер төнуіне байланысты Франция орны әлсірей түсті. Бұл оның КСРО-мен «шабуылдаспау» туралы пактіне шарттасу туралы келіссөз бастауына мәжбүр етті. 1932 ж. сондай пактіге қол қойылды.

Тоқырау жылдарында Қиыр Шығыстағы жағдай шиеленісе түсті. Қытай Ұлыбританияның, АҚШ-тың, Жапонияның арасындағы теке-тірес алаңына айналды.

Жапон империалистері 1931 ж. Маньчжурияны басып алуға кірісті. Дәл осы жерден дүниежүзілік соғыстың бірінші ошағы шықты. Солтүстік-Шығыс Қытайда басында бұрынғы Қытай императоры Пу И басқарған қуыршак мемлекет кұрылды. Ұлттар Лигасы Қытайға комиссия жіберді, ол Маньчжоу-Го-ны мойындамады. Қытайдан жапон әскерлерін әкетуді ұсынды. Алайда Жапония бұл талаптардан бас тартты, сөйтіп Ұлттар Лигасынан шығып кетті.

Еуропада соғыс ошағының құрылуы. Германиядағы фашизм. 1933 ж. Германияда фашистік диктатура орнауы Еуропа орталығында қауіпті соғыс ошағы шыққанын білдірді. 1933-35 жылдары Германияның басты міндеті Версаль келісінде анықталған қару-жаракқа қатысты шектеулерді жою және дүниежүзін күшпен бөлісуге дайындық жасау болды. Бұл бағыт идеологиялық тұрғыдан Германияның «теңсіздігін» қалпына келтіру деп шешілді. Германия Версаль келісім-шарты әділетті еместігін алға тартты, оны өзгерту керек деген талабын бірқатар мемлекеттер түсіністікпен мақұлдады. 1935 ж. Германия жалпыға бірдей әскери міндеттілікті енгізді. Сол жылы плебисцит нәтижесі бойынша Саар облысы Германия құрамына өтті. (Плебисцит – халықтың дауыс беруінің бір түрі). Сосын герман әскерлері Рейн аумағына кірді. Осылайша, Германияның қайта қарулануына жол ашылды.

Италияның Эфиопияны басып алуы. 30-жылдар ортасында Италия Африкадағы отаршылдық иеліктерді қайта қарау талаптарын қоя бастады. 1935 ж. қазанда фашистік Италия Эфиопияға шабуылдады. Бұл соғыс Еуропа фашистік мемлекетінің тікелей қарулы агрессияға өтуінің басы болды. 1936 ж. шілдеде генерал Франко Испаниядағы халықтық майдан құрған өкіметке қарсы көтеріліс бастады. Германия мен Италия оған самолеттер, танкілер т.б. қару-жарактар, әскерлер беріп, қолдау көрсетті. Англия мен Франция испан ісіне «қол сұқпау» саясатын жариялады, сөйтіп Испан республикасын тұншықтыруға көмектесті. «Араласпау» комитетінің шешіміне себеп артып, Франция төленіп қойылған қару-жаракты Испан республикасына жіберуді тоқтатып тастады. Ол елдегі азамат соғыс 1939 ж. көктемде республиканың құлауымен аяқталды. Испанияда фашистік тәртіп орнады.

Герман-Италия-Жапон агрессивті тобының құрылуы. Үш держава – қару-жаракты жаппай шығаруды және дүниені күш-зорлықпен бөлуді бастап, агрессивті топ құруға келісті. 1936 ж. қазанда Италия - Германияның қарым-қатынас жасау протоколына қол қойды. Сосын Германия мен Жапония Коммунистік Интернационалға қарсы күрес туралы келісімге қол қойды. («Антикоминтерн пактісі»). Бұл пактіге 1937 ж. Италия қосылды, сөйтіп Берлин-Рим-Токио – үш агрессивті мемлекеттің тобы құрылды. Озбырлық саясаттың жаңа кезеңі басталды. 1937 ж. шілдеде Жапония Қытайға шабуылын қарқындатты. Пекин қаласын басып алып, жапон әскерлері Қытайдың орталық провинциясына қарай қозғалды. Германия Австрияны қосып алуға (аншлюс) кірісті. 1938 ж. наурызда неміс әскерлері Австрияға кірді, ол сөйтіп Германияға қосылды.

Агрессорлардың «Тыныштық орнату» саясаты. Агрессорлардың заңсыз іс-әрекеттері Ұлттар Лигасының тыныштықты сақтаудың сенімді құралы емес екендігін көрсетті. Ұйым ішінде күштердің қайта топтасуы, бөлінуі орын алды. Жапония мен Германия одан шықты. Бірақ та 1934 жылы Ұлттар Лигасы жаңа маңызды мүшемен толықты – оған Кеңестер Одағы кірді. Осылайша Еуропа қауіпсіздігі мәселесі кең жағрафиялық шеңберге ие болды. Енді КСРО-ны ұжымдық қауіпсіздік жүйесінде жаңа күш ретінде қарауға мүмкіндік туды.

1934 ж. Кеңес-француз келісімі нәтижесінде Шығыс пакті деп аталатын жоба талқыланды, оған Германия, КСРО, Чехословакия, Польша, Литва, Эстония, Финляндия қатысты. Финляндия шығыс пактіне қосылуға кепіл болатынына уәде берді, ал Кеңес Одағы Рейн кепілдік пактіне қосылуды ойластырды. Осылайша қауіпсіздіктің коллективті жүйесі құрылған болар еді. Алайда, Англия мен Германия, тағы бірқатар шығыс еуропалық мемлекеттер шығыс пактіні құру туралы ұсынысты қабылдамай тастады. Сөйтіп, Еуропада қауіпсіздіктің коллективті жүйесін құру мүмкіндігі ісіне аспай қалды.

Франция мен КСРО 1935 ж. өзара көмек туралы келісім - шартқа отырды. Онда егер Еуропа мемлекеттері жағынан шабуыл бола қалған жағдайда бір-біріне әскери көмек беру жағын қарастырылған. Осындай келісім КСРО мен Чехословакия және Чехословакия–Франция пактісіне қол қойылды. Алайда Франция бағыты өз жалғасын таппады. Батыс елдері агрессорларға жол бере отырып, Еуропада тыныштықты сақтауды көздеген британ саясатының нұсқауларын қолдап жатты.

1938 ж. Мюнхен келісімі. Австриямен аншлюс жасасқаннан кейін Германия Чехословакияны жаулап алуға дайындала бастады. Бұған себеп ретінде гитлершілдер Чехословакиядағы Судет облысының жағдайын пайдаланды. Оның көп тұрғын халқын немістер құраған және судет-неміс партиясы құрылып, Германияға қосылуды талап етті. Оған Прагадағы Бенеш үкіметінің қарсыласуы Англия мен Францияның беделін біршама төмендетіп тастады. Олар Чехословакияға осы ұсынысты қабылдауға кеңес берген болатын. Содан шыққан саяси тоқырауды Чемберлен басқарған ағылшын үкіметі Германия тілегін орындау арқылы шешуге көнді. «Тыныштық сақтау» саясатының мәні осында болды. Оның алысты көздеген мақсаты герман экспансиясын шығысқа қарай бағыттау болды. Батыс державалары Чехословакияға көмек беруден бас тартты.

1938 ж. қыркүйекте КСРО-ның шетел істері халық комиссары М.М.Литвинов Франция Чехословакияға көмек беруден бас тартқан

жағдайда да, КСРО 1935 ж. келісім бойынша Чехословакияға көмек беру міндетін орындауға дайын екенін айтты. Алайда Англия, Франция, Германия, Италия басшылары 1938 ж. 29 қыркүйекте Мюнхенде Чехословакияны қатыстырмай, оның тағдырын шешті. Қабылдаған келісім бойынша Чехословакия 10 күндік мерзім ішінде Судет облысын Германияға беруге міндетті болды. Оны қабылдауға Бенеш мәжбүрленді. Чехословакияның бестен бір аумағы, төрттен бір тұрғын халқы, ауыр және соғыс өнеркәсібінің негізгі бөлігі Германияға өтіп, оны күшейте түсті. Гитлер Франция мен Англияға қалған барлық дау-талас мәселелерді келіссөз арқылы шешіледі деп уәде берді. Еліне келгенде ағылшын премьер-министрі Чемберлен «Мен сендерге бейбітшілік әкелдім!», деп Мюнхен келісімін көрсетіп, жұртқа мақтанған. Бірақ, бес ай өтпей ол қатты алданғанын байқады. Неше рет жеңіл жеңістерге жеткен Германия фюрері уәдесін бұзуға барды.

1939 жылғы соғыс алдындағы саяси тоқырау. 1939 ж. көктемінде Еуропада жағдай бірден шиеленісе түсті. Германия 15 наурызда Мюнхен келісімін бұзып Чехословакияны жаулап алды. Бір аптадан соң Польшадан Гданьскті сұрады және Литвадағы Клайпед облысын тартып алды. Фашистік Италия сәуірде Албанияны басып алды. Осы әрекеттер бүкіл әлемді екінші дүниежүзілік соғысқа жақындатты және Англияның, Францияның және Кеңес Одағының жағдайын әлсіретті. Әсіресе Францияның жағдайы өте қатерлі болды. Ол Испанияда фашистік режим толық орнағаннан соң фашистік мемлекеттер шеңбері ішінде қалып қойды. 23 мартта Германия Румынияны герман әскери экономикасына байланыстырып, экономикалық келісімге қол қойды.

Осындай агрессиялық шаралар Ұлыбританияның сыртқы саяси бағытын өзгертуге итермеледі. Ол қорғанысын нығайта отырып, Франциямен, Польшамен, Румыниямен байланысын кеңейте түсті. Англия мен Франция Польшаға, содан соң Румынияға көмекке кепілдік беретіні туралы мәлімдеді.

1939 ж. сәуір-мамырда Кеңес үкіметі және Англия, Франция үкіметтері өзара көмек туралы келісім жасасуға келіссөздер бастады. Онда олар КСРО-мен шекаралас, Шығыс Еуропа елдеріне көмек көрсетуді қарастырды. Сондай-ақ әскери конвенциясына қол қою қарастырылды. Бұл бірнеше айға созылып кетті, сөйтіп саяси келіссөздер шешусіз қалды. 12 тамызда Мәскеуде үш ел өкілдері әскери мәселесі бойынша келіссөз басталды. Онсыз герман агрессиясына қарсы туралы кез келген саяси келісім-шарт мағынасыз

болар еді. Іс мынада болатын. Өйткені, Польша, Румыния және Балтык маңы елдері өздерінің шығыстағы көршісінен батыстағы Германияға қарағанда корқып, КСРО мен қарым-қатынас жасауға ешқандай ынтасы болмады. Қызыл Армияның өзінің жеріне өтуіне келіспеді. Ағылшын-француз-кеңес келіссөз жүргізушілері бір-біріне сенімсіздікпен қарады, өздерінің ішкі мақсаттарын көздеді, мұның бәрі жағдайды күрделендіріп жіберді. Сталин-Молотов-Каганович-Хрущев, т.б. 1937-1938 жылдары кеңестік халықтардың мыңдаған зиялыларын, әскери көшбасшыларын, саяси қайраткерлерін жоюға барды. Шет ел компартия жетекшілері де құрбандыққа шалынды. Соғыс алдында Коминтерн қызметі де Сталиннің қолына өтіп, дұрыс саяси бағыт ұстауға жарамады. Кеңестік компартия сияқты Коминтерн біресе социал-демократтарды жау көріп, біресе фашистік елдерді жақтап, Польшаның жойылғанын қолдап қоғам арасында сенімін жоғалтқан еді. Батыс елдері де Германия алдында шегіне беріп, оның озбырлық аранын қағындырды.

1939 ж. маусым–тамызда әр түрлі экономикалық және саяси мәселелер бойынша ағылшын-герман келіссөзі етті. Германия мен Ұлыбритания арасында соғыспау туралы пактіге қол қойылды. Сол уақыттарда құпия кеңес-герман келіссөздері белсене түсті. Германия ағылшын-француз-кеңес келіссөздерін болдырмауға тырысты. Польшаға шабуылдамас бұрын, КСРО-ны бейтараптандырғысы келді. Өз негізінде Сталиннің батыс демократиясына сенімсіздік көрсетуі, Ұлыбритания мен Франция жағынан іріткі салушылық келіссөз барысында Кеңес сыртқы саясат бағытының ауысуына әкелді. Кеңес-герман шарасыз кездесу барысында Кеңес-герман жақындасу шарты келісілді.

Соғыс жарияламау туралы Кеңес-герман пактісі 1939 ж. 23 тамызда өмірге келді. Екі келісуші жақтардың бірі басқа мемлекеттермен соғыс қақтығысына ұшыраған жағдайда КСРО мен Германия бейтараптығын қарастырды. Келісімге Германия мен КСРО-ның мүдделік аясындағы шектеушілік туралы құпия протоколға қол қойылды. КСРО-ға Балтык маңы елдеріне және Финляндияға қатысты еркіндік беріледі, сондай-ақ Польшаны бөлуге қатысу туралы келісімділік қарастырылды.

Құпия протокол Кеңестік сыртқы саясатының Германияның «Тыныштық сақтау» мюнхендік бағытына бетбұрыс жасалғанын куәландырды. Шындығында КСРО фашистік Германиямен ауыз жаласып, әлемді бөлісу саясатын ашық жүргізе бастады. Құпия құжат бойынша Еуропа елдерінің, соның ішінде Польшаның бір бөлігін Балтык жағалауындағы Литва, Латвия, Эстония, т.б. жерлерін қарату

жасырын жоспар Сталин – Молотов тобын қатты қызықтырған. Екінші дүниежүзілік соғыс өртін тұтандыруға, сөйтіп, бұл топтың да қатысуы айқын. Соғыс басталысымен КСРО әскерлері Польша жеріне енді. Онда неміс әскерлерімен кездесіп, салтанатты шеру өткізді. 1939 ж. аяғы – 1940 ж. көктемінде Қызыл армия жоғарыда аталған үш елді, Бессарабияны басып алды. 1939 ж. 30 қарашада КСРО Финляндияға соғыс жариялап, оның бірталай жерлерін тартып алды. Кейін халықтарды алдау үшін Сталин тобы неше айлакер сылтаулар таратып, Гитлермен достасуын «еріксіз болғандықтан, уақыт ұтып алу үшін» т.б. себептерді алға тартқан. 1941 ж. сәуірде КСРО–Жапония арасындағы жасасқан бес жылдық бейтараптық шарт та сол солақай, озбырлық саясаттың жалғасы болды. Қалай қарасаңыздар да, дүниежүзілік қантөгіс басталған кезде, біржақта Франция–Ұлыбритания–Польша–Чехословакия–АҚШ–Қытай–Үндістан, екінші жақта Германия–Жапония–КСРО–Венгрия–Болгария–Италия–Румыния болғаны айдан анық еді.

Әрине соғыстың шығуына ірі мемлекеттер кінәлі. Олар өз халықтарының да, сондай-ақ Азия мен Африка халықтарының да мүдделерімен санаспаған. Негізгі мақсаттары әлемге үстемдік жүргізу, басқаларды қанау, зорлық–зомбылық, отаршылдық тәртіпті орнату еді.

1939 ж. 1 қыркүйекте Германияның Польшаға шабуылымен екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Англия мен Франция Польшаға көмек көрсету уәдесіне байланысты Германияға қарсы соғыс жариялады.

II ТАРАУ

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІ

§16. Екінші дүниежүзілік соғыс. Тынық мұхиттағы соғыс

Соғыстың ауқымы. Екінші дүниежүзілік соғыс – адамзат тарихындағы ең ірі жанжал, ең ірі шиеленіс. Соғысқа Жер жүзі халқының 80%-ын құрайтын 61 мемлекет қатысты. Соғыс әрекеттері Еуразия, Африка, Мұхит аралдары елдерін және барлық мұхиттар алабын қамтыды. Соғысқа қатысқан елдердің армияларында 110 млн адам есепте болды. Екінші дүниежүзілік соғыс 6 жылға созылды. Бұл соғыс ең қырғын соғыстардың қатарында. Соғыс жылдарындағы адам шығындарының саны шамамен – 65-67 млн-ға жеткен. Олардың тең жартысы азаматтық тұрғындар (әскерде жоқтар) болатын.

Соғыс жылдарында аса зор материалдық байлықтар және құнды тарихи мәдениет ескерткіштері қиратылды.

Соғыс қимылдарының сипаты. Екінші дүниежүзілік соғыс Бірінші дүниежүзілік соғысқа қарағанда өзінің жылжымалы қимыл әрекеттерімен сипатталды. Егерде Бірінші дүниежүзілік соғыс көбінесе позициялық, қорғаныс түрінде сипатталса, Екінші дүниежүзілік соғыс өзінің жылдамдығымен, кең географиялық аумағымен ерекшеленді. Танктермен, ұшақтармен қаруланған әскер топтарының кең шабуылдары соғыс пәрменділігін арттырды. Соғыстың соңында мүлдем жаңа соғыс құралдары — зымыран және сутектік қару түрлері пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері, бір топ соғыс құмар мемлекеттердің әлемді қайта бөлісу әрекеттерімен байланысты болды.

Соғыс кезеңдері. Екінші дүниежүзілік соғыстың барысын үш үлкен кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезеңі – 1939 жылдың 1 қыркүйегінен – 1942 жылдың шілдесіне дейін. Бұл кезеңде соғыс ауқымы барынша кеңейіп, басқыншылардың соғыс әрекеттері басымырақ болып, сәттілігімен көзге түсті.

Екінші кезеңі – 1942 жылдың маусымы – 1944 жылдың қаңтары. Бұл кезеңде антигитлерлік одақтағы елдердің басымдылығы айқындалып, соғыс қимылдары басқыншы елдердің шекарасына жақындады.

Үшінші кезеңі – 1944 жылдың қаңтарынан – 1945 жылдың 2 қыркүйегіне дейін. Бұл кезеңде антигитлерлік коалициядағы елдер басымдықпен жеңіске жетіп, басқыншылар тізе бүкті.

Германияның Польшаға шабуылы. Польшаға шабуыл жасаудың «Вайс» атты жоспары 1939 жылдың көктемінде дайындалды. Халықаралық қоғамдастықты және Германия халқын алдау мақсатында немістердің құпия бөлімшелері Германия—Польша шекараларында арандатушылық әрекеттерін жасады. Тамыздың соңында Глевиц шекаралық қаласында «поляк әскерлері» қастандық жасалғандай болды, бірақ бұл іс жүзінде арнайы герман қызметі дайындаған арандатушылық, іс-қимылдар болатын.

Поляк әскерлері бірнеше соққы беруден кейін Германия және Шығыс Пруссия аумағынан бөлініп тасталды, айтарлықтай қарсылық көрсеткеніне қарамастан, барлық майданда шегінуге мәжбүр болды, себебі, әуеде неміс авиациясының күші басым еді.

1939 жылы 3 қыркүйекте Германияға қойылған ультиматум мерзімі аяқталғаннан кейін Ұлыбритания мен Франция оған қарсы соғыс жариялады. Ұлыбритания мен Францияның әскерлері Германиямен шекаралас қорғаныс аймақтарына орналасты, бірақ шабуылға шығу үшін ешқандай қимылдар жасамады.

1939 жылы 17 қыркүйекте Кеңес әскерлері алдын ала келісілген жоспар бойынша Польшаның батыс шекарасынан өтіп, «азат ету жорығын» немесе Польшаның шығыс аудандарын, Батыс Украинаны және Батыс Белоруссияны басып алу шараларын бастады.

1940 жылдың көктеміне дейін батыс майданда әскери іс-қимылдар жүргізілмеді. Польша, Франция және Ұлыбритания арасындағы әскери өзара көмек туралы шартқа қарамастан, Батыс елдері апатқа ұшыраған елге әскери көмек көрсетпеді. Поляк үкіметі Ұлыбританияға қашты, ол жерде Ұлыбританияның қамқорлығында қуғындағы үкімет ретінде өзінің іс-әрекетін жалғастырды.

Кеңес Одағы «Риббентрон-Молотов» пактісіне сәйкес мүдделерді шектеу жоспарын жүзеге асырды және Прибалтика елдері – Латвиядан, Эстониядан, Литвадан өзара көмек туралы шартқа қол қоюды талап етті, оған 1939 жылы қол қойылды. Осы елдердің аумағына Қызыл Армияның бөлімдері енгізілді.

КСРО-ның Финляндияға қарсы басқыншылығы. 1939 жылы 30 қарашада Кеңес Одағы кеңес-фин шекарасын бұзып, арандату нәтижесінде Финляндияға қарсы соғыс қимылдарын бастады. Екі жақ көп шығындалды.

1940 жылы 12 наурызда КСРО мен Финляндия арасында бейбітшілік шартына қол қойылды, ол шарт бойынша Финляндия

өзінің бірқатар аудандарын Кеңес Одағына берді. Кеңес-фин шекарасы Ленинградтан, Мурманскіден және Мурманск темір жолынан Фин аумағына ішкері қарай жылжытылды.

Батыс майдандағы жағдай. Батыстағы «Оғаш соғыс» кезеңі 1940 жылы 9 сәуірде неміс-фашист әскерлер Дания мен Норвегияға басып кіргенде аяқталды. Дания ешқандай қарсылық көрсетпеді. Норвегия Франция мен Англиядан көмек сұрады және Германияға айтарлықтай қарсылық көрсетті.

1940 жылы 10 мамырда неміс-фашист әскерлері соғыс жарияламастан Бельгияны, Голландияны, Люксембургті басып алды және олардың аумақтары арқылы Францияға басып кірді.

Неміс-фашист әскерлері «Қауырт соғыс» («блиц-криг») жоспарын жүзеге асыру арқылы ағылшын-француз әскерлерінің шебін бұзып өтті және екі бағытта Парижге және Ла-Манш жағалауына қарай шабуыл жасай бастады.

Ла-Манш жағалауына шыққан кезде ағылшын-француз әскерлерінің бірталай күші Дюнкерк маңайында қоршауға түсті, олар жартылай британ аралдарына көшірілді, ал жарты бөлігі әскери техникасымен және оқ-дәрілерімен тұтқынға алынды. Осылай Франция жеңіліске ұшырады, *1940 жылы 22 маусымда Компьен орманында Франция мен Германия арасында бітімге келу туралы шартқа қол қойылды*, ол Францияны құлдық жағдайға мәжбүр етті.

Ұлыбритания Франция тізе бүккеннен кейін өте қиын жағдайда қалды. Ол фашистік Германияның шабуылына жалғыз өзі тойтарыс берді. 1940 жылы мамырда У.Черчилльдің басшылығымен әскери кабинет құрылып, Ұлыбритания халқын шапқыншылыққа қарсы жұмылдырды.

Герман әуе күштері «Теңіз арыстаны» операциясын дайындау мақсатында Ұлыбританияны үздіксіз бомбалады.

Африка мен Балқандағы соғыс. 1940 жылы маусымда Германияның одақтасы Италия Африкадағы ағылшын отарларына иелік етуге әрекет жасады. Италиян әскерлері Британдық Сомалиді, Кения мен Суданның бір бөлігін басып алды, Суэц каналына иелік ету мақсатында Ливия аумағы арқылы Египетке басып кірді. Бірақ та 1940 жылдың 9 желтоқсанында жасалған шабуылдар салдарынан ағылшын-итальян әскерлері Египеттен, одан әрі 1940 жылы мамыр айына дейін Сомалиден, Кениядан, Суданнан, Эритреядан шегінуге мәжбүр болды, 1941 жылы 18 мамырда италян армиясының қалғаны Эфиопияда тізе бүкті. Үш шапқыншы мемлекет Жапония, Италия, Германия «Болат пакт» деп аталатын әскери-саяси одақ құрды. Олар дүние жүзіндегі

өздерінің мүдделерін белгіледі және бір-біріне әскери құралдарды қоса алғанда, барлық құралдармен көмектесуге міндет алды.

Осы уақытта басқыншыларға қарсы мемлекеттер коалициясы құрылды. 1940 жылы 2 қыркүйекте ағылшын-американ шартына қол қойылды, шарт бойынша АҚШ Ұлыбританияға 50 эсминені берді.

Италия 1940 жылы 28 қазанда Германияға хабарламастан Грекияға шабуылын жасады, бірақ грек халқы оларға лайықты қарсылық көрсетті және италян әскерлерін 1939 жылы сәуірде Италия басып алған Албания аумағына шегіндіріп тастады.

Германия алғашында Румыния мен Венгрия арасындағы дауға мән бермеді, кейіннен төреші болып, оны Венгрияның пайдасына шешті. Венада қол қойылған шарт бойынша Румыния аумағының бір бөлігі – Солтүстік Трансильвания Венгрияға берілді. 1940 жылы күзде Венгрияда адмирал Хорти және Румынияда генерал Антонеску Үштік пактіге қосылу туралы шартқа қол қойды.

1940 жылы 1 наурызда Үштік пактіге Болгария қосылды. Венгрия, Румыния және Болгария аумағында неміс-фашист әскерлері орналастырылды.

Бұдан басқа 1941 жылы 6 сәуірде ол Югославия мен Грекияны басып алды. Күштердің тең еместігіне карамастан, грек және югослав халқы шапқыншыларға қарсы аянбай қарсылық көрсетті.

Сөйтіп, 1941 жылдың жазына қарай Батыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның бір бөлігін Германия мен Италия жаулап алып, оларды өз қарамағында ұстады. Басып алынған аумақтардағы фашистер орнатқан қанауға карамастан, бұл елдерде қарсылық қозғалыстары кеңейе түсті.

Германияның КСРО-ға шабуылы және Тынық мұхит соғысы. 1940 жылы 18 желтоқсанда А.Гитлер құпия кеңесте — «*Барбаросса жоспарын*» бекітті. Герман қарулы күштері қысқа мерзім ішінде КСРО-ны талқандауға тиіс болды. Батыстағы жеңістеріне мастанған гитлерлік басшылық 6—10 аптаның ішінде Кеңес Одағын тас-талқан етуді көздеді.

Кеңес Одағына шабуыл жасау үшін немістер «Солтүстік», «Орталық» және «Оңтүстік» армия топтарын жасактады. *1941 жылы 22 маусымда* сенбіден жексенбіге қараған түні гитлерлік Германия шабуыл жасаспау туралы келісімшартты бұзып, соғыс жарияламастан тұтқиылдан *Кеңес Одағына қарсы соғыс бастады.* Таң сәріде фашист ұшақтарының тізбегі Шығысқа қарай ұмтылып, Каунас, Киев, Минск, Одесса, Севастополь және басқа қалаларға әуеден соққы берді. Майдан шебі Балтық теңізінен Қара теңізге дейін созылып жатты. Басқыншыларды, ең алдымен, шекара әскерлері қарсы алды. Олар жауды жеңіп, әділетті істердің салтанат құруы үшін, Отанға адал

кызмет ету үлгісін көрсете отырып, ерлікпен шайкасты. Неміс-фашист басқыншыларының шабуылы кеңес адамдарының ыза-кегін туғызды. Бүкіл елде жаппай митингтер мен жиналыстар өткізіліп, адамдар социалистік Отанның бостандығы үшін қасық қаны қалғанша жаумен шайкасуға даяр екендіктерін білдіріп жатты.

Германияның КСРО-ға шабуылы бастала салысымен, Кеңес Одағының басшылары В.В.Молотов және И.В.Сталин өздерінің сөйлеген сөздерінде – бұл соғысты Отан соғысы, кейіннен Ұлы Отан соғысы деп атады. Жауға тойтарыс беру үшін әскери міндеттілер әскерге шақырылды, ал елдің еуропалық бөліктерінде соғыс жағдайы енгізілді. 1941 жылы 30 маусымда И.В.Сталиннің төрағалық етуімен Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (МҚК) құрылды. Соғыс уақытында бұл ұйым мемлекеттік бүкіл билікті өз қолына шоғырландырды. Оның шешімдері заңды күшке ие болып, КСРО-ның азаматтары мен барлық ұйымдары оны бұлжытпай орындауға тиіс болды.

1941-1942 жылдардағы кеңес әскерлерінің жеңілу себептері. Шабуылдың бастапқы кезеңінде-ақ гитлерлік әскерлер тұрғын халық пен Қызыл Армия әскерлерінің қуатты қарсылығына тап болды. Брест қаласының гарнизоны айдан аса уақыт шайкасты, әуе ұрыстары да батыл сипат алды. Алайда жекелеген әскери бөлімдер мен авиацияның сәтті әрекеттері соғыстың жалпы барысын өзгерте алмады. Дұшпанның екпінді топтары негізгі стратегиялық бағыттарға қарай жылжи берді. Соғыстың басынан бастап-ақ дұшпан кейбір бағыттарда 600 шақырымға дейін ілгері жылжи түсті.

Гитлершілдер Литваны, Латвияны, Молдавияны, Эстонианы, Белоруссияны, Украинаның едәуір бөлігін жаулап алды. Ресей Федерациясының Батыс облыстарына баса-көктеп кірді, Ленинградқа, Смоленскіге, Киевке қатер төндірді.

Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңіндегі кеңес әскерлерінің жеңілу себептері:

1. *Дұшпанның сан жағынан басым болуы.* КСРО шекарасындағы Германия мен оның одақтастары әскерлерінің саны 5,5 млн адамға жетті. Баса-көктеп енген осы қатерлі армияға жалпы саны 2,6 млн адамнан тұратын батыс округтердің кеңестік әскерлері қарсы тұрды.

2. Гитлерлік армияның жаңа соғысты жүргізуге дейін екі жылдық тәжірибесі болған. Ал кеңес әскерлерінің, әсіресе командалық құрамның, *армиядағы, жаппай қуғын-сүргіннен кейін кәсіби деңгейі төмендеп кеткен.* Соғыс басталар алдында Қызыл Армия командирлерінің тек 7%-ның ғана жоғары әскери білімі болды, ал 37%-ы тіпті орта әскери оқу орындарының толық курсын өтпеген болатын.

3. Кеңес басшылығының соғыс техникасы жөнінен үлкен қателіктері, жекелеп алатын болсақ *механикаландырылған тетіктердің рөлін жете бағаламауы*. КСРО-да бұған дейін дамыған автомобиль өнеркәсібі болған жоқ. Автокөліктердің жетіспеуі салдарынан қару-жарактың едәуір бөлігін атпен немесе ескі трактормен сүйреп жүрді.

Ал неміс армиясы соғыс техникасының жоғары дәрежеде болуы, олардың әскерлерінің үдете шабуыл жасауына, сулы кедергілерден бөгетсіз өтуіне, кеңес әскерлерінің қарсы сокқыларын тойтарып немесе өлсіретуіне мүмкіндік берді.

4. Кеңес қарулы күштерінің негізгі түрлерін қайта құру, *әскери техниканы жаңарту жұмыстары әлі аяқталып бітпегендіктен* қару-жарактың бірқатар ескі үлгілері өндірістен алынып тасталған, ал жаңа қару-жарак әскерлердің қолына тие қойған жоқ болатын.

5. *Армияны жасақтаудың ескі жүйесі армияны әзірлеу жұмыстарын әлсіретті*. Шағын кадрлық армиямен қатар аумақтық әскерлер де болды. 1939 жылы «Жалпыға бірдей әскери міндеткерлік туралы» Заң қабылданды. Ол қарулы күштерді құрудың кадрлық қағидасын бекітіп, әскери қызметке шақыруда таптық шектеулерді жойды.

6. Фашистік Германиямен күресте Қызыл Армияның бастапқы сәтсіздіктерінің басты себептерінің бірі — соғыс қарсаңындағы *әскери-стратегиялық ақуалды бағалауда жіберілген қателіктер* болып табылады.

7. *Кеңестік соғыс (әскери) ғылымының дамуына И.В.Сталиннің жеке басына табынушылық жағымсыз ықпал етті*. Жеке басқа табынушылық догматизмге әкеліп тіреді. Ол бір ғана адамның әміріне бой ұсынуға, теориялық жағдайлардың дәлелін өмірдің өзінен немесе іс жүзінде емес, дайын тұжырымдар мен деректемелерден іздеуге мәжбүр еткізді. Кеңестік әскери теория «КСРО-ға жасаған кез келген шабуыл, жаудың өз аумағында толық талқандануымен аяқталады» деген қағидаға негізделді.

8. 1941 жылдың маусым айына қарай шекара маны округтерінің *әскерлері өте үлкен кеңістікке шашырай орналастырылды*. Ал сол екі ортада вермахт қарулы күштерінің көп бөлігі, тікелей кеңес шекараларына жасырын шоғырландырылған.

9. Соғыстың бастапқы кезеңінде *Германияның әскери-экономикалық әлеуеті КСРО-ның әлеуетінен едәуір жоғары болды*. 1940 жылы КСРО-да 18,3 млн. тонна болат балкытылып, 31 млн. тонна мұнай және 16,6 млн. тонна көмір өндірілген. Ал Германияда және оның

бакылау аймактарында жылына 32 млн. тонна болат балкытылып, 400 млн. тонна көмір және 6,5 млн. тонна мұнай өндірілген.

10. Неміс армиясының қолында күшті қару-жарақ болды және ұрыс қимылдарында да тәжірибесі мол болатын. Ол соғысқа психологиялық тұрғыдан жақсы даярланып, жеңіске жету мақсатында болды.

Кеңес-герман майданы – Екінші дүниежүзілік соғыстың басты майданы

1941 жылы жазда және күзде неміс әскерлерінің Мәскеуге, Ленинград пен Киевке жылжуына кедергі жасай отырып, Кеңес жағы ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Кеңес-герман майданы — Екінші дүниежүзілік соғыстың басты майданына айналды. КСРО нацистік Германия мен оның қолшоқпарларына қарсы отандық, азаттық соғысты жападан жалғыз бір өзі жүргізді. Мұнда барлық соғыстардың тағдыры шешілетін болды.

Ауыр қорғаныс ұрыстарында болашақ жеңімпаздардың соғыс дағдылары мен тәжірибесі қалыптасты. 1941 жылы 28 шілдеде Луцк-Дубно-Ровно ауданында бір апта бойы кеңестік механикаландырылған корпусы, генерал Клейстің алғашқы танк тобының күшті қыспағына төтеп берді, ал содан кейін ұйымдасқан түрде жаңа межеге қарай өтті. 1941 жылғы Смоленск шайқасы герман әскери қолбасшылығының Мәскеуге қарай шұғыл түрде бұзып-жарып өту туралы жоспарының тас-талқаны шықты. Кеңес әскерлері немістерге қуатты қарсы соққы беріп, Ельняны азат етті. Ельня түбіндегі ұрыстары үшін кеңестік атқыштар дивизиясына тұңғыш рет гвардиялық дивизия атағы берілді. Алайда астана үшін қауіп-қатер әлі де болса сақталып қалды.

«Орталық» армиясының тобы Мәскеуді алу үшін «Тайфун» операциясын дайындады. Қазан айының ортасында үлкен шығынға ұшырата отырып, неміс әскерлері Мәскеуге таяп келді. Мәскеуді қорғау үшін тылда көп ұлттан құралған дивизия жасақталды. Қазақстанда жасақталған 316-атқыштар дивизиясын 40%-ын қазақ, 30%-ын орыс, 25%-ын украин және 5%-ын басқа ұлттың өкілдері құрады.

Кеңестік Қазақстанның астанасы Алматыда жасақталған генерал И.В.Панфилов қолбасшылық еткен 316-атқыштар дивизиясы көп ұлтты құрамымен ерекшеленді. Отан соғысының майдандарында мыңдаған қазақстандық қыздар мен жігіттер жанқиярлықпен шайқасып, қазақстандықтардың есімдері Брест қамалын қорғаушылардың арасында Эстония және Латвия, Ленинград шайқастарында аталды. Мәскеу түбіндегі шайқаста 316-атқыштар

дивизиясы жаудың екі жаяу және екі танк дивизиясының тегеуірініне тойтарыс берді. 1941 жылы 16 қарашада Дубосеково разъезіндегі шайқаста Панфилов дивизиясының 28 әскері — 50 неміс танкісі мен көптеген жаяу әскерлерінің тегеуірініне қарсы тұрды. Олардың көпшілігі күші тең емес шайқаста қаза болғанымен, алдарына қойған міндеттерді ақырына дейін орындап, Мәскеуге немістерді жібермеді.

Жау астана қақпасының алдында тұрған қиын-қыстау күндерде, Г.К.Жуковтың қолбасшылығымен кеңес әскерлерінің қаһарман күштерінің арқасында жау тоқтатылып кейін шегіндірілді. Мәскеу түбіндегі жеңіс «неміс әскерлерінің жеңілмейтіні» туралы аңызды сейілтті. Өкінішке орай, басқа бағыттарда ондай бетбұрыс әлі сезіле қойған жоқ. Украинада Киев қаласы жаудың қолына қалдырылды. 1941 жылы қыркүйек айының басында неміс әскерлерінің Солтүстік армия тобы Ленинградты қоршауға алды. Қаланы қорғау 900 күнге созылды.

1942 жылдың көктемі мен жазында Кеңес армиясының Ленинград қоршауын бұзып-жарып, Қырым мен Харьков түбіндегі шабуылға шығу әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды. 8 ай бойы ерлікпен қорғағаннан кейін Севастополь жауға берілді. Кавказға тіке жол ашылды.

1942 жылғы немістердің жазғы шабуылы Кавказ бағытындағы неміс әскери қолбасшылығының жетістіктерін көрсетті. Ал Ростов қаласын жаулап алу неміс әскерлеріне қос өзен Дон мен Еділ бойына шығуға мүмкіндік берді. Болашақ Сталинград шайқасының жобасы осылайша белгіленді.

Стратегиялық бастама қайтадан Германияға қарай ауысты. Жоғарғы Бас қолбасшы, қорғаныс Халық комиссариаты «Бір адым да кейін шегінбеу» деген атпен мәлім болған бұйрығын шығарды.

Азия мен Тынық мұхиттағы шабуылдың белсенділендірілуі. АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Жапонияның және басқа империалистік елдердің мүдделері Тынық мұхит алабында тоғысты. АҚШ Оңтүстік-Шығыс Азияға үстемдік етуге ұмтылғанымен мұнда ол Жапонияның нақты бәсекелесіне айналды. Жапон милитаристерінің назары Үндіқытай, Индонезия, Таиланд, Филиппин, Үндістан, Австралияға ауды. 1941 жылы шілде айының соңында жапон әскерлері Үндіқытайдың оңтүстік бөлігін жаулап алуға кірісті. АҚШ Үндіқытайдан Жапонияның өз әскерлерін алып кетіп, бұдан былай Оңтүстікке жылжуын тоқтатуды талап етті.

Пёрл-Харбор. Жапон қолбасшылығы АҚШ-тың аса ірі әскери теңіз базасы Пёрл-Харборда орналасқан Тынық мұхиттағы американ флотының басты күштерін жоюды көздеді. Осы мақсатпен адмирал

Ногумо басшылық еткен арнаулы жедел топ құрылды. 1941 жылы 26 карашада екпінді әуе кемесі тізбегі мұхитқа шығып, тұтқиылдан американ флотына шабуыл жасау үшін Гавай аралына бағыт алды. Тынық мұхитта соғыс басталды. Ногумо эскадрасы толық құпияны сақтай отырып, көздеген нысанаға 12 күн жүріп жетті. 1941 жылы 7 карашада әуе кемесіне көтерілген жапон авиациясы АҚШ базасын екі дүркін атқылады.

АҚШ флоты өзінің өмір сүрген жылдарының ішінде ең үлкен жеңіліске ұшырады. АҚШ президенті Ф.Рузвельт конгресте сөйлеген сөзінде 7 желтоқсан тарихта АҚШ-тың «маскара күні» болып қалатынын мәлімдеді.

1941 жылы 8 желтоқсанда АҚШ конгресі Жапонияға қарсы соғыс жариялау жөнінде қаулы қабылдады. Сонымен қатар Жапонияға қарсы Ұлыбритания, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Одағы, Нидерланды да соғыс жариялады.

Тынық мұхиттағы соғыс қимылдары. АҚШ-тың Тынық мұхит флотындағы негізгі күштерін талқандап, Жапония Филиппинде, Малайзияда, Индонезияда кең түрдегі шабуылға көшті. Жапон армиясы Филиппинді, Таиландтың бір бөлігін басып алды, содан кейін Сингапур мен Гонконгті жаулап алды. 1942 жылдың наурызына қарай бүкіл Индонезия, содан кейін Бирма жаулап алынды. Жапон флоты десанттар түсіріп Гуам, Уэйк, Адмирал аралдарын, Соломон аралдарының бір бөлігін жаулап алды.

Үш жақты пакт елдерінің табыстары. 1942 жылғы жаз айы Үш жақты пакт елдерінің әскерлеріне белгілі бір табыстар әкелді деуге болады. Үш жақты пакт елдерінің шабуыл әлуеті әлі де болса сақталып қалды. Кеңес-герман майданында оңтүстік қанаттағы негізгі оқиғалар кеңес әскерлері үшін күрделі әрі қауіпті болып қала берді. Жау Донбасста Оңтүстік майдан құрамаларын қоршап, талқандауға табан тіресе ұмтылды. Оңтүстік-Батыс майдан құрамаларының негізгі бөлігі Дон өзенінің үлкен иіріміне қарай шегінді. 25 шілдеде немістер кеңес-герман майданының оңтүстігіндегі қорғанысты 150-ден 400 шақырымға дейін ішке қарай бұзып-жарып өтті. Бұл жағдай Солтүстік Кавказ бен Сталинградтың экономикалық ауданына тікелей қауіп төндірді. Немістер КСРО-ның мұнай өндіру орталықтарының бірі — Солтүстік Кавказды жаулап алу үшін «Эдельвейс» операциясына дайындалды. Тынық мұхит аймақтарында, Қытайда, Үндіқытайда жапон императорлық армиясы мен флоты ірі табыстарға жетті. Азиядағы жапон соғыс құмарлары «Азия — азиялықтар үшін!» деп ұран көтерді.

1942 жылы ақпан айында неміс колбасшылығы Кильде Ла-Манш бұғазы арқылы Францияның солтүстік жағалауларындағы кемелердің қалың тобын батыл түрде бұзып-жарды. Қолдарында 280 су асты қайықтары бар немістер АҚШ-тың Атлант жағалауларын, Атлантиканың орталық бөлігін Солтүстік теңіз жағалауы мен Норвегияны бақылауға алды. Олар қарсы жақтың сауда кемелеріне шабуыл жасады.

Солтүстік Африкадағы соғыс қимылдары. Солтүстік және Шығыс Африкада отарлары бар Италия оларды қорғауы тиіс болды, Гибралтар және Суэц арқылы теңіз жолдарын бақылауға алған Ұлыбритания отары - Египетке қолдан-қолға көрсетті. 1940 жылы қыркүйекте Италия маршалы Грациани Ливия аумағынан Египетке шабуылын бастады. Ағылшын әскерлері италян әскерлерін дереу жойып, қарсы шабуылға көшті. Гитлердің нұсқауы бойынша Германияда асығыс түрде «Африка» деп аталатын неміс экспедициялық корпусы жасакталды. Оны қолдау үшін 10 әуе корпусы тасталды. Корпус командирі болып жас, талантты генерал *Эрвин Роммель (1891-1944 жж.)* тағайындалды. Солтүстік Африкадағы соғыс қимылы Э.Роммельді даңққа бөлеп, оған «*Шөл дала түлкісі*» деген лақап ат берілді. Әл-Аламейн түбіндегі шайқаста неміс әскерлері сәтсіздікке ұшырады: Майдан әл-Аламейннен батысқа қарай ығысты. Роммельге Суэц каналын жаулап алудың сәті түспеді. Өйткені ол кезде немістер Сталинград маңындағы шайқасқа кіріскен еді. Ал Роммель 1944 ж. шілдеде Гитлерге қарсы жасалған герман әскери басшыларының әрекетін қолдаған. Оның алдында оған фельдмаршал атағы берілгендіктен Гитлер жағы оны трибуналға жеткізбей өзін-өзі атуға «ақыл» берген.

§17. Антигитлерлік коалицияның құрылуы.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы.

Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Ұлыбритания мен АҚШ басшылары КСРО-ға шабуыл жасалғаннан кейін өздерінің ниеттерін білдіріп, Кеңес Одағына басқыншылармен күресуде қолдау көрсетіндігі туралы мәлімдеді. *1941 жылы 12 шілдеде кеңес-ағылшын шартына қол қойылды*, онда екі жақ Германия және оның одақтас-тарымен күресуде бір-біріне көмектесетіндігі туралы айтылды.

АҚШ Кеңес Одағына «Ленд-лиз» заңын таратты. 1941 жылы тамызда Ньюфаунленд аралында У.Черчилль мен Ф.Рузвельттің кездесуі өтті, онда соғыстың мақсаты талқыланды және «*Атлантикалық хартия*» деп аталған АҚШ пен Англияның бірлескен мәлімдемесі

қабылдады. Онда екі мемлекет те басқа аумақтарды жаулап алудан бас тартты, халықаралық қатынаста халықтың өзін-өзі билеуін құрметтеу, сауда мен дүниежүзілік шикізат көздерін пайдаланудағы барлық мемлекеттердің теңдігі, теңізде еркін жүзу, қарусызданудың қажеттілігі сияқты жаңа принциптерін жариялады.

Антигитлерлік коалицияны нығайтуда Кеңес армиясының Мәскеу үшін күресте жеңіске жетуінің маңызы зор болды.

1942 жылы 1 қаңтарда Вашингтонда Біріккен Ұлттар Ұйымының Мәлімдемесіне қол қойылды, онда дүние жүзінің 26 мемлекеті фашистік Германиямен және оның одақтастарымен бірлесіп күресуге дайын екендігін жариялады.

Антигитлерлік коалицияны құрудың үлкен тарихи мәні болды. Дүние жүзінің әлеуметтік құрылысы, әр түрлі жетекші мемлекеттері басқыншы мемлекеттер одағымен күресу үшін бірікті.

Соғыс барысындағы үлкен өзгеріс: 1942 жылы қараша – 1943 жылы желтоқсан. 1942 жылы жазда неміс-фашист әскерлері кеңес-герман майданының оңтүстік бөлігінде шабуылдар жасалды.

Қиян-кескі ұрыстардан кейін 1942 жылы 23 тамызда Қырымдағы Кеңес әскерлерінің басым бөлігі қоршауға алынды және Кавказ тауларына өтуге мүмкіндік туды.

Сталинградта үш ай бойы кескілескен шайқас болды. Кеңес Одағының әскери басшылығы Сталинградтың стратегиялық маңызы зор екенін сезіп, әрбір қадам жер үшін шайқасты.

1942 жылы 19 қарашада алдын ала жасалған жоспар бойынша Кеңес әскерлері Сталинград түбінде үлкен шайқас бастады, соның нәтижесінде 22 фашист дивизиясы қоршауға алынды. Екі айға жуық қарсылық көрсетуден кейін генерал-фельдмаршал Паулюс басқарған 7-неміс армиясы тізе бүкті.

Осы жеңістен кейін Кеңес әскерлері кеңес-герман майданында кеңінен шабуылдар жасады. Кеңес Одағының Сталинград түбіндегі шайқаста жеңіске жетуінің дүниежүзілік маңызы зор болды, бұл Екінші дүниежүзілік соғыс барысына түпкілікті өзгеріс әкелді.

Африкадағы және Тынық мұхитындағы әскери іс-қимылдар. 1942 жылы тамызда Ұлыбританияның премьер-министрі У.Черчилль келіссөз жүргізу үшін Мәскеуге келді. И.Сталинмен және Кеңес елінің басқа басшыларымен кездесуінде, 1942 жылы Еуропада екінші майданды ашуға мүмкіндіктің жоқтығы туралы хабарлады. Солтүстік Африкаға ағылшын-американ әскерлерін түсіру жөніндегі «Торч» (Факел) деп аталған іс-қимылдар, ағылшын армиясы Египетте жасаған шабуылдарынан кейін басталды.

Содан кейін Германия 1942 жылы 11 қарашада Виши үкіметі басқарған Францияның оңтүстігін басып алды.

Италян-герман әскерлерінің қарсылығына карамастан, олардың Солтүстік Африкадағы жағдайы 1943 жылы көктемге қарай өте қиын болды.

Тынық мұхитындағы негізгі әскери іс-қимылдар аралдар мен су байланысы орындары арқылы жүргізілді.

1942 жылы мамыр айында АҚШ пен Ұлыбританияның әскери-теңіз күштері Коралл теңізінде, Мидуэй аралы үшін болған шайқаста жеңіске жетті.

Бұл кезеңде жапонның құрлықтағы әскерлерінің қозғалысы тоқтатылған еді. 1942 жылы жазда Тынық мұхитындағы әскери іс-қимылдар барысында өзгеріс байқалды.

Курск шайқасы. Соғыстағы шұғыл өзгерістердің басталуы. Герман әскери басшылығы кеңес-герман майданында «Цитадель» операциясын іске асыра бастады. Олар Орел, Белгород және Курск маңындағы әскери іс-қимылдар нәтижесінде қалыптасқан жағдайды пайдаланып қалуға тырысты.

Кеңес елінің әскери басшылығы немістердің жазғы жоспарын алдын ала біліп алып, оларға қарсы шабуыл жоспарын дайындады.

Немістердің шабуылынан бірнеше сағат бұрын Кеңес артиллериясы мен әуе күштері неміс-фашист әскерлері шоғырланған аймақтарға қуатты соққы берді. Неміс әскерлерінің 1943 жылы 5 шілдеде басталған шабуылы Кеңес әскерлерінің жақсы ұйымдастырылған қорғаныс шебіне тап болып, алдына қойылған мақсаттарына жетпеді. Олар Курск маңындағы шепті бұза алмады және Кеңес әскерлерін қоршауға ала алмады. Прохоровка селосы маңындағы шайқасы әлемдегі ең ірі танк шайқасы болды, оған екі жақтан 2 мыңнан астам танк қатысты. Ол Кеңес әскерінің жеңісімен аяқталды.

12 шілдеде Кеңес әскерлері қарсы шабуылға шықты. Соның нәтижесінде – Орел, Белгород және тағы бірқатар мекендер азат етілді.

Осының артынша Кеңес әскерлері барлық майданда шабуылға шығып, 1943 жылдың жаз және күз айларында Смоленскіні, Киевті және Украинаның сол жағалауын түгелімен азат етті.

Курск шайқасынан кейін Кеңес әскерлері стратегиялық бастаманы өз қолдарына алды, ол соғыстағы өзгерісті кезеңнің аяқталғанын білдірді. Германия және оның одақтастары өздерінің күштері мен ресурстарының жетіспеуінен шабуыл жасай алмады.

Италияның тізе бүгуі. Еуропа елдеріндегі фашизмге қарсы қарсыласу қозғалыстары. 1943 жылы 10 шілдеде кеңес-герман

майданында Курск шайқасы шиеленіскен кезде, ағылшын-американ әскерлері Сицилия аралына түсірілді.

Солтүстік Африкада герман-итальян әскерлерінің талқандалуы, Ресейде италян әскерлерінің жеңілуі, Италияның өзінде партизандық қозғалыстың өрлеуі сияқты соңғы кездегі оқиғалардың әсерінен, Италияда офицерлер мен саяси қайраткерлер топтасты, олар АҚШ және Ұлыбританиямен оңаша келісім жасау арқылы елді соғыстан алып шығуға тырысты.

1943 жылы 28 шілдеде Б.Муссолини үкімет билігінен түсірілді және тұтқынға алынды. Италиядағы жаңа үкіметтің басшысы болып маршал Бодольо тағайындалды, ол ағылшын-американ басшыларымен жасырын келіссөздер жүргізе отырып, Германия тарапында соғысты жалғастыратыны туралы мәлімдеді.

Италян үкіметі ағылшын-американ басшылығымен уақытша бітімге келу туралы келісімшарт жасады, ал 8 қыркүйекте оңтүстік Италияға ағылшын-американ әскерлері түсіріле бастады. Бұған жауап ретінде гитлер әскерлері Италияның солтүстігіне басып кіріп, италян армиясын қарусыздандырды. Неапольден оңтүстікке қарай ағылшын-американ әскерлерімен қақтығысып, жаңа майданы өріс алды.

Италияның немістер басып алған аймақтарында бұрынғы диктатор Муссолинидің басшылығымен қуыршақ үкіметі құрылды, ал Италияның оңтүстігіндегі ағылшын-американ аймағында Бодольо басқарған италяндық үкімет басшылық етті.

Сталинград пен Курск түбінде гитлер әскері жеңіліске жеткеннен кейін ғана фашистік одақ ыдырай бастады. 1943 жылдың ақпанында Венгрияның саяси басшылығы Ұлыбритания және АҚШ-пен жасырын келіссөздер жүргізді, Румыния диктаторы Антонеску Батыс мемлекеттерімен шарт жасауға тырысты.

1943 жылдың басында Испания үкіметі өзінің «бейтараптығы» туралы бірнеше рет мәлімдеме жасады.

Финляндияның басшы топтары соғыстан шығу жолдарын іздестірді.

Югославияда Иосиф Броз Тито бастаған партизан армиясы іс-қимылдар жүргізді, ол Германия мен Италияның бірталай күшін қозғалтпай тастады. Партизан жасақтары Франция, Италия, Грекия, Албания жерінде құрала бастады. Астыртын және партизан қозғалыстарын халықтың барлық топтарының өкілдері, түрлі партиялар мен қозғалыстардың қайраткерлері басқарды. Осы елдердегі Қарсылық қозғалысына үкімет және антигитлерлік коалицияға біріккен мемлекеттер қолдау көрсетті. Олар қарсылық қозғалысын қару-жаракпен, радио байланысымен, антифашистік әдебиетпен қамтамасыз

етті, іс-қимылдарын үйлестіріп отырды. Бұған жауап ретінде басқыншылар партизандарға қарсы жазалау, қорқыту шараларын күшейтті, оларды халық алдында жаппай әшкерелеп, өлтірді.

Еуропа мемлекеттеріндегі фашистерге қарсы қозғалыс, Герман фашизмімен күресуге баға жетпес үлес қосты.

Антигитлерлік коалиция басшыларының Тегерандағы конференциясы. Германия мен оның одақтастарын одан әрі талқандау, азат етілген елдерде жаңа саяси режим орнату мәселелерін шешу, антигитлерлік коалиция мемлекеттерінің үш басшысының кездесуін қажет етті. *1943 жылы 28 қарашадан 1 желтоқсанға дейін Тегеранда антигитлерлік коалиция елдерінің басшылары – И.Сталин, У.Черчилль, Ф.Рузвельт қатысқан конференция өтті.* Конференцияда талқыланған басты мәселе екінші майдан ашу туралы болды. Ұзақ уақытқа созылған айтыстардан кейін, Францияның солтүстік-батысында екінші майдан ашу туралы шешім қабылданды. Сонымен бірге конференция Польшаның шығыстағы шекарасын ауыстыру және соғысқа дейінгі шекарасынан батысқа қарай орналасқан «Керзон шебі» деп аталатын жер бойынша белгілеу туралы Кеңес үкіметінің ұсынысын қабылдады. Одақтастардың Германияға қарсы жүргізетін әскери ұрыстарының жоспары үйлестірілді.

Соғыстың соңғы кезеңі. 1944 жылы 6 маусымда Францияның солтүстік-батысында Нормандияда ағылшын-американ әскерлерін түсіру бойынша «Оверлорд» операциясы басталды, оның мақсаты екінші майданды ашу еді. Францияның солтүстік-батысында үлкен плацдарм құрылғаннан кейін одақтастардың әскерлері 1944 жылы маусымның соңында неміс әскерлерінің шебін бұзып, Францияның орталық аудандарын азат ете бастады.

Неміс-фашист әскерлерінің тылында француз қарсылық күресі күшейе түсті.

Бельгияда қарулы көтеріліс бұрқ етті. Соның нәтижесінде, бірқатар провинциялар мен қалалар, оның ішінде Антверпен ірі порты азат етілді.

25 тамызда көтерілістің және ағылшын-американ әскерлерінің шабуылы нәтижесінде Париж азат етілді.

1944 жылы 23 маусымда Нормандияға ағылшын-американ әскерлерін түсіріп, шабуыл жасағаннан кейін «Багратион» операциясы басталды. Кеңес армиясы Белоруссияда кең ауқымды шабуылдар жүргізді. Қарқынды шабуылдың нәтижесінде Минск босатылды. Сонымен бір мезгілде Кеңес армиясы Балтық маңында және Украинада шабуылдар жасады.

1944 жылдың тамызына қарай Кеңес Одағының барлық аумағы гитлерлік басқыншылардан азат етілді. Кеңес армиясы шығыс Еуропа елдерінің аумағын азат етуді бастады.

«Яссы-Кишинев» операциясы басталғаннан кейін Кеңес әскерінің бөлімдері, жаудың топтарын талқандады және Румынияның аумағына басып кірді.

Румынияның астанасы Бухаресте румын патшасы Михай халық қозғалысын қолдап, диктатор Антонескудің үкіметін биліктен түсірді және антигитлерлік коалиция мемлекеттерімен бітімге келді, Германияға қарсы соғыс жариялады.

5 қыркүйекте Кеңес үкіметі Болгарияға соғыс жариялады. Болгар халқы көтеріліс нәтижесінде патша үкіметін құлатты, Кеңес әскерлерінің алға жылжуын қолдады. Болгария антигитлерлік коалиция елдеріне қосылып, оларға фашистік Германияға қарсы күресте көмек көрсетті.

Маусымның соңында, Польшаның азат етілген аумағындағы Хелм қаласында Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылды, оның қатарында коммунистер енді. Бұл кезде Кеңес үкіметінің Поляк эмигранттық үкіметімен қарым-қатынасы өте шиеленіскен жағдайда болды.

Кеңес әскерлері Польшаның астанасы Варшаваға жақындап келді. Осы кезде Варшавада Лондондағы Поляк эмигранттық үкіметімен тікелей байланысы бар Өлкелік армияның өкілдері бастауымен көтеріліс басталды. Ақыр соңында Варшава халқының бір айға жуық көтерілісін гитлерлік жазалаушы қосындары қатал түрде басып жаншыды. 40 мың адам қаза болды. Варшава толықтай талқандалды. Кеңес әскерлері 1945 жылдың қаңтарында жаңадан шабуыл жасады.

Югославияның көп бөлігі 1944 жылдың күзіне қарай партизандармен азат етілгеніне қарамастан, Кеңес әскерінің, Югославия халық армиясының және Болгария халық армиясының біріктірілген күштері аймақтарды азат етуді жалғастырды, астанасы Белград қаласын азат етті.

Әсіресе Кеңес армиясының Венгрияны азат етуі қан төгісті болды, неміс-фашист әскерлері қиян-кескі қарсылық көрсетті. Венгрия аумағын азат ету 1945 жылдың сәуір айында аяқталды.

1944 жылдың 16 желтоқсанында ағылшын-американ әскерлері Германия шекарасына шыққаннан кейін Германия әскери басшылығы Арденнге қарсы шабуыл бастады. Бұл қарсы шабуыл АҚШ және Ұлыбритания әскери басшылығы үшін күтпеген жағдай болды. Ағылшын-американ әскерлері өздерінің басып алған жерлерінен үнемі шегіне берді. Батыс майданда қалыптасқан осындай жағдай одақтастарды Кеңес Одағынан көмек сұрауға мәжбүр етті. Кеңес

Одағы олардың өтінішін белгіленген мерзімнен бұрын орындады. Кеңес әскерлерінің шығыс майдандағы шабуылы басталды. Бұл одақтастардың жағдайын жақсартты, немістердің «Арденн» операциясы сәтсіздікке ұшырады және ағылшын-американ әскерлері шабуылға шықты.

БҰҰ-ны құру туралы келісім. 1944 жылы тамыз-қазан аралығында АҚШ-тағы Вашингтонның маңындағы Думбартон-Окста КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Қытай өкілдерінің конференциясы болып өтті, онда болашақ Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жарғысы дайындалды. Конференцияға қатысушылар БҰҰ-ның маңызды органы — Қауіпсіздік Кеңесінде дауыс беру рәсімі туралы келісімге келе алмады.

Қырым конференциясы. 1945 жылдың 2 ақпан аралығында Қырымдағы Ялтада антигитлерлік коалиция мемлекеттері басшыларының конференциясы болды, оған И.Сталин, У.Черчилль, Ф.Д.Рузвельт қатысты. Конференцияда әскери және саяси сипаттағы көптеген мәселелер талқыланды.

Германияны бірлесіп жаулап алу, оның аумағын үш басқыншылық аумаққа бөлу, Германия мен оның одақтастарынан алымдар алу және олардың мөлшері туралы шешім қабылданды.

Бұдан басқа конференцияда Германияны тізе бүктіргеннен кейін, үш айдан соң Кеңес Одағының Жапонияға шабуыл жасауын көздейтін кұпия келісімге қол қойылды.

Еуропадағы соғыстың соңғы кезеңі Берлин үшін шайқас болатын. Фашистік Германияның әскери басшылығы Берлиннің маңайына өз әскерлерінің үлкен тобын шоғырландырды және ең мықты эшелонды қорғаныс жасады.

Кеңес армиясының әскери басшылығы Берлинді алудың маңыздылығын түсіне отырып, Берлин бағытына жалпы саны 2,5 млн. адамды шоғырландырды. Берлин операциясы 1945 жылдың 16 сәуірінде дайындықтан және үш жақтан жасалған ірі шабуылдан басталды.

Неміс-фашист әскерінің қажырлы қарсылығына карамастан Берлин қоршауға алынды. А.Гитлер және оның жақын серіктері 1945 жылы 30 сәуірде өздерін өлтірді.

2 мамырда гарнизон тізе бүккеннен кейін Берлин алынды. 5 мамырда Кеңес армиясының жеңісінен рухтанған Прага халқы көтеріліс жасады, Чехия аумағында батысқа қарай жылжуды және ағылшын-американ әскеріне берілуді көздеген неміс-фашист әскерінің үлкен бір тобы Прагадағы көтерілісті басты. Сол кезде көтерілісшілерге көмек ретінде кеңес танк бөлімшелері жіберілді, олар үш тәулік бойғы

жеңісті шабуылдан кейін Прагаға басып кірді және көтерілісшілерге қаланы қорғап қалуға көмек көрсетті.

1945 жылы 8 мамырда Берлин жанындағы Карл Хорсте сөзсіз тізе бұзу туралы актіге қол қойылды. Еуропадағы әскери іс-қимылдар осылай аяқталды.

Еуропадағы соғыс тамамдалған кезеңде, яғни 1945 жылы 25 сәуірде Сан-Францискода (АҚШ) Біріккен Ұлттар Ұйымының конференциясы болды. Конференцияда БҰҰ-ның Жарғысы дайындалды және бекітілді.

50 мемлекеттің өкілдері БҰҰ-ның Жарғысына қол қойды және 1945 жылы 24 қазанда Жарғы бекітілгеннен кейін ол күшіне енді. Осылай Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды.

Потсдам конференциясы. 1945 жылы 17 мамырда Берлин маңындағы Потсдамда КСРО, АҚШ және Ұлыбритания басшыларының конференциясы ашылды. Кеңестік делегацияны И.Сталин, американдық делегацияны Г.Трумэн, британдық делегацияны У.Черчилль, ал оны 28 маусымда Ұлыбританиядағы сайлауда лейбористер партиясы жеңгеннен кейін К.Эттли басқарды. Конференцияда соғыстан кейінгі Еуропада шекараны белгілеу, соғыс шығындарын өтеу тәртібі және басқа да маңызды мәселелер шешілді.

Конференцияда Кенинсберг қаласымен бірге шығыс Пруссияның бір бөлігін Кеңес Одағына, ал бір бөлігін Польшаға беру туралы шешім қабылданды. Польшаның батыс шекарасы Германияға қарай жылжытылатыны және Одер, Нейс өзендері арқылы өтетін болып белгіленді.

Конференцияда одақтастар, жеңіске жеткен мемлекеттер арасында жекеленген мәселелер бойынша дипломатиялық талас туды, сондай-ақ соғыстан кейін қоғамды қалпына келтіру бойынша негізгі шешімдер қабылданды.

1944 және 1945 жылдың бірінші жартысындағы Тынық мұхит пен Азиядағы әскери іс-қимылдар. 1944 жылы АҚШ әскерлері Жапонияға қарсы қарқынды басқыншылық шабуыл жасады, жапондықтар қармағындағы Тынық мұхит аралдарын басып алып, оларды Маршалл аралдарынан шығарды.

1944 жылы сәуірде американдық әскерлері генерал Макартурдың басшылығымен жапондықтарды Филиппин аралдарынан қуып шығарды. Қазан айында Лейт аралы маңындағы ірі теңіз шайқасында жапон флоты талқандалды. Бирма мен Қытайда іс-қимылдар өріс алды.

1945 жылы мамырда ағылшын және қытай әскерлері жапондықтарды Бирмадан қуып шықты, ал ағылшын-американдық әскерлері Индонезия аралын азат етті. Американдық әскерлері жапон аралдарына жол ашатын Окинава аралын басып алу үшін ұрыстар жүргізді.

Қытайдағы, Манчжуриядағы, Кореядағы ауқымды аумақ Жапонияның қарамағында болды, бұл оған ұзақ уақыт бойы қарсылық көрсетуге мүмкіндік берді. Жапония КСРО-ға қарсы Манчжурия мен Сахалинде жаракталған армияны шоғырландырды.

26 маусымда Жапония АҚШ, Ұлыбританияның және Қытайдың тізе бүгуі туралы талабынан бас тартты және соғысты одан әрі жалғастырды. 1945 жылы 6 және 9 тамызда АҚШ Хиросима мен Нагасакиге екі атом бомбасын тастады. 9 тамызда КСРО Жапонияға қарсы соғыс жариялады және Манчжурия мен Приморьеде әскери іс-қимылдарды бастады.

14 тамызда Жапония үкіметі тізе бүгетіндігі туралы мәлімдеді. Кеңес әскерлері Манчжурия аумағына кіріп, Корея түбегінің ортасына жетіп, халықтан қолдау тапты. Американдық әскерлері Жапония аралдарына кіргізілді. Олардың артынша 1945 жылы 2 қыркүйекте Американың «Миссури» крейсерінде КСРО, АҚШ және Ұлыбритания өкілдерінің қатысуымен Жапонияның сөзсіз тізе бүккендігі туралы Актіге қол қойылды. Осылай адамзат тарихындағы ең қанды соғыс аяқталды.

§18. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем

Алты жылға созылған Екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, халыққа асқан қайғы-қасірет әкелді.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Еуропа елдеріндегі адам шығыны 50 млн. адамды құрады.

Азия мен Африканың халқы бір-бірімен соғысып жатқан әр түрлі армияның қатарында ұрыса отырып, ауыр шығынға ұшырады. Жапониямен 8 жыл соғыс кезінде Қытайдың шығыны – өлгені бар, жараланғаны бар 18 млн. адамды құрады. Жапон басқыншылығы жылдары ауыр еңбекпен, титықтап-зорығудан 4 млн индонезиялық қайтыс болды.

Еуропадағы соғыстан кейінгі шекаралар анықталды. Германиядан Шығыс Пруссия бөлініп шықты. Польшамен шекара Одер-Нейс желілері бойынша өтті.

Бастапқы кезде Германиядағы жоғарғы билікті өздері басып алған аймақтарда КСРО, АҚШ, Англия және Франция Қарулы күштерінің бас қолбасшылары жүргізуі тиіс болды. Бүкіл Германия үшін ортақ мәселелер бойынша олар Бақылау кеңесінің мүшелері ретінде әрекет етуі тиіс еді. Германия төрт аймаққа жіктелді. Кеңестік аймақта орналасқан Берлин Бақылау Кеңесінің резиденциясы болды, ал оның батыс бөлігіне АҚШ, Англия және Франция әскерлері жіберілді.

Париж бітім конференциясы (1946 ж.) мемлекет және үкімет басшыларының қатысуынсыз өтті. Соғыстағы Германияның бұрынғы

одактастары Болгариямен, Венгриямен, Италиямен, Румыниямен және Финляндиямен бітімшартының жобалары әзірленді. Болгария мен Венгрия 1919 жылғы шекараларында қалды. Румыния ұстаған Бессарабия КСРО-ға қайтарылды. Италия бүкіл отарынан айырылып, оның аумағының бір бөлігі Грекия мен Югославияға өтті. Финляндия КСРО-ға Печенга облысын берді.

ГДР мен ГФР-дін құрылуы. Кеңес үкіметі Ялта, Потсдам конференциясының шешімдерінен шыға отырып, Герман мәселесін талқылау кезінде бейбіт, демократиялық негізде Германия бірлігін қалпына келтірудің өзгеріссіз бағытын ұстанды. Соған қарамастан Екінші дүниежүзілік соғыстағы КСРО-ның бұрынғы одақтастары АҚШ, Англия, Франция Германияның жіктеліп, оның батысында милитаристік жікшілдік мемлекетін құруға ұмтылды. 1945-1948 жылдар бойында үш Батыс мемлекет пен КСРО өкілдерінің кездесулері оң нәтижесін бермеді. 1949 жылы Германияның батыс аймақтары біріктірілді. Межеленудің аймақаралық желілері мемлекеттік шекараға айналуына алып келді. 1949 жылы 14 тамызда батыс аймақтарда парламент сайлауы етіп, *7 қыркүйекте* жаңа мемлекет *Германия Федеративтік Республикасы* құрылды. Бұған жауап ретінде *7 қазанда* басқа мемлекет – *Германия Демократиялық Республикасы* құрылды.

Экономикалық тұрақтылық. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ өзінің қуатын арттырып, соғыс жабдықтары есебінен байыды. Экономика саласында АҚШ үстемдігі әлі біршама берік болды. Соғыстың соңына қарай АҚШ-тың алтын қоры 22,5 млрд. долларға жетіп, бүкіл капиталистік әлемнің алтын қорын екі есеге арттырды. БҰҰ арқылы американ билеуші топтары соғыстан кейінгі әлемде экономикалық және саяси экспансия үшін механизм құруды жөн көрді. Әсер етудің мұндай механизмі 1944 жылы шілдеде Бреттон-Вудстағы халықаралық конференцияда рәсімделді. Конференция Халықаралық валюта қорын (ХВК) және Қайта құру мен дамудың халықаралық банкіні (ҚҚДХБ) құру туралы шешім қабылдады.

Бреттон-Вудс жүйесі мына шараларды енгізді:

– елдердің арасындағы түпкілікті есептесудің функциясы ретінде алтын сақталды;

– американ доллары – әр түрлі елдердің валюта құндылығы өлшемдерінің сапасы, сондай-ақ төлеудің халықаралық несие құралы ретінде мойындалды;

– доллар басқа елдердің орталық банктері және мемлекеттік мекемелері мен АҚШ қаржы мекемесінде алтынға айырбасталды. Бреттон-Вудс жүйесі АҚШ-тың экономикалық ықпалын күрт күшейтіп, оның гүлденуі мен баюына қолайлы мүмкіндіктер ашып берді.

Ұжымдық қауіпсіздік идеясы. Соғыстан кейінгі кезеңдегі жаңа жағдайлардағы ұжымдық қауіпсіздік идеясы 1945 жылы құрылған БҰҰ-да жүзеге асырылуға тиіс болды. БҰҰ-ның Жарғысы қауіпсіздіктің жаңа халықаралық ұйымын құрды. Бұл Жарғының негізгі қағидасы – шыдамдылық көрсетіп, мейірімді көршілер сияқты бір-бірімен тату-тәтті бейбіт қатар өмір сүру болып табылады. Жарғы БҰҰ-ның мүшелерін теңдік, егемендік, халықтардың өзін-өзі билеуі, бөтен аумаққа тиіспеуге және бөтен істерге араласпау қағидаларын құрметтеуге негізделген достық қарым-қатынастарды дамытуға міндеттейді.

Бас Ассамблея (БА) – БҰҰ-ның барлық мүшелерін біріктіруші басты орган. Қауіпсіздік Кеңесі – БҰҰ-ның маңызды әрі тұрақты әрекет етуші саяси басшы органы. Ол халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін басты жауапкершілік алады. Кеңес 15 мүшеден тұрады, оның бесеуі «Вето» құқығына ие тұрақты мүше (ұлы державалар КСРО (Ресей), АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Қытай) және аймақтық квоталарға сәйкес әрбір екі жыл сайын қайта сайланып отыратын 10 тұрақты емес мүшелер.

БҰҰ-ның Жарғысы – БҰҰ-ның негізін салушы ұлы державалардың маңызды рөлін ерекше есепке алады. Бұл мемлекеттер дүние жүзіндегі ұжымдық қауіпсіздік пен тыныштықты сақтауда маңызды рөл атқаруға тиіс. Осыны ескере отырып, БҰҰ-ның Жарғысы бейбітшілікті қамтамасыз етудегі маңызды мәселелерді шешу жағдайында ұлы державалардың бірауыздылық қағидасын қолдануды қарастырады. Ұлы державалардың бірауыздылық ережесі БҰҰ-ның негізі болып табылады.

Ірку саясаты. Аталмыш идеяны 1946 жылы Мәскеудегі АҚШ елшілігінде бірнеше жылдар бойы жұмыс істеген, Ресей бойынша маман Дж.Кеннан баяндады. «Коммунизмді ірку» доктринасы үш өзара байланысты жасырын мақсатты көздеді.

Біріншіден, аталмыш доктрина әр түрлі қоғамдық құрылыстағы мемлекеттердің ұзақ мерзімді бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігін теріске шығаруды көздеді. *Екіншіден*, американдық капитализмінің социалистік мемлекеттердің бәрінен бұрын КСРО-да капитализмді қалпына келтіруге бағыттау үшін ішкі істеріне белсенді түрде араласуды қарастырды. *Үшіншіден*, социалистік ынтымақтастық елдеріне қарсы бірқатар табысты «шеңберден аспайтын» соғыс өртін тұтандыру. «Ірку» саясаты АҚШ-тың соғыстан кейін КСРО-ға қарсы кең көлемде насихат науқанын бастауынан көрініс тапты. Сонымен бірге экономикалық қысым және КСРО мен социалистік ынтымақтастық елдерінің шекараларына жақын жерде әскери-саяси блоктар мен әскери базалардың тармақталған торабын ұйымдастырды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Шығыс елдері. Соғыс жылдарындағы Азия және Африканың барлық елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар — халықтардың антифашистік күресімен бірлесе отырып, империалистік елдердің отарлық езгісіне қарсы объективті түрде бағытталды. Социализмнің бір елдің шеңберінен шығып, оның дүниежүзілік жүйеге айналуы Шығыс халықтарының ұлт-азаттық күресіне орасан зор ықпал етті. Империалистермен ұзаққа созылған табан тірескен күрестен кейін Үндістан, Индонезия, Цейлон, Бирма, Қытай, Египет, Сирия, Ливан және Пәкістан халықтары өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бүкілхалықтық күрес нәтижесінде 25 жыл ішінде Азия және Африка құрлығының 60 мемлекеті өз бостандығын алды. Дегенмен бұл елдердің алдында әлі де болса толық әлеуметтік-экономикалық даму үшін ұзақ жолғы күрес тұрды.

КСРО мен ҚХР-дың қарым-қатынасы. Кеңес үкіметі ҚХР құрылған алғашқы күннен бастап-ақ барлық күш-жігерлерімен кеңесқытай достығын нығайтуға және ынтымақтастықты өрістетуге ұмтылды.

КСРО Қытайды мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы мәлімдеме жасаған алғашқы мемлекет болды. *1950 жылы екі ел арасында достық одақ және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды.* Қытай КСРО-дан техника мен жабдықтар сатып алуға жеңілдік несие алды. Қытайға мыңдаған Кеңес мамандары барды, Қытай-Шығыс темір жолы және Порт-Артур әскери базасы Қытайға берілді. КСРО ҚХР-дың зауыттарына арнап жабдықтар, ауыл шаруашылығы машиналарын, автомобильдер, темір жол материалдарын жіберді. 1953 жылы ҚХР бірінші бес жылдық жоспарды жүзеге асыруға кірісті.

Осы жылдары кеңестік көмек бұрынғыдан да үлкен көлемге ие болды. КСРО ҚХР-ға 169 кәсіпорын құрылысын салуға көмектесті. Осылайша ҚХР-дың бастапқы құрылу кезеңінде қытай-кеңес қарым-қатынасы тұрақтылығымен, өзара сенім көрсетуімен, достық қарым-қатынастарымен ерекшеленді.

Жапония мен Қытайдағы жағдай. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония мен Қытайдағы жағдай бір мәндес болған жоқ. Жапонияның жағдайы АҚШ-тың жаулап алу режімімен сипатталды. Соғыстан кейін ел экономикасы әбден әлсіреді. 1946 жылы басқыншы өкіметтердің бақылауымен парламент сайлауы өткізілді. 1947 жылы парламент американдық құқықтанушыларының белсенді кеңесі жағдайында құрастырылған жаңа Конституцияны қабылдады.

1949 жылғы Қытай революциясының жеңісіне байланысты АҚШ-тың Жапониядағы саясатының мақсаттары өзгерді. Жапония аймақта АҚШ-тың мүдделерін қорғаған Американың одақтасына айналды. Ол

1951 жылы қол қойылған Сан-Франциско бітім-шартымен және Қауіпсіздік пактімен бекітіледі.

Ал Қытайда Коммунистік партиясы мен Гоминьдан коммунистік партиясының арасында ұзаққа созылған азамат соғысы болды. Бұл соғыста коммунистер жеңіп шықты. КСРО-ның қолдауына сүйене отырып, коммунистік күштер 1949 жылы 1 қазанда Қытай Халық Республикасын жариялады. Оның ішкі және сыртқы саясаты КСРО-ның ықпалымен анықталып, социалистік құрылыстың кеңестік үлгісі қалыптасты.

Жапонияның экономикалық даму жолдары. Жапония АҚШ көмегінің әсерінен тез қалпына келтірілді. 50-жылдардың ортасынан жапон экономикасының қарқынды өсу кезеңі басталды. Ертеден қалыптасқан өнеркәсіп салалары, білікті жұмысшылар мен инженер кадрлардың болуы, жапондықтардың еңбек сүйгіштігі мен қатан тәртібі елдің дамуының қайнар көзіне айналды.

Корей (1950-1953 жж.) және Вьетнамдағы соғыстар (1946-1973 жж.) кезінде жапондық өнеркәсіп компаниялары Пентагонның әскери тапсырыстарын шұғыл орындауы, жапон экономикасының қарқынды өрлеуіне мүмкіндік туғызды. Мицуи, Хитачи, Мицубиси, Сони, Ясуда компаниялары және ондаған басқа өнеркәсіп және қаржы монополиялары дүниежүзілік стандарттық жаңа тауарларын шығара бастады.

XX ғасырдың 50-70-жылдары жапондық компаниялар ғылыми-техникалық дамудың жетістіктерін кеңінен пайдаланып, басқа елдердің жаңалықтарын өздеріне тарта білді. Өнімнің сапасына, шикізатты, электр қуатын, жұмыс уақытын үнемдеуге, жабдықтарды тиімді пайдаланып, жаңартуға басшылар мен бағыныштылардың арасында сенімді қарым-қатынастар орнатуға ерекше мән берілді. Өндірістің автоматтандырылған салаларын салу басымдылыққа ие болып, қаржының көптеп келуіне ерекше мән берілді. Үкімет жеңілдік несиелер ұсына алды, жапон тауарларының шетел нарығына өтуіне көмектесті, жұмыс берушілермен жұмысшылардың арасындағы арнайы карама-қайшылықтарды шешуге тырысты. Тарихта бұл «Жапон ғажайыбы» деген атпен қалды.

ІІІ ТАРАУ

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

§ 19. Кеңес Одағының дамуы және ыдырауы

Соғыстан кейінгі КСРО-ның қоғамдық-саяси жағдайы. Соғыстан кейінгі кезеңнің басты міндеті – қираған экономиканы қалпына келтіру болды. 1946 жылы наурыз айында болып өткен КСРО Жоғарғы кеңесінің сессиясы халық шаруашылығы дамуының 1946-1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдық жоспарының негіздерін бекітті.

Экономиканы қалпына келтіру жолдарын тандауда, басшылар ауыр өнеркәсіптің бірнеше базалық салаларының басымдылықпен дамуына сүйенген индустрияландырудың сталиндік жобасын алды. 8 сағаттық жұмыс күні, еңбекшілердің жыл сайынғы демалыстары қалпына келтіріліп, міндетті жоспардан тыс жұмыс күні жойылды. Ал 1947 жылы азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларына енгізілген карточка жүйесі жойылып, акша реформасы жүргізілді, тауарлардың бөлшектеп сату бағасы төрт мәрте төмендетілді. Соғыста қаза тапқан жауынгерлердің отбасыларына, соғыс мүгедектеріне Кеңес үкіметі әлеуметтік қолдау көрсетті. Қарт адамдар, асыраушысынан айырылғандар мен жалғыз басты аналар, сондай-ақ, уақытша еңбекке жарамсыз адамдар мемлекеттік жәрдемақы алды.

1948 жылға қарай өнеркәсіп өндірісінің даму қарқыны соғысқа дейінгі деңгейіне жетті. 1949 жылы Каспий теңізінде тұңғыш рет ашық теңіздегі мұнай ұңғымасы жұмыс істей бастады. Нақ осы жылы КСРО-да атом бомбасы жасалды. Жалпы алғанда осы кезең ішінде ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріске енгізу – зымыран-ядролық салаларында зор табысқа жеткен қорғаныс өнеркәсібіне шоғырланған еді. Соғыстан кейінгі бесжылдықтардың небәрі бір жылында 6200 ірі өнеркәсіп кәсіпорындары және көптеген шаруашылық мәндегі басқанысандар қалпына келтіріліп, жаңадан салынды. Сонымен қатар, елдің қоғамдық-саяси өмірінде де біршама жағымды, демократиялық өзгерістер болды. Мысалы, төтенше жағдайды жою, мемлекеттік қорғаныс комитетін қысқарту, барлық деңгейдегі кеңестерге сайлаулар өткізу. Бүкілодақтық Коммунистік партияны (большевиктер) Кеңес Одағының Коммунистік партиясы деп атын өзгерткен партияның ХІХ съезі.

Бұл – И.В. Сталин қатысқан партияның соңғы съезі болды. 1953 жылы 5 наурызда И.В. Сталин қайтыс болды.

СОКП ОК-ның Бірінші хатшылығына сайланған Н.С. Хрущев (1894-1971 жж.) экономиканың әлеуметтік бағытталуымен, ауыл шаруашылығына және «Б» тобының салаларына капиталдың ұлғаюымен байланысты күрес жүргізе бастады. Елдің ауыл шаруашылығының дамуына ерекше көңіл бөлінді. Сондықтан, Батыс Сібір мен Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру қолға алына бастады. Шығыста ауыл шаруашылығы өндірісінің жаңа аудандары құрылды. Сондай-ақ, «Зейнетақы туралы» заң, салықтарды азайту, орта мектеп пен жоғары оқу орындарында оқу ақысын жою, ауыл шаруашылығында ең төменгі кепілдендірілген еңбек ақыны енгізу, жұмыс аптасын қысқарту, тұрғын халықтың тыныс-тіршілігі деңгейін арттыруда маңызды қадам жасалды. Мектептердің, техникумдардың, жоғары оқу орындарының құрылған желісі ғылым мен мәдениеттің дамуына, жаңа техникалық революцияны жүзеге асыруға жағымды ықпал етіп, ғарышты игеруді камтамасыз етті. Нақ осы жылдарда ядролық және зымырандық әлеует жасалып, дүние жүзінде алғаш рет жасанды Жер серігі құрастырылды. Ал одан кейін ғарыш кемесі ұшырылып, тұңғыш рет ғарышқа адам сапар шекті.

60-жылдардағы КСРО. 1964 жылы Н.С. Хрущевтің қызметінен босатылуына байланысты өкімет басына Л.И. Брежнев (1906-1982 жж.) басқарған партиялық элитаның консервативтік қанаты келді.

Л.И. Брежнев (1906-1982 жж.) Коммунистік партия мен Кеңес мемлекетінің, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының қайраткері. Ол Днепродзержинск қаласындағы жұмысшы металлургтің отбасында дүниеге келді. Өзінің еңбек жолын 1921 жылы бастады. 1931 жылдан бері СОКП мүшесі Курск егіншілік-мелиоративтік техникумы (1927 ж.) мен Днепродзержинскідегі металлургиялық институтын (1935 ж.) бітірді. 1937 жылдан бастап партиялық жұмыста істеді. Соғыс жылдарында Қызыл Армияда саяси жұмыс атқарды (Армияның саяси бөлімінің бастығы, майдан саяси басқармасы бастығының орынбасары). Соғыстан кейінгі кезеңде Запорожьенің, Молдавияның, Қазақстанның партия ұйымдарын басқарды. Партияның ХІХ съезінде Орталық партия комитетінің құрамына кірді. Ал 1964 жылдың қазан айынан 1965 сәуір айына дейін Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болды.

1966 жылдан бастап СОКП ОК-нің Бас хатшысы қызметіне тағайындалады. 1977 жылдан бастап КСРО жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы. 1966 жылғы сәуір айынан бастап СОКП ОК-нің Саяси бюросының мүшесі, Кеңес одағының маршалы (1976 ж.), төрт мәрте

Кенестер Одағының батыры, Социалистік еңбек ері, «Халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты. Л.И. Брежнев Мәскеудегі Қызыл алаңға жерленген.

Өзінің қызметінің бастапқы кезеңінде Л.И. Брежневтің тобы, нарықтық механизмдерге сүйенген радикалды әрекеттерге ниет білдірді. Ұжымшылар мен кеңшарлардың қарыздарын жойды, сатып алу бағасы жоғарылатылды, мемлекетке өнімдерді жоспардан тыс сату үшін үстеме баға белгіленді, жеке қосалқы шаруашылықтардың шектеулерін алып тастады, ұжымшарда еңбек етушілер ай сайын жалақы ала бастады. Өнеркәсіп саласында жалпы өнімдердің жоспарлы көрсеткіштері сатылған өнімдердің көлемімен алмастырылып, жоспарлы көрсеткіштердің жалпы саны қысқарды, түскен кірістің үлкен үлесін бөлу есебінен кәсіпорындардың шаруашылық есебі нығайтылды. Алайда аталмыш үрдістер 60-жылдардың бірінші жартысына қарай бәсеңдей бастады.

Экономикалық тоқырау. Кеңестік жүйенің баяу эволюциясы, мемлекеттік социализмнің консерваторлығы, қоғам өмірінен радикалды өзгерістерді шығарып тастау «тоқырау» мәнін құрады. 70-жылдардың басына қарай консервативтік ағымдар түбегейлі жеңді.

Әскери-өнеркәсіптік кешенінің шамадан тыс дамуы – халық шаруашылығының азаматтық салаларының артта қалуына, олардың техникалық дамымауына, дүниежүзілік нарықта бәсекеге қабілетсіздігіне әкеліп соқты.

Еркін саудада күнделікті тұтыну бұйымдарының болмауы айналымдағы сыбайлас жемқорлыққа, бағаның өсуіне әкеліп тіреді. Әрбір бесжылдықта негізгі экономикалық көрсеткіштер құлдырап отырды. Тауарлардың сапасы төмендеп, іс жүзінде тұрғын үй жағдайы жақсартылмады, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жылдан-жылға нашарлады. 70-жылдардың ортасында дейін тіршілік деңгейі баяу түрде жоғарылап, содан кейін жеткілікті жоғары деңгейде болды. Бұл жағдай шикізатты сыртқа шығарумен және дүниежүзілік нарықта мұнай мен газға бағаның өсуімен түсіндірілді.

1977 жылы жаңа Конституция қабылданып, одан 1980 жылға қарай коммунистік қоғам құрудың утопиялық идеясы алынып тасталды. Ресми идеологияда «дамыған социализм» идеясы айтылып, ол жаңа Конституцияға бекітілді. Аталмыш Конституция СОКП-ның басшылық рөлін заңдастырып берді. Осы жылдары партократия билігі күшейтіліп, мемлекеттік және партиялық аппараттың тұтасу үдерісі жедел түрде жүрді.

Кеңес қоғамындағы тоталитарлық жүйе. «Тоталитаризм» ұғымы латынның толық, бүтін деген сөзінен шыққан, ол саяси сөздікте тек XX ғасырдың ортасында пайда болған. Аталмыш ұғым саяси жүйені сипаттайды, онда:

- билік ең жоғарғы шекте орталықтандырылған;
- бір ғана ресми идеология үстемдік еткен;
- мемлекет қоғам өмірінің барлық саласында толық бақылауды жүзеге асыратын саяси жүйені сипаттайды.

Тоталитарлық жүйені, ең алдымен, Л.И. Брежневтің айналасындағы адамдар қалыптастырды. Олардың көпшілігі Л.И. Брежнев Украина, Молдавияның партия ұйымдарын басқарған кезде бірге қызмет істегендер - И. Тихонов, Н. Щелоков, К. Черненко, М. Суслов, С. Трапезников және т.б. Олар Л.И. Брежневтің сіңірген еңбегін асырамақтаумен болды. 70-жылдары Л.И. Брежневті ұлықтау ғылымды күшейе түсті.

1965-1972 жылдары елде бұл режиммен келіспейтін бейресми қоғамдық-диссиденттік қозғалыс рәсімделді. Оның бастауында А. Гинзбург, А. Сахаров, В. Буковский, Л. Богораз, т.б. тұрды. Өкімет олардың қызметін тоқтату үшін батыл шаралар қабылдады. 70-жылдары биліктің нақты механизмі партия – мемлекеттік аппараттың қолына бұрынғыдан да көп шоғырланды. Кеңестер екінші орынға ысырылды. Кеңестер мәртебесінің құлауы көптеген қосалқы заң актілермен ауыстырылып отырған заңның беделінің төмендеуіне алып келді.

Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға енуі. Ауған соғысы. 70-жылдардың басына қарай КСРО мен АҚШ арасында әскери-стратегиялық тепе-теңдік орнады. Осы кезеңде КСРО-ның Батыс Еуропа елдерімен және АҚШ-пен өзара жақындасулары болды.

Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізу туралы Кеңес Одағының шешімі басқа елдердің оған деген сенімін жоғалтты. Бұл ағат шешім халықтан құпия, Л.И. Брежнев басқарған КСРО-ның саяси басшылығының ат төбеліндей адамдармен ғана қабылданды.

1978 жылы 27 сәуірде Ауғанстандағы көтеріліс барысында билік басына КСРО-ның қолдауына сүйенген үкімет келіп, Ауғанстан Демократиялық Республикасы (АДР) жарияланды. Социализмнің ешқандай алғышарты жасалмаған елде «социалистік қайта құрулар» жасау әрекеті жаңа режимге жаппай қарсыласуды туғызды. АДР басшылығы республикаға әскери көмек көрсету жөнінде КСРО-ға өтініш жасады. Сонымен 1979 жылы желтоқсанда Ауғанстан аумағына кеңес әскерлері енгізілді.

Бастапқыда Кеңес әскерлері Ауғанстан өкіметі әскерлеріне тек қолдау көрсетеді, көрші елдердің ішкі істеріне араласпайды деп ұйғарылған. Бірақ үкімет әскерлері біртіндеп өздерінің ұрыс қабілеттіліктерін жоғалтып, байыпты әскери күш ретінде өмір сүруін тоқтатты. Соғысты жүргізудің негізгі ауыртпалығы кеңес әскерінің иығына түсті. Ауған оқиғасы КСРО-ны қымбат тұратын қару-жаракты жаппай шығаруға әкелді.

Ауғанстанға әскер енгізу туралы КСРО саяси басшылығының шешімі дүние жүзінде басқыншылық саясат ретінде қабылданды. БҰҰ Бас Ассамблеясының төтенше сессиясы толық құрамда КСРО-ның әрекетін айыптады. Батыс елдері Ауған жеріне әскерлердің енгізілуіне кең көлемді экономикалық және саяси ықпал ету шаралары бойынша (санкциялармен) жауап берді. Ислам әлемінде Ауған оқиғалары ислам діні ықпалының өсуіне әсер етті.

1988 жылы 14 сәуірде ауған мәселесін реттеу жөніндегі Женева келісіміне қол қойылды. 1989 жылдың 15 ақпанына қарай КСРО-ның бүкіл әскери бөлімшелері Ауғанстаннан толығымен шығарылды.

80-жылдары кеңестік қоғамда болған өзгерістер. Л.И. Брежнев қайтыс болғанымен, тоқырау мен құлдырау тоқтай қойған жоқ. Жалпыұлттық дағдарыс күннен күнге пісіп-жетіліп келе жатты. Л.И. Брежневтен кейін өкімет басына келген Ю.В. Андроповтың (1982-1984 жж.) оны тежеу әрекеттері әсерлі бола қоймады, ал К.У. Черненко кезінде (1984-1985 жж.) бұл үрдістер тіпті жеделдетілді.

80-жылдардың ортасына қарай кеңестік қоғамның ауқымды экономикалық, әлеуметтік, саяси дағдарысы пісіп жетілді. Ең алдымен, ол басқарушы партияның билік монополиясын жоғалтуымен көрініс тапты. Іле-шала оның идеологиясы жалғыз, дара әрі үстемдік идеология болудан қалды.

Қоғамды анағұрлым терең реформалаудың басталуы 1985 жылы наурызда коммунистік партияның жаңа басшысы болған М.С. Горбачевтің есімімен байланысты. Бастапқыда әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге бағыт алынып, 1987 жылдан бастап қайта құру концепциясы ұсынылды. Халық шаруашылығын басқару құрылымын өзгерту, қысқа мерзім ішінде экономиканы көтеруге қол жеткізу, тоқырау құбылыстарын жеңу, кеңес адамдарының материалдық жағдайын елеулі түрде жақсарту көзделді. Біртіндеп шағын кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, бірлескен кәсіпорындар, коммерциялық банктер туралы заңдар қабылданып, коммерциялық құрылымдарды дамыту үшін негіз қаланды.

Бір депутаттық орынға бір ғана кандидатпен «коммунистер мен партияда жоқтар» сайлау блогы жойылды. Сайлау баламалы және

бәсекелі өтетін болды. КСРО Конституциясынан СОКП-ның жетекшілік рөлі туралы 6-бап алынып тасталды, бірыңғай СОКП жекелеген функцияларға бөлініп, СОКП жекелеген фракцияларға бөлініп, СОКП қатарынан жалпай шығу басталды.

80-жылдардың соңына қарай елде жаңа әлеуметтік құрылым қалыптасты. Экономика саласында жеке меншіктің жеке және аралас түрлері пайда болып, туып келе жатқан нарықтық механизмдер арқылы мемлекеттік және кооперативтік-ұжымшарлық жеке меншікті қайта бөлу басталды.

КСРО мен АҚШ-тын жақындасуы. 80-90 жылдардың аралығында КСРО-ның сыртқы саяси бағытының өзгеруі жаңаша саяси ойлаумен байланысты болды. СОКП-ның XXVII съезінің адамзаттың өмір сүруі үшін ядролық қару мен жаппай қаруланудың өлім қауіпкәтері, қазіргі әлемнің тұтастығы мен дара байланыстылығы, әлеуметтік-саяси сайлау бостандығы туралы жасаған қорытындысы, оның қалыптасуының бастапқы пункті болып табылады. Бұл қорытынды басқа мемлекеттердің ісіне араластырмауды, қарудың күшімен халықаралық мәселелерді шешуден бас тартуды білдірді. Қайта құру мен жаңаша саяси ойлаудың нәтижесінде КСРО мен АҚШ-тың арасында карама-қарсылықтан өзара түсіністікке бетбұрыс болды. «Қырғи қабақ соғысқа» нүкте қойылды. Бұл өзгерістер басшылардың кеңес-американ кездесулерін ұйымдастыруда көрініс тапты.

1989-1991 жылдары шығыс еуропалық елдердің ішкі саяси өмірінде күрт өзгерістер болды. Онда өкімет басына әр түрлі саяси көзқарастардың оппозициялық күштері келді. Бұл үрдістер социалистік лагерь бірлігінің құлауы үшін негіз дайындап берді.

М.С. Горбачевтің кеңес қоғамын қайта құру туралы идеяларының күйреуі. М.С. Горбачев тобының «жеделдету» және «қайта құруға» алған бағыты, алдымен, экономика саласына, содан кейін КСРО-ның саяси қайта құрылымдағы өзгерістерге қатысты болды. Биліктің ескі топтық-әкімшілік жүйесінің сақталуы кезінде реформаға Горбачевтік әрекет жасау сәтсіздікке ұшырады. Реформалар мұқият ұйымдастыру даярлығынсыз асығыс түрде өткізілді. Мысалы, XIX Бүкілодақтық партия конференциясының (1988 ж.) шешімдеріне сәйкес билікті СОКП-дан Кеңестерге беру үрдісі басталды. Алайда Кеңес қоғамындағы партияның ерекше рөлі ескерілмеді. СОКП көптеген онжылдықтар ағымында, айналасында қоғамдық-саяси және экономикалық өмір жетілдірілді. Сондықтан, СОКП-ның басшылықтан шеттетілуі елде басқарудан айырылуға, көп партиялық жүйенің қалыптасуына, ұлттық қозғалыстардың дамуына әкеліп соқты. 1990 жылы маусымда РКФСР-дің мемлекеттік егемендігі жарияланды. РКФСР-дің

тәуелсіздігінің жариялануы КСРО-ны одан әрі әлсіретті. РКФСР-дің үлгісін ала, Орталықтың нұсқауынан құтылуға ұмтыла отырып, басқа одақтас республикалар өз тәуелсіздігін жариялады.

1991 жыл КСРО тарихындағы бетбұрыс жылы болды. Наразылық білдірген адамдардың қалың бұқарасы көшеге шықты. Сансыз шерулер өткізген адамдар қайта құру барысына ашық наразылықтарын білдіріп, үкіметті және қайта құру көсемі М.С. Горбачевті сынға алды.

СОКП-ның құлауы КСРО-ның ыдырауына негіз даярлап берді. КСРО құлап, XX ғ. ең ірі империяның орнына жаңа мемлекеттер пайда болды. Бұл оқиғаны кейбіреулер «қасірет» деп есептеуде, бірақ ол империалистік менмендік саясатты армандағандардың пиғылын анықтайды. Кеңес Одағындағы ұлттар, соның ішінде ұлы орыс халқы да бостандық, еркіндік өмірде өмір сүруді аңсады. Сондықтан, халықтардың қолдауы мен сенімінен жұрдай жағдайға тап болған КСРО-ның жойылуын адамзаттық прогресс жолындағы ірі жетістігі деп сипаттаған ақиқат.

§20. Солтүстік-Шығыс Азиядағы социалистік жолмен дамыған елдер

Қытай. Азамат соғысы. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында Қытай аумағы екі ірі саяси топтың бақылауында болды. Солтүстік-Шығыс Қытай жерінде коммунистік партияның ықпалы орнатылса, қалған Қытай аймақтарында Гоминьданның үстемдігі сақталды.

Солтүстік-Шығыс Қытай КСРО әскерлерінің көмегімен Жапон империалистерінің қожалығы жойылып, азат етілген аудандарының көлемі кеңейді. КСРО үкіметі Квантун және Маньчжоу-Го армияларының барлық қару-жарақ қорын, коммунистердің ықпалындағы Қытайдың Қызыл Армиясына берді. Солтүстік-Шығыс Қытай аудандары Қытай революциясының негізгі тірегіне айналды.

Гоминьдан бастаған буржуазиялық үкімет өз билігін АҚШ және басқа капиталистік мемлекеттердің көмегімен орнатпақшы болды. Екі жақтың Қытайды бейбітшілік негізде біріктіру келіссөздері нәтиже бермеді. Елдегі қайшылықтар 1946-1949 жылдары Азамат соғысы өртін жалындатты.

Қытай коммунистік үкіметі өз ықпалындағы аудандарда аграрлық реформаны іске асырып, шаруалар отбасына жер берді. Халық бұқарасының көптеген саяси ұйымдары Чан Кайши үкіметінің ықпалынан шығып, коммунистерге бет бұрды. Қытай ұлт-азаттық армиясы қарсы шабуылға шығып, 1949 жылы Пекинді азат етті. Осы жылы сәуірде

ұлт-азаттық армия Янцзы өзенінен өтіп, Гомиьндан күштерін талқандады. Азамат соғысы аяқталды.

Қытай Халық Республикасының құрылуы. 1949 жылы 1 қазанда Пекинде болған үлкен жиында Қытай Халық Республикасы (КХР) жарияланды.

Чан Кайши бастаған Гомиьндан армиясының қалдықтары Тайвань аралында бекінді. Қытай коммунистік партиясының басшылығымен Қытай халқы зор жаңалықтарға жол ашты. Бұл жаңалықтар қатарында халықтық-демократиялық құрылысты нығайту, аграрлық реформаны іске асыру, индустрияландыру саясатын орнықтыру міндеттері тұрды. 1950-1952 жылдары аграрлық реформа ойдағыдай іске асырылды. Помещиктік жер иелену жойылды. Ірі буржуазия мен шетел кәсіпорындары мемлекеттендірілді. Жеке меншік капиталдың үстемдігін әлсіретіп, социалистік құрылыс тәсілдерінің негізін тұрақтандырды.

1954 жылы Қытай Ұлы Халық жиналысы жаңа Конституция қабылдап, біртұтас республикалық негіздегі мемлекеттік құрылысты жариялады. Саяси билік Мао Цзэдун басқарған Қытай коммунистік партиясының ықпалына бағынды. Қытайдағы басқа ұсак ұлттарға жартылай автономиялық еріктік жариялады.

Жаңа «басты бағыт». «Зор секірістің» күйреуі. 1958 жылы ҚКП басшылары бірінші бесжылдық жоспардың табыстарына сүйеніп, жаңа «басты бағыт» әрекетін жариялады. Жаңа саяси бағыт «үш жалау» деп аталды. Оның құрамдас бөліктері «зор секіріс», «халық коммуналары», «басты бағыт» деп белгіленді. Елдің экономикалық мүмкіншіліктермен санаспай, тез арада коммунизмге өту жоспарланды.

Мао Цзэдун бастаған топ коммунизмге тез өтудің басты құралы ауылдағы «халық коммунасы» деп жариялады. Орташа кооперациялық шаруашылықтардың орнына «халық коммуналары» енгізілді. Әрбір коммуна 20-30 мыңнан астам шаруалар отбасын біріктірді. Сөйтіп, 740 мың өндірістік кооперация шаруашылықтары 26 мың «халық коммуналары» тәртібіне көшірілді. Коммунада жер, үй-жай, ыдыс-аяқ, мал, құрал-сайман қоғамдық меншікке айналдырылып, өндірілген өнім шаруалар арасында тепе-тең бөлінді. Коммунадағы шаруалардың өмірі қатаң тәртіпке көшірілді. Коммуналар ауылда орныққаннан кейін бүкіл қала халқын қамтуға кірісті. Осының аяғы әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысқа тіреді.

«Мәдени революция» Жауапкершіліктен сескенген маошылдық топ «Мәдени революция» (1966-1969 жж.) деген саяси төңкеріске жол ашты. «Мәдени революция» 1966 жылы 16 мамырда Мао Цзэдун ҚКП-ның Орталық комитетіне жолдаған хатынан басталды. Бұл хатта Қытай коммунистік партиясының мүшелері буржуазиялық кеңістікке

жолықты деп кінә такты. Осыған сәйкес партия кадрлары, жұмысшылардың, шаруалардың, зиялы қауым топтарының тандаулы өкілдері сыңға алынып, жазалауға тартылды. Барлық Қытай шеңберінде «революциялық комитеттер» құрылды. «Мәдени революцияны» іске асыруда хунвэйбиндер (қызыл сакшылар) оқушы жастардың әскерлендірілген ұйымдары және цзаофандар (бүлікшілер) ұйымдары тірек болды. «Мәдени революция» Мао Цзэдун қарсыластарын саяси сахнадан тайдырды. Бұл Мао Цзэдун жеке басының үстемдігін орнату алдын ала ойластырылған саяси шара еді. «Мәдени революция» он жыл бойы 17 млн. Қытай азаматтарының тағдырына әсер етті.

Жоспарлы нарықтық экономика. 1976 жылы 9 карашада Мао Цзэдун қайтыс болып, саяси билік үшін күрес шиеленісті. Күрестің барысында Дэн Сяопин (1904-1997 жж.) бастаған топ жеңді. Дэн 1966 және 1976 жылдарда қуғын-сүргінге ұшыраған болатын. Дэн Сяопин тобы «прагматиктер» жақтастары ретінде бейнеленді. 1978 жылы желтоқсан айында ҚКП Орталық комитетінің үшінші пленумы Қытайдағы реформалық бағытқа аударды. Реформалық әрекеттер бағыты ҚКП-ның XII съезінде 1982 жылы бекітілді. Съезде Қытай қоғамының дамуы таптық қайшылықтарда емес, халықтың дамылсыз өсіп келе жатқан материалдық-мәдени мұқтажы мен артта қалған қоғамдық өндірістің арасындағы қайшылықтарда деп мазмұндалды.

Жаңа реформалық өзгерістердің мазмұндары аралас экономика жүйесін тұрақтандыру, ауылшаруашылық жекеменшікті жандандыру, шетел капиталын жұмылдыруға тірелді. Реформаның нақтылы әрекеттері коммуналарды тарату, кооперативтік шаруашылықты жоюға, мемлекеттік жоспардың қысымын жұмсартуға, отбасы көтермесін барынша қолдауға бағытталды.

Өндіріс саласында мемлекеттің үстемдігін мүлдем жоймай, ұсақ және орта кәсіпорындардың дамуына кең жол ашылып, теңіз жағалауындағы Қытай провинцияларына шетел капиталын еркін енгізу үшін «ашық аймақтарды» ашуға бет бұрды. Шаруалар артық өнімдерін жергілікті базарларда еркін сатуға мүмкіндік алды. 26 мың коммуналар таратылып, 3 млн-нан астам өндірістік шаруашылықтар ұйымдастырылды.

Демократия үшін қозғалыс. 80-жылдардың ортасында ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар жиіледі. Реформа барысында зиялы қауым топтары мен студенттердің жағдайы жақсарған жоқ. Бұл топтардың арасындағы наразылық пікірлер өсе бастады. Партия мен мемлекеттік қызметкерлер арасындағы пара алушылық, жемқорлық әрекеттері де бұқара халыққа жақпады. Жұмысшылардың алдыңғы катарындағы топтары, зиялы қауым мен студенттер ұйымдары ҚКП-ның

монополиялық үстемдігін жұмсартып, демократиялық жаңалықтарды тереңдету талаптарына көше бастады. 1988-1989 жылдары Пекинде және басқа да қалаларда едәуір халық қозғалыстары байқалды. Әсіресе мемлекеттің астанасы Пекиндегі Тяньаньмын алаңында студенттердің жиындары, митингілері, шерулері басталды. Үкіметтің бұйрығы бойынша 3 маусымда әскери бөлімшелер шабуылға шығып, шерушілерге оқ атып, қозғалысты басты. Партия мен үкіметтің бақылауы жұмсартқан жоқ.

Бірақ бұған қарамастан реформа әрекеттері жалғаса берді. Қытай экономикасында ұсақ және орта жеке меншік капитал иелері орнығып, Қытайдың экономикалық дамуы қыза түсті. 80-жылдардың соңында көмір өндіру, телевизорлар шығару, мақта-мата, цемент өндіру жөнінен әлемдегі көрсеткіштер бойынша бірінші орынға шықты.

Монғолия. 1960 жылы Конституция Монғолияны социалистік мемлекет деп жариялады. 1990 жылға дейін елде өкімет басында Монғол халық революциялық партиясы болды. Осы жылы мамыр айында көп партиялықтың бастауын қалаған заң қабылданды. 1991 жылы Монғол Халық Революциялық партиясының (МХРП) XX төтенше съезіндегі қабылданған құжаттарда марксизм-ленинизм сөздері алынып тасталды да, демократиялық қайта құрулардағы МХРП-ні қолдау туралы жаңа бағдарлама қабылданды.

80-жылдардың соңынан бастап елде демократиялық реформалар басталды. Қазір мұнда 20-дан астам саяси партиялар жұмыс істейді. 1992 жылы жаңа Конституция күшіне еніп, ел Монғолия деп атала басталды.

Содан кейінгі кезде МХРП болмаса демократиялық партиялар құрастырған үкіметтер билеген. 2006 жылы қаңтар айында МХРП көшбасшысы М. Энхбал елдің премьер-министрі болып бекітілді.

Әлеуметтік-экономикалық бағытта Монғолия нарықтық экономика жолында тұр. Барлық мал араттардың жеке қожалығына беріліп, ал зауыт-фабрикалардың көп бөлігі жекешелендірілді.

Солтүстік Корея. Корей Халық Демократиялық Республикасының даму жолдары.

Кеңес әскерлері азат еткен Солтүстік Корея жерінде уақытша халық комитеті ұйымдасып, басшылығына Ким Ир Сен (1948-1994 жж.) тағайындалды.

Жаңадан құрылған Уақытша халық комитеті халық билігін тұрақтандырып, бұқара халықты өз жағына тарту үшін аграрлық реформа әрекеттеріне кірісті. Заң жүзінде Жапония үкіметі мен Жапон азаматтарының иелігіндегі жерлер, шетелдерге қашқан корейлік

тұрғындардың жер иеліктері тәркіленіп, ешбір акысыз шаруаларға берілетін болды.

Солтүстік Кореядағы Жапония кәсіпорындары, көлік жүйелері, банктер мемлекет меншігіне алынды. 1034-тен астам кәсіпорындар мемлекеттік меншікке көшті.

Бұл кезде Оңтүстік Корея буржуазиясы АҚШ-тың қолдауына сүйеніп, 1948 жылы мамыр айында ұлттық жиналысқа сайлау өткізіп, Конституция қабылданып, Корея республикасын жариялады. Ли Сын Ман президент қызметіне сайланды. Астанасы Сеул қаласы болды.

Бұған жауап ретінде 1948 жылы 9 қыркүйегінде Корей Халық Демократиялық Республикасы жарияланды. Жаңа конституция қабылданып үкімет басына Ким Ир Сен сайланды. Жаңа мемлекеттің астанасы Пхеньян қаласында орналасты. КХДР үкіметінің өтінішін ескеріп, Кеңес өкіметі Солтүстік Кореядағы әскерлерін 1948 жылдың соңына дейін шығарып әкетті.

Түбектегі екі мемлекеттің шекарасына айналған 38 параллель бойында қактығыстар жиілей берді. Екі жақта Кореяны біріктіруге ынталы болды. 1950 жылы жазда Корея соғысы басталды.

АҚШ Оңтүстік Кореяны жақтап, Солтүстік Кореяны басқыншы деп кінәлап, көптеген адамдарды Корея түбегінде қырғынға ұшыратты. КХДР жағында КСРО мен ҚХР тұрды. Үш жылға созылған кескілескен шайқас нәтижесіз аяқталды.

1953-1985 жылдардағы КХДР-дың даму жолдары. Социалистік елдердің зор көмегі арқасында үш жылдық жоспар ойдағыдай орындалды. Шаруашылықты қалпына келтіру үшін КСРО 1 млрд. сом көмек берген, ал барлық социалистік елдердің қайтарусыз түрде берілген көмегінің мөлшері 3 млрд. сомнан асты. 240 кәсіпорын қалпына келтіру барысында ауылдағы шаруашылықты кооперативтендіру ойдағыдай іске асырылды.

1956 жылы сәуірде Корея еңбек партиясының III съезінде бірінші бесжылдық жоспар міндеттерін бекітті.

Бірінші бесжылдық жоспар. Социализм құрылысының негізін салу **1957-1961 жж.** Осы жылдардан бастап КХДР жоспарлы саясаттан бас тартпай, мемлекеттің экономика саласындағы камкорлығын барынша күшейтті.

Қала мен селоны электрлендіруге, темір мен тас жолдарын салуға, автомобиль, трактор, түсті металл өнімдерін көбейтуге ерекше көңіл бөлінді. 60-жылдардың барысында экономиканың даму қарқыны бойынша ҚХДР Оңтүстік Кореядан әлдеқайда алда еді. Бұл табыстар КСРО мен социалистік елдердің достық көмегіне тікелей байланысты болды.

Социалистік өндірістің табыстары, ауылдағы шаруалар кооперативтерінің қоғамдық жетістіктері Ким Ир Сеннің жеке-дара әрекеттерін күшейтті. КСРО-да Сталиндік жеке басқа табынушылық әшкереленгеннен кейін Ким Ир Сен Кеңес үкіметімен қатынасын әлсіретіп, Қытай жағына ауысуды жөн көрді. 60-жылдардың орта шенінде Ким Ир Сен Чучхе (өз денеме өзім жоғамын) идеясын жақтап, жүзеге асыруға тырысты.

Чучхе марксизм-ленинизм ілімінің жалғасы ретінде насихатталды. Бұл ілім Корея халқын шетел ықпалынан, көмегі мен қолдауынан үзілді-кесілді бас тартуға шақырды. Іс жүзінде бұл әрекет КХДР-ды барлық әлемнен қол үзіп, басқа елдерден оқшаулануға әкелді. Мұндай саясатты қолдаудың барысында ақша қоры мен еңбек қоры босқа шашылып, халық шаруашылығындағы үйлесімсіздіктерге соқтырды, экономика қарқыны бәсеңдей түсті.

Елді қорғау жұмысында ұлттық қорғаныс және ұлттық өндірістік кешендерін бірдей салу, насихат жұмысының қымбатшылығы экономиканы әлсіретті.

1972 жылы КХДР-дің жаңа Конституциясы қабылданып, президенттік республика тәртібі енгізілді. Бірінші президент болып Ким Ир Сен тағайындалды.

1980-2008 жж. КХДР-дің жағдайы. КСРО-ның және Шығыс Еуропадағы социалистік жүйенің іріп-шіруі және олардың Батыс Еуропаға шұғыл бетбұрыс жасауы Корея Халық Демократиялық Республикасының дамуына көптеген қиыншылықтар әкелді. 80-жылдардың екінші жартысынан бастап КХДР-да экономикалық даму қарқыны әлсіреп, көптеген шаруашылық салаларында дағдарыс көріністері байқала бастады. 80-90 жылдардың соңында әрбір социалистік мемлекет тек өзінің ішкі істерімен арпалысып жатқанда, олардың халықаралық уәделерді бұлжытпай орындауға мұршалары болмады.

АҚШ үкіметі КХДР-ды лаңкестік мемлекет деп айыптап, қара тізімге тіркеп, онымен жақындасуға, сауда-саттық қатынастар орнатуға тыйым салған болатын.

Көп елдерде социализм әлемі ыдырау жолына түсіп, КХДР-ға көмек беруді тоқтатса, капиталистік әлем АҚШ-тың ықпалымен КХДР-ды оқшаулады. 1990 жылы екі Корея мемлекеттерінің бірден біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдануы да КХДР-дің жағдайын өзгерте алмады. Ким Ир Сен бастаған социалистік жүйе әміршіл-тоталитарлық тәртібін жұмсартпа алмады. Саяси билікте Ким әулеті үстемдік жүргізді.

КХДР-ді 46 жыл үздіксіз басқарған Ким Ир Сен 1994 жылы шілде айында қайтыс болды. Әкесінің орнына оның үлкен ұлы Ким Чен Ир отырды. 2001 жылы Оңтүстік Корея Республикасының президентімен

кездесіп, арақатынастарын жаңарту мәселелерін талқылады. 2002 жылдың күзінде екі жақтың келісіміне сәйкес елді бөліп тұрған тас қабырды бұзып, темір жол байланысы ашылатын болды. 2004-2007 жж. ядролық қару жасау және оны иелену мақсаты әлемді шошындырған. Неше келіссөздер жүргізіліп, 2007 жылы аяғында 6 ел өкілдері (Корея, Жапония, Қытай, Ресей, АҚШ) келісімге жеткен. Оған орай Солтүстік Корея атом қаруынан бас тарту, ал ол елге экономикалық көмек көрсету қарастырылған. Бірақ, іс жүзінде жағдай әлі де болса шиеленісуде.

§21. Үндіқытай елдері

Вьетнам, Лаос, Камбоджа елдері Үндіқытай түбегінде орналасқан елдер. Олар ХХ ғ. екінші жартысында неше қиянат кезеңдерді басынан кешірді. Адам көрмеген және естімеген зорлық-зомбылықтан өтіп, тек ғасырдың соңында ғана жөнді жолға бастама алғандай болды. Үш елдің дамуында социалистік бағыт өз әсерін тигізген. Қазірде оның негізі сақталуда.

Вьетнам. Азиядағы ұлт-азаттық күрестің нәтижесінде 1945 жылдың 2 қыркүйегінде Вьетнам Демократиялық Республикасын жарияланды. Бірақ ВДР тәуелсіздігін мойындағысы келмеген француз отаршыларды онымен сегіз жылға созылған соғыс (1946-1954 жж.) жүргізді. Олар елдің оңтүстігінде Вьетнам мемлекетін құрып, оны АҚШ, Англия, т.б. елдері қолдады. Патриот азаматтардың күштері Дьенбьенфу түбінде француздардың қарулы күштерін тізе бүктірді. Соның арқасында 1954 жылы Женева келіссөздері Үндіқытай түбегіндегі шайқасты тоқтатып, Вьетнам, Лаос, Камбоджа елдерінің аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бекітті. 17-ендік (параллель) негізінде Вьетнам жері уақытша екі аймаққа бөлінді. Солтүстігінде Вьетнам Демократиялық Республикасы (ВДР), Оңтүстік Вьетнамда АҚШ-қа тәуелді қуыршақ үкімет құрылды.

50-60 жылдар барысында Вьетнам Еңбекшілер партиясының басшылығымен ВДР-да сталиндік үлгідегі социализм құрылысы өрістеді.

Вьетнам соғысы. Американ империалистері 1965 жылы Сайгон тәртібіне сүйеніп Вьетнамға, ал кейіннен Лаос пен Камбоджа елдеріне қарсы басшылық соғыс әрекеттерін бастады. Оңтүстік Вьетнам халқы өзінің азаттығы үшін үзілді-кесілді күреске көтерілді. Оңтүстік Вьетнамды азат етудің Ұлттық майдан ұйымы барлық патриоттық топтардың күшін біріктірді. 1969 жылдың 8 маусымында Оңтүстік Вьетнам конгресі Оңтүстік Вьетнам республикасын жариялады.

Вьетнам халқы азаттық соғыстың барысында КСРО және басқа да социалистік елдерінің жан-жақты ағайындық көмегіне сүйеніп, қысқы мерзімде елде әскери тәртіп орнатып, өзінің экономикалық және қорғаныс күшін нығайтты.

1972 жылы Оңтүстік Вьетнам патриоттары шабуылға шығып, елдің көптеген аймақтарын басқыншылардан тазартты. Мұндай жағдайда Р. Никсон әкімшілігі 1973 жылдың қаңтарында Париждегі келісімге сәйкес соғысты тоқтатуға мәжбүр болды.

Вьетнамның бірігуі. 1975 жылдың 30 сәуірінде патриоттық әскерлер Сайгонды басып алды. Осы жылдың қараша айында Вьетнам Демократиялық Республикасы және Оңтүстік Вьетнам Республикасы өкілдерінің саяси консультативтік конференциясында Вьетнамның екі бөлегін біріктірудің мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. 1976 жылдың 26 сәуірінде жалпы сайлау екі Вьетнамды біріктіру заңына қабылдады. 2 шілде күні Вьетнам Социалистік Республикасы (ВСР) жарияланды. Республиканың астанасы Ханой қаласы болды.

80-жылдардың соңында ВСР-дың КСРО-ға жақындауы, оның Үндіқытай аймағындағы жетекші елге айналуы Мао Цзэдун бастаған Қытай басшыларына жақпады. Сол кезде Камбоджада Қытай қолдаған қызыл кхмерлер тобы билікке келіп, елді қан қақсатты, сансыз адам кінәсіз өлтірілді. ВСР әскерлері 1978 жылы Камбоджаға еніп, Полпот бастаған қызыл кхмерлерді толық жеңді.

1979 жылдың 17 ақпанында Қытай әскерлері шекараны бұзып, Социалистік Вьетнамға қарсы соғыс әрекетін бастады.

Басқыншылар өз міндетін орындай алмай, өте күшті соққыға жығылды. Отыз күнге созылған шайқаста Вьетнам халқы басқыншылыққа күйрете соққы беріп, үлкен жеңіске жетті.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы экономикалық реформалар. 80-жылдардың ортасында Вьетнам және басқа социалистік бағдар жолында тұрған елдер жаңа бағыт әрекеттеріне бет бұрды. Вьетнамдағы экономикалық реформалар төмендегі іс-әрекеттерді қамтыды:

- Экономикалық құрылыстардың барлығына әрекет еркіндігін беру;
- Жерді ұзақ мерзімге шаруаларға жалға беру;
- Тауар-ақша айналымын реттеу;
- Шетел капиталына байланысты ашық есік саясатын жүргізу.

Вьетнам коммунистік партиясының (ВКП) ІХ съезінде (2000 ж.) қабылданған Елдің 2020 жылға дейінгі стратегиялық дамуы атты құжатында айқындалған. 2000 жылғы жылдық ұлттық кіріс деңгейі 6 пайызға, ал 2006 жылы 8,7 пайызға жетті. Вьетнам қазынасына шетел инвестициялары көп келуде. Инвестициялардың басым көпшілігі Азия

елдерінен. Кезекті Х съезінде партия қазіргі замандағы сұраныстарға сай әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды шешуге күш салуды ұйғарды. Жаңа өндіріс салаларын дамытып, экспортқа жарамды тауарларды өндеу, халық тұрмысын көтеру мәселелерін алға тартты.

Социалистік Вьетнам Республикасы «менің үйім» деген көп мерзімдік жаңарту жоспарын іске асырмақшы. Бұл жағдайда мемлекеттің қолдауымен социалистік бағдарлау жолындағы жоспарлы шаруашылықтан нарықтық экономикаға ауысу бағыты іске асырылды. Шетел инвестициялары 68 өндірістік, ашық экспорттық өңірлерде шоғырлануда.

2001 жылдың көктемінде Вьетнам Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің ресми сапары өткізілді. Екі ел көп мәселелерді талқылап, 7 құжатқа қол қойып, келісімшарт жасасты. АҚШ-пен арақатынастарды реттей алды. Президент Б. Клинтон елге сапар жасаған. Дж.Буш Вьетнам басшыларымен бірнеше рет кездескен. Екі ел сауда-қаржы байланыстарын дамытуда. Егемен Қазақстан да Вьетнаммен дипломатиялық қатынас орнатып алды. 2008 жылы оның елшілігі Астанада орналасты.

Лаос тәуелсіздігі 1945 жылы 12 қазанда жарияланып конституциялық монархия тәртібі бекітілген ел атқару билігін Халық комитеті ұстаған. Оның құрамында ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан солшыл күштер басымды болған. Бірақ, 1946 жылы Франция оны ығыстырып, король мәртебесін көтерген. Ал шын мәнінде баяғы отаршылдық жағдайды орнатуға кіріскен еді. 1947 жылы парламент сайлауы өткен. Отан сүйгіш күштер ел тәуелсіздігі үшін жан аямай күреске қатысып келді. Отаршылдар ұлт-азаттық қозғалысты әлсіретуге бірнеше шаралар қолданып, 1949 жылы Лаосты француздық Үндіқытай одағындағы тәуелсіздік мемлекет туралы шарт жасасқан. Осы шартты мойындаған ұлтшылдар қарсыласудан бас тартқан. Ханзада Суфанувонг бастаған солшылдар оған көнбеген. Коммунистер ұйымдарын жинастырған К.Фомвихан тобымен олар партизандық күресті жалғастырды.

1950 жылы азат аудандарды Суфанувонг жетекшілігімен Еркін Лаос Майданы (ЕЛМ) құрылған (Нео лао Итсала). Ол келесі жылы Үндіқытай Халықтарының бірлескен майданына (ҮХБМ) қосылған. Вьетнамдағы Камбоджадағы, Лаостағы ұлт-азаттық күштер ынтымақтастығы нығайған. Осы кезде Үндіқытай күрескерлеріне Қытайдан, КСРО-дан әр түрлі көмек ұлғая түскен. 1954 жылға таман әр елдің жартысына жуық аймағы партизандар үкіметіне қараған. 1954 жылы Женева конференциясы үш елдің тәуелсіздігін мойындаған. Лаостағы Вьетнам еріктілері бұл елден шығарылған. ЕЛМ қарулы жасақтары екі провинцияда шоғырланған. Король үкіметі оларға тиіспеу туралы

кепілдік берген. Соғыс қимылдары токтатылған. Осы шарттың іске асуын Халықаралық Бақылау комиссиясына (ХБК) тапсырған. Лаос және Камбоджа конституциялық монархиялық ел боп дами жетілген. Лаоста ұлттық жиналыс ең жоғарғы заң қабылдаушы орган боп есептелген.

Елде бірнеше саяси партиялар қызмет атқаруға кіріскен: Коммунистер құрған Лаостың патриоттық майданы (Нео Лао Хак Сат). Демократиялық партия, ұлттық одақ, тәуелсіздер партиясы. Билеуші орынды прогрессивтік партия иеленген. Сонымен бірге 1955 жылы компартия Лаос Халық партиясы боп аталған. Оған К.Фомвихан және Суфанувонг жетекшілік еткен. Үкіметті бейтараптық саясатқа берілген ханзада Суванна Фума бастаған. Ал тағы бір ханзада Фуми Носаван оңшылдар жағында жүрген. Сөйтіп, Лаос үш ханзада үш саяси бағыт ұстанған жағдайда дамыды. Әрине ол тұрақсыздыққа тап болып, іс бірлігі болмады.

1960 жылы әскери төңкеріс елді қыркысуға әкелді. Осы токтату үшін Халықаралық конференция шақырды (1961 ж.). Әрең дегенде Суванна Фума бейтараптық үкімет құрастыруға құқықты болды. Сонда да үш партиялық тартысты токтатуға мүмкін еместі. Он жылдам астам бойы Лаос АҚШ-тың Үндіқытайдағы соғысының зардабын шекті. 1972 жылы Халық партиясы билікті өз қолына алуды ойластырып, астыртын қимылдар ұйымдастырды. Ол Лаостың Халықтық-революциялық партиясы (ЛХРП) деп атын өзгерткен. 1975 жылы желтоқсанда ұлттық өкілдер құрылтайы монархия орнына Республика құрылысын енгізіп, елде социалистік реформалар жарияланды. Үкімет басында 1992 жылға дейін К.Фомвихан, ол дүниеден өткенде К.Сипхандон тұрды. Жаңа конституция 1991 жылы бекітілген. Зорлық-зомбылыққа негізделген шаралар ауылды да, қаланы да социалистік өмірге көшірген. ЛХРП-дан басқа саяси партияларға жол берілмеді.

Бұл өзгерістер салдарына шыдамағандар елден кетуге барды. Шаруашылық айтарлықтай күйзеліске тай болды. 1980 жылы басында және ортасында өкімет кейбір шаралардан бас тартқан еді, тек 1980 жылдың аяғында Либералды нарықтық қатынастарға жол беріліп, жағдай біраз түзелген. Сол бағыт Лаостың қасындағы елдермен қатынастарын түзетті. Соған қарай оны АСЕАН тобына қабылдаған. ХХІ ғ. басында экономика салалары нашар дамыған. Халық тұрмысы төмен, әр адамға жаққанда ішкі өнім 390 доллардан аспайды (2001 ж.).

Камбоджа. Жапония жеңілетін жылы король Нородом Сианук француздардың протекторат тәртібін жою туралы үкім шығарған еді (1945 жылы наурыз), бірақ Франция 1945 жылы қарашада оны қайтадан күшіне енгізген. Келесі жылы қаңтарда Камбоджаға Француз

одағындағы ел ретінде ішкі автономия берілген. Демократиялық және либералдық партиялар құрылып, либералдар Францияны қолдаған. Конституция қабылданып (1947 ж. мамыр) Ұлттық жиналыста демократтар көбірек орын ұстаған. 1949 жылы Камбоджа тәуелсіздік ел боп жарияланғанымен француздық одақ құрамында қалған. Шын мәнінде саяси-экономикалық өмір шет ел ықпалында еді.

Елдің толық тәуелсіздігін аңсаған күштер Вьетнам компартиясына сүйеніп күресті жалғастыруға кіріскен. Ерікті КХМЕР ұйымы ұлтшылдарды біріктірген. Оның құрамында оңшылдар да, солшылдар да кездескен. Солшыл күштерді қолдануға 1951 жылы Камбоджаға Вьетнам қарулы жасақтары енген. Сол жылы Үндіқытай компартиясынан Камбоджа халықтық-революциялық партия (КХРП) дербес саяси ұйымы туындаған. Оның басында Вьетнам және Қытай тектілері болған. 1953 жылы француз әкімшілігі жойылған. Ел тәуелсіздігі ресми түрде 1954 жылы Женева конференциясында бекітілген.

1954-1970 жж. Камбоджа. Елде бірден баяғы партиялар қайта жанданған. Астыртын КХРП-да қызметін жалғастырып келген. 1955 жылы Н. Сианук тақты әкесіне тапсырып, үкіметті басқаруға кіріскен. Ол бейтараптық саясатты алға тартқан. Бірақ Қытай Халық Республикасына қарай елді бұрған. Халықтық-социалистік қоғамдастықта Сангкумды (ХСК) құрып, оған бүкіл тұрғындарды қатыстыруға тырысқан. Сианук солшылдарды да, оңшылдарды да қуғындап, елді бейтараптық саясат ұстауға жұмылдырған. Әлем сахнасында оның беделі жоғары бағаланған.

Сол жылдары шет елдерде оқыған солшылдар күш жинай түскен. Пол Пот тобындағылар Мао ілімінен сусынданып, компартия құрастырған және көтерілістер бастаған. Ханзада Сирик Матак және әскери басшылардың бірі Лон Нол бастаған оңшыл күштері қалыптасып, демократтарды қысымға алуды көздеген. Камбоджаның ішкі жағдайына қасындағы Вьетнамдағы оқиғалар әсері ықпал тигізіп келгені белгілі. Ел аумағына Оңтүстік Вьетнам күрескерлері жан сауғалап жүретін АҚШ күштері ол аудандарды бомбалап тұрған.

1970 жылы 18 наурызда Лон Нол жағы мемлекеттік төңкеріс жасап, билікті қолдарына алды. Сианук ол кезде Қытайда болған. Пекиннен қолдау тапқан Сианук Ұлттық біріккен майдан (ҰБМ) құрастырған, оның қатарына Камбоджа коммунистері – қызыл кхмерлер де енген. Вьетнамда да көмектескен ҰБМ әскерлері партизандық күрес бастап, бірнеше аудандарды азаттаған. Лон Нол үкіметі АҚШ-пен жақындасып, елді дамытуды ойластырған. Бірақ, оның әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған, өйткені ел ішінде де, халықаралық сахнада да Сианук беделі жоғары еді. 1973-1975 жж.

басында елдің негізгі аумағы қызыл кхмерлер мен Вьетнам партизандарына өткен. 1975 жылы сәуірде оңшылдар билігі жойылып, елдің жаңа дәуірі басталды.

Қызыл кхмерлер диктатурасы (1975-1979 жж.). Билікке келген Пол Пот жағы бірден біркелкі коммунистік қоғам орнату жоспарын жариялап, дінге, тауар-ақша қатынастарына жол бермеуді, білімді адамдардан елді тазартуды, қала тұрғындарын ауылдарға айдауды көздеді. Жаңа қоғамды құру үшін ескінің негізінен елді тазарту қажет деген саясат басталды. Соған қарай 2,5 млн. жуық адамдардың көзін жойды. Әлемде кездеспеген геноцид әрекеттері жайлады. Қытайдағы мәдени революция кезінде ресми мәліметтер 10-40 млн адам қырылғанын айтса (1-4 пайыз), Камбоджада халықтың 30-40 пайызы қырылып қалды. Осы зұлымдықтар, оған қоса КСРО-ның Ауғанстанға әскерлерін енгізіп, бейбіт тұрғындарды жаппай қыруға қатысқаны бүкіл адамзаттың коммунизмге деген оң пікірін жоққа шығарды.

1978-1979 жж. елде көтеріліс жиіледі, кейбір қызыл кхмерлер Пол Потты тастап, Сианук жағына өтті. 1978 жылы оппозицияны қолдаған Вьетнам әскері көмек көрсетіп, жексұрын тәртіпті құлатты.

1979 жылы қаңтарда астанада Камбоджа халықтық-революциялық кеңестің үкіметі билік басына келген. Елдің түкпір-түкпіріне тығылған Қызыл кхмерлер ұсталып, жауапқа тартылды. Пол Пот–Иенг Сари, т.б. сырттан сотталды. Кейін олардың көбі ну тоғайларда өлім тапқан. (2007 ж. бір топ басшылардың ісі қайта қаралып, халықаралық қылмыскерлер ретінде айыпталған). КХРП қайта жанданды. Жаңа Мемлекет кеңес басшысына Хенг Самрин сайланды.

Бірақ қызыл кхмерлерді үкіметтің мойындаған ҚХР, АҚШ, қасындағы елдер Камбоджа мәселесін көтеріп, Вьетнамды әскер жіберіп, өкіметті құлатқаны үшін айыптауға кірісті. Вьетнамды қолдап келген КСРО-да сынауға алынды. Бұл мәселе халықаралық дағдарыс туғызды. Вьетнамды Қытай жазалауға барып, соғыс жариялаған. Сианук Қытайда болып, өз саясатын жалғастырған (1979 ж ақпан-наурыз). 1989 жылы Вьетнам әскерлері Камбоджадан шығарылды. Конституцияға жаңа баптап енгізілді. Монархиялық құрылыс қалыптасты. Король тағына Сианук отырды. Ел аты Камбоджа корольдігі болып өзгерді. Елде БҰҰ әскери күштері жіберіліп, өтпелі 4 жыл бойы сонда орналасты.

1993 жылы Ұлттық жиналысқа Ранарритті жақтайтын топтар жеңді. Елден жағдайды ушықтырмау үшін үкімет басына екі адам ханзада Ранарит және Камбоджа Халық партиясының жетекшісі Хун Сен тағайындалды. Бірақ, 1997 жылы қарулы қақтығыстар туындап, үкімет Хун Сен қолына өтті. Нарықтық экономикаға жол берілген. Камбоджа АСЕАН тобына қабылданды.

§22. Жапония. Оңтүстік Корея (1945-2008 жж.)

1945-1951 жж. Жапония. Потсдам келісімдеріне сәйкес жапон аралдарын америка қарулы күштері басып алды. Барлық билік генерал Д.Макартур басқарған әскери әкімшілік қолына қарады. Мұнда ел тарихында болмаған жағдай қалыптасты.

Жапония басқа елдерден тартып алған аумақтар өз елдеріне қайтарылды. Тынық мұхитындағы отарлар АҚШ қарамағына өтті. Оңтүстік Сахалин заңды түрде КСРО-ға берілді, ал 1875 жылғы келісім бойынша Сахалин Ресейге Курил аралдары Жапонияға қарайды деп шешілген. Сондықтан Кеңес Одағының Курилге жармасқаны, әсіресе, ешқашан орыстардың қолына түспеген Оңтүстік Курил аралдарын (Итуруп, Кунашир, Шикотан, Хабомаи) 2-3 қыркүйекте алуы осы күнге дейін Жапония наразылығын тудыруда. Қытайдың Порт-Артур, Далян порттарын, Қытай-Шығыс темір жолын КСРО өзіне қаратты. Корея азат етілді.

Қиыр Шығыс мәселесін реттеу үшін 1945 жылдың аяғында Мәскеуде жеңіске жеткен елдердің сыртқы істер министрлері кездесіп, Одақтас Кеңес және Қиыр Шығыс комиссиясын құрды. Комиссияның ұйғарымы бойынша, Жапонияда түбегейлі өзгерістер енгізілді. Бұрынғы саяси партиялар таратылып, әскери қылмыскерлер жауапқа тартылды. Токиода өткен халықаралық трибунал оншақты саяси және әскери басшыларды дарға асу жазасын шығарды. Жер реформасы ежелден келе жатқан феодалдық жүйенің орнына фермерлік шаруашылыққа жол ашты. Ірі әскери-өндіріс монополиялар – дзайбацулар бөлшектенді. Елде демократиялық тәртіп орнатылды. Жаңа саяси ұйымдар мен партиялар өмірге келді: либералды, демократиялық, социалистік және т.б. Коммунистер қызметін ашық жүргізетін болды.

Жаңа конституция. Жаңа тәртіпті нығайтуда 1947 жылы күшіне енген конституция өте маңызды орын алып келеді. Ол бойынша, ел конституциялық монархия болып дамуда. Император тек ұлттық бірліктің белгісі ретінде саналып, билікке қатыспайды. Сондай болғанымен, жаңұясының әдептілігімен, әр салада адал қызмет атқаруымен император халық құрметіне ие болды. 1989 жылы Хирохито император қайтыс болып, такка оның ұлы Акихито отырды. Ол – белгілі ғалым, өте қарапайым адам. Әйелі Мичико, екі ұлы, бір қызы бар.

Екі палаталық парламент сайлау арқылы құрастырылады. Оның жоғарғысы – кеңесшілер палатасының 100 мүшесі бүкіл елден, қалған 152 префектуралардан сайланады. Әр үш жыл сайын құрамының жартысы қайта сайланып отырады. Төменгі өкілдер палатасы түгелімен 4 жылға сайланып, негізгі заң қабылдаушы палата ретінде

саналады. Көп дауыс алған партия үкімет құруға құқылы. 1947 жылы біраз ай бойы үкіметке социалистер қатысқан. Одан кейін либералдық партия жетекшісі Сигэру Иосида (Есида) үкіметті басқарды. 1954 жылдан бастап 1993 жылға дейін өкіметті либералды-демократиялық партия (ЛДП) басқарып келді. Кейін екі жылдай коалициялық үкіметтер қызмет атқарған, ал 90-шы жылдардың аяғында ЛДП тағы да үкіметті басқарды.

Конституцияның IX бабы елдің соғыстан бас тартқанын, халықаралық дау-таласта тек бейбіт әдістерді қолданатыны, басқаларға қауіп төндіруге болмаса, қарулы күш жұмсауға тыйым салғанын бекіткен.

Жапонияның экономикалық жағдайы. Соғыс аяқталған кезде Жапония өте нашар жағдайға тап болды. көптеген қалалар мен кенттер, өндіріс орындары мен порттар қирап жатқан болатын. Жұмыссыздардың саны бірнеше миллионнан асып түсті. Азық-түлік жетіспей, бұқара халық қатты киналған. Инфляция шарықтап, бағалар өсіп кеткен.

АҚШ, КСРО Жапонияны көкөніс өсіретін ел ретінде дамуын қалаған. Бірақ 1947-1948 жж. Америка бұл елді күйзелістен құтқарып, шаруашылығын қайта қалпына келтіріп, дамытуды ойластыра бастады. Онсыз жұмысшылар мен қала тұрғындарының ереуілдерін бәсеңдету мүмкін емес еді. Оған қоса «қырғи кабак» соғыс өршіп, Қытай коммунистері күшейіп, Қытай КСРО-ға бұрыла түскен заман басталды. Қиыр Шығыс пен Тынық мұхит аймағында АҚШ-қа Жапония секілді сүйеніш мемлекет табыла қоймаған. Сондықтан Вашингтон жау болған елді өздеріне жақындастыруға бел байлап, қол ұшын бере бастады. Бұл өте көрегендік дипломатия бұрылысы Америкаға жемісті нәтиже берді. Керісінше, Мәскеу орыстарға туыс халықтарды да (поляктар, чехтар, словактар), сондай-ақ КСРО құрамындағы халықтарды да зарлатқызып ұстаудан жалықпай қарғысқа батқан.

Жапониямен бейбіт келісім жасау мәселесі көп мемлекеттерді мазалап келді. Бейбіт шартты дайындау ісі дау-талас туғызған. Әсіресе КСРО мен АҚШ көзқарастары қарама-қайшы болды.

Жапониямен бейбіт шарт жасасу мәселесі көптеген елдердің қатысуымен дайындалған. Бірақ, ол көптеген қайшылықтар туғызған. Мәскеу өзіне өткен жерлерді мойындатуды көздеді. Жапония жерлеріне шетелдің қарулы күштерін енгізбеу туралы баптарды ұсынды т.б. КСРО-ның кейбір тілектері негізсіз болғанымен, Сталин үкіметі алған бетінен қайтпады. 1951 жылы қыркүйектің басында бейбіт шартты қарастыруға Сан-Франциско қаласында (АҚШ) халықаралық конференция шақырылып, келісімге қол қойылды. Конференция жұмысына қатысқан КСРО, Польша, Чехословакия өкілдері қол қоймай қойған.

Тәуелсіз Жапонияның сыртқы саясаты. Жапония егеменді ел болып, оның үкіметі ішкі және сыртқы саясатты өзі белгілеуіне шамасы жетті. Әрине АҚШ ықпалы басымырақ болып шықты. Бейбіт бітімге қол қойған күннен-ақ Иосида үкіметі АҚШ-пен бірнеше келісімдерге барған. Олардың ішінде «қауіпсіздік пактісі» мен «әкімшілік келісім» бойынша екі ел достасып, АҚШ қарулы күштері Жапония жерінде орналасуы, қорғау мәселелері шешімін тапқан. Бұл құжаттарда жапон халқының наразылығын тудырған баптар кездескен: қылмыс жасаған әскери адамдар ісін тек АҚШ сотында қарастыру, АҚШ армиясының жабдыктануы, әскери жаттығулар жүргізуде жапон үкіметі мен жергілікті әкімшіліктермен санаспауы т.б., сондықтан да 50-шы жылдары АҚШ әскери базаларына қарсы толқулар жиі ұшырасты. Соны ескеріп, екі жақ 1960 жылы жаңа қауіпсіздік шартын жасасты. Ол әр 10 жылда ұзартылып, осы күнге дейін күшін сақтауда. АҚШ-пен Достық қатынастар дамыту, оның қарулы күштеріне сүйену Жапонияның ресми бағытының негізгі қағидаларына жатады.

Экономиканы жетілдіру үшін Жапония басқа елдермен ынтымақтасуға күштар. Табиғи байлығы жоқтың қасында болғандықтан, оның өндірістік салаларына керекті темір рудалары, мұнай, металдар, ағаш, макта, жүн, ауылшаруашылығы заттары шеттен алынады. Зерттеушілердің айтуынша, елге қажетті тамақ пен шикізаттардың 4/5 бөлігі импорт арқылы қамтамасыз етіледі. Жапон аралдарына мыңдаған кемелер әлемнің түкпірлерінен шикізаттар тасуда болса, соншама кемелер өңделген заттарды алып кетуде. 130 млн жан тыным таппай жұмыспен шұғылдануда. Бұл ел құмырсқаның илеуіне ұқсас: күндіз-түні тыным таппай қимылдауда. Адамдармен бірге роботтар да жұмыс атқаруда.

80-90 жылдары импорт құрылымында шикізаттар көлемі азайып, жартылай өңделген болмаса, өндіріс тауарларының көлемі ұлғая түскен, ол туралы төмендегі мәліметтер баяндайды (импорт % түрінде):

	1975 ж.	1980 ж.	1985 ж.	1990 ж.	1995 ж.
Тамақ және шикізаттар	35,4	27,3	25,9	25,6	25,0
Отын (мұнай, тас көмір)	44,3	49,8	43,1	24,2	15,9
Өндіріс заттары	20,3	22,8	31,0	47,6	56,9

(Түп нұсқасы: *The Japan of today. Tokyo, 1996. p. 63*)

Егеменді Жапония көп жылдар бойы көршілес КСРО және ҚХР-мен қатынас жасаспай жүрді. Саяси қайшылықтар және Америка қысымы оған кінәлі болды. 1956 жылы КСРО – Жапония, 1972 жылы

ҚХР–Жапония дипломатия катынастары орнаған. КСРО/Ресей мен Жапония бейбіт бітімге әлі бара алмай жүр. Токио жағы Оңтүстік Курил аралдарын (Итуруп, Шикотан, Кунашир, Хабомаи) қайтаруды талап етеді, ал орыстар аралдарды «ата мекеніміз» деп бергісі келмейді.

Шынында ол 4 арал жапондардікі, 1956 жылғы 19 қазандағы оны екі жақ қол қойған декларацияда мойындаған. Тек КСРО (Ресей) империялық тон мойындыққа құнығып, неше рет уәде беріп, неше түрлі айлалар ойластырып, әділетті шешуден бас тартып келеді.

Осыған байланысты КСРО–Жапония сауда-экономикалық ынтымактасуының болмай жүргені. 1957-1972 жж. екі ел арасындағы сауда айналымы 21,6 млн доллардан 1,1 млрд долларға көтерілген, ал 1976 жылы ол 3,4 млрд долларға жетті. Бірақ бұл көрсеткіштер екі елдің жалпы сыртқы саудасында 2-3,1% құрап келген. 1995 жылы сауда көлемі біраз ұлғайып 6 млрд доллар болды (Жапония сыртқы сауда айналымы – 0,6%). Оған қарағанда Жапонияның Қытаймен саудасының көлемі 1951 жылы 7,5 млн доллар болса, 1960 жылы 23,4 млн доллар, 1970 жылы – 901,5 млн доллар, 1976 жылы – 3,033 млрд доллар, 1995 жылы – 50 млрд доллар, ал 1999 жылы – 66,177 млрд долларға дейін барған.

50-60 жж. Жапония қарсы болған Азия елдерімен катынастарды жақсартуға барды. Соғыс кезінде жапон басқыншыларынан болған шығындарды төлеп, саудаласу, қаржы бөлу, серіктестік іс-қимылдарға бару арқылы тығыз байланыстар орнатып алды. Сол кезде-ақ жапон монополиялары Африка, Латын Америкасы мен Еуропа елдеріне қарай ұмтылып, жапон банкілері мен корпорациялары жағдайларын нығайтты.

Елдің саяси өмірі. Жапония қоғамының саяси өмірі қызықты да-муда. Елде бірнеше саяси партиялар, қоғам ұйымдары қызмет атқарады. Жұмысшылар мен қызметкерлер кәсіподақтары батылды қимылдармен көзге түсуде. Газет, журналдар, кітап басуда жапондықтар алдыңғы сапты ұстап келді. Электронды бұқара баспа құралдары, теле-радио-интернет жүйесі керемет дамыған. Ішкі және әлемдегі оқиғалар сол сәтте хабарланып, көпшілік беймәлім бола қоймайды.

Саяси тартыстар бұрын (50-70 жылдарда) ереуілдер мен көше қақтығыстарына апарып, азаматтар арасында теке тірестік туғызған. 80-90 ж. әлеуметтік жағдай жөнделіп, жапондықтар қандай да болмасын қайшылықтарды ақылға салып, келісе отырып шешуді жөн көретін болды. Бұл демократия мен заңды сыйлайтын, жетілген жариялық қоғам қалыптасқандығын дәлелдейтін жайт.

Сондай дәрежеге жеткен Жапонияда саяси күрес тоқтады деуге болмайды. Сайлау науқандарында партиялар арасында пікірталас,

саяси дұшпандарды әшкерелеу, паракорлыққа барғандарды айыптау күшейе түседі. Заң бұзғандарды сотқа тарту, жазалау – қарапайым дәстүрлі тәжірибеге айналған іс. Мысалы 70-жылдары үкіметті басқарған К. Танака пара алғаны үшін сотқа тартылған.

50-80 жж. елде либералды-демократиялық партия (ЛДП) социалистік (ЖСП), коммунистік (ЖКП), демократиялық-социализм (ДСП) және Комэйто (Таза саясаттың партиясы) қызмет атқарған. ЛДП 1954-1993 жж. билік тізгінін өзі жалғыз ұстап келді. Оппозицияда ЖСК және ЖКП болған.

80-шы жылдардың аяғында ЛДП бөлшектене түсті. Ішкі тартыстар, билікке талас ұлғайып, оның қатарына бірнеше топтар шығып, жаңа саяси партиялар пайда болған: жаңа шектер партиясы (ЖШП), жаңа партиялық ұсыныс (Сакигаке), жаңарту партиясы, т.б. 1993 жылы сайлауда ЛДП көпшілік дауыстан айырылып, коммунистерсіз коалициялық үкіметін оппозициядағы партиялар құрастырған. Оның басында М.Хосокава болды. Келесі жылы Хосокава одан кейін И.Хата кабинеттер орнынан кетіп, ЖСП жетекшісі Т.Мураяма ЛДП және Сакигакемен топтасып үкімет құрастырған. Бірақ, 1995 және 1996 жылдары парламенттің жоғарғы және төменгі палаталарына сайлау жүргенде ЖСП, Сакигаке қатты жеңіліске ұшырады. Жаңа шектер партиясы максатына жете алмады. Сайлаушылар қолдауына ие болған ЛДП жетекшісі Р.Хасимото үкіметті басқарды. Содан соң ЖШП ыдырап, 1997 жылы өзін-өзі таратып тастады. Оның орнын либералды, бейбітшілік жаңа партия, достықтың жаңа партиясы, халық үні, реформалар клубы, т.б. ұсак топтар басқан. 1998 ж. осылардың көбісі қайта жақындасып, демократиялық партия (ДП) құрылған. Социалистер социал-демократиялық партиясы (СДП) болып аталды. Комэйто жаңарды. 1998 жылы қаржы дағдарысы кезінде парламенттің жоғарғы палатасына кезекті сайлау жүрген. ЛДП біраз орнынан айырылған. Соның күнәсін өзінен көріп, Р.Хасимото орнынан түсті. Келесі премьер К.Обути 1,5 жыл ғана үкімет басқарады. Қатты ауырып, қызмет етуге шамасы келмеді. 2000 жылы сәуірде үкімет басына ЛДП жаңа жетекшісі И.Мори келді. Ол үкіметте көп тұрақтана алмады. ЛДП ішкі топтар арасындағы қайшылықтарға орай 2001 жылдың жазында оның орнына келген Дз.Коидзуми өте тиімді ішкі саясат жүргізіп, бірнеше жаңалықтар енгізді. Паракорлыққа жол бермеу, фракциялар мәнін төмендету, банк ісін қатаң бақылау арқылы экономикалық дағдарыстың салдарын бәсеңдетуге кірісті. Оның 2005 жылы пошта жүйесін жекешелендіру ойын парламент қолдамаған еді. Себебі өз партиясының арасынан қарсылықтар болған. Сонда ол парламентті таратуға барып, жаңа сайлау арқылы жағдайын нығайтқан. Сонан соң ең ірі мемлекет қолындағы 3 млрд. долларға тең мүлкі бар пошта жүйесін жекешелендіру заңын қабылдатқызған. Ол 10

жыл уақытқа созылмақ. Ел ішінде беделі жоғары болып тұрғанымен, қалыптасқан саяси жағдайға қарай Коидзуми 2006 жылы күзде үкімет басынан өз еркімен кеткен. Премьер-министр тағайындалған С.Абэ саясатын халық жөнді қолдамады. Келесі жылы үкіметті 71 жастағы Ясуо Фукуда басқарды.

2007-2008 жж. ел дамуына ипотекалық қаржы мәселелері айтарлықтай кері әсерін тигізген, бірнеше ірі банкілер банкротқа ұшырап, экономика артқа шегіне түскен. Оған қоса азық-түлік бағалары да тез көтеріліп, тұрғындар тұрмысы біраз төмендеген. Үкімет тарапынан ұсынған заңдар оппозиция партиялары басында болған жоғарғы палатадан қолдау таппай, оларды іске асыру дау-талас туғызып, көп уақыт күйіп тұрған мәселелер шешімін таппай жатты. Фукуда беделі де төмендей берді. 2008 жылы қыркүйекте ол премьер орнынан бас тартып, ЛДП жетекшілерінің бірі Таро Асо «жаңа комэйто» партиясы қатысқан коалициялық үкімет құрастырды. Саяси-әлеуметтік тұрақсыздыққа қарамастан Жапония әлемдегі 2-3-і орынды нық ұстауда.

Саяси сахнадағы оқиғалар жапон қоғамындағы өзгерістерге байланысты. Елде халықтың негізін құрайтын тұрмысы орта деңгейдегі топ қалыптасты. Оның тұрақты жұмысы бар, еңбек ақысы жанұяны қанағаттандыратындай болды, балалар оқи алады, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелесі жөнді реттелді және т.б. Өмір барысы саяси қайшылықтарды бәсеңдетуде. Соған орай келесі дәуірде саяси партиялар саны азайып, 3-4 партиядан аспайтындай болуы мүмкін.

Қазіргі кездегі Жапонияның жағдайы. ХХІ ғасырға Жапония ең гүлденген елдердің бірі болып аяқ басуда. Оның экономикалық дамуы 50-60 жж. әлемді таң қалдырып отырды. Өйткені орта есеппен жыл сайынғы өсуі 12-18% кем түспей алға жылжыды. 1959 жылы ел ЖҰӨ бойынша әлемде 4-ші орынға шықты. Келесі он жылдың аяғында 3-ші орынға ие болды. 1981 ж. Жапонияның ЖІӨ КСРО-дан асып түсті. 90-шы жылдардың аяғында ол көрсеткіш бойынша Қытай екінші орынға көтеріліп, Жапония үшінші орынға ығысты. ЖҰӨ өсуі 1960-1970 жж. жыл сайын орта есеппен Жапонияда – 11,1%, АҚШ-та – 4,1%, ГФР-де – 4,8%, Англияда – 2,8%, Францияда – 5,8%, Италияда – 5,6%. Бұл «ғажап секірістер» 70-80 жж. жалғасты. Бұл кезде экономикада құрылымдық өзгерістер жасалып, қуатты және металды шағын жұмсайтын, композитивті заттар шығаратын өндіріс салалары мәнді орын алды. Радио, электроника, компьютер өндірісі кең етек жайды. Машиналар, автомобильдер, кеме жасау, химия, биотехнология өндірістері жаңа деңгейге шықты. Интернет жүйесі бүкіл елді, ірі жанұяны қамтуға шамалы болды. Өндіріс заттарының жартысынан көбі шетелге шығарылуда, демек Жапония әлем тілектерін қамтамасыз етуде.

Соғыстан кейінгі кезеңде Жапония қаржы және экономика жүйесі бірнеше дағдарыстар мен қиын кезеңдерге тап болған. 50-ші жылдарда оның сауда айналымы көп ұтылыспен сипатталған. 1974-1975 жж. әлемдегі энергетикалық дағдарыс елге қатты соққы болып тиді. 1997-1998 жж. қаржы дағдарысына байланысты жапон банкілері мен өндіріс корпорациялары кәдімгідей әлсіреді. Кей кездері өндірілген тауарлар сұрауын таппай қалған жағдайлар да кездескен. Сондай кедергілерге қарамастан Жапония дамуы тоқтаусыз алға ұмтылуда. Оны мынадан көруге болады.

	2007	2006
Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)	4376705 млн доллар	4749000
Жан басына шаққандағы ЖІӨ	34249 доллар	40000 (2000 ж.)
Алтын – шетелдер валюта қоры	996 млрд доллар	895,3
Сауда айналымы	1334 млрд доллар	
Экспорт	712,9 млрд доллар	
Импорт	620,9 млрд доллар	

Осы көрсеткіштерді төменгі мәліметтермен салыстырып көріңіздер:

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)	2007 жыл
Әлем	54347038 млн доллар
«Ұлы жетілік» елдері	64%
«Ұлы жетіліктен» басқа дамыған 20 елдер	21%
Қалған елдер	15,1%

Мемлекет	ЖІӨ млн доллар
АҚШ	13811200
Еуропалық Одақ	12179250
Жапония	4376705
Германия	3297233
Қытай	3280053
Ұлыбритания	2727806
Франция	2562288
Италия	2107481
Канада	1320376
Бразилия	1314170
Ресей	1291010
Үндістан	1170460
Оңтүстік Корея	969795
Мексика	893364
Австралия	821716
Түркия	657091
Индонезия	932817
Сауд Арабия	381683
Оңтүстік Африка Одағы	277581
Аргентина	262331

Дерек: У-20. Information-entre. NY. 2008. p. 14

Қазіргі кезде Жапония алып мемлекет болып есептеледі. Ол экономикалық жетістіктері бойынша әлемде 2-3 орынға ие болып келеді. Шетелдегі инвестиция көлемі 1 трлн доллардан асып түседі. Сыртқы саудада Жапонияның алдында тек АҚШ, Қытай, Германия ғана бар. Алтын және валюта қоры жағынан Жапония әлемде екінші орынды ұстауда.

Жер көлемінен әлемнің 0,3% кем иеленген 128 млн халқы бар Жапония әлемнің 10-12% өндіріс тауарларын шығаруда, ал ЖІӨ үлесі 2,5% құрауда. 14 млн автомобиль шығаруға қауқары бар. Теңіз кемелерін, түсті теледидар, радиоэлектроника заттарын, роботтар, байланыс құралдарын өндіруде алдына жан салмайды.

Жапония қарулы күштерінің саны 240 мыңға жақын (2006 ж.), оған жұмсалатын бюджет шығыны 45 млрд доллар.

Халық тұрмысы өте биік деңгейге көтерілген. Жан басына шаққандағы ұлттық табыс көлемі 24 мың доллардан асқан. Бұл көрсеткіштер Жапонияны әлемдегі алдыңғы орынға шығаруда. Жапония әлем өміріне батыл қатысып келеді. Интернет жүйесінде алдыңғы орынды ұстанған ел, басқаларға жол салуда. Оның БҰҰ-ғы қызметі де аз емес, сондықтан да осы ұйымның Қауіпсіздік кеңесіне мүше болу тілегі орынды деп көптеген елдер қолдап отыр.

Сонымен бірге ел ішінде әлі толық шешімін таппаған мәселелер бар. Халықтың 49% не бары Токио, Осака, Нагоя қалалары мен солардың төңірегінде өмір сүреді. Бұл жағдай пәтерлердің шағын болуына, жұмысқа барып келу уақытының тым созылуына, экологияның нашарлай түсуіне әсерін тигізіп отыр. Басқа дамыған елдерден көрі жапондықтардың апталық жұмыс уақыты көбірек болып келеді. Қазіргі дәуірдің басқа да күрделі мәселелері бұларды да мазалауда.

Жапония–Қазақстан қатынастары. Жапония–Қазақстан қатынастары жақсы дамуда. Екі ел елшіліктер орнатып, көптеген салаларда ынтымақтасып келеді. Жапония көмегімен Қазақстанда ауыр өндіріс орындары жаңартылып, көпір, аэродромдар салынуда. Жапон тәжірибесі бізге үлгі. Байырғы заманда жапондықтар мен түркілер аралас-құралас болған, олардың тілдерінде, мәдениетінде, сана-сезімінде туыстық тамырлар аз емес.

Оңтүстік Корея. Корея Республикасының даму жолдары. 1948 жылы тамыз айында Оңтүстік Корея аймағында құрылған Корея Республикасының саяси дамуы едәуір қиыншылықтарға тіреліп отырды. АҚШ-тың қолдауымен құрылған мемлекетте 40 жыл бойы әскери-диктаторлық тәртіп басым болды.

1948 жылдан бастап саяси бірлікте бірнеше президенттік кабинеттер ауысты:

- 1948-1960 жж. президент Ли Сын Ман кабинеті ашық түрдегі әскери-полициялық үкімет болды;

- 1960-1961 жж. президент Юн Бо Сан кабинеті азаматтық билік түрінде басталғанымен, ұзаққа шыдамай, 1961 жылы әскери төңкеріс нәтижесінде құлады;

- 1961-1979 жж. президент Пак Чжон Хи кабинеті әскери-диктаторлық үкімет;

- 1979-1980 жж. президент Цой Гю Ха кабинеті азаматтық үкімет құрды. 1980 жылы әскери төңкеріс нәтижесінде биліктен тайдырылды;

- 1981-1988 жж. президент Чон Ду Хван кабинеті әскери-диктаторлық үкімет;

- 1988-1992 жж. президент Ро Дэ У кабинеті парламенттік сайлауда жеңіп шыққан зайырлы үкімет;

- 1993 жж. бастап президент Ким Ен Сам кабинеті парламенттік сайлауда жеңген азаматтық үкімет;

- 1998 президент қызметіне демократиялық партияның өкілі Ким Тэ Чжун келді.

Оңтүстік Корея қоғамы, әсіресе, студенттік жастар ұйымдары әскери-диктаторлық тәртіпке талай рет қарсы шығып, саяси тәртіпті демократияландыруға едәуір үлестерін қосты. Бірақ бұған қарамастан Оңтүстік Кореядағы саяси тәртіп, көбінесе әскери-диктаторлық жүйеге сүйенді. Мұндай жағдайдың ішкі себептері бар.

Оңтүстік Кореяда коммунистік идеологияның қанат жаюына жағдай болмады. Бұл өңірде Кеңес әскерлері ешқашан болған емес. Бұқара халық коммунистік және социалистік ілімдерге салқын қарады. Көп жылғы жапон отаршылдарының «қылыштық тәртібі», ал кейіннен АҚШ-тың оккупациялық тәртібі әскери-диктаторлық жүйенің қалыптасуына жағдай туғызды. Оккупациялық тәртіптің басымдығы әскери шенді топтардың билігін күшейтті. Жоғарыда аталған президенттердің басым көпшілігі әскер басқарған генералдар. Осыған орай Оңтүстік Кореядағы зайырлы үкіметтер әскери-генералдық топтардың қысымына шыдай алмады. Үкімет басшылығындағы генералдардың бәрі АҚШ пен Жапонияның әскери оқу орындарында тәрбиеленді. Сондықтан экономика жүйесінде алдымен АҚШ моделі, кейіннен Жапония моделіне көшу сақталып отыр.

Әскери-диктаторлық тәртіп орнатқан генералдар тобы Солтүстік Кореямен жақындасу мәселесіне өте қатаң қарап, ондай ой-пікірлердің дамуына мүмкіндік бермеді.

Оңтүстік Корея экономикасының даму ерекшеліктері. Оңтүстік Корея Жапония үстемдік жүргізген кезде нашар жағдайда болды. Өндіріс орындары көбінесе елдің солтүстігіне шоғырланған, ал мұнда мақта мен күріш өсіру қолға алынған. Жергілікті феодалдар мен жапон

үкіметі шаруаларды басыбайлы ретінде ұстап қанап келген. Халық тұрмысы өте төмен, сауатсыздық, жұмыссыздық қаптаған еді.

1950-1953 жж. Корея соғысы елдің екі жағын да қатты қақсатты. Қалалар, өндіріс орындары қиратылды. 7 млн астам адам қаза тапты. Ли Сын Ман диктатурасы салаларын көтеруге жөнді мән бермеді. Ел қаржысы мен шеттен келген көмек ең алдымен әскери күштерді қамтамасыз етуге жұмсалды.

1960-1970 жылдары АҚШ долларының көмегіне сүйенген Оңтүстік Корея экономикасы жылдам дамыды. Кореядағы шаруалар отбасының артықшылығын ескерген АҚШ мамандары аграрлық мәселеге ерекше көңіл бөліп, 50-жылдардың барысында бұл мәселені капиталистік бағытта шешуге көмектесті. Помещиктердің иелігіндегі жердің құнын төлеп (сатып алып), шаруаларға сатты. Шаруалардың жағдайын тұрақтандыру үшін мемлекет тарапынан несие беріп, техникалық құралдарды арзан бағамен сатып, Оңтүстік Кореяның ауыл шаруашылығында фермерлік қатынастар бекітілді.

60-жылдардан бастап Оңтүстік Корея экономикалық даму жолында Жапония үлгісіне ауысты. Жапон үкіметі отаршылдық жылдардағы кінәсін мойындап, коммерциялық несие көздерін ашып берді.

АҚШ пен Жапонияның несие қорларына сүйенген Оңтүстік Корея жеңіл және ауыр өндіріс салаларында жаңа технологиялық даму жолына түсті. Ел экономиканың экспорттық түрін жақтады. Шетел капиталын тарту үшін көптеген жеңілдіктер енгізілді. Аз уақыттың ішінде Корея кәсіпорындары шетел бәсекесіне төтеп беретін тауарлар шығаратын болды.

Оңтүстік Корея Венгрия, КСРО, ҚХР, Вьетнам, Монғолия елдерімен дипломатиялық қатынас орнатып, мәртебесін көтерді.

Экономиканың жедел дамуы ұлттық, монополистік, капиталистік топтардың («чэболь») шоғырлануына мүмкіндік ашты. Шаруалардың басым көпшілігі капиталистік негіздегі кооперативтерге шоғырланды. Мемлекеттің тікелей қолдауы арқасында орта және жоғары білімді мамандар көбейді. Қысқа мерзімде Оңтүстік Корея елі жақсы дамыған индустриялы-аграрлы мемлекеттер қатарына қосылды.

Оңтүстік Кореяның 60-70-жылдардағы жағдайы. 1960 жылы мамырда жастар бастаған көтерілісті қала тұрғындары қолдап, Ли Сын Ман қуылған. Әскери басшылық арасындағы бақталастықта Пак Чжон Хи тобы басымды болып, қатаң тәртіп орнатты. Жаңа конституция қабылданды. Кейін Пак Чжон Хи бір рет емес, үш рет президент болуға мүмкіншілік алды (1969 ж). 1971 жылы «сайлауда ол жеңіске жетті» деген мәліметті қоғам сенімсіздікпен қабылдап, ірі қалаларда наразылық шерулер ұйымдастырылған. Оппозицияға қарсылық шаралар қолданылды. Төтенше жағдайлар жарияланды. Мыңдаған адамдар

жауапка тартылды, жазаланды. Әскери трибуналдар карапайым азаматтардың ісін карауға құқықты болды (1972 ж. қазан). «Қазандағы жаңарту реформалары» аталған тәртіп бойынша конституция өзгертіліп, президент Пак Чжон Хи шексіз билікке жетіп заңдар енгізді. Міне, сол жылдары үкімет бақылауына караған ауыр өндіріс, машина, кеме жасау, электроника салалары, металл қорыту комбинаттары пайда болған. Оларды ең алдыңғы қатардағы АҚШ пен Жапония технологиясы мен ғылыми-техникалық негізінде дамытуға мән берілді. 1970 жылдары Оңтүстік Корея тез жетілді. Бұқара халық өмірі айтарлықтай өзгерді. Әлеуметтік өмір жөнделі түсті.

80-жылдардағы Корея Республикасы. Сондай жағдайда көбінесе АҚШ-та әскери білім алған топ билікке жармасты. Оның жетекшісі генерал Чон Ду Хван еді. Жүздеген саяси қайраткерлер қуғын-сүргін көріп жүрген кезде әскерилер бұл жолы да үкімет басына келуге күш салды. Сондықтан ел бірден түбегейлі өзгерістерге бара алмады. 1980 жылы жаңа конституция қабылданып, президентті бір ғана рет 7 жылға сайлау туралы бекітілген. Ол орынға генерал Чон Ду Хван келді. Қоғамдағы наразылықты әскерилер басуға шамасыз болды. 1982 жылы мамырда Кванчжу қаласында үкіметке қарсы көтеріліс басталған. Оған, әсіресе, студенттер мен жұмысшы жастар белсенді қатысып, бірнеше күн қала көтерілісшілер қолына өткен. Үкімет танкілерді пайдаланып, қала тұрғындарына оқ жаудырып, оны аяусыз басып тастаған. Оппозициядағы партиялар таяқталды, көптеген қайраткерлер тұтқындалды. Демократиялық партия жетекшісі Ким Тэ Чжунды жазалаудан сескеніп, оны елден аластатты.

Сонымен қатар экономикалық салалар барған сайын жетіле берді. Шетке шығаратын тауарлар өңдеу: киім-кешек, электроника, машина, кемелер, электр жабдықтары әлем нарығынан орын тапты. 1983 жылы жалпы ұлттық табыс 75 млрд долларға жетіп, Оңтүстік Корея дамыған елдер қатарына ілінді. Экспорт мөлшері 23 млрд доллардан асып, жыл сайын оның көлемі ұлғая берді. Елді Сингапурмен, Гонконгпен, Тайванмен қосып, Азияның төрт «жолбарысы» деп атайтын болды. Жетістіктерге сай халық тұрмысы да жақсара берді. Ел беделі әлем сахнасына көтерілді. 1988 жылы Олимпиада ойынын Сеулде өткізуге құқықты болып, оны сәтті жүргізді. Елге қуылған Ким Тэ Чжун, Ким Ен Сам, т.б. демократтар қайтарылды. Әскери басшылық ішкі және сыртқы қысымды байқап, демократизациялау үрдістерін іздестіруге барды (1986 ж.). Келесі жылы оппозициямен келіскен жаңа конституция қабылданды (1987 жылы 27 қазан). Сол ата заң әлі күнге дейін күшін сақтауда. Екі айдан соң президенттік сайлау өткен. Сайысқа бірнеше қайраткерлер түскен. Соның алдында әскери шенін тастап, жаңа тәртіпті қолдаған генерал Ро Дэ У жеңіске жеткен еді. Әрине, бұл

өзгерістерге «қырғи қабақ соғыстың» тоқтауы да өз әсерін тигізгенін ұмытпау қажет.

Оңтүстік Кореяның 1990 ж. және ХХІ ғ. басындағы саясаты. Ро Дэ У кезінде Корея Республикасын көптеген елдер мойындап, қатынастар орнатты. Ол да КСРО орнына келген жаңа мемлекеттермен байланыстарын дамытты. Екі Корея елдері 1990 жылы күзде БҰҰ-ға қабылданды. Қытай, Ресей, Қазақстан сияқты жақындағы-алыстағы елдермен сауда-экономикалық ықпалдастық қыза түсті.

Ішкі өмірде де жұмысшылар құқығы өсті, олардың жалақысы көбейтілді, кәсіподақ ұйымдары дамыды. Елдің экономикасы орта есеппен жыл сайын 8%-дан кем түспеді. 1996 жылы оның сауда айналымы 280 млрд, ал экспорты 130 млрд долларға жеткен. Бірақ, 1997 жылы бірнеше Азия елдері, олардың арасында Оңтүстік Корея да қаржы дағдарысына тап болып, екі-үш жыл бойы соны басынан кетіруге күш салды.

1993 жылы президент орнын көптен бері армандап жүрген Ким Ен Сам жеңіп алды. Ол билікке келе сала, баяғы Чон Ду Хванды 1982 жылы студенттерді атқылағаны үшін, ал Ро Дэ Уды паракорлыққа барғаны үшін жауапқа тартқызды. Сыртқы саясатта Солтүстік Кореямен қатынастарды реттеуге дайындық білдірді. Өзін қолдаған партияларды біріктіріп, 1996 жылы Жаңа Корея партиясын (ЖКП) құрған.

Экономика саласындағы ауыртпалыққа қарай президенттік сайлауда халық оппозициядағы Ким Тэ Чжунды қолдаған. Ол «күн жылылығы» саясатын алға тартып, Солтүстік Кореямен қатынастарды жақсартуға кіріскен. 2000 жылы жазда екі Корея басшылары тарихта бірінші рет кездесіп, бірнеше шешімдерге қол қойған. Тек Пхеньяның ядролық қаруды иелену бағдарламасы, АҚШ-тың оған қатысты саясаты түбектегі жағдайды жөндеуге кедергі жасап келген. 2003 жылы өткен президент сайлауында Ким Тэ Чжун қолдау көрсеткен Ро Му Хен (кейде Но Му Хен деп те жазады) билік тізгінін ұстаған. Ол АҚШ-тың Таяу және Орта Шығыстағы саясатын мақұлдап, осы аймаққа әскери күштерін жіберді. Ал негізгі саяси бағыты Солтүстік Кореяның атом қаруын жасау жоспарына қарсы тұру болды. 2006 жылы Ким Чен Ир үкіметі атом бомбаларын сынап, әлем наразылығын тудырған. Бірнеше жылға созылған келіссөздер 2007 ж. аяғында жемісті аяқталғандай еді. Бірақ Пхеньян жағы 2008 жылы тамызда ядролық қару жоспарын қайтадан бастауға кіріскен. Қазіргі кезде ел басында жаңа президент – Ли Мун Бак отыр. Ол өте кедей жанұясынан шыққан қайраткер. Ли Мун Бак өте жауапты «747» атты мақсатты іске асыруға уәде берген: әр жылда шаруашылықты 7% көтеру, әр адамға шаққанда ЖІӨ 40 мың долларға жеткізу, елді ең қауқарлы 7 мемлекет қатарына қосу.

Оңтүстік Корея мен егемен Қазақстан арасында көп салалы және жемісті қатынастар қалыптасқан.

§23. Отаршылдықтың күйреуі. Даму жолдарын іздестіру

Азия мен Африкада тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы. Жас мемлекеттердің мәселелері. Фашистік және соғысқұмар мемлекеттердің талқандалуының маңызы зор болды. Мұның өзі әлемдік империализмді едәуір әлсіретіп, Азия, Африка және Латын Америкасындағы халықтардың ұлт-азаттық күресіне дем беріп, отарлық жүйенің дағдарысын асқындыра түсті.

Отарлық жүйенің ыдырау үдерісі Азияда кең өріс алды. Тәуелсіздік даму жолына – Үндістан, Цейлон, Бирма, Индонезия, ҚХР, КХДР, ВДР, Лаос, Камбоджа, Пәкістан, Сирия және Ирак елдері түсті. Кейінірек саяси тәуелсіздікті Солтүстік Африканың көптеген елдері иеленді. 1960 жылдардың соңында Африка елдері отаршылдық бұғаудан босанып, тәуелсіз құрылымдардың қатарына қосылды.

Азия және Африка елдерінің ұлт-азаттық қозғалысы 1970 жылдың барысында тарихи жеңістерге жетті. Азия және Африка халықтарының пәрменді соққысынан Францияның, Англияның және Португалияның отарлы империялары күйреді. Соғыстан кейінгі қираған отарлық бөлшектердің орнына 120-дан астам тәуелсіз мемлекеттер құрылып, 2 млрд-тан астам тұрғындар отаршылдықтың бұғауынан құтылды. Бұл халықтар өміріндегі терең революциялық төңкеріс еді.

Халықтың тез өсуі көптеген жерді жыртуға, ормандарды шабуға, тұщы су қорының сарқылуына әкелді. Табиғаттың экологиялық тепе-теңдігінің біртіндеп өзгеру қаупі байқалды. Адам санының тез өсуі жастардың қатарын көбейтіп, оларды тәрбиелеуге, оқытуға, жұмыс орындарын дайындауға едәуір шығын жұмсаудың қажет екендігін айқындап берді.

Өтпелі кезеңге ену. Азия және Африкадағы азаттық алған жас елдер саяси тәуелсіздігін нығайтуға, экономикалық дербестігін тұрақтандыруға, әлеуметтік қайта құрулар әрекеттеріне кірісті. Бұл мәселелерді шешуде Азия және Африка халықтары жаңалау (модернизация) әдістеріне көшті. Жаңалаудың барысында Азия және Африка қоғамдары ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өмір жүйесін өзгертуге тиісті болып, халық өзінің өтпелі кезеңіне бет бұрды. Өтпелі кезеңде Азия және Африка қоғамдары мен мемлекеттерінде жаңа дәстүр көріністері ескі әдет-ғұрыптармен қатарласып, экономикасы көп салалы және әлеуметтік жүйесі төтенше ала-құла болды. Осы кезде халықтың басым көпшілігі ауылдан қалаға ауысты. Шаруаның қалаға тиісті еңбек қабілеті, қалалық машығы, не тиісті мамандығы болмады, 50-80-жылдар аралығында Азия және Африка тұрғындарының 350 миллионы қала халқының қатарына қосылды. Экономиканың көп салалы,

элеуметтік қатынастардың төтенше ала-құла болуы, Азия және Африка елдеріндегі саяси тұрақсыздықтың негізіне айналды. Осының салдарынан көптеген революциялар, мемлекеттік төңкерістер, азаматтық соғыстар, мемлекетаралық жанжалдар байқалды.

«Үшінші әлем». Тәуелсіздік алған жас мемлекеттердің құқықтық жағдайын белгілеу үшін «үшінші әлем» елдері немесе дамушы елдер деген шартты сөздер қолданылды. Бұл елдер өзінің элеуметтік-экономикалық және саяси-идеологиялық даму қарқыны бойынша не дамыған капиталистік мемлекеттердің, не социалистік әлем тобына сәйкес келмегендігінен «үшінші әлем» елдері қатарындағы құрылымдар деп аталды. Саяси тәуелсіздікке қолы жеткен елдердің келесі мәртебелі міндеті, толық экономикалық тәуелсіздік болмаса, саяси бостандық игілік ретінде қалады. Осы міндетке сәйкес тәуелсіздік алған жас мемлекеттерді «дамушы мемлекеттер» деп атайды.

Экономикалық еркіндік үшін күрес. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде экономиканың дамуы үшін қажетті табиғат байлығы мен еңбек күші мол. Бұл елдерде (социалистік топтағы елдерді қоспағанда) зерттелген пайдалы кен қазбалар қорларының 2/3-і шоғырланған. Тек Африка елдерінде алмаздың – 98%-ы, алтынның – 65%-ы, сонымен қатар стратегиялық мәні бар уран және басқа шикізат қорлары өндіріледі.

§24. Оңтүстік Шығыс Азия елдері

Бұл аймақта Үндіқытай елдерінен тыс тағы бір топ елдер орналасқан. II дүниежүзілік соғыс бітерде оларда Жапония үстемділік жүргізген. Кейін бұрынғы иелері қайтадан келе бастап, отарлық жағдайды қалпына келтірмек болған. Бірақ, ұлт-азаттық күрес арқасында олар біртіндеп өз тәуелсіздіктерін жариялап, дамыған. Аймақтағы Индонезия, Филиппиндер, Сингапур, Мьянма (Бирма) республикалар қатарында, ал Тайланд, Малайзия, Бруней – монархиялық мемлекеттер. ХХІ ғ. басында Шығыс Тимор республикасы өмірге келді. Сөйтіп, Ұлыбритания, Голландия, Португалия отарлы жүйелері күйрей, 600 млн-ға жуық халықтар егемендік жолға түскен.

Индонезия. 1945 жылы 17 тамызда Индонезия Республикасы жарияланды. Тәуелсіздік алған ел бірден элеуметтік-экономикалық даму жолына шыға алмады. Өйткені осы елдің бұрынғы отаршылдық қожасы Голландия әскери интервенциясын бастады. Төрт жылға (1945-1949 жж.) созылған қарулы шайқас Голландияның отаршылдық үстемдігін қайта орната алмады.

1952-1959 жылдар аралығында Индонезиядағы саяси билік үшін күресте үш саяси топтың бақталасы айқындалды:

- мұсылмандық саяси партиялар;
- Индонезия армиясы;
- Индонезия коммунистік партиясы.

1958-1960 жылдардағы контрреволюциялық ішкі күштерді талқандау ел ішіндегі саяси жағдайды тұрақтандырды.

1950 жылғы Конституция бойынша ел президенті Ахмед Сукарноның билігін шектеді, ол парламентпен және үкіметпен санасуы қажет болды. Әскери қолбасшылардың беделі өсті.

1965 жылы 1 қазан күні Индонезияда екіжақты төңкеріс әрекеті байқалды. Алғашқы кезеңде Ахмед Сукарно идеяларын жақтайтын жас офицер топтары билікті тұрақтандыру әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Екінші кезеңде генерал *Сухарто* бастаған оңшыл генералдар тобы басым болды.

Коммунистерді жойған Сухарто бастаған топ 1968-1999 жылдары елді билеп-төстеді. Жаңа тәртіптің арқа сүйейтін тірегі оңшыл-мұсылмандық партиялар мен жоғары әскер басшылары болды. Сухарто тобы «ашық есік» саясатын жүргізіп, шетел капиталының емін-еркін енуіне кең жол ашты. Нарықтық шаруашылық, есептік экономиканың табыстары жан басына келетін кірістің көлемін 10 есе арттырды.

1998-1999 жылдары қаржылық дағдарыс көптеген Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің еңсесін түсірді. Бұл дағдарыс Индонезия президенті Сухартоның тағдырына үлкен әсер етті. Мыңдаған халық топтары, әсіресе студент жастар, қалалардың көшелеріне шығып, «Сухарто қызметтен кетсін!» деген талаптар қойды.

1999 жылы 20 қазан күні Индонезияның ең жоғары құқықтық органы «Халықтық консультациялық конгресс» жаңа президентті сайлады. 59 жастағы «Нахдатұл Улама» деген қоғамдық-діншілдік ұйымның өкілі *Абдурахман Ұахид* президент қызметіне, ал вице-президент қызметіне Ахмед Сукарноның қызы *Мегавати Сукарнопутри* сайланды. Ұахид денсаулығына байланысты бірнеше айдан соң орнынан түсіп қалды. Сукарнопутри «Индонезия Демократиялық партиясының» жетекшісі ретінде төрт жыл президент болды, 2004 және 2009 жылғы сайлауда ол орынды генерал *С.Б. Юдхойоно* иеленді.

Филиппин мемлекеті Оңтүстік-Шығыс Азиядағы 7400 аралдар тобын қамтитын мемлекет. Аталған аралдардың 900-ден астамы мекенденген кеңістік. Филиппин елінің құрғақтағы шекарасы жоқ.

1946 жылдың 4 шілдесінде Филиппин елі тәуелсіздік алады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ел ішінде кәсіподақ ұйымдары және демократиялық тұрғыдағы саяси топтар қалыптаса бастады. Солшыл

күштер «Демократиялық альянс» атты партия төңірегінде шоғырланса, оңшыл топтар Мануэл Роксас басқарған «ұлтшылдар партиясын» жақтауда болды. Роксас тобы АҚШ ықпалына сүйенді. Филиппин елінің мемлекеттік құрылысында екі партиялық американдық жүйесі қабылданды. М.Роксас үкіметі алдыңғы катардағы демократиялық топтардың қызметіне тежеу салды. Коммунистік партия, Шаруалар ұлттық одағы, Жұмысшы ұйымдарының конгресі атты топтардың әрекетіне тыйым салынып, олардың жетекшілері тұтқындалды. Лусон аралындағы жапон империалистерімен тартыста батырлығымен көзге түскен Хукбалахап жасақтарының ардагерлерін қарусыздандыру әрекеті аралдағы халық бұқарасының қарсылығын тудырды. Коммунистердің басшылығымен кең өріс алған қозғалыс 1948 жылдан 1953 жылға дейін созылды. АҚШ-тың қарулы көмегі арқасында үкімет әскерлері 1954 жылы көтерілістің негізгі ошақтарын қиратты. Бірақ ұсақ партизандық жасақтардың қарсылығы ұзақ жылдарға созылды.

АҚШ-қа жағымды, халыққа жағымсыз саясат 1953-1957 жж. Рамон Магсайгай және 1961-1965 жж. Диосадо Макапагал президент болған жылдарда сақталды. Аталған жылдарда Филиппин жерінде АҚШ-тың оннан астам әскері – соғыс мекендері ұйымдастырылады. Әсіресе, Кларк-Филд мекені 400-ден астам шаршы шақырым кеңістікті қамтыса, ал Куби пойнт мекені 640-тан астам шаршы жер кеңістігін қамтыды. 1951 жылы АҚШ-Филиппин «өзара қорғаныс» келісіміне қол қойылады. 1954 жылы Филиппин елі «Оңтүстік-шығыс Азия келісім ұйымы» атты (СЕАТО) әскері одаққа тартылады. 1966 жылы Филиппин елі «Азия-Тынық мұхит кеңесі» (АЗПАК) одағына мүше болды. Филиппин аралдарында АҚШ-тың едәуір әскери-ұшақ және әскери-теңіз мекендері (базалары) орын тепті.

1965 жылы «Ұлтшылдар партиясының» өкілі Фернандо Маркос президенттік сайлауда көп дауыс алып, президенттік орынға ие болды. Ф.Маркос (1965-1986 жж.) 20 жыл бойы елді басқарып, ақсүйек топтар мен қалың бұқараға жағатын әдістерді іздестірді. «Күріш, мектептер, жолдар» деген халыққа жағымды талаптарды білдіріп, ең көп қоғамдық күрестерді өз жағына тарта білді. Сыртқы саясат бастапқы кезде АҚШ-тың ықпалында болды. АҚШ-тың айтқанынан шықпай Филиппин үкіметі Үндіқытайға 2000-нан астам әскер күшін жіберіп, 1969 жылға дейін Вьетнам халқының ұлт-азаттық күресін басуға көмектесті.

Бірақ Филиппин халқының пікірін ескеріп Ф.Маркос сыртқы саясаттағы АҚШ-қа сөзсіз көнушілік әрекетін біраз өзгертуге бұрылды. Филиппин мемлекетінің саяси және экономикалық тәуелсіздік мәртебесін көтеру үшін Филиппин үкіметі Вьетнамға соғысқа жіберген

әскер күшін елге қайтарды, СЕАТО әскер тобын таратуға тікелей қатысып, АСЕАН ұйымындағы елдермен жақындасты. Ф.Маркос кезінде Филиппин үкіметі Кеңес Одағы және басқа социалистік мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарын орнатты. 1976 жылы Ф.Маркос ресми сапар жолымен Кеңес Одағының астанасы Мәскеуге келіп кетті.

Ел ішіндегі билігін тұрақтандырып алғаннан кейін, Ф.Маркос өктемшілдік әрекетіне көшті. Сонымен қатар, 70 жылдардың бірінші жартысынан бастап Филиппин елінің даму барысында дағдарыс белгілері байқалды. Әсіресе, ауыл шаруашылығындағы жағдай шиеленісе түсті. Шаруалар топтарының үкіметке қарсы наразылық әрекеттері күшейе түсті. 1972 жылдан бастап Минданао және Сулу аралдарында мекендейтін Моро тұрғындары «Моро халқының Ұлттық майданы» ұйымын құрып, мұсылман мемлекетін құру талабына сүйеніп, қарулы күрес жолына шықты.

Қытайдағы «мәдени революцияның» ықпалына түскен Филиппин коммунистік партиясы бөліске ұшырады. Қытайдың қолдауымен Филиппин елінде «Мао Цзэдун рухы атындағы» қосарластық Филиппин коммунистік партиясы ұйымдасып, бұл ұйым Лусон аралындағы шаруалар жасақтарын үкіметке қарсы көтеруге бел байлады.

Филиппин коммунистерінің басым көпшілігі қарсыластан бас тартып, үкіметпен келісім жолын іздеді. Мұның арқасында 1974 жылы Коммунистік партияның әрекетіне ерік беріліп, коммунистер абақтыдан босатылады.

Маркос билігіне қарсы шығатын топтың бірі Бенигно Акино бастаған либералдар партиясы болды. 1973 жылғы президенттік сайлау барысында өзіне қарсы күшті оппозициялық бірлік болатындығын байқаған. Ф.Маркос алдын ала әрекетке көшті. 1972 ж. қыркүйекте барлық мемлекет шеңберінде төтенше жағдай тәртібін жариялайды. Конституция күші тоқтатылады, парламент таратылады, саяси партиялардың әрекетіне тыйым салынады.

1973 ж. қаңтарда жана конституция негізінде Филиппин елі президенттік республика тәртібінен парламенттік республика жолына көшірілді. Жоғарғы заң шығаратын орган бір палаталық Ұлттық ассамблея деп аталды. Атқару билігі парламент сайлайтын премьер-министрге берілетін болды. Бірақ төтенше тәртіп жағдайында Маркос президенттік және премьер-министрлік қызметтерді бірдей атқарып отырды. 1981 жылы сайлауда жеңгеннен кейін Ф.Маркос төтенше жағдай тәртібін жояды. Бұл жылдары Филиппиндегі католик шіркеуі басшылары елдегі төтенше жағдай тәртібі жойылсын және бұдан әрі Ф.Маркос президенттік қызмет тәртібіне таласпайтын болсын деген

тілегін білдірді. Шіркеу жетекшілері Ф.Маркос кезекті президенттік сайлауға талпынса елде азаматтық соғыс өрті тұтанады деп сескенді. Ф.Маркостың өктемшіл билігінің күшеюі және қазынаны өз туыстары арасында тонауы армиядағы топтарға ұнамады.

1983 ж. жазда оппозициялық топтың көрнекті жетекшісі Б.Акино өлтірілді. Ел ішінде шіркеу топтары мен армия жақтаған ереуілдер байқалады. Оппозициялық топтар Б.Акиноның жесірі Коросан Акино ханымды жақтап, келесі сайлауда қалай болса да Маркосты қызметтен тайдыруға бел байлады. Ф.Маркос 1986 ж. күтпеген жерден шарт мерзіміне карамай, кезекті сайлау науқанын жариялады. Сайлау барысында Коросан Акино тобы жеңіске жетті.

Ф.Маркос елден қашып АҚШ-қа кетті, ақырында 1989 ж. сырқаттанып, Гавайи аралдарында қайтыс болады.

1987 ж. жаңа Конституция қабылданып, Филиппин елі президенттік республика жағдайына көшіріліп, елбасы атқарушылық билікті өзі бақылайтын болды. Ел ішіндегі саяси тартыс жағдайы тұрақты өзгере қоймады. Маркостың жақтастары жиі-жиі бас көтеріп, тыныштықты бұзып отырды. Б.Акиноның басшылығына көңілі толмаған әскер-басылар да оппозициялық топтар қатарында байқалды. Оңтүстік аралдарда мұсылман жікшілдерінің қозғалыстары басылмады. Ұзақ келіссөздерден кейін 1992 жылы Филиппин жеріндегі АҚШ әскерінің мекендері жойылды. Өте қиын жағдайда қалған К.Акино ханым 1992 жылы өз еркімен президенттік қызметтен бас тартып, саясаттан кетті.

1992-1997 жж. президенттік басшылықта бұрынғы әскери министр, генерал Фидел Рамос отырды.

1998-2001 жж. бұрын киноәртіс қызметінде болған Жозеф Эстрада президент орынбасары орнын президенттік орынға ауыстырды. Оның жоғарғы лауазымдық қызметі ұзаққа созылмады. 2001 жылы қоғамның наразылығын ескеріп, Ж.Эстрада импичмент (айыптау, каралау) арқылы биліктен тайдырылды.

Филиппин елінің жоғарғы соты президенттік орын бос деп шешім шығарып, вице-президенттік қызметтегі Глория Магапал Арройо ханымды президенттік қызметке көтерді. 2004 жылы Магапал Арройо ханым президенттік қызметке қайта сайланды. Сөйтіп, Арройо ханым 6 жыл бойы (2010 ж.) президенттік қызметті атқарады. Арройо кезінде елдегі саяси жағдай тұрақталғандай болды. Экономика саласындағы нарықтық капиталистік қатынастар терең тамыр жіберіп, аграрлы-индустриялық деңгейін көтеріп отыр. Өнеркәсіп өндірісінде электрондық аспаптар шығару, тоқыма, химия, ағаш өңдеу, тамақ, дәрі-дәрмек жасау салалары жақсы дамыған. Тұрғындардың 48-49 пайызы ауылда

мекендейді. Климаттың ерекшелігіне сәйкес жыл барысында жерден екі-үш рет өнім өндіруге жағдай бар. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты елдегі кедейлікті азайтуға бағытталған. 2001 ж. елдегі халықтың 33,7% кедейліктен төмен жағдайда болған. Елдің ішкі кіріс құрамында:

- ауылшаруашылық саласы – 15% ,
- өндіріс саласы – 31% ,
- қызмет көрсету саласы – 54% құрайды.

Жан басына келетін кіріс – 5000 долларға тең келеді.

2003 ж. қараша айында Филиппин еліне Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың ресми мемлекеттік сапары болып өтті. Сапар барысында Глория Арройо ханым екі ел арасындағы достық қатынастарды орнатуға дайын екенін жасырмады. Арройо ханым Қазақстан экономикасының күшті қарқынмен дамығанына, ел ішіндегі ұлтаралық және дінаралық қатынастардың татулығына ерекше көңіл аударды. Кездесудің барысында екі жақ өте маңызды құжаттарға қол қойды.

Қазақстан Республикасы мен Филиппин Республикасы арасындағы достық және ынтымақтастық жөніндегі Декларация ерекше орын алады. Екі ел арасындағы туризм саласындағы келісім – келешектегі халықтардың өзара жақындасуына кең жол ашатын құжаттың қатарында екенін екі мемлекет қуанышпен жақтады.

Екі мемлекеттің өзара келісімі негізінде мәмілегер я қызметшілік паспорттары бар азаматтар екі елдің шекарасын визасыз өтетін мүмкіншілік алды.

Қазақстан Филиппин өкілінің Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіндегі және Ислам конференциясы елдер ұйымындағы кеңесшілігіне байқаушы болуға қолғабыс тигізуге, ал Филиппин елі Қазақстан өкілінің АСЕАН ұйымында байқаушы болуына және Қазақстанның Әлемдік Сауда Ұйымына мүше болуына көмектесетінін білдірді. Қазақстан басшысы Филиппин елінен келетін 5 мыңнан астам азаматтарды жұмыс орнымен қамтамасыз етуді мақұлдады. Астана аэропорты Филиппин еліне қарай ұшатын ұшақтардың жолшыбай қонып, қосымша жанармаймен қамтамасыз етілетін тоқтау орны болатындығы екі елдің кәсіпкерлерін және саудагерлерін қуанышты сезімге толтырды. Глория Арройо ханым Қазақстан қоғамындағы ұлттық және діншілдік татуластық қатынастардың көрінісін тәжірибе ретінде пайдалануға болатындығын ескертті. Екі мемлекет достық қатынастарды бекіту жолында әр астанада елшілік мекемелерін тікелей ашуға келісті.

2007 жылы Глория Арройо ханымның Қазақстан Республикасына арнаған ресми сапары екі мемлекеттің арасындағы тұрақты достық қатынастардың одан әрі тұрақталуына кең жол ашты.

Тайланд Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы терең, қызықты тарихы бар, көпұлтты елдің қатарында Тайланд мемлекеті байқалады. Тұрғындардың 54% – тай, 28% – лап халық топтарына жатады. Аталған екі ұлттық топ бір тіл тобына жатып, туыстық байланыстарын тұтады. Сонымен қатар, Камбоджамен шекаралас аудандарда кхмер, солтүстік-батыс аудандарында шан, Бирмаға таяу аудандарда карен, оңтүстік өңірлерде малай ұлттық топтары шоғырланады. Негізгі тіл – тай (сиам) тілі.

Жоғарыдағы аталған ұсақ ұлттық-халықтық топтардың басын қосып, мемлекеттік тәртіпке бағындыратын күштің негізі – буддизм діні. Елдегі халықтардың 96% буддизм дінін тұтады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Тайланд Жапония жағында болып, АҚШ пен Ұлыбританияға соғыс жариялады.

Тайланд елінің соғыстан кейінгі жағдайы өте күрделі еді. Корея және Вьетнам шайқастары кезінде Тайланд АҚШ жағында болып, ел ішіндегі АҚШ ықпалының кеңеюіне жол ашты. 1957 жылы АҚШ-тың қолдауымен СЕАТО әскери тобы ұйымдастырылады. Бұл топтың қатарына АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Австралия, Жаңа Зеландия сияқты ірі капиталистік мемлекеттермен қатар Пәкістан, Филиппин, Тайланд сияқты Азия елдері қосылған. Аталған халыққа жағымсыз әскери топтың бас штабы Тайланд астанасы Бангкокта орналасты. 1950 жылғы АҚШ-Тайланд келісімі негізінде АҚШ әскери-экономикалық көмек және техникалық ынтымақтастықты қолдай беруге келісті. Аталған келісім негізінде Тайланд жерінде 40-қа жуық әскери-ұшақ, әскери-теңіз соғыс мекендері салынып, бұл мекендерде 35 мыңнан астам АҚШ әскери қызметкерлері орналасты.

Монархиялық елде әскери күштердің ықпалы басым еді. Парламент және Конституцияның болуымен санаспай, әскери-соғыс топтары әскери бүлікшілікке салынып, зайырлы топтарға ерік бермеді. 1945-1973 жылдардың арасында саяси аланда 8-9 рет әскери төңкерістер байқалды. АҚШ саясатының ықпалында болған үкімет топтарын Тайланд қоғамы жақтырмады. Елдің экономикалық жағдайы нашарлай түсті, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар шиеленісе берді.

Аталған қиыншылықтар студенттердің ашық қарсылығын тұтандырды. 1973 жылы қазанда Ұлттық студенттер орталығының басшылығымен студенттік топтар қалалар көшелеріне шықты. Студенттердің ең негізгі талаптары Конституцияны қайта енгізу және азаматтық құқықтарды орнына келтіру деген ұрандармен үйлесті. Полициямен

қактығыста жүзге жуык студент оққа ұшып, елде наразылық ұлғая түсті. Жаяу әскер басшылары үкімет басындағы топтың астанаға әскер енгізу туралы бұйрығын орындаудан бас тартты. Патша жаяу әскер басшылығының әрекетін барынша қолдады. Сөйтіп, 1973 жылдың қазанынан бастап Тайланд зайырлы басқару тәртібіне ауысты. Жаңа заңдар негізінде әскери шенді азаматтар парламентке депутат болуға және үкімет құрамында болуыға тыйым салынды. Ел аграрлық реформа жолына бет бұрды. Сыртқы саясатта АҚШ құрсағынан босанып, көп жақты бағыт қабылданды. Елде 40-тан астам саяси партиялар құрылып, 1975 жылғы сайлауға қатысты. Әскери топтардың көмегімен құрылған Тай ұлттық партиясы және Әлеуметтік әрекет партиясы ірі капиталдың қолында болды. Демократиялық партия мен Әлеуметтік әрекет партиясы Либералдық-демократиялық одақтың ықпалында болды. Аталған партиялардың арқасында зайырлы үкімет тобы құрылып, демократиялық тұрғыдағы бағдарламалар іске асырылатын болды. 1976 жылдың жазында елдегі АҚШ әскерінің акырғы бөлімдері шығарылды.

Әскери төңкерістер қауіптері 1976, 1977 жылдары байқалады.

Осындай қиын саяси жағдайларда 1946 жылдан бастап патша тағында отырған Бумибола Адулядгта (ІХ Рама) мырзаның сабырлы саясаты көзге түсіп, халыққа ұнады. Оның 1981, 1985 жылдардағы төңкерістерге жол бермей, жаңа Конституцияның іске асырылуына және 70-90 жж. реформалық әрекеттердің жеделдетуіне көмектескені айқын еді. Осы жылдары шетел капиталына кеңінен жол ашылды, өндірістің, сауданың дамуына жағдай тудырды. Экономикалық дамудың жылғы ырғағы 12%-дан асты. Елдің жылдық экспорт мөлшері 60 млрд. долларға жетті. Экспорт құрамында сапалы аяқ-киім, киім-кешек, компьютерлер, зергерлік бұйымдар болды. 1997 жылы қаржы дағдарысы даму қарқынын әлсіреткеніне қарамастан, 2000 жылдан бері экономикалық жағдай тұрақталды. Патша Бумипола үкіметке әскери топтарды жолатпай, азаматтық кабинеттерді жақтады. 2001 жылы желтоқсандағы парламенттік сайлаудың нәтижесінде «Тайлықтар тайлықтарды сүйеді» атты саяси қозғалыстың жетекшісі Таксин Чинаватра премьер-министр қызметіне тағайындалады. Ал 2006 жылдан бастап премьер-министр қызметі Сурают Чуреанон мырзаға өтеді.

Елдің ұлттық кіріс құрамында:

- ауылшаруашылық саласы – 11%
- өндіріс – 40 %
- қызмет көрсету – 49%.

Экспорттың 20% – АҚШ-қа, 15% – Жапонияға, 8% – Сингапурға, 5% – Гонконгқа, 5% – Қытайға жүктеледі. Жан басына тиісті кіріс мөлшері – 9200 \$. Астанасы – Бангкок. Сауаттылық деңгейі – 92,6%.

Ел ішіндегі саяси тұрақтылық ұзаққа созылмады. 2006-2007 жж. тартыстардың барысында үкімет басына Самак Сунтаравет бастаған кабинет отырды. Оппозициялық топтарды басқаратын «Демократия үшін халық одағы» партиясы 2008 жылдың тамызында С.Сунтаравет үкіметі қызметтен кетсін деген ұран тастады. Қарсылық бүкіл Тайланд елін қамтыды. Мындаған тұрғындар аэропорттарды, мемлекеттік кеңселерді қоршап, маңызды мемлекеттік жолдарды тосқауылға алды. Тайланд армиясының бастығы генерал Карчинданың С.Сунтаравет өз еркімен қызметінен кетсін деген ұсынысын үкімет басшысы ескермеді. 9 қыркүйек күні Тайландтың жоғарғы соты С.Сунтараветті қызметінен босату туралы шешім шығарады. С.Сунтаравет сайлау кезінде теледидар арнасында «аспаздық ойын-сауық кешінде» тамақ пісірудің шеберлігін суреттеп бой көтергені үшін айыпты деген мәліметтер таратылады. С.Сунтараветті жақтайтын «Халық билігі партиясы да» жауапқа тартылды. Сайлау комиссиясының шешіміне қарағанда, бұл партия 2007 жылдың желтоқсанында өткен сайлау барысында сайлаушыларға пара беріп, оларды өз жағына тартқаны анықталды.

2008 жылы қыркүйекте премьер-министр қызметіне Сомчай Вонгсават мырза келеді. Оппозиция топтары С.Вонгсаватты да қыспаққа алады. Оппозициялық топтар С.Вонгсаватты бір кезде үкімет басынан тайдырылған Таксин Чинаватраның қолшалағы және оның қарындасына үйленген деп айыптады.

2008 жылы 6 қазанда мындаған оппозиция өкілдері көшеге шығып, парламент ордасын қоршап, депутаттарды ішке кіргізбеу әрекетін қолдады. Оппозициялық топтар үкімет орындарының Конституцияны өзгерту жоспарына қарсылық білдірді. Полиция мен қарсыластар арасында күшті шайқас басталды. Шайқастың нәтижесінде 410 азамат зардап шекті, 49 адам жарақаттанды. Зардап шеккендердің қатарында бірнеше журналист өкілдері, екі полиция қызметкері байқалды. Полиция басшыларының әскер күштерін көмекке тартуына тура келді. Әскери күштер полиция жағында жүріп, топталған жиындарды таратуға күш салды. Орнаған тыныштық уақытша немесе тұрақты ма деген сұраққа жауап беру белгісіздеу болып тұр.

АСЕАН-ның құрылуы. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (бірлігі) ұйымы 1967 тамызды құрылды. Оның құрамында Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд және Филиппин елдері бірікті. Кейін оған Бруней енген. АСЕАН елдерінің мәлідемесінде

бұл бірліктің негізгі міндеті – экономикалық, техникалық, мәдениет, ғылым салаларында қоян-қолтық бірлесіп, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің шеңберінде бейбітшілік пен тұрақтылық шараларын іске асыру болды. Бастапқы кезеңде АСЕАН бірлігі тек экономикалық ұйымның бір түрі болатын. 1976 жылы Балидегі конференциядан кейін АСЕАН бірлігі экономикалық және саяси ұйым болып қалыптасты. Конференцияның шешіміне сәйкес АСЕАН елдері Вьетнам, Лаос және Камбоджамен тату көршілік қатынастар жолына көшті. 80-жылдардың барысындағы мәліметтерінде АСЕАН басшылары бұл бірліктің әскери соғыс сипаты болған деп хабарлады. КСРО ыдырағаннан кейін «ашық есік» саясатына көшкен Үндіқытай түбегіндегі социалистік елдер АСЕАН бірлігімен тығыз жақындасу жолына түсті. 1987 жылы Вьетнам үкіметі ресми түрде АСЕАН елдерінің Бали келісім-шартына қосылды. Вьетнам нарығының ашылуы, оның АСЕАН бірлігімен сауда-саттық қатынастарын жылдамдатты.

90-жылдары АСЕАН қатарына Лаос, Камбоджа, Мьянма қабылданды.

§25. Үндістан

Үндістанның тәуелсіздікке жетуі және Республика болып жариялануы.

II дүниежүзілік соғыс кезінде ағылшындар Үндістан байлығын, азаматтарын өз мүдделері үшін аямай пайдаланды. 1,5 млн үнділіктер ағылшын әскери құрамына қабылданып, Қиыр Шығыстан Таяу Шығысқа дейін созылған майдан шебінде қызмет атқарды. Салықтар көбейіп, халық тұрмысы қатты нашарлады. Азық-түлік жетіспей бірнеше миллион адам ашаршылықтан қырылып қалды.

Соғыс кезінде Үндістан келешегі туралы ағылшындар бірнеше жоспарлар ұсынған. 1944 жылы мамырда абақтыдан босаған М.К.Ганди, МЛ жетекшілері М.Жинна және Л.Али кездесіп, 1945 жылы көктемде Үндістанның Уақытша үкіметі, оның құрамы, елдің келешегін шешу туралы уағдаласқан.

Үнді буржуазиясы соғыс зардаптарына карамастан айтарлықтай жетілуге шамалы болды. Тата, Бирла, Далмия-Джайи, Валчанд, т.б. компаниялар шетелдік монополияларына карағанда әлсіз болғанымен, ел ішінде қабырғалары қатып, бір топ өндіріс салалары мен банкілерде кәсіпшілік қызметін атқара бастаған. Қолдарындағы валюта қорлары ұлғайып, үнді сауда-кәсіпшілік буржуазиясы саяси билікке жетуге қатты құмарланған.

Оның кимылдары батылдырақ болуына халық бұқарасының бостандық үшін жаппай ереуілдерге шығуы себептесті. Жұрттын тұрмысы барған сайын нашарлады. Қала тұрғындары, жұмысшылар, қолөнершілер, төменгі жақтардағы шенеуніктер өмірі қарауланып, шыдамы бітерге жеткен. Ондаған миллион шаруалар жерсіз болып, босып жүрді. Соғыс аяқталғанымен, ашаршылық жойылмады. Мүсәпірлікке ұшыраған бишаралар қаңғырып, калаларға шоғырланды. 1945 жылы тамызда Бенарес каласында ереуілге шыққандар полиция күшімен қарулы қақтығысқа барды. Сол жылы қарашада 300 мың Калькутта жұмысшыларының жаппай ереуілі қандыбалақ қақтығыспен басылған. Келесі жылы көктемде Ұлыбритания әскери күштеріндегі үнді жауынгерлері көтеріліске шықты. Оларды Мадрас, Калькутта, Бомбей тұрғындары қолдап, отаршылдар әбден састы.

Ұлыбритания Үндістанды бөлшектеп тастаған еді. Өздері 10 губернаторлық және 8 комиссарлық провинцияларды билеген. Оған қоса елде 600 князьдіктер болған, олардың басындағылар «егемен» билеушілер ретінде саналып, Англиямен жеке одақтас шарт жасататын.

Жағдайдың ұшынып бара жатқанын сезген лейбористер (олар 1945 жылы шілдеде үкімет басына келген) 1947 жылы Үндістанға тәуелсіздік беруге келісті. Әскерлерін алып кету алдында елді екі мемлекетке (до-минионга) бөлу шешілді. Бірі – Үнді Одағы (бір топ провинциялар және князьдіктер). Бұл елде халықтың көпшілігі – үндістер, бірақ мұсылмандар да бар. Екіншісі — Пәкістан. Оған мұсылмандар басым болған бірнеше провинциялар және князьдіктер енген, бірақ үндістер де жеткілікті еді. Осындай бөлісу «Маунбеттен жоспары» деп аталған құжатта белгіленген.

Екі ел тәуелсіздігі 14-15 тамыз күндері жарияланды. Бұл екі ғасыр бойы құлшылық өмір кешкен халықтардың армандаған тарихи оқиға. Бірақ ұлы мейрам екі елге сансыз қырғын, шексіз азап әкелді. Діни арақайшылық өрті лаулап жанып, бірінде мұсылмандарды, екіншісінде үндістерді тонау, зорлау, жазасыз адамдардың қанын шашу орын алды.

Сондай қиын, адам күтпеген қантөгісті тоқтатамын деп жүргенде Үндістан данышпаны М.К.Ганди үндіс шовинистерінің қолынан қаза тапты (1869-1948).

Жаңа шыққан екі бауырлас ел арасында Кашмир және Жамму князьдігі үшін талас туып, соғыс басталды. Оны әрең дегенде 1949 жылы 1 қаңтарда тоқтатқан еді.

Қаншама ауыр жағдайларға тап болғанымен, екі елдің тәуелсіздікке жетуі әлемдік отаршыл жүйеге қатты соққы болды. Ең алдымен бұл аймақта Англия үстемдігі қиратылған. Келесі жылы Мьянма

(бұрынғы Бирма) және Шри-Ланка (бұрынғы Цейлон) халықтары шетел билігінен құтылып, еркін дами бастады.

У-шу бәсеңдегеннен кейін, зиялылар ес жинап, ел келешегін қарастыра түскен. Үндістан одағы 1950 жылы 26 қаңтарда республика болып жарияланды. Штаттар ұлт-тіл негізінде құрастырылған. Елде демократиялық билік жүйесі қалыптасып, көптеген саяси партиялар өмірге келген.

Үндістанның экономикалық дамуы. Үндістан өте нашар дамыған ел еді. Оның бөлінуі, екі елдің жанжалдасуы, шексіз ауыртпалық туғызды. Пәкістанға өткен аудандарда бұрын мақтаның 40 пайызы, джуттың 85 пайызы, бидайдың 40 пайызы өндірілетін, бірақ өндіріс орындарының, көбі Үнді Одағында орналасқан. Шикізаттың жетіспеуінен мұнда дағдарыс өрістеді. Орта есеппен үнділіктердің тұрмыс жағдайы ағылшын-американдықтарға қарағанда 10-20 рет төмен болған.

Елдегі кәсіпорындар, банкілер, плантациялар шетел капиталына қараған. Ағаш соқаға, кетпенге, ораққа сүйенген егіншілік елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге шамасы келмеген. Жыл сайын Үндістанға 10-20 млн тонна астық жетіспейтін, кейбір жылдары оның мөлшері 40 млн тоннаға баратын.

Үнді басшыларының саясаты жекеменшік иелікпен нарықты қатынастарға жол берумен бірге мемлекеттік секторды дамытуға негізделген. Ол әсіресе ауыр өнеркәсіптің: ірі металлургия комбинаттарын салуда, химия, мұнай, атом қуаты, темір, теңіз және әуе жолдары, тас көмір шығару, т.б. салаларын дамытуда кездесті. Осы әдістерге бару сол кездегі ел жағдайына қарай ұтымды болды, өйткені мемлекет қатысуы (бюджетпен қолдауы, қорғауы, шетел қаржысын алу және пайдалану арқылы) өте көп қаржы тілейтін өндіріс салаларын тез арада құрастыруға және игеруге жәрдемдесті.

1947-1950 жылдары ағылшындарға қарасты темір жолдар, порттар, әуе көліктерінің бір бөлшегін, байланыс құралдар, ірі электростациялар, әскери заводтар, кейбір банкілер үкімет қолына алынып, мемлекет секторы қалыптаса түсті. Кейін оның құрамына жаңа салынған ірі кәсіпорындар қосылды.

Экономиканы бесжылдық жоспарлар арқылы дамыту қолға алынды. Бірінші бесжылдықта (1950/51 – 1955/56 жж.) үкімет аграрлы реформалар жүргізуді көздеген. Конституция бойынша сондай іс штаттар құқығына жатады, ал көптеген аймақтарда бұрынғы билеушілер мен помещиктер ұйымдары күштерін сақтауда. Шаруа отбасылары осы күнге дейін шағын ғана жерлерге ие. Күн көру үшін помещик жерлерін үлкен бағаға жалдап алуға мәжбүрленеді. Сонымен бірге тракторлар, механикалық құралдар, тыңайтқыш, тұқымның жаңа

сорттары, электр қуаты барған сайын кеңінен пайдаланылуда. Үкімет көмегімен ірі су қоймалары, тоғандар, құдықтар іске қосылған. Неше түрлі кооперативтер құрылған. Осы шаралар «жасыл революция» деп аталды. Оның қарқыны Панжаб, Гужарат, т.б. штаттарда жақсы нәтиже берген. 80-жылдардың басынан бері қарай Үндістан шеттен астық алуды тоқтатқан. 1993 жылы 166 млн тонна астық жиналған.

Екінші бесжылдықтан бастап ауыр индустрия салаларын дамытуға көңіл бөлінді. Оған шетел көмектесті. Бір КСРО 90-ға жуық өндіріс орындарын салысуға қатысты. Бхилай мен Бокаро металлургия комбинаттары, Ранчи, Дургагур қалаларындағы машина жасау заводтары, мұнай өндірісі, электростанциялар, т.б. іске қосылды. Онда Қазақстанның да үлесі бар.

Батыс елдері де қаржы бөліп, жабдыктандырып, мамандар даярлауға қатысты. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония, Австралия, Канада жекеменшік капиталдары Үндістан экономикасында мықты орын алып келеді.

Үнді үкіметі мен ұлттық капитал да индустриализациялау жоспарына мән беріп отырды. 1948-1964 жылдары өндіріс өнімі 2,5 есе артып түскен, ал 1995 жылы ол 1950 жылға қарағанда 8 есе өскен. Мемлекеттік секторға ішкі ұлттық өнімнің (ІҮӨ) 28,5% келген. 90-жылдары жекеменшік кәсіпшілікке толық еркіндік берілген. Соның арқасында даму қарқыны айтарлықтай өсе түсті. Ел экономикасы көп укладтық болғанымен, қазір «аграрлы-индустриялы жағдайға көтерілген Үндістанда ең жаңа өндіріс салалары пайда болды. Ракеталар, ғарыш жасанды серіктер, компьютерлер, ұшақтар, тепловоздар неше түрлі машиналар, электр жабдықтарын шығару соның айғағы. Атом қуатын игеріп алды.

Үнді ұлттық монополистік топтары қатты байып, күшейді. Олардың алдыңғы қатарына Тата, Бирла, Далмия-Джайн, Муркерджи, М.Четтиар кіреді. Бұлар өз қимылдарын шет елдерде де жалғастыруда. Халықтың тез өсуі (1998 жылы 960 млн.), жерсіздік және жұмыссыздық – қоғамды мазалауда. Сондықтан үнді қалаларында «Кәріби хатау!» – «Ашаршылық жойылсын!», «Бекари хатау!» – «Жұмыссыздық жойылсын!» деген ұрандар жиі естілуде.

Елдің саяси жағдайы. Тәуелсіздік Үндістанның саяси өмірі өте күрделі жағдайда дамуда. Өйткені бұл көп ұлтты, көп дәстүрлі, көп дінді ел. Баяғы дәуірлерде қалыптасқан касталық жүйеге тиым салынғанымен, оның тамырлары үзілмеген. Елде өте көп саяси партиялар мен ұйымдар қызмет атқаруда. 1978 жылға дейін Үнді Ұлттық конгресі (ҮҰК) билік тізгінін ұстап келген. Оның беделін жоғары көтерген К.М.Ганди, Дж.Неру (1889-1964) еді. Неру қайтыс

болған соң үкімет басында болған Л.Б.Шастри (1964-1966), Нерудін. кызы Индира Ганди (1966-1984), немересі Раджив Ганди (1984-1989), Н.Рао (1991-1996) осы партияның қайраткерлері.

60-жылдардың аяғында әлеуметтік саяси дағдарыс аскынып, ҰҰК арасында жікшілдік ұлғайып, ажырасумен аяқталған. Батыс елдеріндегі үлгіні толық қолдануды, мемлекеттік капитализмге, әсіресе социалистік идеологиясының кейбір жақтарын пайдалануына қарсы болғандар «Конгресс ұйымын» құрды. Оның жетекшісі М.Десаи еді. Ал Неру бағытын ұстаушылар И.Гандиді қолдап ҰҰК — (и) партиясын құрды.

Неру бағытын мойындамаушылар бұрынғы кезде де, кейін де ҰҰК шығып, басқа партиялар құрып келген: шаруалар-жұмысшы партиясы, Халық конгресі, социалистік партия (50-жылдардың басында). Республикалық (1957 ж.), Сватантра (1959 ж.), Үнді революциялық партиясы (1967 ж.), Демократия үшін Конгресс (1977 ж.). Олардың көбі біресе өзара топтасып, біресе ҰҰК қайта оралып жүрді. 50-жылдарда штатта және аймақ деңгейінде қимылдаған жергілікті партиялар саяси күреске батыл қатысатын болды. Конгресс кейбір штаттарда биліксіз қала бастады. 1957 жылы Үндістан тарихында бірінші рет коммунистік партия Керала штат үкіметін басқарды.

60-жылдардың аяғында 70-жылдардың ортасында табиғи құбылыстарға байланысты азық-түлік жетіспей халық ашаршылыққа ұшырады. Оған әлемдегі энергетикалық дағдарыстың салдары қосылды. 1970-1971 жылдары Пәкістанда саяси дағдарыс туындаған. Шығыс Пәкістан халқы автономды билік тілеген. Оған қарсы ресми әскери үкіметі қарулы күштерді қолданған. Үнді жеріне Шығыс Пәкістаннан 10 млн босқындар ауысқан. Үндістан оларды қолдаған. Бұрыннан жауласып жүрген екі ел арасында соғыс шықты. Шығыс Пәкістан сол кезде тәуелсіздігін жариялап, Бангладеш өмірге келді. Осы оқиғалар Үндістан ішіндегі жағдайды шиеленістірген. Саяси тартыстарда И.Ганди үкіметі көп жаңалықтар енгізуге тырысып бақты. Оның «20 бапты бағдарламасы» жұртқа ұнағанымен, диктаторлық әрекеттері демократияға қауіп төндірді. Өзіне қарсы шыққан топтарды әлсірету үшін үкімет жағымсыз төтенше жағдай енгізіп, саяси дұшпандарын абақтыға жапты. 1977 жылы көктемде өткен сайлауда ҰҰК қатты ұтылысқа тап болды. Орталық үкімет оппозицияда болған «Джаната парти» (Халық партиясы) тобына өтті.

М.Десаи бастаған жаңа үкімет 2 жыл ішінде халық тұрмысын жөнге сала алмады. Өзара талас шығып, оны қолдаушылар араздасып, үкімет құлады. Одан кейін 1980 жылы кезектен тыс болған сайлауда ҰҰК жеңіске жетіп, И.Ганди қайта үкімет басына келді.

Елдің тұрмысы біраз жөнделген. Азық-түлік, отын (мұнай, газ) мәселесі реттеле түскен. Бірақ саяси, діни ұлттық жағдайлар ауыр болып тұрды. Солардың арасынан сикхтардың бүлікшілігі, керек болса «Халистан» мемлекетін құру жоспарлары елді алаңдатқан. Сикхтердің қарулы топтарын басуға И.Ганди үкіметі керекті шаралар қолданып, олар қасиетті есептейтін Амритсардағы «Алтын храмға» әскери күштерді енгізген. Соған наразы болған сикхтер 1984 жылы қазанда И.Гандиді атып өлтірді.

ҮҰК жетекшілікке Индираның ұлы Раджив Гандиді ұсынып, 1984 жылы желтоқсанда өткен сайлауда 508 орыннан 401 жеңіп алды. Р.Ганди үкіметі кезінде «Неру бағытына» жаңалықтар енгізіп, мемлекеттік сектордан гөрі жекеменшік кәсіпшілікке, жекешелендіруге ерікті нарық қатынастарға бетбұрыс басталды. Шетел капиталына қосымша жеңілдіктер беріліп, электрон және экспортқа жарамды өнім шығаратын өндірістерді дамыту көзделді. Панжаб пен Ассамдағы ереуілшілермен келісімдер арқылы елдегі жағдай біраз тынышталды.

Бірақ, келесі жылдары сикхтер қозғалысы, Жамму және Кәшмірдегі қалың өрістеді. Үндіс бұзақылары (экстремистері) мұсылмандарын елден ығыстыру әрекеттерін ұлғайтып, Ұлттар – Прадеш, Бихар сияқты штаттарда қантөгіс төбелестер жайлады. Басқа штаттарда жанжалдар мен қарулы қимылдар орын алды. Оларға Р.Гандиге шведтермен қару сатып алғанда пара берілді деген мәлімет қосылып, ҮҰК беделі тез төмендеді. 1989 жылы парламент сайлауында осы партия 525 орнына 192-ге болып, үкіметті коалиция негізінде Ұлттық майданға қатысқан басқа партиялар құрастырды. Ең қызығы, оған екі коммунистік партия қолдау көрсетті.

Бұл үкіметтің елді билеуге шамасы келмеді. Өзара қайшылықтарға байланысты ол екі жылға жетпей құлады. 1991 жылы парламент сайлауын өткізу кезінде тамил террористері Р.Гандиді мина жарғызып өлтірді. Қастандық Шри Ланка елінде өмір сүретін тамилдіктердің ереуілдерін Р.Ганди үкіметі қолдаудан бас тартқаны үшін жасалған. Осы қайғылы оқиға ҮҰК себебін тигізді: сол жолы болған сайлауда 541 орыннан ол 225 жеңіп алды. Оған қарсы жүрген діни-қауымдық Бхаратия Джаната партия (БДП) 119 орынға ие болды. ҮҰК жана жетекшісі Нарасимха Рао коалициялық үкімет құрды.

Бұл үкімет тұсында ел әкімшілік – бұйрық жүйеден нарықты қатынастарға толық өтті. Өнімсіз мемлекеттік кәсіпорындар жекешелендірілді, 34 негізгі экономика салаларына шетел қаржыларына есік ашылды. Шексіз ісіп-кеуіп кеткен аппарат қысқартыла түсті. 8-ші бесжылдық жоспар (1991/92-1996/97 жж.) жүрісінде мемлекет жекеменшік кәсіпкерлерге көп еркіндік берді.

Н.Рао үкіметі ел ішіндегі саяси жағдайды тұрақтандыруға шамасы жетпеді. Нарықты экономикаға көшуде неше сорақылық қылмыстарға жол берілген. Үкімет басындағылар, солардың арасында Рао жанұясы пара алды деген мәліметтер таралды. Саяси өмірде ел келешегіне мән берілмей, әр топ өзара қылмыс істерін жуып-шаюмен болды. Сондықтан да болар 1565-1605 жж. салынған мешіт қиратылып, 140 млн мұсылман қорланған.

1996-1999 жылдары үш парламент сайлауы жүргізілуге мәжбүр болды, өйткені партиялар халық сенімінен айырыла түсті, парламент құрамындағы 40 партиялар бір-бірімен пышактасумен болды.

1996-1997 жылдары үш үкімет (А.Б.Ваджпаи, Д.Говда, И.К.Гуджрал) келіп, кетті. 1998 жылы наурыздағы сайлауда БДП көбірек дауыс алып, оның жетекшісі Атал Бихари Ваджпаи үкімет құрған. Ол 1999 жылы сәуірдің ортасында құлады. ҰҰК басшылығына 1998 жылы Р.Гандидің жесірі Соня Н. Ганди сайланған. Оның да үкіметті құрастыруға шамасы келмеді. Президент жарлығымен жаңа парламент сайлауы өтіп, жаңа коалициялық үкіметті А.Б.Ваджпаи басқарды.

2004 жылы парламент сайлауында ҰҰК бастаған топтасу (коалиция) жеңіске жетіп, үкімет құрды. Тек С. Ганди оны басқаруға көнбеді. Премьер-министр орны М. Сингхе берілген. Ол белгілі экономист, бұрын қаржы Министрі болған қайраткер, тегі Сикх. Өткен бес жылда ел қарқынды дамуда. АҚШ-пен жақсы қатынастар орнатып алды. Ел ішінде ланкестік әрекеттер әлі кездеседі.

2009 жылы көктемдегі сайлауда ҰҰК тағы да жеңіп шығып, үкіметті ұстауда.

Үндістанның сыртқы саясаты. Үндістан әлемдегі бейбітшілікті нығайтуға белсенді қатысқан елдердің бірі. Оның басшылары мен қоғамдық ұйымдары тәуелді халықтардың бостандыққа ұмтылуын қолдап келген. 50-70-жылдарды Корея түбегіндегі, Үндіқытай аймағындағы, Таяу Шығыстағы соғыстарды тоқтатуға атсалысып жүрді. Кей кездерде күңгірт батылсыздау болғанымен империалистік елдерді ашық айыптаудан таймаған. Азия мен Африка халықтарының отаршылдарға қарсы қарулы күресіне саяси-рухани көмек беріп отырды (Алжир, Вьетнам, Ангола, Мозамбик, Оңтүстік Африка Республикасы, Зимбабве). 1955 жылы ынтымақтастық қозғалысын ұйымдастыруға, Бандунг конференциясын шақыруға, 1961 жылы қосылмаушылық қозғалысының қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. Үндістанның қарусыздандыру, қырғи-қабақ соғысты бәсеңдету туралы мәселелерде бейбітшілікті жақтаушылар жағында жүргеннің мәні зор болды.

1954 жылы Үндістан Премьер-министрі Дж.Неру ҚХР Премьері Чжоу Энлай екеуі бейбіт қатар өмір сүрудің бес принциптерін (панча

шила) айқындауы тарихи оқиға болып бағаланған. Өкінішке орай сол принциптерді олар өздері 1959 және 1962 ж. шекара дауына килігіп, сақтауға жарамады.

Кейін ҚХР ядролық қаруды жасап, әскери қауқарын күшейте берді. Содан қауіптенген Үндістан өте құпия зерттеулер бастап, 1974 жылы «бейбіт мақсатымен» бірінші рет, ал 1998 жылы мамырдың басында екінші рет әскери атом сынақтарын Похран полигонында жүргізді. Ядролық қаруға Пәкістанның да қолы жетті, ол 1998 жылы мамырдың аяғында алты сынақ жарылысын жасаумен көршісімен теңесті. Бұлардың ядролық сайысқа қатысуы ақырзаманды жақындатып, қауіп төндіретіні күмәнсіз. Сонымен бірге басқа мемлекеттердің ядролық шокпарларын сақтауы Үндістан сияқты ұлы мемлекетті алаңдатуы сөзсіз.

Үндістан сыртқы саясатында КСРО-мен тым жақындасқан. Оның бастамасы Сталин өлгеннен кейін Н.С.Хрушев кезінде болды. Әр салада ынтымақтасу әсіресе КСРО мен ҚХР арақатынастары нашарлап, жауласқан жылдары жоғарғы деңгейге жеткен. Ал 1971 жылы шілдеде АҚШ пен Қытайдың жақындасуы айқындалғанда Москва-Дели тамыздың 9 күні Бейбітшілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды. Сол уақытта Шығыс Пәкістан халқы Яхья Хан зұлымдығына қарсы шыққан. Қытай Пәкістанды қолдап жүрген. КСРО Үндістанға қару-жаракты төгіп берді. Жабылып жатып, Пәкістанды бөлшектеп, оның бір қанатынан Бағладеш құрастырылған.

80-жылдары Үндістан мен КСРО байланысын одан әрі нығайтуға М.С.Горбачев пен Р.Ганди тырысып, 1986 жылы қарашада ядросыз және күш жұмсалмайтын бейбітшілік принциптері туралы Дели декларациясына қол қойған. 90-жылдардан бері Ресей бұл елге қару-жарак, әскери ұшақтар, кемелер, сүңгуір қайықтар беріп келеді.

Қазақстан-Үндістан ара байланыстары КСРО дәуірінде біраз қалыптасқан, қазір сыйлау, құрметтеу негізінде дамуда. Екі жақ бірнеше ынтымақтасу туралы келісімдерге қол қойып, алғашқы қадамдарын жасаған. Көптеген халықаралық мәселелерді қарастырғанда бір-бірін қолдап жүр.

§26. Оңтүстік Азия елдері

Оңтүстік Азия бір топ елдер орналасқан саяси-жағрафиялық аймақ. Олар ежелгі дәуірден бері қарай біркелкі мәдени-рухани негізінде дамыған және тарихы да бірдей. Еңше ғасырлар бойы бұл аймақта үнділік цивилизация басым болып, әлеуметтік, діни, мәдени өмірлерін жақындастырған. Индуизм, буддизм, ислам діндері кеңінен тараған.

Бұл елдер тәуелсіздікке II дүниежүзілік соғыстан соң жеткен. «Қырғи қабақ соғыс» қыза түскенде көпшілігі оны қолдамады. Азия және Африка елдерінің бірлігін жақтап, 1955 ж. Бандунг конференциясын шақыруды ұсынған Үндістан, Пәкістан, Мьянма, Шри Ланка, Индонезия еді. Қосылмаушылық қозғалысқа батылды қатысушылар араларынан тек Пәкістан батыс мемлекеттеріне еріп, СЕАТО мен Багдад пактісіне енген.

Егемен елдердің дамуы әрқалай болып келеді. Пәкістанда көп жылдары әскери билік орнап, төрт әскери төңкеріс орын алды. Бангладеш 1971 ж. Пәкістаннан бөлініп, жеке ел болып шықты. Бұнда да бірнеше әскери төңкерістер болған. Қазір – парламенттік республика. Мьянмада 1962, 1988 жж. екі әскери төңкеріс ұйымдастырылды. 1990 ж. сайлаудың нәтижесін мойындамай әскери басшылық билік тізгінін жібермей келеді. Шри Ланка еліндегі жағдай да күрделі, оның бірнеше жетекшілері қастандық әрекеттерге душар болып, оққа ұшқан. Непал мен Бутан – монархиялық елдер еді, 2005-2006 жж. оқиғалар Непалды Республика қатарына қосты.

Дін жағынан ала-құлалығы бірден көзге түседі: Үндістан мен Непалда үндістер басым, бірақ біріншісінде мұсылмандар көп кездеседі (140 млн жуық). Пәкістан, Бангладеш пен Мальдивтер аралдарында мұсылман діні, Мьянма, Шри Ланка және Бутанда буддистер діні басым, сонымен бірге Мьянмада ислам, индуизм, христиан діндеріне сенушілер де топтасқан.

Өзара қатынастарында жер-су, шекара, діни-этникалық, көшіп-кону, әскери, сауда, саяси экономикалық қайшылықтары мен дауластары жиі кездеседі, ал Үндістан мен Пәкістан үш қырғын соғысты басынан кешірді. Жауласудың қайнар көзі болған Кашмир мен Жамму мәселесі екі елді қажауда. 1998 ж. мамырда олар ядролық сынақтарын жүргізіп, өте қауіпті жағдай туғызуда.

Осы күнге дейін аймақтағы елдердің өзарадан гөрі шет елдермен сауда-экономикалық байланыстары мықтырақ. Енді бұлар бір-бірімен жақындасуды, интеграциялық қатынастарды дамытуды көздеп, 1985 ж. Оңтүстік Азия аймақтық ынтымақтастық ассоциациясын (ОААЫА) құрған. Оның ұтымдылық жақтары әлі де жөнді ашылмағанымен, келешекте жемісті болатынына күмән жоқ.

ПӘКІСТАН. Пәкістан тәуелсіздігі 1947 ж. 14 тамызда жарияланды. Ол екі бөлшектен құрастырылған. Біріншісі – Батыс Пәкістан (БП), оған Батыс Панжаб, Синд, Солтүстік-Батыс шекаралы провинция және Белужстан кірген. Екіншісі – Шығыс Пәкістан (ШП), оның құрамына Шығыс Бенгалия мен Ассамның Силхет округі енген.

Ел халқы әр түрлі ұлттардан тұратын, олардың саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуы біркелкі емес еді. Саяси партиялар мен қоғам ұйымдарының қимылдары Бенгалияда анағұрлым батылырақ болып келген.

Саяси-таптық қатынастардың тұнықталмағаны, қоғамдағы іріткілік, саяси-сананың мешелдігі, т.б. себептер әскери басшылықтың ел сахнасының төрін жайлауға жол ашып берді. Сондай жағдайда елді біріктіретін күш ислам діні болған. 1945 ж. кейін саяси тізгінді Мұсылман Лигасы (МЛ) ұстап отырған. Біртіндеп жаңа оппозициялық партиялар; Авами Лиг (халық партиясы), Азал Пәкістан т.б. шыға бастаған. Бара-бара елдің дамуы туралы мәселеге Шығыс және Батыс Пәкістан арасында қатты қайшылықтар қалыптасып, мемлекет бірлігіне қауіп төндіре бастады. 1951-1954 жж. премьер-министр Лиакат Алихан қаза тапты. Шығыс Пәкістанда МЛ сайлауда ұтылды, оппозицияға билік бермей үкімет төтенше жағдай орнатып, құрылтай жиналысты тарқатты. Тек 1955 ж. ортасында ғана құрылтай жиналысына сайлау болып, МЛ және оппозициядағы біріккен майдан қатысқан коалициялық үкімет құрылды. 1956 ж. көктемінде конституция қабылданып, ел республикаға өтті. Ел федеративті мемлекетке айналды.

Сондай жағдайда 1958 ж. 8 қазанда елде бірінші әскери төңкеріс болып, ел басына генарал М.Айюб-хан келді. Ол екі жылдан соң президент орнын алып, барлық билікті өз қолына қаратты. Өндірісті дамытуға шаралар қолданып, жер реформасын жүргізіп, өкімет ел жағдайын біраз жөндегендей болды. Бірақ халық бұқарасының күйі мандымады. Жұмыссыздық, жерсіздік әсіресе ШП тұрғындарын азаптады. Ел ішінде негізгі тілек тұрмысты жақсарту болса, ШЛ-автономия алу талаптарын алға тартты. 1962 ж. 1 наурызда екінші конституция қабылданып, президенттік республика тәртібі бекітілген. 1965 ж. сайлауда Айюб-хан тағы да президент орнын ұстап қалды.

Өкімет орындары жалпы пәкістандық ұлтшылдық саясатын жүргізгенімен, аймақтық ұлтшылдық өрістей түсті. Соның арқасында 1954 ж. урду тілімен бірге бенгали тілі де ресми мемлекеттік тіл деп шешілген еді. Бірақ үкімет жұмысында урду басымдырақ болып қалды. Халықтың 7,2% ғана урдуша сөйлегенімен, ол тілдің өкілдері үстемділік жүргізіп отырған. Бұған да ШП-да наразылық ұлғайған. Демократия, автономия, теңдік үшін күрес басында Авами Лиг (АЛ) болды, оның жетекшісі шейх Мүджибур Рахман еді. Сыртқы істер министрі Зүлфикар Али Бхутто 1966 ж. қызметін тастап, Пәкістан халқының партиясын (ПХП) құрастырып, Айюб-хан үкіметіне қарсы оппозицияға шықты.

Саяси-элеуметтік дағдарыс 60 ж. II жартысында шиеленісе түсті. 1965 ж. жазында Пәкістан-Үндістан соғысы басталды. Оның шығуына екі елдің Кач шөл жеріндегі шекарасы анықталмағаны себеп болды, бірақ негізгі себебі әрине Кашмир дауы болған. КСРО үкіметі төрағасы А.Н.Косыгин қатысуымен Ташкентте Пәкістан президенті Айюб-хан және Үндістан премьер-министрі Л.Б.Шастри соғыс қимылдарын тоқтату, келешекте дау мәселелерді бейбіт түрде шешу туралы Үндеуге (Декларацияға) қол қойған (1966 ж. 10 қаңтар). Бұл соғыстың кесірі карапайым халыққа ауыр тиді. Үндеуге қол қойған түнде Ташкентте Л.Б.Шастридің жүрегі тоқтап, қаза тапты.

Пәкістандағы жағдайды түзетуге шамасы жетпеген Айюб-хан орнынан түсуге мәжбүр болды (1969 ж. наурыз). Билік генерал А.М.Яхья-хан қолына өтті. Ол елде әскери жағдай орнатып, президент міндетін атқарды.

Парламент сайлауында жеңіске Авами Лиг жеңіп, елдің үкіметін құрастыруға құқықты болды. Бірақ саясаттың мәнін түсінбейтін, бірден шокпарға жармасатын Яхья хан бастаған әскери басыбұзықтар ШП-ға әскери күштерін қаптатқызып, жазалау әрекеттеріне көшті. 1971 ж. 26 наурызда ШП тәуелсіздік мемлекет деп жарияланды. Үндістан көмегімен күреске шыққан халық жасақтары («мүкти бахини») мен партизандар 1971 ж. 20 желтоқсанда үкімет әскерін тізе бүктіріп, ШП-ны азаттады. Кеше автономия ғана сұраған ШП Бангладеш аталып, жаңа ел құрылды.

Қалған ел басына ПХП жетекшісі З.А.Бхутто келіп, күйіп тұрған түйінді мәселелерді шешу жолдарын қарастырды. Өмірді қазіргі дәуір тілектеріне сәйкес модернизациялауды, бұрыннан бері қалыптасқан дәстүрлі қатынастарды өзгертуді Бхутто үкіметі мемлекеттік секторды ұлғайту, антимонополистік заңдар қабылдау, ірі өндіріс орындарын камсыздандыру, жеке банкілерді ұлттандыру мемлекет жоспарларын енгізу, жер реформаларын жүргізу, т.б. шаралар арқылы бастады.

Пәкістан 1972 ж. жазда Үндістанмен Симла келісіміне жетіп, қатынастарын біраз реттей алды. Британ ынтымақтастығынан, сондай-ақ СЕАТО-дан шықты, Бангладешті мойындады. Сол кезде ел алдына Бхутто әкімшілігі үш принцип ұсынған: «Біздің дініміз – ислам, біздің билік түріміз – демократия, біздің экономикамыз – социализм».

Пәкістанда жаңа конституция қабылданды (1973 ж. тамыз). Ел Пәкістан Ислам Республикасы (ПИР) деп аталды, ислам – ресми мемлекеттік дін болып жарияланды. Федеративті парламенттік тәртіп бекітілді. Ел бірлігін, бір ұлттығын нығайтуға мән берді.

З.А. Бхутто саясатын қолдаушылар да оны сынаушылар да көп болды. 1977 ж. наурызда әр 4 провинцияға және ел парламенттеріне

сайлау өтті. Провинциялық жиналыстарды сайлауына кейбір партиялар сайысқа қатыспай, жұртты ереуілге шақырды. Саяси тартыс қайнай түсті.

Әскери топ соны пайдаланып, 1977 ж. 5 шілдеде елде үшінші рет өз тәртібін орнатты. Бұл жолы да билікке қызыққан бас штаб бастығы генерал М.Зия ұл-Хак болды. ПХП қуғындап, З.Л.Бхуттоны сотқа тартып, 1979 ж. көкекте оны мемлекетке зиян келтірді деген кінә тағып, дарға асты. Елдегі жағдай өзгерді.

Конституцияға, партияларға тыйым салынды, парламент тарады. Демократиялық құқықтар айтарлықтай шектелді.

Жекешелендіруге жол беріп, үкімет қарауындағы бір топ кәсіпорындары сатылды. Төтенше жағдай енгізіліп, ел бес әкімшілікке бөлінді де, оларды әскери губернаторлар басқаратын болды.

Парламенттік сайлауды әне өткіземін, міне өткіземін деп Зия ұл-Хак уақытты соза түсіп, өз билігін орнатуға жанталасты. Келесі жылы күз басында ол президент орнына отырды. 1979 ж. СЕНТО тобынан елді шығарды.

1981 ж. наурызда Уақытша конституциялық заң оған 1985 ж. енгізілген өзгерістер Зия ұл-Хактың жеке басына шексіз билікті шоғырландырды.

1988 ж. тамызда Зия ұл-Хак қасындағы серіктерімен ұшак апатында қайтыс болды. Ел өмірінде жаңа кезең басталды. Саяси партиялар қатысқан парламенттік сайлауда (1988 ж. қараша) ПХП жеңіске жетіп, оның жетекшісі З.А.Бхуттоның қызы Беназир Бхутто үкімет басына келді. Ол екі мәрте үкімет басқарды. Бірақ әскерилер оған қасым көрсетіп, үкіметін таратып тұрды.

1997 ж. басындағы сайлауда МЛ көп дауысқа ие болып, Н.Шариф үкімет басына келді. 1999 ж. қазанда елде келесі 4-ші әскери үкімет орнығып, оны генерал П.Мұшарраф басқарды.

Ол сайлау арқылы президент орнын алғанымен, оппозиция оған көнбеген. 2006-2007 жылдары жағдай шиеленісіп кетті. Өкімет шетте жүрген Б.Бхутто мен Н.Шарифті елге қайтып келіп, сайлауға қатысуға келісім беруге барды. Президент сайлауын Мұшарраф ұтып алды, тек ол әскери қызметтен кетуге мәжбүр болған. Парламент сайлау науқанында жарылыстар өршіп, оның бірі Б.Бхутто өмірін қиды (2007.27.12). Кейінірек өткен сайлауда екі партия – ПХП және МЛ(ш) көп дауыс иеленіп, екеуі үкімет құрастырды. Жаңа үкімет Мұшаррафты кінәлап, импичмент арқылы орнынан түсіруді даярлаған. Мұшарраф орнын тастауға барды. Содан кейін президент сайлауы өтіп, жеңіске Беназирдің жесірі Асиф Әли Зардари жетті (2008.6.09).

Үкіметті оның серігі Саид Юсуф Риза Гилани басқарды. Фахмуда Мирза ханым ұлттық Ассамблеяның төресі болып тағайындалды.

1998 ж. мамырда Пәкістан 6 рет ядролық сынақтар жүргізіп, атом бомбасы мен ракеталар қаруларын игеруге шамалы болды.

Пәкістан-Қазақстан ара байланыстары әр салада дамып келеді. Дипломатиялық қатынастар орнатылғанымен, сауда жағы әлі қанағаттандырылмайды. 2000 ж. күзінде Астанаға П. Мұшарраф келіп қайтты.

Бангладеш Халық Республикасы өмірге келісімен Авами Лиг (АЛ) жетекшілік ете бастаған. Пәкістан абақтысынан 1972 ж. 10 қаңтарда М.Рахман босатылып елге қайтты. Екі күннен соң елдің уақытша конституциясы жарияланып, үкіметті М.Рахман басқарды.

Оның саясаты ұлтшылдыққа, социализмге, демократияға және секуляризмге негізделген. Ірі кәсіпорындарының 85% - темір жолдар, әуе, теңіз, өзен көліктері, банкілер, т.б. үкімет қолына алынды. Сыртқы саудаға бақылау орнатылды.

1973/74-1977/78 жж. бірінші бесжылдық жоспар, ең алдымен мемлекеттік секторды дамытуға бағытталды. Ақсаған ауыл шаруашылығын көтеру ойымен жер реформасы жүргізілді. Жер иелігі 33 акрдан аспауы бекітіліп, одан артық жерлер кедей шаруаларға таратылды. Жері аздардан салық алу тоқтатылған.

1972 ж. 16 желтоқсанда конституция қабылданып, мемлекет құрылысы, азаматтар құқықтары, ел мақсаты анықталған. Парламенттік республика тәртібі бекітілген. 1973 ж. наурызда М. Рахман тағы да үкімет құрған.

Саяси-әлеуметтік жағдай өте нашар халде болғандықтан, оны бірден шешу мүмкін де емес еді. Ал 1972 ж. қатты қуаншылықтан ел ашаршылыққа тап болды. Келесі жылы әлемдегі энергетикалық дағдарыстан отын құны бірнеше рет өсіп түсті. Астық пен мұнай сатып алуға қазына шамасы жетпей, БХР қарыздана түсті. Азық-түлік, күнделікті бұйымдар қымбатталып, инфляция жайлады. Паракорлық пен қылмыстық қаптап, үкімет органдары жұрт алдында беделден айырылды. Қалаларда, ауылды жерлерде қолында қаруы бар топтар қарақшылықпен шұғылданып, мыңдаған адамдар олардың қолынан қаза тапты.

Билеуші тап не істерін білмей, 1974 ж. аяғында төтенше жағдай, 1975 ж. қаңтарда президенттік билік жариялады. М.Рахман президент болып тағайындалды. Ол тез арада Шаруалар-жұмысшылар Халық Лигасын (ШЖХЛ) құрып, қалған партияларды таратып жіберген. Осы әрекеттер Үндістан, КСРО тарапынан қолдау тапқанымен, ел ішіндегі наразылық ұлғая түскен.

1975 ж. 15 тамызда әскери бүлікшілер М.Рахман жанұясын танкілермен атқылап, қырып тастаған. Сонда шетте жүрген қызы ғана аман қалған. Жаңа үкімет әскери жағдай жариялап, парламент пен партияларды таратып, белгілі қайраткерлерді абақтыға жапқан. Бірақ 2 жыл бойы елде саяси тартыс тоқтаусыз жүріп, көптеген қайраткерлер қырылып қалды.

1976 ж. қарашада Зия ұр-Рахман Бас әскери әкім, 1977 ж. көкекте президент болып тағайындалды. Оның кезінде секуляризм орнына «исламға шексіз берілу» принципі конституция бабына жазылған.

Бангладеш ең кедей, артта қалған елдер қатарынан шыға алмай келеді. 1975-1996 жж. ішінде бірнеше мемлекет төңкеріс болып, ел басында 13 президент келіп кеткен 8 жыл өмірі әскери жағдайда өтті. Шетелдерден күн көру үшін алған 17 млрд. долл. қаржылар кезекті «данышпан президент» пен оны қоршағандардың қалтасына түсіп жатты, ал ел дамуына жұмсалғаны шамалы.

1990 ж. аяғында бірнеше жыл қатаң тәртіп орнатқан генерал-президент Х.М.Эршад жаппай ереуілдерден шошынып орнынан түскен. Кейін оны соттап қамауға алған. Сайлауда жеңіп, үкімет басына Бангладеш Ұлтшылдық партия (БҰП) жетекшісі Бегум Халеда Зия Рахман келіп, бес жыл билік жүргізді. Ол қаза тапқан Зия ұр-Рахманның жесірі.

1996 ж. маусымда болған сайлауда жеңіске Авами Лиг (халық лигасы) жетіп, үкіметті М.Рахманның қызы Халида Вазид басқаруға келді. Осы екі әйел 2006 ж. дейін кезекпен кезек үкімет басында болған. Кейін әскерилер тәртібі орнаған. 2009 ж. басында жалпы сайлау өтіп, үкіметті Х.Вазид құрды.

Мьянма 1948 ж. 4 қаңтарда тәуелсіздікке жетіп, өз бетімен даму-да. Ол бірнеше кезенді басынан кешірген. 1. 1948-1958 жж. билікті Халық бостандығының Анифашистік Лигасы (ХБАЛ) ұстаған. Ол кезде У Ну бастаған үкімет билік жүргізген. 2. 1958-1962 жж. ХБАЛ бөлшектенген соң болған өтпелі кезең. Уақытша үкіметті 1958-1960 жж. генерал Не Вин басқарды. 3. 1962-1988 жж. Не Вин басқарған әскери топтың ел басына келуі. Бирма социалистік бағдарламасының партиясы құрылып, жалғыз өзі билеп келген. Әлем болса елдегі қаптаған ашаршылық, аяусыз қанау, зорлау жайлатқан Не Вин саясатын әшкерелеп жатты. 1988 ж. наурыз-тамыз айларында жаппай ереуілдер мен қозғалыстар бұл үкіметтің тамырына балта шапқандай болды. Қыркүйектің 18-інде жаңа әскери төңкеріс болды. Үкіметтегі заңдылық пен тәртіпті қайта қалпына келтіру Мемлекеттік кеңес (ЗТҚҚКМК) қолына өтті. 1990 ж. 27 мамырда парламент сайлауында 40-шы ж. тәуелсіздік үшін болған күресті басқарған атақты Аунг Сан

қызы Су Чжи жетекшілік еткен демократия үшін Ұлттық лигасы (ДҮҮЛ) жеңіске жетті. Бірақ әскери топ оны мойындамай билікті күшпен ұстап келеді.

Шри Ланкада 1948 ж. 4 ақпанда «Цейлон тәуелсіздігі туралы акт» жарияланып, бұл ел доминион ретінде Британ ұлттар достастығына кірген. 1956 ж. дейін үкіметті Біріккен ұлттық партия (БҰП) жетекшісі Д. Сенанаяке басқарып келді. Партия қатарынан 1951 ж. Азат партиясы (АП) бөлініп, ол толық бостандық алу, республика орнату, ағылшын әскери күштерін аралдан шығару, жер және экономикалық реформалар жүргізу т.б. талаптарды алға тартты.

1956 ж. сайлауда АП төңірегіндегі Біріккен Халық Майданы (БХМ) жеңіске жетіп, С.Бандаранаике үкіметі билікке келді. Бұл партия 1956-1964 және 1970-1977 жж., сондай-ақ 1994 ж. бері қарай солшылдық күштермен бірігіп, үкімет басқарған. Саяси-әлеуметтік, діни-ұлттық қайшылықтар реттелмей, жанжалдар жайлаған Цейлон өмірі тұрақсыздыққа батты. С.Бандаранаике құрбандыққа ұшырап, оның орнына әйелі Сиримаво келген (1960 ж.). 1964 ж. солтүстік аудандарда тұратын тамилдер бөлек мемлекет құру туралы талаптар көтеріп, кейін орталық үкіметке қарсы қарулы күрес бастаған. Соның салдарынан елде тыныштық бұзылып, ширек ғасыр бойы азаматтық соғыс бітпей келді. «Тамил Иламаны азат ету жолбарыстары» қастандықтарынан 35 мыңнан астам адам өліп, олардың ішінде және саяси қайраткерлер де бар. Жыл сайын бүлікшілермен күресуге 1 млрд. долл. шығындалды.

1994 ж. қарашада 6 жылдық мерзімге президент болып, Ч.Кумаратунге ханым сайлаған. Үкімет басында сол жылғы тамыздан оның анасы Сиримаво Бандаранаике отырды. Одан кейін президент орнын М.Раджапакса иеленді. 2009 ж. мамырда азамат соғысы аяқталғандай болды, өйткені сепаратистер жеңілді, ал оның жетекшісі қаза тапты.

Непал корольдігінде 1950-1951 жж. конституция қабылданып, бірінші парламент сайлауы 1959 ж. өткен. Жеңіске жеткен Непал конгресінің (НК) үкіметті сол жылы желтоқсанда Король Махендра күшпен құлатып, партиялар қатыспайтын төменнен жоғарыға дейін билік жүргізетін Панчат Кеңес жүйесін орнатқан. Шын мәнінде барлық билік тізгіндерін король өзі ұстап келген.

1994 ж. аяғында үкіметті компартия құрастырған, кейінгі кезде Непал конгресі басымды болды. Қытай ықпалындағы компартия қарулы күреске шығып, 2005 ж. үлкен күшке айналды. Оппозициядағы топтар бірігіп монархияны жойды. Ел республика болып жарияланды (2007 ж.). Үкімет басындағы солшылдар (2008 ж.) орнын Непал конгресі басты. Оның өкілі президент тізгінін ұстауда.

§27. Орта Шығыс елдері

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Иран. Соғыстан кейінгі жылдарда Иран терең дағдарысқа тап болды. Қымбатшылық, тұтыну тауарларының жетімсіздігі, ауылдағы құрғақшылықтың салдары бұқара халыққа едәуір қиыншылықтар жүктеді. КСРО және Англия әскерлерін елден шығарғаннан кейін мыңдаған Иран тұрғындары жұмыссыз қалды. Қайшыласқан ішкі және сыртқы жағдайлар қоғам арасында алауыздық туғызып, әр түрлі мазмұндағы қозғалыстарды тірілтті. Әлемдегі ұлт-азатық күрестің ықпалы Иранға да жетіп, антиимпериалистік сана-сезімді оятты.

1949-1953 жылдары Ирандағы антиимпериалистік күрестің көрінісі ағылшын-иран мұнай компаниясын мемлекет меншігіне алу түрінде байқалды. 1914-1950 жылдардың аралығында АИМК Ираннан 324 млн тонна мұнай шығарып, оны сатудың арқасында 5 млрд доллар таза пайда түсірген екен. Компанияның елге төлеген салығы пайданың 8%-ынан аспады.

1953 жылы 19 тамызда генерал Захеде бастаған әскери төңкерістің нәтижесінде М. Мосадык кабинеті биліктен тайдырылды.

1954 жылы АҚШ, Англия, Франция, Голландия компаниялары халықаралық мұнай консорциумын ұйымдастырып, Иранның мұнай байлығынан көп табыс тауып отырды.

«Ақ революция» әрекеті, себептері, барысы және нәтижесі. 1953 жылғы әскери төңкерістің нәтижесінде ел батыспен жақындаса түсті. Иран Бағдат (СЕНТО) пактісіне қосылды. Тек қана иран армиясының бөлімшелерінде АҚШ-тың 4600 әскери кеңесшісі жұмыс атқарды. Ел ішінде Батыс мәдениеті мен салт-дәстүріне еркіндік берілді. АҚШ Иран үкімет басшыларына шиеленісті жұмсарту үшін реформа жүргізуге кеңес берді.

1962 жылы реформа басталды. Шахтың өзі бұл жаңалықтарды «Ақ революция» деп сипаттады. 1962-1974 жылдар аралығында жүзеге асырылып, ел экономикасын жаңғыртуды мақсат еткен реформалар елді индустрияландыру, жер мәселесін реттеу, оқу-ағарту және денсаулық сақтау салаларын жаңартуды көздеді. 1963 жылы иран әйелдеріне сайлау құқығы берілді.

Ең маңызды жаңалықтар жер реформасында болды. Помещиктің артық жерін мемлекет сатып алып, жері жоқ, жері аз шаруалар отбасыларына сататын болды. Мемлекет помещиктерге алдын ала 70 млрд риал қаржы төлеп, осы соманы 15-20 жылдың шеңберінде шаруалардан қайтарып алатын болды. Шамамен 3,2 млн шаруа отбасы жерге ие болды.

1979 жылы ақпанда Иран революциясы жеңіп, шах билігі жойылды. *Иран Ислам Республикасы* жарияланды. 1979 жылғы конституцияға сәйкес, елбасы – президент емес, мұсылмандардың діни басшысы А. Хомейни болды. Ислам құқығының дәстүрлері қайта бекітілді, азаматтар мұсылман құқықтарын бетке ұстауға тиісті болды. Ескі исламдық дәстүрлер қайта тіріліп, мемлекеттің саяси қоғамдық өміріне кеңінен әсер етті.

Билікке келген иран діншіл топтары елдің саяси жүйесін «исламдық даму» түрімен үйлестіруге күш салды.

1979 жылы Конституция негізінде жоғарғы өкімет басқару органдары – президент және мәжіліс (парламент), теократиялық (тео – құдай, кратос – билік, құдай билігі) бақылау, сайлаусыз құрылатын жүйемен толықтырылды. Бұлардың қатарында ерекше көзге түсетін биліктің түрі – РАХБАР және Бақылау кеңесі. РАХБАР дегеніміз ең жоғарғы діни-саяси басқару қызметі. Аталған билік түрін халық дауыс беріп сайламайды.

Жаңа тәртіп негізінде мәжіліс (парламент) құрамында атақты 6 ислам құқықтарын игерген Бақылау Кеңесі бар. Ал елдегі жоғарғы дәрежелі атқару билігінің жұмысын РАХБАР бақылайды. Хомейни қайтыс болғаннан кейін мәжілістегі топтардың кейбір мүшелері түрлі саяси партиялар құрды. Бұл партиялар өзінің діншілдік (исламдық) сипатын елес тартады. Мысалы, «Күресшілердің діншілдік Ассоциациясы», «Ислам революциясының моджахеттері» және басқалар.

Елдің ресми аты Иран Исламдық Республикасы деп аталды. Басқару түрі – унитарлы (біртұтас) Ислам Республикасы.

1980-1990 жылдардағы Иран. Иран шаруашылығында «исламдық экономика» тәртібі тұрақтанды. «Исламдық экономика» жеке меншік шаруашылықты жақтап, мемлекеттің де камқорлығына сүйенуде. Елдегі ұсақ және орташа кәсіпорындарды қолдау мен бесжылдық мемлекеттік жоспарларды орындау шаралары да қатарлас жүргізілді. Жекешелендірумен қатар мемлекеттік бақылау әдістері де іске асырылуда.

1980 жылдардың басында Ирак шекара мәселесін жандандырып, оны соғыс арқылы шешпек болды. Иран – Ирак соғысы 8 жылға (1980-1988) созылды. Соғыс әрекеті Иран экономикасының даму қарқынын тежеп, көптеген ауылдар мен қалалар киратылды. Иран революциясы антиамерикалық сипатта болғандықтан, оның АҚШ-пен қатынасы осы күнге дейін реттелген жоқ.

1990 жылдардың барысында саяси билікте едәуір өзгерістер байқалды. *Хашеми Рафсанджанидің* билік ету мерзімі аяқталып, 1997 жылы 5 тамызда президенттік қызметке *Мохаммад Хатами* мырза келді.

Осы басшылардың кезінде тым қатаң исламдық тәртіп жұмсарып, діни емес қоғамдық ұйымдардың әрекеттеріне рұқсат беріліп, шетел капиталын тартуға жағдай туғызылып, елдің ішкі өмірін демократияландыру қадамдары жасалды. М. Хатами 2001 жылы сайлауда тағы жеңіске жетті.

Ислам революциясы жеңісінен кейін Иран экономикасын орталықтан басқару, мемлекеттің шаруашылық істеріне қол сұғу әрекеттері күшейе түсті.

Мемлекеттік меншіктеуге ұшыраған кәсіпорындар неше түрлі ислам қорларының бақылауына алынды. Пехлеви патша ұрпағының тәркіленген барлық мүліктері «Бақытсыздар» деп аталатын ислам қорының меншігіне берілді. Аталған қордың меншігіне 1698 кәсіпорын шоғырланды. Мемлекеттің экономикаға қамқорлығы мардымды бола қоймады, күткен үмітті ақтамады. 1980 жылдардың екінші жартысынан бастап экономика құлдырай бастады. 1984-1985 жылдары ішкі өндірістік кіріс 1,5%-ға кемісе, 1985-1986 жылдары 8%-ға төмендеді. Ішкі өндірістік кірістің азаюы жалпы халық санының тез өсуімен байланысты болды. Осының салдарынан халықтың әл-ауқаты кенет төмендеді.

Ішкі өндірістік кірістің төмендеуі мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындардың тым пайдасыз болуына да байланысты. Әсіресе мұнай және өңдеуші кәсіпорындардың осалдығы қатты байқалды. 1987-1988 жылдары өндірістік кәсіпорындар өз қуатының 40%-ын, ал 1988-1989 жылдары 20%-ын ғана іске асырып отырды. Көптеген тау-кен кәсіпорындары (мемлекеттік меншіктегі) іске жарамай, бос тұрды. Аталған кәсіпорындарды сақтау үшін мемлекет 4 млрд доллардан астам демеуші қаржы төлеуге мәжбүр болды.

Иран-Ирак соғысы аяқталған соң, жағдайын жақсарту қажеттігі туды. Бұдан былайғы даму жолы реформаларды қажет етті.

Елбасы Мохаммад Хатами елдегі қалыптасқан жағдайды дұрыс ескеріп, экономиканың даму бағытын өзгерту әрекеттерін ұсынды. Сөйтіп, жаңа бағытқа түрткі болған 1989-1993 жылдарға арналған бес-жылдық жоспардың сәті түсті. Бұл жоспар шаруашылықты нарықтық негізге көшірудің бағдарламасындай болып көрінді. Жоспар негізінде шетел қарызын, шетел қорларын пайдалануға мүмкіндік туды. Миллиардтаған қорлар негізінде ірі шетел компанияларының көмегімен жана технологиялық негіздегі фабрика, зауыттарды салуға мүмкіндіктер туды. Еркін экономикалық аймақтарға мемлекеттік, жеке меншік және шетел капиталын келтіріп, нарықтық қатынастарды барынша жылдамдату мүмкіндігі ашылды. Сонымен қатар мемлекеттік меншікті

жекешелендіру және бағаның өсуіне кедергі жасамай, оған ерік беру саясаты іске асырылды.

Пайдасыз кәсіпорындарға демеуші қаржы беру тоқтатылды.

Бірінші бесжылдықты орындау барысында ішкі кіріс мөлшері 6,5%-ға көбейсе, екінші бесжылдықта 10%-ға өсті. Кедейлену деңгейі 47%-дан 17%-ға төмендеді. 1989-1996 жылдар аралығында болат өнімі 1,5 млн. т-дан 6 млн. т-ға дейін өсті, мыс өндіру – 350%-ға көбейді. Әсіресе машина жасау және әскери соғыс техникаларын өндіру салалары жақсы дамыды.

Елдің бір қалыпты ішкі даму барысы парламентке сайлау кезінде күтпеген жерден саяси шиеленіске бұрылып күрт өзгерді.

Мұның себептері А. Хомейни дүниеден кеткейнен кейін елдің саяси жүйесіндегі екі топтың арасындағы қайшылықтарға байланысты. Бір топтың өкілдері консерваторлар (консерватор *фр.* сөзі – *қорғау, кертартпалықты қорғау*) деп аталса, екінші, тармақтағы өкілдері реформаторлар деп мойындайды (реформа – *лат. тіл* – *жаңарту, өзгерту*).

Консерваторлар жағы 1978 жылғы революция қалыптастырып кеткен саяси жүйені өзгертпеу, бұрынғы бірыңғай түрінде сақтауды жақтайды.

Реформаны жақтаушылар тармағы иран қоғамындағы зайырлы тәртіптің қалыптасуына, жаңалықтардың дамуына, үйлесетін іс-әрекеттерді қолдауды аңсайды.

2005 жылғы иран президентін сайлау кезінде қоғамдағы тынышсыздық айқын көрініс берді.

Президенттік қызмет үшін талас орташа реформаторлардың өкілі Али Акбар Хамели Рафсанджаниге және Тегеранның әкімі Махмуд Ахмадинеджад мырзаның арасында байқалды. Сайлау ұзаққа созылып, екі бөлікке бөлінді. Сайлаудың екінші бөлігінде ғана, сайлаушылардың 62%-дан астам дауыстарын жинап, бұрын әскери қызметте болған, Иран астанасының әкімі М. Ахмадинеджад жеңіске жетті. М. Ахмадинеджадты қолдағандардың қатарында ауыл мен қаланың кедей және діншіл тұрғындары басым болды. 1978 жылы діни революциядан кейін, бірінші рет президент қызметіне діни басы өкілі емес тұрғын болды. 2005 жылдың маусымында М. Ахмадинеджад ресми түрде сайлауда жеңді деп аталып президенттік қызметке кірісті.

Өзінің экономикалық саясатында Иран елі Орталық Азиялық аймақта бекініп жаһандану жағдайында Таяу және Орта Шығыс өңіріндегі мемлекеттердің жетекшілігіне тырысуда.

Қазақстан және Иран арасындағы қатынастар теңдік, татулық негізінде дамуда. 1992 жылы 28 қазанда Президент Н.Ә. Назарбаев осы

елге ресми сапармен барып, екі елдің ынтымақтастық қатынастар 1993 жылы Иран президенті Али Акбар Хашеми Рафсанджанидің Алматыға, Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылы қазан айында Иранға сапарлары кезінде одан әрі арта түсті.

Кездесу барысында Қазақстан мен Иран Каспий теңізі мәселесі бойынша бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Мәлімдемеде: «Теңіз және оның қорлары теңіз жағалауындағы мемлекеттердің иелігі болып саналады. Каспий теңізіндегі әр түрлі әрекеттерді жүзеге асыру жұмысы тек қана аталған мемлекеттердің шешіміне жатады» деп атап көрсетілді.

Иран мен Қазақстан үшін теңіз немесе мұхит жағалауларымен байланыстыратын жолдардың экономикалық маңызы өте зор. 1990 жылы Достық және Алашанькоу теміржол өткелін аяқтау Қытай мен Қазақстан арасындағы теміржол байланысын тұрақтандырады. Иран мен Түрікменстан арасындағы Серахе теміржол өткелін аяқтау нәтижесінде Ұлы Жібек теміржол торабын қалыптастырды. Бұл құрылыстар Трансазиялық теміржол торабын құрып, Орталық Азия және Оңтүстік Азия елдерін байланыстыратын алып жол торабына айналады (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Түркия және Пәкістан). Сөйтіп, бұл жол торабы Тынық мұхит жағалауындағы порттарды Жерорта теңізі бойындағы порттармен байланыстыратын болады. Иран мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық және экономикалық байланыстарды 40-тан астам мемлекетаралық құжаттар дәлелдеп отыр.

Иран кейінгі кезде АҚШ тарапынан қатты қысым көруде. «Тегеран атом қаруын игеруге кіріскен-мыс» деген лақапты АҚШ пен Израиль таратуда.

2007 жылдың қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Иранның президенті М. Ахмадинежад және осы елдің басшысы Аятолла Хаманеимен кездесіп, екі жаққа бірдей тиімді келіссөздерге барды. Екі жақ осы аймақтағы ұзақ жол жүру және жүк тасымалдау әлеуетінің жұмысын барынша дамытуға уәделесті. Соңғы бес жылдың ішінде екі жақтың арасында тауар алмасу мөлшері 400 мың доллардан 2 млрд доллардан асқанын анықтады.

Халықаралық саясат жағдайында екі ел басшыларының көзқарастары бір жақты екені байқалды. Келіссөздер барысында Иран мемлекетінің ядролық бағдарламасы жөніндегі мәселе көтерілді. Бұл мәселені Қазақстан Президенті мәмілегерлік келіссөздер жағдайында шешілуін жақтады. Иран елінің ядролық жоспары МАГАТЕ ұйымының бақылауына тиісті әрекеттерді ескеру керектілігін ескертті.

2007 жылдың қазанында Тегеран қаласында Каспий теңізінің маңайындағы бес мемлекеттің бас қосуы өтті. Кездесу мақсаты Каспий теңізінің қорларын бірлесіп игеру шаралары қаралды.

Каспий теңізі маңайындағы бес мемлекеттің басшылары – Ресей президенті В. Путин, Иран президенті – М. Ахмадинежад, Әзірбайжан президенті – И. Алиев, Қазақстан президенті – Н. Назарбаев, Түрікменстан президенті – Г. Бердымұхамедов «Садабад» ордасында бас қосып Каспий маңайындағы елдердің арасында «шешілмейтін қайшылықтар жоқ» деген ниеттерін анықтады.

Саммиттің соңында «Каспий маңындағы бес мемлекет Декларациясы» түріндегі құжат жарияланды.

Каспий теңізі түбіндегі қор байлықтары және теңіздің иеліктік егемендігі тек қана аталған бес мемлекеттердің айрықша бақылауында екенін жариялады. Теңіз аумағындағы кеме қатынастары аталған бес мемлекеттердің жалауы астында ғана іске асырылады деп ескертті.

Каспий теңізі маңындағы мемлекеттер бейбітшілік бағытындағы ядролық бағдарламаларды іске асыруға құқығы бар деп келісті.

Ресей және Иран Бушер қаласы жанындағы атомдық электростанциясын келіскен жоспар негізінде аяқтап, іске қосты. Ирандағы Бушердегі станцияның екінші және үшінші бөліктерін жалғастыру барысында Ресей мамандарының қызметіне жүгінетіндігін білдірді.

Ресей мен Иран Ирак елінің тұтастығын және егемендігін жақтап, шетел әскерлерінің тезірек елден шығарылуын жақтады.

М. Ахмадинежад кезінде Иран-Армян өзара қатынастары жөнге келді. 2007 жылдың наурызында жаңадан газ құбыры бойынша Иран газы Арменияға жеткізілді. 2007 жылдың қарашасында алғашқы рет Иран президенті М. Ахмадинежад Арменияға ресми сапар негізінде барып қайтты. Блокадаға ұшыраған Армения шетел заттарын тек әуе жолы арқылы жеткізетін. Иран елінің қолдауымен Арменияның ауыр жүкті таситын жүк машиналары Иран жерін басып өтіп, Парсы шығанағындағы ірі порттарға Бендер-Аббас және Каспий жағаларындағы Энзелі порты баратын жол ашылды.

2009 ж. жазда Ахмадинежад қайтадан президент орнын иеленді, тек ел ішінде сайлау нәтижесі бұрмаланды деп, оның қарсыластары наразылық білдірген.

Ауғанстан саяси-әлеуметтік даму ерекшеліктері. Соғыстан кейінгі жылдарды Ауғанстан экономикасына АҚШ және Батыс Германия капиталы ене бастады. Олар қаракөл терісін өндеуге, жол және суландыру құрылыстарын салуға көңіл аударды. Ауылдық жердің көпшілігі феодалдық топтар мен аумақты шаруалардың меншігіне шоғырланды. Елдің экономикалық жағдайының нашарлауы

ішкі әлеуметтік қайшылықтарды күшейтті. Елдегі ұсак және орташа өндіріс иелері және ауылдағы шаруалар қауымы оппозициялық топтар құрды. 1947 жылдан бастап жастар қозғалысы қалыптасты.

1950 жылы «Ватан» атты саяси топ құрылды. Оның құрамына ұсак буржуазия және буржуазиялық қауым өкілдері көбірек орын алды. Оппозициялық топтардың қатарында «Нидан халық», «Ангар» атты ұйымдар да байқалды. Патшаның туысы *Мұхаммед Дауд* басқарған «Ұлттық клуб» атты ұйым да оппозицияның қатарында әрекет етті. 1952 жылы парламент сайлауында оппозициялық топтар жеңілді. Олар сайлау барысында жалғандыққа жол берді, заңға сәйкес емес деген айып тағып, өзінің жақтастарын көшеге шақырды.

1973 жылы 17 шілдеде армиялық топтардың антимонархиялық әрекеті іске асып, Нәдір әулеті биліктен қуылып, Ауғанстан Республикасы жарияланды. Республика басшылығына М. Дауд бастаған топ келіп, демократиялық күштерді қыспаққа алып, қуғынға ұшыратты.

1978 жылғы сәуір оқиғалары. Сәуір революциясы жеңген соң, Революциялық кеңес және Республика үкіметі құрылып, төраға қызметі Н.М. Таракиге жүктелді. Жаңа үкіметтің нақтылы реформалық іс-әрекеттері дамыған социалистік елдердегі құрылысқа ұқсас болды. Бір партияның жеке үстемдігі, оппозицияға жол бермеу, исламның дәстүрлерімен санаспау, көп салалы шаруашылық құрылыс экономикасын бірден социалистік тәсілге көшіру әрекеті, көрнекті діндар және буржуазиялық қайраткерлерді жазалау халық бұқарасына жақпайтын іс-әрекет екені айқындалды. Жаңа өмірдің қалыптасуы барысында басқарушы партия арасында алауыздық пайда болды, өзара тартыс басталды. Х. Амин төбы көптеген партия басшыларын қаралап, Б. Кармальды, А. Қадырды, С. Кештмандты, И. Нұрды қызметтен тайдырды. 1979 жылы ол Н. Таракиді өлтіріп, барлық билікті өз қолына алды.

Ауғанстан үкіметінің «өтініші» ескеріліп, 1979 жылы желтоқсанда КСРО әскерлері Ауған жеріне енгізілді. Бұл заңсыз әрекет елдегі жағдайды одан әрі шиеленістірді. 1979 жылы Ауғанстандағы 26 провинцияның 18-де Орталық үкіметке қарсы топтар әрекет етті. Елдегі өңделген жердің көлемі 9%-ға қысқарды, дәнді дақылдар өнімі – 10, ал техникалық дақылдар өнімі 30%-ға азайды. 5млн-ға жуық ауған тұрғындары босып кетті.

Аминді күшпен кетіріп (1979 ж.), билікті Бабрак Кармальға, кейіннен Мұхаммед Наджибуллаға беру жағдайды өзгертпеді. 1989 жылы 15 ақпанда Женева келісімдері негізінде КСРО әскерлері Ауған жерінен түгелімен шығарылды.

Ауғанстанның 1980-1990 жылдардағы жағдайы. Ауғандағы өзара тартыстың зардабынан 1 млн-нан астам тұрғын оққа ұшты, елді мекендер өртеліп, қиратылды.

КСРО армиясы шығарылғаннан кейін, Ауғанстандағы соғыс әрекеттері тоқтамай, одан әрі жалғасты. Оппозицияның біріккен күштері Кабулдағы коммунистік үкіметке қарсы шабуылдарын үдете түсті. 1992 жылы 28 сәуірде М. Наджибулла үкіметі құлады.

Кабулда Б. Раббани (ұлты тәжік) бастаған уақытша үкімет құрылады. 1992 жылдан бастап Ауғанстандағы азамат соғысы ұлтаралық шайқасқа айналды.

Солтүстік Ауғанстандағы Мазари-Шариф қаласында генерал А. Дустум (ұлты өзбек) бастаған «Ислам ұлттық қозғалысы» саяси ұйымы құрылып, осы өңірдегі өзбектердің ұлттық бірлігін қорғауды жоспарлады.

Солтүстік-Шығыс Ауған жеріндегі әскери топтың басында Ахмад-шах Масуд (тәжік) тәжік тұрғындарын қорғамақ болуда.

Дәл осы кезде Пәкістанның ықпалында болған жас ауған діншілдері – талибтердің қозғалысы тез күш алып, 1996 жылы қыркүйекте Кабулды басып алып, сол қаладағы БҰҰ кеңсесінде тығылып жүрген М. Наджибулланы тұтқындап, дарға асып өлтірді.

Талиб әскери күштері Б. Раббани үкіметінің әскерін солтүстік аймақтарға шегіндіріп, Тәжікстан – Өзбекстан – Түрікменстан шекарасы шебіне жетіп, Орта Азия өңірегіндегі халықаралық қатынастарды шиеленістіре түсті.

Ауған жеріндегі өзара тартыстар көршілес ТМД елдерінің тыныштығын кетірді. 1992 жылы Ташкент қаласында Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінің арасында ұжымдық қауіпсіздік келісіміне қол қойылып, өздерінің тәуелсіздігін қорғау шараларын қарастыруға кірісті.

Талибандар үкіметі ескі мұсылман тәртібін орнатып, елдің құтын қашырды, халықаралық лаңкестікті қолданды. Усама бен Ладен Ауғанстанға қоныстанып, әл-Қаида ұйымын басқара берді.

Талибтер тәртібі әлемдік қауымдастықтың қолдауын таба алмады. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йорк қаласында ірі террорлық әрекет іске асырылды.

АҚШ басшылары мұндай кантөгіс әрекеттер талибтер үкіметінің әрекеті деп мәлімдеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сүйенген АҚШ басшылары талибтерге қарсы жұмылған халықаралық бірлестік ұйымдастырып, Ауғанстандағы талибтер тәртібін жазалау әрекетін қолға алды. Ұлыбританияның ашық қолдауына сүйенген және Ауғанстандағы «Солтүстік Альянс»

тобының көмегін қосып, АҚШ әскерлері соғыс әрекеттеріне кірісіп, талибтер тәртібін құлатып, олардың орталық басқару органдарын жойып, Ауғанстан жерінде халықаралық соғыс топтарының билігін орнатты. 2001 жылдың 21 желтоқсанында Ауғанстандағы үкімет билігін АҚШ-қа бейілділік білдірген Хамид Карзай басқарды. Х. Карзай бұрынғы Б. Раббани үкіметіндегі сыртқы істер министрінің қызметінде болған.

2004 жылдың басында «Лойа Джирга – («Жалпыхалықтық жиылыс») мәжілісі шақырылып, осы жиында Ауғанстанның жана Конституциясы бекітілді. 2004 жылдың қазанында көшпелі өкіметтің жетекшісі Хамид Карзай Президент ретінде сайланды.

АҚШ үкіметі Ауғанстандағы соғыс әрекеттерін жалғастыру негізінде НАТО – одағының және 18 елдің әскери күштерін тарта білді. АҚШ әкімшілігі Орталық Азия елдерінің (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қазақстан) әскери топтары тартылады деген үміті зор болды.

Қазіргі кезеңде Ауғанстан аумағында НАТО Одағына бағынатын халықаралық әскер күштерінің қатарында 53 мың адамы бар. Сонымен қатар Ауғанстанның ұлттық әскери топтарында 62 мың және ауған полициясының құрамында 70 мың жауынгері тіркелген.

НАТО әскер тобының ел ішінде болуын ауғандықтар үшін тиімді жағдай емес екендігі анық. Халықтың басым көпшілігі шетел әскерлерінің ел аумағында болуын оккупациялық әрекет деп ұғып, ондай озбырлыққа күресуге дайындығын білдіреді. АҚШ әкімшілігінің қысымына төтеп бере алмаған. Ұлыбритания мен Германия Ауғанстанға қосымша әскер топтарын жіберуге дайындығын белгіледі. АҚШ президенті Дж. Буш Ауғанстан мен Ирактағы соғыс әрекеттерін одан әрі жалғастыруға қазынадан қосымша 162 млрд доллар бөлуді ұйғарды.

Х. Карзай үкіметі мен шетел әскери тобының ел ішінде тыныштық орнату шараларының әлсіздеу екенін дәлелдеуде. Ішкі аудандардағы зорлық-зомбылық әрекеттері, партизандық топтардың қарсылығы, террорлық әрекеттердің соңы көрінер емес. Талибан топтарының әрекеттері қайтадан жиіленіп, белсенділігі күннен-күнге өсуде. Талибан топтарының мекендеген аймақтары Ауғанстан-Пәкістан шекарасы түйіскен таулы-қыратты өңірлер. Бұл аймақтарды «тайпалар мекені» деп атайды. Талибтер жасақтары Кандагар, Гильменд, Заболь, Нан шархар, Хост сияқты шекаралық провинцияларда ықпалы күшті. 2004 жылдың көктемдегі осы аудандардағы Ауған, Пәкістан және АҚШ-қа жақ әскерлердің ірі шабуылдары нәтиже бермеді.

Шетел әскерлерінің қолдауына қарамастан Ауғанстан аумағындағы талибтер топтарының ықпалды аймақтар көлемі айдан-айға ұлғаюда. Ауған әскери топтары және шетел армия бөлімшелері көбінесе провинциялардың әкімшілік орталықтарын, соларды байланыстыратын жолдарды, ірі стратегиялық орталықтарды қорғауға ғана шама-сы келеді. Ал шалғай түпкірдегі және ауылдық жерлердің барлығы орталық үкіметке бағынбайтын күштердің ықпалында отыр.

Халықаралық қауымдастық топтар Ауғанстан еліндегі тайпалық дәстүрлерге терең мән бермейді. Ауғанстандағы тайпалық дәстүрлер, ауғандықтардың өзара туыскандық, ағайыншылық байланыстардың буыны.

2009 ж. тамызда президенттік сайлауда оншақты үміткерлер таласқан. М.Қарзай және А.Абдулла екеуі басымды болып шыққан.

§28. Түркия

Елдің соғыстан кейінгі экономикалық және саяси дамуы. Соғыстан кейін Түркия елі жаңаланудың капиталистік түрін тандап, этатизм саясатының негізін әлсіретіп, жеке меншіктік шаруашылықтың дамуына жол ашты. Дүние жүзіндегі, әсіресе Балқан түбегіндегі саяси өзгерістер Түркия Республикасына едәуір ықпалын тигізді. Түркия бұқарасы қатаң әскери тәртіпті жұмсартып, демократиялық өзгерістер енгізілуін талап етті. Ауылдағы шаруалар жер мәселесінің шешімін таппағандығына наразылығын білдірді.

1945 жылы 11 маусымда Түркия Халық жиналысы «Жер реформасы» жөнінде заң қабылдады. Бұл заң шаруалар үшін жағымды жаңалық бола алмады. Шаруалар отбасы алған жердің құнын 20 жыл ішінде не мемлекетке, не жеке меншік иелеріне төлеуге тиісті болды. Реформа елдегі жері аз не мүлдем жоқ шаруалардың жағдайын жеңілдеті алмады.

Жұмысшылар үшін 1947 жылы «Кәсіподақ ұйымдары» туралы заң жарияланды.

Едәуір қалыптасқан ұлттық буржуазия талаптарын ескеріп, Түркия үкіметі 1946 жылдан бастап көппартиялық саяси тәртіпті жақтайтынын білдірді. 1946 жылы қаңтарда Түркияның *Демократиялық партиясы* құрылды. Ол бұрыннан келе жатқан Халықтық Республикалық партиядан бөлініп шыққан. Демократиялық партияның басшылары: Джемал Баяр – республика президенті, Аднан Мендерес премьер-министр болып сайланды. Олар саяси билік басында 10 жыл (1950-1960) отырды.

1960-1990 жылдардағы Түркия республикасының дамуы. Демократиялық партия үкіметі экономикалық саясатында жеке меншік кәсіпшіліктің шексіз дамуына ерік беріп, шетел капиталының енуіне кедергі қоймады. Ел ішіндегі ұсақ және орта иеліктерге көптеген жеңілдіктер ашылып, мемлекеттік кәсіпорындардың дамуы қысқартылды.

1951-1954 жылдары жарияланған заңдар негізінде шетел капиталы барлық экономика салаларына енгізілетін болды. Шетел инвесторлары Түркияда тапқан барлық пайдасын еркін шығаруына құқық берілді. 1950 жылы жеке меншік өндіріс өнімінің үлесі 42% болса, 1960 жылы 65%-дан асты. 1950-1960 жылдардың аралығында АҚШ Түркияға экономикалық несие түрінде 1 млрд доллар, ал әскери несие ретінде 1,6 млрд доллар көмек берді. Ұлыбритания, Франция, Батыс Германия капиталдары да елдің экономикасына қосыла бастады.

Демократиялық партия үкіметі сыртқы саясат саласында Батыстың қолшоқпары болды. 1950 жылы Корея түбегіндегі соғысқа бір әскери бригадасын қатыстырды. Түркия 1952 жылы – НАТО блогына, 1954 жылы Бағдат блогына мүшелікке тіркелді. Әскери шығындардың мөлшері жылдан-жылға ұлғайды. Демократиялық партия үкіметінің саясаты халыққа жақпады. Осы жағдайда армия қатарында жас офицерлердің жасырын ұйымдары Анкара, Стамбұл, Измир, Эскишехир қалаларында құрылды. 1960 жылы мамыр айында Стамбұл, Анкара университеті студенттерінің ереуілдерін әскери күшпен басуға тура келді. Қайшыласқан жағдайда 1960 жылы 27 мамырда «Жас офицерлер» ұйымдары әскери төңкеріс арқылы Демократиялық партия үкіметін саяси биліктен тайдырды.

Бірақ қоғамдағы қайшылықтар бәсеңдемей, Түркия армиясы саяси өмірге тікелей қатысуға мәжбүр болды. 1971, 1980 жылдардағы әскери төңкерістердің нәтижесінде саяси жағдай жөнделіп, азаматтық үкіметтердің қызметіне жол ашылды. Әскери төңкерістер Түркия еліндегі Кемал Ататүрік қалаған демократиялық тәртіпті, азаматтардың бостандығын, нарықтық қатынастарды дамытуға мүмкіндік тудырып, қайшылықтардың бәсеңдеуіне болысуда.

1960-1970 жылдарда мемлекеттің тікелей араласуымен бес жылдық жоспарлар негізінде индустрияландыру саясаты іске асырылды. Энергетика, тау-кен, түсті металл, химия, мұнай өндіру, автомобиль жасау өндірістік салаларының даму негіздері қаланды.

1970-1980 жылдар Түркия тарихындағы ең қиын кезеңдердің бірі болды. Саяси өмірде тыныштық орнамай, 1974-1980 жылдарда үкімет басында 7 кабинет ауысты. Премьер-министр Сүлейман Демирел қиын кезеңде (1979 ж.) Т. Озалды үкіметтің кеңесшісі етіп тағайындайды. 1983 жылы Т. Озал «Ана-Отан» партиясын ұйымдастырды. Осы

партия сол жылғы парламенттік сайлауда жеңіп, үкімет басына келеді. Тұрғыт Озал 1983-1987, 1987-1989 жылдары премьер-министр, 1989-1993 жылдары президент қызметінде болып, Түркия республикасының экономикасын жандандыру шараларын жүзеге асырды. Ол «Түркия моделі» деп аталды. Т.Озал өз саясатын «жаса, өндірі, өзгеге сат» деген ұрандармен бастады. Ол, ең алдымен, кіші, орта мемлекет кәсіпорындарын, екінші қарқында жеңіл өнеркәсіп пен мұнай өндірісіне маманданған түрік экономикасының өзекті кәсіпорындарын жекешелендірді.

Ұлттық өндіріс бұйымдарының бәсекелестік деңгейін көтеру үшін импорт саласын жұмсартып, шетел тауарлары мен капиталдарының еркін енуіне кедергі жасамай, Түркия бұйымдарының экспорттық деңгейін арттыруға тырысты. Түркия ақшасының айырбасталушылық деңгейін көтеру шаралары енгізілді. Сөйтіп, Түркия Республикасы «жабық экономика» түрінен «ашық» түріне көшіп, нарықтың кең дамуына жағдай жасап, капиталистік қатынастардың дамуына жол ашты. Түркияның ұлттық монополистік капиталы шоғырланды. Түркия монополистік капиталы Холдинг компаниясы түрінде қалыптасып, отбасылық негізде топтасты.

Тұрғыт Озал ұлттық тарихта «өзгерістердің атасы» деп танылды. Түркия Республикасы экономикалық көрсеткіштері бойынша дүние жүзінде 21-орыннан 17-орынға көтерілді.

1980 және 1990 жылдардың екінші жартысы Түркия экономикасының зор өрлеу кезеңі болды. Осы жылдардың барысында әр түрлі өнеркәсіп салаларындағы өнім өндіру қарқыны 8-10% көлемінде артты. Электр қуаты, темір, руда, шойын және болат өнімдері екі есе өсті. 1988 жылға дейін Түркия шаруашылығы даму қарқынын бәсеңдеткен жоқ. КСРО-ның ыдырауы Түркия нарығына мындаған ұсақ меншік иелері мен сатып алушыларды итермеледі. Тек Ресей алыпсатарлары ғана Түркия экономикасына жыл сайын 15 млрд доллар қаржы құйып отырды. Бірақ Ресейдегі 1998 жылғы дефолт және 1999 жылғы Азиядағы дағдарыс Түркия экономикасын кейін шегіндірді. Шетел инвесторлары жағдайдың осалдығын байқап, 1997 жылы Түркиядан 7 млрд доллардан астам қаржысын шығарып алды. Түркия басшылары халықаралық қорлардан көмек сұрауға мәжбүр болды. Түркияның жағдайын жеңілдету үшін халықаралық валюта қоры 11 млрд долларға тең тұрақтандыру қарызын бөлді. ХХІ ғасырдың басында Түркияның экономикасы біртіндеп жөнделе бастады.

2000 жылғы парламенттік сайлауда Солшыл демократиялық партия өзінің басымдығын танытты. Осы партияның жетекшісі Бюлент Эджевит үкімет басшылығына келді. 2000 жылы 5 мамырда Түркия Республикасының Ұлы Халық жиналысы Ахмет Неджет Сезер мыр-

заны президент етіп сайлады. Ахмет Сезер Түркия республикасының кезектегі оныншы президенті болды.

Бірақ Түркия парламентіндегі саяси партиялар арасындағы түсінушілік болмай, алауыздық етек алды. Бұл жағдай Бюлент Эджевит бастаған кабинеттің дағдарысын ушықтыра түсті. Осының салдарынан 2002 жылдың 3 карашасында мерзімінен бұрын парламент сайлауын өткізу қажеттілігі туды. Бұл сайлау Әділеттік және даму партиясының жеңісімен аяқталды. Оппозициялық солшыл демократиялық партия сайлаушылар дауыстарының 1%-на ғана ие болып, ойсырай жеңіліске ұшырады. Әділеттік және даму партиясының жетекшісі Реджеп Тайып Эрдоган мырза, Түркия президентінің жарлығына сәйкес, премьер-министр болып тағайындалды.

Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынас. Тұрғыт Озал мен Түркия президенті Сүлейман Демирел кезінде Түркияның сыртқы саясаты жаңаланды. КСРО елінің ыдырауы Түркия жері зор қуанышпен қарсы алды. Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси қатынастар бірден жоғары деңгейге көтерілді. Жоғарғы үкімет басшыларының ауысқанына қарамастан, Түркия мен Қазақстан арасындағы достық және туысқандық қатынастар одан әрі күшейе түсті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға арнайы ресми сапарлары сол байланыстың айқын айғағындай болды. Бұл сапар 2003 жылдың мамыр айында өтті.

Екі президенттің кездесуі барысында ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды. Сонымен қатар маңызды халықаралық және өмірлік мәселелер төңірегінде пікір алмасылды. Келіссөздің нәтижесінде маңызды екі жақты құжаттарға қол қойылды. Олардың қатарында «Ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме», «Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық келісімі», «Банктерді реттеу және қадағалау меморандумы», «Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен әкімшілік өзара көмек туралы келісім» және басқалар. Стамбұл-Алматы теміржолын салу мүмкіндігі және Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбырын тезірек іске қосу мәселелері талқыланды.

Сапар барысында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Кемал Ататүрік мұражайына барып, Түркия халқының көрнекті перзенті ескірткішіне гүлдесте қойды. Сонымен қатар Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-Түркия достығына зор үлес қосқан Түркияның экс-президенті Сүлейман Демирелмен кездесті.

Қазақстан тәуелсіздігін ең бірінші болып мойындаған Түркия Республикасы болды. 1992 жылдан бастап Түркия банктері Қазақстан үшін қор ашып, сол жылы ғана 200 млн доллар несие берді. 1997 жылға дейін Түркия несие қорының мөлшері 600 млн доллардан асты.

1998 жылдың бірінші жартысында Қазақстан экономикасының қажетіне 65 млн доллар Түркия қарызы ашылды. Бұдан бір жыл бұрын екі елдің арасындағы сауда айналымы 30 млн доллардан аспаса, 1997 жылы 776 млн доллардан асып түсті.

Құрылыс саласында Түркия компанияларының көмегі арқасында көптеген ірі мейрамхана, мемлекеттік кеңселер салынды. Түркістан қаласында Халықаралық қазақ-түрік университеті, Алматыда С. Демирел атындағы университет ашылды. Қазақстанда 26 қазақ-түрік лицейлері жұмыс істейді. Түркия оқу орындарында қазақ жастары білім алуда.

§29. 1945-2008 жж. Азиядағы араб елдері

Араб елдерінің ХХ ғасырдың 40-жылдардың ортасынан 50-жылдардың ортасына дейінгі жағдайлары. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Азиядағы араб халықтарының көбі Батыс елдердің отары болып өмір сүріп жатты. Біріккен Араб Әмірлігі, Бахрейн, Кувейт, Оңтүстік Йемен, Иордания, Палестина ағылшындардың қол астында болды. Сирия мен Ливанда француз әскерлері орналасты. Соғыс кезінде Шарль де Голль үкіметі бұл елдердің тәуелсіздігін мойындағанымен, келісімдерін орындауға асықпады. Екі елдің саяси күштері 1945 жылдың соңы – 1946 жылдың басында шетел әскерлерін алып кетуді талап етіп, толқулар мен жаплай шерулер ұйымдастырды. Франция саясаты БҰҰ-да қаралып, әшкереленді. Осындай халықаралық қысымға тап болған Франция үкіметі 1946 жылы 17 сәуірде бұл елдерден қарулы күштерін шығаруға мәжбүр болды.

Ирак тәуелсіз болып есептелгенімен, оның экономикасы, саясаты, қарулы күштері ағылшын ықпалында болып келді.

Соғыстан кейінгі жылдары араб халықтарын «Палестина мәселесі» қатты мазалады. Бұл мәселенің ушыға түсуіне ағылшындардың Палестина жеріне Еврей мемлекетін құру шешімі себеп болды. Мәселе 1946-1947 жылдары халықаралық деңгейге көтеріліп, аяғында оны шешуге БҰҰ қатысты. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1947 жылы Палестина жерінде еврейлік Израиль мен арабтың Палестина мемлекеттерін құру шешімін қабылдады.

Соғыс кезінде араб елдерінің экономикалық дамуы біраз алға басып, арабтардың ұлттық буржуазиясы бай түсті. Олар жеңіл және тамақ өнеркәсібімен, ұсақ саудамен айналасты. Ал іргелі кәсіпорындар, банктер, құрылыс, байланыс жүйелері шетел капиталына бағынышты болды. Бұл аймақта соғыстан кейін өте бай мұнай қорлары ашылды. Ол салада да АҚШ пен Англияның «Бритиш петролеум

Компани», «Роял Датч Шилл», «Тексака Ойл» мұнай компаниялары үстемдік жүргізді. Сауд Арабиясында американдықтар, Иракта – ағылшындар мұнай тізгініне ие болып келді. Жергілікті феодалдар шетел державаларының болуын қалады.

Дегенмен араб елдеріндегі бұқара халық, демократиялық-ұлттық партиялар толық саяси және экономикалық бостандық үшін күрес жүргізді. Арабтың Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстарды мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

Бірінші кезең – 1945 жылдан 50-жылдардың орта шеніне дейін қамтыды. Бұл кезеңде шетел әскерлері Сирия, Ливан және Палестина аумақтарынан кетті. Иордания қағаз жүзінде протектораттан құтылды.

1952 жылы Египетте революцияның нәтижесінде республикалық тәртіптің орнауы бүкіл Арабтық Шығыстағы оқиғаларға әсер етті. 1956 жылғы Израиль мен отаршылдық елдердің Египетке қарсы соғысы жеңіліспен аяқталып, Англия мен Францияның ықпалын әлсіретті. Бірақ сәтсіздіктер де болды. Араб елдері 1948-1949 жылдардағы Палестина соғысында жеңіліп, арабтық Палестинаның аумақтары Израильге берілді. Миллиондаған палестиндіктер басқа елдерге босып, біразы Газа ауданына және Иордан өзені өңірінде шоғырланды.

Екінші кезеңде (50-жылдардың ортасы – 60-жылдар) империализм жаңа сәтсіздіктерге тап болды. АҚШ 1957 жылы «Эйзенхауэр доктринасын» жариялап Англия мен Францияның орнына өз үстемдігін орнатпақ болды. Бірақ оның орнына Сирия мен Египет бір мемлекетке бірікті. 1958 жылы Ливандағы Шамун үкіметі күйреді. Орта Шығыстағы Батыстың тірегі болған Ирак енді өз еркімен даму жолына түсті. Парсы шығанағының мемлекеттері өз тәуелсіздігін алды. Йеменде республикалық тәртіп орнады. Алжир революциясы (1954-1962 жж.) жеңіспен аяқталды. Батысты шеттетіп, аймақта КСРО мен ҚХР ықпалы күшейді.

Үшінші кезеңде арабтарды ауыр қиындықтар күтіп тұрды. Біріншіден, Египет, Сирия, Алжир және басқа да араб мемлекеттері таңдаған социалистік құрылыс тығырыққа тірелді. Екіншіден, араб елдері мен Израиль арасындағы қарама-қарсылық апатты аяқталды. Сирия мен Иракта солшыл басшылардың билікке келуі, Оңтүстік Йеменнің тәуелсіздік алуы, мұнай өнеркәсібін мемлекеттік меншіктеу, Сирия, Ирак және Йемен Халық Демократиялық Республикасының КСРО-мен әскери-саяси ынтымақтастығының нығаюы, Каир мен Мәскеудің қысқа мерзімге одақтасуы 1967 жылғы «алты күндік соғыстың» кері әсерімен теңесе алмады. Тек 1973 жылғы үшінші қазан соғысы, мұнай эмбаргосы және Палестинаны азат ету ұйымының (ПАҰ) қызметі Таяу Шығыстағы жағдайды теңестіре түсті.

Төртінші кезеңде (70-жылдардың ортасы – 80 жылдардың соңы) көптеген араб елдерінде қоғамның әлеуметтік-саяси өзгерістері болды. Египетте, Оңтүстік Йеменде социалистік құрылыс пен бірпартиялық жүйе күйреді. Әлеуметтік карама-қайшылықтар шиеленісіп, исламдық және экстремистік топтар бас көтере бастады. Олардың идеологтары алғашқы исламның қағидаларын енгізуді мұраттады. Араб елдерінің бірқатарында лаңкестік ұйымдар құрылып, Ливанда, Оңтүстік Йеменде, Алжирде, Суданда азаматтық соғыс өрті тұтанды.

Кэмп-Дэвид үдерісі, азамат соғыстары, Таяу Шығыстағы жағдайдың шиеленісуі арабтардың арасына одан әрі араздасуды тудырды. ПАҰ-ды БҰҰ және дүние жүзі мемлекеттері мойындаса да, 80-жылдары ол Израильдің Ливанға қарсы басқыншылығына байланысты мәселеде жеңіліске ұшырады. 1987 жылы Израильдің басып алған Палестина жерінде жалпыхалықтық көтеріліс бұрқ ете қалды («интифада» - «тастар революциясы»).

Ирак пен Суданда реакциялық тәртіп орнады. 1979 жылы барлық билік С.Хусейннің қолында шоғырланды.

Бұл жағдайлардың барлығы халықаралық қатынастарда қауіпті дағдарыс жағдайын туғызды. Таяу Шығыстағы КСРО-ның ықпалы бірден түсті. АҚШ-тың және оның одақтастарының рөлі артты.

90-жылдары Арабтық Шығыс басынан ауыр кезең өткізді.

«Қырғи-кабақ соғыстың» аяқталуы, КСРО-ның ыдырауы мен әлемдік социализмнің күйреуі, бірполярлық дүниенің құрылуы араб елдерінің ішкі және сыртқы саяси өміріне әсер етті. Иордания мен Израиль бейбіт келісім жасасты, Израиль мен ПАҰ келісу жолында тұр. Ливандағы ішкі жанжалдар біраз бәсеңдеді.

Дүние жүзіндегі және Арабтық Шығыстағы жағдай 2001 жылы 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін күрт ушықты. Тіпті Үшінші дүниежүзілік соғыстың басталуы туралы сөз болды. АҚШ барлық күшін салып, дүние жүзіндегі лаңкестікпен күресуді мақсат тұтты. Оның бұл бағыттағы алғашқы қадамы Ауғанстандағы талибандар билігіне және сол жерде жасырынып жүрген Усама бен Ладен басшылығымен құрылған «әл-Қаида» ұйымына қарсы жасалған соққы болды. Бірақ кейбір елдер мұсылмандарға қарсы дүниежүзілік майдан құруды жақтаса да Дж.Буш және оның айналасындағылар толықтай ислам әлеміне қарсы келген жоқ.

XXI ғ. басында да араб әлемі қауырат жағдайда дамуда. Бірқатар араб елдері АҚШ пен Англияның әрекетіне қарсы болмады. Араб елдерінің Лигасы Ирактағы соғысты тоқтатуды талап етуде. Бұл пікірді көптеген елдер жақтайды және Таяу Шығыстағы мәселені бейбіт жолмен шешуді қалайды.

Дағдарыс әрекетінің осындай шиеленіскен сәтінде АҚШ, Ресей, Еуропалық кеңес және БҰҰ «Жол картасы» деген атаумен Таяу Шығыстағы мәселені реттеу жоспарын ұсынды. 2003 жылы мамыр айында Израиль мен Палестина «Карта» жоспарын қабылдады. Я. Арафат басшылығымен құрылған әкімшілік израильдіктер кетіп жатқан белгілі-бір аймақтарда билік етті. Үлкен қиыншылыққа кездесе отырып, А.Шарон Газа ауданынан еврейлерді шығарды (2005 ж. жаз). Сол жылдың күзінде Израильдің «Ликуд» партиясы дағдарысқа ұшырады. А.Шаронның бәсекелестері оны сатқын деп айыптады. Шарон ол партиядан шығып, жаңа «Кадима» партиясының құрылғандығы жөнінде мәлімдеді. 2006 жылдың қаңтарында ол ес түсінен айырылып, оның орнын Э.Ольмерт басты. Кнессет (Израиль парламент) сайлау өтіп, жеңімпаздар анықталмай, коалициялық үкімет құрылды («Кадима», «Авода», т.б.).

2004 жылы Я.Арафат қайтыс болды. ПАҰ көшбасшысы және Палестина автономиясының президенті *Махмуд Аббас* болды. 2006 жылғы қаңтардағы Палестина парламентіне сайлауда «Хамас» ұйымы жеңіске жетті. «Хамас» басшылары еврейлердің дұшпанына айналды. Оның үкіметі басып алған аумақтарды босатпайынша Израильді мойындаудан бас тартты. 2005 жылдың күзіне дейін орындалуы қажет болған «Жол картасы» енді керек болмай қалды.

2005 жылы көктемде Бейрутте Ливанның бұрынғы премьері Р.Харири өлтірілді. Бұл іс тұрғын халықтың үлкен наразылығын туғызды. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі Ливаннан Сирия әскерлерін шығаруды талап етіп, АҚШ Дамаскті ланкестік ұйымдарды қолдайды деп айыптады. 2006 ж. Израиль Ливанға соғыс ашып, мақсатына жете алмай, шегінуге барды.

Осы жағдайларға байланысты Палестина мәселесін реттеу одан әрі қиындай түсті. 2006-2007 жылдарында М. Аббас пен Хамас басшылары араздасып Палестина автономиясында Газа ауданы «Хамастың» қолында, ал Иордан өзенінің батыс жағалауы ПАҰ-дың қолына қарауда. Хамасшылар жағынан Израильге қарай оқ атылса болғаны, еврей мемлекеті Газаны бомбылауға кіріседі. Израиль әскерлері ол ауданды қоршап, шектеуге алған. 2007 ж. қаңтарында аш-жалаңаш қалған палестиндіктер шекараны бұзып, Египетке өткен еді. Мәліметтер бойынша олардың саны 300-400 мың адамға барған. Египет өкіметі келгендерді қайтаруға тырысты. Еуропа елдері, АҚШ, Ресей, Қытай, біздің Қазақстан да Палестина тақырыбына мән беріп, оны ақиқатты түрде шешілгенін жақтауда. Израиль жағы 1947 ж. БҰҰ шешіміне сәйкес шекараласуға барғысы келмей отыр. Онсыз арабтар қарсыласуы тоқтамас.

Ирак. Ирактың дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1. 1945-1958 жылдары – монархиялық билік сақталып тұрған уақыт;

2. 1958-1966 жылдар – республикалық тәртіп орнатылып, ел ішіндегі өмір тұрақсызданып, мемлекеттік төңкерістер орын алып тұрған кезең;

3. 1966-2003 жылдар – бұл кезеңде төңкеріс арқылы *Араб социалистік өркендеу партиясы* (ар. БААС) үкімет басына келіп, елді басқарып отырды. Осыған орай ол партия мүшелерін *баасшылар* деп атайды.

4. 2003 жылдың басынан бүгінгі күнге дейін американо-ағылшын соғысы, С.Хусейннің диктатурасының күйреуі, елді демократияландыру кезеңі.

Елде екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бірнеше саяси партиялар болды. Демократиялық топтар халық партиясын, ұлттық бірлік партиясын құруға атсалысты. 1946 жылы *Ирак ұлттық-демократиялық партиясы* (ИҰДП), *Күрдістан демократиялық партиясы*, т.б. өмірге келді. Бұған дейін *Ирак компартиясы* астыртын қызмет атқарған. Монархияны жақтаушы либералдық партиялар да болды. Осылар 1947 жылы парламент сайлауына қатысып, жеңіске оңшыл партиялар жетті. Ирак үкімет 1948 жылы қаңтарда Англиямен жаңа шартқа отырды. Ол 1930 жылғы шартқа ұқсас еді. Англия Ирактың қарулы күштерімен сыртқы саясатында бақылау сақтап қалды. Халық бұқарасы оған наразылық білдіріп, елде жаппай ереуілдер, толқулар болып, үкімет құлады. Жаңа үкімет 1930 жылғы шартты қайта қарастыруды қажет деп тапты. Бірақ көтеріліс ұлғая түсті. Оның басында демократиялық партиялар мен ұйымдар тұрды. Үкімет тарапынан ирак-ағылшын қатынастарын жаңа жолға салу туралы шешім шығарылғаннан кейін ғана толқулар бәсеңдегендей болды. Екі-үш ай өткен соң демократтарды қуғындау басталды. 1948 жылы мамырдағы араб-израиль соғысын сылтауратып, үкімет елде әскери тәртіп жариялап, коммунистердің басшыларын ату жазасына бұйырды.

1949 жылы *Конституциялық одақ партиясы*, 1952 жылы *Ұлттық-социалистік партия* құрылды. БААС, араб ұлтшылдарының қозғалысы, т.б. күшейе түсті. 50-жылдардың бірінші жартысында бірнеше рет сайлау өтіп, үкіметтер ауысты. Ел саясатын белгілеуде оңшылдар басымырақ болды. Олар әскер және полиция күштеріне сүйеніп, Батыс мемлекеттерімен жақындасуға тырысты. 1955 жылы Англия, Түркия, Ирак, Пәкістан, Иран қатысқан Бағдад пактісіне қол қойылды. Бұл «қырғи-кабак соғыстың» Орта және Таяу Шығысқа да

жеткенін көрсетті. Сол жылы Ирак Англиямен жаңа шарт жасасқан еді. Оның да мазмұны 1930 жылы шартқа ұқсас болды.

Ирак арабтардың арасынан Батыс елдерімен жақындасқан алғашқы елдердің бірі болды. Халық тағы да көтеріліс бастады. Бұл жолы ол Суэц дағдарысы мен 1956 жылы Египетке жасалған үштік басқыншылықпен байланысты еді. Үкімет қатаң жазалау әдістерін қолданып, оны басып тастады. Келесі жылы бір топ саяси партиялар бірігіп, *Ұлттық бірлестік майданын* (ҰБМ) құрды. Оның бағдарламасын әскер катарындағы құпия «Ерікті офицерлер» ұйымы құптады.

1958 жылы 14 шілдеде Ирак әскерлері үкіметті құлатып, Бағдатты басып алды. Төңкеріс басында генерал Абд әл-Керім Қасым және полковник Абд әс-Саләм Ариф тұрды. Халық бұқарасы қолдаған төңкеріс революцияға ұласты. *Ирак республикасы болып жарияланды.*

Ирак революциясы Арабтық Шығыстағы ірі оқиғалардың біріне айналып, отаршылдыққа, империалистік үстемдікке үлкен соққы болып тиді. Оның ықпалын шектеу үшін АҚШ пен Англия Ливан мен Иорданияға әскерлерін төкті. Аймақтағы жағдай шиеленісіп кетті. Мәселе БҰҰ-да қаралды. Араб және Азия елдері Иракты қолдады. Екі-үш айдан соң ғана шиеленіс бәсеңдеп, шетелдер әскерлері аймақтан шығарылды.

Республиканың бірінші Үкімет құрамына әскерилермен бірге ҰБМ өкілдері тартылып, алғашқы реформалар басталды. Жер реформасы помещиктердің жер иелігін кәдімгідей қысқартты, шаруалар одақтарының қимылы батылырақ бола түсті. Социалистік елдермен сауда байланыстары артты. Ирак Бағдат пактісінен шығып кетті. Елдегі шетел соғыс базалары жабылды. Тез арада уақытша Конституция бекітіліп, ел басына А.К. Қасым тағайындалды. Ол заңдар қабылдайтын революциялық басшылықтың ұлттық кеңесін басқаратын болды.

Саяси өмірде демократиялық қайта құрулар басталды. Бірақ көп ұзамай революцияны жақтаған партиялардың ынтымақтастығы аяқталды. Елде әскери іс-қимылдар басталды. Ал А.К.Қасым өзінің үстемдігін орнатуға кірісті.

БААС басқаруы кезінде, Ирак. 1963 жылы 8 ақпанда мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырылып, жаңа әскери билік орнады. А.С.Ариф президент, А.Х. әл-Бәкір премьер-министр болып тағайындалды. Бәкір баасшылдардан болғандықтан, елді бірінші БААС үкіметі басқарды. Ол компартияға қарсы әрекет жүргізе бастады. Баасшылдар елде саяси-экономикалық дағдарыс тудырған еді. Олар барлық қоғам құрылымдарын өздеріне қаратуға тырысып, өндірісте жұмысшылар бакылауын орнатты. Сонымен бірге ұлттық буржуазияны да

өкпелетпеуді ойластырып, шетел капиталы иеленген кәсіпорындарды мемлекет меншігіне алуды көздеді.

1966 жылы А.С.Ариф тікұшақ апатында қайтыс болып, президент орнына інісі А.Р.Ариф келді. Ол катал әскери тәртіп орнатып, саяси дұпшандарының көзін жоюға кірісті. Демократиялық өзгерістер енгізу тек сөз жүзінде қалды. Сыртқы саясатында Батыспен де, Шығыспен де байланыстары жөнделмеді.

1967 жылы Таяу Шығыстағы алты күндік соғысқа Ирак қатыспай, шеттеп қалды. Осы жағдайды пайдаланып, 1968 жылы 17 шілдеде баасшылдар мен оларды қолдаған әскери бөлімдер тағы да төңкеріс жасап, А.Р.Арифті қызметінен қуып, билікті генерал А.Х. әл-Бәкірге алып берді. Содан бері қарай БААС үкіметі елді басқарып келді. Ол 1970 жылы уақытша конституция дайындап, елді *халықтық-демократиялық республика* деп жариялады. Мемлекет билігі революциялық басшылық кеңесіне (РБК) тиіп, оның төрағасы және президент орнын А.Х. әл-Бәкір алды, орынбасары Саддам Хусейн болды.

Ирак солшыл баасшылдардың үкіметі кезінде. Бұл жылы билік солшыл баасшылдардың қолына өтті. Олар Сирияда орналасқан жалпы араб басшылығынан қол үзді. Иракта маңызды реформалар жүргізілді.

1970 жылы мамырда жаңа *аграрлық реформалар* бойынша помещиктер отбасыларының жер көлемі едәуір қысқартылды. Шаруалар жерді тегін алатын болды. Екі жыл ішінде кедей шаруалар 3,8 млн дунам жерді иеленді. Жалпы 1962-1972 жылдары ауыл халқы арасында 6,8 млн дунам жер таратылған (1 дунам 0,1 га тең, 1 феддан 0,42 га тең). Жерсіздік, онымен тығыз байланысты кедейшілік түбірімен өзгермесе де, феллахтардың көбі жағдайларын жақсартып алды.

Жұмысшылардың жалақысы тұрақтанып, әлеуметтік қамсыздандыру шаралары бекітілді. Зейнетақы мәселесі реттелді. Мектептер ашылып, жасөспірімдер оқуға тартыла бастады. Қыз балаларды оқыту қолға алынды. Осы шаралар аркасында баасшылдар беделі бұқара халық арасында өсіп, үкімет жағдайы нығайды.

1971 жылғы қабылданған ұлттық іс-әрекеттер Хартиясы демократиялық күштерді бірігуге шақырды. БААС, Коммунистік және Күрдістан демократиялық партиялары (КДП) бірігуіне жол ашылды. Кейін Коммунистік партия өз ішінде жіктеліп, оның бір бөлігі баасшылдарға күдікпен қарады, екінші бөлігі Мәскеуді қолдады, ал үшінші бір бөлігі БААС-пен одактасып үкіметке келді.

70-жылдардың басында Ирак үкіметі КСРО-мен жақындаса түсті. Бұл кезде КСРО-да Арабтық Шығыста тірек іздеп жүрген еді. Ирак үкіметі Англиямен қалың бастағаннан кейін ол Мәскеумен бейбітшілік және ынтымақтастық туралы шарт жасасты. Иракка көп көлемде

кеңестік қару-жарак ағыла бастады. 1970-1990 жылдар аралығында оған жүздеген әскери ұшақтар мен танктер сатылды.

Француз компаниялары да Ираққа көп қаржыға қару экспорттады. 80-жылдары Бағдат арсеналын толтыратындардың қатарына АҚШта кірді. Ирақ аймақта қауіпті күшке айналды.

60-жылдардың өзінде-ақ Ирақ үкіметі мұнай секторының мемлекетке беруін көздеген болатын. 1972 жылы мамырда Ирақ ағылшындардың қолындағы «Ирақ петролеум Компани» (ИПК) мұнай компаниясын мемлекеттік меншікке алды. 1973-1974 жылдарда болған энергетикалық дағдарыс мұнай өнімдерінің күрт қымбаттауына алып келді. Бір баррел мұнай 3-5 доллардан 40 долларға дейін өсті. Сол кезден бастап Ирақтың қазынасына қаржы ағылып келді, «қара алтынды» экспорттаудан ел әр жылы 15 млрд тан астам доллар пайда түсіріп отырды. Осының есесіне ел жаңарып, қаруланып, экономикасын көтеріп алды.

Енді Ираққа қаруланып, күшті армия құрудың не үшін қажет болғанына жауап берелік. 1958 жылы ол АҚШ-тан, Англиядан және олардың одақтастарынан қысым көрді. Ол өзінің Иран мен Израильге болған дұшпандық қарсылығын жасырған жоқ. А.Х. әл-Бәкір мен С.Хусейн өздерін арабтардың мүддесін қорғаушылар ретінде көріп, Арабтық Шығыста көшбасшы болғысы келді.

Бірақ БААС қатарында саяси тартыс өршіді. Көп жылдар бойы екінші орында жүрген, партия мен қауіпсіздік органдарын басқарған Саддам Хусейн 1979 жылы 7 шілдеде А.Х. әл-Бәкірді биліктен тайдырды. С.Хусейн мемлекеттегі барлық билік түрлерін өз қолына шоғырландырды. Жоғары лауазымды қызметтерге оның туысқандары мен жерлестері ғана орналастырылатын болды. Ел дамуында жеке адамға табыну, С.Хусейн отбасы мүддесін қорғау тәртібі қалыптасты. Оған көнгісі келмегендер қуғындалды.

С.Хусейн үкімет басына келгеннен кейін ол ИКП-ны сатқындық жасады деп айыптап, 1979 жылы оның 30 қайраткерін жазалады. Компартия бұл оқиғадан кейін өз қызметін тоқтатты.

Ирақ коммунистерін КСРО жақтағаны үшін Хусейн үкіметі онымен қатынасын азайтты. Кэмп-Дэвид келісімдерін жасасқан Египетке көптеген араб елдері бойкот жариялаған кезде Ирақ елінің мәні жоғарылағандай болды. Ол Сириямен жақындасура тырысты, бірақ Сирия президенті Хафиз Асад пен Саддам Хусейн арасы біраздан соң бұрынғыдан да қатты шиеленісіп кетті. 1979 жылы көршілес Ирандағы революция және елдегі тартыс, Иранның АҚШ-пен жауласуы, КСРО-мен алақөзденуі Ирақ басшысына қолайлы сәт туғызды.

Араб елдерінің 60-70-жылдары Иранға наразылығы ұлғайды. Шаһ үкіметі Парсы шығанағында өз үстемдігін жүргізбек болып, Ормуз бұғазындағы бірнеше аралдарды басып алды. Сауд Арабиясы, Оман, т.б. оны мойындамады. Баяғыдан бері Ирак пен Иранның Шатт әл-Араб өзені бойындағы шекара мәселесі дау-талас туғызып келген еді. 1975 жылы екі ел Алжирде келісімге келіп, шекараны өзеннің ең терең ағыны бойымен (фарватер - кемелер жүзетін сызық) белгіледі. Осы халықаралық құқыққа сай келетін келісімді С.Хусейн өзі жасасқан еді. Енді Иранның әлсіреген кезін пайдаланып, оны одан әрі әлсірету және шекараны өзгерту үшін ол Иранға қарсы шабуыл жасады. 1980 жылы 22 қыркүйекте басталған соғыс сегіз жылға созылып, екі ел де қатты зардап шегіп, 1,5 миллионға жуық адамдары шейіт болды, миллиондаған тұрғындар жарақаттанды. Алдында Ирак әскерлері Иран жерін басып алған еді, кейін шегінуге мәжбүр болып, Ирак жерін ирандықтар басып ала бастады. Бұл соғыстан ештеңе ұтпаған С.Хусейн 1988 жылы тамызда Иранмен келісім жасасып, шекараны Алжир келісіміне сәйкес ұстауға келісті. Ирак қаржыдан жұрдай болып, тіпті 80 млрд. доллар қарызға батты.

Соғыс кезінде күрдтер орталық үкіметпен байланыстарын үзді. Оған қарсы жіберілген ирак әскерлері химиялық қару қолданып, бейбіт халықты қырғынға ұшыратты. Күрдістанда партизандық күрес басталды. Соған қарамастан С.Хусейн тағы да бір ақылға сыймайтын озбырлыққа ұрынды. Ол қасындағы мұнайға бай, өзіне соғыс кезінде 20 млрд. доллар астам көмек керсеткен Кувейтке шабуыл жасап, 1990 жылы 2 тамызда оны басып алды.

Бұл озбырлықты тек Ирактан қаржы, болмаса мұнай алып келген Иордания, Йемен, Судан және Палестинаны азат ету ұйымы ғана қолдаған болды, ал басқа араб елдері, сондай-ақ әлем мемлекеттері оған қарсы шықты. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі бірнеше рет Кувейттен Ирак әскерлерін алып кету туралы қарарлар шығарды. Оған көнбеген Иракты АҚШ бастаған халықаралық күштер 1991 жылы қаңтар-ақпанда әуеден шабуыл жасау арқылы тізе бүктірді. «Шөл дала дауылы» атты әскери қимылдан соң Ирак бойкотқа ұшырап, оның егемендігі шектелді. Билеуші топтың ядролық, химиялық, биологиялық қаруын шығару мүмкіншілігіне жол бермеу үшін бақылауға алу, өндіріс орындарын және құпия орталықтарын тексеру туралы БҰҰ ҚК қарарлары қабылданып, ел бақылау астында қалды. 1995 және 1998 жылдары оны АҚШ пен Англия күштері тағы соққылап алды.

С.Хусейн оған бір көнсе, бір көнбей жүріп, ақыры 1998 жылы тексерушілерді елден шығарып жіберді. Халық арасында азық-түлік жетіспеушіліктен ауру-сырқау көбейді. Иракка дәрі-дәрмек, бидай, ұн,

күріш сатып алу үшін ғана мұнай экспорттауға рұқсат берілген болатын. 2001 жылы қыркүйектегі АҚШ-қа қарсы жасалған әрекеттен кейін елді қысымға алу күшейтілді. АҚШ үкіметі Ауғанстанды билеген талибандарда жуасытқан соң Ирактағы С.Хусейн тәртібін құрту мақсатында, 2002 жылы қарашада БҰҰ ХК-не 1441-нөмірлі қарар қабылдатқызды.

С.Хусейн келісіп, төрт ай тексерулер жүргізілгенімен жаппай қырып-жою қаруы табылған жоқ. Бірақ, бұған қарамастан АҚШ пен Англия соғыс ашты. Коалиция жарты миллионға жуық армиясымен жеңіске де жетіп қалды. С.Хусейн және оның айналасындағылар тұтқынға алынып, сотқа тартылды. АҚШ елді демократияландыру мақсатын қойып отыр. Елде парламент сайлауы өткізіліп, көп орынды шииттер иеленді. Күрдтер өкілі Ж.Талабани президент орнын басты. Көптеген таластардан кейін премьер қызметіне Дж. аль-Малики тағайындалды. Ал сүнниттерге биліктің жоғарғы органдарынан орын берілді. Осылайша елде бірқалыпты жүйе қалыптастырылмақшы болды.

Бұрын қуғын-сүргінде жүрген, құқықтары шектелген күрдтер автономия алып, жергілікті өкіметті М. Барзани бастаған Ирак Күрдістанның демократиялық партиясы басқаруда. Оңтүстік аудандарына шоғырланған шииттер (олар халықтың көпшілігін құрайды) қазір орталық өкімет ұстауда. Ал орталық және солтүстік аумақта тұратын сүнниттер бұрынғыдай билік ұстаудан қалып, АҚШ-қа да, шииттерге де қарсылық көрсетуде. Олар 2005-2006 жж. өз қимылдарын, әсіресе Бағдад маңындағы қалаларда күшейте түсіп, жауларына көп шығын әкелген. Сол тұста ланкестік әрекеттер шииттер қастерлейтін мешіттерде жасалып, екі мұсылман қауымы бір-бірін қыруға барды. 2003 ж. бері қарай 400 мыңнан астам қаза тауып, 3 млн жуық арабтар босып кеткен. 2007 ж. АҚШ қосымша әскерилер жіберіп, қарсыласушыларды біраз әлсіреткен. Үкімет тарапынан С. Хусейн кезіндегі шенеуніктерге, полиция қызметкерлеріне кешірімшілік жасалып, оларды қызметке тартуы да оңды қадам болды. Бірақ, елдегі жағдай әлі мүшкіл.

Сирия жағдайы да өте күрделі дамып келді. Оның басында 1945-1949 жылдары бірнеше буржуазиялық үкіметтер болып, өзара тартыстан көз аспады. Ұлттық партия Мысырмен, Франциямен байланысты нығайтуды көздесе, халық партиясы Иракка, Иорданияға, Англияға жақындағысы келді. 1947 ж. сәуірде БААС партиясы құрылып, ол барлық арабтарды бірігуге шақырды. Олардан басқа діншілер ұйымдары және компартия қызмет атқарды. Президент орнын көп жыл бойы Ш. әл-Қуатли ұстап келді. 1948 ж. Сирия Израильге қарсы соғыс ашып, жеңіліп қалғаннан кейін әскери басшылар азаматтық үкіметтерге кінә тағып, билікті өз қолдарына алуды жөн көрді.

1949 ж. маусым-желтоқсанда Сирияда үш әскери төңкеріс болды. 1951 жылдан 1954 ж. ақпанына дейін елде Әдіп Шишекли диктатурасы орнатылды. 1953 ж. елде жаппай толқулар ұйымдастырылып, бұқара халық әскери тәртіпті жоюды талап етті. Жаңа үкімет араб елдерінің мүддесін қолдап, Бағдат пактісіне қатыспай қойды. 1956 ж. озбырлыққа тап болған Мысырды қатты жақтады.

Келесі жылы Сирия Эйзенхауэр доктринасын қабылдамады. Сонда ол Батыстың қысымына алынды. 1958 ж. 1 ақпанда Сирия және Египет екеуі қосылып, Біріккен Араб Республикасын (БАР) жариялады.

БАР құрамында Г.А. Насыр бастаған әкімшілікте сириялықтар екінші қатардағы қызметке таратылды. 1960 ж. құрылған ұлттық ассамблеяда 385 египеттік депутаттар болса, сириялықтардан 70 ғана енген. Египеттегі қалыптасқан саяси тәртіп бойынша партияларға жол бермеу заңдары Сирияға таратылды. Жер реформасы әлсіз жүрді, елде египет тауарлары қаптады. Әскери басшылығында мысырлар басымды орын ала түсті. Сириядағы кәсіпорындар жабылып, жұмыссыздық ұлғайды. Қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайы бұрын египеттіктей емес, жоғары деңгейде еді. Енді олардың жағдайы нашарлады. Осының бәрі Сирия буржуазиясына да, феодалдарына да, керек болса жұмысшылары мен шаруаларына жақпады. Біртіндеп араб бірігу саясатынан сирия жұрты алшақтады. Елдің тәуелсіздігі үшін қозғалыс туындады. Соны пайдаланып Сирия әскери басшылары 1961 ж. 28 қыркүйекте Дамаск, Триполи, Сайда қалаларында төңкеріс ұйымдасырып, елді БАР шығарып, жеке Сирия Араб Республикасын (САР) жариялады. Насыр үкіметі оған қарсы барудан бас тартып, жаңартылған мемлекетті мойындады. Елдің президенті орнына Нәзім әл-Құдси, премьері орнына М. Ад-Дауалиби тағайындалған. Олар халық партиясының қайраткері еді.

Ол төңкерісті жүргізген дін арасында арабтардың бірлігін алға тартқан Араб социалистік Өркендеу партиясы (АСӨП – арабша БААС, орысша партия арабского социалистического возрождение – ПАСВ) мен компартия болған. Біртіндеп БААС әскерлерінің ішінде ұйымдарын ұлғайтып күшейе берді. Саяси тартыстар елде бұрыннан батылды орын тепкен, 60-жылдары шиеленісе берді. Әлеуметтік жағдайды арабтық социализміне негіздеу үгітін таратқан БААС-шылар мен буржуазия-помещиктер партиялары арысында қалыптасып орын алды. 1962 ж. 28 наурызда әскери төңкеріс арқасында жаңа буржуазия тобы билікті қолдарына алған. Оны келесі жылы 8 наурызда құлатып, басшылыққа оңшыл БААС-шылар келді. Бұл жолы генерал Луэйем әл-Атаси революциялық басқару (әскери командование) Ұлттық кеңес құрастырып, оның тізгінін ұстаған. БААС жетекшілерінің бірі есептел-

ген Салах әд-Дін Битар үкімет төрағасына тағайындалды. Осы топ елді «араб әлемінің құрамындағы халықтық-демократиялық социалистік және егемен республикасы» деп атады.

Саяси-әлеуметтік даму жолдарын іздестіруде билік тобында бітпес дау-талас қалыптасып, аяғы 1966 ж. 23 ақпанда солшыл басшылар ұйымдастырған кезекті әскери төңкеріске әкелді. Бұл жолы ел басына Нұр әд-Дін Атаси, үкімет басына Юсиф Зуэйн отырды.

Солшыл басшылар Ирақтағы әріптестері сияқты негізгі кәсіп орындарда ұлттандыруға кірісіп, ірі және орта деңгейдегі зауыт-фабрикалар мемлекет қолына өтті. Сондай-ақ сыртқы саудада жекеменшілік саласы шектелді. Өндірістің 80% мемлекетке өткізілді. Жұмысшылардың өмірі жетіле бастады. Осы жол көпке созылмады, өйткені 1967 ж. алты күндік соғыста Сирия, Египет, Иордания ойсырата соққыға жығылып, оның дамуына кері әсерін тигізді. Әскери қауқары талқандаған араб елдері барлық мүмкіншіліктердің қорғаныс ісіне жұмсауға арнады. Сирия сол соғыста 1 мың км² жерінен айырылды (Голан жоталары мен әл-Күнейтра қаласы). Ел БҰҰ ҚК 242 қарарын қабылдамай жүрді. Израильмен жанжалдасу елдің берекесін кетірді. Әскери басшылығы саяси жетекшілерді кінәлап, ел билігін толық қолға алуды көздеді.

1970 ж. 13 қарашада қорғаныс министрі генерал Хафиз Асад бастаған топ төңкеріске барып, жаңа үкімет құрастырды. Біраз уақыттан соң референдум өткізіліп, президент орнын Асад басты. Ол елді 2000 ж. дейін биледі. Одан кейін орнын ұлы Башар Асад басты. 1972 ж. Ұлттық прогресшіл майдан (ҰПМ) құрылып, оған БААС, Сирия компартиясы, Араб социалистік одағы (АСО), Араб ұлтшылдар қозғалысы (АҰҚ) және социал юнионистер ұйымы кірді. Кейін тұрақты конституция бекітіліп, социалистік бағытқа көшті.

90-жылдары Сирия экономикасында мемлекеттік сектор бас орын алып отырды. Үкімет жекеменшіктік кәсіпкерлікке кең еркіндік беруге кірісті.

2003-2006 жж. Сирия АҚШ-тың қысымына тап болып қиын жағдайда дамыды. 2006 ж. оның әскерлері Ливан жерінен шығарылды.

Сирия көп жылдары Израильмен қарым-қатынассыз болып келіп, 1973 жылы Египет жүргізген Қазан соғысына қатысқан. Бұл жолы да Сирия армиясы көп ұрысқа шыдамады. Израиль де арабтардың күшінен сескенгендей болды. Келесі жылы 31 мамырда Женева қаласында Сирия-Израиль келісімге барып, Күнейтра қаласынан Израиль бас тартты. Бірақ жоталарды әлі ұстап тұр. Хазір Асад көршілес Ливанға 1975 ж. әскерлерін енгізіп, ол елдегі азаматтық соғысты тоқтатуға қатысты.

АҚШ үкіметі Сирияға қатты қысым жасауда. Ол ел Ирактың С.Хусейн кезіндегі саясатын қолдамай келген. Ирак-Иран соғысында Иран жағында болды. Ал АҚШ Иракты басып алғанда, елден ауысқан Ирак тұрғындарының бір шеті Сирияға кетіп, осы елді паналауда. Дж. Буш әкімшілігі Сирия Ирактағы күрескерлеріне көмек көрсетуде, ланкестік ұйымдармен байланысы бар деп кінәлаған.

Бұл елмен Қазақстан байланыстары дами түсуде. 2007 ж. Дамаскіге Қазақстан президенті сапар шегіп, суда-мәдениет салаларындағы ынтымақтасуға жол ашу туралы келісімдерге қол қойылған. Қазақстан тарапынан Дамаскіде жерленген әл-Фараби мен сұлтан Бейбарысқа арналған кесенелер салуға көмек көрсетілмек.

Ливан өмірінде діни ұғымдар маңызды орын алып келеді. Елдегі конституция 40-жылдарда халықтың көпшілігін құрайтын христиан-марониттерге президент орнын, ал мұсылман-суннитте премьер-министрлікті, мұсылман-шииттерге – парламент төрағасы орындарын белгілеген. Президент қарауына негізгі министрліктер берілді. Кейін халықтың діни құрамы өзгергенде бұл жағдай тартыстар туғызып, ел 1958, 1975 жылдары азаматтық соғыстарға душар болды. 70-90 жылдарда Ливанның ішкі дамуына Сирия әскерлерінің елде орналасуы және палестиндіктер тағдыры көп ықпал тигізіп келді. 1982 ж. Ливанға Израиль озбырлық жасап, оңтүстік аудандар басып алып, 2001 жылға дейін кетпей қойған болатын.

Ливандағы жағдай күрделі және қарама-қайшылықты болып қала берді. Саяси және конфессионалдық топтар бәсекелестіктен және қарсы тұрудан бас тартпайды, олардың көпшілігінің қарулы отрядтары бар және орталық өкіметке бағынбайды. Сириялық әскерлердің елден шығарылғанын мұсылман тұрғын халықтың бір бөлігі қуана қарсы алғанымен, жекелеген партиялар мен қозғалыстар бұған келіспеді. Елде 1982 ж. Израильдің Ливанға қарсы соғысында зардап шеккендер мен кедейлерге көмек көрсету мақсатымен гуманитарлық бірлестік ретінде пайда болған «Хизбаллах» («Аллах партиясы») ұйымы нығайды. Уақыт өте келе басшылықтың (жетекші Хасан Насрулла) көзқарастарында Батыс пен Израильге бірқалыптыдан экстремистік қарым-қатынасқа дейінгі эволюция байқалды. Ол Сирия мен Ираннан қолдау тапты. 2006 ж. шілденің соңында ол Израильдік постқа шабуыл ұйымдастырып, 24 әскери қызметкерді тұтқынға алды. Израиль үкіметі бұл оқиғаны Оңтүстік Ливанға ірі көлемді шабуыл жасау үшін пайдаланды. 2006 ж. маусым-шілдеде Ливан жеріндегі ірі шайқастарға Израиль ұшақтары, танкілері, жаяу әскерлері қатысты. Екі жақ көп шығындалды. Қойған мақсатқа жете алмай Э. Ольмерт үкіметі (Израиль) әскери күштерін қайтаруға мәжбүр болды.

2007 ж. күзінде Ливан президенті Э.Лахудтың уақыты біткен еді. Ол қызметін әскери басшылыққа табыстап, орнынан кетіп қалды. Ливан парламенті 15 мәрте сайлау жүргізіп, президентті іріктеуге шамасыздық білдірді. 2008 ж. аяғында мәселе қайта қарастырылып, генерал Сүлейман президент болып сайланды.

Иордания, Сауд Арабиясы, Йемен монархиялары әр түрлі оқиғаларды басынан кешіріп келді. *Сауд Арабиясында* өте бай мұнай көздері ашылып, ел байлығы арта түскен. 1950 ж. шетел мұнай компаниялары өз табыстарын «фифти-фифти» ұстамында бөлісе алды. 70-жылдары мұнай бағасы күрт жоғарылап мәлік казынасы доллардын астында қалды. Содан бері Сауд Арабиясы өз байлығына сүйеніп, Араб шығысындағы саяси орнын жоғары дәрежеге жеткізуге тырысуда. Оның Фейсал, Халид, Фахд мәліктері халықаралық қатынастарда батыл саясат ұстап, Ислам конференциясының ұйымында, Араб мемлекетінің Лигасында ықпалды қимылдар жасады. Ел АҚШ-пен тығыз байланыста болған. Сауд Арабиясы, Біріккен Араб әмірлігі, Оман Кувейт Қазақстанмен қатынастары жақсы дамуда. 2005 ж. қарашада Фахд қайтыс болып, тақты бауыры Абдулла иеленді.

Бұл елдің мәдениеті сауаттылығының дамуына мәлік Фейсал (1964-1975) және оның жұбайы Иффат (Түркияда туып өскен), өте қатты мән берген. 1920 ж. Иффат жанұясы Сауд Арабиясына қоныстанған. 16 жастағы Иффат Абдәд-Азиз Саудтың ұлы Фейсалдың көзіне түсіп қалады. Ол кезде Фейсал 20-ға толмаған, бірақ үйленген, баласы болған. Әкесі оны Хижаз аймағын билеуші етіп ұстаған. Арабия әлі бағынбаған, Фейсал ол жерден бірінші ресми уәкіл ретінде Англияға барып қайтқан. Еуропа жетістіктеріне ол таң қалады. Білім мен техникасының мәнін түсінеді. Фейсал Иффатқа ғашық болып, әкесінің рұқсатымен некелеседі. Иффат 7 ұл мен қыз көреді. 30-40-жылдары Иффат ислам дініне қатты берілген, Ұахаб ағынындағы мәліктегі саяси және діни басшыларымен әдепті түрде ақылдасып жүріп, елде алғашқы ұл балаларға арналған мектеп ашқызып, шетке білімдерін жетілдіруге жібергізеді. Кейін Сауд қыздарын да мектепке тартқызуға күш жұмсап, мұсылман қыз-әйелдерінің білімді дамуына Құран қарсы еместігін дәлелдеп, оқу орындарын салғызып, өзі бағдарламалар жасауға қатысып, кітаптар басқызып, өте ұқыпты әдістерді қолданып оқығандарға қамқорлық көрсетеді. Фейсал өзі мәлік тағына отырғанда осы үрдіс кең етек жайып, қазір Сауд Арабиясында ірі университеттер, институттар, баспаханалар, мектептер кеңінен тараған.

Солтүстік Йеменде 40-50-жылдары неше дүркін төңкерістер болып, билік үшін таласқа имамның балалары қатысып, елде ежелден сақталған ру-тайпалық дәстүрлер ыдырауға айналды. 1955 жылдан

кейін біртіндеп тауарлы-акша катынастары дами бастады. 1962 ж. 26 кыркүйекте «Ерікті офицерлер» ұйымы төңкеріс ұйымдастырып, ел республика жолына түскен. Мемлекет басына полковник Абдолла әс-Салал тағайындалды. Елді жайлаған азаматтық сағыста ол Мысыр көмегіне сүйенді. Тактан айырылған имам ел-Бадрды Сауд Арабиясы қолдады. 1965 ж. Мысыр әскерлері Йеменде қалып қойды. Оларды Насыр 1967 ж. жеңілістен соң еліне қайтарды. Осыған орай әс-Салал жағдайы нашарлап кетті. Ол ресми сапармен Иракка кеткенде Сана қаласында төңкеріс болып, әс-Салал биліктен қуылды. Азаматтық соғыстың бәсеңдеуіне Оңтүстік Йеменнің тәуелсіздікке жетуі (1967 ж. қараша) және Сауд Арабиясының Солтүстік Йемендегі Республикасын мойындау (1970 ж.) көмектесті. Бірақ елдегі саяси өмір жөнге келмеді. 1974 ж. 13 маусымдағы кезекті төңкерісті И. әл-Хамиди басқарып, ол 1977 ж. қазанда қайтыс болды. 1979 ж. екі Йемен жетекшілері бірігу мәселесін қарастырып, тыныштық орнатуға бет алды. 1990 ж. 22 мамырда Солтүстік және Оңтүстік Йемендер қосылу рәсімі өтіп, содан бері Йемен республикасы болып дамуда. Бұл ел өте нашар дамыған елдер қатарында. Әр адамға шаққанда жылдық ұлттық табыс көлемі 340 долларға тең. Кейінгі кезде ашылған мұнай мен газ қорлары іске қосылуда. Олардан түскен табыс шетелдерден алатын азық-түлікке, өндіріс тауарларына жұмсалуда. 1990-1991 жж. Йемен үкіметі Иракты қолдағаны үшін Сауд Арабиясы мен Кувейт, т.б. араб елдері оған беретін көмектерін қысқартып тастады.

Трансиордания 1946 ж. наурызда Англиямен шартқа қол қойып, тәуелсіз мәліктік болып жарияланды. Әмір Абдолла «мәлік» деген атақ алып, ел аты Иордания болып өзгертілген. Келесі жылы Англия бұл елдегі армиясын шығаруға келісті. Ол 1948 ж. Израильмен соғысып, Иордан өзенінің батыс жағалауын ұстап қалды. Әскері жеңіліске ұшыраған Иорданияға 700 мыңдай палестина босқындары келіп паналады. Ол азық-түлік мәселесін шиеленістіріп жіберді. Өйткені ел шаруашылығы нашар дамыған еді. Ел басында болған мәлік Абдулла 1951 ж. шілдеде палестиндіктер қолынан қаза тауып, орнына үлкен ұлы Талал отырған. Соның кезінде жаңа конституция бекітіліп (1952 ж.), кейбір қосымшаларымен осы күнге дейін пайдалануда. Мәлікпен бірге заң шығарушы. Ұлттық жиналыс бар, ол екі палатадан тұрады: 1) Сенат мүшелерін мәлік тағайындады, оның жарты құрамы әр екі жылда жаңарып тұрады, әр депутаттар палатасы 4 жылда жабық сайлау арқылы құралады.

1952 ж. тамызда денсаулығына қарай Талал тактан түсіп, парламент оның үлкен ұлын 16 жастағы Хұсейінді такқа отырғызған. Ол

1999 ж. қайтыс болды, қазіргі Иордания мәлігі Хүсейіннің ұлы Абдолла II.

1967 ж. соғыста Израиль Иордания ұстап қалған Палестинаның аумағын – Иордан өзенінің батыс жағалауын – басып алған.

Ел ішінде тұрақтылық сақтауға көңіл бөлінеді. Тек 1970 ж. Палестина азат ету ұйымының әскери бөлімдері мәлік өкіметіне бағынбаушылық көрсетіп, жағдай қарулы тартыс тудырған. Содан кейін ПАҰ органдары Ливанға көшірілген. Елге қосымша 300 мың босқындар келді, демек әлеуметтік-шаруашылық жағдай тағы да қиыншылыққа ұшырады. 1970 ж. қыркүйекте Иордания-Палестина қақтығыстарында 20 мың адам қаза тауып, ел көп шығынға ұшырады.

Иордания мәлігі Таяу шығыс дағдарыстарында әр қадамын ойла-нып, ел беделін көтеруге тырысты. Ол 70-жылдар аяғында Мысырдың Израильмен жақындасу саясатын қолдамады, тіпті 1979 ж. онымен қатынасын үзді. Ол Ирак-Иран соғысында және Кувейт дағдарысында С.Хусейнді жақтады. Ал 1982 ж. Израиль әскерлері Ливанға баса-көктеп кіргенде, Ливанды қорғауға араласпады.

Иордания экономикасы 70-90-жылдары айтарлықтай жетістіктерге жетті. Оның дамуына бай араб елдерінің көмегі әсер етуде. 1994 ж. бұл ел Израильмен бітім жасасты. Содан бері қарай Израильге қарсы қимылдар Иордания аумағынан сарқылған.

2005-2006 жж. елде исламшыл экстремистер топтары шет елдер азаматтарына қарсы жарылыстар жүргізген. Абдолла II оларды тұншықтыруға шаралар қолданды.

Қазақстан-Иордания байланыстары қалыптасуда, екі ел басшылары сапар жасасып тұрады, елшіліктер қызметтері дамуда. 2007 ж. Алматыда ірі Иордания көрмесі өтті.

Палестина мәселесі Араб шығысында ең күрделі және өте ұзаққа созылып келе жатқан дағдарыс туғызды. 1947 жылдың аяғында БҰҰ Палестина жеріне екі ел қару туралы шешім қабылдады. 1978 ж. 15 мамырда Израиль мемлекеті жарияланғанда, сол күні оған қарсы Мысыр, Сирия, Ливан, Иордания, Ирак, Сауд Арабиясы соғыс жариялаған. Соғыс қимылдарында арабтар жеңіліп қалды да, Израиль Палестина арабтарына тиесілі жерлерді басып алды. Оның Иордан өзенінің батыс жағалауын Иордания, ал Газа ауданын Мысыр иеленіп қалды. Палестина арабтары босып кетті. Содан бері бұл мәселе реттелмей, 1956, 1967, 1973, 1982 жылдардағы соғыстың шығуына себеп болды. Палестина дағдарысын реттеуге КСРО мен АҚШ килігіп, олар соның арқасында осы аймақтағы өз ықпалдарын күшейтуге тырысты.

1977-1979 жж. Мысыр президенті А. Садат көпшілік күтпеген саяси бағытқа жол ашты. Ол араб әлемінде катып-сірескен ұстамды –

Израильмен келіспеу, оны жою бағытын бұзып, бейбіт келісімге кадам бастаған. АҚШ президентінің ресми Кэмп-Девид резиденциясында 1978 ж. көктемде Мысыр мен Израиль басшылары алғашқы келісімдерге қол қойып, екі ел бітім жасасқан. Бұл Кэмп-Девид процесі аталып, халықаралық қатынастарда өз ізін қалдырды. Соның арқасында Израиль Иорданиямен бітім (1993 ж.) және Палестинаны азат ету ұйымымен (ПАЕҰ) алғашқы келісімдер жасасты (1994 ж.). Бірақ ғасырлар тоғысында Израиль басшылығына келген Б.Нетаньяху, А. Шарон сияқты саясаткерлер жағдайды шиеленістіріп жіберді. Палестиндіктер арасынан террорлық әрекетке бой ұрушылар да мәселені саяси жолмен реттеуге қырсығын тигізуде. Палестина жерлеріне автономия беріліп, оның төрағасына Я. Арафат сайланған. Ол 2004 ж. қайтыс болған, орнын М. Аббас басқан. 2006 ж. қаңтарда парламент сайлауында ХАМАС қозғалысы жеңіске жетіп, үкімет басқарған. Бірақ, ФАТХ-ХАМАС жікшілдігі 2007 ж. дауға ұласып, ел дағдарысқа тап болды. М. Аббас билігі Иордан өзенінің батыс жағалауында ал ХАМАС үкіметі Газа ауданында билік жүргізіп келеді. Көптеген елдер Аббас жағын ұстауда. 2008 жылдың аяғында Израиль Газаға қарсы соғыс ашып, үш апта бойы оны оқ астына алды. Арабтар жағы қатты зардап шекті, адам шығыны 1300-ден асып түсті, қалалар қиратылды. Әлем елдері Э.Ольмерт басқызған Израиль үкіметін әшкерелеп, соғыс өртін әрең басылған. Бірақ, хамасшылар дүркін-дүркін еврей кенттерін зымырандармен атқылап тұрады, оған жауап ретінде Израиль ұшақ-танкілер қолданып, ірі кантөгіс шабуылдар жасауда.

§30. Африкадағы араб елдері

40-жылдардың ортасындағы Мысырдың әлеуметтік-саяси жағдайы. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Африкадағы араб елдерінде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Ең алдымен олардың халықтары соғыс салдарын басынан кешіріп, әлемдегі жағдайлармен таныс болды. Әскер қатарында болғандар өз елдеріне қайтып келіп, саяси өмірге араласты. Солардың қатысуымен соғыс бітісімен іле-шала Алжирде, Тунисте, Мароккода тәуелсіздікке жету талаптары қайта жанданды. Мысыр халқы шетел әскерлерін елден шығаруға тырысты. Бірақ отаршылдар бұрынғы үстемдігін сақтап қалуға барлық күштерін жұмсады. 1945 жылы мамыр-маусым айларында Алжирдегі француз әкімшілігі шеруге шыққан арабтарды оқ астына алып, 40 мыңдай адамды қырып салды. Мысырда 1946 жылы халық тығыз орналасқан Дельта ауданында, Суэц каналы бойында толқулар мен қарулы қозға-

лыстар басталып, ағылшын әскери бөлімшелері мен мәлік полициясы оларды басып тастады. Сөйтіп, бұл аймақта араб халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңі басталды.

Мысыр елін билеп келген феодалдық және компрадорлық буржуазия топтары ағылшындардың сенімді тірегі болған еді. Олар халықпен санасуды ойламады. Араб феллахтары мен жұмысшыларының әлеуметтік жағдайы нашарлай түсті. Шетел капиталы 380 акционерлік қоғамға қожалық жасаса, мысырлық капитал тек 20-сын иеленді. Мысыр ұлттық буржуазиясы оған қарсылық білдірді. Саны 1 миллионға жеткен жұмысшылар 1946 жылы қаңтарда тұрмысын жақсартуды талап еткен ереуілдерге шыққан-ды, оны үкімет күшпен басқан болатын. Оған қарамастан толқулар тоқтамады. Ақпанның ортасында Нукраши үкіметі қызметтен кетіп, оның орнына катал саясаткер И. Сидки үкіметі келді. 21 ақпанда елде жаппай ереуілдер ұйымдастырылды. Ірі қалаларда Мысыр полициясы мен әскеріне ағылшындар көмектесіп, оларды басып тастады. Сидки Англиямен келіссөз жүргізгенімен халық қолдамады. Үкімет ауысып, Нукраши қайта билікті қолына алып, Англиямен жаңа келіссөздерге кіріскен еді. Одан ешқандай нәтиже шықпаған соң, мәселені БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тапсырған. Ол да бір шешімге келе алмады.

1947-1948 жылдары Мысырдағы толқулар басылмады. Тек Израильмен соғыс басталғанда олар бәсеңси түскен. Ол соғыс 1948 жылы 15 мамырдан 1949 жылы бас кезіне дейін созылып, араб армиялары жеңіліс тапты. Мәлік өкіметін әшкерелеуге бүкіл қоғам қатысып, армия арасында «Ерікті офицерлер» ұйымы астыртын қызметін ұлғайтты. Дағдарыстан шығу жолын іздеген үкімет 1950 жылы қаңтарда парламент сайлауын өткізді. Жеңіске Уафд партиясы жетіп, оның жетекшісі Наххас құрған үкімет жұмысшылар жалақысын біраз көбейтіп, абактыда отырғандарды босатуға үкім шығарған. Соған қарамастан қалаларда, махаллаларда ереуілдер тоқтамады. Олар экономикалық талаптармен бірге ағылшындардың үстемдігін жоюды мақсат етті. Парламент халық қаһарынан қорқып, 1951 жылы 15 қазанда «Орташығыстық командование» тобына кіруден бас тартты және 1936 жылғы ағылшын-мысыр шартын денонсациялау (мойындамау) туралы заң қабылдады. Оған қоса 1899 жылғы Судан туралы келісімнен де бас тартып, Суданды Мысырдың бөлінбес құрамы деп жариялады.

Бұл шешімдерді қолдаған халыққа қарсы ағылшындар қару жұмсап, қазан айында 500-ге жуық мысырлықтар оққа ұшты және жарақаттанды. 1952 жылы қаңтарда Каирдегі шетелдік кеңселер, фирмалар, сауда орталықтары өртелді. Мәлік II Фарук үкімет басына

Әли Махирді шақырған. Ол ереуілшілерге қарсы әскерлерді айдап салу, жазалау, ату әдістеріне көшті.

Мысырдағы 1952 жылғы революция және елдің 50-60-жылдардағы дамуы. Елдегі шиеленіс өршіп тұрғанда «Ерікті офицерлер» армияға сүйеніп, 1952 жылы 23 шілдеде төңкеріс ұйымдастырды. Шілде айының ыстығында Мысыр «мықтылары» астананы тастап, Жерорта теңізі жағалауында аунап-кунап жатқан-ды. Ел тағдыры бір түн ішінде өзгерді. Батыс елдерін күдіктендірмеу үшін «Ерікті офицерлер» жетекшілері Г.А.Насыр, З.Мұхид-Дін, А.Х.Әмір, А.Сабри, А.Садат, т.б. үкімет басына Әли Махирді қойып, АҚШ, Англия елшіліктеріне хабар береді. Батыс елдері оған жеткілікті мән бермей, бірден басып тастауға ұмтылмады. Үш күн өткен соң мәлік орнынан бас тартып, тағын жас ұлына беруге келісіп, шетелге (Италияға) көшіп кетті.

Бұл шараларды бұқара халық құптап, куана қарсы алды. Шынында Фарук II шарапқа, әйелдерге, карта ойынына (бриджге) құмар болып, елдің өмірімен жөнді айналыспаған-ды.

Төңкерістен кейін болған өзгерістер оны революция дәрежесіне жеткізді. Ол антиимпериалистік және антифеодалдық сипатта болды. Саяси полиция таратылып, өкімет орындарын паракорлардан тазарту шарасы қолға алынды. Мысыр шаруалары армандаған аграрлық реформалар басталды (1952 жылы 9 қыркүйек). Бұл бүкіл араб шығысындағы феодалдық қатынастардың негізін шайқалтатын өзгеріс еді. Әр шаруашылық пайдаланатын жер көлемі 200 фелданнан аспауын бекітіп (1 фелдан – 0,42 га), жалдамалы жерге төленетін ақы кемітілді. Феллахтар кооперативтері пайда болды.

1953 жылы қаңтарда ескі саяси партиялар таратылып, олардың мүліктері тәркіленді. Тек Азат ету ұйымына ғана қызмет жүргізуге ұлықсат берілді. Ағылшындармен Судан мәселесі қарастырылып, ол елге өз тағдырын өзі шешетін құқық беру туралы келісім жасалды. «Ерікті офицерлер» алғашында көпшілікке жақсы таныс генерал Мұх Набибті ел басқаруға шақырған. Ол мәлік саясатына келіспестік білдіріп, Палестина соғысынан кейін әскери қызметтен кетіп қалған болатын. Алғашқы қадамдарымен революциялық талаптарды шектеуді ойластырған либерал-буржуазия Нагиб төңірегіне топтасып, билікті өз қолдарына алмақ болған. Ол топ «мұсылман-бауырлары» мен Уафд партиясына сүйенген еді. 1954 жылы қаңтарда Каирде оларды жақтаушылар жаңа үкімет бағытына қарсы әрекеттер жасады. Сол жылы қазанда Г.А.Насырға қастандық ұйымдастырып, өлтірмек болғаннан кейін «мұсылман-бауырлары» қоғамы жабылып, оның мүшелері жауапқа тартылды. Ал Нагиб пен Насыр топтары

арасындағы тартыс 1954 жылы 18 қарашада Нагибті биліктен кетіріп, президент орнына Насырды қоюмен аяқталды. Сөйтіп, революциялық өзгерістер жалғасын тапқан еді. 1956 жылы *Гамал Абд ән-Насыр* Мысыр президенті боп сайланды.

1953 жылы ақпанда Мысыр мен АҚШ «техникалық көмек көрсету» туралы келісім жасасты. Нагиб кезінде-ақ ағылшын-мысыр келісімге жетіп (1954 жылы 19 қазан), елде Ұлыбритания әскерлері шығарыла бастаған. Ақырғы әскери тобы Мысырдан 1956 жылы 13 маусымда кетті. Ол күн елде мейрамға айналып, салтанатты түрде аталып өтеді. Бұл үлкен жеңіске жету үшін революциялық үкімет батыл қимылдар жасаған. Сол жылдары ел басшылары ауыл шаруашылығын дамыту жолдарын қарастырып, Ніл өзенін бұғаулап, су қоймасын жасау жоспарына тоқталды. Тоспа жасап, су қоймаға арық суын жинау арқылы жыл бойы дәнді-дақылдарды, мақтаны сумен қамтамасыз ету мүмкін еді. Оған қоса ол құрылыста өте қуатты су электр станциясын салу да ойластырылған.

Асуан тоспасы алып құрылыс еді. Оған пайдаланылатын бетон мен құм-тастар 30 Хеопс пирамидасына жетерліктей болған. Қаржы шығыны 1,3 млрд долларға тең еді. Ондай құрылысты жүзеге асыруға Мысырдың шамасы болмағандықтан, шетелдерден көмек сұрады. Батыс елдері әуелі бұл жоспарды қолдап, қаржы, техника, инженерлер беріп, құрылыс жобасын жасауды өз мойындарына алуға келіскен еді. Бірақ 1955-1956 жылдар арасында одан айнып, көмек көрсетуден бас тартқан. Себебі Мысыр жағы армиясын қаруландыру мақсатымен АҚШ-тан, Англиядан, Франциядан қару-жарак сатуды өтінген. Батыс мемлекеттері оған келіспеді. Мысырға жеткізілген қару Израильге қауіп төндіруі мүмкін еді және сол кезде көтеріліске шыққан Алжир күрескерлерінің қолына тиюі де ықтимал еді. 1955 жылы сәуірде Индонезияның Бандунг қаласында Азия және Африка тәуелсіз мемлекеттерінің жетекшілері жиналып, дүниежүзілік мәселелерін қарастырады. Сол жиында Мысырмен Қытай басшылары кездесіп, Чжоу Эньлай Насырға қаруды Кеңес Одағы беруге дайын екенін хабарлайды.

Соған орай келіссөздер басталып, 1955 жылы қыркүйекте Мысыр-Чехословакия, Мысыр-Герман Демократиялық Республикасы араларында келісімдерге қол қойылған. Екі социалистік елдер Мысырға қару сатып, өздері одан мақта сатып алуға келіседі.

Бұл сауда келісімдері деп аталғанымен, оның саяси мәнін Батыс елдері бірден түсініп, Мысырды одан бас тартқызу үшін қыспаққа ала бастады. Насыр үкіметі алған беттен қайтпайды. Сонда АҚШ, Англия, халықаралық қаржы ұйымдары мен банктер Асуан тоспасын салуға көмек бермеу туралы шешім шығарады. Жағдайдың осындай

болатынын болжаған Мысыр басшылары алдын ала оның да жауабын дайындап қойған болатын. 1956 жылы 26 шілдеде Суэц каналының компаниясы мемлекет меншігіне айналдырылды.

Суэц каналы 1869 жылы салынған. Оны басқаратын компанияның көпшілік акцияларын Мысыр билеушілері иеленді. Кейін қарызға батып, акциялары шетел капиталистеріне өтіп кеткендіктен, ел негізгі байлық көзінің бірінен айырылады. 1950 жылы каналдан 60 млн фунт стерлинг пайда түссе, оның тек 1 млн ф. ст. Мысырға тиіп, қалғаны ағылшын-француз-бельгиялық акционерлер қалтасына кеткен. Міне, сол каналды Мысыр үкіметі елге қайтарған еді. Батыс елдері аласұрып, компанияны иелеріне қайтару үшін әрекеттенді, қарулы күш-терін шоғырландырды. Аймақтағы жағдай қатты шиеленісті. Неше түрлі жоспарлар қарастырылған халықаралық конференциялар да шақырылды. Мысыр қимылы социалистік елдерден және көптеген жас мемлекеттерден қолдау тапты.

Отаршылдар Мысырды да, басқаларды да қорқытып қою үшін әскери шабуылға шықты. 30 қазанда Израиль армиясы Синай түбегіне еніп, канал бойына жетті. Батыс елдерінің кемелеріне қауіп төнді, олар Мысырдың және Израильдің қарулы күштері 16 км жерге дейін шегінсін деген ұсыныс жасады. Оны Мысыр қабылдамады. Енді Мысырға қарсы соғысты Англия мен Франция жүргізіп, үштік агрессия осылай басталды.

Мысыр халқы мен үкіметі батылдық білдіріп, жауға тойтарыс берді. Әлем жұрты отаршылдарды әшкереледі. Кеңес Одағы тіпті соғысқа қатысуға дейін баратынын мәлімдеді. АҚШ үкіметі де одақтастарының әрекетін қолдамады. Масқара болған үш ел 1956 жылы 7 қарашада соғысты тоқтатып, Мысыр жерінен әскерлерін алып кетуге мәжбүр болды.

Шабуыл және оның нәтижесі бұрынғы отаршыл елдердің мәнін әбден төмендетіп жіберді. Енді олардың орнын АҚШ иелене бастады. Араб шығысындағы ұлт-азаттық қозғалыс одан әрі өршіп, Африканың солтүстігіндегі және тропикалық аймақтарындағы халықтардың бостандыққа жетуіне айтарлықтай көмектесті.

Бұдан кейін Мысыр және Насыр беделі жоғарылай түсті. Араб елдерінің бірлігі және олардағы антифеодалдық, антиимпериалистік өзгерістер жедел қарқын алды. 1957-1958 жылдары Таяу Шығыста бірнеше оқиғалар орын алып, олар қаншама шиеленістік жағдайға ұласса да, арабтардың пайдасына шешілген еді. («Эйзенхауэр доктринасы», Ливан мен Ирактың дамуы алдыңғы бөлімде айтылған). Тек Сирия мен Мысыр бірлесуі оң нәтиже бермеді, соған қарамастан ол

көпшілікке сабак болды: бірігу мәселесін өте ұқыпты ойластыру қажеттігін көрсетті.

60-жылдардағы Мысырдағы экономикалық өзгерістер. 50-60-жылдарда бір топ жас елдерде мемлекеттің қоғам өміріндегі мәнін ұлғайту ұтымды көрінген. Ол жолды қабылдауға КСРО мен басқа социалистік елдердің жетістіктері, күнделікті насихаттауы және үгіттеуі итермелегені белгілі. Мысыр 1957 жылдың басында елдегі ағылшын-француз кәсіпорындарын, банктерін, т.б. иеліктерін мемлекет меншігіне алған еді. АҚШ, Жапония, Батыс Германия, Канада капиталы Мысырға келуін тоқтатты. Ел дамуын тездету ойымен Мысыр үкіметі өз буржуазиясы қолындағы жекеменшілік иеліктерді мемлекет меншігіне алуға кірісті. 1960-1964 жылдары ірі және орта банктер, өнеркәсіп орындары, көлік жүйесі мемлекет қарамағына алынды. Жаңа жер реформасы әр отбасына 100 феддан жер қалдыруды ұйғарды (1969 жылы оның көлемі екі есе кеміп, 50 федданга жеткен). Помещиктерге алған жерлері үшін ақы төленбейтін болды.

Саяси-әлеуметтік бағыттағы реформалар жұмысшылар мен феллахтардың тұрмысын жақсартуға жол ашты. Айталық, елде жұмыс уақыты аптасына 42 сағатпен шектелді, жұмысшыларға жылдық төлемді демалыс, зейнетақы беру, пәтер және емделу шығындары төмендеді, ақысыз оқу енгізілді. Еңбекшілер өкімет органдарына тартылды, олар парламент пен жергілікті жиналыстардағы орынның 50% қамтуы шешілді. 1962 жылы Ұлттық Хартия бекітіліп, елдегі өзгерістердің социалистік бағытқа бет алғанын дәлелдеді. Сол жылы Араб социалистік одағы (АСО) құрылып, ол жалғыз бұқаралық саяси ұйым ретінде қызмет атқаратын болды. Тез арада оның қатарына 6 млн мүше қабылданды. Газет пен журналдар, радио мен теледидар социалистік идеяларды халыққа түсіндіруге кірісті. Әрине бұл арабтық, исламдық социализм екенін естен шығармау керек. 1964 жылы саяси тұтқындар абақтыдан босатылды. Мысырдың жаңа конституциясы қабылданды (1964 ж).

Бұл шараларды КСРО-да жоғары бағалады. Ел жағдайы бірақ жөнделмеді. Экономика саласында тоқырау нығайды, қарапайым халық тұрмысы жақсармады. Асуан тоспасының 1964 жылы бірінші кезегі аяқталып, оның екінші кезеңі басталды. Оның аркасында жаңа жерлер игеріліп, ондаған мың феллахтар қоныстанды. Соған қарамастан миллиондаған шаруалар жерсіз, болмаса жері шағын болып азап шегуден құтыла алмады. Төрешілдік, паракорлық пен жемқорлық асқынды. Оның салдары 1967 жылы алты күндік соғыста байқалды.

60-жылдардың ортасында шашырап кеткен Палестина арабтары есін жинап, күр айғай-шудан ештеңе шықпайтынына көздері жетіп,

колдарына қару алып Израильге қарсы күрес жүргізе бастады. Олардың базалары Израильге көршілес араб елдерінде орналасты. Күрескерлер Сирияға, Ливанға, Иорданияға қайтып оралғанда, еврей әскерлері олардың ізіне түсіп, шекараларды бұзатын, ұшақ, танктерімен, ол елдердің кенттерін, қалаларын қирататын. Сондай қактығыстар жиілеп, 1966 жылы аяғы - 1967 жылы басында аймақтағы дағдарыс күшейе түсті. Мысыр араб елдерін қорғау үшін өз әскерін КСРО-ның қаруымен қаруландырды.

1967 жылы сәуір мен мамырда Мысыр әскерлері Синай түбегіне шоғырланды. Тиран бұғазынан Израильге жапты, шекарадан 1956 жылы бері орналасқан БҰҰ бақылаушылары шығарылды.

1967 жылы 5 маусымда Израиль ұшақтары Жерорта теңізі жақтан Мысырдың аэродромдарын бомбалап, әуе күштерін істен шығарды. Синайдағы жарты миллиондай армия шебін еврей танктері бұзып, Суэц каналына ұмтылды. Алты күн ішінде Мысыр, одан соң Иордания, Сирия әскерлері түгел талқандалды. Израиль бүкіл Синай түбегін, Газа ауданын, Сирияның әл-Күнейтра қаласы мен Голан жоталарын, Иорданиядағы Иордан өзенінің батыс жағалауын басып алды. Мындаған араб жауынгерлері қолға түсті. Тамақ, күзетке шығынданбай-ақ оларды қарусыз, аяқ киімсіз, аздаған нан, су беріп, елдеріне қайтарады. Маусымның 60° ыстығында азап шегіп, құм кешіп, Мысыр жауынгерлерінің аман қалғаны Суэц каналына жетіп, ал шыдамағандары жол бойында өлген. Жүздеген Кеңес Одағында жасалған Мысыр танкілері, зеңбіректері, Израильдің қолында қалды.

Абу Насыр бүкіл кінәні өз мойнына алып, басшылықтан кетуге дайын екенін жариялады. Бірақ бүкіл Мысыр шерулерге шығып, оны қолдай-тынын білдірді. Насыр КСРО-ны арқа тұтып, жаңа армия құруға, жаңа реформалар жүргізуге, өкімет орындарын нығайтуға кірісті. Кеңес әскери мамандары, барлаушылары Мысырда еркін жүріп, өздеріне жүктеген қызметтерін атқарды. Кептеген ескі офицерлер жазаланды. Жас жігіттер офицерлік оқуларға тартылды. КСРО-да оқығандар арасында кейін президенттік орынға жеткен Х. Мубарак та болды. Жалпы социалистік бағыт, мемлекеттік бақылау Насыр тұсында одан әрі күшейе түсті.

Ол 1970 жылы 28 қыркүйекте қайтыс болды. Жаңа Мысыр президенті Ануар Садат тұсында біртіндеп социалистік бағыттан айну басталды. Конституция жаңартылды, ел *Мысыр Араб Республикасы* (МАР) деп атын өзгертті. Солай болғанымен 1973 жылы аяғына дейін түбегейлі өзгерістерге жол берілмеді. 1972 жылы Ливия мен МАР екеуі қосылу туралы келіседі, ол жоба түрінде қалғанымен, Ливия

Мысырға көмектесіп тұрды. Сол жылы 17 шілдеде Мысыр үкіметі КСРО әскери мамандары мен кеңесшілерін елден шығара бастады.

1973 жылы 6 қазанда Мысыр әскерлері Суэц каналының шығыс жағына беттеді. Оларды қолдаған Сирия да Израильге қарсы соғыс ашты. Мысырлықтар бұл жолы ерлік көрсете білді. Арабтардың алуы мүмкін емес деп Израиль генералдары мақтанатын «Барлев бекінісін» Мысыр жауынгерлері бұзып-жарып, 20-30 км алға жылжыды. 22 қазанда БҰҰ ҚК қарар қабылдап, соғысты тоқтатып, келіссөзге кірісуге шақырды. Оны соғысқа қатысқандар қабылдайды. Әйтсе де, 23 қазан түнінде Израиль танктері Суэц-Каир тас жолын басып алып, Мысыр астанасына қарай жылжиды. Мысырға қауіп төнген кезде АҚШ пен КСРО араласып, 24 қазанда соғыс өрті өшірілді.

Бұл соғыс араб халықтарының рухын көтеріп, олар сергіп қалды. Мұнайға бай араб елдері Израильді қолдаған Батыс елдеріне мұнай сатпауға үкім шығарып, оның бағасы күрт жоғарылап, 10 есе өсті. Бұл энергетикалық дағдарысқа байланысты бір топ Еуропа елдері, Жапония Таяу шығыс жанжалын бейбіт жолмен реттеу қажет екенін айта бастады.

1973-1974 жылдары АҚШ қатысуымен Мысыр-Израиль екі құжатқа қол қойып, соғыс қалпын болдырмау шараларын белгіледі. Израиль әскерлерін Суэц каналынан 30 км қашықтыққа алып кетті, ал Мысыр әскерлері батыс жағалаудан 10 км шегінді.

Енді көршілес Израильмен бітім жолын іздестіру саясаттың түйінді мәселесіне айналды. 1977 жылы қарашада Садат көпшілік күтпеген қадам жасады. Ол Израильге сапар шегіп, парламентте сөз сөйлеп, екі елді ынтымақтасуға шақырды. Келесі жылы қыркүйекте Кэмп-Дэвидте АҚШ президенті Дж. Картердің қатысуымен Садат және Израильдің премьер-министрі Бегин алғашқы екі келісім жасасып, бітімді дайындауға уәделесті. 1979 жылы 26 наурызда Вашингтон қаласында аталған үш елдің басшылары Мысыр мен Израиль арасындағы бітімге қол қойды. Содан кейін Мысырға Синай түбегі толық қайтарылды.

Ал бұл саяси бағытты Мысырдың өзінде, басқа араб елдерінде, сондай-ақ КСРО-да жақтамағандар болды. Олар Садатты қаралауға кірісті. Араб мемлекеттерінің Лигасы (АМЛ) Каирден Туниске көшіп, Мысыр оның қатарынан шығарылды. 1981 жылы қыркүйекте үкімет қатаң шаралар қолданып, көп адамдарды қамады. Мұсылман, коммунистік ұйымдар жабылып, мешіттер бақылауға алынды. Елде наразылық ұлғайып, терроршылдар Садатпен Израильге барғандарға қастандық жасау әдісіне көшті. Қазан жеңісіне арналған әскери шеру кезінде А.Садатты исламшылдар атып өлтірді (1981 жылы қазан).

Қазіргі кездегі Мысыр. Мысыр-Қазақстан қатынастары. Садат кезінде вице-президент болған Хосни Мұбарак 1981 ж. ел басына келіп, Мысырды билеп отыр. Ол қалыптасқан бағытты ұстағанымен, садаттың бұқара халыққа жағымсыз істерінен бас тартуда. «Мысыр барлығымызға» деген ұранға орай оппозициямен тіл табысады. Террорды қолдаушылар қатаң жазаланады. 1999 жылы шетел туристерін оқ астына алғандар да айыпталды. Сайлаулар мезгілінде өтіп тұратын болды. Парламентте ұлттық-демократиялық партиясы (ҰДП) және Уафд партиясы көп орындарға ие болуда.

1987 жылдан бастап араб елдерімен қатынастары реттелді. Мысыр АМЛ-ға қайта қабылданып, оның штаб-пәтері Каирге көшірілді. КСРО-мен (Ресей) байланыстары ұлғайып, Батыс елдерімен сауда-экономикалық қатынастары орнықты. 1998 жылы ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) 253 млрд мысыр фунтына (70 млрд долл) жетіп, оның 70%-ын жекеменшіктік сектор құрады. Шет елдермен сауда айналымы 18,5 млрд долл. теңеліп, оның 3 млрд долл. экспорт, ал 15,5 млрд долл. импорт тауарларына жатты. Мысыр елінің дүниежүзілік саудадағы жағдайын осыдан көруге болады.

Егемен Қазақстан Араб Шығысындағы елдердің арасынан Мысыр елімен қарым-қатынас жасасып келеді. Екі ел мәдени, ғылыми, экономикалық салаларда ынтымақтасуда. Қазақстанда Мысыр банктерінің филиалдары қызмет істеуде. Алматыда, Астанада, т.б. қалаларда оқу орындары, мәдениет орталықтары ашылған. Жастарды алмастырып оқыту, кино, театр, көркемөнер салаларында да ынтымақтасу қолға алынды. Саяси байланыстар да дами түскен. Ел президенттері өзара кездесіп, өзекті мәселелерді қарастырып отырады.

Африкадағы басқа араб елдері соғыстан кейін тәуелсіздікке жетіп, басынан неше түрлі кезеңдерді өткізді. Францияның отарлары болған Марокко, Тунис 1956 жылы шетел үстемдігінен құтылды. Марокко монархиялық мемлекет, оның басында V Мұхаммед (1961 жылы дейін), II Хасан (1961-1999), VI Мұхаммед (қазір) сұлтандар отырды. Елдегі толқулар мен ереуілдер 1945, 1948, 1952, 1953-1955 жылдары қатты өршіп, француздар V Мұхаммед бен Юсуфты тактан түсіруге тырысты. Бірақ 1955 жылы 5 қарашада оны қайта орнына отырғызуға мәжбүр болып, келесі жылы 2 наурызда Париж Марокконың тәуелсіздігін мойындайды. Елдегі АҚШ, Франция және Испания әскерлері 1961 және 1962 жылдары толық шығарылған. 1962 жылы аяғында ел конституциялық монархия тәртібіне көшеді (Жалпы II Хасан кезінде үш конституция қабылданғанын ескеру керек).

Мароккода бесжылдық жоспарлар бойынша ұлттық экономиканы дамыту көзделген. Сонда да ірі кәсіпорындары, тау-кен өндірісі шетел

капиталына бағынышты. Ірі феодалдардың қолында жер, мал шоғырланған.

Марокко Мағриб елдерімен «Араб мағрибінің одағын» (АМО, 1989 ж.) құруға қатысқан. Соның аркасында Батыс Сахара үшін тартыста Алжирмен бұзылған қатынасын реттеп алды. Ол Палестина арабтарын, қара нәсілді Африка халықтарын қолдап келеді. Марокко АҚШ-пен, Франция, Испаниямен тығыз байланыс жасасуда.

Тунис халқы 1946,1951,1955 жылдары дүркін-дүркін ереуілдер мен шерулерге қатысып, отаршылдықтан құтылу үшін күресін тоқтатпады. Сол кезде-ақ беделді болған Жаңа дүстүр партиясы оны басқарып келді. 1956 жылы 20 наурызда Парижде Тунистің тәуелсіздігін мойындау туралы келісімге қол қойылады. Сөйтіп 75 жылға созылған протекторат жүйесі жойылып, 1956 жылы 25 наурызда Ұлттық құрылтай жиналысында сайлау болып, жеңісті Жаңа дүстүр құрастырған Ұлттық майдан жеңіп алды. Үкімет басына келген *Хабиб Бургиба* 1957 жылы жазда ақырғы билеушіні тақтан түсіріп, Тунисті республика деп жариялады. Ел президенті болып Х. Бургиба сайланды. Екі жылдан соң республикалық конституция бекітіліп, билік тізгіні президент қолына берілді. Шет ел капиталына қараған темір жолдар, электр қуатын ендіретін орындар, тау-кен байлықтары мемлекет меншігіне алынды. Жеке меншік және шетел капиталына басқа салаларда қызмет атқаруға жағдай туғызды. Батыс елдерімен байланысты болған байлардың жерлері тәркіленіп, кооперативтер құрылды. 1958 жылдан бастап Еуропа азаматтарының қолындағы жерлерді мемлекет сатып ала бастады. Сот ісі шарифат жүйесінен құтылып, өкімет заңдарына сүйенетін болды. Сыртқы саясатта Тунис араб әлемімен, Батыс елдерімен қатынастарын нығайтты.

1962 жылы аяғында елде үкіметке қарсы құпия ұйым әшкереленіп, барлық саяси партияларға тыйым салынды. Одан кейін Жаңа дүстүр Социалистік дүстүр партиясы (СДП) болып атын өзгертіп, Бургиба бастаған топ өте қатаң партиялық-мемлекеттік билік орнатып алды. Ол да Шығыстағы ескі феодалдық заманнан келе жатқан мәңгілік билік ұстау дәстүріне бағытталған еді. 60-жылдары мемлекеттің қатысуымен ірі металлургия және мұнай-химиялық комбинаттар, тоқыма фабрикалары, машина жасау және химия зауыттары іске қосылды. Шет ел тұрғындарының қолындағы жерлер мемлекет меншігіне алынып, егін шаруашылығының көп үлесі кооперативтерге қарайтын болды. Бұның бәрі дүстүрлік, болмаса тунистік социализм деп түсіндірілді.

Оның нәтижесі қолайсыз болғандықтан, 1969 жылы бастап өкімет кәсіпорындарды жекешелендіруге, кооперативтерді таратуға кірісті.

Енді еңбек пен капиталдың одактасуы, ұлттық бірлік пен қоғамдық тыныштық идеялары басты орын алды. Бұл жағдайға қарамастан құнсыздану, азық-түліктің қымбаттауы, шаруалардың қалаға қарай жылжуы тоқтаусыз жүріп жатты. Қоғамдағы наразылық 1978 жылы 28 қаңтарда үлкен толқулар туғызды. Бургиба көппартиялық жүйе енгізуге келісіп, парламент сайлауы бір топ партиялардың қатысуымен өтті (1981 жылы қараша). Бірақ үкімет оны өз пайдасына шешіп, ұлттық жиналыс СДП үстемдігінде қалды.

1983-1984 жж. аралығында Халықаралық қаржы қорының ұйғаруымен үкімет нанның бағасын екі еседен артық көтеріп, халық бұқарасы оған қарсы шықты. 1975 жылы мәңгілік президент болып жарияланған Бургиба осы оқиғадан кейін қате жібергенін мойындап, тамақ бағасын орнына түсірді. 1987 жылы 7 қарашадағы түнде премьер-министр З.А.бін Әли конституцияның 57-бабына сүйеніп, Бургибаның ел басқаруға жарамайтынын хабарлап, билікті өз қолына алады.

Президент З.А. бін Әли жағдайды жөндеуге батыл қадамдар жасады. СДП Демократиялық конституциялық бірлестік (ДКБ) болып атын өзгертті. 1986-1996 жылдары ІЖӨ үш есе өсіп, халық тұрмысы едәуір алға басты. Қазір Тунис орташа дамыған елдер қатарына жатады. Қазақстанның Мысырдағы елшілігінің қызметі Туниске де тарайды, ал әзірше ол елдің Қазақстанда елшілігі жоқ.

Англия отары болған Судан 1956 жылы тәуелсіздікке жетіп, республика құрылысы орнықты. Ел өте нашар дамығандардың қатарында, өйткені өндіріс жоқтың қасында, ауыл шаруашылығы да ескі дәстүрден шыға алмады, ал саяси өмірі тұрақсыз. Оңтүстік аймақтарының тұрғындары – кара нәсілді африкалықтар ширек ғасырдан астам автономия, тіпті бөліну мәселесін көтеріп, азаматтық соғыс елдің берекесін алды. Елдегі негізгі саяси партиялар – Ұлттық-одақтық (ҰОП), әл-Ұмма, компартия, халықтық-демократиялық (ХДП), Судан социалистік одағы (ССО), «мұсылман-бауырлары», т.б. бірнеше майдандар біресе бірлесіп, біресе ажырасып жүрді. Әскери топтар билікті ұстап келеді. Оңтүстіктегі кара нәсілді христиан дініндегілер арасында Судан халқын азат ету қозғалысы (СХАҚ) қызмет атқарады. Оның қарулы күштері бірнеше провинцияларды басып алып, орталықпен жауласуда болған. 2004-2005 жж. келісімге барып, азамат соғысы тоқтатылған. Бірақ, Дарфур аймағында тайпалық тартыстар жайлаған.

Мағриб елдерінің ішінде Алжир халқының ұлт-азаттық күресі ерекше орын алды. Франция бұл отардан айырылмауды мақсат етіп, оның саяси күштерін қуғындаумен шұғылданды. 1946 жылы астыртын жағдайда қызмет атқарған *Алжир халқының партиясы* (АХП) басшылығымен *Демократиялық бостандықтар салтанатының*

қозғалысы (ДБСК) құрылып, ол бұқара халық арасында беделге ие болды. Келесі жылы отаршылдарға қарсы шыққандар құпия арнайы ұйым құрып, ДБСК басындағы Мессали Хадж арнайы ұйым жетекшісі етіп кіші шендегі офицер Ахмед бін Билланы тағайындады.

1950-1951 жылдары Францияның құпия полициясы ұйымның ізіне түсіп, оның жетекшілерін қамауға алды. Бірақ олардың бір тобы (А. бін Билла және басқалары) абақтыдан қашып шығып, Мысырда топтасып, ДБСК-мен бақталастық күреске кірісті.

Алжир ұлт-азаттық революциясы 1954 ж. 1 қарашада басталып, сегіз жылға жуық созылды. Ол бірден қарулы күрес түрінде жүрді және бүкілхалықтық сипат алды. Қала тұрғындары, феллахтар отаршылдарға қарсы көтеріліске шықты.

1958 жылы күзінде Алжирді азат ету ұлттық майданы (ААЕҰМ) Алжир республикасын жариялап, оның уақытша үкіметін тағайындады.

Алжирмен соғысу Франция үшін оңайға түспеді. Саяси дағдарыс шегіне жеткен кезде Франция парламенті ел басына генерал Шарль де Голльді шақырды (1958 ж.). Ол республика негізін қалап, қарсылықтарға карамастан ААЕҰМ жетекшілерімен келіссөз бастауға кірісті. Ақыры 1962 жылы ел тағдырын референдум шешіп, 3 шілдеде Алжир халқы бір адамдай тәуелсіздік үшін дауыс беріп, бостандыққа жетті.

1962 жылы Құрылтай жиналысы *Алжир Халық Демократиялық Республикасын* (АХДР) жариялады. А. бін Билла үкімет басқарды.

1964 жылы 8 қыркүйекте Алжир конституциясы қабылданды. Ел президенттік республика жүйесіне өтіп, бірінші президент болып А. бін Билла сайланды. Азат ету ұлттық майданы (АЕҰМ) жалғыз ғана ресми түрдегі партия болып есептелді.

Дегенмен ауылды жерлерде, қалаларда жағдай жөнделмеді. 1965 жылы 1 млн адам жұмыссыз болып, көптеген өндіріс орындары іске қосылмады. Социалистік құрылысты мадақтаған А. бін Билланың беделі темендей берді. Ол Мәскеуге жакканымен, өз елінде авторитарлыққа ұрынды, басқалардың пікірін тыңдағысы келмеді. 1965 жылы 19 маусымда әскери басшылар төңкеріс жасап, ел басына *Х. Бумедьен* бастаған революциялық кеңес келді.

Жаңа өкімет бұрынғы қателіктерден құтылуға тырысты. Ішкі және шетелдік капиталға біраз жеңілдіктер берілді. Енді Батыс елдерімен жақындасу қолға алынды. Социалистік елдермен де қатынас сақталды. Х.Бумедьен жоспары бойынша индустрияландыруға көп көңіл бөлінді. Ауыл шаруашылығын жаңаша дамыту, жұмыссыздықты қысқарту шаралары қабылданды. Сонымен бірге 60-жылдар аяғында шетел капиталын бүтіндей ығыстыру күшейе түсті. 1971 жылы ақпанда мұнай және газ өндіріс саласы мемлекет меншігіне алынды.

1971 жылы карашада жаңа аграрлық реформалар қабылданып, ел феодалдық қатынастардың қалдықтарын жоюға кірісті. Қалада тұратын жер иеленушілердің жері мемлекетке өтіп, онда кооперативтер құрылды. Ауылдық жерлерге жастарды жіберу, ағарту және денсаулық ісін жақсарту, т.б. батыл шаралар жүргізілді. Солардың арқасында халық тұрмысы кәдімгідей жөнделіп, ел ішіндегі саяси өмір тұрақтана түсті. 1966-1978 жылдары жұмыс орны 600 мыңнан 1900 мыңға өсті, дәрігерлік көмек ақысыз болды, кедейлер салық төлеуден босатылды, еңбекақы көтерілді, жұмысшылар мен шаруаларды қамсыздандыру ісі дамыды. Әр ауылдағы, кенттердегі коммуна құқығы ұлғайтылды.

1978 жылы желтоқсанда Х.Бумедьен қайтыс болып, президент орнына әскери полковник *Шадли Бінджедид* тағайындалды.

Елдің дамуындағы келесі кезең 1979-1988 жылдарды қамтыды. 1982-1983 жж. үкімет жекеменшік иеліктерге жер, жабдықтар, т.б. сатып алуда жеңілдіктер берді. Кооперативтер таратыла бастағанда олардың жерлері ауыл шаруашылығындағы ауқатты топтарға берілді. 1986 жылы қаңтарда Ұлттық партия біраз өзгеріп, оған ұлтшылдық және діни тұжырымдар енгізілді. Астық жетіспейтін болып, азық-түлік қымбаттап кетті. Мемлекет қаржыландыруы азайғандықтан, өндіріс орындары жұмысын тоқтатуға, болмаса қысқартуға мәжбүр болды. Әлеуметтік қайшылықтар өрши түсіп, 1988 жылы 4 қазанда Алжир қаласындағы жастар бейбіт шеруге шығып, өкіметке наразылық білдірді. Оған қала кедейлері, жұмыссыз қалғандар қосылып, дүкендерді тонау, фирмаларды өртеу, үкімет, сот кеңселерін қирату сияқты дөрекі істерге жол берілді.

1990-1992 жылдары Алжирдің шет елдерден алған қарызы 24 млрд доллардан 27 млрд долларға өсіп, оның пайызын төлеуге бір ғана 1993 жылы 12 млрд доллар қажет болды. Ол мұнай мен газ экспорты беретін пайданың 75%-на тең еді. Мемлекет секторындағы өндіріс орындары жекешелендіруге берілді, динар құны екі есе төмендеді, бағалар босатылды, экономика салалары шетелдерге ашық болды.

1990-1991 жж. жергілікті жиналыстар мен парламент сайлаулары өтіп, жеңіске Исламдық сактау майданы (ИСМ) жеткен. Бірақ, әскери басшылық оны мойындамады. Елді азаматтық соғыс өрті шарпып, 100 мың адамның жаны қиылды. 1996 ж. референдум исламды мемлекеттік дін, араб тілін – мемлекеттік ресми тіл деп бекітті. 1999 ж. президент орнына келген А.А.Бүтіфлика ұлттық бірлікті қалыптастыруға шақырып, жағдай біраз жөнделе түсті. Ол жұрт арасында қолдау тауып осы күнге дейін ел басында отыр.

Ливия елінде соғыс аяқталғанда шетел әскерлері онда орналасып қалды. Оның Киренаика және Триполитания провинциялары ағыл-

шындарға, ал Феццан француздарға карады. Халык тілегіне мән бермеген Еуропа елдері 1947 жылы Киренаикадағы билікті Идрис әс-Сенусиге тапсырды. Феццанда шейх Ахмед Сейф ан-Насыр автономиялы үкімет басына келді. 1947 жылы бейбіт бітімге сәйкес Италия бұл елден бас тартты. 1951 жылы 31 желтоқсанда Ливия тәуелсіздігі жарияланып, ол федеративті корольдікке айналды.

50-жылдардың екінші жартысында Ливияда мұнай және газ қорлары ашылып, оларды шетел компаниялары игеруге кірісіп, 1961-1969 жылдар арасында мұнай өндіру 0,6 млн тоннадан 180 млн тоннаға жетті. Одан түскен табыс 3 млн доллардан 1175 млн долларға өсті. Ішкі жалпы өнімде мұнайдың үлесі 62%-ға жақындап, ауыл шаруашылығының үлесі 3% болды. Осыған байланысты елдің әлеуметтік жағдайы тез өзгеріп, халық қалалар мен өндіріс орындарына шоғырлана бастады.

1969 жылы 1 қыркүйекте әскери төңкеріс ел басына революциялық командование кеңесін (РКК) қойды. Ол 12 кіші офицерлерден тұратын, жетекшісі 29 жастағы капитан *Муамар Қаддафи* болды. 1970 жылы елден ағылшын және америкалық әскерлері шығарылып, шетел капиталы шектелді. Араб социалистік одағы (АСО) құрылып, одан басқа саяси ұйымдарға жол берілмеді.

1973 жылы мамырда М.Қаддафи реформалар жүргізуде «үшінші әлем революциясы» идеяларын уағыздап, «Жасыл кітабын» басып шығарды.

Қаддафи саясатына күшейген буржуазия топтары және оларды жақтаған әскерилер қарсылық білдірді. Олар ұйымдастырған төңкеріс әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. 1975-1977 жылдары джамахирия жүйесіндегі органдар қалыптасты. Ел аты Социалистік-Халықтық Ливия Араб Джамахириясы (СХЛАД) боп өзгерді.

Қазіргі кезде Ливия бай елдердің бірі. Мұнай-газ өндірісінен басқа 5,5 млн т болат балқытатын комбинат жұмыс істейді, трактор және машина шығаратын, электр желілерін жасайтын зауыттар іске қосылған. Ауыл шаруашылығында мал өсіру, дәнді дақылдар, көк-өніс, цитрус жемістері, макта өндіру дамыған.

Африкада орналасқан Мавритания, Жибути, Эритрея Араб мемлекеттерінің Лигасына мүше елдер. Олар өте нашар дамыған елдер қатарына жатады. Ғасырлар тоғысында Эритрея-Эфиопия шекара жанжалы үлкен соғысқа апарып, оны басура БҰҰ қатысып, екі елді бітістірді.

2002 жылы жазда құрлықтағы елдер Африка Одағын құрастыру туралы шешімге келді. Оған Африкадағы барлық араб елдері қатысуға келісім берді.

§31. Тропикалық және Оңтүстік Африка елдері

XX ғасырдың 40-жылдардың ортасы 50-жылдардың аяғындағы кара нәсілді Африканың дамуы және ондағы өзгерістер.

Дүниежүзілік соғыста фашистік мемлекеттерді күйретуге Батыс елдері Африка халықтарының күші мен материалдық қорларын пайдаланды. Олардың бостандығын нығайтуға барлық мүмкіндігін жұмсаған кара нәсілді Африка өзі сол бұрынғы отарлы калпында қалды. Англия, Франция, Португалия, Бельгия бірде-бір елге бостандық беруді ойластырмады. Саяси жағдайында өзгерістер болмағанымен, Африка елдерінің шаруашылығы мен әлеуметтік өмірінде көптеген жаңалықтар болды. Соғыстан кейін жеделдете көтерілген Батыс елдері экономикасына қажетті тауарларды отарларынан тасыды. Сондықтан Африка елдеріне шетел капиталы құйыла бастады. Англия Африкадағы отарларына 1870-1936 жылдары 1 млрд ф. стерлинг шығарған болатын, ал тек 1945-1955 жылдары оның көлемі 650 млн ф. стерлингке жеткен. Францияның Африкадағы жекеменшіктік капиталы 1947 жылға дейін 2000 млрд франкке тең болса, ал он жыл өткенде оның көлемі 4000 млрд фр. жеткен. Осыған орай Африкада тау-кен өндірісі, энергетика, көлік жүйесі, ауыл шаруашылығының макта, жүнтері, какао, кофе, каучук, жемістер салалары алға басты. 1955 жылдары Африкада әлемнің 98% алмазы, 80% кобальті, 56% алтыны, 38% хромы, 36% марганеці, 27% мысы өндіріліп, соғысқа дейінгі көрсеткіштен 1,5 есе асып түсті. Басқа елдер (метрополиялар) 1938 жылы Африкадан құны 1 млрд долл. жететіндей дүние алып кетсе, 1955 жылы оларға кеткен тауарлардың құны 5,44 млрд долларға көтерілген.

Әйтсе де 50-жылдары отаршылдар Африка елдерінде ұлттық кәсіпкерлерді, білімі бар кара нәсілді азаматтарды кейбір жабық салаларға, өкімет қызметіне тартуға мәжбүр болды. Феликс Мумие (Камерун), Джомо Кениата (Кения), Кваме Нкрума (Ғана), Леопольд Сенгор (Сенегал), Патрис Лумумба (Конго), Эдуард Мондлане (Мозамбик), Агостиньо Нето (Ангола), Нельсон Мандела (Оңтүстік Африка Республикасы), Джулиус Ньерере (Танзания), Сэм Нуойма (Намибия), т.б. ондаған Африка көсемдері әлем тарихында аттары өшпес орын алып, кейінгі ұрпақтарға үлгі болып қалды.

Соғыстан кейінгі жарты ғасыр ішінде Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы мынандай тарихи кезеңдерден өтті:

1. 1940-1950 жылдар ортасы. Бұл кезде әр елде саяси және қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар кең өріс жайып, нығая түсті. Шығыс, Батыс және Оңтүстік аймақтарда күшті толқулар мен шерулер басталып, оларды басу үшін отаршылдар қару қолданды.

2. 50-жылдардың ортасынан 1960 жылды қоса. Бұл кезде бұрыннан қалыптасқан отаршылдық жүйенің шеті ойыла бастады. 1957 жылы 6 наурызда тәуелсіздікке бірінші болып Алтын жағалау (Гана) жетті. Оның туын желбіреткен К. Нкрума еді. Сөйтіп, ағылшындардың отарлық үстемдігінен алғаш құтылған Гана болды. Келесі жылы қыркүйекте Ш. де Голль конституциясын қабылдамай, өз тағдырын өз қолына алған Гвинея болды. Оның басында Гвинея демократиялық партиясының жетекшісі Ахмед Секу Туре тұрды. 1957 жылы желтоқсанда әл-Каир қаласында Азия және Африка халықтарының ынтымақтасу конференциясы өтті. Оған 44 елдің уәкілдері қатысты. Осыдан кейін бүкіл Африка қазандағы қайнаған судай толқулар мен шерулер астында қалды. Лондон мен Париж 1960 жылы 16 отарларына тәуелсіздік беруге мәжбүр болды. Бұларға Бельгия үкіметі қосылды. Сөйтіп, бір жыл ішінде 17 Африка елдері шетел қанауынан құтылып, жаңа жолға шықты. Тарихқа 1960 жыл – Африка жылы боп енді.

3. Алдыңғы кезеңдегі жеңістерге халықтар көбінесе бейбіт түрде жетті. Ал одан кейінгі 1960-1980 жылдары бостандықты аңсаған халықтарға қарсы отаршыл елдер қантөгіс соғыстар бастады. Бұл кезде португал езгісінде болған Ангола, Гвинея-Бисау, Мозамбик, ағылшындар билеген Оңтүстік Родезия, Оңтүстік Африка Одағы, Намибия, сондай-ақ Эфиопия басып алған Эритрея халықтары қарулы күреске шықты. Ангола португал отарларының арасында бірінші болып 1961 жылы көтеріліске шықты. Анголаның артынан 1963 жылы қаңтарда Гвинея-Бисау көтерілді. Мозамбикті азат ету майданы (МММ) 1962 жылы қыркүйекте құрылған, оған АҚШ-та оқыған Эдуард Мондлане жетекшілік етті. 1973-1976 жылдары Гвинея-Бисау, Мозамбик, Ангола тәуелсіздіктерін жариялады. Бұл жеңіске жетуге 1974 жылы сәуірдегі Португалия демократиялық революциясы өз көмегін тигізді.

Сол кезде Англияның отарлары болған Ньясаленд, Малави және Солтүстік Родезия тәуелсіздігін жариялады (1964 ж.)

4. Төртінші кезең ХХ ғ. 80-90-жылдарына жатады. Бұл кезде нәсілшілдік тәртіп пен отарлық үстемдіктің ақырғы тамырлары үзіліп, Африка құрлығы толық азаттық алды. Намибия тәуелсіздігі 1990 жылы 21 наурызда жарияланды.

Оңтүстік Африка Одағы 1960 жылы республика болып жарияланды. Африка Ұлттық Конгресі (АҰК), компартия, т.б. ұйымдар басқарған жергілікті тұрғындар нәсілшілдік және апартхейд жүйесін жоюға батылды күрес жүргізген. 1960 жылдан кейін жастар қарулы көтеріліс жолына шыққан. Олардың жасырын «Ұлт найзасы» атты ұйымын Нельсон Мандела басқарған. Ол Зулус көсемінің ұлы, Англия

университетін тамамдаған», 1964 ж. Мандела ұсталып, 27 жыл қамауда отырған.

Елді билеп-төстеген ақ нәсілділер арасында отаршылдық тәртіптен бас тартып, қоғамда біраз жаңарту қажеттігін қолдағандар. 70-шы ж. аяғында реформалар енгізуге барған Президент П.Бота 1984 ж. жаңа Конституцияны бекіткізіп, түрлі түстілерге және үнділіктерге жеңілдіктер берген. Бірақ, қара нәсілділер жағдайы баяғы азапты қалпында сақталған. Соған қарай саяси-әлеуметтік дағдарыс шиеленісе түскен. Экономика дамуы мардымсыз болды.

Тек 1989 ж. президент орнын басқан Фредерик де Клерк бет-бұрыс саясатын бастап, демократиялық реформаларға жол ашты. Неше түрлі саяси партиялар қызмет атқаруға кіріскен, абақтыдағылар еркіндік алған. Қара нәсілділер сайлау құқығын алған.

1994 жылы 9 мамырда Ұлттық Ассамблея Н.Манделаны ОАР президенті етіп сайлады. 1999 жылы өткен президенттік сайлау алдында Н.Мандела одан бас тартып, былай деген: «Менің Тайсонмен (боксер) сайысқа түсетіндей қауқарым бар. Бірақ жасым 77-ге жетті. Ендігіде немерелерімді тәрбиелеумен шұғылданамын. Оңтүстік Африкада президент орнын ұстап, елді басқаруға шамалары бар жас жігіттер көп...». Кейін Манделаға Нобель сыйлығы берілді, Лондонда атақты ағылшын саясаткерлерінің қасында қола мүсіні орнатылды. Ел президенті болып Н.Манделаның серігі Табо Мбеки сайланды. 2009 ж. ел басына Джей коб Зума келді. Ол бұрын компартияға жақын болған қайраткер.

Тропикалық және Оңтүстік Африка елдерінің даму мәселелері. Бұл аймақтағы елдердің көбі ең нашар дамығандардың қатарында болып келеді (Сомали, Чад, Орталық Африка Республикасы, Ангола, Эритрея, т.б.). Тәуелсіздік алғаннан кейін Африка мемлекеттерінің экономикасы біртіндеп дами бастады. Орта есеппен жалпы ішкі өнім 3-4% өсуде, тек ол барлық елде бірдей емес. Африканың 24 елінде жағдай нашар күйінде қалып отыр. Ол бірнеше себептерге байланысты. Ең алдымен Африкада дәстүрлі ру-тайпалық және жартылай феодалдық қатынастар әлі толық жойылмай келеді. 100 миллионнан астам шаруалар ежелгі құрал-саймандармен жер өңдеуде. Екіншіден, халық саны тез өсуде, 1950-1989 жж. Африка халқы 224 миллионнан 626 миллионға жетіп, 90-жылдар аяғында 700 миллионнан асып түсті. Ауылшаруашылық өнімі жетіспей, елдер шеттен астық тасуда. Жастар саны ұлғайып, пайдаланатын жер көлемі жан басына шаққанда азая түсуде. Оның үстіне барған сайын қуаңшылық жайлап, Сахара құмы жыл сайын 15-20 км оңтүстікке қарай жылжып, сахель аймағы

тарылып барады. Ашаршылық жылдан-жылға жалғасып, 80-100 млн тұрғындар күйзелісті күй кешуде.

Отаршылдар шекараны халықтардың орналасуымен санаспай, өздерінше кескілеп белгілеген. Сондықтан бір текті халық бірнеше елдерге бөлініп кеткен жағдайлар көп. Бұл тайпалар этностық тартыстарға жол беріп, дау-талас, қактығыстардың тыйым табатын түрі көрінбейді. Кейбір жерлерде қара басының камын ойлаған ашкөз топтар билікке келіп, ел-байлығын талан-таражға салған (Конгода – Мобуту, Угандада – Амин, Орталық Африка Республикасында – Бокассо, т.б.). Олар 10-30 жыл бойы халықты сорлатып келді.

Африка құрлығы қырғи-кабак соғысқа тартылып, КСРО мен Батыс елдерінің арасындағы тартыстардың әсеріне ұшырады. КСРО ықпалымен кейбір елдер социалистік бағыт жолына түсіп, ішкі шиеленістер күшейді. Азаматтық соғысқа ұшыраған Ангола, Эфиопия, Мозамбик, Сомали, Конго, т.б. елдердің өндіргіш күштері киратылып, халқы мүсәпірлік халге түсті.

Африка елдері даму жолында. Қоғамды, шаруашылықты жаңғырту үшін Африка елдері көп қарыздануға мәжбүр болды. Шетелдерден алған қарызды біреулер ұтымды пайдаланса, диктаторлық тәртіп орнатқандар жеке басына жұмсап, елге зиянын тигізуде. Қарыз келемі шексіз өсуде: 1970 жылы барлық Африка елдері 8,7 млрд доллар қарызданса, 1982 жылы ол 150 млрд долларға жетті, ал 90-жылдары 252 млрд долларға дейін ұлғайды. ХХІ ғ. басында несие берушілер оларды қысқарта түскен.

Африка елдерінің арасында әл-ауқаты жақсарып, тұрмысы жөнделгендер де кездеседі. Оған тау-кен байлығы (мұнай, алтын, жез, алмас, т.б.) мол Нигерия, Гана, Габон, Замбия сияқтылар жатады. Оңтүстік Африка Республикасы бұрыннан қатты дамыған ел, оның жалғыз өзіне бүкіл Африка шығаратын өндіріс өнімдерінің 40%-ы, ауылшаруашылық өнімдерінің 30%-ы, жалпы ішкі өнімнің 27%-ы тиесілі.

80-жылдардың ортасында Африка демократиялық, көп партиялық, нарықтық экономика жолына бағыт алып, 90-жылдары саяси сахна әскери хунталар мен диктаторлардан тазартылды.

Африка елдерінің сыртқы саясаты. Тәуелсіздік жолына түскен Африка елдері қосылмаушылық қозғалысына батыл қатысуда. 1963 жылы 25 мамырда *Африка бірлестігінің ұйымы* (АБҰ) құрылған. Оған барлық елдер қатысып, негізгі мәселелерді бірге талқылап отырады. 80-90-жылдары құрлықта экономикалық ынтымақтасу және интеграциялау істері қолға алынып, бірнеше ұйымдар іске қосылды. Африка елдері сыртқы сауда да, экономикалық-техникалық жағынан бұрынғы метрополиялармен тығыз байланыс жасауда.

АБҰ елдер арасындағы татулыққа көп мән берді. Оның қатысуымен бірнеше шекара жанжалдары реттелді. Африкада этностық қатынастар өте күрделі жағдайда болды. Ол 90-жылдары Шығыс Африка елдерінде (Уганда, Руанда, Эфиопия), Суданда, Конгода, Либерияда өрши түсті.

2002 жылы жазда барлық Африка мемлекеттері Аддис-Абебада бас қосып, Африка Одағын құру туралы шешім шығарды. АБҰ мақсаты тәуелсіздікке жету еді, ол орындалды. Ендігі негізгі мәселе экономикалық-әлеуметтік, мәдени, ғылыми-техникалық даму мақсаты. Оларды іске асыру тек интеграция арқасында мүмкін екендігін көпшілік түсінгендей. Әрине, ол жолда Африка неше қиын белестерден өтуі қажет. Бұл аймақтағы елдермен Қазақстан дипломатиялық, сауда қатынастарын орната түсті. Республика президенті Оңтүстік Африка Республикасына барып қайтты, ол ел ҚР елшілігін ашты.

§32. «Қырғи-кабак соғыс» және оның жүрісі (1945-1960 жж.)

«Қырғи кабак соғыстың» басталуы. Ұзаққа созылған соғыстан кейін де адамзаттың үміті мен жеңіс қуанышы ақталмады. Соғыс уақытының өзінде-ақ Ұлы державалардың арасында Еуропаның соғыстан кейінгі құрылым мәселелері бойынша алауыздықтар біліне бастады. Кеңес Одағы Қызыл Армия орныққан елдерде билікке бұрынғы үкіметтің қайтып оралуын қаламады. Сондықтан КСРО азат етілген елдерде билік басына кеңестік солшыл күштердің бекітілуіне жәрдемдесті. КСРО Қытайдағы, Кореядағы және Вьетнамдағы коммунистік қозғалыстарды қолдады.

Өзара сенімсіздік пен идеологиялық тәртіп «қырғи-кабак соғысты» шиеленістіруде үлкен рөл атқарды. Атом қаруы құпиясының иеленушісі болған АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижелерін өз пайдасына шешу үшін «асыра ойнау» әрекетін жасады. Желтоқсанда-ақ американдық президенті Гарри Трумэн (1945-1953 жж.) – «АҚШ дүние жүзіне әрі қарай басшылық жасауға жауапты» деп ашық мәлімдеді. Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі У. Черчилль американдық Фултон қалашығындағы (Миссури штаты) университетте «ақылы дәріс» оқыды. Осы дәрісінде ол «ағылшын тілді халықтардың» негізінде халықаралық қарулы күштерді қалыптастыра бастауға, осылайша коммунизмге қарсы тұруға шақырады. «Трумэн доктринасы» мен «Маршалл жоспары» «қырғи-кабак соғыс» арасындағы АҚШ-тың әскери-саяси жоспарларын жүзеге асыру құралдары болды.

«Трумэн доктринасы» (1947 ж. 12 наурыз) тікелей «коммунистік қауіп-қатерге» ұшырауы мүмкін Грекия мен Түркияға көмек көрсетуді

карастырды. «Трумэн доктринасының» маңызды құрамдас бөлігі АҚШ «көмегін» алған елге американдық әскери қызметшілерді жіберу болды. АҚШ-тың әскери міндеттегі мыңға жуық мүшелері Грекия мен Түркиядағы әскери бөлімдерді нығайту үшін осы елдерге келіп түсті.

1948 жылы сәуірде АҚШ-та әзірленген «Маршалл жоспары» жүзеге асырыла бастады. Бұл жоспар соғыс жылдары зардап шеккен Еуропа елдеріне экономикалық көмек көрсетуді қарастырды. «Маршалл жоспары» бірқатар өзара байланысты міндеттерді шешуге шақырды. *Біріншіден*, Еуропадағы капитализмнің шайқалған тіреулерін нығайту; *екіншіден*, еуропалық істерде АҚШ-тың үстемдік ұстанымдарын қамтамасыз ету; *үшіншіден*, антикеңестік бағыттағы әскери одақты құру негіздерін дайындау.

«Қырғи-қабақ соғыстың» хронологиялық шеңбері 40-жылдардың екінші жартысынан, 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басына дейінгі халықаралық қарым-қатынастардың даму кезеңін қамтиды.

Екінші дүниежүзілік соғыс бойынша бұрынғы одақтастардың карама-қарсылығы, бірден соғыс аяқталысымен герман мәселесін талқылауға кіріскен кезде-ақ байқалды.

1947 жылы көктемде АҚШ, Англия және Франция өкілдері КСРО-мен бұрын келіскен шешімдерінен өздерінің бас тартатындықтары туралы мәлімдеді. Олар өздерінің әрекеттерімен Германияның жіктелуін арандатты. Осы кезеңде АҚШ атом бомбасын иеленуде, содан кейін әскери техника мен қару-жарақтың жаңа түрлерін дамытуда өзінің басымдылығын пайдалануға ұмтылды.

«Қырғи-қабақ соғыс» арнасында Батыс елдері мен КСРО Германияның екі мемлекетке жіктелуін жүзеге асырды, *Солтүстік Атлантикалық одақ (НАТО) құру туралы келісімге 1949 жылы 4 сәуірде* Вашингтонда қол қойылды. НАТО құрамына АҚШ, Англия, Франция, Италия, Канада, Бельгия, Голландия, Португалия, Дания, Норвегия, Испания және Люксембург кірді. Кейіннен оған Түркия, Грекия, 1955 жылы ГФР, т.б. елдер қосылды.

1949 жылы қыркүйекте КСРО өзінің атом бомбасын сынап, қарудың осы түріне байланысты американо-монополиясына қарсы нүкте қойды. АҚШ пен оның одақтастарының әрекеті жауап қайтару шараларын талап етті.

1955 жылы 14 мамырда социалистік мемлекеттердің ұжымдық қорғаныс одағы – *Варшава Шартты Ұйымы* рәсімделді. 1953 жылғы сутегі бомбасын сәтті сынақтан өткізу жөніндегі Кеңес үкіметінің мәлімдемесі атом-ядролық қару саласындағы АҚШ-тың басымдылығы туралы аңызды түбегейлі жоққа шығарды. НАТО мен ВШҰ-ның құрылуымен «қырғи-қабақ соғыс» кезеңінде халықаралық қарым-

катынастар жүйесі мен бір-біріне карама-карсы екі дүние толық калыптасып болды.

Милитаризм. Әскери-саяси блоктардын құрылуы және қару-жарактың стратегиялық түрлерін шығаруда жетістіктерге жетуі экономиканың жаппай қарулануына алып келді. Жаппай қарулану ұлғайып келе жатқан бүкіл өндірісті, әскери және әскери-өнеркәсіп құрылысын қамтыды. АҚШ өнеркәсібінің кейбір салалары тіпті бейбіт уақыттың өзінде-ақ толығымен немесе едәуір шамада: атом – 100%-ға, авиация – 95%-ға, кеме жасау – 60%-ға әскерилендірілді. АҚШ пен КСРО қару-жарактардың жана түрлерін жасауда ымырасыз бәсекелестер ретінде көрінді. Жаппай қарулану тек екі қуатты державалар ғана емес, НАТО және ВШҰ блогына кірген мемлекеттерді де қамтыды.

КСРО мен АҚШ-тың алғаш рет қасарысуы 1947-1953 жылдары байқалып, Еуропа елдерінің шегінен тыс жүрді. Қарсы тұрудың алғашқы сатысы Азия аймағында болды. Екі ұлы державалардың аймақта қарсы тұруы:

- 1950-1953 жылдардағы Корей соғысында;
- Таяу Шығыстағы дау-жанжалда;
- 1947 жылғы Үнді-Пәкістан дау-жанжалында;
- 1946-1954 жылдардағы Үндіқытай дау-жанжалында көрінді.

Корей соғысы (1950-1953 жж.). Бірігу қағидаларына қатысты екі корей мемлекеттерінің арасындағы өткір карама-қайшылықтар 1950 жылғы соғыстың басталуына алып келіп, КХДР жағына КСРО мен Қытай шықты. Басқыншылықтан зардап шеккен Оңтүстік Кореяны БҰҰ колдап, мұнда АҚШ-тың және оның одақтастары – 15 мемлекеттің әскерлері енгізілді. Қиян-кескі ұрыстар мен бомбалау елді талқандап тастады. Өздерінің саяси мақсаттарына жетпей екі жақ Уақытша бітімді бекітіп, оның әсері бүгінгі таңға дейін жалғасып келеді.

Таяу Шығыстағы дау-жанжалдар. 1947 жылы 29 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Палестинаны араб және еврей – екі мемлекетке бөлу туралы қарар қабылдады. Сөйтіп, Палестинаның бүкіл аумағы еврей (56%) және араб (42%) мемлекеттеріне бөлінді. Иерусалим қаласы БҰҰ-ның қамқорлығына берілді. Ұлыбритания Палестинаға мандат беруден ресми түрде бас тартты. 1948 жылы 15 мамырда Израиль мемлекетін құру туралы шешім жарияланды. Оған келіспеген көршілес араб мемлекеттері (Египет, Ирак, Сирия, Иордания, Ливан, Сауд Арабиясы, Йемен) Израильге қарсы соғыс қимылдарын бастады. Соғыс араб мемлекеттерінің жеңілісімен аяқталды. 1949 жылғы Уақытша бітімге сәйкес әлі құрылмаған Палестина мемлекетінің едәуір аумағы Израильге қосылып, қалған аумақтары Иордания мен Египетке кетті. Миллионнан аса

палестиналықтар босқындық жағдайда қалды. Палестина мәселесі ұзақ жылдар бойы Израиль және оның айналасындағы араб елдерінің арасындағы ұрыс нысанына айналды.

Үнді-Пәкістан дау-жанжалы. 1947 жылы тамызда Үндістанның тәуелсіздігі туралы Заң күшіне енді. Британдық Үндістанның орнына 2 доминион — Үндістан Одағы мен Пәкістан құрылды. Елді діни қағидалар бойынша бөлу және жаңа шекараларды орнату үнділер мен мұсылмандардың арасында қанды қақтығыстарды туғызды.

Пәкістан да, Үндістан да Жамму және Кашмир жерін өз аумақтарына қосып алуға ұмтылды. Жамму мен Кашмир 20-ға жуық ұлыстар мен тайпалардан тұратын тарихи облыстар. Князьдіктің 4 млн тұрғын халқы діни жағынан біртекті емес. Тұрғындардың 80%-ға жуығы мұсылмандар, қалғандары үнділер, буддалықтар және т.б. болды. 1947 жылдың соңында Кашмирге Пәкістанның қарулы қосындарының баса-көктеп енуінен Үндістан мен Пәкістанның арасында соғыс қимылдары басталды. Осы кезеңде Махараджа (үнділік діндегі билеуші) Кашмирді Үндістанға қосу туралы шешім қабылдап, нәтижесінде аумақтың 2/3 бөлігі Үндістан құрамына кірді, ал 1/3 бөлігін осы күнге дейін Пәкістан ұстап тұр. БҰҰ-ның осы мәселені шешуге жасаған көптеген әрекеттері сәтсіз болды.

Үндіқытай дау-жанжалы (1946-1954 жж.) Революция жеңісінің нәтижесінде, 1945 жылы 2 қыркүйекте *Вьетнам Демократиялық Республикасы* жарияланды. Франция отарларынан айырылуды қаламай, АҚШ пен Англия империалистерінің қолдауына сүйене отырып, республиканы жоюды ұйғарды. Француз отаршылдары Оңтүстік Вьетнамды басып алып, 1946 жылы күзде бүкіл ел көлемінде ВДР-ге қарсы соғыс қимылдарын бастады. Олар өздерінің жеңістеріне кәміл сенімді болды. Бірақ олар қатты қателесті. Вьетнам халқы президент *Хо Ши Миннің* үндеуі бойынша жалпыға ортақ қарсыласу соғысына көтерілді.

КСРО-ның бастамасы мен Женевада Үндіқытай дау-жанжалдарының мәселесі бойынша халықаралық конференция шақырылды. 1954 жылы 20 шілдеде Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада соғыс қимылдарын тоқтату туралы келісімге қол қойылды. ВДР мен Оңтүстік Вьетнам арасында 17 параллель бойынша демаркациялық шекара орнатылды.

Бұл уақытша демаркациялық шекара болды. Женева келісімі 1956 жылы Вьетнамды демократиялық бастамаларға біріктіру үшін жалпыға бірдей еркін сайлаушылар өткізуді қарастырды.

Жылымық (1953-1960 жж.) И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейінгі кеңес қоғамы өмірінің аздаған кезеңі өкімет саясатын демократия-

ландырумен анықталды. Қоғамды демократияландыру бағыты 1956 жылы жазда КОКП ОК-нің «жеке басқа табынушылықты жою және оның салдарлары» деген атпен жарияланған қаулысынан кейін белсендіріле түсті. «Жылымықтың» басы КСРО-да биліктің жоғарғы эшелонына Г.М.Маленков пен Н.С.Хрущевтің келуімен басталды. Жаңа басшылық алғашқы кезде әлеуметтік саладағы азық-түлік мәселесін шешуге, ауыл шаруашылығын ұзаққа созылған дағдарыстан шығаруға көп көңіл бөлді. Ұжымшарлар үшін мемлекеттік сатып алу бағасын жоғарылату, қосалқы телімдерден салықты азайту тәжірибесі енгізілді.

Ақпан (1954 ж.) пленумында Қазақстанның, Сібірдің, Алтай мен Оңтүстік Оралдың тыңайған жерлерін игеру жөнінде шешім қабылданды. МТС-терді таратып, оның техникалары ұжымшарларға сатылды. Ұжымшарларды ірілендіру де бір мезгілде жүргізілді.

КСРО-ның жаңа басшылығы ғылыми-техникалық ілгерілеушілікті дамытуға көңіл бөлді. Адамдардың шамадан тыс жұмыс істеуі мен инженерлік-техникалық ойлардың нәтижесінде әсерлі табыстарға қол жеткізудің сәті түсті. 1954 жылы атом электр станциясы салынып, 1959 жылы «В.И. Ленин» атомдық мұзжарғыш кемесі іске қосылды. 1961 жылы 12 сәуірде тұңғыш рет КСРО азаматы *Юрий Алексеевич Гагарин* ғарышқа ұшты. Кең көлемді әлеуметтік бағдарламалар кең құлаш жайды. Енбекақы, зейнетақы жоғарылады, тұрғын үй құрылысы қарқынды жүрді, оқыту үшін ақы төлеудің барлық түрлері жойылды, ұлдар мен қыздарды біріктіріп оқыту енгізілді, мемлекеттік заемдарға мәжбүрлеп жаздыру тоқтатылды.

Саяси жүйе де өзгерістерге тап болды. Жаппай қуғындау (репрессия) тоқтатылып, жазықсыз айыпталғандар лагерьлерден қайтып оралды. 1954 жылы Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) болып қайта құрылды. Қауіпсіздік комитеті прокуратураның бақылауына қойылды. Соғыс жылдары жойылып кеткен Шешен, Ингуш, Қалмак және Қарашай автономиялары қалпына келтірілді.

Хрущев әкімшілігінің қайта құру бағыты сыртқы саясатта көрініс тапты. СОКП-ның XX съезінің «Қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру» туралы және «Соғысты болдырмау жөніндегі» Ережелері АҚШ-пен және НАТО елдерімен келіссөздер жүргізу мүмкіндіктерін ашып берді.

Социалистік жүйе мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастар, достық және ынтымақтастық туралы келісім негізінде құрылды. Экономикалық қатынастар Экономикалық өзара көмек кеңесімен (ЭӨК 1949 ж.), ал әскери-саяси байланыстар Варшава Шарты Ұйымы

(ВШҰ) арқылы үйлестірілді. Халықаралық шиеленісті уақытша бәсеңдетудің айғағы 1955 жылы шілдеде КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция үкімет басшыларының қатысуымен өткен *Женева кеңесінде* байқалды. Бұл 1945 жылғы Потсдам конференциясынан кейінгі КСРО мен АҚШ басшыларының (Н.С. Хрущев және Д. Эйзенхауэр) бірінші кездесуі болған. 1959 жылы қыркүйекте Н.С.Хрущев АҚШ-қа ресми сапарында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының сессиясында жаппай және толық қарусыздану туралы Мәлімдеме жасады.

Берлин дағдарысынан Вьетнам соғысына қарай. «Маршалл жоспарын» жүзеге асыру аясында АҚШ, Англия және Франция өздері басып алған Германия аймағында жікшілдік (сепараттық) ақша реформасын жүргізді. Олар Батыс Берлинге жікшілдік валютаны енгізіп, осы әрекетімен қаланың қалыпты өмір ағысын бұзды. Бұған жауап ретінде, Батыс Германиядан Батыс Берлинге баратын су және жер беті жолдарын кеңес әскерлері қоршап алды. Батыс Берлинді жабдықтау үшін Батыс державалар «әуе көпірін» жасап, жүкті ұшақтармен жеткізуді ұйымдастырды. Берлин жіктелгеннен кейін Батыс елдері Батыс Германияда мемлекетті рәсімдеу бағытын жүргізді. Германияның әскери-саяси жіктелуі шындыққа айналды. 1949 ж. Германияда екі неміс мемлекеті құрылды.

1959 жылы қаңтарда Кубада диктаторлық режим құлатылды. Ф. Кастро бастаған революциялық өкімет орнады. Аграрлық реформа жөнінде, банктер мен өнеркәсіпті мемлекеттік меншікке алу туралы заң қабылданды. Барлық партиялар бір партияға, яғни Куба Коммунистік партиясына бірікті. 1961 жылы Куба революциясының «социалистік кезеңінің» басталуы туралы жарияланды.

1962 жылы Куба үкіметі өз аумағына 66 кеңестік ядролық зымыранды орналастырды. Бұл құпияны білген АҚШ үкіметі аралды қоршауға алып, оны бомбалауға дайындала бастады. КСРО мен АҚШ-тың зымырандық бөлімдері толығымен соғыс даярлығына келтірілді. Дүние жүзі ядролық соғыс шегінде тұрды. АҚШ президенті Д.Ф. Кеннеди мен КСРО басшысы Н.С. Хрущев соғысқа жол бермеуге келісті. Кубадағы зымырандар қайтарылды. 1962 жылғы Кариб дағдарысы осылай шешілді.

«Қырғи-кабак соғыс» батыс жарты шары жағалауларынан Оңтүстік Шығыс Азия жазығына ауысты.

60-жылдардың екінші жартысында (1964-1973 жж.) Вьетнам соғысы өршіді. Вьетнамды біріктіру жөнінде 1954 жылы өткен Женева конференциясының шешімдерін американ империалистері үзіп тастады. АҚШ-тың күшімен құрылған Оңтүстік Вьетнам Республикасында халық бұқарасы, Оңтүстік Вьетнамды азат ету Ұлттық

майданының басшылығымен қарулы қарсылықтарын бастады. Сайгон режимін құтқаруға әрекет жасай отырып, Вашингтон Оңтүстік Вьетнамның істеріне әскери араласуын күрт күшейтті. 1964 жылы ВДР торпедалық кемелері Тонкин бұғазындағы американдық соғыс кемелерімен қақтығысып қалған. Осыдан кейін АҚШ ВДР-ді «басқыншы» деп жариялап, Солтүстік Вьетнам аумағын жүйелі түрде бомбалауды бастады. Соғысқа Лаос пен Камбоджа тартылды. АҚШ-тың бұл іс-әрекеттеріне КСРО бірден қарсы шаралар ұйымдастырды. Соғыс жылдары Солтүстік Вьетнамға КСРО-дан Республиканың әуе қорғанысының негізі болған қару-жарак, ок-дәрі және басқа да соғыс жарактары толассыз ағылып жатты. Үндіқытай түбегінің халықтарына қарсы АҚШ-тың сегіз жылға 1964-1973 жж. созылған басқыншылығы толығымен күйреді.

60-70-жылдары Таяу Шығыста Израиль және көршілес араб елдерінің арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуі 1967 және 1973 жылдары қарулы дау-жанжалдарға алып келді.

1967 жылғы алты күндік соғыс және 1973 жылғы соғыс араб елдеріне табыс әкелмеді. 1973 жылғы соғыста Египет пен Сирияның одақтас әскерлері бастапқы кезеңде белгілі бір табыстарға жеткенімен, ақырында та жеңіліске ұшырады. Екі жағдайда да КСРО мен Шығыс Еуропа елдері араб елдерінің тәуелсіздігін жақтады.

Қуғын-сүргінде болған Палестина халқы, біртіндеп бірлескен күрестің қажеттігін сезіне бастады. 1965 жылы әр текті саяси ұйым «Палестинаны азат ету ұйымы» (ПАҰ) құрылды. Осы майданда Ясир Арафат басқарған аса ірі «ФАТХ» (Палестина азаттық қозғалысы) ұйымы басты рөл атқарды. Израиль басқыншыларына қарсы Палестина халқының партизандық күресін үйлестіруші ПАҰ-ның біріккен басшылығы құрылды.

КСРО-Қытай араздасуы. 1960 жылдан бастап Қытай баспасөзінде ҚКП басшылығының халықаралық дамуы жайында, коммунистік және жұмысшы қозғалысының стратегиясы мен тактикасының маңызды мәселелері бойынша ерекше көзқарастары баяндалды.

Мао Цзэдунның айналасындағылар Сталин қайтыс болғаннан кейін оның жеке басқа табынуын айыптаудан бас тартты. 60-жылдардан бастап Қытай және КСРО басшылықтары достық қарым-қатынастарды жоюға бағыт алды, КСРО-мен шекараларды жиі-жиі бұза бастады. Кеңестік Қиыр Шығыс, Сібірдің бір бөлігі мен Орта Азия Қытай жері ретінде кескінделген қытай карталары пайда болды. «Мәдени революция» жылдарында ҚХР-дың сыртқы саясатында шовинистік көзқарас байқалды. Дұшпандық саясаттың шырқау шыңы Уссури өзеніндегі Даман аралы мен Семей облысындағы

ның бастамасымен Қауіпсіздік кеңесі БҰҰ-ның төтенше күштерін құру туралы шешім қабылдап, олар №338 қарарының орындалуын бақылау үшін соғыс қимылдары алаңына жеткізілді.

70-жылдардың екінші жартысында дау-жанжал бәсеңдеген. Бірақ КСРО басшылығы дүние жүзіне кеңестік ықпалды ұлғайтуға ұмтылды. КСРО Еуропаға орташа қашықтықтағы зымырандардың жаңа түрін (СС-20) орналастырды, «үшінші әлем» елдеріне әскери көмекті күшейтті, Ауғанстанға әскерлер енгізді.

Ал АҚШ болса оған жауап ретінде Еуропаға «Першинг-2» зымыранын орналастырды, КСРО-ға азық-түлік жіберуге тыйым салынды, зымыранға қарсы ғарыштық Қорғаныс жүйесін құруды қарастыратын «Стратегиялық қорғаныс бастамасы» деп аталатын бағдарламаны жариялады. Мәскеу шегінуге мәжбүр болды.

Германияның бір мемлекет бой бірігуімен, ВШҰ-ның таратылуымен және ізінше КСРО-ның ыдырауы мен қырғи-қабақ соғысқа нүкте қойылды. КСРО-ға маңызды әскери стратегиялық және геосаяси ұстанымдарынан айырылу тепе-теңдік негізде «қырғи-қабақ соғысты» абыроймен аяқтауға мүмкіндік бермеді.

Қырғи-қабақ соғыстың Азия және Африка елдеріне тигізген әсері және халықаралық қатынастар (XXI ғ. 60-70-ші жылдардың ортасы). XX ғ. 50 ж. аяғы – 80 ж. әлемдегі халықаралық жағдайлар қырғи-қабақ соғысының шырмауынан шыға алмады. Екі топты бастаған АҚШ пен КСРО аралары барған сайын күрделене түсті, өйткені олар бақталастықты жер жүзінің түпкір-түпкіріне таратып, қандай да болмасын елдерді ықпалына алуға қатты құмарланған. Ал тоқтаусыз болған қару-жарак сайысы адамзатты күдіктендірген, өйткені зымырандар іске қосылып, ядролық қару ендігіде көзді ашып жұмғанша әр елге жеткізілетіндей болды. Ядролық сынақтар ұлғайып, жойқын оқ тұмсықтар қорлары шоғырлана берді. Әлемге, адамзатқа, табиғатқа қатерлі қауіп төніп, өмір қыл ұшында тұрғандай болды.

Екі алып мемлекет тікелей арпалысқа бармағанымен, олардың қатысуымен әр аймақтарда жанжалдар, қарулы қақтығыстар сандары өсе берді. Бұрын ешкім күтпеген КСРО мен Қытай Халық Республикасы арақатынастары бұзылып, оның ызғары әлемге тарады.

Аймақты дағдарыстар мен жанжалдар. Берлин және Кариб дағдарыстары. 1959 ж. КСРО жетекшісі Н.С. Хрущев АҚШ-қа сапар жасап, президент Д. Эйзенхауермен кездескен. Олар әлемдегі және Еуропадағы қауіпсіздікті, Германия мәселесінің, Батыс Берлин туралы жағдайды кең түрде төрт ұлы мемлекеттердің қатысуымен талқылауды жөн көріп, келесі жылдың ортасына таман арнайы бас қосуға ұсыныс бекіткен. Оны Англия мен Франция қолдаған. Көпшіліктің арасында

жақсы үміттер ұялап, жоспарланған кездесуді халық бұқарасы қызыға күткен еді.

Бірақ жағдай белгіленген уақыт алдында күрт өзгеріп кетті. Сол жылдары АҚШ жағы КСРО жеріне жоғарыда желдің ағынымен ұшатын шарлар жіберіп, барлау жүргізуді қолданған. 1959-1960 жж. өте биікте қалқитын «У-2» түрлі арнайы барлау үшін жасалған ұшақтар пайдаланатын болып, АҚШ оларды Пәкістандағы, Түркиядағы, Ирандағы әскери базаларынан жіберіп, Қазақстан, Кавказ, Орал, Еділ бойы арқылы Мурманскіге, одан соң Норвегиядағы базаларға кондыра алатын болған. 1960 ж. 1 мамырда Г.Пауерс ұшқыш ұшағымен Свердловск (қазіргі Екатеринбург) тұсында зымырандармен атып түсірілген. Қолға түскен Пауерс сотталып, АҚШ пен КСРО арасы қатты нашарлады. Мамырдың ортасында Парижге жиналған төрт ел басшылары келіссөздер бастамай ауылдарына қайтқан, өйткені Хрущев Эйзенхауер кешірім сұрап, ендігіде барлаушы ұшақтарды жібермеуге кепілдік берсін деп тұрып алған. Оған АҚШ жағы бармады. Бұл халықаралық қатынастарды одан әрі шиеленістіре түскен еді.

Шешімі табылмай жүрген Герман мәселесі 60 ж. неше дүркін қарастырылып, көптеген ұсыныстар туғызған: екі герман мемлекеттерін конфедерация арқылы қосқызу, ол елде ешкім әскер ұстамауы, ядролық қаруды орналастырмауы, т.б. Польша бүкіл Орталық Еуропаны ядролық қарудан бос ұстауды қалаған. Бұларды батыс елдері қолдамай келді. Олар Германияны «еркін сайлау» өткізіп біріктіруді алға тартып келді. Кеңес Одағы 1959 ж. 10 қаңтарда екі герман мемлекетімен болмаса олар қосыла қалса конфедерациясымен бейбіт бітім жасауды көздеген еді.

1959 ж. мамыр-тамыз айларында Женевада төрт елдің сыртқы істер министрлері Герман мәселесін талқылаған. Оған ГФР мен ГДР өкілдері де қатыстырылған еді. Мамырдағы «У-2» әрекетінің кесірінен ол кеңестің жұмысы нәтижесіз аяқталған.

1961 ж. 13 тамызда КСРО мен ГДР Батыс Берлинді бетон тасымен қоршауға алып, онымен қарым-қатынас жасауды қатты шектеген. Бұл әрекет немістердің ашу-ызасын туғызып, батыста наразылық жайлады. Әскери қақтығыс жағдайы қалыптаса түсті. Біраздан соң ГДР мен Батыс Берлин магистраты (ол кезде В.Брандт, Герман солшыл-демократиялық партиясының жетекшісі, Батыс Берлинде бургомистр еді) өзара келісіп, қатынас жолдар ашылып, жағдай біраз жұмсарған.

Сондай кезде өте қауіпті жағдай АҚШ-қа жақын Кариб аймағында қалыптасты. 1959 ж. Кубада Ф.Кастро басқарған революция жеңіп, АҚШ-тың қол шокпары болған Батыста билігі жойылған. Жаңа үкімет КСРО-ға жақындап, социалистік құрылыс орнатуға бел байлаған. Оған

АҚШ карсы тұрып, 1961 ж. сәуірде Кубаға интервенция ұйымдастырған. Ол сәтсіздікке ұшырағанымен, аймақтағы жағдай нашарлай берді. Міне соны пайдаланып Хрущев тобы АҚШ-ка қыр көрсетпек ойымен Куба жеріне жасырын түрде зымыран қаруларын орналастырған. Бұл 1962 ж. жаз-күз айларында аныкталып, оған АҚШ өте қатты наразылық білдірген. Екі ел арасында бұрын болмаған қауіпті кезең туып, соғыс ашуға дайындалған. АҚШ-тың Еуропадағы, Атлантикадағы, Тынық Мұхиттағы, Жерорта теңізіндегі қарулы күштері ақырғы бұйрықты күткен. КСРО да қарап жатпады. Ядролық соғыс болса болсын деген Хрущев тобы, бірақ өз жандарын сақтау үшін сүңгуір қайыққа отырып. Мұзды мұхит тереңінде ақырғы заманды күтпекке жоспарлаған екен.

Сондай қиын сәттерде Д.Ф.Кеннеди (1960 ж. президенті болып сайланған) Хрущевпен келіссөзге барып, бұл дағдарыстың түйіндерін ағытқан. КСРО Кубадан зымырандарын алып кетуге келісіп, аяғында АҚШ та Түркиядағы зымырандарын басқа жаққа ауыстырған. Сөйтіп соғыс қаупі бұл жолы бағытталған. Осыдан кейін АҚШ пен КСРО өзара қатынастардағы жағдайларды ушықтырмауға тырысқан болды.

Германияның «Шығыс саясаты». КСРО бастаған социалистік елдер ІІ дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін қалай да болмасын мәңгілік бекітуді ойдан шығармаған. Осы тұрғыдан 1964 ж. Польша үкіметі барлық Еуропа елдерінің қатысуымен Еуропадағы қауіпсіздікті нығайту мәселесін қарастыру туралы ұсыныс жасаған. Оны Варшава Шарт Ұйымы (ВШҰ) 1965 ж. қаңтарда қолдап, өзара бейбіт қатар өмір сүру принциптеріне сүйеніп, құрлықта бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ынтымақтастықты нығайту үшін жалпы еуропалық келісім керек деген үндеу жариялаған. Әрине, ВШҰ елдерінің ойынша, оның негізіне әр елдің ішкі ісіне араласпауы, қалыптасқан шекаралардың мызғымастығы, Еуропа құрлығындағы қауіпсіздіктің бекем болуы, әскери бәсеңдікке шаралар іздестіруі сияқты принциптерді алу қажет еді.

Осындай бағытты біртіндеп басқа елдер де қолдай түскен. Айталық, Франция президенті Ш. де Голль 1966 ж. НАТО әскери құрылымынан өз елін шығаруға барып, ұжымды еуропалық қауіпсіздік жүйесін орнату керектігін мәлімдеді. Басқа да елдер сондай пікірлерге келе бастаған. 1969 ж. ГФР үкіметін басқарған В.Брандт қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтуда ұжымдық қимылдар қолайлы және Батыс Германия оны қолдайтынын анықтады. Ол жаңа «Шығыс саясатын» ұсынып, ГФР Шығыс Еуропа елдерімен шешілмей келе жатқан мәселелерді реттеуге кірісіп, 1970-1973 жж. КСРО-мен, Чехословакиямен, Польшамен және Герман Демократиялық Республикасымен бір топ келісімдерге барды. 1971 ж. 3 қыркүйекте АҚШ, Англия,

Франция, КСРО елдері Батыс Берлин туралы келісімге қол қойып, ол қалаға Батыс Германияның билігі жүрмейтіндігін бекітті. Батыс Берлин ендігіде ГФР-мен қатынастарын анағұрлым жеңілдететіп алған.

Оңтүстік Азиядағы жанжалдар. 60-70 жж. Оңтүстік Азия аймағында бірнеше қауіпті оқиғалар орын алып, әлемді алаңдатқан. Олар Үндістан және Пәкістан арасындағы Кашмир мәселесінен туындаған. 1965 ж. екі ел әскери қақтығыстары бірнеше айға созылып соғысқа апарды. Бұл жолы негізгі ұрыстар шекараның оңтүстік жағына ауып, көптеген адамдар қырғынға ұшырады. Оны тоқтатуға БҰҰ және басқа да мемлекеттер кіріскен. Ақырында екі ел басшыларын КСРО үкіметі Ташкент қаласына шақырып, келіссөз 1966 ж. қаңтарда өтті. Пәкістан президенті М.Айюб-Хан және Үндістан премьер-министрі Лал Бахадур Шастри екеуі тікелей кездесуден бас тартып, олардың талаптарын КСРО премьері А.Н.Косыгин бір-біріне жеткізіп жүрді. 9 қаңтардың түнінде соғыс қимылдарын тоқтатып, әскери бөлшектерді шекарадан алыстату туралы келісім өмірге келген. Екі ел жетекшілері қол алысып, аймақтағы жанжал реттелгенін халықтар разышылықпен қабылдап, саяси әдебиетте «Ташкент рухы» атты ұғым орын алған. Сол түні Л.Б. Шастри мезгілсіз қайтыс болуы да ол келісімнің мәніне көлеңке түсірмеген еді.

Бірақ екі ел арақатынастары 70 ж. басында тағы да бұзылып, үлкен соғысқа апарған. Оған түрткі болған Пәкістан еліндегі саяси дағдарыс еді. 1970 ж. аяғында ол елде парламент сайлауында ішкі автономияны тіленген Шығыс Пәкістандағы Авами Лиг партиясы жеңіске жетіп, орталық үкіметті басқаруға шамасы болған. Ал сол кездегі әскери үкіметті басқарған Яхья Хан сайлау нәтижесіне көнбей, Авами Лиг жетекшісі Мүджибүр Рахманды астанаға шақырып, абақтыға жауып тастады. Сонда Шығыс Пәкістан халқы қолына қару алып күреске шыққан. Пәкістан әскерлері қарапайым тұрғындарға күш жұмсап, босқындар Үндістан жеріне ағылған. Мәліметтер 10 млн адамның қашуға мәжбүр болғанын хабарлаған. Өзі де тұтанып тұрған өштесу бірден соғыс өртіне ұласып, көршілес елдер үшінші рет қантөгіс майдан ашқан. Пәкістанды Қытай, Үндістанды КСРО қолдап тұрған. 1971 ж. 9 тамызда КСРО сыртқы істер министрі А.А. Громыко Нью-Делиге ұшып барып, Үндістан сыртқы істер министрі Сингхпен Достық шартына қол қойып, Үндістанға кеңес қару-жарағы тау-тау болып жеткізілген. Шығыс Пәкістан тұрғындарына ол қарудың бір бөлігі тиген. Соның арқасында олар 1971 ж. желтоқсанда зор жеңіске жетіп, тәуелсіз Бангладеш Республикасы өмірге келді. Ал Пәкістанда жаңа үкімет басына З.Али Бхутто тағайындалды. Ол Бангладешті мойындады, М.Рахманды босатты. З.А. Бхутто Үндістан премьері

И. Гандимен 1972 ж. Симла келісіміне қол қойып, аймақтағы жағдай айтарлықтай жөнделі түскен.

Ал 60 ж. ортасынан 70 ж. басына дейін Үндіқытай аймағында АҚШ жүргізген соғыс халықаралық қатынастарды өте қатты шиеленістірген. Оны президент Л.Джонсон бастап, Оңтүстік Вьетнамдағы ұлт-азаттық күресті түбегейлі басуды, Солтүстік Вьетнам жерінде дами түскен социалистік мемлекетті құртуды, болмаса әлсіретуді көздеген. 1964 ж. 2 қазандағы Тонкин шығанағындағы АҚШ кемелері мен Вьетнам Демократиялық Республикасының торпедалық катерлерінің қақтығысын сылтауратып, Джонсон әкімшілігі «эскалация саясатын» қолданды. Оның негізінде Оңтүстік Вьетнамға АҚШ пен олардың одақтастарының қарулы күштерін қаптатып, кең көлемді соғыс жүргізу мақсаты жатқан. Шын мәнінде Үнді-Қытай соғысы 50 ж. өткен Корея соғысы тәрізді екі алып мемлекеттердің – АҚШ пен КСРО – күш сынауы болды. АҚШ тарапынан жарты миллионнан астам жауынгерлер ол соғысқа тартылды, оған 150 мыңдай солдаттар мен офицерлерді Оңтүстік Корея, Австралия, Жаңа Зеландия, Филиппиндер, Тайланд қосып берді. Сайгон үкіметінің қарулы күштері мен полиция құрамдары 800 мың – 1 млн. жуық болды. Мінеки, осыншама күш ең жаңа қару-жарақпен қамтамасыз етіліп, 1973 ж. қаңтарына дейін бүкіл Вьетнамды, Лаосты, Камбоджаны оқастына алып жатты. Ол елдердің тамтығы қалмады десе де болады. Миллиондаған адамдар қаза тауып, жарақаттанып қалды. АҚШ әскерлері де қатты шығынданды.

Вьетнам халқын қолдау, АҚШ озбырлығын әшкерелеу барлық халықтардың ісіне айналды. Тарихта кездеспеген Вьетнаммен ынтымақтасу қозғалысы қалыптасып, АҚШ империалистері әбден қарабет болып қарғысқа батқан. Керек болса Американың өзінде бұл соғысты айыптаушылар саны ұлғайып, шерулерге қала жұрты кең қатысып жатты.

Вьетнам халқы көрмеген зұлымдықтарға төтеп берді. Олар бұл заманда кездеспеген қаһармандық көрсетіп, «бостандық пен тәуелсіздіктен ешнәрсе артық еместігін» (Хо Ши Мин) айқындады. Вьетнам отан сүйгіштерін тізе бүктіруге мұршасы келмегенін байқап, АҚШ президент Р.Никсон 1973 ж. қаңтарда соғысты тоқтату туралы Париж келісіміне барды.

Соғыс біткен соң екіге бөлінген Вьетнам бірігу мәселесін дертей алды. 1975 ж. көктемде Оңтүстік Вьетнамды билеп келген сатқын топ елден қуылды. Ел бірігіп, Вьетнам Социалистік Республикасы құрылды. Бұл 35 жыл бойы тыныштық білмеген халықтың жеңісі бүкіл

Оңтүстік Шығыс Азия аймағындағы отаршылдардын терең тараған тамырын үзіп берді.

60 ж. аяғында өте күрделі жағдай Таяу Шығыста калыптасты. Шешімсіз қалған Палестина арабтарының тағдыры араб елдерін күйікке салып келген. Босқын палестиндіктер арасынан көптеген ұйымдар құрылып, бастары қосылмай әлек болған. Олардың арасынан кейбіреулері қарулы күрес бастап, Израильдің қасындағы Иордания, Сирия, Мысыр елдерінде паналаған. Израиль үкіметі әрдайым палестиндіктердің қимылына қарсы тұрып, артынан қуғын ұйымдасырып көршілес елдерді айыптау керек десе жазалаудан жалықпайтын. Соған қарай 1966-1967 жж. Израиль әскерлері дүркін-дүркін Иордания және Сирия шекараларын бұзып, кенттерді қиратып жүрді. Біртіндеп жағдай қыза түскен.

Арабтарды сол кезде қалай да болмасын өзіне жақындатуға алып мемлекеттер күштар болған. Сауд Арабия, Ливан, Либия, Марокко сияқты араб елдерінің саясаты батысқа қарай ауысып отырған, ал «прогрессивті» саясат ұстаған Мысыр, Сирия, Алжир, кей уақытта олардың қатарына Судан да қосылып келген, Шығыспен ынтымақтасып жүрген. Бірақ КСРО мен Қытай арасы бұзылып, бұл екеуі өзара бәсекелесіп, екінші топты тек өз шеңберіне тартуға ашық күресіп, бір-бірін жамандап әшкерелеп отырған. Сөйтіп 60 ж. араб Шығысында қырғи-қабақ соғыстың лебі сезіліп тұратын.

Оған араб елдерінің өзара тартыстары қосылып, бұл аймақ бітпейтін жанжал, дау-таластың шырмауына душар болған. Сонда да Палестина мәселесі бойынша әр араб елі оны қолдаудан бас тартпайтын. Ал бүкіл араб әлемінде өзін көсем тұтқан Г.А.Насыр және оның елі әрине палестиндіктердің негізгі қамқоршысы ретінде саналып, әрдайым Израильді айыптап, Сирияны, Иорданияны қолдаған. 1967 ж. жағдай күрделене түскенде, Мысыр қарулы күштері Синай түбегіне, Израильге жақын жерге шоғырланған.

1956 ж. кейін Кеңес Одағы Таяу Шығысқа тау-тау қару жөнелткені мәлім. Оның көбі ескірген болғанымен, Мысыр, Сирия, Ирак, Алжир армиялары қатты күшейген, әсіресе салтанатты шерулерде жаңа боялған танкілер, зеңбіректер, ұшақтар, «Калашников» автоматын асқан жауынгерлер қарапайым жұртқа қатты әсер тигізетін. Бір миллионға жуық армиясы болған Мысыр президенті Насыр 1967 ж. мамырда қатаң түрде Израильдің әрекеттеріне жауап беріп, жағдайды одан әрі ушықтырып алды. Насыр шекарада орналасқан БҰҰ әскери бөлшектерін қайтарды, Тиран бұғазын жауып, еврей кемелеріне жол бермеуге барды. Кейін Насыр соғысуды жоспарламаған, ол тек Израильді ескерткісі келген деген лақапты таратып, Мысырды, оны

сол кезде қатты қолдаған КСРО-ны жуып-шаймақ болған кейбір журналистер мен зерттеушілер кездеседі. Ол толық шындықты ашпайтыны күмәнсіз.

1967 ж. маусымның 5 жұлдызында Израиль шабуылға шығып, 6 күндік соғыста Мысырды, Сирияны, Иорданияны әскери апатқа ұшыратты. Кеше ғана лек-лек ойнақтап жүрген араб әскерлері оғы атылмаған танкілерін Синай түбегінде тастап, маскара жеңіліске ұшырады. Үш ел жерден айырылып, палестиндіктер екінші рет босуға мәжбүр болды.

Содан бастап халықаралық қатынастарда Таяу Шығыс жанжалы, оның салдары, Палестина тағдыры, арабтар – Израиль бейбіттесуі – осыншама ауыр мәселелер күн тәртібінен түспей қойды. 1967-1968 жж. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 242 және 338 номерлі қарарлар қабылдаған. Олар Таяу Шығыстағы жағдайды әділетті реттеп, тұрақты бейбітшілікті орнатуды көздеген. Оны толық орындау осы күнге дейін шешілмей келеді. Рас, 1977-1978 жж. және 90 ж. басында Мысыр мен Иордания Израильмен бейбіттесті, Синай түбегі Мысырға қайтарылды. Ал Сирия-Израиль бітім шарты әлі жоқ. Негізгі мәселе – Палестина арабтарының тағдыры, олардың мемлекет болып дамуы туралы мәселе 90 ж. біраз алға жылжып, Палестина автономиясына жол ашып берген. Бірақ бұл процесс 2001-2008 жж. күрт үзіліп, қазір қанды қақтығыстар, террорлы қимылдар өршіп, адам шығыны өсіп, жағдай күйіп тұр.

§33 Азия және Африкадағы халықаралық қатынастардың дамуы (1960-1980 жж.)

Дүние жүзі «қырғи-кабак соғыс» қыспағында қалған, қос өрісті әлем жағдайында екі қуатты мемлекеттің арасындағы қарама-қарсылық халықаралық өмірдің дамуына өз ықпалын тигізіп келді. КСРО мен АҚШ-тың саяси-әскери бәсекелестігі олардың қарым-қатынастарының салқындауына алып келді. 40-жылдардың соңы мен 50-жылдардың басындағы оқиғалар Батыс пен Шығыстың ықтимал әскери қақтығысы мен шиеленісі үлкен соғыс қаупін тудыратынын айқын көрсетіп берді. Сондықтан, АҚШ пен Кеңес Одағы ашық әскери қақтығысты болдырмау қажеттілігін біртіндеп түсіне бастады. Екі жақ та өздерінің қуатты екендерін дәлелдегілері келгеніне қарамастан, ұрыс алаңында жеңіске жету сенімділігі болған жоқ. Бірақ екі жақта қорғаныс саласында шығындарын көбейте берген.

Ядролық қаруды шектеу және Еуропа қауіпсіздігі. Ядролық қаруды жою көпшіліктің тілегіне айналған. Ол туралы КСРО неше ұсыныстар жасаған. Бірақ сенімсіздіктің салдарынан екі жақ одан бас

тартуға бармаған. Керісінше оның қоры ұлғая берген. 50 ж. басында Ұлыбритания атом бомбасын жасай алған. Өте құпия түрде ядролық қаруды игеруге ізденістерді Франция мен Қытай жүргізіп, 60 ж. басында олар да алғашқы сынақтарды бастаған.

Тіпті ядролық қаруды сынау жердегі тіршілікке зиян келтірді. Бикини ауданында (1954 ж. наурыз) американдық сутегі бомбасының жарылып, оның эпицентрінен жүздеген шақырым жерде болған жапон балықшыларының зардап шегуі көптеген елдерде қуатты наразылық туғызды. Жапонияда 1955 жылдан атом қаруына тыйым салу талабымен жыл сайын халықаралық конференциялар өткізіледі. Сол кезде ғалымдар Б. Рассел мен А. Эйнштейн жаппай қырып жою қаруларын (ЖҚК) әзірлеумен тікелей байланыста болған ғылым адамдарын конференцияға шақыру туралы үндеу тастады. Олардың идеясын М. Борн, Ф. Жюлио-Кюри, Л. Поллинг, Л. Бриджмен, Л. Инфгельдт, Г. Мюллер, Х. Юкава, Дж. Родблат қолдады. Олардың жетеуі Нобель сыйлығының лауреаттары (бесеуі физикадан, екеуі химиядан) болған. Дж. Неру конференцияны Үндістанда өткізуге келісімін берді. 1957 жылы ірі белгілі бизнесмен Сайрус Итонның (АҚШ) қаржыландыруымен ғалымдар Канададағы Пагуош жерінде жасырын түрде кездесіп атом қаруынан төнген қауіпті айқындады. Ядролық мемлекеттердің үкіметтерінің саясатына ықпал көрсеткен Пагуош қозғалысы осылай басталған.

60-жылдардың ортасына қарай дүние жүзінің 40-тан астам елінде 600 атом реакторы болды, 13 мемлекет ядролық бомба жасауға кірісті. Атом қауіпін тоқтату үшін *Англия, АҚШ және КСРО 1968 жылы 1 шілдеде Мәскеуде ядролық қаруды жер үстінде, ауада және суда сынауға жол бермеу туралы шартқа қол қойды.* Оған көптеген мемлекеттер қосылды, кейбір елдердің оны теріске шығарғанына карамастан, ол бейбітшілікке қызмет етті. БҰҰ-да қарусыздандыру жөнінде комитет жұмысын жалғастыра түсті, оның құрамы 1969 жылы 18-ден 26 мүшеге дейін көбейді.

1969 жылы АҚШ пен КСРО стратегиялық қаруларды шектеу жөніндегі (СҚШ) келіссөздерге кірісті. 1972 жылы мамырда зымыранға қарсы қорғаныс жүйесін (ЗҚК) шектеу жөніндегі шартқа және уақытша келісімге қол қойылды, ол бойынша тараптар өздерінің ядролық арсеналдарын қысқартуға міндеттенді. Вьетнамдағы соғысты тоқтату шиеленісті бәсеңдетудегі келесі қадамдарға кеңістік ашып берді. Ядролық қаруларды қысқарту туралы кеңес американдық келісіміне, стратегиялық қаруларды әрі қарай шектеу туралы шартқа (Вашингтон, 22.06.1973 ж.), ОСВ-2 шартына (Вена, 1979 ж., маусым) қол жеткізілді.

Басқа келісімдермен қатар олар екі мемлекеттің зымырандық-ядролық кешенін едәуір азайту үшін негіз құрады.

1975 ж. жазда Хельсинкиде шақырылған Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес ірі табыспен аяқталды. Оған Еуропаның 33 мемлекеті, сондай-ақ, АҚШ пен Канада қатысты. Оның қорытынды актісі құрлықта соғыстан кейінгі шекараларға тиіспеуді, сауда-экономикалық байланыстарды дамытуды, адам құқықтарын сақтауды, ақпараттар мен алға жылжу бостандығын қамтамасыз етуді қарастырды («үш себет»).

КСРО-Қытай жанжалы. Қытайдың батыс елдерімен жақындасуы. 1960 жылдан бастап Қытай баспасөзінде ҚКП басшылығының халықаралық дамуы жайында, коммунистік және жұмысшы қозғалысының стратегиясы мен тактикасының маңызды мәселелері бойынша ерекше көзқарастары баяндалды.

Мао Цзэдунның айналасындағылар Сталин қайтыс болғаннан кейін оның жеке басқа табынуын айыптаудан бас тартты. 60 ж. бастап Қытай–КСРО достық қарым-қатынастары қатты бұзылды. Сауда-экономикалық байланыстар қысқартылды. 1963 ж. идеологиялық саласында бір-бірін айыптау кең етек жайды. Халықаралық сахнада күндестікке барды.

Н.С.Хрущевты өкімет басынан алып тастағаннан кейін, қарым-қатынас жақсарды деген үміт ақталған жоқ. Қытай сол кезде ядролық қаруға ие болып алды. Келесі жылы ол КСРО-ға аумақтық талап қоя бастады. Екі ел өз шекараларын бекітуге кірісті. Қытайдағы «*Мәдени революция*» (1966-1976 жж.) қарым-қатынасты одан әрі асқындыра түсті. 1969 жылы наурызда Уссури өзенінде, тамызда Жалаңашкөлде (Семей облысы) болған қарулы қақтығыстардан кейін КСРО Пекиннің 2-ші, кейін 1-ші жауына айналды. Кеңес елшілігі өзінің басты бәсекелестері АҚШ пен Қытайдың жақындасуына кедергі келтіруге тырысып, қарусыздану саласында АҚШ-тың бірқатар талаптарына көнді. Алайда ол Қытайдың Батыспен байланыстарының реттелуіне кедергі келтіре алмады. 1969 ж. АҚШ Тайваньды БҰҰ-дан шығарып, Қауіпсіздік Кеңесінде ҚХР-ға орын беруге келісім берді. Ал 1971-1972 жж. онымен тікелей байланыс орнатты. Сол кездерде Қытай негізгі батыс елдерімен жақындасты, Жапониямен достасты.

КСРО-ның социалистік лагерьдегі, коммунистік қозғалыстағы жаңалықтарға қарсы күресі. Кеңес басшылығы социалистік лагерьде үстемдік етуге әрекеттеніп, идеологияда жаңалық ниеттерге жол бермеді. 60-жылдары Францияның, Италияның, Испанияның және т.б. бірқатар елдердің компартияларында «еурокоммунизм» ағыны пайда болып, күшеюін Мәскеу мазасыздықпен қабылдады. Олардың

жаңа буын көшбасшылары пролетариат диктатурасының және қоғамдық даму құбылыстарына тар таптық тұрғыдан карау принциптерінен бас тарту үшін күресті, социализм жағдайындағы плюрализм мен көппартиялылықты қолдады. Мәскеуде ұлттық мүдделерді есепке алған румын қайраткерлерінің жеке, дербес кадамдарын, сондай-ақ Венгриядағы экономикалық қайта құруларды (жеке сектордың дамуы, нарықтық қатынастарға жол берілуі) сыни тұрғыдан қарастырды. Жүйеге «адам бейнесіндегі социализм» тұжырымдама енгізуге тырысқан чех қайраткерлері А. Дубчек, О. Шик және басқалардың саясаты қауіпті деп бағаланды. Праганың демократиялық бастауы кремльдік «иілмейтін лениншілдерді» қатты қорқытқаны сонша, Чехословакияны басып алу ұйғарылды. 1968 ж. тамызда КСРО және оның ОВД бойынша одақтастары әскерлерін енгізіп, «Прага көктемін» басып-жаныштады. Кеңестік сыртқы саясаттың бұл әрекеті басқаша ойлауға жол бермеген және социалистік елдерді толығымен бағынышта ұстаған «Брежнев доктринасының» көрінісі болды.

Таяу Шығыста өткір дағдарыс орын тепті. Г.А. Насыр қайтыс болғаннан кейін Ануар Садат (1970 ж., қыркүйек) президент болды. Ол Кеңес Одағымен бейбітшілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім жасасты, бірақ көп ұзамай Мәскеумен әскери-саяси байланыстарын қайта қарастырып, кеңестік әскерлерді елден шығарды. Соған қарамастан, Египет армиясы негізінен Кеңестік қарулармен қаруланған болатын. 1967-1973 жылдары оны қайта жабдықтау және оқытуға КСРО-ның мамандары қатысқан.

1973 жылдың қазан айының соңында Египет Израильға қарсы соғыс қимылдарын бастады. Египеттіктер Суэц каналын алып, одан шығысқа қарай 20-30 шақырым жылжыды. Бұл арабтардың қуатының өсіп келе жатқанын көрсетті. Соғысқа Египетпен бірге Сирия да кірісті. Алайда, көп ұзамай-ақ Израиль оған қарсы соққы беріп, Дамаск мен Каирге қауіп төндіре бастады. Осы жолы АҚШ пен КСРО өзара әрекет жасай отырып, соғысты тоқтатуға қолдары жетті. Осыдан кейін Египет Таяу Шығыстағы мәселені реттеудің кілті Вашингтонда деп есептеп, Мәскеудің ықпалынан шықты.

Келесі жылы Египетте «ашық есік» саясаты жүргізіле бастады, Батыс капиталы мен өзінің бизнесіне еркіндік берді. Содан кейін Садат Иерусалимге барып, еврейлермен бітім келіссөздерін бастауға даяр екендігін білдіріп, Израильдің қнесетінде сөзге шықты.

1978 жылы қыркүйекте Вашингтон түбіндегі американдық президенттердің резиденциясы Кэмп-Дэвидте Дж. Картердің, А.Садаттың және Израиль премьері И. Бегиннің қатысуымен келісімге қол қойылып, таяушығыстық дағдарысты бейбіт түрде реттеу келешегіне

жол ашып берді. Кэмп-Дэвид үдерісі осылай басталды. АҚШ-тың тікелей делдалдығымен ұзақ келіссөздердің нәтижесінде 1979 жылы 29 наурызда Египет пен Израильдің арасындағы бітім шартына қол қойылды.

Таяу Шығыстағы бейбіт өмірге жасалған алғашқы қадам Арабтық Шығыстың экстремистік топтарының арасында жағымсыз әрекет туғызды. Олар Египетке бойкот жариялады. А.Садатты сатқын деп айыптады. КСРО Кэмп-Дэвид үдерісін сепараттық және арабтарға қарсы бағыт деп есептеп, оны қолдамады.

Егер Таяу Шығыста КСРО сөзге алса, Оңтүстік-Шығыс Азияның жекелеген елдерінде және Африкада оның ықпалы өсті (Ангола, Мозамбик, Эфиопия, Камбоджа). Осы елдерде, сондай-ақ Оңтүстік Йеменде (ЙХДР) билік құрылымдары социалистік бағдарларды таңдайтындықтары туралы жариялап, Мәскеудің ықпалын пайдаланды. Нақ осы 70-жылдары Кеңестік сыртқы саясаттың жаһандануы жүре бастады.

Хельсинкиден кейін Кеңес басшылығы АҚШ-пен тең әскери қауқары жеткені туралы әлденеше рет мәлімдеді. Мөлшері мен жиынтық қуаты бойынша елдің арсеналы американдық деңгейден асып кетті. Басты бәсекелесінен ЖІӨ-дан, сыртқы сауда айналымынан бірнеше мәрте артта қала отырып, КСРО 100 мыңнан аса танкке ие болды, яғни ол қалған дүние жүзінің бәрінен асып түскен еді. Сондай-ақ генералдардың саны бойынша да ол басым болды. Сол жылдардағы әскери ойлау Кеңес Одағы дұшпанның кез келгенінен күштірек болу керектігін ақтап отырды. Елдердің ұлылығы тек әскери жұдырыққа ғана негізделді. Жан-жақтың бәрі жау көрінді: қытайлар да, янкилер де, немістер де, жапондар да, албандықтар да, сионистер де, Оңтүстік Африканың ақ нәсілдері де, Эфиопияның монархистері де, Ұлыбританияның консерваторлары да, өздерінің диссиденттері де жау болып елестеді.

Еуропада Хельсинкиден кейін бейбітшілік серпінді даму алды, халықтар оған өте риза болды. Көпшілік күтпеген жерден 1977-1978 жылдары Венгрияның, ГДР-дің, Польшаның аумақтарында орта қашықтықта әрекет ететін жүздеген кеңес зымырандары пайда болды. Батыс еуропалық елдер наразылық білдірді. Қала көшелерінде жаппай қарсылық көрсету белең алды. Мәскеу оларды АҚШ-қа қарсы арнаға бағыттауға әрекеттенді. Яғни, олардың ядролық қару базасы Англияда, Гренландияда бар, оған қоса Англия мен Францияның ядролық қарулары бар, оларды қысқарту керек деген желеу айтты. Иә, олар бар, бірақ СНВ-1 туралы келісімге қол қойылды, Хельсинки мәлімдемесі бар, принциптері мойындалған. Еуропа Шығыспен белсенді ынтымақ-

тастыққа кірісті, НАТО елдері соғыс шығындарын қысқарта бастады, бәсеңдік байқалды. Онда бұл қауіпті зымырандар не үшін керек? Кеңес Одағы бұл дәлелге құлақ аспады. Шамасы Америка «Вьетнам синдромының» астында тұр, Ирандағы шахқа қарсы революциядан қосалқы соққы алды, АҚШ президенті демократ Дж.Картер батыл емес, сөйтіп бәрі кеңестік қадамдарға көнеді деп есептеген болу керек.

1980 жылы билікке республикашыл Р. Рейган келіп, оның әкімшілігі КСРО-мен белсенді жекпе-жекке шығу жөнінде мәлімдеді. АҚШ-та «Стратегиялық қорғаныс бастамасы» (СҚБ) бекітіліп, оның жекелеген буындары ғарышта орналасуы жоспарланды, зымыранға қарсы қарудың жаңа түрлерін жасау міндетті болып табылды. Олар ұшырған сәтте немесе ұшу кезінде жаудың зымырандарын АҚШ-ка жеткізбей жоюға арналған «жұлдызды соғыс» бағдарламасы деп атады.

1983 жылы НАТО елдерінде 572 американдық «Патриот» канатты зымырандары орналастырылды. Зымыранның әрқайсысы ядролық қарумен онға дейін оқтұмсық алып жүре алды. Олардың ұшу биіктігі 60-100 метрге жетіп, кедергіні айналып өтетін бағдарламамен қамтамасыз етілді. Оларды радарлар белгілей алмайтын, 6-10 минут ішінде КСРО-ның және оның одақтастарының маңызды орталықтарына дейін жете алатын еді. Кеңес Одағы қатерлі жағдайда қалды. Бұдан басқа астық, ет жетіспеді, АҚШ оларды сатудан бас тартты.

Екі жақтың әрекеттері жаппай қарулануға түрткі болды. КСРО-да асығыс түрде атом ұшақтар тасығыш кемелер, жаңа зымырандар, соның ішінде СС-18 (Сатана ретінде белгілі) зымыранын шығара бастады. Жерорта теңізінде, Африкада, Үнді мұхитында, Қиыр Шығыста АҚШ-пен бәсекелестік шексіз құлаш жайды. 80-жылдардың бірінші жартысында АҚШ-тың 32 мемлекетінде әскери базалары болды. 1980-1985 жылдары оның әскери шығындары 2 трлн. долларды құрады, осы уақытқа дейін 35 жыл ішінде осы мақсатқа жұмсаған шығыны осынша болған. Жаппай қарулануға жаңа мемлекеттер тап болды. 70-жылдары 66 ел қару-жарак сатып алумен айналысты, 80-жылдардың ортасында олардың саны 83-ке дейін өсіп, олардың бір бөлігі өздері қару-жаракты сыртқа шығара бастады.

КСРО және оның одақтастары Батыстан қалмауға тырыса отырып, қорғанысқа көп қаржы бөлді. Кеңес басшылығының Ауғанстанға әскер (1979-1989 жж.) енгізу және осы онжылдық соғыс КСРО-ның саясатына, экономикасына орны толмас шығын әкелді. Мәскеу толық оқшаулануда қалды. АҚШ-тың тікелей қарсы тұру бағыты елді күйреуге әкелді. 1982 жылы қарашада Брежнев қайтыс болып, орнына Ю.В. Андропов келді.

Сыртқы саясатта бәсекелестік күшейе түсті. Ауған жанжалы жалғаса берді. КСРО-ның Ауғанстанды әскери жабдықтауы ұлғайды. Кейінірек белгілі болғандай американдық кеңесшілер алғашқы кезде Мәскеудің басқыншылық әрекеттеріне онша кедергі келтіре қоймаған. Олар КСРО көптеген дау-жанжалдармен ұзақ уақыт байланып, біртіндеп әлсірей бастайды деп болжамдады.

1983 жылы 1 қыркүйекте дүние жүзі Оңтүстік Корея азаматтық ұшағының апат болуы туралы жаңалықтан есеңгіреп қалды. Бортында 250 жолаушы мен экипаж мүшелері болған ұшак Аляскадан ұшып шығып, Камчатканың үстінде болған. Жердегі аэроқызметтің сұрауларына жауап бермеген, карама-карсы жойғыш ұшақтар көтерілген кезде үндемеген. Мәскеуден бұйрық алған кеңестік әскери ұшқыш оны зымыранмен атқан. Бұл істі Мәскеу әдеттегідей ресми түрде еш дабырсыз басып қоюға тырысты, «Боингтің» барлаушылық әрекеті туралы мәлімдеп, зеңбірекпен атқанын теріске шығарды. Тек ширек ғасыр өткеннен кейін ғана КСРО-ның құпия мұрағаттарынан алғашқы деректері жарыққа шыққанда, Андроповтың өзі осы факті бойынша нақты ақпараттарды таратуға тыйым салғандығы ашылды.

Социалистік елдер мен КСРО-ның беделі қатты ақсады. 1984 жылы ақпанда Андропов ауыр науқастан қайтыс болды, партиялық, кейін мемлекеттік көшбасшы болып К.У. Черненко тағайындалды.

Халық оны онша білмеген, көп жылдар бойы ол Брежневпен бірге жұмыс істеген, оның ешқандай ерекшелігі болған емес, денсаулығы нашар болды. СОКП-ның жаңа Бас хатшысында елді басқаратындай даналығы да, қауқары да жоқ еді. Дүниежүзілік үстемділікке тайталасқан ұлы ел кезекті күлкіге қалды, саясатта өзгеріс аңғарылмады.

1980 жылы поляк қаласы Гданскіде порт жұмысшыларының ереуіл қозғалысы басталды. Олар жалақы туралы, басқа да әлеуметтік жеңілдіктерді талап етті. Оны жұмысшы көсемі Лех Валенса жетекшілік еткен жергілікті кәсіподақ комитеті басқарды. Көп ұзамай ереуілдер көптеген кәсіподақтарды қамтыды. Биліктегілер алдымен қаруға ұмтылды. Поляк біріккен жұмысшы партиясының көшбасшысы (ПБЖП) Э. Геректі алып тастауға тура келді. Алайда халық бұқарасы енді биліктегілерге сенбеді. Л. Валенса басқарған «ынтымақтастық» кәсіподақ құрылып, жұмысқа қабілетті барлық адамдарды біріктірді. Оны қолдауға халықаралық және ұлттық кәсіподақ ұйымдары қосылды. Польшада Мәскеумен келісім 1981 жылы желтоқсанда соғыс жағдайы енгізілді. Поляк дағдарысы социализмге қатты соққы берді. Тоқырау Кеңес Одағымен қоса Шығыс Еуропаның барлық елдерінде байқалды.

Кеңес басшылығы ауыр жағдайға душар болып, КСРО-ның АҚШ, НАТО, Еуропа, Жапония, Қытай, Үндіқытай, Ауғанстан, Таяу және Орта Шығыс, Африка елдерімен байланыстарында күрделі мәселелер пайда болды. Азық-түліктің, күнделікті тұтыну тауарларының тапшылығы белең алып, елдің ішінде диссиденттер көбейе бастады.

1985 жылы 10 наурызда Черненко қайтыс болды. Оның орнына үкімет басына М. Горбачев келді.

М. Горбачев тұсында жариялылық және қайта құру саясаты басталды, әлеуметтік-экономикалық дамуда жеделдетуге бағыт алынды. Бірақ ескі негіздегі кеңестік құрылыста ерекше алға басу бола қойған жоқ. Ескі әдістер 1986 жылы желтоқсандағы Алматы оқиғаларына алып келді, бағыттың қалыптаспағанын көрсетті. Үкімет тереңдеп кеткен дағдарыстан шығудың жолдарын шұғыл іздестіре бастады. 1987 жылы қаңтарда қайта құру бағдарламасы жаңартылып, келесі міндеттерді енгізді: жеделдету, шығармашыл, бұқараға арқа сүйеу, басқарудың экономикалық әдістерін пайдалану, ғылымға бетбұрыс жасау, әлеуметтік саланы жылжыту, социализмді жаңарту.

Жариялылық кең түрде таралды. М. Горбачевтің өзі және оның айналасындағылар сталиндік социализмнен арыла қоймады: билікті орталықтандыру, әміршілдік тәсіл, паракорлық жойылмады. Биліктің басты тетіктері – партия мен қауіпсіздік қызметі Кеңес Одағын жетілдіру жолындағы құйма қабырға болып қала берді. Сондықтан ел қайтадан дағдарысқа ұшырады.

Бұл қадамдар КСРО-ның сыртқы саясатына әсерін тигізді. Жаңаша саяси ойлау қарсыласудан және үстемдік пиғылдан бас тартуды қажет етті. Барлық мемлекеттермен ынтымақтастық, бейбіт қатар өмір сүру басым мақсат болып жарияланды. 80-жылдардың басындағы қуат көздері – мұнай мен газ бағасының төмендеуі, өндірістің құлдырауы, маскүнемдікке қарсы науқан, орталықта және жергілікті жерлерде билік құрылымдарының іріп-шіруі экономикалық жағдайды әлсіретті. Мәскеу Батыстан қаржылық қолдау сұрауға мәжбүрленді. Бұл сыртқы істер министрі болған (1985 ж. маусым – 1990 ж. желтоқсан) Э.А. Шеварднадзенің кезінде сыртқы саясаттың жүрісінен көрінді. КСРО Батыстың бірқатар шарттарына көнуге мәжбүр болды, яғни (2000 жылға қарай ядролық қарусыздандыру бағдарламасын қабылдауға өздерінің даяр екендіктерін мәлімдеу, қарапайым және зымырандық ядролық қаруын қысқарту). 1985 жылдың тамызынан бастап жер асты ядролық сынақтарын тоқтату мәселесі қарастырылды. АҚШ-пен кездесулер мен келіссөздер орташа және аз қашықтықтағы зымырандарды жою туралы (1987 жылы 8 желтоқсан) стратегиялық шабуыл қаруларын (СШҚ-1) қысқарту және

шектеу туралы келісімдерге қол қоюға әкелді. Төрт елдің – АҚШ, Англия, Франция, КСРО және екі Герман мемлекеттерінің (4+2) қатысуымен 1990 жылы 12 қыркүйекте Германияны біріктіру жөніндегі Мәскеу келісіміне қол қойылды және Германия НАТО-да қалды. 1991 жылы 1 шілдеден бастап Варшава Шарты Ұйымы (ВШҰ) өзінің жұмысын тоқтатты.

Кеңестік әскерлер Шығыс Еуропа елдерінен кетті. Ауғанстанға әскер енгізу қате деп мойындалды. Батыс КСРО-мен келіссөздерге барды, осы себеппен 1988 жылдың мамырынан 1989 жылдың ақпанына дейін Ауғанстаннан Кеңестік әскер бөлімдерін шығаруға мүмкіндік берген Женева келісіміне қол қойылды.

Осы оқиғалар дүние жүзіндегі нақты жағдайды көрсетті. Екі полусті әлемнің орнына нағыз қуатты ел АҚШ басқарған бір – полярлы әлем келді. Көптеген таластардан кейін Кеңес Одағының шегінуі, күштеу саясатынан бас тартуы, жаңа бәсеңдеушілікке жол ашты. Сонымен бірге Мәскеу Қытаймен қарым-қатынасты қалпына келтіруге барды. 1989 жылы мамырда Пекинде Қытаймен Кеңес басшыларының кездесуі болды. 1991 жылы сәуірде КСРО-ға президент болып сайланған М. Горбачев Жапонияға барды. 1989-1991 жылдары Еуропадағы барлық социалистік елдерде «барқыт революциясы» болып, билікке оппозициялық топтар келді. Румынияда бұл үрдіс бұрынғы билеуші Н. Чаушеску мен оның әйелін тұтқынға алып, ату арқылы жүзеге асырылды. Олар, сотқа тартылып, өз өмірін атаксыз-даңқсыз, құрмет-абыройсыз аяқтады.

КСРО-ның ыдырауы. КСРО-да жағдай бақылаудан шығып кетті. 80-жылдардың соңында ескіден бас тарту саясаты күшейіп, Б.Н. Ельцин басқарған реформаторлық топ нығайды. Горбачев қырық құбылып, жарты жолда қалды. Жакын қызметтестері, қайта құрудың бастамашылары мен жалғастырушылары А.Н. Яковлев, А.Сахаров және басқалары одан алыстап кетті. Билік заңсыздыққа қарсы халықтың бас көтерулерін басып-жаншу үшін әскерді жиі пайдаланып жүрді. 1939 жылғы Молотов – Риббентроп пактісін айыптаған Ригада, Вильнюсте, Таллинде халықтық манифестациялар басталды. Горбачев пактінің түпнұскасын өзінің сейфіне тығып қоюды бұйырып, мұндай құжат жоқ деп мәлімдеді. Сөйтіп оның екіжүзділігі ашық анықталды.

Осы жылдары қауіпсіздік ұйымдары көлеңкелі экономиканы ұлғайтуға, ұлтаралық қайшылықтарды тұтатуға бағытталған сұрқия жоспарларын әзірлеп, жүзеге асырды. Олар Кавказда (армян–әзірбайжан дау–жанжалы), Орта Азияда (тәжіктердің арасындағы, өзбек–тәжік, өзбек–қырғыз дау–жанжалдары) өз мақсаттарына жетеді. Ресейдің өзінде шовинистік топтар бас көтерді. Немістерге өз автоно-

миясын қалпына келтіруге мүмкіндік бермеді. Жапониямен аумақтық мәселелер реттелмеді.

Терең дағдарыс жағдайында Балтық жағалауларындағы республикалар 1990 жылы көктемде өз тәуелсіздіктерін жариялады. Жазда Ресей Парламенті мемлекеттік егемендік туралы Заң қабылдады. Елдің бірлігін сақтауға үміт болған Жаңа Одақтық келісім дайындалды. Бірақ 1991 жылы тамызда КСРО басшыларының кертартпа бөлігі төңкеріс жасады. Төтенше жағдайлар жөнінде мемлекеттік комитет (ТЖМК) жарияланды. Ол тұрғын халықтың арасынан колдау таппады. Тіпті армия мен қауіпсіздік орган адамдары өз бастықтарының бұйрықтарын орындамады. Мемлекеттік төңкеріс әрекеттері халық сенімін әлдеқашан жоғалтқан мемлекеттің өмір сүруіне нүкте қойды. КСРО ыдырады. Бұл дүние жүзіндегі аса ірі жаңа типті социал-империалистік отарлық империяның күйреуі еді.

Саяси картадан «қырғи қабақ соғысындағы» басты ойыншының біреуінің жоғалуы адамзат тарихындағы аса қауіпті эпопеяның тоқтатылғанын білдірді. Ол кезең тарих қойнауына сүнгіп кетті, жаңа дәуір қадамдары басталды.

IV ТАРАУ

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІ

§34. КСРО-ның ыдырауы және жаңа мемлекеттердің шығуы

Бұрынғы КСРО республикаларының тәуелсіздік жариялауы. 80-жылдардың ортасында КСРО-ның ұлттық-мемлекеттік құрылысындағы кемшіліктер айқындалды. 1986 жылдан бастап КСРО-ның ұлттық саясаты дағдарысқа ұшырады.

Тәуелсіздік жариялау жөнінде ұмтылыстары кейбір одақтық республикаларда байқалды. Мысалы, Молдавия құрамында Гагауыз халқы, Грузия құрамында Абхазия және Оңтүстік Осетия халықтары егемендіктерін жариялады. Орталық үкімет әскер енгізіп, төтенше жағдай жариялап, тәртіпті қалпына келтіру әрекеті нәтиже бермеді. Сөйтіп, орталық үкімет КСРО-ның біртіндеп ыдырау жолына түскен бағытын тоқтата алмады.

1991 жылы наурыздағы жалпыхалықтық референдум өткізу әрекетіне Одақтың құрамындағы алты республика қатысқан жоқ (Латвия, Литва, Эстония, Грузия, Армения, Молдавия). Тоғыз республика тұрғындарының 76%-ы «КСРО сақталсын» деген тілегін білдірді. Бұл жағдайды іске асыру үшін *Ново-Огаревода* жаңа *Одақтық келісімге* қол қою дайындықтары басталды. Жаңа келісімнің жобасында КСРО сақталып, Одақтың құрамындағы республикалардың заңдық билігі кеңеюге тиісті болды.

Мәскеудегі орталық үкіметтің тікелей басқарушылық құқығы кемітіліп, олар көбінесе байланыстырушылық, үйлестірушілік міндетке ауыспақшы болды. *Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан елдері – егемен мемлекеттер одағын құруға бастама жасады. Ново-Огарево келісімін талдау жөніндегі бірлескен жұмыс басталды. Ново-Огарево келісіміне қол қою мерзімі тамыздың 20-жұлдызына белгіленді. 1991 жылы 19 тамызда КСРО-ның жоғарғы сатыдағы партиялық-мемлекеттік топтары Ново-Огарево келісімін болдырмау мақсатымен төтенше жағдай жариялап, билікті мемлекеттік төтенше жағдай комитетіне тапсырып, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесін сақтап қалуға әрекет жасады. Бірақ бұл әрекеттен нәтиже шықпады. Халықтың қолдауын таппай, Мәскеудегі Б.Н.Ельцин тобының күшті қарсылығының нәтижесінде «төтенше комитет» әрекеті басылды, оның басшылары тұтқындалды.*

Ресей Президентінің бұйрығына сәйкес КСРО кезіндегі барлық атқару органдарының билігі Ресей президентінің қолына берілді. Б.Н. Ельциннің Жарлығына сәйкес Ресей аумағындағы коммунистік партия Орталық Комитетінің, облыстық, аудандық партия комитеттерінің кеңселері, мұрағат ғимараттары жабылды және мөрленді. Коммунистік партия басқарушылық және мемлекеттік құрылымындағы құқықтарынан айырылды.

1991 жылдың тамыз айындағы оқиға КСРО-ның күйреуін тездетті. 1991 жылы 8 желтоқсанда Ресей, Украина, Белоруссия басшылары жиналып (Б.Ельцин, Л.Кравчук, С.Шушкевич) *Беловеж* келісіміне қол қойып, КСРО таратылды, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды деп мәлімденді.

ТМД-ның құрылуы және оның мақсаты. Беловеж Мәлімдемесіне сәйкес ТМД елдері құрамына бұрынғы КСРО-дағы елдердің кіруіне есік ашық деп жарияланды. Орталық Азия мен Қазақстан Республикаларының басшылары Ашхабадта кездесіп, Беловеж келісіміне талдау жасап, жаңа достастық негізіндегі мемлекет құрылымына кіруге өздерінің әзір екендігін білдірді.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда бұрынғы Кеңес Одағының құрамындағы 11 тәуелсіз (Әзірбайжан, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан, Белоруссия, Молдавия, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина) мемлекеттері басшыларының Кеңесінде ТМД-ны құру туралы келісімінің хаттамасына қол қойылды. Бұл хаттама бойынша ТМД одағы мемлекет емес және ұлттардың үстінен бақылау орнатуға құқығы болған жоқ.

Алматыға жиналған 11 мемлекет басшылары бірнеше ресми құжаттарға қол қойды:

1. ТМД басшылары Кеңесінің шешімі;
2. 1991 жылы 8 желтоқсандағы Минск қаласындағы Белоруссия, Ресей Федерациясы және Украина арасындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі келісімге қосылу хаттамасы;
3. Сутегі қару-жарағы бойынша бірлескен шаралар жөніндегі келісім;
4. Алматы Мәлімдемесі;
5. ТМД бірлігін үйлестіру мекемелері жөніндегі келісім. Сөйтіп, ТМД бірлестігі КСРО-ның ыдырауы барысында құрылды.

ТМД бірлестігі арасында саяси, мәдениеттік және экономикалық байланыстар мүлдем үзіле қойған жоқ. Кейбір салаларда аздаған байланыстары сақталды.

ТМД бірлестігінің халқының саны 279 млн адам, яғни әлемдегі халықтың 4,5%-ын құрайды. Халықтың басым көпшілігі – 144 млн-нан

астамы Ресейде тұрады. КСРО-ның ыдырауы ТМД-да көптеген күтпеген қайшылықтар тудырып, едәуір әлеуметтік қиыншылықтарды анықтады. Қиыншылықтардың себептері әр елдегі реформа деңгейіне байланысты. Бір елдер тобында, Белоруссия, Түрікменстан, Өзбекстанда реформалар қарқыны бәсеңдеу болса, Ресей, Қазақстан, Қырғызстанда реформалар түбегейлі болды. Өзбекстан басшылары мемлекеттік капитализмге көшудің ерекше жолын іздеді. «Қатты күйрету» әдісінен бас тартып мемлекеттік меншікке сүйеніп, шетел қарыздарын және технологиясын пайдаланып, нарықты қатынас жолына көшуге тырысты.

Белоруссияда мемлекет меншігі басым болып, мемлекеттің баға белгілеу құзыры сақталды.

ТМД бірлестігінің жанармай-энергетикалық жүйесі әлемдегі ең ірі салаға жатады. 2005 жылғы ТМД бірлестігі 750 млрд кубометр газ, 500 млн тоннадан астам мұнай өндірді.

Әлеуметтік жағдайдың өзгергеніне карамастан ТМД бірлестігіндегі қиын жағдай жойыла қойған жоқ. Көптеген елдерде жұмыссыздық белең алып, халықтың тұрмысы нашарлады. Бірқатар елдерде зейнетақы төлемдері болмады. 2001 жылғы мәлімет бойынша бір айлық зейнетақы мөлшері Тәжікстанда 2 долл., Молдавияда – 7 долл., Армения мен Грузияда – 8 долл. аспайды. Жұмыссыздық қысымы да жеңіл емес.

Ұлтаралық қатынастар. КСРО-ның ыдырауы Ресей Федерациясындағы ұлттық аудандар мен облыстардың, автономиялық республикалардың егемендік жолындағы іс-қимылын жандандыра түсті. Жергілікті үкімет органдары – Ресей ұлттық мемлекеттерінің федерациялық одағы болса деген пікірді білдірді. 1992 жылдың 31 наурызында федеративтік келісімге қол қойылып, іске асырылғанына карамастан, ұлтаралық шиеленістер басылмады. 1992-1993 жылдары Татарстан, Башқұрт, Шешен, Тува, Саха автономиялық бөлшектері Орталыққа салық төлеуден бас тартты. Вятка мен Тула облыстары өз Конституцияларын дайындап, Свердлов облысы Урал Республикасын құруға даярланды. 1991-1993 жылдары татар жеріндегі ұлтшыл топтар Татарстанның тәуелсіздігін жариялау әрекеттеріне кірісті.

Осы кезеңде Ресейдегі Шешенстан мәселесі шиеленісе бастады. 1990 жылы 23-25 қарашада Грозный қаласында Шешенстанның Ұлттық съезі генерал Д. Дудаевты атқару органының басқармасы қызметіне сайлады. 1991 жылы мамыр-маусым айларында болған шешен халқының Ұлттық Конгресі Шешен Республикасының тәуелсіздігін жариялап, РКФСР және КСРО-ның құрамынан шыққанын мәлімдеді. Ұлттық Конгресс – Шешенстан халқының жоғарғы өкілеттік билігі деп

жарияланды және Шешен-Ингуш республикасын екі дербес – Шешен және Ингуш мемлекеттеріне бөліп тастады. 1991 жылы 27 қазанда Д.Дудаев Шешенстан Республикасының президенті қызметіне сайланды. 1994 жылы 29 қарашада Ресей үкіметі соғыс арқылы Шешенстандағы Конституциялық тәртіпті қалпына келтірмекші болды. Келесі жылы ақпан айында Ресей армиясы әбден кираған Грозныйды басып алды. Бір жылдан кейін тамыз айында Шешенстанның әскери топтары Грозныйды кейін қайтарды. Орыс әскерлері Шешенстаннан шығарылды. Шешенстан мәселесі ұзаққа созылған қанды шайқасқа айналып кетті. 2000-2006 жж. шығындар көп болды.

1992 жылдан бастап ұлтаралық шиеленістер Молдовияда, Грузияда, Абхазияда, Оңтүстік Осетияда, Ингушетия мен Шешенстанда, Приднестровиеде, Тәжікстанда да көрініс берді.

90-жылдар тұсында Қырғызстан мен Өзбекстан жеріндегі оңшыл мұсылмандық топтардың озбырлық әрекеттері байқалды. Бұл топтар Ауғанстандағы талибандар қозғалысы жағынан қолдау тауып, Орталық Азиядағы тыныштықты бұзуға тырысқан ниетін байқатты. Тәжікстандағы өзара қақтығыстар Ауғанстан жеріндегі арпалыс ықпалының көрінісі түрінде болды.

Ықпалдастық мәселелері. ТМД елдерінің даму жолдары біркелкі болмады. Бұрынғы біртұтас Кеңес экономикасының ыдырауы салдарынан, жан-жақты шаруашылық қатынастарының үзілуіне сәйкес, нарықтық реформалар бірқалыпты қарқынмен жүре алмады. ТМД елдерінің отырысында мыңнан астам құжаттар қабылданды. Бірақ бұлардың көбі жұмыс істеген жоқ.

ТМД елдерінің құрылуына және қалыптасуына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қосқан үлесі зор. Қазақстан Елбасының әрекеті нәтижесінде 1994 жылы 8 шілдеде Өзбекстан, Қазақстан және Қырғыз Республикалары арасында *«Біртұтас экономикалық кеңістік»* құру келісіміне қол қойылды.

ТМД елдерінің ықпалдастық ынтасын арттыру үшін Н.Ә.Назарбаев *«Еуразиялық Одақ»* идеясын ұсынып, ТМД елдері өзара ықпалдастыққа жылдамырақ тартылады деп үміттенеді. 1993 жылы ТМД елдері құрамына Грузия қосылды. Сөйтіп, ТМД елдерінің қатарына 12 мемлекет бірікті. 1996 жылы 29 наурызда Мәскеуде Белоруссия, Қырғызстан, Қазақстан, Ресей Федерациясы араларында *«Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету»* келісімі жарияланды. Бұл келісімді жүзеге асыру үшін *«Мемлекетаралық экономикалық комитет»* деген атқару ұйымы құрылды. Ықпалдастықты одан әрі жандандыру мақсатын ойлаған Н.Ә. Назарбаев оның нақтылы тұжырымды формуласын *«4+Н»*

түрінде жариялады. 1998 жылы қаңтар айында Н.Ә.Назарбаев «Біртұтас экономикалық кеңістік» одағы жөніндегі келісімнің жобасын ТМД елдерінің басшыларына ұсынды.

1998 жылы 28 сәуірде Мәскеуде Белоруссия, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасының басшылары «Қарапайым халықтың мұқтажына тиісті 10 қарапайым қадам» атты бағдарламаны іске асыру жөніндегі Мәлімдемені жариялады. Бағдарламада азаматтық алуды жеңілдету, кедендік, шекаралық және басқа да тексеру ісінде тұрғындардың теңдігі, еріктігі, шекарадан шетел валютасын кедергісіз алмастыру, орта және жоғары білім дипломдары мен ғылыми атақтары және ғылымы дәрежелердің теңдігі, аталған төрт мемлекеттің жоғары оқу орындарына теңбе-тең негізде оқуға қабылдау, кіші және орта кәсіпорындардың дамуына жеңілдіктер беру жоспарланды.

1998 жылы маусым айында «Мемлекетаралық экономикалық комитет» ұйымының Бас кеңесі Мәскеуден Алматыға ауысты. Осы жылы 28 сәуірде «4+Н» формуласы негізіндегі ықпалдастыққа Тәжікстан Республикасы қосылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ТМД елдерінің бірлігін экономикалық ықпалдастық жолында тұрақтандыру әрекетін барлық ТМД халықтары қолдап, бұл бастаманың болашағы зор екендігін дәлелдеп отыр.

Қазақстан Президенті ықпалдастық даму жолын үш кезеңге бөлуді жөн көруде:

- саудалық одақ кезеңі;
- қаржылық-валюталық және экономикалық одақ кезеңі;
- әскери-саяси одақ кезеңі.

ТМД елдеріндегі көрнекті ықпалдастық бірлік Ресей мен Белоруссия елдері арасында байқалды. 1995 жылдың көктемінде екі елдің арасындағы кедендік кедергілер жойылып, 1996 жылы мамырда Ресей-Белоруссия бірлігі құрылды, 1997 жылы 2 сәуірде екі елдің арасында одақтық шартқа қол қойылды.

ТМД бірлестігінің құрамында басқа да аймақтық топтар құрылды. Соның бірі Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан біріктірген «Орталық Азиялық ынтымақтастық бірлігі» (ОАЫБ) және формасыз Грузия, Украина, Өзбекстан, Әзірбайжан, Молдавия (ГУӨӘМ) тобын атауға болады. ОАЫБ тобы 2002 жылдың ақпанында құрылып, осы аймақтағы діні, тілі, әдет-ғұрпы тамырлас, ұқсас келетін елдерді біріктірген топ болды. 2004 жылы ОАЫБ тобына Ресей Федерациясы қосылды. Ресейдің қосылуы ОАЫБ-тің маңызын арттыра түсті. Ресейдің қосылуы Орталық Азия бірлестігінің лаңкестікпен, есірткі саудамен, діншілдік экстремизммен күресу мүмкіншілігін арттыра

түсті. 2006 жылы «Орталық Азия ынтымақтастық бірлігі» «Еуразиялық экономикалық қоғамдастық» топтың құрамына қосылды. Дәл осы жылы ЕурАзЭҚ ұйымына алтыншы мемлекет ретінде Өзбекстан қосылды.

Бастапқы кезеңде ТМД елдері бірлігінің келешегі жөнінде жағымсыз пікірлер басымырақ болды. «ТМД деген формасыз ұйым және одан жағымды іс-әрекет күтуге болмайды» деген пікірлер, бұл ұйымды менсінбеушілер көп болды. Мұндай пікірлер алдын ала кесірлі болып, болашаққа мүлдем сәйкес келмейтінін дәлелдеді.

Кейінгі жылдары Түрікменстан, Украина, Грузия, Армения басшылары ТМД тобына сенімсіздікпен қарады. 2006 жылы маусымда Мәскеуде болған ТМД елдерінің Кеңесіне Украина, Грузия, Армения және Түрікменстан басшылары келген жоқ. Баспасөз беттерінде Арменияны НАТО блогымен жақындасады деген мағлұматтар жарық көрді.

Осындай қиын-қыспақ жағдайда ТМД бірлігін сақтауда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі зор болды. Ол ЕурАзЭҚ ықпалдастық тобын құрып, ТМД бірлігін жаңарту жолдарын іздестірді.

2006 жылы Мәскеудегі самитте ТМД-ны реформалау мәселесі қаралды. ТМД бірлігінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев осы бірліктің 15 жылдық әрекетін қорытындылап, соны жаңалаудың жаңа бағдарламасын ұсынды. «Барлық елдерді қанағаттандыратын шешімдер қабылдау қажет. Бұл шешімдерді барлық елдер орындауы қажет. Қабылданған шешімдерді бір елдердің қабылдауы, басқаларының атаған шешімдерді орындамауы, ТМД Кеңестерін президенттердің кездесу клубына ұқсатып отыр» деп тұжырымдады Н.Ә.Назарбаев. Сынмен қатар Қазақстан Президенті ТМД бірлестігінің жағымпаздық кездерін де сипаттап өтті. «ТМД бірлестігі сұхбаттық алаң болып, ТМД елдерінің арасында ешқандай кантөгіс айқастарды болдырмады» – деп айқындады Президент. Президент Достастықты жаңалаудың құрамды бөлшектерін белгіледі. Олардың қатарында миграциялық саясат, білім беру және транспорт мәселелері халықаралық, гуманитарлық мәселелер, қорғаныс саласындағы жалпы кеңестік, жаһандану үрдістері. Достастық әрекеттер интеграциялық ой-сезімінен қайтпауы қажет.

2006 жылы тамызда Сочи қаласында «Еуразиялық экономикалық қоғамдастық» тобының (Ресей, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан) саммитінде үш елдің (Ресей, Белоруссия, Қазақстан) атынан *Кедендік Одақ құру* жөніндегі шешім қабылданды. Осы жөніндегі құжаттарға Украина жағы қол қоюдан бас тартқаннан

кейін «Біртұтас экономикалық кеңістік» бірлігі жөніндегі мәселе жабылып, үш елден құрылған Кедендік Одақ ұйымы жарық көрді.

Сочи саммитінде ЕурАзЭС тобын «Ұжымдық қауіпсіздік келісім ұйымымен» біріктіру мәселесі шешілді. Кедендік Одаққа басқа елдердің заң құқық негіздері сәйкестендірілгеннен кейін мүше болуға толық құқығы бар екені ескертілді. Тәжікстанның Кедендік Одаққа мүше болмауы Ресей, Белоруссия, Қазақстанмен жалпы шекаралық аймағының жоқ болуына байланысты болды. Тәжікстанның Кедендік Одаққа толық мүше болуы Қырғыз және Өзбек елдерінің тағдырымен байланысты болып отыр.

Халықаралық ақпарат органдары Кедендік Одақтық құрылуына зор мән беріп, ТМД бірлігінің экономикалық жағдайына зор әсерін тигізетін негіз болады деп болжамдауда. Сочи саммитінде Өзбекстан «Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымына» қабылданып, ТМД одағының әскери-саяси қуатын арттыратын болды.

§35. Орта Азия мен Кавказ аймағындағы елдер

1991 жылы екінші жартысында тәуелсіздіктерін жариялаған Грузия, Армения, Әзірбайжан Кавказ аймағында, ал Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстан Орталық Азияда орналасқан елдер. Егемендік алысымен олардың алдында келешекте қандай жолмен даму мәселесі тұрды. Жалпы бағыт реформалар арқылы нарықтық экономика қатынастары мен демократиялық қоғам құру деп белгіленгенімен, әр елдің ерекшеліктері, саяси басшылықтар белгілеген максаттары, халықтық шұғылдануы, шаруашылықтың деңгейі, жергілікті ұлт пен басқа ұлттардың ара салмағы, т.б. факторлардың әсеріне қарай аталған елдердің дамуы біркелкі болмады. Алғашқы бес жылдай уақытта бұл елдерді өте терең саяси-әлеуметтік және экономикалық дағдарыс жайлады. Себебі тоталитарлық тәртіпке сай бір орталыққа бағындырылған, негізінен әскери талапты камтамасыз еткен шаруашылық байланыстары үзіліп, әр елдің өндіріс салалары тоқырауға ұшырады. Өнім өндіру қысқартылып, ең қажетті заттар тапшы болып, құнсыздану (инфляция) асқынып, халықтың тұрмысы нашарлады. Әр елдің өз ақшасын шығаруы, өзін-өзі асырауы, жабдықтауы, адамдарды жұмыспен камтуы күрделіленіп кетті. Өздері шығаратын тауарларды басқа елдерге сату жоспары көп жағдайда іске аспады: сапасы төмен кеңестік өнімдер басқаларды қызықтырмады. Тек шикізаттардың ішінде мұнай, газ, түсті металдарға сұраныс болғанымен, оларды тасымалдау, бағалау мәселелерін реттеу біраз уақыт алды. Жекешелендіру ісі көбінесе билік басындағылардың және

солармен ауыз жаласқан шетел кәсіпкерлерінің мүдделеріне сәйкестендіріліп, халық жағдайын жақсартуды ойламады. Кеңес дәуірінде асқынып кеткен паракорлық, қазынаға қол сұғу одан әрі нығайып, заңды бұзу, байлықты (қаржыны) шетке шығарып тығу, т.б. қылмыстық істерге жол берілді. Оған қоса бұл аймақта діни, ұлттық қалпығыстар, шиеленістер орын алды. Әзірбайжан мен Армения арасындағы Таулы Қарабах үшін жанжал бірнеше жылға созылған соғысқа айналды. Грузия, Абхазия, Оңтүстік Осетия мәселелері туып, Тәжікстандағы ішкі тартыс қантөгіс ұрыстарға жалғасты. Қырғызстан мен Өзбекстанның кейбір аудандарында бүлікшілік, ұлтаралық тартыстар басталып, әрең басылды. Қазақстаннан немістер, орыстар, украиндықтар өз елдеріне кете бастады. Грузия, Армения, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстанда саяси басшылықтар тұрақсыздау болды.

Дағдарыстан шығу шаралары. 1996 жылдан бері қарай жағдай біраз жөнделіп, экономиканың құлдырауы бәсеңдеп, өрге жылжи бастады. Дегенмен Грузия, Армения, Тәжікстан елдерінің шаруашылығы 1998 жылға дейін төмендеумен болды. Мұнай мен газға бай Түрікменстан мен Әзірбайжанның жағдайы жөнделе бастады.

Осы кезде Кавказдағы елдерде саяси басшылық тұрақтанғандай болды. Әзірбайжанда Г. Әлиев, Грузияда Э. Шеварднадзе, Арменияда Р. Кочарян билікке келіп, саяси толқулар саябырлады.

Сонымен бірге бұл елдер өзара қатынастарын реттеп, сауданы, экономиканы ынтымақтастыру жолдарын қарастырды. *Орта азиялық одақ* құрылып, кейін ол *Орта азиялық экономикалық қауымдастық* болып өзгерді. Оның мүшелері – Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан. Ал 1993 жылы Орта Азиядағы елдер Әзірбайжанмен, Түркиямен, Иранмен және Пәкістанмен бірге *Экономикалық ынтымақтастық ұйымын* құрды. Жалпы түрде бұл елдердің сыртқы экономикалық және сауда қатынастары Ресей Федерациясына бағытталғанымен, алыстағы шетелдермен де байланыстары дами түсті. Жапония, Қытай, Корея, АҚШ, Германия, Түркия, Италия, Иран, Израиль сияқты елдердің қаржылары мен тауарлары Орта Азия және Кавказ аймағына ағылып, барған сайын ұлғая берді.

Орталық Азия мен Кавказ елдерінің саяси дамуы. 80-жылдардың соңында-ақ бұл республикаларда жаңа ұйымдар мен қозғалыстар пайда бола бастағаны белгілі. Олар саяси партияларға айналып, өз бағыттағы бағдарламалар ұсынды. Өзбекстанда 1988 жылы «Бірлік» қозғалысы мен «Ерік» («Бостандық») партиясы өмірге келіп, сол кезде қатары мызғымай тұрған компартия билігіне наразылық білдірді. Алғашында олар жалпы демократиялық тілектерді алға тартқанымен, біртіндеп таза ұлтшылдық пиғылдары басым бола бастады. Тәуелсіздік

алар кезде араларында іріткі пайда болып, екеуі де әлсіреді. Сондай жағдайда 1991 жылғы сайлауда *Ислам Каримов* (бұрынғы компартия жетекшісі) президенттік орынды жеңіп алды.

Келесі жылдары «Ерік» және басқа топтар «өкімет демократияға қысым жасауда, реформалар жеткіліксіз жүруде, Каримов авторитарлық саясатты қолдауда» деген пікір таратып, елде саяси тартыстар ұшқындады. 1993 жылы «Бірлік» және «Ерік» жетекшілері елден кетіп, екі партияның да қызметі тоқтатылды. Елде қазір Халықтық-демократиялық (бұрынғы компартия орнын басқан, қазір билікті ұстап келеді); Отан прогресі Әділет «Ұлттық өркендеу» және «Халық бірлігі» партиялары тіркелген. Ел басына 1995 жылы референдум және 2000-2008 жж. сайлау нәтижесінде *И. Каримов* отырды. Ғасырлар тоғысында исламшыл топтар қалыптасып (Өзбекстан ислам қозғалысы «Хизбут-Тахрир»), азаматтық мемлекет орнына исламдық мемлекет құру туралы талаптарын алға тартуда. 1999-2000 жылдары олардың қарулы күштері Ферғана өлкесінде және көршілес Қырғыз отанында қақтығыстар ұйымдастырды.

Қырғызстанда 1990 жылғы сайлауда коммунистер жеңіліп, президент орнына Демократиялық қозғалыс өкілі *Асқар Ақаев* келді. Жаңа үкімет радикалды реформалар бастағанымен, жіберілген көптеген қателіктер және басқа республикалармен шаруашылық қатынастардың үзілуі Қырғызстанды өте қиын жағдайға душар етті.

90-жылдардың соңына дейін жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 40-60%-ға төмендеп кетті. 1995 жылы шетелдердің көмегімен экономиканы дамыту, 2005 жылға дейін жағдайды жақсарту жөнінде жоспар қабылданған еді. Ел жағдайы нашар, жұмыссыздық, құнсыздану, азық-түліктің жетіспеуі әлі шешімін таппай келеді. 1999-2000 және 2002 жылы наурызда саяси тартыстар, қантөгіс оқиғалар, оппозицияны қудалау оқиғалары орын алды... Кейін басшылыққа Қ.Бакиев келді.

Тәжікстан өте қиын және күрделі жағдайда қалды. 1990 жылдың соңында Демократиялық партия Ислам өркендеу партиясымен және «Растохез» халықтық майданымен бірігіп, билік басындағы компартияға қарсы күрес жүргізді. 1991 жылы қараша айында президент орнын коммунистердің жетекшісі *Рахмон Набиев* жеңіп алды. Оппозиция оны мойындамай, Душанбе және басқа қалаларда жаппай ереуілдер ұйымдастырды. Елді қарулы текетірестік жайлап, азамат соғысы басталды. Билік 1992 жылғы тамызда *Эмомалы Рахмонов* қолына өтіп, Ресейдің қарулы күштерінің қатысумен жағдай біраз тынышталғандай болды.

Бірақ 1993 жылы жазда оппозиция күштері бірігіп, ресми үкіметке қарсы соғыс ашты. Ислам өркендеу партиясының (ИӨП) жетекшісі

А.Туранджон-заде (оппозиция жетекшісі) 1997 жылы Ресейдің үгіттеуімен ресми үкіметпен келіссөзге барып, азаматтық соғыс тоқтатылды. ИӨП үкімет орындарының 30%-ына ие болды. Ал 2000 жылы парламент сайлауында халықтық-демократиялық партия 65% дауыс алды.

Түрікменстанда 1990 жылғы президент орнына коммунистер жетекшісі *Сапармурат Ниязов* сайланды. 1991 жылғы КСРО-дағы тамыз төңкерісінен кейін компартия атын Демократиялық партияға ауыстырды. 1992 жылғы сайлауда, 1994 жылғы референдумда *С. Ниязовтың* президенттігі мойындалды.

1995 жылдан Түрікменстан бейтараптық саясат ұстап, көршілес елдермен әскери-саяси және экономикалық ұйымдарға катысудан бас тартып келеді. Бұл жағдайдың бір ұтымды жері – әскери шығындарды азайтуға мүмкіндік берді. Мұнай мен газға бай елдің шаруашылығы төмен қарқынмен дамуда. Газ, электр қуаты, басқа да коммуналдық шығындарын үкімет өз мойнына алып, тұрғындардың өмірін біраз жеңілдетуде. Ниязов қайтыс болғанда ел басына Г.Бердымұхамедов сайланды.

Арменияда 1988 жылы алғашқы саяси ұйымдар құрыла бастаған: Қарабах қозғалысы, Армян жалпы ұлттық қозғалысы (АЖҰҚ). 1990 жылғы сайлауда АЖҰҚ компартияны үкімет басынан ығыстырып, Жоғарғы Кеңес төрағасы орнын *Левон Тер-Петросян* иеленді.

1990 жылы 23 қыркүйекте Армения тәуелсіздігі туралы мәлімдеме қабылданып, ел дербестік жолындағы алғашқы қадамдарын жасады. Бұл КСРО-дағы Балтық жағалауындағы республикалардан кейінгі аты шулы оқиға болып, басқаларға әсерін тигізгені мәлім. 1990-1991 жылдары Арменияда «Дашнакцютюн», «Рамкавар азатқан» атты социал-демократиялық партиялары құрылып, көп-партиялық тәртіп орнатуды, саяси бостандықты қалады. 1990 жылы қарулы ереуілдер орын алып, үкімет оларды әрең басып тастады.

1991 жылғы 21 қыркүйектегі референдумда көпшілік Арменияның КСРО құрамынан шығуын қалап, сол жылы 16 қазанда Л. Тер-Петросян президент болып сайланды. 1993 жылы жаңа Конституция бекітіліп, елде 2 жылдан соң өткен парламент сайлауында Республика партиясы жеңді. Одан соң Армения көп жылға созылған саяси дағдарысқа ұшырады. 1996 жылы президенттік сайлау нәтижесін оппозициядағы коммунистік партия, ұлттық-демократиялық одақ, т.б. мойындамай, саяси тартыс асқына берді. Өкімет күш көрсетуге барғанымен, халық толқуларын баса алмады. Оған Қарабах мәселесін реттеудегі қиыншылықтар қосылды, азық-түлік жетіспеушілігі де сезілді. Ақыры Л.Тер-Петросян 1998 жылы ақпан айында президент-

тіктен кетуге мәжбүр болды. Кезектен тыс сайлау өтіп, ел басына Қарабах жетекшісі *Роберт Кочарян* келді. Ол Қарабах меселесін бейбіт түрде реттеуден бас тартты. Осы жанжал Армения мен Әзірбайжан арасын бітістірмей отыр.

Әзірбайжанда 1990-1992 жылдары ел басында *Ниязи Аяз-оглы Муталибов* болды. Қарабахты армяндар басып алғаннан кейін ол қызметтен кетіп, орнын халықтық майданының басшысы *А. Эльчибей* басқан еді. Бірақ оның әкімшілігі де сәтсіздіктен бас көтере алмай, халық арасында беделден жұрдай болып, жағдайды одан әрі әлсіретіп алды. 1993 жылы Эльчибей өкіметтен ығыстырылып, сайлауда бұрынғы Әзірбайжан компартиясының бірінші хатшысы, КСРО үкіметі төрағасының орынбасары болған *Г. Әлиев* президенттік орынды иеленді.

Г.Әлиев тұсында бұған дейін дүркін-дүркін болып келген көтерілістер мен ереуілдер басылып, жағдай калыпқа түсті. Шетел қаржылары мұнай қорларын игеруге көмегін тигізіп келеді. Ендігі мәселе мұнай құбырларын тарту мәселесі: осы күнге дейін ол мұнайды Ресей арқылы экспорттауда, қазіргі кезде тікелей Түркияға шығару үшін Баку-Жейхан құбырын салу үстінде. Әзірбайжан Каспий теңізіндегі мұнайды өндіруге АҚШ-пен келісім жасасты, бірақ теңізді бөлісу мәселесі реттелмей, оны жүзеге асыру мүмкін болмай отыр. *Г.Әлиев* дүниеден өткенде орнына ұлы сайланды.

Грузияда 1990 жылы қазан айында демократтар тобы парламент сайлауында жеңіске жетіп, *Звиад Гамсахурдия* ел президенті болды. Жаңа үкімет КСРО құрамынан шығуға талаптанды. Ал Грузия көп ұлтты мемлекет болғандықтан, оның құрамындағы Оңтүстік Осетия, Абхазия, Аджария халықтары өз мүдделерін ойластыра бастады. Осетиндер Ресей құрамындағы Солтүстік Осетияға қосылуды алға тартса, Абхазия Ресейге өтуді немесе тәуелсіз мемлекет құруға тырысты. Аджария да Тбилисиге наразылық білдірді. Ұлттар тартысы қыза түсті. 1991 жылы 31 наурызда Грузия референдум жүргізіп, ел тәуелсіздігін жариялады. Соның артынан болған сайлауда *З.Гамсахурдия* президент болып сайланды. Бірақ 1991 жылы тамызда елде азамат соғысы басталып, оған 1992 жылы тамызда абхаз жанжалы қосылды. Халықтың арасында беделі күрт төмендеген *З. Гамсахурдия* ел басынан қуылып, көп ұзамай қайтыс болды. Грузияда билік басына бұрынғы компартия жетекшісі, КСРО сыртқы істер министрі болған, 1991 жылы тамызда *Б.Н.Ельцинді* ашық жақтаған *Эдуард Шеверднадзе* келді.

1995 жылы тамызда жаңа Конституция қабылданып, қарашада өткен сайлауда президент орнын *Шеверднадзе* басты. Ол басқарған

«Грузия азаматтарының одағы» 1999 жылғы қазан айындағы парламент сайлауында да жеңіп шықты.

Саяси-әлеуметтік дағдарыс Грузияны қыспақтан шығармай отыр. 1992 жылдан бері грузин-абхаз жанжалы бітпей келеді. Бір кезде 200 мың грузиндер босқындыққа ұшырап, Абхазия өз тәуелсіздігін жариялауға дейін барған.

1994 жылы екі халық жанжалдасқан аймаққа БҰҰ-ның шешімімен Ресей әскерлері орналастырылды. Бұл жанжал 2004 жылы *М. Саакашвилидің* мемлекеттік төңкерісінен кейін одан әрі өрши түсті.

Өздерін демократтар атаған жаңа басшылық АҚШ-қа сүйеніп, Украина сияқты НАТО-ға мүше болуды мақсаттаған. Сөйтіп бөлінбек болған Абхазияны және Оңтүстік Осетияны Грузия құрамында сақтап қалуды ойластырған. Ресей оған қарсы, сепаратистерді қолдау істерін асыра түсті. Екі жақтың теке-тіресі 2008 жылы 8 тамызда Ресей мен Грузияны қантөгіс соғысқа апарды. Бес күн ішінде Ресей армиясы Оңтүстік Осетия және Грузияның бірнеше аудандарын басып алды. Бұдан кейін абхаздар мен осетиндіктер өз тәуелсіздіктерін жариялаған еді. Оларды тек Ресей мен Никарагуа ғана мойындады. ТМД-ға мүше елдер Тбилиси қимылдарын айыптауға барғанымен, Грузияның бөлшектенуін қаламауда. Батыс елдері Ресейді айыптап, оның әскерлерін қайтару шараларын іске асырды. Бұл жағдай халықаралық қатынастарды айтарлықтай шиеленістіріп жіберді. Ендігіде Грузия бірлігі қалай шешіледі деген сұраққа жауап беру қиындады. Ол ТМД құрамынан шығатын болды. 1990 жылдарда Грузияны билегендер Абхазияға, Оңтүстік Осетияға және Аджарияға ұлттық автономия беруге көнбей, федеративті мемлекет құруға қарсы болуы кешірілмес кәте болды. Ал одан шыққан жанжалға Ресейдің қилігуі, ТМД, ЕО және АҚШ-тың аймаққа бітімгершілік ретінде Ресей әскери күштерін енгізуі Кавказдағы жағдайды одан әрі ушықтырды.

§36. Егемен Қазақстан

Қазақстандағы саяси және экономикалық реформалар. 1991 жылы желтоқсанда КСРО тарайды да, оны құраушы одақтас республикалар дербес даму жолына түсті. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет болды. 1 желтоқсандағы сайлау қорытындысы бойынша *Н.Ә. Назарбаев* Қазақ КСР-нің президенті болып сайланды. Ал 10 желтоқсанда Қазақ КСР Қазақстан Республикасы деп аталды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңына қол қойды.

Қазақстан өзінің қалыптасуының жаңа жолдарында демократиялық мемлекеттер институттарының және аралас экономиканың нығаюымен сипатталатын дүниежүзілік қауымдастықтың даму беталыстарымен санасуы тиіс болды. Президент Н.Ә.Назарбаев елдің ішкі саясатын жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестік идеясын алдыңғы жоспарға ұсынды.

Қазақстан Республикасы өтпелі кезеңде нарықтық қатынастарға өтті. Нарық талаптарын есепке ала отырып, Республика министрлер кабинетінің экономикалық, құқық қорғау, салалық және аймақтық басқару ұйымдарының құрылымы мен атқаратын қызметтерін қайта қарады. Шетелдік әріптестердің қатысуымен ауыл шаруашылығы техникаларының өндірісі, мұнайды қайта өңдеу зауыттарының, қонақ үйлер мен бизнес орталықтарының құрылыстары, бірқатар кәсіпорындарды қайта жарактандыру және жаңарту бойынша бірлескен жобалар іс жүзіне асырыла бастады. Республиканың жаңа Конституциясына, «Жеке меншік туралы» Заңға және басқа да заңды актілерге сәйкес, заңды түрде бекітілген жеке меншіктік реформасы жүзеге асырылып, кеңейтіле түсті.

1991-1992 жылдары жекешелендірудің бірінші кезеңі жүзеге асырылып, оның барысында сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және коммуналдық шаруашылық саласындағы 7 мыңнан аса мемлекеттік кәсіпорындар жекешелендірілді. Тұрғын үйді жекешелендіру жедел қарқынмен жүргізілді. Одақтық мәндегі мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚР Үкіметіне өткізу туралы, республиканың сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету жөнінде, Қазақстанның алтын және алмаз қорларын құру туралы Президенттің Жарлықтары жарияланды. Сонымен қатар бәсекеге қабілетсіз және өзін-өзі актамайтын кәсіпорындарды сатуға, жақсартуға бағытталған «Банкроттық туралы» Заң («Закон о банкротстве») енгізілді.

Басқару құрылымдары да өзгерістерге ұшырады. Жаңа мемлекеттік ұйымдардың қатарында мемлекеттік Мүлік комитеті мен антимонополиялық комитет құрылды. Қарамағына салық инспекциясы мен кедендік қызмет берілген Қаржы министрлігінің рөлі нығайтылды. Жоспарлы түрде бөлу үдерісі әлсіреп, нарықтық экономикаға тән шартты (контракт) жүйеге негізделген мемлекеттік тапсырыс негіздері күшейтілді. Банк жүйесі қайта құрылды. Әлеуметтік сақтандырудың зейнетақының қоры және тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету қоры құрылды. Үкімет елдің агроөнеркәсіптік кешенін қалпына келтіріп, жандандыруға көп көңіл бөлді.

Жаңа Конституцияның қабылдануы және Президент Н.Ә.Назарбаевтің саясаты. Республиканың ішкі саясатындағы оң

өзгерістердің бірі – тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануы болды. Қазақстан Республикасының негізгі құқықтық құжаты – 1995 жылғы Конституция. Онда республикамыздың тәуелсіздік жылдарында қабылданған Конституциялық Заңының негізгі ережелері жинақталып, қорытылған.

Қазақстан Конституциясының қабылдануы – Қазақстанның халықаралық нормаларға сәйкес жалпы демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет болып қалыптасқандығын дәлелдейді. Азаматтық келісім мен Қазақстандағы барлық ұлттар және ұлыстардың тең құқықтық идеясы Конституциялық норма болып табылады.

1995 жылғы Конституцияда адам құқығы мен бостандығы біздің мемлекетіміздің унитарлығы, оның аумағының тұтастығы мен бөлінбейтіндігі бекітілді. Саяси салада парламенттік билікті кезекті реформамен күшті президенттік республиканы қалыптастыруға бағыт алынды. 1995 жылғы республика Конституциясына сәйкес басқарудың парламенттік-президенттік формасы *президенттік* болып қайта құрылды. Мемлекеттік жүйеде президенттік институт ең басты тұлға ретінде еліміздегі жасалып жатқан істерге, биліктің барлық үш тармағының қызметіне, ішкі және сыртқы саясаттың қалыптасуына елеулі көмегін тигізіп келеді.

Көппартиялық жүйе. Республикамыздың іс-әрекетінің негізін қалаушы қағидалар – қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтық игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің анағұрлым маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы қабылданды. Әділет министрлігінде олардың жарғыларын тіркеу жүргізілді. 2003 жылдың басында республикамызда 15-ке жуық саяси партиялар мен 30-дан астам қоғамдық қозғалыстар мен бірлестіктер тіркелген. Қазақстанның саяси партиялары қалыптасу және даму жолында түр. Өзінің позитивтік іс-әрекетімен республикамыздың «Отан», «Қазақстанның азаматтық партиясы», «Қазақстанның демократиялық партиясы», «Қазақстанның аграрлық партиясы» және т.б. мәлім болды. Халықтық-демократиялық партия билеуші дәрежеге жетті.

Қазақстандағы көп ұлттылық факторы, ұлттық мәселеге үнемі назар аударуды талап етеді. Осы мәндегі Республика президенті жанындағы кең ауқымды Қоғамдық кеңес беру және кеңесу ұйымы — Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысына үлкен қызығушылық танытуда. Ұлттық мүдделер мен сұраныстарды қанағаттандыруға, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дамытуға, ана тілін зерттеуге мүмкіндік беретін 40-тан аса ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істеуде.



АҚШ президенті – Барак Хусейн Обама



Қытайдың елбасы Ху Цзиньтао



АҚШ, Израиль, Палестина басшылары



Ресей, Түркменстан, Қазақстан басшылары

Қазақстанның мәдениеті, ғылымы, өнері мен әдебиетіндегі жана құбылыстар. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ұлттық мәдениеттің дамуына едәуір көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша әрбір жыл қоғамдық өмірдің бірден-бір өзекті мәселелеріне арналған жыл боп жарияланды. Республикамыздағы мәдени-қоғамдық шаралар – өз еліміз үшін жүргізілген шаралардың өзектілігі мен мәнділігін есепке ала отырып, халықаралық ұйымдардың сұраныстары ескеріле отырып жүргізіледі. 1995-1996 жылдары ЮНЕСКО бағдарламасы аясында Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы, қазіргі заманның көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы, 2004 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы салтанатты түрде тойланды. 1997 жыл – «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жарияланды.

Ал 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болды. Осы жылдар ішінде АҚШ, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Түркия, Жапония, Қырғызстанның ірі ғалымдарының қатысуымен 23 ірі ғылыми-тарихи форум болып өтті.

1999 жыл Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылы болып жарияланды. Өткен тарихтың Қазақстанның қазіргі заманғы тарихымен тығыз байланысы аталмыш жылдың басты ұраны болды. Қазақстан жұртшылығы «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының» алғашқы томдарының, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» монографиясы мен басқа да еңбектердің жариялануын үлкен қызығушылықпен қарсы алды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2000 жылды «Мәдениетке қолдау көрсету жылы» деп жариялады. Отандық, мәдениетті дамытуға қамқорлық – «Мәдениет туралы», «Тіл туралы», «Тарихи-мәдени мұраларды пайдалану және қорғау жөнінде», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» соңғы жылдары қабылданған заңдар бойынша қадағаланып отыр.

Ел президентінің «Қазақстан Республикасының мәдениеті мен өнерін қолдаудың мемлекеттік қоры туралы» Қаулысы қабылданды. Алматыда Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Неміс драма театрына, Корей музыкалық комедия театрына жеке ғимараттар бөлінді. Аталмыш жыл аясында ауыл мәдениетіне ерекше көңіл бөлінді. Мәдениетті қолдау жылында «Ауыл мәдениетіне қолдау көрсету» атты арнаулы бағдар-

лама әзірленді. Республикада Ежелгі Түркістанның 1500 жылдығы кең көлемде аталып өтілді. Астана қаласы көркейді.

Қазақстан БҰҰ-ның мүшесі. Тәуелсіз, егеменді мемлекет болған Қазақстан өзінің сыртқы саяси бағытын әзірлеуге кірісті. Республикамыздың сыртқы саясаты, оны жүзеге асыру – Қазақстан мен оның халқына әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуын қамтамасыз ететіндей болып құрылған.

БҰҰ Бас Ассамблясының 46-сессиясы біздің республикамыздың тарихына жаңа егеменді мемлекетті бекітуге және оны халықаралық деңгейде мойындауға мүмкіндік беретін форум ретінде кірді. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-ға қабылданды. Кейінірек Қазақстан БҰҰ-ның ЮНЕСКО, ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы), ХҚК (Халықаралық қаржы корпорациясы), АЭХАГ (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік) сияқты көптеген маманданған ұйымдарға мүше болды.

Шетелдермен дипломатиялық қарым-қатынастар. Қазақстан көп салалы сыртқы саясат жүргізуде. Оның мәні дүние жүзінің барлық мемлекеттерімен тең құқықты, екі жақты өзара қолайлы және көп қырлы қарым-қатынастар орнатуға келіп саяды. 1999 жылдың басына қарай Қазақстан 106 елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 150-ден астам мемлекеті мойындап отыр. 1991 жылдың желтоқсан айынан бастап, бүгінгі күнге дейін Қазақстан 50-ден аса мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен 850-ден аса келісімдерге қатысқан.

§37. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Ялта және Потсдам конференцияларымен жоспарланған 50 жылға созылған халықаралық қатынастар жүйесі құлады. Капиталистік және социалистік жүйенің әскери-саяси қарама-қайшылықтарына нүкте қойылды.

Бұқара халық «қырғи кабак соғыстың» тоқтағанын қуана қарсы алып, ендігі өмір бейбітшілік жағдайда өтеді, түйінді мәселелерді адамзат жауласпай реттейді деген үмітте болған. Бірақ, ол әзірше ақталмады.

XX ғасырдың соңында халықаралық қарама-қайшылықтардың ірі түйіні «Камбоджа» мәселесі ұғымымен Үндіқытай түбегінде қалыптасты. 70-жылдардың соңынан 90-жылдардың басына дейін Камбоджа азамат соғысы жүрді. Ұзаққа созылған азамат соғысы нәтижесінде түрлі саяси күштер қалыптасты.

Дүниежүзілік жұртшылық пен халықаралық бейбітшілік ұйымдар Камбоджадағы жағдайға қатты алаңдаушылық білдірді. 1989 жылы тамызда Камбоджа жөніндегі халықаралық Париж конференциясы (КХПК) болып, оның жұмысына 19 мемлекеттің Сыртқы істер министрлері, соның ішінде БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің бес тұрақты мүшесі мен БҰҰ-ның Бас хатшысы қатысты. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Камбоджа жақтарымен көптеген кездесулер мен кеңесулері 1991 жылы Париж келісімінің негізі болған құжатты әзірлеуге алып келді. Камбоджаға БҰҰ күштерінің контингенті енгізілді. БҰҰ-ның қамқорлығымен жалпыға бірдей сайлау өткізіліп, Камбоджаны егеменді, тәуелсіз және бейтарап мемлекет деп жариялау үшін жаңа басқару ұйымдарын қалыптастыру қарастырылды.

«Қызыл кхмерлердің» қарсыластығына қарамастан 1993 жылы мамырда БҰҰ-ның бақылауымен жалпыға бірдей сайлау өткізіліп, оның өткізілу барысын 44 елден 1400 өкіл бақылады. БҰҰ сайлауды еркін және әділетті өтті деп мойындады. Бұл бағалауға Камбоджа өкілдері де келісті. Конституциялық Ассамблеядағы 120 орынға өз кандидаттарын ұсынған 20 партияның арасынан көпшілік дауысты *Нородом Сианук* жақтастарының партиясы (егеменді, тәуелсіз, бейтарап және ынтымақты Камбоджа үшін Бірыңғай ұлттық майдан) және коммунистердің халықтық партиясы алды. Сайлау қорытындылары бойынша екі саяси күштердің тең құқықты қатысуымен коалициялық үкімет құрылды. Оны екі премьер-министр: біріншісі Сиануктың ұлы Нородом Ранарит, екіншісі коммунистердің өкілі Хун Сен. Осы жылы Камбоджа АСЕАН-ға мүше болып кірді. Үкіметтің саясаты көпжылдық азамат соғысының ауыр зардаптарын жоюға бағытталды. Кейін үкімет билігі Хун Сенге өтті.

XXI ғасырдың басында *Таяу Шығыс* мәселелерін шешуге қолайлы беталыстар жасала бастады. Осы мезетте КСРО ыдырады. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталды. Өз дамуының бастапқы кезеңінде Ресей Федерациясы Таяу Шығыс саясаты мәселесіне мүлдем араласпады, тарих сахнасына АҚШ және басқа капиталистік елдер шыға бастады. 1991 жылы қазанда Мадридте өткен Таяу Шығыс жөніндегі халықаралық конференция «бейбітшілікті аумаққа айырбастау» қағидасын мақұлдады. Норвегия үкіметінің бастамасы бойынша Осло қаласында екі жыл бойы Израиль мен Палестина азат ету ұйымының (ПАҰ) арасында келіссөздер жүргізілді. Сонымен 1993 жылы 9 қыркүйекте Израиль мен ПАҰ бірін-бірі өзара мойындады. Иорданның батыс жағалауы мен Газа секторында *Палестина автономиясын құру туралы Вашингтонда келісімге қол қойды.*

1995 жылы ПАҰ-ға Иорданның батыс жағалауындағы 6 қала мен жүздеген елді мекендер берілді. 1996 жылы қаңтарда Я. Арафаттың басқаруымен Палестина автономиясының кеңесі сайланды.

Мәселені реттеуге іс орнынан қозғалған еді. Бірақ күтпеген жерден өткір дағдарыс пайда болды. Ол израильдықтардың ислам мешітінің жанынан жер асты жолын (туннель) қазу жоспарымен байланысты болды. Бұл жерді діндарлар пайғамбардың атымен байланыстыратын. Арабтар қарсылық көрсете бастады. Осы жағдайда болашақ оппозиционер генерал А.Шарон мешіттің қасына шеру ұйымдастырды. Бұл қарсылықтың жаңа толқынын – интифаданы – «тастар революциясын» туғызды.

ПАҰ-да жіктелу жүрді. Исламдық мәндегі «Хамас», «Джихад» сияқты радикалды ұйымдар белсенділік көрсете бастады. Палестина ұйымдары және Израиль қарулы күштерінің арасында қарулы қақтығыстар жиілей түсті.

Бірақ Шаронның беделі өсті. Ол «Ликуд» партиясының көшбасшысы болды және Кнессет сайлауында (2001 ж. ақпан) жеңіске жетіп, үкіметті басқарды.

Дағдарыс әрекетінің осындай шиеленіскен сәтінде АҚШ, Ресей, Еуропалық Кеңес және БҰҰ «Жол картасы» деген атаумен Таяу Шығысты реттеу жоспарын ұсынды. 2003 жылы 30 сәуірде Израиль мен Палестина өкіметтері «Карта» жоспарын алды. «Хамас» пен «Джихад» басшылығы оны бірден теріске шығарды.

«Жол картасында» екі жанжалдасушы жақтар үшін бейбітшілік пен өзара қауіпсіздік жағдайында қатар өмір сүруді қамтамасыз ететін шарттар жазылған. «Картаның» бірінші сатысы ланкестікті тоқтатуды, автономиядан израиль әскерлерін шығаруды, Палестина парламентіне сайлау өткізуді қарастырды.

Екінші кезеңде уақытша Палестина мемлекеті құрылуы және «Жол картасын» орындау үшін халықаралық мониторинг бастауы тиіс еді. Үшінші кезең халықаралық түрде шекаралары мойындалған тәуелсіз мемлекеттің құрылуымен 2005 жылы аяқталуы көзделді. А. Шарон үкіметі Газа ауданында және Иордан өзенінің батыс жағалауында қоныстанған еврейлерді Израиль аумағына шығаруға барған. Оған оңшыл топтар қарсылық білдірген. Биліктегі «Ликуд» партиясындағы экстремистер де оны қолдамады. Сонда Шарон «Кадима» («Алға») атты партия құрып, жаңа сайлау өткізген. Сайыс нәтижесінде «Кадима» коалициялық үкімет құрастырған еді, тек сол тұста Шарон қатты науқастанып (2006 ж. қаңтардан бері ес-түссіз жағдайда), орнына Э. Ольмерт тағайындалған.

Палестина автономиясында да неше өзгерістер орын алған. Я. Арафат қайтыс болған соң, ФАТХ жетекшісі М. Аббас президент боп сайланған. Ал 2006 ж. ақпанда парламент сайлауында жеңіске «Хамас» жетіп, үкіметті басқарды. Ол Израильді мойындаудан бас тартып, аймақтағы жағдай қайтадан шиеленісе түсті. «ФАТХ» пен «Хамас» ара жанжалы азамат соғысын туғызып, Палестинада екі әкімшілік қалыптасты.

2006 ж. жазында *Ливанда* орналасқан «Хизбаллаһ» («Аллаһ партиясы») израильдің шекараларын шабуылдап, бірнеше жауынгерлерді өлтірген және мәйіттерін алып кеткен. Оған Израиль жағы кең көлемде соғыс қимылдарын бастап, бір айдан астам уақыт бойы Ливанды оқ астына алды. Қалалар, жолдар қиратылды, адамдар қырылды. Израильде көп шығындалды, бірақ «Хизбаллаһ» күштерін жоюға шамасы жетпеді. Ольмерт үкіметі ел ішінде қатты сынға алынды. 2008 жылы аяқталар күндері Израиль Газа ауданына шабуыл жасады. Бұл жолы хамасшылардың еврей аумағына зымырандармен атқылауын сылтау ратқан Ольмерт үкіметі қатаң шараларға барып, саяси беделін көтермек болған. Жиырма күні-түні Газа бомбаланып, 1,5 мыңға жуық адам қаза тапты. БҰҰ ҚК қарарлары мен әлем наразылығына қарай кезекті өрт өшірілді. Израильде парламент сайлауы өтіп, «Кадима» 28, ал Ликуд 27 орын иеленіп, аяғында оңшыл топтар бас қосқан Б.Нетаньяху («Ликуд» жетекшісі) бастаған жаңа үкімет қызметке кірісті. Ол палестина арабтарына да, басқа араб елдеріне де, сондай-ақ Иранға да қатаң саясат ұстауда.

Жоғарыда аталған дау-жанжалдарға осы кезеңде жаңадан туындаған тартыстар қосылып, әлемдегі қатынастарға шексіз зиян тигізген. Олардың арасында бұрынғы Югославия мен КСРО шеңберіндегілер аяусыз кантогіс соғыстармен жүрген. Югославия бірнеше ұлттық мемлекеттерге бөлінді, тек ол үрдіс КСРО-дағы сияқты бейбіт түрде емес, соғыс арқылы дамыды да діни-этникалық қырғынға жол ашты. Югославия Федерациясындағы үстемді орын ұстаған Сербия басшылары Хорватияға, Боснияға, Косово халықтарына қарсы әскери күштер қолданып, мыңдаған адамдарды құрбандыққа шалды. Сондай жағдайда НАТО елдері Белградты қысымға алып, оны бомбалауға барып, Босния, Македония, кейін Косово тәуелсіздігін орнықтырды. Геноцид саясат жазаланды. Оларды қолдаған Ресей наразылық білдіріп келді. АҚШ пен НАТО бір жақта, Ресей қарсы жақта болып Еуропадағы жағдай сенімсіздікке ұшырады.

90-шы жылдары КСРО шеңберіндегі аймақтық және діни-этникалық жанжалдар қаптап кетті. Тіпті кантогіс соғыстар басталып, мыңдаған тұрғындар қырылып, босқыншылыққа тап болды.

Әзірбайжан құрамындағы Таулы Қарабақтағы армяндардың бөлініп Арменияға қосылу туралы ниеттері екі республика арасындағы дау-жанжал туғызып, соғысқа жол ашты. Ресей әскери күштеріне сүйенген армяндар, Әзірбайжанның $\frac{1}{4}$ аумағын басып алып, осы күнге дейін ұстауда. 1991-1992 жылдары Грузия құрамындағы Абхазия, Оңтүстік Осетия, Аджария халықтары автономияларын мемлекеттік деңгейін көтеруге тіленген. Оған Грузия басшылары жол бермей, аяғы жанжалға ұласты. ТМД елдері оларды тоқтату үшін бітімгершілік күштер құрастырып өрт шыққан аудандарда орналастырған. Ол кезде оған тек Ресей әскери бөлімшелері қатысқан.

1991 жылы Шешен халқы да көтерілген. Олардың президенті Ж.Дудаев тәуелсіздік ел болуды қолдаған. Сепаратистік қозғалыстан шошынған Ресей саяси-әскери басшылығы күшке жүгінген. Ресей қорғаныс министрі генерал Грачев «бір батальонмен бірнеше сағатта мәселені шешуге шамалымын» деп уәде берген, бірақ 1994 ж. осы әскери әрекет екі жылдық соғысты шығарды. Хасавюрт келісіміне отырып, Шешенстан тағдырын референдум арқылы шешуге Ресей жағы келіскен. В. Путин президент болып сайланғанда Шешенстанға қарсы екінші соғыс басталды. Бұл жолы шешендер арасынан шыққан экстремистік топ жетекшілері Басаев, Радуев, т.б. жауапсыздық лаңкестік әрекеттерге барып жағдайды ұшқындырып жіберді. Ресей соны сылтау етіп, кара күшпен тау халқын өз құрамында ұстап қалды. Молдавия жерінде де жағдай шиеленісіп кеткен. Днестр бойындағы тұрғындар (көпшілігі орыс-украиндар) егемендікке ұмтылып Приднестровье Республикасын жариялаған. Ол жердегі жанжалды басуға да Ресей әскерлері қатысқан. Содан бері Молдавияда екі әкімшілік сакталуда.

Соғыс кимылдары Тәжікстанды шарпып, көршілес елдерге қауіпті жағдай төндірген. Оны басуға Орталық Азиядағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей Федерациясы айтарлықтай атсалысқан. Кеңестік дәуірде Тәжікстанда орналасқан Ресей армиясы қатысып елдегі азамат соғыс тоқталып, Э. Рахмон үкіметі оппозициямен билікті бөлісуге келіскен. Ал, Өзбекстанда, Қырғызстанда ішкі тартыстар және елдер арасындағы жер-су таластары аймақтағы жағдайды неше рет шиеленістіріп келген.

Халықаралық лаңкестік өте қатерлі күшке айналып, көптеген аймақтарда тамырланған. Оның салдарынан бейбіт тұрғындар зардап шегіп, өмірлерін киюда. Лаңкестік әрекеттер ерте замандарда да кездескен, бірақ ХХ оны тоталитарлық және фашистік биліктер мемлекеттік деңгейге дейін көтеріп, арнайы ұйымдар құрастырған. Кейбір экстремистік топтар Еуропа елдерінде, Оңтүстік Америкада

сионистер катарында осы кезде де колданады. Ал ХХ-ХХІ ғғ. тоғысында ол пәлені исламшылдар да игеріп, жиі-жиі іске қосуда.

Сауд Арабиясындағы өте бай әулеттің өкілі Усама бен Ладен «әл-Қаида» атты ұйым құрастырып, арабтарға жау елдердің азаматтарына қарсы қастандықтар жасауға кіріскен. Оның 2001 ж. 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы әрекеттерінен көптеген адамдар қаза тауып, әйгілі кеңселер қиратылған. Сол қайғылы оқиға әлемді түршіктірген еді. Дж. Буш әкімшілігі бірден бен Ладен сауғалаған Ауғанстанға қарсы соғыс қимылдарын бастауға БҰҰ ҚК-нің қарарын шығарып, ол елді бір топ елдер әскерлері басып алған. Ауғанстанды билеп-төстеген талибандар үкіметі құлатылған. 8 жыл өтсе де жағдай оңалмады. Талибандар қарсыласуы ұлғая түсуде. Лаңкестік топтардың әрекеттері басқа елдерде де тоқтаусыз жүруде (Алжир, Судан, Египет, Ирак, Сомали, Пәкістан, Үндістан, Индонезия, Түркия, Қытай, Ресей, Испания, Боливия, т.б.).

Оған жол бермеу бүкіл адамзаттың мақсатына айналып отыр. БҰҰ, ЕО, ШЫҰ, ТМД, басқа да халықаралық ұйымдар бас қосып, оның тамырларын құртуға күш жұмсауда.

ХХІ ғ. бас кезінде алып мемлекеттер арасындағы бәсекелестік әртүрлі салаларда өрши түскен. Бір орталық әлемді өзгертіп, көпорталық әлем құрастыруға Ресей, Қытай, Бразилия, Үндістан, ЕО, Жапония ұмтылуда. Әрине, өмір тоқтаусыз өзгеруде, дамуда. Кейінгі ширек ғасырда қарқынды жетістіктерге Азиядағы Қытай, Үндістан, мұнайға бай араб елдері жеткен. Басқа елдер де қарап жатқан жоқ. Оған ешкім өкінбеу қажет. Әр ел, әр халық алға қарай жылжып, көркеюі абзал. Тек ол үстемділікке, соғысқа апармаса болғаны. Бірақ, жаман пиғылдан құтыла қоймаған елдер арасындағы бақталастық соғыс ошақтарын қалыптастырып, бір-біріне күш көрсетіп, қайтадан «қырғи кабак соғысты» жандандыру қаупі төнуде.

2007-2009 жылдары әлемді қаржы-экономикалық дағдарыс шарпып, халықтар жағдайы күрт төмендеп кетті. Дамыған елдерде өндіріс қысқартылып, жұмыссыздық, экология, инфляция, азық-түлік мәселелері алға шықты. Ал, дамып келе жатқан Азия және Африка елдеріндегі тұрғындардың өмірлері шексіз күрделенуде. Ашаршылық, жанжалдар, саяси тұрақсыздық, жұқпалы аурулар жайлаған аймақтарда адам шығыны өсуде. Осы мәселені реттеуге неше түрлі шешімдер мен қадамдар жасап, жаңа ойлаулар іздестіріп, әлем экономикасы мен қаржы жүйесін жаңаша негіздерге бағыттау – қазіргі саяси басшылардың өзекті мақсаты. Оған егемен Қазақстан да, оның Н.Ә. Назарбаев бастаған басшылығы да өзінше үлес қосуда.

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

- 1914-1918 жж. – Бірінші дүниежүзілік соғыс.
- 1915 ж. – Италияның Антанта елдеріне қосылуы.
- 1915 ж. – Ипр қаласындағы алғашқы шабуыл кезінде немістердің газды пайдалануы. Сайкс-Пико келісімі.
- 1917 ж. – Англияның танктерді алғаш рет жаппай қолдануы.
- 1917 ж. – Бальфур мәлімдемесі.
- 1917 ж. – Ресейдегі Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі.
- 1918 ж. – Вудро Вильсонның «14 тармағы». Брест бітімі.
- 1918 ж. – Германиядағы Қараша революциясы және Республиканың жариялануы.
- 1918 ж. – Жапониядағы күріш бүлігі.
- 1918 ж. – Компьен уақытша бітіміне қол қою.
- 1918-1921 жж. – Ресейдегі шетел интервенциясы мен азамат соғысы.
Шет аймақтардағы кеңес өкіметінің орнауы.
- 1918-1923 жж. – Түркиядағы кемалшылар революциясы.
- 1919-1921 жж. – Париж бітімі конференциясы және Германиямен
Австриямен, Болгариямен, Венгрия және Түркиямен
Бітім шарттарына қол қою.
- 1919-1943 жж. – Коммунистік Интернационал.
- 1919 ж. – Қытайдағы «4 мамыр» қозғалысы.
- 1919-1922 жж. – Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалысы. Монтегью
Челмсфорд реформалары.
- 1919 ж. – Кореядағы көтеріліс.
- 1919 ж. – Ұлттар Лигасының құрылуы.
- 1920 ж. – Сан-Ремо келісімі және Арабтық Шығыста камкорлық
(протекторат) жүйесінің орнауы.
- 1920-1925 жж. – Мароккодағы көтеріліс.
- 1920-1933 жж. – АҚШ-тағы қатаң заң.
- 1921-1922 жж. – Вашингтон конференциясы.
- 1921 ж. – Польшада Пилсудский диктаторлық режимінің орнауы
(«санациялық режим»).
- 1922 ж. – Египеттің тәуелсіздігін жариялауы.
- 1922 ж. – КСРО-ның құрылуы.
- 1922 ж. – Италияда өкімет басына фашистердің келуі.
- 1922 ж. – Кенес-германдық Раппалэ келісімі.
- 1923 ж. – Рурды Француз – бельгиялықтардың басып алуы
(Рур дағдарысы).
- 1923-1930 жж. – Испаниядағы Примо де Ривердің әскери диктатурасы.

- 1924 ж. – Германиядағы соғыс шығындарын өтеу туралы «Дауэс жоспары».
- 1925 ж. – Локарн конференциясы
(Локарн келісімі – Рейн кепілдік пактісі).
- 1925-1927 жж. – Қытайдағы ұлттық «Ұлы» революция.
- 1926 ж. – Ұлыбританиядағы жаппай ереуіл.
- 1927 ж. – Индонезияда Ұлттық партияның құрылуы.
- 1927 ж. – Танака меморандумы.
- 1928 ж. – Бриан-Келлог пактісіне қол қою.
- 1928 ж. – Махатма Ганди Үнді ұлттық конгресінің көшбасшысы болды.
- 1929 ж. – Соғыс шығындарын өтеу туралы «Юнг жоспарын» қабылдау.
- 1929 ж. – Латеран келісімі.
- 1929-1932 жж. – КСРО-дағы ашаршылық, Қазақстанда, Поволжьеде, Украинада 10 млн-нан астам адамның аштықтан қырылуы.
- 1930 ж. – Үндістандағы «Тұз жорығы».
- 1930 ж. – М. Икбалдың Үндістанда дербес мұсылман мемлекетін құру туралы бастамасы.
- 1931 ж. – Вестминстер статусын қабылдау.
- 1931 ж. – Маньчжурияға жапон әскерлерінің баса-көктеп кіруі.
- 1932 ж. – Шабуыл жасамау туралы Француз – Кеңес келісімі.
- 1933 ж. – А. Гитлердің канцлер болып тағайындалуы.
Өкімет басына ұлтшыл-социалистердің келуі.
- 1933 ж. – АҚШ-та Ф.Рузвельттің «Жаңа бағытының» басталуы.
- 1934 ж. – Франциядағы республикаға қарсы бүлік.
- 1935 ж. – Өзара көмек туралы Француз-Кеңес келісімі.
- 1935 ж. – 1938 – Франциядағы Халықтық майдан.
- 1935 ж. – Коминтерннің VII конгресі және фашизмді айыптау.
- 1935 ж. – АҚШ-та бейтараптық туралы заңды қабылдау.
- 1935 ж. – Италияның Эфиопияны жаулап алуы.
- 1936 ж. – Германияның Рейн аймағын жаулап алуы.
- 1936-1939 жж. – Испаниядағы француз бүлігі және азаматтық соғыс.
- 1936 ж. – Италия-Германия келісімшарты (Берлин-Рим осі).
- 1936 ж. – Германия мен Жапонияның антикоминтерндік пактісі.
- 1937 ж. – Жапонияның орталық Қытайға баса-көктеп кіруі.
- 1937 ж. – Италияның антикоминтерндік пактіге қосылуы
(Берлин – Рим – Токио ұштағаны)
- 1937 ж. – Корейліктерді Қиыр Шығыстан Қазақстанға жер аудару.
- 1937-1938 жж. – КСРО-дағы жаппай қуғын-сүргіндер.
- 1938 ж. – Австрия аншлюсі (Германияның Австрияны жаулап алуы).
- 1938 ж. – Хасан көліндегі оқиға.

- 1938 ж. – Судетан туралы Мюнхен келісімі.
- 1939 ж. – Германияның Чехословакияны жаулап алуы.
- 1939 ж. 23 тамыз – Кеңес-герман шартына және оның құпия хаттамаларына қол қойылған күн (Молотов-Риббентроп пактісі).
- 1939-1940 жж. – Кеңес-Фин соғысы.
- 1939 ж. 1 қыркүйек – Германияның Польшаға шабуыл жасауы.
- 1939 ж. 9 қыркүйек – Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы.
- 1939-1945 жж. – Екінші дүниежүзілік соғыс.
- 1940 ж. – ПҰК органдарының тұтқынға түскен поляк офицерлерін атуы.
- 1940 ж. – Балтық жағалауы елдеріне кеңестік бақылаудың орнауы.
- 1940 ж. – Францияның жеңіліске ұшырауы.
- 1941 ж. – АҚШ-та «Ленд-лиз» туралы заңның қабылдануы.
- 1941 ж. – АҚШ пен Англиядағы Атлант хартиясы.
- 1941 ж. сәуір – КСРО мен Жапония арасындағы шабуыл жасаспау туралы пакт.
- 1941 ж. 22 маусым – Германияның КСРО-ға шабуыл жасауы.
- 1941 ж. – Англия мен КСРО әскерлерінің Иракты жаулап алуы.
- 1941-1942 жж. – Мәскеу түбіндегі шайқас.
- 1941 ж. 7 желтоқсан – Пёрл-Харборға жапон шабуылы және АҚШ-тың соғысқа кірісуі.
- 1942-1943 жж. – Сталинград шайқасы.
- 1942 ж. – Солтүстік Америкаға ағылшын-американ әскерлерінің түсірілуі.
- 1942 ж. – Эл-Аламейндегі шайқас және Роммельдің жеңіліске ұшырауы.
- 1943 ж. – Курск даласындағы шайқас.
- 1943 ж. – Италияның тізе бүгуі.
- 1943 ж. – Каир конференциясы.
- 1943 ж. – Үш одақтас елдер үкімет басшыларының Тегеран конференциясы.
- 1944 ж. – Францияда ағылшын-американ әскерлерінің түсірілуі. Екінші майданның ашылуы.
- 1944 ж. – Бреттонвуд келісімі және МВФ-тың құрылуы.

1945 жыл

- 1945 ж. – Үш одақтас елдер үкімет басшыларының Қырым конференциясы.
- 1945 ж. – АҚШ-та тұңғыш атом бомбасын сынау.
- 2 мамыр – Германияның тізе бүгуі.
- 8-9 мамыр – Еуропа мен КСРО-да жеңіс күндерін тойлау.

- 30 мамыр – Алжирдегі көтерілісті басу.
 26 маусым – БҰҰ Жарғысына қол қою.
 17 шілде – Потсдам конференциясының ашылуы.
 6 тамыз – Хиросима қаласына атом бомбасын тастау.
 8 тамыз – КСРО-ның Жапонияға соғыс жариялауы.
 9 тамыз – Нагасаки қаласына атом бомбасын тастау.
 17 тамыз – Индонезияның тәуелсіздігі жариялауы.
 2 қыркүйек – Вьетнам Демократиялық Республикасын жариялау.
 2 қыркүйек – Жапонияның тізе бүгуі туралы актіге қол қоюы.
 8 қыркүйек – Кореяны екі зонаға бөлу.
 2 қараша – Палестина көтерілісі.
 17 қараша – А. Сукарно Индонезия президенті болып сайлануы.
 12 желтоқсан – Францияның Сирия мен Ливанға тәуелсіздік беруге келісуі.

1946 жыл

- 10 қаңтар – Лондонда БҰҰ Бас Ассамблеясының I мәжілісі басталды.
 21 ақпан – Мысырдағы ағылшындарға қарсы толқулар.
 21 ақпан – Үндістандағы теңіз флоты теңізшілерінің көтеріліске шығуы.
 25 ақпан – Чан Кайши мен Мао Цзэдунның біріккен армия құру туралы келісімі.
 2 наурыз – Хо Ши Мин Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті болып сайлануы.
 24 наурыз – КСРО-ның Ираннан өз әскерлерін алып кетуі.
 18 сәуір – Ұлттар Лигасын формалды түрде тарту.
 25 мамыр – Англияның Иордания тәуелсіздігін мойындауы.
 1 шілде – АҚШ-тың Маршалл аралында атом бомбасын сынауы.
 4 шілде – Филиппин тәуелсіздігін жариялау.
 16 тамыз – Үндістандағы үнді-мұсылман қақтығыстары.
 19 тамыз – Мао Цзэдунның Гоминдан үкіметіне соғыс жариялауы.
 24 тамыз – Дж. Нерудің уақытша үкіметті басқаруы.
 28 желтоқсан – Францияның Үндіқытайда әскери жағдай енгізуі.
 1945-1946 жж. – Нацистік қылмыскерлерге құрылған Нюрнберг процесі.

1947 жыл

- 20 ақпан – Маунбэттен Үндістан вице-королі болып жариялану.
 12 наурыз – Коммунизм қауіпінен әлемді қорғау туралы Трумэн доктринасы.
 16 наурыз – АҚШ қаржыгері Б. Бархус Батыс пен Шығыс арасындағы қырғи-қабақ соғыс туралы тезисін жариялауы.

- 3 мамыр – Жапонияда жаңа конституция қабылдауы.
- 5 маусым – АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Маршаллдың Еуропа елдеріне көмек көрсету жоспарын жариялауы.
- 15 маусым – Үнді Ұлттық Конгресі елді екіге бөлуге келісім беруі.
- 19 шілде – Аун сан және Бирманың басқа министрлері оңшыл күштердің қолынан қаза табуы.
- 9 қазан – Францияның Тонкинге (Вьетнам) шабуыл жасауы.
- 29 қараша – БҰҰ-ның Палестинаны бөлшектеу жоспарын қолдауы.

1948 жыл

- 4 қаңтар – Бирманың (Мьянманың) тәуелсіздігін жариялауы.
- 30 қаңтар – К.М. Ганди үнді қаскөйлерінің оғынан қаза тапты.
- 4 ақпан – Цейлон (Шри-Ланка) тәуелсіздік алуы.
- 16 ақпан – Солтүстік Кореядағы коммунистер бастаған республиканы жариялау.
- 14 мамыр – Израиль мемлекетін жариялау және оған қарсы араб елдерінің соғыс ашуы.
- 1 маусым – Арабтар мен Израиль арасындағы 1 айлық уақытша бітім.
- 24 маусым – Кеңес үкіметінің Берлинді қоршауға алуы.
- 17 шілде – Палестинада жаңа уақытша бітім жасасу.
- 30 қазан – Қытай компаниясы Маньчжурияны толық өз қолына қаратты.
- 10 желтоқсан – БҰҰ Бас Ассамблеясы адам құқығының жалпы декларациясын қабылдауы.
- 3 желтоқсан – Токиода Годзио және басқа 6 соғыс қылмыскерлерін дарға асу.

1949 жыл

- 1 қаңтар – Кашмирдегі соғысты тоқтату.
- 4 сәуір – НАТО-ны құру туралы шартқа қол қою.
- 23 қыркүйек – КСРО-да бірінші атом сынағы өткізілгені туралы хабар.
- 1 қазан – Қытай Халық Республикасын жариялау.

1950 жыл

- 1 қаңтар – Англия ҚХР-ды мойындауы.
- 10 қаңтар – КСРО өкілі Чан Кайши өкілінің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде болуына қарсылық білдіріп ҚК-ні тастап кетуі.
- 31 қаңтар – Вьетнам Демократиялық Республикасын КСРО-ның мойындауы.

- 9 ақпан – АҚШ-тағы сенатор Маккарти бастаған антикоммунистік шаралар.
- 14 ақпан – КСРО – ҚХР достық туралы шартқа қол қою.
- 25 маусым – Солтүстік Кореяның Оңтүстік Кореяға шабуылы.
- 27 маусым – БҰҰ Оңтүстік Кореяға көмек көрсету туралы қаулы қабылдады.
- 1 шілде – АҚШ әскерлерінің Кореяға келуі.
- 1 қазан – БҰҰ әскери күштері 38-параллельге жетуі.

1951 жыл

- 28 сәуір – Моссадык Иран премьер-министрі болып тағайындалуы.
- 8 қыркүйек – 48 елдің Жапониямен Сан-Франциско бітім жасасуы.
- 8 қазан – Мысырдың 1936 жылғы Англиямен жасасқан шарттан бас тарту.
- 24 желтоқсан – Әмір Үдырыс Либия мәлігі болып жариялануы.

1952 жыл

- 25 – 30 қаңтар – Франция үстемдігіне қарсы Тунис пен Мароккодағы қозғалыстар.
- 28 сәуір – АҚШ-тың Жапонияның оккупациялауының аяқталуы.
- 23 шілде – Мысырдағы әскери төңкеріс және революция.
- 3 қазан – Англияның ядролық бомбаны сынауы.
- 22 қазан – Иранның Англиямен қатынастарын үзуі.

1953 жыл

- 26 шілде – Кореядағы соғысты тоқтату туралы келісім.
- 20 қазан – Француздар Марокко сұлтаны М. бен Юсуфты тақтан түсіруі.
- 20 қазан – Ирандағы әскери төңкеріс, Моссадықты абақтыға жабу.
- 23 желтоқсан – Л.И. Берияны жазалау.

1954 жыл

- 4 шілде – Үндіқытай бойынша бейбіт келіссөздер және Женева келісім-шартына қол қоюы.
- 24 қазан – АҚШ-та компанияға тыйым салынуы.
- 27 қазан – Г.А. Насырға қастандық жасаған үшін «Мұсылман бауырлар» ұйымын жабу.
- 1 қараша – Алжир халқының ұлт-азаттық қарулы көтерілісінің басталуы.

1955 жыл

- 8 ақпан – Н.С.Хрущев партия жетекшісі, Н.А.Булганин үкімет төрағасы болып тағайындалды.
- 24 ақпан – Түркия мен Ирактың Бағдат пактісіне қол қоюы.
- 24-27 ақпан – 29 Азия және Африка елдері қатынасқан Бандунг конференциясы.
- 8-14 мамыр – Социалистік елдерінің Варшава шарты ұйымын құруы.
- 3 қараша – Бағдат пактісіне Иранның қосылуы.

1956 жыл

- 1 қаңтар – Суданның тәуелсіздігін жариялауы.
- 16 ақпан – Н.С.Хрущев КОКП XX съезінде Сталинді әшкерелейтін құпия баяндама жасауы.
- 2 наурыз – ағылшын генерелы Глаббты Иордан әскери қолбасшылығынан түсіруі.
- 2 наурыз – Марокконың тәуелсіздігін жариялауы.
- 20 наурыз – Тунистің тәуелсіздігін жариялауы.
- 23 маусым – Г.А. Насырды Мысыр президентіне сайлау.
- 26 шілде – Г.А.Насыр үкіметі Суэц каналы компаниясын мемлекет меншігіне алуы.
- 29 қазан – Израиль Мысырға қарсы соғыс ашып, Синайды басып алуы.
- 31 қазан – Мысырға қарсы Англия және Франция шабуылы.
- 8 қараша – Мысырға қарсы «Үштік соғыстың» тоқтатылуы.

1957 жыл

- 1 наурыз – Израиль Синай мен Газа ауданынан әскерлерін шығаруға келісуі.
- 25 наурыз – Римде Еуропа экономикалық одағын құру туралы шарт.
- 30 қазан – Малайзия тәуелсіздігін жариялауы.
- 4 қазан – КСРО-ның жердің бірінші жасанды серігін ұшыру.
- 29 қыркүйек – Каирде 44 елдің өкілдері қатысқан Азия мен Африка халықтарының ынтымақтастық конференциясы ашылды.

1958 жыл

- 1 ақпан – Мысыр және Сирияның Біріккен Араб Республикасын (БАР) құруы.
- 14 ақпан – Ирак және Иордания одақтасуы.

- 8 наурыз – Йемен БАР-ға қосылуы.
- 31 мамыр – Ш. Де Голльдің билікке келуі.
- 14 шілде – Ирактағы әскери төңкеріліс және революция.
- 16 шілде – АҚШ әскерлерінің Либияға келуі.
- 17 шілде – Англия әскерлерінің Иорданияға келуі.
- 19 қыркүйек – Алжирді азат ету майданының Алжир республикасын жариялап, оның уақытша үкімет құруы.
- 26 қыркүйек – Мьянмада генерал Не Вин төңкеріс арқылы У Нуды үкімет басынан кетіруі.
- 28 қыркүйек – Ш. Де Голль конституциясын қолдау, Францияда Бесінші Республика орнатылуы.
- 7 қазан – Пәкістанда әскери төңкеріс арқылы Айюб-ханның билікке келуі.

1959 жыл

- 19 ақпан – Кипрдің тәуелсіздігін алуы.
- 24 наурыз – Ирактың Бағдат пактісінен шығуы.
- 25 қыркүйек – Цейлон (Шри-Ланка) премьері С.Бандаранаикені өлтіру.

1960 жыл

- 2 мамыр – Л. Брежнев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының төрағасы болып тағайындалуы.
- 17 мамыр – Париждегі 4 алып мемлекеттердің кеңесі сәтсіздікке ұшырауы.
- 1960 ж. – Африка жылы: 17 – ел тәуелсіздігін жариялау.
- 30 маусым – Конгоның тәуелсіздігін жариялауы. Қамаудан шыққан П. Лумумбанның премьер-министр болып сайлануы.

1961 жыл

- 21 қаңтар – Мұнайды экспорттаушы елдер ұйымының (ОПЕК) құрылуы.
- 17 мамыр – Оңтүстік Кореядағы әскери төңкеріліс.
- 31 мамыр – Оңтүстік Африка Одағының Республика болып жариялануы.
- 25 маусым – Ирак Кувейтке соғыс ашуы.
- 13 қазан – Батыс Берлинді Шығыс бөлігінен қабырға арқылы бөлу.
- 28 қыркүйек – Сирия әскери төңкеріс арқылы елді Біріккен Араб Республикасы қатарынан шығаруы.

1962 жыл

- 1 наурыз – Айюб-Хан Пәкістан президенті болды.
- 2 наурыз – Мьяманда генерал Не Вин билікті өз қолына алды.
- 3 шілде – Алжир тәуелсіздігі жарияланды.
- 27 қыркүйек – Йеменде республика орнатылды.
- 11 қазан – Қытай-Үнді шекарасындағы қарулы қақтығыс.
- 24 қазан – АҚШ КСРО зымырандарын Кубада орнатқаны үшін Кубаны блокадаға алуы.

1963 жыл

- 8 ақпан – Ирактағы әскери төңкеріс. А.К. Қасым атылып, билік М. Арифке тиюі.
- 8 наурыз – Сирияда әскери төңкеріс арқылы билікке БААС партиясы келді.
- 25 мамыр – Африка бірлігінің ұйымы құрылды.
- 5 тамыз – Ядролық қару сынағын жер бетінде, суда, әуеде, тоқтату туралы Мәскеудегі АҚШ, Англия, КСРО келісімі.
- 16 қыркүйек – Малайзия Федерациясының құрылуы.
- 2 қараша – Оңтүстік Вьетнамдағы АҚШ қолдауымен болған әскери төңкеріс.
- 22 қараша – Дж. Кеннеди атылды.
- 12 желтоқсан – Кенияның тәуелсіздікке жетуі, Д. Кениата премьер-министрлігі.

1964 жыл

- 2 маусым – Палестинаны азат ету ұйымы құрылды.
- 2 тамыз – Тонкин дағдарысы: АҚШ әскери кемелері Вьетнам теңіз шекараларын бұзғаны үшін торпедалармен атқыланды.
- 15 қазан – Н. Хрущевті биліктен қуу. Л.Брежнев партия, А.Косыгин үкімет жетекшілері болып тағайындалды.
- 16 қазан – Қытайда атом бомбасы сыналды.

1965 жыл

- 11 ақпан – АҚШ ұшақтарының Солтүстік Вьетнамды бомбалауы.
- 9 сәуір – Үндістан мен Пәкістан арасындағы әскери қақтығыс.
- 19 маусым – Алжирдегі төңкеріс. А. бен Белланы ығыстырып, билікке полковник Х. Бумедьен құрамынан шығуы.
- 9 тамыз – Сингапурдың Малайзия құрамынан шығуы.

1966 жыл

11 наурыз – Индонезияда атқарушы билік генерал Сухартоға өтді.
Мамыр – Қытайда ресми түрде «мәдени революция» басталды.

1967 жыл

22 мамыр – Мысыр Тиран шығанағын Израиль кемелері үшін жабуы.
5 мауысым – Алты күндік соғыстың басталуы.
22 қараша – БҰҰ ҚК Таяу Шығыс мәселесіне қатысты 242-қарарын қабылдауы.

1968 жыл

13 мамыр – Парижде АҚШ және ВДР өкілдерінің кездесуі.

1969 жыл

3 ақпан – Я. Арафат Палестинаны азат ету ұйымының (ПАЕҰ) жетекшісі болып сайланды.
2 наурыз – Уссури (өзен) жағасындағы кеңес-қытай қарулы қақтығысы.
25 наурыз – Айюб-хан биліктен кетіп, Пәкістан басшыларына генерал Яхья-хан келуі.
1 қыркүйек – Либияда әскери төңкеріс арқылы ел басына М. Қаддафи келуі.

1970 жыл

30 тамыз – Иорданияда палестиналықтар мен Иордания әскерлері арасындағы шайқас.
28 қыркүйек – Г.А. Насыр қайтыс болып, Мысыр президентінің орнына А. Садат тағайындалды.
13 қараша – генерал Х. Асад төңкеріс арқылы Сирия билігіне келді.

1971 жыл

9 тамыз – КСРО-Үндістан Достасу туралы шарт жасады.
25 қазан – БҰҰ Бас Ассамблеясы ҚХР-ға заңды орнын беріп, Чан Кайши өкілі ол ұйымнан қуылды.
Желтоқсан – Бангладеш мемлекеті құрылды.
19 желтоқсан – Пәкістан жетекшісі болып З.А. Бхутто тағайындалды.

1972 жыл

- 12 қаңтар – Муджибұр Рахман Шығыс Пәкістан (Бангладеш) премьер-министрі болды.
- 12 наурыз – АҚШ-КХР елшілік қатынастар орнады.
- 26 мамыр – Мәскеуде стратегиялық қаруды қысқарту шартына (ОСВ-1) қол қоюы.
- 3 шілде – Симла қаласында Үндістан–Пәкістан бейбіт келісіміне қол қойылды.
- Қыркүйек – Қытай-Жапон дипломатиялық қатынастарының орнауы.

1973 жыл

- 27 қаңтар – Парижде Вьетнамдағы АҚШ соғысын тоқтату туралы шарт жасасу.
- 17 сәуір – Ауғанстан мәлігі Мұх. Хахир тақтан қуылып, президент орнына Мұх. Дауд келуі.
- 6 қазан – Мысыр әскерлері Синай каналынан өтіп Израиль қарулы күштерін талқандауы.
- 11 қараша – Израиль-Мысыр уақытша бітімі.
- 9 тамыз – Р. Никсонның өз еркімен ел басынан кетуі.
- 12 қыркүйек – Эфиопиядағы әскери төңкеріс, марксшілдер 81 жастағы император Хайле Селассиені тақтан тайдыруы.
- 14 қазан – БҰҰ Палестинаны азат ету ұйымын Палестина халқының заңды өкілі ретінде мойындауы.

1975 жыл

- 15 қаңтар – Анголаның тәуелсіздігін Португалия мойындауы.
- 13 сәуір – Ливанда азамат соғысының басталуы.
- 17 сәуір – Камбоджа астанасы Пномпеньді «қызыл кхмерлер» басып алуы.
- 25 маусым – Мозамбиктің тәуелсіздікке жетуі.
- 1 тамыз – Хельсинки келісімдеріне қол қоюы.
- 15 тамыз – Бангладештегі әскери төңкеріс, М. Рахманның атылуы.
- 10 қараша – Анголаның тәуелсіздігін жариялауы.

1976 жыл

- 9 қаңтар – Чжоу Энлайдың өлуі.
- 2 шілде – Біріккен Вьетнам социалистік мемлекетінің жариялануы.
- 9 қыркүйек – Мао Цзедун қайтыс болды.
- 9 қазан – Қытайда «төрттік каракшыларды» абактыға алды.

1977 жыл

- 5 шілде – Пәкістанда генерал Зия ұл-Хак З.А. Бухуттоны үкімет басынан кетірді.
- 7 шілде – АҚШ-тың нейтрон бомбасын сынауы.
- 8 тамыз – Африка мүйісіндегі Сомали – Эфиопия соғысы.
- 21 қараша – А. Садат Израильге сапар жасап, Кнесетте (парламентте) сөйлеуі.

1978 жыл

- 21 көкек – Ауғанстандағы әскери төңкеріс. М. Дауд отбасымен аты лып, ел басына Нұр Мұх Тараки және Хафизулла Әмин келді.
- 17 қыркүйек – А. Садат және Израиль премьер-министрі М. Бегин Кэмп-Дэвид келісімдеріне қол қойды.
- 25 желтоқсан – Вьетнам әскерлері Камбоджоға еніп «қызыл кхмерлер» үкіметін құлатуға қатысты.
- Желтоқсан – ҚХР реформалар саясатын қабылдады.

1979 жыл

- 1 ақпан – Иранға Аятолла Хомейнидің қайтып келуі.
- 31 наурыз – Иранда референдум арқылы Ислам республикасы жарияланды.
- 18 маусым – Венада Л. Брежнев және АҚШ президенті Дж. Картер ОСВ-2 шартына қол қоюы.
- 16 шілде – Ирак президенттігіне Саддам Хусейннің келуі.
- 25 желтоқсан – КСРО армиясы Ауғанстанға кіріп, өкімет басына Бабрак Кормальді кою.

1980 жыл

- 18 көкек – Зимбабве (бұрынғы оңтүстік Родезия) тәуелсіздігі жариялады.
- 22 қыркүйек – Ирак әскери күштерінің Иранға қарсы соғыс ашуы.

1981 жыл

- 6 қазан - әскери шеру кезінде А. Садатты атып өлтіруі.
- Қазан – Үндістанда парламент сайлауы өтіп, премьер-министр орнына И. Ганди отырды.

1982 жыл

- 28 наурыз – Ираннан Ирак әскерлерін қуып шығу.
2 сәуір – Фолкленд аралдарын Аргентина басып алып,
оған Ұлыбритания соғыс бастады.
6 маусым – Израиль Ливанға әскерлерін енгізді.
21 тамыз – Палестина ұйымдары Ливаннан шығарылды.
Қараша – Л.Брежнев қайтыс болып, КОКП жетекшілігіне
Ю.В.Андропов сайланды.
Желтоқсан – ҚХР жаңа конституциясын бекітті.

1983 жыл

- 23 наурыз – АҚШ президенті Р. Рейган «жұлдызды соғыс» жоспарын
ұсынды.
26 қараша – Филиппин диктаторы Ф. Маркосқа қарсы бұқаралық
ереуілдер.

1984 жыл

- 31 қазан – И. Гандидің өлтірілуі.
19 желтоқсан – Ағылшын-қытай Гонконг туралы шарты.
19 желтоқсан – Үндістандағы парламент сайлауында Р. Ганди
(Индираның ұлы) үкімет басына келді.

1985 жыл

- 11 наурыз – К. Черненко дүниеден өткен соң, КОКП жетекшісі болып
М.С Горбачев сайланды.
19 қараша – Р. Рейган және М. Горбачевтың Женевада кездесуі.

1986 жыл

- 25 ақпан – Филиппиндерде Корасон Акино президент орнына келді.
12 қазан – Р. Рейган және М. Горбачевтың Рейкьявикте кездесуі.
16 желтоқсан – Қазақстан Компартиясы жетекшісі Д.А. Қонаевтың
жұмыстан босатылуы.
17-18 желтоқсан – Алматыдағы жастар шеруі.

1987 жыл

8 желтоқсан – АҚШ пен КСРО Еуропа елдеріне орналастырылған орта қашықтағы ракеталарын алып кетуге келісті.

1988 жыл

30 ақпан – Әзірбайжандағы армяндарға қарсы толқулар.

15 мамыр – Кеңестік әскерлер Ауғанстан жерінен шығарыла бастады.

8 тамыз – Ирак-Иран соғысын тоқтату туралы келісім.

18 қыркүйек – Мьянмадағы әскери төңкеріс.

21 қыркүйек – Таулы Қарабахта төтенше жағдай енгізу.

2 желтоқсан – Пәкістанда Беназир Бхутто премьер-министр болып сайланды.

1989 жыл

3 ақпан – КСРО армиясы ауған жерінен толық шығарылды.

3 маусым – Пекинде студенттер наразылығының күшпен басылды.

10 қараша – Болгария билеушісі Т. Живков орнынан түсірілді.

22 желтоқсан – халық көтерілісі Румыния диктаторы Н. Чаушескуді құлатуы.

1990 жыл

2 ақпан – Эстония өз тәуелсіздігін жариялауы.

2 ақпан – Оңтүстік Африкада Н. Мандела абақтыдан босатылды.

11 наурыз – Литва өз тәуелсіздігін жариялады.

11 наурыз – А. Пиночеттің азаматтық үкіметке билікті тапсырды.

4 мамыр – Латвия тәуелсіздігін жариялауы.

29 мамыр – Ресей президенті болып Б.Н. Ельцин сайланды.

2 маусым – Словения тәуелсіздігін жариялады.

2 тамыз – Ирак әскерлері Кувейтті басып алды.

6 тамыз – Пәкістан президенті Б. Бхутто үкіметін таратты.

7 тамыз – АҚШ қарулы күштерінің Сауд Арабия жеріне орналасуы.

23 тамыз – Армения тәуелсіздігін жариялауы.

3 қазан – Батыс және Шығыс Германиялардың бірігуі.

1991 жыл

- 9 сәуір – Грузия тәуелсіздігін жариялады.
- 12 маусым – Ресей Федерациясы тәуелсіздігін жариялады.
- 19 тамыз – КСРО-дағы мемлекеттік төңкеріс әрекеті (ТЖМК)
- 24 тамыз – М.Горбачев КОКП бас хатшылығы орнынан кетуі.
- 28 қыркүйек – Семей полигонын жабу туралы Назарбаевтың жарлығы.
- 1 қыркүйек – Өзбекстан тәуелсіздігін жариялауы.
- 6 қыркүйек – КСРО үкіметі Балтық бойындағы республикалардың тәуелсіздігін мойындауы.
- 24 қыркүйек – Украина тәуелсіздігін жариялауы.
- 31 қыркүйек – Қырғызстан тәуелсіздігін жариялауы.
- 1 желтоқсан – Қазақстандағы тұңғыш президент сайлауы. Елдің бірінші президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды.
- 8 желтоқсан – КСРО-ны тарату, ТМД-ны құру туралы Беловежье келісімі.
- 16 желтоқсан – Қазақстан тәуелсіздігін жариялауы.
- 21 желтоқсан – Алматыда 11 республика кеңесінде кеңейтілген ТМД құрылуы.
- 30 желтоқсан – Ресей, Украина, Белорусь, Қазақстан ядролық қаруды таратпау шартына қосылды.

1992 жыл

- 23 қаңтар – Қазақстан БҰҰ мүшелігіне қабылданды.
- 30 қаңтар – Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Тәжікстан Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастық кеңесіне қабылданды.
- 9 қаңтар – Алжирде төтенше жағдай енгізу.
- 2 наурыз – Қазақстанның БҰҰ-ға енуі.
- 2 наурыз – Боснияда қалқығыстар басталды.
- 16 сәуір – Кабулда талибтер билік басына келді.
- 23 мамыр – Лиссабонда 4 ел: Ресей, Украина, Белорусь, Қазақстан кездесіп, кейінгі үшеуі ядролық қарудан бас тартуға келісті.

1993 жыл

- 1 қаңтар – Чехословакия ыдырап, Чехия мен Словакия құрылды.
- 6 тамыз – Жапонияда оппозициядағы партиялар сайлауда басым болып, ЛДП өкіметі биліктен кетті.

Первая мировая война



стран



Творцы Версальской системы — Ж. Клемансо, В. Вильсон, Д. Ллойд Джордж



НА КАРТЕ ОБОЗНАЧЕНЫ

1 Бутан (Брит.)	23 Исландское Марокко	38 Сьерра-Леоне (Брит.)	42 Того (мандат Фр.)	47 Французское Сомали	51 Ньясаленд (Брит.)	58 Гвинея-Бисау	64 Нидерланды
2 Корея (Яп.)	24 Тунис (Фр.)	39 Либерия	43 Камерун (мандат Брит.)	48 Британское Сомали	52 Южная Родезия (Брит.)	59 Гвинея (Исп.)	65 Коста-Рика
3 Брит. Малайя	25 Рио-де-Оро (Исп.)	40 Золотой Берег (Брит.)	44 Испанская Гвинея	49 Руанда-Урунди (Бельг. мандат)	53 Свазиленд (Брит.)	60 Гвинея (Нид.)	66 Панама
4 Бруней (Брит.)	26 Гамбия (Брит.)	41 Того (мандат Брит.)	45 Камерун (мандат Фр.)	50 Северная Родезия (Брит.)	54 Басутоленд (Брит.)	61 Гвинея (Фр.)	67 Гватемала
5 Саравак (Брит.)	27 Португальская Гвинея	46 Эритрея (Ит.)				62 Сальвадор	68 Уругвай

Вторая мировая война. Военные действия на Тихом океане

ВОЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ НА ТИХОМ ОКЕАНЕ в 1941—1942 гг.



- Территория Японии перед началом Второй мировой войны
 - Территория, захваченная Японией в декабре 1941 г.
 - Территория, захваченная Японией в конце 1942 г.
 - Основные направления ударов японских войск
 - Районы сосредоточения японского флота к декабрю 1941 г.
 - Районы сосредоточения флотов стран антифашистской коалиции
 - Военно-морские базы
 - Перевал японского авиационного удара (с указанием в декабре 1941 г.)
 - Нападение японской авиации на американскую военную базу в Перл-Харборе (7.12.1941)
 - Места крупнейших морских сражений (с указанием дат)
 - Линия продвижения английских войск к декабрю 1942 г.
- Масштаб 1:120 000 000

ВОЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ НА ТИХОМ ОКЕАНЕ в 1943—1945 гг.



- Территория, захваченная Японией в 1944 г.
 - Направления ударов японских войск в Китае в 1944 г.
 - Основные направления действий англо-американских войск в 1943—1945 гг.
 - Основные направления ударов советских войск
 - Направления ударов советско-монгольских войск
 - Направления действий Народно-освободительной армии Китая
 - 2.IX.1945
 - 7.IV.45
 - 2.IX.1945
 - 7.IV.45
- Первые атомные бомбы, сброшенные американской авиацией на японские города в августе 1945 г.
- Подписание акта о безоговорочной капитуляции Японии
- Районы сосредоточения японского флота к началу 1943 г.
- Районы сосредоточения флотов стран антифашистской коалиции к началу 1943 г.
- Места крупнейших морских сражений (с указанием дат)
- Масштаб 1:120 000 000



Вторая мировая война.

Военные действия с 1.IX 1939 до 22.VI 1941 г.



Гитлер принимает парад пехоты, отправляющейся на Восток



Вторая мировая война. Африканский театр военных действий



«Лис пустыни» — генерал Роммель (слева)



- Положение итальянских и английских войск к началу военных действий
 - Наступление итальянских войск 13—16.IX 1940 г.
 - Положение войск 17.IX—8.XII 1940 г.
 - Направление ударов английских войск
 - Линия фронта 1.II—30.III 1941 г.
 - Высадка и продвижение немецко-итальянских войск в феврале 1941 г.
 - Наступление немецко-итальянских войск в Ливии 31.III—15.IV 1941 г.
- Масштаб 1:25 000 000 (в 1 см 250 км)



- Линия фронта к 17.XI 1941 г.
 - Направление ударов английских войск
 - Линия фронта 10—20.I 1942 г.
 - Направление ударов немецко-итальянских войск
 - Линия фронта 8.II—26.V 1942 г.
 - Линия фронта 4.VII—22.X 1942 г.
- Масштаб 1:25 000 000 (в 1 см 250 км)




- Линия фронта к 22.X 1942 г.
 - Линия фронта к концу ноября 1942 г.
 - Направление ударов английских войск
 - Высадка и продвижение англо-американских войск в Марокко и Алжире 8—25.XI 1942 г.
 - Линия фронта в ноябре 1942—феврале 1943 г.
 - Наступление англо-американских войск в Тунисе в марте—мае 1943 г.
 - Капитуляция немецко-итальянских войск на полуострове Бон в Тунисе 13.V 1943 г.
- Масштаб 1:30 000 000 (в 1 см 300 км)



Демаркационная линия между Восточным и Западным полушариями, провозглашенная в послании президента США от 11 апреля 1940 г.

1941 Бои на море

Районы активных действий подводных лодок





- Британия отарлары Үндістан, Бирма және Шри-Ланканың (Цейлон) 1947 ж. шекаралары**
 Үндістан мен Пәкстанның Кашмирдегі 1947 ж. белгіленген межелеу сызығы
- Пакистан мен Үндістандағы қақтығыстар кезінде пакистан/үнді әскерлерінің өрекеттері 1947
- Кеңес әскерлерінің 1979 ж. Ауғанстанға басып кіруінің басты бағыттары
- Ауған моджахедтерінің отрядтарының өрекеттерінің негізгі бағыттары
- ▼ Моджахедтердің Ауғанстанмен көрші елдердегі ірі базалары
- Ирак әскерлерінің 1988 ж. өрекеттерінің негізгі бағыттары
- Иран әскерлерінің 1982-1986 жж. өрекеттерінің негізгі бағыттары
- 1980-1988 жж. иран-ирак соғысы кезіндегі ирак әскерлерінің Иран территорияларына тереңрек енген жерлерінің сызығы
- ▨ Күрдтардың орналасқан аудандары
- ▨ Тамильдер қозғалысының өрекет аймақтары
- 1954 ж. Үндістанға қайта қосылған бұрынғы португал және француз отарлары
- Үндістанның бөлінуі**
 Доминиондардың құрылуы. 15.08.1947 ж.
- Үндістан (Үнді Одағы)
- Пәкстан
- ▨ 26.03.1971 ж. жарияланған Бангладеш Халық Республикасының территориясы
- Шри-Ланка (Цейлон) мемлекетінің территориясы 4.02.1948 ж. - 22.05.1972 жж. доминион.
- Тәуелсіз Бирма (Бирма Одағы) мемлекетінің территориясы 4.01.1948 ж. құрылып, 18.06.1989 ж. Мьянма Одағы болып қайта құрылды.
- ✳ Ауғанстандағы 27.04.1978 революция 30.04.1978 ж. Ауғанстан Демократиялық Республикасының жариялануы (04.1992 ж. бастап Ауғанстан Ислам мемлекеті)
- ✳ Ирандағы ислам революциясы 1.04.1979 ж. Иран Ислам республикасының жариялануы
- ▨ 26.01.1950 Үндістан Республикасының жариялануы
- ▨ 23.03.1956 Пәкстан Ислам Республикасының жариялануы
- ▨ Шри-Ланканың республика болып жариялануы 22.05.1972 ж.
- ✳ 1945-1946 жж. Үндістандағы әскерлер арасындағы толқулар мен теңізшілердің көтерілісі

Масштаб 1: 45 000 000

Национально-освободительная борьба в Индокитае. Корейская война 1950-1953 гг.



- Демаркационная линия между северной и южной частью Вьетнама по Женевским соглашениям 1954 г.
- ☉ Начало национально-освободительного восстания в Южном Вьетнаме (с 17. I 1960 г.)
- ✈ Военные базы США
- 🚢 Агрессивные действия 7-го флота США против ДРВ с августа 1964 г.
- ✈ Налеты американской авиации на территорию ДРВ с 7. II 1963 г. и территорию, контролируруемую патриотическими силами Лаоса с мая 1964 г.
- Крупные города и американские базы, атакованные патриотами в январе 1968 г.
- 🇺🇸 Территория, оставшаяся в руках американских войск и сайгонских властей к февралю 1968 г.
- 🇻🇳 Провозглашение Республики Южный Вьетнам в 1969 г.
- 🔴 Основные районы военных действий в январе 1972 г.

- ☒ Соглашение о прекращении войны и восстановлении мира во Вьетнаме подписано в Париже 27. I 1973 г.
 - ➡ Наступление патриотических сил в марте-апреле 1975 г.
 - 🇻🇳 -Операция ХО ШИ МИН-, проведенная патриотическими силами 26—30. IV 1975 г. Капитуляция Сайгона
 - 🇻🇳 Провозглашение единого Вьетнама социалистической республикой 2. XII 1976 г.
 - ✈ Вторжение сайгонско-американских войск в Лаос (31. I—23. II 1971 г.) и их изгнание
 - 🇻🇳 Территория, освобожденная патриотическими силами в 1973 г.
 - 🇻🇳 Территория, контролируемая вьетнамским (королевским) правительством к 1973 г.
 - ☒ Соглашение о восстановлении мира и достижении национального согласия 21. II 1975 г.
 - 🇻🇳 Провозглашение Лаосской Народно-Демократической Республики 2. XII 1975 г.
- Масштаб 1:12 000 000 (в 1 см 120 км)



Страны Ближнего Востока во второй половине XX в.



Африка во второй половине XX в.



- 1 Зап. Сахара (Исп.)
 - 2 Гамбия (Брит.)
 - 3 Гвинея (Порт.)
 - 4 Сьерра-Леоне (Брит.)
 - 5 Либерия
 - 6 Золотой Берег (Брит.)
 - 7 Того (мандат Брит.)
 - 8 Того (мандат Фр.)
 - 9 Камерун (мандат Брит.)
 - 10 Камерун (мандат Фр.)
 - 11 Рио-Муни (Исп.)
 - 12 Эритрея (Ит.)
 - 13 Сомали (Фр.)
 - 14 Сомали (Брит.)
 - 15 Уганда (Брит.)
 - 16 Руанда-Урунди (Бельг.)
 - 17 Танзания (Брит.)
 - 18 Южная Родезия (Брит.)
 - 19 Ботсвана (Брит.)
 - 20 Свазиленд (Брит.)
 - 21 Баротселенд (Брит.)
 - 22 Коморские о-ва (Фр.)
- Масштаб 1:90 000 000

Независимые государства к 1945 г.

Государства, завоевавшие независимость:

- с 1945 по 1959 г.
- с 1960 г. (год Африки)
- с 1961 по 1969 г.
- с 1970 по 1990 г.

1960 Год провозглашения независимости

Англоколониальные восстания, гражданские войны 1956-1964 и конфликты

Международные конфликты на территории Африки 1940-1961

Организация африканского единства (ОАЕ), 1963 г.

Организация Исламская конференция (ОИК), 1971 г.

Лига арабских государств (ЛАГ), 1945 г.

Цифрами на карте обозначены:

- 1 Гамбия 1961
- 2 Гвинея-Бисау 1973
- 3 Сьерра-Леоне 1961
- 4 Либерия
- 5 Кот-д'Ивуар
- 6 Буркина-Фасо 1960
- 7 Гана 1957
- 8 Того 1960
- 9 Бенин 1961
- 10 Экваториальная Гвинея 1968
- 11 Эритрея 1991
- 12 Джибути 1977
- 13 Руанда 1962
- 14 Бурundi 1962
- 15 Малави 1964
- 16 Свазиленд 1968
- 17 Лесото 1966

Масштаб 1:50 000 000 (в 1 см 500 км)



Азербайджан обеспечивает стабильные поставки нефти по стратегическому трубопроводу Баку — Дзержинск, оставаясь в состоянии необъявленной войны с Арменией.



— Предполагаемый маршрут «Набукко»
— Другие газопроводы

1994 жыл

Көкек – Қазақ – Қытай шекара туралы келісім.

Мамыр – Оңтүстік Африка Республикасында алғашқы нәсілшілдік емес жүйесінде президент сайлауы. Сайлауда президенттікке Н. Мандела өтті.

Мамыр – Солтүстік Америка Еркін сауда аймағын құру туралы келісім.

Маусым – Ким Ир Сен қайтыс болды.

Қараша – Израиль премьер-министрі И. Рабин қаза тапты.

1995 жыл

Наурыз – Қазақстанның жаңа конституциясы қабылданды.

Мамыр – Әл-Кәһирада I Қазақ – Мысыр өкімет арасындағы экономикалық-мәдени және ғылыми-техникалық комиссияның отырысы.

Қараша – Алжирде Л. Зеруаль президент болып сайланды.

Қараша – Вьетнам АСЕАН тобына қабылданды.

1996 жыл

Қаңтар – Палестинаның президенті болып Я. Арафат сайланды.

Наурыз – Қытайда кезекті ядролық сынақ өткізу, әлем наразылығы.

Көкек – «Шанхай бестігінің» құрылуы. Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай.

1996 ж. – Шешенстан президенті Дж. Дудаев мерт болды.

Тамыз – Солтүстік Ирактағы курдтер арасындағы шиеленістің өршуі.

Ирак әскерлерін енгізу.

Қыркүйек – америка-ағылшын әскерлері бомбалауы және Күрдістаннан Ирак әскерлерінің кетуі.

1997 жыл

Ақпан – Шотландияда алғашқы Долли атты клон өмірге келді.

Ол 2003 жылдың наурызына дейін өмір сүрді.

– 1990 ж. көкектен бері үкімет басқарған Англия премьер-министрі Дж. Мейджер қызметтен кетті.

– Стамбұлда түркі халықтарының 5-құрылтайы өтті.

Маусым – АСЕАН тобына Лаос пен Мьянманы қабылдау.

– Гонконг ҚХР-ға қосылды.

Қазан – Қазақстан және ҚХР арасындағы шекара туралы қосымша келісім.

- Мубарактың Ресейге сапары.
- Қаңтар – Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда қаржы дағдарысының басталуы.
- Иран президентіне М. Хатами сайланды.
- Польша, Чехия, Венгрия НАТО-ға кірді.

1998 жыл

- Көкек – Үндістанда А.Б. Вадметам бастаған коалиция үкіметке билікке келді.
- Мамыр – Үндістан және Пәкістан ядролық сынақтар өткізді.
- Ресейде дефолт
- Қыркүйек – Камбоджа АСЕАН-ға кірді.
- Қазан – Ливан президенттігіне мазокит дініндегі Э. Лахуд сайланды.
- Қараша – Ирак БҰҰ арнайы комиссиялыққа қабылдауға барды. Ол комиссия 1 ай жұмыс атқарды.
- Желтоқсан – Ливан үкіметін суннит С. Хосс басқарды.
- «шөл даласы түлкісі» операциясы: Иракты ағылшын-американдық әуе күштерімен бомбылау.

1999 жыл

- Қаңтар – ЕО елдер жаңа ақшаға (евро) өтті.
- Ақпан – Иордания мәлігі Хүс. бин Талал қайтыс болуына байланысты такка ұлы II Абдолла отырды.
- Наурыз – Кәшмирдегі ереуілдердің өршуі.
- Көкек – Алжир президенті болып А. Бутефлик сайланды.
- Түркияда жаңа коалициялық үкімет құрылды.
- Мамыр – Израильдегі парламент сайлауы. Э. Барак үкіметі құрылды.
- НАТО елдері Сербияны бомбалауға кірісті.
- Маусым – Оңтүстік Африка Республикасында президент сайлауында вице-президент болған Т. Мбеки жеңіске жетті.
- Қыркүйек – Дурбан қаласындағы қосылмаушылық қозғалыстың 9-конференциясы.
- Қазан – Пәкістанда әскери төңкеріс: Н. Шариф үкіметін құлатып, билікке П. Мушарраф келді.
- Желтоқсан – Б.Н. Ельцин Ресей президенттігінен өз еркімен кетті.

2000 жыл

- Наурыз – Ресейде президент орнына В. Путин келді.
– Тайваньда Қытай президенті болып Чан Шуйбян болып сайланды.
Мамыр – Түркия президенті болып А.Н. Сезер сайланды.
– Израиль әскерлері Оңтүстік Ливаннан шығарылды.
Маусым – Сирия президенті Х. Асад кайтыс болды. Орнына ұлы
А. Башар сайланды.
– Шешенстанда екінші соғыс басталды.
Қазан – Иәмін портында «Әл-кайда» ұйымы АҚШ-тың «Коул» әскери
кемесін жарды.
Қараша – АҚШ-та президенттік орынға кіші Дж. Буш жеңіске жетті.

2001 жыл

- Қаңтар – Конго президенті І Кабила өз күзетшілерінен өлім тапты.
– Филиппинде президенттікке Глория М. Арройо келді.
Ақпан – Израиль үкіметін генерал А. Шарон басқарды.
Көкек – Жапония үкіметін Дз. Коидзуми басқарды.
– Югославияның экс-президенті С. Милошевичті тұтқындау және
Гаагадағы халықаралық сотқа тапсыру.
Маусым – «Шанхай бестігі» Шанхай ынтымақтастық ұйымына айналды.
– Иран президенті болып М. Хатами сайланды.
Шілде – Лахордағы Үндістан – Пәкістан саммиті
– Ресей-Қытай татулық көршілес достастық және ынтымақтастық
туралы шарт жасасты.
Қыркүйек – Нью-Йорктегі «Әл-каиданың» мемлекеттік шабуылы.
– Астанаға Иоанн II Павел Папаның келуі.
Қазан – Ауғанстандағы талибан үкіметіне қарсы АҚШ бастаған әскери
қимылдардың басталуы.
Қараша – Ауған үкіметін Х. Карзай басқарды.
Желтоқсан – Ресей – Қазақстан – Әзірбайжан Каспийдің Солтүстік
шетіндегі теңіз астық бөлшектер туралы келісім.
– 1972 ж. ракеталарға қарсы қорғаныс шартынан АҚШ-тың шығуы.
– Үндістан парламентіне ланкестіктердің шабуылы.

2002 жыл

- Ақпан – Анголадағы бүлікшіл УНИТА партиясының жетекшісі
Ж. Савимой каза тапты.
Көкек және мамыр – Францияда 2 рет президенттік сайлауы нәтиже-
сінде Ж. Ширак жеңіске жетті.

Маусым – Азиядағы сенімділік және өзара ықпалдас шаралары жөніндегі Н. Назарбаев ұсынысына байланысты 1-кеңес Алматыда өтті.

– Францияда парламент сайлауы өтті.

Шілде – Африка Бірлігінің ұйымы Африка Одағы болып өзгерді.

Қыркүйек – Швейцария – БҰҰ мүше болды.

Қазан – Бразилияда президент орнына Л.И. Лула Силва сайланды.

Қараша – 1991 ж. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған қаулы бойынша Ирак БҰҰ арнайы әскери тобын елге енгізіп, жаппай қаруы бар жағын тексеру қажет еді.

– Түркияда парламент сайлауында «Әділет және даму» партиясы жеңіске жетіп, үкіметті Ердоған басқарды.

– Қытай компартиясының 16 съезі, басшылыққа Ху Цзинь Тао келді.

Желтоқсан – Оңт. Кореяда президент болып Ро (Но) Му Хен сайланды.

2003 жыл

Қаңтар – БҰҰ әскери тобының жаппай қырып жою қаруы табылмады, бірақ С. Хусейн үкіметтің кейбір құпияларын ашпай келеді деп баяндалады.

– «Колумбия» ғарыштық стансасы экипажымен апатқа ұшырады.

– Жапония премьер-министрі Дз. Коидзуми Мәскеуге келді.

Ақпан – Ирак мәселесіне қатысты НАТО мен ЕО мүшелері кездесті: Германия-Франция тобы АҚШ-Англия-Испанияға Иракқа күш жұмсау жоспарын қабылдамады.

Наурыз – АҚШ Ұлыбритания – Испания Иракқа қарсы әскери күштерді аттандырды.

– Ху Цзинь Тао ҚХР төраға болып сайланды.

– НАТО-ға Болгария, Словения, Словакия, Румыния, Латвия, Литва, Эстония мүше болды.

Көкек – Еуропа кеңесінің Парламент Ассамблеясын құру, Шешенстандағы әскери қылмыскерлерді соттау үшін халықаралық трибунал ұйымдастыру.

– Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың халыққа жолдауы, егемен елдер жаңа кезеңге енуі.

– Иракты С. Хусейн өкіметі құлады.

– ЕО Венгрия, Кипр, Латвия, Литва, Мальта, Польша, Словакия, Словения, Чехия, Эстония қабылданды.

Желтоқсан – С. Хусейн қолға түсіп, сотқа тартылды.

2004 жыл

- Мамыр – Индияда парламент сайлауында Үнді Ұлттық конгресі жеңіске жетіп, үкіметті М. Сингх басқарды.
- Тамыз – Андитан қаласында бүлікшілікті танкілермен басу.
- Қыркүйек – Индонезияда президент орнын бұрынғы генерал Сусило Бамбанг Юдхойон сайлау арқылы басты.

2005 жыл

- Қаңтар – Грузияда Шеварнадзе ел басына келді.
- Наурыз – А. Ақаев өкіметі құлады.
- Мамыр – Франция халқы ЕО конституциясын референдумда қолдамады.
- Маусым – Алматыда Азиядағы сенімділік және өзара ықпалдастық шаралары жөніндегі 2-Кеңестің өтуі.
- Қыркүйек – Мысыр президенті Х. Мубарак кезекті сайлауда президенттікте қалды.
- Жапонияда кезектен тыс парламент сайлауындағы ЛДП жеңісі.
- Қараша – Израильде парламент сайлауы. А. Шарон құрған жаңа «Кадима» партиясы жеңіске жетті.
- Иран: М. Ахмадинежад президент болып сайланды.
- Қаңтар – Палестина автономиясындағы парламент сайлауының нәтижесінде ХАМАС қозғалысының жеңіске жетуі.
- Ақпан – Ланкестер Ирак мешіттерін қиратуға кірісіп, шейт-суннит өзара қантөгіс жанжалдары ушықты.
- Қаңтар
Ақпан } Латын Америкадағы билік басындағы өзгерістер.
Наурыз
- Маусым-шілде – Израильдің Ливанға шабуылы.
- Қыркүйек – Дз. Коидзуми премьер-министрлік жұмысынан бас тартты.
- Орнына С. Абэ келді.
- Қараша – Солт. Корея атом сынақтарын өткізді.
- Қараша – Түрікменстан елбасы С. Ниязов қайтыс болды.
- Тайландтағы әскери төңкеріс.
- АҚШ-тағы конгреске сайлау, демократтар жеңісі.

2007 жыл

- Наурыз – Украина: саяси дағдарыс.
- Сомалидегі «исламшыл соттар» ұйымының қимылдары.
- Көкек – Б.Н. Ельцин қайтыс болды.

Маусым – Францияда Н. Саркози президент болып сайланды.
Маусым – Қазақстан конституциясына өзгерістер енгізілді.
Шілде – Палестинадағы ХАМАС пен ФАТХ текетіресі.
Шілде – Түркияда парламент сайлауы өтті.
Тамыз – Қазақстан парламентіне сайлау: «Нұр-Отан» партиясының жеңісі.
Тамыз – ШЫҰ Ташкенттегі саммиті.
Қыркүйек – Жапония үкіметін Я. Фукуда басқарды.
Қазан – Солт. Корея ядролық бағдарламасын тоқтату туралы келісім.
Қараша – Өзбекстанда И. Каримов президент болып сайланды.
Қараша – Кениядағы президенттік сайлау және жаппай толқулар.
Қараша – Мұнай бағасы 100 \$/баррельге жетті.

2008 жыл

Ақпан – Куба: Ф. Кастро ел басынан кетіп, орнына Р. Кастро отырды.
Ақпан – Косово тәуелсіздігін жариялау.
Ақпан – Пәкістанда парламент сайлауында жеңіске оппозициядағы Пәкістан халқының партиясы (ПХП) және Н. Шараф бастаған Мұсылман Лигасы (мл-н) жетті. Каолициялық үкіметті ПХП басқарды.
Наурыз – Тибет монахтары батылды қатысқан қозғалыс.
Қытай үкіметі оны қатаң басып тастады.
Наурыз – Ресейде президенттік сайлауда Д. Медведев алға шығып, ел басқарды.
Наурыз – Тайваньда Гомиьндан өкілі Ми Иньцзю президент боп сайланды. Алдындағы президент Чэнь Шуй-бянь паракорлық жол бергені үшін бала-шағаларымен қамалып, сотқа тартылды.
Наурыз – Зимбабведе екі мәрте өткен президенттік сайлауда «жеңіске» тағы да Р. Мугабе жеткен. Дау-талас туып, мыңдаған адамдар өлген. Африка одағы килігіп жатып, Мугабе президент, ал оған қарсы шыққан қайраткер үкімет басшысы болып, шиеленіс тарқаған.
Сәуір – Африка және Азия елдерінде азық-түлік тапшылығына халық бұқарасының ереуілдері.
Мамыр – Мьянмада мұхит дауылынан қырылып, жаракат алған. Әскери билеушілер шеттен келген көмектен бас тартқанда, халық ереуілге шығып, елде саяси дағдарыс өршіген.
Мамыр – Қытайдың оңтүстік-батысында өте күшті жер сілкінісінен 100 мың адам қаза тапқан.
Мамыр – Непал республика болып жарияланды. Жергілікті коммунистер ықпалды күшке айналған.

Мамыр – 8 ай ел басы орны бос болып, парламент генерал
М. Сулейманды жаңа президент етіп сайлап алды.

Шілде – Қазақстан президенті Н. Назарбаев Жапонияға сапар жасады.

Шілде – Астананың 10 жылдық мерейтойы.

Шілде – «Үлкен – 8» Каотайдағы (Жапония) саммиті.

Шілде – Еуропа Одағы елдері мен Жерорта теңіз алқабындағы елдері
Одақ құрды.

Тамыз – Пекин олимпиадасы.

Тамыз – Ресей – Грузия арасындағы бес күндік соғыс.

Тамыз – П. Мушарраф Пәкістан президенті орнын тастады.
Ол орынға А.А. Зардари сайланды.

Тамыз – Абхазия мен Оңтүстік Осетия тәуелсіздік жариялады.

Қыркүйек – Жапонияда Я. Фукуда премьер орнынан түсіп,
Таро Асо үкімет басқарды.

Қыркүйек – Оңтүстік – Африка президенті Т. Мбеки орнынан түсті.

Қыркүйек – қараша – Әлемдегі қаржы-экономикалық дағдарыс.

Қараша – Вашингтондағы дамыған 20 елдің басшылары қаржы-эконо-
микалық дағдарыс мәселелерін қарастыруға саммитке қатысты.

Қараша – АҚШ президенті болып Барак Хусейн Обама сайланды.

Қараша – Тайландта жаппай ереуілдер. Бір жыл ішінде 3 үкімет ауыс-
тырылды.

Қараша – Мумбай қаласындағы мейманханаларға қарсы жасалған лаң-
кестіктер. Үндістан – Пәкістан арасындағы кезекті шиеленіс.

Қараша – Ресей президенті Д. Медведев бірнеше Латын Америка елде-
рінде болып қайтты.

Қараша – Перу астанасы Лима қаласында Азия – Тынық мұхиттық
Экономикалық ынтымақтастықтың саммиті.

2008 жыл желтоқсан – Бангладештегі парламент сайлауы: жеңіске
Авами Лиг партиясы жетіп, оның жетекшісі Хасина Уажид
үкімет құрастырды.

2008 жыл желтоқсанның аяғы – 2009 жыл қаңтар – Израильдың Газа
ауданына қарсы соғыс жүргізу.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I ТАРАУ. ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕЛДЕР	6
§1. XX ғасырдың басындағы дүниежүзінің саяси картасы	6
§2. XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың шиеленісуі.....	11
§3. Бірінші әлем соғысы және Азия мен Африка елдері	17
§4. Версаль-Вашингтон жүйесі.....	24
§5. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы	31
§6. Жапония (1914-1945 жж.).....	42
§7. Қытай. Монғолия	47
§8. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері	53
§9. Үндістан (1914-1945 жж.).....	60
§10. Орта Шығыс елдері. Ауғанстан. Иран.....	70
§11. Түркия	72
§12. Азиядағы араб елдері	77
§13. 1914-1945 жылдардағы Африкадағы араб елдері.....	90
§14. Тропикалық және Оңтүстік Африка елдері	95
§15. 1918-1939 жылдардағы халықаралық қатынастар	103
II ТАРАУ. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІ	115
§16. Екінші дүниежүзілік соғыс. Тынық мұхиттағы соғыс	115
§17. Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы	124
§18. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем	132

III ТАРАУ. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ	137
§19. Кеңес Одағының дамуы және ыдырауы	137
§20. Солтүстік-Шығыс Азиядағы социалистік жолмен дамыған елдер	143
§21. Үндіқытай елдері.....	149
§22. Жапония. Оңтүстік Корея (1945-2008 жж.)	155
§23. Отаршылдықтың күйреуі. Даму жолдарын іздестіру	167
§24. Оңтүстік Шығыс Азия елдері.....	168
§25. Үндістан	177
§26. Оңтүстік Азия елдері	184
§27. Орта Шығыс елдері.....	192
§28. Түркия	201
§29. 1941-2008 жж. Азиядағы араб елдері	205
§30. Африкадағы араб елдері	221
§31. Тропикалық және Оңтүстік Африка елдері	235
§32. «Қырғи-қабақ соғыс» және оның жүрісі (1945-1960 жж.).....	239
§33. Азия және Африкадағы халықаралық қатынастардың дамуы (1960-1980 жж.)	253
IV ТАРАУ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІ	263
§34. КСРО-ның ыдырауы және жаңа мемлекеттердің шығуы.....	263
§35. Орта Азия мен Кавказ аймағындағы елдер.....	269
§36. Егемен Қазақстан	274
§37. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар	278
Хронологиялық анықтама	284

3555~

Оқу басылымы

*Кеңес Қожахметұлы
Әбу Әбдісағиұлы Шөпеков*

**ШЫҒЫСТЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ.
XX-XXI ғғ. бас кезі**

Екінші басылым

Оқу құралы

*Редакторы Агила Шора
Компьютерде беттеген Зауре Ақажанова*

ИБ №5593

Басуға 17.01.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 19,25 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №22. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды